Том 44

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

44
ТОМ

Июнь 1921 — март 1922

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1981

ББК 11.5
Л40

Л $\frac{10102-211}{401(07)-81}$ 7—80 0101020000

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының қырық төртінші томына 1921 жылғы июнь—1922 жылғы мартта жазылған шығармалары енді. Бұл шығармаларда Совет елінің сыртқы және ішкі жағдайына талдау жасалады, жаңа экономикалық саясаттың алғашқы қорытындылары шығарылады. Бұлар Советтер Республикасының партиялық, мемлекеттік және шаруашылық құрылысына, сыртқы саясатына басшылық ету жөнінде В. И. Лениннің орасан зор жұмыс жүргізгенін көрсетеді.

Халықаралық жағдай, деп атап көрсетті Ленин, былайша қалыптасып отыр: «біздің болжауымыз, біздің есептеріміз негізінен расталды» (қараңыз: осы том, 320-бет). Ішкі және сыртқы контрреволюцияның барынша күш салғанына қарамастан, Совет өкіметі жеңіп шықты. Ленин біздің жеңіске жетуіміздің мынадай басты-басты екі себебін көрсетті: біріншіден, партия өз өкіметі мен өз жері үшін, өздері мен өз балаларының жақсы өмір сүруі үшін күресіп жатқанын білетін жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың қолдауына сүйенді; екіншіден, халықаралық пролетариат өзінің интернационалдық борышын орындап, революциялық Россияға қуатты қолдау жасады. Пролетарлық мемлекеттің капиталистік елдермен бейбіт қатар өмір сүруі фактіге айналды, сөйтіп Совет үкіметі халықаралық қатынастарда негізінен бейбітшілікті сақтаудың, жаңа соғыстың басталуына жол бермеудің жайын ойлады. Советтердің Бүкіл рос-

сиялық IX съезіне есепті баяндамасында Ленин «біз мұнан былай бейбітшілікті қорғауға барлық күшімізді саламыз» (325-бет) деп мәлімдеді.

Томға енгізілген шығармаларда Совет үкіметі сыртқы саясатының сара бағыты — қоғамдық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі мен экономикалық жарысының саясаты, яғни ішкі істеріне қол сұқпау, суверенитеті мен территориялық тұтастығын құрметтеу, өзара тиімді негізде барлық елдермен экономикалық және мәдени қатынастарды жолға қою, барлық халықтармен достық саясаты негізделеді. Ленин бейбіт қатар өмір сүру саясатын социализм мен капитализм арасындағы тап күресінің өзінше бір ерекше формасы деп санады.

Біз, деп көрсетті Ленин, социализмнің капитализмнен артықшылығын өзіміздің шаруашылық құрылысымыздың практикалық жетістіктері арқылы дәлелдей отырып, басқа халықтарды социализм мен коммунизмнің туы астына өнеге күшімен тартамыз. 1921—1922 жылдары капиталистік мемлекеттер Совет өкіметі таяу арада күйрейді дегенге әлі де болса үміт артып, Советтік Россиямен баянды экономикалық қатынастар орнатуға әлі де онша ықылас білдіре қойған жоқ еді. В. И. Ленин объективті факторларға сүйене отырып, экономикалық қатынастардың бұдан былай қарай сөзсіз дамитындығына кәміл сенім білдірді: «Қандай да болсын жау үкіметтердің немесе таптардың тілегінен, еркінен және шешімінен анағұрлым үлкен күш бар, бұл күш — бүкіл дүние жүзілік жалпы экономикалық қатынастар, осы қатынастар оларды бізбен әлгіндей қарым-қатынастар жолына түсуге мәжбүр етіп отыр» (332-бет).

Генуяда өткізілмекші халықаралық экономикалық және финанс конференциясына арналған бірқатар документтерде («Генуя делегациясы председателінің орынбасарына және делегацияның барлық мүшелеріне директиваның жобасы» және басқалар) бұл конференциядағы совет делегациясының жұмыс программасын әзірлеу, іс-әрекет бағытын белгілеу жөнінде Лениннің орасан зор жұмыс жүргізгені бейнеленеді. Ленин былай

деп көрсетті: делегацияның міндеті — бейбітшілік үшін, халықтардың экономикалық ынтымақтастығы үшін күресу, Советтік Россияның капиталистік елдермен іскерлік сауда қатынасын орнату. Ленин буржуазиялық үкіметтермен дұрыс қатынастар орнатуға зор мән берді. Ол буржуазияның әр түрлі топтарымен икемді қатынас жасалуын талап етті. Мәселен, томда тұңғыш рет жарияланып отырған документ — «РКП(б) Орталық Комитетінің совет делегациясының Генуядағы міндеттері туралы қаулысының жобасында» ол «буржуазияның пацифистік қанатын күшейту... үшін мүмкін нәрсенің бәрін және қайсыбір мүмкін емес нәрсені де істеу» керек (445-бет) деп жазды. Ленин барлық елдердің бейбіт экономикалық ынтымақтастығының нақты программасын белгілеп берді. Осы томға енгізілген документтер советтік сыртқы саясаттың бұлжымас бағыты болып табылатын бейбітшілік үшін Лениннің, біздің партиямыздың дәйекті күрес жүргізгенін сипаттайды. Сонымен бірге В. И. Ленин сақадай-сай тұруды, «біздің еліміздің және біздің Қызыл Армияның қорғаныс қабілетін көздің қарашығындай» сақтауды (327-бет) талап етті.

Бейбіт шаруашылық құрылыстың алғашқы жылында жазылып, осы томға енгізіліп отырған көптеген шығармаларда («РКП тактикасы туралы баяндаманың тезистері», Саяси ағарту комитеттерінің Бүкіл россиялық II съезінде және Москва губерниялық VII партия конференциясында жасалған баяндамалар, «Алтынның қазіргі және социализм толық жеңгеннен кейінгі маңызы туралы» деген мақала, «Кәсіподақтардың жаңа экономикалық саясат жағдайындағы ролі мен міндеттері туралы тезистердің жобасы», Советтердің Бүкіл россиялық IX съезінде «Республиканың ішкі және сыртқы саясаты туралы» жасалған баяндама және басқалар) В. И. Ленин өтпелі кезеңдегі пролетариат диктатурасының ролі мен маңызы, таптар мен тап күресі туралы, пролетарлық мемлекеттің экономикалық саясаты туралы социализм орнатудың осындай программалық мәселелерін ғылыми жағынан одан әрі талдап жасайды. В. И. Ленин капитализмнен социализмге өту кезеңінде пролетариат диктатурасы ең алдымен қанаушы таптар қалдықтары-

ның қарсылығын басып-жаныштау үшін, сондай-ақ еңбекші бұқараны социализм құрылысына тарту үшін қажет деп үйретті. Сонымен бірге Ленин былай деп атап көрсетті: пролетариат диктатурасының негізгі міндеті— ұйымдастырушылық, жасампаздық жұмыс. Бұл міндет орындалып, социализм орнатылғаннан кейін пролетарлық диктатура мемлекеті жалпы халықтық мемлекетке, бүкіл халықтың мүдделері мен еркін білдіретін органға айналады.

Жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыра отырып, Коммунистік партия өтпелі кезең экономикасының сипатын, социалистік өнеркәсіп пен ұсақ товарлы шаруалар шаруашылығының арасында дұрыс қатынастар орнатудың өмірлік қажеттілігін ескеретін социализм орнату формалары мен әдістерін белгілеп берді; бұл формалар мен әдістер социализмді жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың күш біріктіре отырып ойдағыдай орнатуын қамтамасыз етті. Жаңа экономикалық саясаттың мәні, деді Ленин, пролетариат пен шаруалардың одағы, оның мәні авангардтың—пролетариаттың шаруалардың қалың ортасымен байланысында. Бейбіт жағдайда бұл одақ берік шаруашылық негізге — социалистік ірі өнеркәсіптің шаруалар шаруашылығымен экономикалық байланысына сүйенуге тиіс: «Социализмнің бірден-бір материалдық негізі машиналы ірі өнеркәсіп, егіншілікті де қайта құра алатын машиналы ірі өнеркәсіп бола алады» (10-бет).

Жаңа экономикалық саясаттың принциптерін жасау мен қолданудың практикалық тәжірибесін қорыту негізінде Ленин «Алтынның қазіргі және социализм толық жеңгеннен кейінгі маңызы туралы» деген мақалада ондаған миллион ұсақ егіншілер мен ірі өнеркәсіптің арасындағы бірден-бір мүмкін болатын экономикалық байланыс — сауда деген қағиданы негіздеді. Партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі қаулыларының Ленин жазған жобаларында советтік сауданы жолға қою, финансты жақсарту, ақша жүйесін нығайту және т. т. жөніндегі практикалық шаралар белгіленген.

Коммунистік партия социалистік укладты барынша дамытуға, капиталистік элементтерді шектеп, ығысты-

рып шығаруға, бүкіл халық шаруашылығында социализмнің жеңуіне бағытталған лениндік экономикалық саясатты дәйекті түрде жүргізді. Жаңа экономикалық саясат жағдайында экономикалық майданда құрылып жатқан социализмнің және жаңа экономикалық саясат негізінде қайта жандана түскен капитализмнің арасында кескілескен күрес өрістеді. Мұның өзі, деп көрсетті Ленин, социалистік жеңістердің тағдыры үшін, елді социалистік жолмен өркендету перспективалары үшін күрес, «кімді кім жеңеді?» принципіндегі күрес. Пролетарлық мемлекет экономикалық шешуші салаларға (ірі өнеркәсіп, банктер, транспорт және басқалар) сүйене отырып, капитализммен экономикалық жарыста социализмнің жеңісіне жетті.

Томда басылып отырған бірқатар еңбектерде «(Алтынның қазіргі және социализм толық жеңгеннен кейінгі маңызы туралы», «Публицистің заметкалары» және басқалар) Ленин жаңа экономикалық саясатты «позицияларды беріп қою», большевиктердің «күйрегенін мойындау» деп жариялаған меньшевиктер мен басқа да буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық идеологтарды сынға алады. Ленин сондай-ақ «жұмысшы оппозициясы» дейтін оппозиция өкілдерінің жаңа экономикалық саясат коммунизмнің принциптерінен шегіну болып табылады, ол капитализмді реставрациялауға жол ашады деген демагогтық пікірлерін де сынайды.

Ленин пролетарлық мемлекеттің жеке меншік капиталистік секторға бақылау жасауына ерекше зор мән берді. Томға РСФСР азаматтық кодексін талдап жасауға байланысты жазылған документтер енгізіліп отыр, бұл документтерде В. И. Ленин мынаны талап етті: *««Европаға» жарамсақтанбау керек,* қайта *мемлекеттің «жеке праволық қатынастарға», азаматтық істерге араласуын күшейту жөнінде* **ілгері басу керек»** (450-бет). Юстиция халық комиссары Д. И. Курскийге 1922 жылғы 20 февральда жазған, осы томда бірінші рет толық жарияланып отырған хатында Ленин жекеше кәсіпкерлердің қызметіне қатаң және күнбе-күн

бақылау жасап отырудың қажеттігін мейлінше атап көрсетті.

Екі системаның — социализм мен капитализмнің экономикалық жарысының перспективаларын қарастыра келіп, Ленин совет халық шаруашылығын дамыту қарқындарына ерекше мән берді. Мұның өзі «уақыттан ұту... бәрін ұту деген сөз» (51-бет) деген лениндік ұраннан көрінді. Лениннің нұсқауларын басшылыққа алған совет халқы ел ішінде социализмнің тарихи жеңісіне жетті, ал экономикалық майданда неғұрлым дамыған капиталистік елдермен жарыста табысқа жетіп келеді.

Ленин бірқатар шығармаларында социализм орнатудың советтік тәжірибесінің халықаралық маңызын атап көрсетеді. Советтердің IX съезінде Ленин: біздің жолымыз — дұрыс жол, ерте ме, кеш пе қалған елдер де сөзсіз осы жолға түсетін болады деген еді. Ол жаңа экономикалық саясат белгілеген социализмге апаратын жолды басқа елдердің де пайдаланатынын алдын ала болжады. Қазір біз шешіп жатқан міндет, деді Ленин, «әзірге — уақытша — жалғыз өзіміз шешіп жатқан міндет таза орыстық міндет секілді болып көрінеді, ал іс жүзінде бұл — барлық социалистердің алдына қойылатын міндет... Жұмысшылар мен шаруалар одағына негізделген жаңа қоғам орнамай қоймайды. Ерте болсын, кеш болсын, жиырма жыл ерте немесе жиырма жыл кеш болсын, ол қоғам келеді және біз өзіміздің жаңа экономикалық саясатымызды шешу жолында еңбек еткенімізде сол үшін, сол қоғам үшін, жұмысшылар мен шаруалар одағының формаларын белгілеуге көмектесеміз» (358—359-беттер). Социалистік құрылыстың осы аса қиын міндеті, деп көрсетті Ленин, барлық елдердің алдына қойылады. Россиядағы жаңа экономикалық саясатты талдап жасау мен жүзеге асырудың тәжірибесі «келешектегі пролетарлық революциялар үшін пайдалы болады» (43-бет). Бұл көрегендікті өмірдің өзі толық растады.

Социалистік құрылыстың күрделі де қиын міндеттерін ойдағыдай шешу үшін ең алдымен пролетариат диктатурасының жетекші күші — партияны нығайту қажет болды. Томға енгізіліп отырған документтердің

біразы («Партия тазалауы туралы», «Партияны тазалау және партияға қабылдау шарттары туралы П. А. Залуцкийге, А. А. Сольцке және Саяси бюроның барлық мүшелеріне хат», «Партияны тазалау туралы РКП(б) XI конференциясы қарарының жобасына ескертпелер» және басқалары) партияның бірлігін нығайтуға, партияға жаңа мүшелерді іріктеп алуды жақсартуға арналған. Партияны, деп көрсетті Ленин, кездейсоқ, коммунистік емес, мансапқор элементтерден тазарту керек, «25 жыл ішінде өз істері арқылы бірден-бір революциялық таптың «авангарды» роліне, атағына, күшіне ие болған» (114-бет) партияның бірлігін нығайту керек.

Ленин шаруашылық құрылысқа басшылық етуде партияның ролі өсіп отырғанын атап көрсетеді, азамат соғысы жылдарында партияның өзінің таңдаулы күштерін Қызыл Армияға жібергені сияқты, партия күштерінің таңдаулы бөлегін шаруашылық жұмысқа жіберіп, партияның күштерін қайта топтастыру қажеттігін айтады. Халық шаруашылығын қалпына келтіру мен дамыту үшін басты жауапкершілік билеуші партия ретінде коммунистерге жүктеледі, «себебі — біз экономикалық құрылысқа басшылық етіп отырмыз және басшылық етуге тиістіміз» (234-бет). Ленин партия ұйымдарының назарын экономика мәселелеріне, өндіріс пен сауданы дамытуға аударады, коммунистерді шаруашылықты жүргізуге үйренуге шақырады.

Ленин партия, мемлекет және шаруашылық органдарының жұмысындағы кемшіліктерді сынауды дамытуға зор мән берді: «...Егер біз тіпті нағыз ащы, ауыр шындықты тіке айтудан қорықпайтын болсақ, біз қандай болсын барлық қиыншылықты жеңіп шығуды үйренеміз, қалайда және сөзсіз үйренеміз» (227-бет).

Бірқатар шығармаларында (Халық Комиссарлары Советінің, Еңбек және Қорғаныс Советінің және Кіші Халық Комиссарлары Советінің жұмысын жаңаша жолға қою туралы А. Д. Цюрупаға хаттар, «Рабкриннің міндеттері, оларды түсіну және оларды орындау туралы мәселе жөнінде» және басқалар) Ленин жұмысшылар мен шаруалар мемлекетін нығайтудың, оның шаруашылық-ұйымдастырушылық ролін күшейтудің көкейтесті

мәселелерін талдап шешіп береді, мемлекеттік өкіметтің орталық және жергілікті органдарының жұмысын жақсартудың, советтік демократияны дамытудың, бюрократизмге қарсы күресудің, істің орындалуын бақылау мен тексеруді жолға қоюдың жолдарын белгілейді.

Ең бастысы, деп көрсетті Ленин, «*адамдарды іріктеп ала білу... істелетін нәрсеге жеке адамның жауапкершілігін* белгілеу, *іс жүзіндегі жұмысты тексеру*... Мәселе осылай қойылмаған күнде бізді тұншықтырып отырған бюрократизм мен созбұйдалықтан құтыла алмаймыз» (402-бет). Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясының қызметін жақсартуға көп көңіл бөлді, сол кезде И. В. Сталин басқарған осы халық комиссариатының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді сынады. Томда жаңа экономикалық саясат жағдайындағы Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының жұмысы туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті ережесінің жобасына Ленин жасаған ескертпелер жарияланып отыр.

Бейбіт социалистік құрылыстың жаңа жағдайлары халық шаруашылығын басқару және жоспарлау жүйесін қайта құруды талап етті. «Мұны біздің әлі де талай рет жетілдіре түсуімізге, қайтадан істеуімізге, басынан бастап қайталауымызға тура келеді. Өндіргіш күштерді және мәдениетті дамыту ісінде ілгері басып, жоғары өрлеген әрбір сатымыз біздің советтік системаның жетілдіріле түсуімен, қайта істелуімен қатар жүріп отыруға тиіс»,— деп жазды Ленин (243-бет). Қайта құру демократиялық централизм принциптерін: халық шаруашылығына бір орталықтан жоспарлы басшылықты күшейтуді және өндірісті басқарудың демократиялық негіздерін кеңейтуді, оған еңбекшілердің қатысуын дәйекті түрде жүзеге асыруға бағытталды. Томға енгізілген шығармаларда («Мемлекеттік шаруашылықтың «жоспары» жөніндегі пікірлер» және басқалар) халық шаруашылығын жоспарлауды дамыту мен жетілдірудің жолдары белгіленген.

Сонымен бірге бұл лениндік документтерде жергілікті органдардың шаруашылық құрылыстағы творчестволық

инициативасын өрістету, бұқараның экономиканы басқару мен жоспарлауға белсене қатысуы жөніндегі шаралар белгіленеді. Ленин жергілікті жерлердің көбірек бастама көтеріп, дербес қимылға қабілеттілік көрсетуіне мүмкіндік беруді, оларға күшті көбірек жіберуді, олардың практикалық тәжірибесіне көбірек көңіл бөлуді талап етті. Лениннің ойынша, мұнда кәсіподақтар зор роль атқаруға тиісті болды.

Ленин шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістерін, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды жаңа экономикалық саясаттың маңызды жағы деп санады. «Октябрь революциясының төрт жылдығына» деген мақаласында ол былай деп көрсетті: революция дамуының объективті барысы моральдық және материалдық стимулдарды ұштастырудың өмірлік маңыздылығын дәлелдеді. Социализм мен коммунизмді «ұлы революция туғызған энтузиазмнің көмегі арқылы, жеке адамның мүддесіне, жеке адамның ынталануына, шаруашылық есепке сүйене отырып» (163-бет) орнату керек — Ленин шаруашылықты жүргізудің аса маңызды принципін осылайша тұжырымдады. Томға енгізілген шығармаларда шаруашылық қызметкерлері мен кәсіпорын коллективтерін еңбек өнімділігін арттырғаны үшін материалдық жағынан көтермелеу шаралары туралы, әрбір кәсіпорынның зиян шекпеуіне және пайда келтіруіне жетудің, кәсіпорындар қызметіне ақшамен бақылау жасау ісін жолға қоюдың жолдары туралы нақты ұсыныстар белгіленеді.

Томға енгізілген және Шығармаларда бірінші рет жарияланып отырған бірқатар документтер В. И. Лениннің социалистік құрылысқа тікелей басшылық ету жөнінде орасан зор және алуан түрлі жұмыс жүргізгенін сипаттайды. Бұлар — РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы, Халық Комиссарлары Советі, Еңбек және Қорғаныс Советі, Кіші Халық Комиссарлары Советі қаулыларының жобалары. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, көмірлі Донбассты өрге бастырып, Оңтүстіктің металлургия заводтарын, Иваново-Вознесенск губерниясының тоқыма өнеркәсібі мен Украинадағы қант заводтарын жандандыру, электр станцияларын салу және транспортты қалпына келтіру — Ленин

осы және басқа көптеген кезек күттірмейтін шаруашылық мәселелерімен күнделікті айналысып отырды. Орасан зор қиыншылықтарды жеңе отырып, партия мен халық жаңа экономикалық саясаттың алғашқы жылында шаруашылықты қалпына келтіруде бірсыпыра табыстарға жетті.

Лениндік документтерде техникалық саясат саласындағы берік бағыт бейнеленеді: социалистік халық шаруашылығы озық техникаға негізделуге тиіс, техникалық прогресс Совет мемлекетінің үнемі қамқорлық жасап отыратын ісі болуға тиіс. Ленин жоспарлаушылар мен шаруашылық қызметкерлерін шаруашылық құрылыс жоспарларында совет және шетел ғылымы мен техникасының жетістіктерін ескеріп отыруға, оларды өндіріске енгізуге шақырды. Ленин техника мен ғылымның дамуын зер сала қадағалай отырып, әрбір ірі ғылыми жаңалық пен техникалық жетілдіруді көтермелеп, қолдап отырды.

Жаңа экономикалық саясаттың алғашқы жылында шаруашылық құрылыс соғыстан кейін Поволжьеде және Украинаның оңтүстігінде егіннің шықпай қалуы мен ашаршылық шиеленістіре түскен қатты күйзелістің аса қиын жағдайында өрістетілді. Томға енгізілген көптеген документтер («Ашаршылыққа қарсы күресу шаралары туралы және шаруашылық жұмысын күшейту туралы заметкалар», «Халықаралық пролетариатқа үндеу», «Украина шаруаларына үндеу» және басқалар) ашаршылыққа қарсы күреске арналған. Советтердің IX съезіне үкіметтің баяндамасында Ленин ашыққан аудандардың шаруаларына пролетарлық мемлекеттің үлкен көмек көрсетіп отырғаны туралы айтты.

Ленин мәдени революция, халықтың мәдениет дәрежесін көтеру міндеттерін социалистік құрылыс міндеттерімен тығыз байланыстыра кең көлемде қояды. Мәдениетті көтеру міндеті ең маңызды міндеттердің бірі ретінде қойылды. Социалистік құрылыстың табысты болуы, деп көрсетті Ленин, көбінесе еңбекшілердің мәдениет дәрежесіне байланысты. Бізге, деді ол, мәдениетті орасан арттыру, жұмысшылар мен шаруалар арасынан барлық салаларда қысқа мерзім ішінде маман

кадрлар даярлау қажет. Ленин халық бұқарасының мәдени өсуінде және оларға саяси тәрбие беруде радио мен кинематография маңызды роль атқарады деп есептеді. «Нижний Новгород радиолабораториясына қаржы бөлу туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына ұсыныста» радионың орасан зор маңызы атап көрсетіледі. Лениннің «Кино ісі жөніндегі директиваларында» совет кинематографиясын талай ондаған жылдар бойы дамытудың программасы жасалған.

Ленин буржуазиялық идеологияға қарсы күреске зор көңіл бөледі. «Г. Мясниковқа хатта» ол Совет елінде буржуазияға баспасөз бостандығын беру жөніндегі оппортунистік ұсынысқа үзілді-кесілді қарсы шығады. Мұның өзі, деп жазды Ленин, тап жауына көмектесу, буржуазиялық дұшпан идеологияны насихаттауды жеңілдету деген сөз. Ленин совет газеттерінде ренегат Парвустың кітапшасы уағыздалған телеграмманың басылып кетуіне кінәлы журналистердің қатаң жазалануын талап етті. Ол кезде кәсіподақтарға меньшевиктердің, эсерлер мен анархистердің жат пиғылда ықпал жасауына қарсы күресудің зор маңызы болды. Ленин бұқара арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жүргізуді күшейтуді ұсынады, «кәсіподақтар арасындағы ұсақ буржуазиялық ықпалдарға, ағымдарға және уклондарға қарсы идеялық күреске... анағұрлым көп көңіл бөлуге» (383-бет) назар аударады.

Партия, саяси-ағарту және кәсіподақ ұйымдарының үгіт-насихат жөніндегі қызметін, деп үйретті Ленин, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының өмірімен, социалистік құрылыстың, еңбек тәртібін нығайтудың, меншікке социалистік көзқарастың және т. б. міндеттерімен тығыз ұштастыру керек. Саяси ағартудың нәтижелерін, деді ол, шаруашылықтың жақсаруымен ғана өлшеуге болады. Бұл нұсқаулардың қазіргі кезеңде де актуальды маңызы бар.

Ленин социалистік құрылыста советтік баспасөзге зор мән берді. ««Экономическая Жизнь» газетінің редакциясына хатта» Ленин газет біздің экономикамыз туралы үнемі және дұрыс мәліметтер беріп отыратын орган ғана емес, сонымен қатар осы мәліметтерге талдау жасап,

өнеркәсіпті басқару мақсатында дұрыс қорытындылар алу үшін оларды ғылыми жағынан өңдейтін айбынды орган болуға тиіс деп көрсетті. Газет шаруашылық қызметкерлерін ширатып, табысқа жеткен жұмысты насихаттауға, ал ұқыпсыз, артта қалған, қырсыз қызметкерлерді жұртшылық талқысына салып отыруға тиіс. Ленин заводтардан, рудниктерден, деполардан, совхоздардан, т. т. жазылған материалдарды газетте көбірек басып отыруға кеңес берді.

Халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалыс проблемаларына арналған шығармалар томда едәуір орын алады. Томда дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың дамуында маңызды роль атқарған Коммунистік Интернационалдың III конгресінің материалдары бар. 1921 жыл соғыстан кейінгі революциялық дағдарыстың даму тарихындағы бетбұрыс жыл болды, бұл жылы Батыс Европаның кейбір елдерінің (Италияның, Чехословакияның, Германияның) жұмысшы табы шабуылға шыққан монополистік буржуазиямен шайқаста одан жеңіліске ұшырады. Бұл кезеңде халықаралық коммунистік қозғалыстағы оңшыл қауіппен және центризммен қатар «солшыл» қауіп — догматизм мен сектанттық күшейді. Ленин «солшыл» қателерге Коминтерннің II конгресі кезеңінде-ақ үзілді-кесілді қарсы шыққан болатын, енді 1921 жылғы өзгерген жағдайда бұл қателер бұрынғыдан да қауіпті болды. Ленин былай деп көрсетті: III конгресс қарсаңында дүние жүзінде қалыптасқан жағдайға «солшылдардың» қате баға беруі коммунистік партияларды бұқарадан қол үзу жолына, авантюризм жолына итермеледі. Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы сол кезге таман аса елеулі қауіпке айналды. «Егер конгресс мұндай қателерге қарсы, мұндай «солшыл» зердесіздікке қарсы батыл шабуыл жасамаса,—деді Ленин III конгресте,— онда бүкіл қозғалыстың күйрейтіні сөзсіз» (23-бет).

Осы томға енген документтер («РКП тактикасы туралы баяндаманың тезистері», 28 июньде «Итальян мәселесі жөнінде сөйленген сөз», 1 июльде «Коминтерн тактикасын қорғап сөйленген сөз», 5 июльде «РКП так-

тикасы туралы жасалған баяндама», 11 июльде «Коминтерннің III конгресінің неміс, поляк, чехословак, венгр және итальян делегациялары мүшелерінің кеңесінде сөйленген сөздер» және басқалары) конгрестің негізгі шешімдерін әзірлеу және оның жұмысына басшылық ету жөнінде, «солшылдарды» идеялық жағынан талқандау жөнінде Лениннің орасан зор жұмыс істегенін көрсетеді. Бұл шығармаларда халықаралық коммунистік қозғалыстың стратегиясы мен тактикасының негізгі принциптері талдап жасалады, марксизм, оны нақты дәуірдің, нақты бір елдің нақты жағдайларына қолдану ғылымы творчестволықпен дамытылады.

Коминтерннің III конгресіне арналған документтерде және олармен тығыз байланысты «Жаңа заман, жаңа түрдегі ескі қателер» деген мақалада Ленин «солшылдыққа» «сөз жүзінде айбарлы, ісіп-кебінген, менменсіген, ал іс жүзінде бытырандылықтың, шашырандылықтың, бассыздықтың мағынасыз көрінісі болып табылатын ұсақ буржуазиялық революционаризм» (107-бет) деген анықтама берді. Лениннің марксизмді солшыл оппортунистік бұрмалауға қарсы ойдағыдай жүргізген күресі коммунистік қозғалыстың бұдан былайғы бүкіл дамуына шешуші ықпалын тигізді. Солшыл оппортунизм, догматизм және сектанттық дүние жүзілік коммунистік қозғалыста елеулі қауіп болып отырған қазіргі жағдайда да Лениннің «солшылдықпен» күрес тәжірибесінің орасан зор маңызы бар. Томға енгізіліп отырған лениндік документтер осы тәжірибені зерттеуге аса бағалы материал береді.

Томға енген документтерде II және II $1/2$ Интернационалдар көсемдерінің центристік жел сөздерімен алданған бұқараны коммунистік партиялардың өз жағына қаратып алуының шешуші маңызы ашып көрсетіледі. «Өнеркәсіп жағынан дамыған капиталистік елдерде капитализмнің басты тірегі,— деп көрсетті Ленин,— жұмысшы табының нақ сол II және II $1/2$ Интернационалдарға ұйымдасқан бөлегі» (39-бет). Бұқара арасында жұмыс жүргізіп, оларды коммунизм жағына шығара отырып, капитал шабуылына қарсы күрестің біртұтас майданын құрып, центристік партиялар мен кәсіподақ-

тардың революциялық элементтерін бөліп алу қажет болды.

Бірінші рет осы томда жарияланып отырған: «РКП(б) Орталық Комитетінің біртұтас майдан тактикасы туралы қаулысының жобасын», «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне хат және үш Интернационалдың конференциясына қатысу туралы Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген бірінші пленумы қарарының жобасына ескертпелерді» және басқа документтерді Ленин III конгресс жұмысы аяқталған соң бірнеше айдан кейін жазды және олар конгрестің «бұқараға арнап» қабылдаған ұранының практикада жүзеге асырылуы болып табылады. Коммунистік партиялардың бұдан былайғы бүкіл дамуында орасан зор маңызы болған біртұтас майдан тактикасы «солшылдыққа» қарсы күресу жолымен жүзеге асырылды. В. И. Ленин былай деп көрсетті: «Өздерінің балалық ауруынан ертең-ақ арылып шығатын бірнеше саясатшы балаға бола маңызды практикалық істі бүлдіру қаупін» төндіруге болмайды (442-бет). Лениннің бұқара арасында жұмыс жүргізу, олармен жақындасу, оларды өз жағына қаратып алу жолында күресу жөніндегі нұсқауы Коминтерннің III конгресінің коммунистік партиялардың ұйымдық құрылысы, олардың жұмысының әдістері мен мазмұны туралы тезистерді әзірлеуге байланысты О. В. Куусиненге жазған хаттарында да бар.

Ленин туысқан коммунистік партиялардағы істің жайын асқан іждағаттылықпен зерттеді, бұл елдер партияларының пікірлеріне мұқият құлақ асып отырды. Томға енген «Томас Белл жолдасқа» хат, «Неміс коммунистеріне хат», «Поляк коммунистеріне хат», «Француз коммунистік партиясының аграрлық мәселе жөніндегі тезистері туралы», Коминтерннің III конгресіне арналған ««Тактика туралы мәселе бойынша тезистердің» жобасы жөніндегі ұсыныстар», «Коминтерннің III конгресінде сөйленетін сөздердің жазбалары мен жоспарлары» деген және басқа материалдар — ағылшын, француз, чехословак, неміс, поляк, итальян, венгр коммунистік партиялары мен басқа да коммунистік партиялардың

дамуына және оларға көмек көрсетуге Лениннің өте көп назар аударғандығының айғағы.

Революциялық күрестің даму перспективаларын белгілей келіп, Ленин отарлардағы еңбекшілер бұқарасының ұлт-азаттық қозғалысының өскелең маңызын ерекше атап көрсетті, бұл қозғалысқа халықаралық пролетариат тарапынан басшылық жасалған жағдайда ол зор революциялық роль атқара алады деді.

Осы томға «Монғол Халық Республикасының делегациясымен әңгіме» енгізіліп отыр, онда қоғамдық құрылысы капитализмге дейінгі дәрежедегі елдердің социализмге қарай даму жолдары туралы, осы елдер жағдайындағы революциялық партиялар тактикасының ерекшеліктері туралы В. И. Лениннің нұсқаулары бар. Монғол делегациясының өздері үшін басты нәрсе не екені жөнінде қойған сұрағына жауап бере келіп, В. И. Ленин былай деді: «сіздің елдің еңбекшісінің қайсысы үшін болса да бірден-бір дұрыс жол Советтік Россияның жұмысшыларымен, шаруаларымен одақ құра отырып, мемлекеттік және шаруашылық тәуелсіздік жолында күресу болып табылады. Бұл күресті оқшауланып жүргізуге болмайды...» (251-бет). Ленин жаңа шаруашылық укладтың шағын аралдарынан «араттар Монғолиясының капиталистік емес жаңа экономикалық системасы» (253-бет) қалыптасатынына сенім білдірді. Лениннің бұл көрегендігі де жүзеге асты. Монғол Халық Республикасының еңбекші бұқарасы өз партиясының басшылығымен, совет халқының көмегіне сүйеніп, социализмге апаратын жолмен нық алға басып келеді.

* *
*

44-томда мынадай 13 документ бірінші рет жарияланып отыр: «Коминтерн тактикасы туралы тезистерге бастапқы ескертпелер», «Коминтерннің III конгресінде сөйленетін сөздердің жазбалары мен жоспарлары», «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Европада жұмысшылардан жиналатын ақшаны есепке алуды ұйымдастыру туралы қаулысы», «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының алтын қорын жұмсау туралы

қаулысының жобасы», «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының А. Г. Шляпниковты азық-түлік жұмысына жіберу туралы қаулысының жобасы», «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мақта-мата өнеркәсібін басқару туралы қаулысының жобасы», 1921 жылғы 8 ноябрьдегі «РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы қаулысының жобасы», «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының біртұтас майдан тактикасы туралы қаулысының жобасы», «Генуя делегациясы председателінің орынбасарына және делегацияның барлық мүшелеріне директиваның жобасы», «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне хат және үш Интернационалдың конференциясына қатысу туралы Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген бірінші пленумы қарарының жобасына ескертпелер», «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап В. М. Молотовқа записка және Италияның нотасы туралы қаулының жобасы», «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1922 ж. 11 марттағы қаулысы», «РКП(б) Орталық Комитетінің совет делегациясының Генуядағы міндеттері туралы қаулысының жобасы».

Оның үстіне мынадай 6 еңбек бірінші рет толық жарияланып отыр: «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қаулысының жобасымен қоса А. Д. Цюрупаға жолданған хат және Саяси бюро мүшелеріне записка», «И. В. Сталинге записка және Закавказье республикаларының федерациясын құру туралы мәселе жөнінде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы қаулысының жобасы», «Москва губерниялық I ауыл шаруашылық съезінде 1921 ж. 29 ноябрьде сөйленген сөз», «РКП(б) Орталық Комитетінің Генуя конференциясына баратын совет делегациясына директивасының жобасы», «РКП (б) Орталық Комитетінің Генуя конференциясына баратын совет делегациясына директивалары туралы Г. В. Чичеринге хат», «Юстиция халық комиссариатының жаңа экономикалық саясат жағдайындағы міндеттері туралы. Д. И. Курскийге хат».

«Кәсіподақтардың жаңа экономикалық саясат жағдайындағы ролі мен міндеттері туралы тезистердің жобасы» бірінші рет қолжазба бойынша жарияланып отыр.

Томның негізгі құрамына бұрын негізінен Лениннің жинақтарында басылған, В. И. Ленин Шығармаларына кірмеген 90-нан астам документ енгізілді.

«Дайындық материалдар» бөліміне 20 документ: съездер мен конференцияларда жасалған баяндамалар мен сөйленген сөздердің жоспарлары, мақалалар мен кітапшалардың жоспарлары, партия және совет органдарының аса маңызды қаулылары мен қарарларына ескертпелер, «Кәсіподақтардың жаңа экономикалық саясат жағдайындағы ролі мен міндеттері туралы» тезистердің жоспарлары, «А. М. Горькиймен әңгіме кезінде жасалған жазбалар» деген және басқа документтер енгізіліп отыр. Бұл документтердің «Саяси ағарту комитеттерінің Бүкіл россиялық II съезінде жасалатын баяндаманың жоспарынан» басқалары да В. И. Ленин Шығармаларында бірінші рет жарияланып отыр.

«Қосымшада» В. И. Ленин 1922 жылғы 13 февральда толтырған «РКП(б) мүшелерінің Бүкіл россиялық санағына арналған анкета» беріліп отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты

В. И. ЛЕНИН

1920

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ III КОНГРЕСІ[1]

22 ИЮНЬ—12 ИЮЛЬ, 1921 ж.

1

РКП ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ

1. РСФСР-дің ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

РСФСР-дің халықаралық жағдайы қазіргі уақытта кейбір тепе-теңдіктің болуымен сипатталады; бұл тепе-теңдік өте тұрақсыз бола тұрса да, дегенмен бүкіл дүние жүзілік саясаттың ерекше бір коньюнктурасын туғызып отыр.

Бұл ерекшелік мынада: бір жағынан, халықаралық буржуазия Советтік Россияға өршеленген өшпенділігі мен дұшпандығы кернеп, оны тұншықтыру үшін минут сайын тап беруге әзір тұр. Екінші жағынан, бұл буржуазияның жүздеген миллион франк жұмсап, соғыс күшімен қол сұғу әрекеттерінің бәрі, Совет өкіметінің ол кезде қазіргіден гөрі әлсізірек болуына, ал орыс помещиктері мен капиталистерінің РСФСР территориясында тұтас армияларының болуына қарамастан, толық сәтсіздікпен аяқталды. Капиталистік елдердің бәрінде Советтік Россиямен соғысуға қарсы оппозиция мейлінше күшейіп, пролетариаттың революциялық қозғалысына қуат берді және ұсақ буржуазиялық демократияның өте қалың бұқарасын қамтыды. Түрлі империалистік елдер арасындағы мүдделердің алалығы шиеленісті және күн сайын қатты шиеленісе түсіп отыр. Шығыстың жүздеген миллион езілген халықтары арасында революциялық қозғалыс тамаша күшпен өсіп келеді. Осы жағдайлардың бәрінің нәтижесінде халықаралық империализм, өзінің Советтік Россиядан анағұрлым күшті болуына қарамастан, оны тұншықтыра алмайтын болып шықты, сөйтіп оны уақытша тануға немесе жартылай

тануға, онымен сауда шарттарын жасасуға мәжбүр болды.

Сонымен, өте баянсыз, өте тұрақсыз бола тұрса да, дегенмен, тепе-теңдік жасалды, социалистік республика мұндай тепе-теңдік жағдайында капиталистік қоршауда,— әрине, аз уақыт бойына,— өмір сүре алады.

2. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛЕМДЕГІ ТАП КҮШТЕРІНІҢ АРАСАЛМАҒЫ

Жағдайдың осындай болуы негізінде халықаралық көлемдегі тап күштерінің арасалмағы мынадай болып қалыптасты:

Советтік Россияға қарсы ашық соғыс жүргізу мүмкіншілігінен айрылған халықаралық буржуазия жағдай өзіне бұл соғысты қайта бастауға мүмкіндік беретін кезеңді күтіп, аңысын аңдап отыр.

Алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің пролетариаты қазір барлық жерде өзінің авангардын, коммунистік партияларды, алға шығарды; бұл партиялар әрбір елде пролетариаттың көпшілігін өзіне тартуға қарай іркілмей алға баса отырып, ескі тред-юнионистік бюрократтардың және Америка мен Европа жұмысшы табының империализм берген пұрсаттылықтармен азғындандырылған жоғарғы тобының ықпалын қирата отырып өсіп келеді.

Капиталистік елдердің ұсақ буржуазиялық демократиясы,— олардың алдыңғы қатарлы бөлегі екінші Интернационал және II 1/2 Интернационал қатарында,— қазіргі кезеңде капитализмнің басты тірегі болып табылады, өйткені өнеркәсіп және сауда жұмысшылары мен қызметшілерінің көпшілігі немесе едәуір бөлегі осы ұсақ буржуазиялық демократияның ықпалында қалып келеді, ал бұлар революция бола қалған күнде өздерінің империализм берген пұрсаттылықтары арқасында жасалған біршама тыныш мещандық тұрмысынан айрылудан қорқады. Бірақ өсіп келе жатқан экономикалық дағдарыс барлық жерде қалың бұқараның жағдайын нашарлатуда, міне бұл жағдай, капитализм сақталып тұрғанда жаңа империалистік соғыстардың болмай қой-

майтыны барған сайын айқындала түсуімен қатар, осы көрсетілген тіректі барған сайын тұрақсыз ете береді.

Жер жүзіндегі халықтың басым көпшілігі болып отырған отар елдер мен жартылай отар елдердің еңбекші бұқарасы XX ғасырдың басында-ақ, әсіресе Россиядағы, Түркиядағы, Персиядағы және Қытайдағы революциялардың арқасында саяси өмірге араласа бастады. 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс және Россиядағы Совет өкіметі бұл бұқараны бүкіл дүние жүзілік саясаттың және империализмді революциялық жолмен қиратудың белсенді факторына біржолата айналдырып келеді; ал мұны Европа мен Американың білімді мещандары, оның ішінде II және II½ Интернационалдардың[2] көсемдері әлі де болса қасарысып көрмей отыр. Британ Индиясы бұл елдердің ең алдында тұр; ал онда, бір жағынан, индустрия және темір жол пролетариаты неғұрлым көбейген сайын, екінші жағынан, жаппай қырып-жоюды да (Амритсар)[3], жұрт алдында дүре соғуды да және т. с. жиілете қолданушы ағылшындар террорының айуандығы неғұрлым күшейген сайын революция да соғұрлым шапшаң өрістеп келеді.

3. РОССИЯДАҒЫ ТАП КҮШТЕРІНІҢ АРАСАЛМАҒЫ

Советтік Россияның ішкі саяси жағдайының белгілері мынадай: мұнда біз тек екі таптың — өте жас, бірақ, дегенмен, осы заманғы машиналы ірі өнеркәсіп ондаған жылдар бойы тәрбиелеп өсірген пролетариаттың және халықтың орасан көпшілігі болып отырған ұсақ шаруалардың бірсыпыра жылдар бойы өмір сүріп келе жатқанын бүкіл дүние жүзілік тарихта тұңғыш рет көріп отырмыз.

Россиядағы ірі жер меншікшілері мен капиталистер жойылып кеткен жоқ, бірақ олар толық экспроприацияланды, саяси жағынан тап ретінде мүлдем талқандалды, олардың қалдықтары Совет өкіметінің мемлекеттік қызметшілері арасына жасырынған. Олар таптық ұйымын шетелдерде, эмиграция түрінде сақтап қалды, оның қа-

тарында, сірə, $1^1/_2$ миллионнан 2 миллионға дейін адам болса керек; онда барлық буржуазиялық жəне «социалистік» (яғни ұсақ буржуазиялық) партиялардың елуден астам күнделікті газеттері, армия қалдықтары жəне халықаралық буржуазиямен көптеген байланыстары бар. Бұл эмиграция Совет өкіметін қирату жəне Россияда капитализмді қайта қалпына келтіру жолында барлық күш-құралдарымен əрекет жасауда.

4. РОССИЯДАҒЫ ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАР

Россияның ішкі жағдайы мұндай болып отырғанда, оның үстем тап ретіндегі пролетариаты үшін қазіргі кезеңнің басты міндеті — шаруаларға басшылық етуге, олармен берік одақ жасасуға, қоғамдастырылған машиналы ірі егіншілікке ұзаққа созылатын бірқатар өткелдер арқылы бірте-бірте көшуге керекті шараларды дұрыс белгілеп, жүзеге асыру болып табылады. Еліміздің артта қалуы себепті, сол сияқты жеті жылға созылған империалистік соғыс пен азамат соғысының оны өте қатты күйзелтуі салдарынан Россияда бұл міндетті орындау ерекше қиын. Бірақ мұндай ерекшелігін айтпағанның өзінде де, бұл міндет, мүмкін, тек бір ғана Англиядан басқа, барлық капиталистік елдердің алдына қойылатын, социалистік құрылыстың аса қиын міндеттерінің қатарына жатады. Алайда Англия жөнінде де мынаны ұмытуға болмайды: онда ұсақ арендатор-егіншілер табы өте-мөте аз болса да, мұның есесіне онда Англияның «меншігіндегі» отарларда жүздеген миллион адамдардың іс жүзінде құлдықта болуы салдарынан жұмысшылар мен қызметшілер арасында ұсақ буржуазияша тұрушылардың проценті өте-мөте жоғары.

Сондықтан, бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның біртұтас процесс ретінде дамуы тұрғысынан алғанда, Россия бастан кешіріп отырған дəуірдің маңызы мемлекеттік өкіметті өз қолында ұстап отырған пролетариаттың ұсақ буржуазиялық бұқара жөніндегі саясатын практика жүзінде байқап көріп, тексеруде болып отыр.

5. РСФСР-дегі ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАРДЫҢ ӘСКЕРИ ОДАҒЫ

Советтік Россияда пролетариат пен шаруалардың дұрыс қарым-қатынас жасауына керекті негіз 1917—1921 жылдар дәуірінде, бүкіл дүние жүзілік буржуазия да, ұсақ буржуазиялық демократияның барлық партиялары да (эсерлер мен меньшевиктер) қолдаған капиталистер мен помещиктердің шапқыншылығы пролетариат пен шаруалардың Совет өкіметі жолындағы әскери одағын құрған, баянды еткен және бекіткен кезде жасалды. Азамат соғысы — тап күресінің ең шиеленіскен формасы, ал бұл күрес неғұрлым шиеленіскен сайын ұсақ буржуазиялық жалған үміттер мен соқыр сенімдердің бәрі оның от-жалынында соғұрлым тез жанып кетеді, шаруаларды тек пролетариат диктатурасы ғана құтқара алатынын, эсерлер мен меньшевиктер іс жүзінде помещиктер мен капиталистердің итаршылары ғана екенін практиканың өзі шаруалардың тіпті ең артта қалғап топтарына да соғұрлым айқын көрсетеді.

Бірақ, пролетариат пен шаруалар арасындағы әскери одақ олардың берік одағының бірінші формасы болған болса — және сөзсіз болуға тиіс болса — бұл одақ осы аталған таптардың белгілі бір экономикалық одағынсыз бірнеше апта да тұрақтай алмаған болар еді. Жұмысшы мемлекеті шаруаға барлық жерді берді және оны помещиктен, кулактан қорғады; жұмысшылар шаруалардан ірі өнеркәсіпті қалпына келтіргенге дейін қарызға азық-түлік алды.

6. ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАРДЫҢ ДҰРЫС ШАРУАШЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНА КӨШУ

Әбден қалпына келтірілген транспорт пен ірі өнеркәсіп пролетариаттың шаруаларға азық-түлікке айырбастап, шаруалар үшін және олардың шаруашылығын жақсарту үшін керекті өнімдердің бәрін беруіне мүмкіншілік туғызған кезде ғана ұсақ шаруалар мен пролетариаттың одағы, социалистік тұрғыдан алғанда, әбден дұрыс және баянды одақ бола алады. Еліміз орасан

күйзеліп отырғанда бұған бірден жету тіпті де мүмкін болмады. Помещиктерге қарсы сұмдық ауыр соғыста төтеп беру үшін салым салу әлі жеткіліксіз ұйымдасқан мемлекет үшін неғұрлым қолайлы шара болды. 1920 жылы егіннің, шөптің шықпауы шаруалардың онсыз да ауыр мұқтаждығын ерекше күшейтіп, азық-түлік салығына дереу көшуді сөзсіз керек қылды.

Мөлшерлеп белгіленген азық-түлік салығы шаруалардың жағдайын бірден мықтап жақсартады, сонымен бірге оны егіс көлемін ұлғайтып, егіншілікті жақсартуға ынталандырады.

Азық-түлік салығы шаруаның артық астығының бәрін реквизициялаудан өнеркәсіп пен егіншілік арасындағы дұрыс социалистік өнім айырбасына көшу болып табылады.

7. СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ КАПИТАЛИЗМГЕ ЖӘНЕ КОНЦЕССИЯЛАРҒА ЖОЛ БЕРУІНІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ

Азық-түлік салығы дегеніміз, әрине, шаруа салықты төлегеннен кейін қолында қалған артық өніміне билік етуге ерікті деген сөз. Мемлекет шаруаға осы артық өнімнің бәріне айырбастап, социалистік фабриканың өнімдерін бере алмайтын болғандықтан, артық өнімдермен сауда жасау еркіндігі капитализмнің даму еркіндігі болатындығы сөзсіз.

Алайда, әзірге транспорт пен ірі өнеркәсіп пролетариаттың қолында болып отырғанда, жоғарыда көрсетілген шамада мұның өзі социализм үшін ешқандай қорқынышты емес. Қайта, пролетарлық мемлекеттің бақылауымен және реттеуімен капитализмнің (яғни, сөздің *осы* мағынасында «мемлекеттік» капитализмнің) дамуы аса қатты күйзелген және артта қалған ұсақ шаруалы елде пайдалы және қажетті болады (әрине, тек белгілі дәрежеде ғана пайдалы және қажет), өйткені мұның өзі шаруа егіншілігінің *шұғыл* өркендеуін тездете алады. Мұның концессияларға одан бетер қатысы бар: ешқандай денационализация жүргізбей-ақ, жұмысшы мемлекеті белгілі бір рудниктерді, орман учаскелерін, мұнай

кәсіпшіліктерін және басқаларды шетел капиталистеріне арендаға береді, бергенде, олардан бізге советтік ірі өнеркәсіпті қалпына келтіруді тездетуге мүмкіндік беретін қосымша жабдықтар мен машиналар алу үшін береді.

Концессионерлерге жоғары бағалы өнімдерден үлес түрінде төленетін ақы жұмысшы мемлекетінің дүние жүзілік буржуазияға беретін алымы болып табылатыны күмәнсыз; мұны ешбір бүркемелеместен, біз өзіміздің ірі өнеркәсібімізді қалпына келтіруді және жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын елеулі түрде жақсартуды тездету үшін ғана бізге бұл алымды төлеу тиімді екенін айқын түсінуге тиіспіз.

8. БІЗДІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫМЫЗДЫҢ ТАБЫСТАРЫ

Советтік Россияның азық-түлік саясаты 1917—1921 жылдарда өте тұрпайы, қарадүрсін болып, көптеген жолсыздықтар туғызғаны күмәнсыз. Оны жүзеге асырғанда бірсыпыра қателер жіберілді. Бірақ ол саясат сол кездегі жағдайларда, жалпы және тұтас алғанда, бірденбір мүмкін саясат болды. Сөйтіп ол өзінің тарихи тапсырмасын орындады: күйзелген және артта қалған елде пролетарлық диктатураны сақтап қалды. Ол саясаттың бірте-бірте жетілдірілгені даусыз факт. Біздің толық өкімет билігіміздің бірінші жылында (1. VIII. 1918—1. VIII. 1919) мемлекет 110 миллион пұт, 2-жылында 220 миллион пұт, 3-жылында 285 миллион пұттан астам астық жинады. Қазір, практикалық тәжірибеміз болып отырғанда, біз 400 миллион пұт (азық-түлік салығының мөлшері = 240 миллион пұт) астық жинауды алдымызға міндет етіп қоямыз және оны жинайтынымызға сенеміз. Жеткілікті азық-түлік қорының іс жүзінде иесі болғанда ғана жұмысшы мемлекеті экономика жөнінен аяғын нық басып кете алады, ірі өнеркәсіпті баяу болса да, үнемі қалпына келтіруді қамтамасыз ете алады, дұрыс финанс жүйесін жасай алады.

9. СОЦИАЛИЗМНІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ НЕГІЗІ ЖӘНЕ РОССИЯНЫ ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ ЖОСПАРЫ

Социализмнің бірден-бір материалдық негізі машиналы ірі өнеркәсіп, егіншілікті де қайта құра алатын машиналы ірі өнеркәсіп бола алады. Бірақ бұл жалпы қағидамен шектелуге болмайды. Оны нақтылыландыра түсу қажет. Ең жаңа техника дәрежесіне сай келетін және егіншілікті қайта құра алатын ірі өнеркәсіп дегеніміз — бүкіл елді электрлендіру. Біз РСФСР-ді осылай электрлендіру жоспарын жасаудың ғылыми жұмысын атқаруға тиісті едік, біз оны орындадық та. Россияның 200-ден астам таңдаулы ғылыми, инженерлік және агрономдық күштерінің қатысуымен бұл жұмыс аяқталып, көлемді том түрінде бастырылды және 1920 жылы декабрьде Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде, жалпы алғанда, бекітілді. Қазірдің өзінде электротехниктердің Бүкіл россиялық съезін шақыру ұйымдастырылды; 1921 жылы августа жиналатын ол съезд бұл жұмысты егжей-тегжейлі қарастырады, сонда ол біржолата мемлекеттік бекітуден де өткізіледі[4]. Бірінші кезектегі электрлендіру жұмыстары 10 жылға мөлшерлеп белгіленген; бұл жұмыстарды орындауға 370 миллиондай жұмыс күні керек болады.

Егер 1918 жылы бізде жаңадан салынған электр станциялары 8 (4757 kw — киловатт) болса, 1919 жылы бұл цифр 36-ға (1648 kw), ал 1920 жылы 100-ге (8699 kw) жетті.

Бұл бастау біздің ұлан-байтақ еліміз үшін қаншама шағын болса да, дегенмен бастау жасалды, жұмыс басталды және барған сайын жақсарып келеді. Орыс шаруасы империалистік соғыстан кейін, миллиондаған тұтқындар Германияда осы заманның озық техникасымен танысқаннан кейін, үш жылға созылған азамат соғысының ауыр, бірақ шынықтырушы тәжірибесінен кейін, енді ол бұрынғы уақыттағысындай шаруа емес. Тек пролетариаттың басшылығы ғана ұсақ егіншілер бұқарасын капиталға құл болудан құтқарып, социализмге жеткізе алатынын ол әрбір ай өткен сайын барынша айқын, анық көріп отыр.

10. «ТАЗА ДЕМОКРАТИЯНЫҢ», II ЖӘНЕ II ½ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАРДЫҢ, ЭСЕРЛЕР МЕН МЕНЬШЕВИКТЕРДІҢ КАПИТАЛ ОДАҚТАСТАРЫ РЕТІНДЕГІ РОЛІ

Пролетариат диктатурасы тап күресін тоқтату емес, қайта оны жаңа формада және жаңа құралдармен онан әрі жүргізу болып табылады. Таптар қалып отырғанда, бір елде құлатылған буржуазия өзінің социализмге шабуыл жасауын халықаралық көлемде он есе күшейтіп отырғанда, мұндай уақытта бұл диктатура қажет. Ұсақ егіншілер табы өтпелі дәуірде бірқатар ауытқуларға ұрынбай қоймайды. Өтпелі жағдайдың қиыншылықтары, буржуазияның ықпалы бұл бұқараның пиғылында оқтын-оқтын ауытқу туғызып отыратыны сөзсіз. Өзінің өмірлік негізінің — машиналы ірі өнеркәсіптің бұзылуынан әлсіретілген және белгілі дәрежеде табынан азған пролетариатқа өте қиын және ең зор тарихи міндет — бұл ауытқуларға қарамастан төтеп беріп, еңбекті капиталдың езгісінен азат ету жолындағы өзінің ісін аяқтап шығу міндеті жүктеледі.

Ұсақ буржуазияның ауытқуларының саяси белгісі ұсақ буржуазиялық демократиялық партиялардың, яғни II және II ½ Интернационалдар партияларының саясаты болып табылады, ал Россиядағы эсерлер («социалист-революционерлер») мен меньшевиктер партиялары — нақ сондай партиялар. Қазір шетелдерде өздерінің бас штабтары мен газеттері бар бұл партиялар іс жүзінде бүкіл буржуазиялық контрреволюциямен блок жасасып, оған адал қызмет етіп отыр.

Орыстың ірі буржуазиясының есті көсемдері және оларды бастаған «кадеттер» («конституцияшыл демократтар») партиясының көсемі Милюков ұсақ буржуазиялық демократияның, яғни эсерлер мен меньшевиктердің осы ролін әбден айқын, дәл және тура бағалады. Меньшевиктер, эсерлер және ақ гвардияшылар өз күштерін біріктіріп жасаған Кронштадт көтерілісі жайында Милюков «Большевиктерсіз Советтер» ұранын («Правда» № 64, 1921 ж.; цитат Парижде шығатын «Последние Новостиден»[5] алынды) жақтаған пікір айтты. Бұл

пікірді дамыта келіп, ол: «абырой мен орынды» эсерлер мен меньшевиктер алады, өйткені өкіметті большевиктерден *бірінші болып ауыстыру* міндеті соларға жүктеледі деп жазды. Ірі буржуазияның көсемі Милюков барлық революциялардың сабақтарын дұрыс есепке алады; бұл революциялар ұсақ буржуазиялық демократияның өкіметті ұстап тұруға қабілетсіз екенін, әрдайым буржуазия диктатурасының жамылғысы ғана, буржуазияның толық билеуіне жеткізетін саты ғана болатынын көрсеткен еді.

Россиядағы пролетарлық революция 1789—1794 және 1848—1849 жылдардың бұл тәжірибесін үсті-үстіне дәлелдеп отыр, Фр. Энгельстің төмендегі сөздерін дәлелдеп отыр; ол 1884 жылы 11 декабрьде Бебельге жолдаған хатында былай деп жазған болатын:

«...Таза демократия... бүкіл буржуазиялық және тіпті феодалдық шаруашылықты құтқарудың ақырғы амалы ролінде... революция кезінде қысқа мерзімге уақытша маңыз алады... Дәл сол сияқты 1848 жылы бүкіл феодалдық-бюрократиялық топ революцияшыл бұқараны бағындырып ұстау үшін марттан сентябрьге дейін либералдарды қолдады... Қалай болғанда да, дағдарыс кезінде және оның ертеңінде таза демократия төңірегіне бірігетін бүкіл реакцияшыл топ біздің бірден-бір жауымыз болады, ал мұны, менің ойымша, ешбір жағдайда естен шығаруға болмайды» (орыс тілінде 1921 жылы «Коммунистический Труд»[6] газетінің 1921 жылғы 9 июньдегі 360-номерінде, В. Адоратский жолдастың: «Маркс пен Энгельс демократия туралы» деген мақаласында жарияланған. Неміс тілінде мына кітапта жарияланған: Фридрих Энгельс: «Саяси өсиет», Берлин, 1920; «Жастардың Халықаралық Кітапханасы», № 12, 19-бет)[7].

Н. Ленин

Москва, Кремль, 13. VI. 1921.

1921 ж. Москвада Коминтерннің Баспасөз бөлімі жеке кітапша етіп бастырып шығарған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2
О. В. КУУСИНЕНГЕ ХАТ ЖӘНЕ «КОММУНИСТІК ПАРТИЯЛАРДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ, ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН МАЗМҰНЫ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕРДІҢ» ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕЛЕР[8]

Куусинен жолдасқа

Асығыс.

Адрес: финн коммунистерінде немесе Коминтернде.

10/VI.

Куусинен жолдас!

Мен Сіздің мақалаңызды (3 тарауын) және тезистерді әбден сүйсініп оқып шықтым.

Тезистер жөніндегі өз ескертпелерімді қоса жіберіп отырмын.

Сізге беретін кеңесім: дереу бір *неміс* жолдасты тауып алу керек (нағыз неміс болсын), ол немісше текстi (мақала мен тезистің текстін) *жөндеп шығуға тиіс.* Мүмкін, бұл жолдас Сіздің тапсыруыңыз бойынша Сіздің мақалаңызды III конгресте де *баяндама ретінде* оқып берер (неміс делегаттары үшін *немістің* сөзін тыңдау анағұрлым қолайлы болар еді)[9].

Менің беретін кеңесім: аяқ жағын (тезистердің) сызып тастаңыз.

Насихат пен үгіт туралы —

әсіресе баспасөз туралы, сондай-ақ ауызша насихат туралы да неғұрлым толығырақ айту керек.

Менің пікірімше, Сіз *осы* конгресте баяндама жасауды қайткенде де *өз мойныңызға алғаныңыз* жөн. Мен бұл туралы бүгін Зиновьевке жазып жіберемін.

Көп-көп ізгі сәлем жолдаймын!

Сіздің *Ленин*

Тезистер

(6-тезис немесе) § 6, 2 абзац, соңғы сөздер былай болуға тиіс:

«...бұл тенденцияны белгілі бір дәрежеде... ортадап... сөзсіз мұраға алады...»

Ал келесі сөйлем былай болуға тиіс:

«...Коммунистік партия бұл тенденцияны ұйымдастыру жұмысын үнемі, табандылықпен жүргізу және *әлдеқеше* жақсартулар мен түзетулер енгізу жолымен *жеңуге тиіс...*»

(7-тезис немесе) § 7:

Батыстың жария партияларының көпшілігінде дәл осының жоқ екенін толығырақ баяндау керек. Партияның *әрбір* мүшесі *күнбе-күн* жұмыс *(революциялық* жұмыс) жүргізбейді.

Негізгі кесел осында.

Мұны өзгерту керек — ең үлкен қиындық, міне, осында болып отыр.

Ал мұның өзі ең маңызды нәрсе.

§ 10.

Анағұрлым толығырақ айту керек.

Егжей-тегжейі көбірек көрсетілсін.

Мысалдар.

Газеттің ролі.

«Біздің» газетті *кәдімгі* капиталистік газетпен салыстыру керек.

«Біздің» газет үшін жұмыс істеу.

Мысалы: 1912—1913 жылдардағы орыс газеттері.

Буржуазиялық газеттерге қарсы күрес. Олардың сатылғыштығын, олардың өтірігін және т. т. әшкерелеу.

Листовкалар тарату.

Үй-үйде үгіт жүргізу.

Жексенбілік серуендер және т. т.

Істің егжей-тегжейлі жақтары барынша көп айтылсын.

§ 11 — мұнда да егжей-тегжейлі жақтары барынша көп айтылсын.

§ 13. Есеп беру және есептерді «ұяларда» *т а л қ ы - л а у.*

Жау ұйымдар және *әсіресе ұсақ буржуазиялық* ұйымдар туралы баяндамалар (Labour Party*, социалистік партиялар және т. т.)

Ұйымдаспаған және сатқын одақтарға (оның ішінде II және II $^{1}/_{2}$ Интернационалдарға) ұйымдасқан пролетариат *бұқарасы мен еңбекшілердің пролетарлық емес* топтары *арасындағы* жұмыстың міндеттері туралы толығырақ айту керек.

§§ 26 және 27.

Мұның бұған қатысы жоқ.

Бұл «ұйымдық мәселе» емес.

Бұл тақырыпты *«Коммунистический Интернационалға»*[10] арнап ерекше мақала етіп қайта өңдеген жөн, мәселен: «Революциялық кезеңдердегі ұйымдық мәселелер» немесе т. с.

Немесе: «Басталып келе жатқан революция және біздің тиісті міндеттеріміз туралы мәселе жөнінде» (орыс және финн тәжірибесі негізінде).

1921 ж. 10 июньде жазылған

Бірінші рет 1958 ж. «Проблемы Мира и Социализма» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

* — Лейбористік партия. *Ред.*

3
28 ИЮНЬДЕ ИТАЛЬЯН МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ[11] СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Мен көбінесе Лаццари жолдасқа жауап бергім келеді. Ол: «Сөз емес, нақты фактілер келтіріңдер» деді. Тіпті жақсы. Ал егер біз Италиядағы реформистік-оппортунистік тенденцияның дамуына жіті көз салып қарасақ, онда бұл не — сөз бола ма әлде фактілер бола ма? Өз сөздеріңізде және өздеріңіздің бүкіл саясатыңызда сіздер Италиядағы социалистік қозғалыс үшін аса маңызды жағдайды — бұл тенденция ғана емес, сонымен қатар оппортунистік-реформистік топ та ұзақ уақыт бойы өмір сүріп келе жатқанын естен шығарасыздар. Бернштейн өзінің оппортунистік насихатын, социал-патриотизммен, II Интернационалдың опасыздық жасауымен және банкрот болуымен аяқталған насихатын бастаған кезді мен әлі де еш ұмытқан жоқпын. Сол кезден бері-ақ Турати бізге тек есімімен ғана емес, итальян партиясында және итальян жұмысшы қозғалысында жүргізген насихатымен де мәлім; ол сол кезден бері өткен 20 жыл бойына бұл қозғалыстың берекесін кетіріп келді. Уақыттың тапшылығы маған итальян партиясына қатысты материалдарды толық зерттеуге мүмкіндік бермей отыр, бірақ мен итальян буржуазиялық газеттерінің бірінде — қазір есімде жоқ, «Stampa»[12]-да немесе «Corriere della Sera»[13]-да басылған, Турати мен оның достарының Реджио-Эмилиадағы конференциясы[14] туралы есепті ең маңызды документтердің бірі деп есептеймін. Мен оны «Avanti!»[15]-де жарияланған есеппен салыстырдым. Мұның өзі жеткі-

лікті дәлел емес пе? Коммунистік Интернационалдың II конгресінен кейін біз, Серратимен және оның достарымен дауласқанда, өз ойымызша, жағдайдың қандай екенін оларға ашық және дәлме-дәл айттық. Біз оларға былай дедік: итальян партиясы өзінің қатарында Турати сияқты адамдардың болуына төзіп отырған кезде, ол коммунистік партия бола алмайды.

Бұл не — саяси фактілер ме әлде тағы да құр сөз бе? Ал біз, Коммунистік Интернационалдың II конгресінен кейін, итальян пролетариатына: «Реформистермен, Туратимен бірікпеңдер» деп ашық айтқан болсақ,— және Серрати итальян баспасөзінде Коммунистік Интернационалға қарсы бірсыпыра мақалалар бастыра бастап, реформистердің ерекше кеңесін[16] шақырған болса,— осының бәрі бос сөздер ме екен? Мұның өзі жікке бөлінуден де сорақы еді, мұның өзі енді жаңа партияны құрғандық еді. Мұны көрмеу үшін соқыр болу керек. Бұл документтің осы мәселе үшін шешуші маңызы бар. Реджио-Эмилиадағы конференцияға қатысушылардың бәрі партиядан шығарылуға тиіс: олар меньшевиктер,— орыс меньшевиктері емес, бірақ итальян меньшевиктері. Лаццари: «Біз итальян халқының психологиясын білеміз» деді. Орыс халқы туралы бұлай деуге менің батылым бармас еді,— бірақ онда тұрған ештеңе жоқ. «Итальян социалистері итальян халқының рухын жақсы түсінеді»,— деді Лаццари. Мүмкін, мен оған таласпаймын. Бірақ итальян меньшевизмі, егер нақты деректермен және оны түп-тамырымен жоюды мүлдем тілегісі келмейтіндікпен есептесетін болсақ, оларға таныс емес. Біз амалсыздан былай деуге тиіспіз: қаншама күйіпішті болса да — біздің Атқару комитетінің қарарын бекіту керек. Өзінің қатарында Турати сияқты оппортунистер мен реформистердің болуына төзетін партия Коммунистік Интернационалдың құрамына ене алмайды.

«Партияның атын өзгертудің қажеті не?— деп сұрақ қояды Лаццари жолдас.— Оның аты әбден қанағаттанарлық қой». Бірақ біз мұндай көзқарасты қостай алмаймыз. Біз II Интернационалдың тарихын, оның құлдырағанын және банкрот болғанын білеміз. Герман партиясының тарихы бізге мәлім емес пе? Және де Гер-

маниядағы жұмысшы қозғалысының ең үлкен бақытсыздығы — оның соғысқа дейін де ажыраспағандығында екенін біз білмейміз бе? Мұның өзі шейдеманшылдар мен центристердің айтыс жүргізіп, герман коммунистері үстінен шағым жасауының кесірінен герман үкіметіне солар ұстап берген 20 000 жұмысшыны қазаға ұшыратты ғой[17].

Ал қазір біз Италияда нақ сол көріністің өзін байқап отырған жоқпыз ба? Итальян партиясы еш уақытта шын революциялық партия болған емес. Оның ең үлкен бақытсыздығы мынада: ол партия меньшевиктермен және реформистермен соғысқа дейін де ажырасқан жоқ, меньшевиктер мен реформистер партия ішінде қала берді. Лаццари жолдас былай дейді: «Реформистермен ажырасу керектігін біз әбден мойындаймыз; біздегі бірден-бір келіспеушілік — біздің мұны Ливорно съезінде істеу керек деп есептемегенімізде ғана болып отыр». Бірақ фактілер басқаны көрсетеді. Біз итальян реформизмі туралы мәселені бірінші рет талқылап отырған жоқпыз. Өткен жылы, бұл туралы Серратимен дауласқанда, біз оған мынадай сұрақ қойдық: «Ғапу етіңіз, бірақ итальян партиясында жікке бөлінуді не себепті дәл қазір жасауға болмайды, ол не себепті кейінге қалдырылуға тиіс?». Ал Серрати біздің бұл сұрағымызға қандай жауап қайтарды? — Түк жауап қайтармады. «Епті, ақылды болу керек» деген сөздер айтылған Фроссардың мақаласынан цитат келтіргенде Лаццари жолдас мұнда, сірә, өзіне пайдалы, бізге қарсы дәлел бар деп білетін болса керек. Менің ойымша, ол қателесіп отыр. Қайта, мұның өзі бізге пайдалы, Лаццари жолдасқа қарсы тамаша дәлел. Ол итальян жұмысшыларына өзінің қылығын және өзінің қатардан кетуін түсіндіруге мәжбүр болған кезде, жұмысшылар не дер екен? Егер олар жалған коммунистік солшыл партияның — кей кездерде тіпті тек коммунистік те болмай, көбіне-көп анархизмге ұқсайтын солшыл партияның — бұлталағымен салыстырғанда біздің тактикамызды ақылды, епті тактика деп таныса, сонда сіздер оларға не деп жауап берер екенсіздер?

Серратидің және оның партиясының орыстар тек басқалардың өздеріне еліктеуін тілейді деген ертегілерінің бәрі нені көрсетеді? Біз нақ бұған қарама-қарсыны талап етеміз. Коммунистік қарарларды жаттап алып, кез келген жерде революциялық сөздерді қолдана беру жеткіліксіз. Бұл аз, сондықтан біз белгілі бір қарарды жаттап алған коммунистерге осы бастан қарсы шығамыз. Ақиқат коммунизмнің бірінші шарты — оппортунизмнен ажырасу. Мұны қостайтын коммунистермен біз әбден еркін және ашық сөйлесеміз, толық правомен және батылдықпен біз оларға: «Ешқандай зердесіздік жасамаңдар; ақылды және шебер болыңдар» дейміз. Бірақ біз оппортунистерден ажырасқан коммунистермен ғана осылайша сөйлесеміз, ал сіздер туралы әлі олай деуге болмайды. Сондықтан да, қайталап айтамын: конгресс Атқару комитетінің қарарын бекітеді деп сенемін. Лаццари жолдас: «Біз әзірлік дәуіріндеміз» деді. Бұл нағыз шындық. Сіздер әзірлік дәуіріндесіздер. Бұл дәуірдің бірінші кезеңі — біздің өзіміздің 1903 жылы өз меньшевиктерімізден ажырасқанымыз сияқты, меньшевиктерден ажырасу. Герман партиясының меньшевиктермен қатынасты үзбеу фактісінің өзінен бүкіл герман жұмысшы табы герман революциясы тарихындағы соғыстан кейінгі ұзақ және ауыр кезең бойына азап шегіп келеді.

Лаццари жолдас итальян партиясы әзірлік дәуірін бастан кешіріп отыр дейді. Мен мұны толық қолдаймын. Ал мұның бірінші кезеңі — реформизмнен шындап, біржолата, бұлталақсыз, батыл ажырасу. Міне сонда бұқара түгелімен коммунизм жағына шығады. Екінші кезеңі тіпті де революциялық ұрандарды қайталауда болмайды. Бұл кезең біздің ақылға қонымды және шеберлікпен жасалған шешімдерімізді қабылдауда болады; бұл шешімдер әрдайым осындай болады және әрдайым: негізгі революциялық принциптер әр түрлі елдердің ерекшеліктеріне бейімделуге тиіс дегенді қайталап айтады.

Италиядағы революция Россиядағыдан басқаша өтеді. Ол басқаша басталады. Нақ қалай? Мұны сіздер де білмейсіздер, біздер де білмейміз. Итальян коммунистері

әрдайым жеткілікті дәрежеде коммунист бола алмай келеді. Италияда фабрикаларды алған кезде онда ең болмағанда бір коммунист өзін көрсетті ме?[18] Жоқ, Италияда ол кезде коммунизм әлі жоқ еді; белгілі бір анархизм туралы айтуға болар, бірақ маркстік коммунизм туралы тіпті де айтуға болмайды. Маркстік коммунизм тек революциялық күрестің тәжірибесі арқылы жасалуға, жұмысшы бұқарасына сіңірілуге тиіс. Ал бұл жолдағы алғашқы қадам 20 жылдан астам уақыт бойына буржуазиялық үкіметпен ынтымақтасып, бірге жұмыс істеп келген меньшевиктерден біржолата ажырасу болып табылады. Циммервальд және Кинталь конференцияларында менің аз-маз байқауыма тура келген Модильянидің өте епті саясатшы болуы әбден мүмкін, өйткені ол буржуазиялық үкіметке енбей, социалистік партияның орталығында қалып, осы жерден буржуазияға анағұрлым көп пайда келтіре алатын еді. Ал қазірдің өзінде Турати мен оның достары тобының бүкіл теориялық позициясы, бүкіл насихаты, бүкіл үгіті буржуазиямен ынтымақтасқандық болып табылады. Мұны Дженнаридің сөзінде келтірілген толып жатқан цитаттар дәлелдеген жоқ па? Иә, мұның өзі Турати әзірлеп қойған бірыңғай майдан. Сондықтан мен Лаццари жолдасқа: сіздің сөзіңіз сияқты және осында Серрати жолдас сөйлеген сөз сияқты сөздермен революция әзірленбейді, қайта оның берекесі кетіріледі деуге тиістімін. («Бәрекелді!» деген дауыстар. Қол шапалақтау.)

Ливорнода сіздер еуәдір көпшілік болдыңыздар. Сіздер реформистік 14 000 дауысқа, коммунистік 58 000 дауысқа қарсы 98 000 дауыс алдыңыздар. Белгілі дәстүрлері бар Италия сияқты елде, жікке бөліну жеткілікті әзірленбеген жағдайда таза коммунистік қозғалыстың бастамасы үшін жоғарыда келтірілген сан коммунистердің зор табысқа жеткенін көрсетеді.

Бұл — үлкен жеңіс, Италияда жұмысшы қозғалысы Россиядағы біздің қозғалыстан шапшаңырақ дамитындығы фактісін суреттейтін елеулі дәлел, өйткені, егер сіздер біздің қозғалысымызға қатысы бар цифрларды білетін болсаңыздар, онда 1917 жылғы февральда, патша өкіметі құлағаннан кейін және буржуазиялық рес-

публика кезінде меньшевиктерге қарағанда біздің әлі азшылық болғанымыз сіздерге мәлім. 15 жыл бойы жүргізілген қиян-кескі күрестен және жікке бөлінулерден кейін осылай болды. Бізде оң қанат дамымады, мұның өзі, сіздердің Россия туралы менсінбегендік сарынмен сөйлегенде ойлайтындарыңыздай, онша оңай болған жоқ. Сөз жоқ, Италияда даму мүлде басқаша жолмен жүреді. Меньшевиктерге қарсы 15 жыл бойы жүргізілген күрестен кейін және патша өкіметі құлағаннан кейін, біз жұмыс істей бастағанда жақтастарымыздың саны анағұрлым аз болды. Сіздерде тұрлаусыз позицияда болып отырған 98 мың біріккен центристерге қарсы коммунистік пиғылдағы 58 мың жұмысшы бар. Бұл дәлел, бұл факт; мұның өзі итальян жұмысшыларының бұқаралық қозғалысына көре тұра көзін жұмғысы келмейтіндердің бәрін сөзсіз иландыруға тиіс. Бәрі бірден бола қоймайды. Бірақ осының өзі біздерді жұмысшы бұқарасы — ескі көсемдер емес, бюрократтар емес, профессорлар емес, журналистер емес,— нағыз қаналған тап, қаналғандардың авангарды қолдайтынын дәлелдейді. Міне мұның өзі Ливорнода сіздер істеген ірі қатенің айғағы. Бұл факт. Сіздерде 98 мың дауыс болды, бірақ сіздер 14 мың реформиспен бірігіп, 58 мың коммунистке қарсы шығуды артық көрдіңіздер. Тіпті бұл коммунистер шын мәнісінде коммунистер болмағанның өзінде де, олар тек Бордиганы жақтаушылар ғана болғанның өзінде де,— олай деу дұрыс емес, өйткені Бордига II конгрестен кейін өзінің қандай да болса анархизмнен және антипарламентаризмнен бас тартатынын әбден адал мәлімдеді,— соның өзінде де сіздер солармен бірге болуға тиісті едіңіздер. Сіздер не істедіңіздер? Сіздер 14 мың реформиспен бірігіп, 58 мың коммунистен ажырасуды артық көрдіңіздер,— міне осының өзі Серратидің саясаты Италия үшін бақытсыздық болғандығына ең айқын дәлел. Италияда Серратидің орыс революциясына еліктеуін біз еш уақытта тілеген жоқпыз. Еліктеу зердесіздік болған болар еді. Мұндай зердесіздіктен аулақ болуға бізде ақыл да, икемділік те жетеді. Бірақ Серрати өзінің Италиядағы саясаты дұрыс болмағанын дәлелдеді. Мүмкін, ол жалтаруға тиісті

болған шығар. Бұл — оның осында бұдан бір жыл бұрын жиі-жиі қайталап айтқан сөзі. Ол былай деді: «Біз жалтара білеміз, біз құлшылықпен еліктегіміз келмейді. Олай ету есуастық болар еді. Оппортунизмнен бөлектенуді туғызу үшін біз жалтаруға тиісті боламыз. Сіздер, орыстар, мұны істеуді білмейсіздер. Біздер, итальяндар, бұл жөнінде қабілеттірекпіз. Біз әлі байқап көреміз». Сонымен, біз нені көрдік? Серрати тамаша жалтарды. Ол 58 мың коммунистен қол үзді. Ал енді жолдастар мұнда келіп: «Егер сіздер біздерді кері итерсеңіздер, бұқара шатасады» дейді. Жоқ, жолдастар, сіздер қателесесіздер. Италияда жұмысшы бұқарасы қазірдің өзінде шатасты, сондықтан егер біз оларға: «Жолдастар, итальян жұмысшылары, не өздеріңнің орыстарға құлшылықпен еліктеулеріңді еш уақытта талап етпейтін Коммунистік Интернационалды қаландар, не біз 20 жыл бойына білетін және шынайы революциялық Коммунистік Интернационалда оларды көрші етуге біз еш уақытта төзбейтін меньшевиктерді қаландар, екеуінің бірін қаландар» десек, бұл оларға пайдалы болып шығады. Итальян жұмысшыларына біз міне осылай дейміз. Мұның нәтижелі болатыны күмәнсыз. Жұмысшылар бұқарасы бізге ереді. (Д у м а қ ұ л д а у.)

Газет есебі 1921 ж. 1 июльде «Правда» газетінің 141-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 141-номерінде басылған

1921 ж. 4 июльде «Бюллетень Третьего конгресса Коммунистического Интернационала»ның 8-номерінде толық басылған

Мына кітаптың тексті бойынша басылып отыр: «Коммунистік Интернационалдың Бүкіл дүние жүзілік үшінші конгресі. Стенографиялық есеп». Петроград, 1922

4

1 ИЮЛЬДЕ КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ТАКТИКАСЫН ҚОРҒАП СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Қаншама қатты қынжылсам да, мен өзімді қорғаумен шектелуге тиіспін. (Күлкі.) Қаншама қатты қынжылсам деп тұрған себебім — Террачини жолдастың сөзімен және үш делегация енгізген түзетулермен танысқаннан кейін мен шабуылға шығуды өте қажет дер едім, өйткені Террачини және әлгі 3 делегация қорғаған көзқарастарға қарсы, шынын айтқанда, шабуыл жасау қажет-ақ[19]. Егер конгресс мұндай қателерге қарсы, мұндай «солшыл» зердесіздікке қарсы батыл шабуыл жасамаса, онда бүкіл қозғалыстың күйрейтіні сөзсіз. Мен осыған кәміл сенемін. Бірақ біздер — ұйымдасқан және тәртіпті марксистерміз. Біз жекелеген жолдастарға қарсы айтылған сөздермен қанағаттана алмаймыз. Біздерді, орыстарды, мұндай солшыл құрғақ сөздер жүрек айнытарлықтай тойдырып болған. Біз — ұйым адамдарымыз. Біз жоспарларымызды жасағанда ұйымдасқан жолмен жүріп, дұрыс бағыт табуға тырысуға тиіспіз. Әрине, біздің тезистеріміздің компромисс екені ешкімге құпия емес. Бірақ неге олай етпеске? Енді міне үшінші конгресті де шақырып отырған және белгілі бір негізгі ережелерді жасап алған коммунистер арасында компромисс белгілі бір жағдайларда қажетті де. Орыс делегациясы ұсынған біздің тезистеріміз мейлінше мұқият зерттеліп, әзірленді және ұзақ ойластырылып, түрлі делегациялармен кеңестер өткізу нәтижесінде жасалды. Бұл тезистер Коммунистік Интернационалдың негізгі бағытын белгілеу мақсатын

көздейді және олар бізге әсіресе қазір, біз нағыз центристерді формальды түрде айыптап қана қоймай, оларды партиядан шығарғаннан кейін де өте қажет. Фактілер осындай. Мен бұл тезистерді қорғауға тиістімін. Сондықтан, Террачини енді келіп біз центристерге қарсы күресті жүргізе беруге тиістіміз деп отырғанда, ал одан кейін бұл күресті қалай жүргізбек болатынын айтып отырғанда, мен былай деймін: егер бұл түзетулер белгілі бір бағытты көрсетуге тиісті болса, онда бұл бағытқа қарсы рақымсыз күрес жүргізу керек, өйткені, өйтпеген күнде коммунизм де болмайды, Коммунистік Интернационал да болмайды. Мені Герман коммунистік жұмысшы партиясының[20] бұл түзетулерге қол қоймағаны қайран қалдырады. (Күлкі.) Террачинидің нені қорғайтынын, бұл түзетулердің не дейтінін тек тыңдап көрсеңіздерші. Бұл түзетулер былай басталады: «1-бетте, 1-бағанада, 19-жолда: «Көпшілік...» деген сөзді сызып тастау керек». Көпшілік! Бұл өте қауіпті екен! (Күлкі.) Одан әрі: «негізгі ережелер» деген сөздердің орнына «мақсаттар» деп қою қажет. Негізгі ережелер мен мақсаттар — екеуі екі түрлі нәрсе: өйткені мақсаттарға келгенде бізді анархистер де қостайды ғой, өйткені олар да қанаушылықты және таптық айырмашылықтарды жою жағында.

Мен өз өмірімде азғана анархистермен кездесіп, әңгімелестім, бірақ дегенмен оларды жеткілікті көрдім ғой деймін. Менің олармен кейде мақсаттар жөнінде келісе алған кездерім де болды, бірақ принциптер жөнінде еш уақытта келісе алған емеспін. Принциптер дегеніміз мақсат емес, программа емес, тактика емес және теория емес. Тактика мен теория дегеніміз принциптер емес. Принциптер мағынасында алғанда біздің анархистерден айырмашылығымыз неде? Коммунизмнің принциптері өтпелі дәуірде пролетариат диктатурасын орнатуды және мемлекеттік зорлауды қолдануды көздейді. Коммунизмнің принциптері осындай, бірақ бұл оның мақсаты емес. Ендеше мұндай ұсыныс енгізген жолдастар қателесті.

Екіншіден, онда: ««Көпшілік» деген сөзді сызып тастау керек» делінген. Бәрін түгел оқып шығыңыздар:

«Коммунистік Интернационалдың III конгресі тактика мәселелерін мына жағдайда: бірсыпыра елдерде объективтік жағдай революциялық мағынада шиеленіскен кезде және бірсыпыра коммунистік бұқаралық партиялар ұйымдасқан кезде қайта қарауға кірісіп отыр; әйтсе де, бұл партиялар жұмысшы табының шын мәніндегі революциялық күресінде олардың көпшілігіне іс жүзінде басшылық етуді еш жерде өз қолдарына алған жоқ».

Міне осы «көпшілік» деген сөзді сызып тастағылары келеді. Егер біз осындай қарапайым нәрселер туралы келісе алмасақ, онда біз қалай бірге жұмыс істеп, пролетариатты қалай жеңіске бастай алатынымызды мен түсінбеймін. Онда біздің принциптер туралы мәселе жөнінде де келісімге келе алмауымызға таңданатын ештеңе жоқ. Қазірдің өзінде жұмысшы табының көпшілігін өзіне қаратып алған партияны маған көрсетіңіздерші. Террачини қандай болсын мысал келтіруді ойлаған да жоқ. Және мұндай мысал жоқ та емес пе.

Сонымен: «принциптер» орнына «мақсаттар» деген сөз қойылсын, ал «көпшілік» деген сөз сызып тасталсын делінген. Көптен-көп рақмет! Біз мұны істей алмаймыз. Таңдаулы партиялардың бірін — герман партиясын алсақ, ол да жұмысшы табының көпшілігін әлі өз соңынан ерте алмай отыр. Бұл — факт. Қиын күрес алдында тұрған біздер бұл шындықты айтудан қаймықпаймыз, ал осында жалғандықтан бастағысы келетін үш делегация бар, өйткені, егер конгресс «көпшілік» деген сөзді сызып тастайтын болса, онда ол бұл ісімен жалғандықты тілейтінін көрсетеді. Бұл әбден айқын.

Одан кейін мынадай түзету келеді: «4-бетте, 1-бағанада, 10-жолда «Ашық хат» деген сөздерді, т. т. «сызып тастау керек»»[21]. Мен бүгін біреудің сөйлеген сөзін естітім, одан да осы пікірді байқаған едім. Бірақ онда бұл әбден түсінікті еді. Ол Герман коммунистік жұмысшы партиясының мүшесі Гемпель жолдастың сөзі болатын. Гемпель: ««Ашық хат» оппортунизм актісі болды» деді. Маған қаншама қынжыларлық және қаншама ұяларлық болса да, мен мұндай көзқарастарды бұрын жеке әңгімелерде естіп едім. Бірақ конгресте, осыншалықты ұзақ жарыс сөздерден кейін, «Ашық хат» оппортунистік деп жарияланып отыр,— бұл ұят және масқаралық! Міне енді Террачини жолдастың үш делегация атынан

«Ашық хат» деген сөзді сызып тастағысы келіп отыр. Онда Герман коммунистік жұмысшы партиясына қарсы күресудің қажеті не? «Ашық хат»— үлгілі саяси қадам. Біздің тезистерімізде осылай деп айтылған. Сондықтан біз мұны сөзсіз қорғауға тиістіміз. Ол жұмысшы табының көпшілігін тартудың практикалық әдісінің бірінші актісі ретінде үлгілі. Кімде-кім пролетарлардың бәрі дерлік ұйымдасқан Европада біз жұмысшы табының көпшілігін өз жағымызға тартуға тиісті екенімізді түсінбесе, ол коммунистік қозғалыс үшін жоқ адам, егер ол ұлы революцияның үш жылы бойына мұны әлі үйренбеген болса, ол еш уақытта еш нәрсені үйренбейді.

Террачини: партия өте кішкене болса да, Россияда сіздер жеңдіңіздер дейді. Ол Чехословакия жөнінде тезистердегі сөздердің айтылуына риза емес. Мұнда 27 түзету бар, ал егер мен оларды сынамақшы болсам, маған, кейбір шешендер сияқты, кемінде үш сағат сөз сөйлеуге тура келер еді... Осында Чехословакиядағы коммунистік партияның 300 мыңнан 400 мыңға дейін мүшесі бар, көпшілікті тарту керек, жеңілмес күш жасау керек және жаңа жұмысшылар бұқарасын тарта беру керек деушілер болды. Террачини енді тап беруге даяр тұр. Егер партияда қазірдің өзінде 400 мың жұмысшы болса, онда бізге тағы не керек? Сызып тасталсын!— дейді ол. (Күлкі.) Ол «бұқара» деген сөзден қорқады, оны өшіріп тастағысы келеді. Террачини жолдас орыс революциясын тым аз түсінген екен.

Біз Россияда кішкене партия болдық, бірақ оның үстіне бүкіл елдің жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерінің көпшілігі де бізбен бірге болды. («Рас!»— деген дауыс.) Сіздерде бұл бар ма? Ол кезде қатарында кем дегенде 10 миллион адам болған армияның жартысы дерлік бізбен бірге болды. Армияның көпшілігі сіздерге ере ме? Мұндай елді маған көрсетіңіздерші! Егер Террачини жолдастың бұл көзқарастарын тағы үш делегация қостайтын болса, онда Интернационалда істің бәрі бірдей оңды болмағаны! Онда біз: «Тоқта! Батыл күрес керек! Әйтпесе Коммунистік Интернационал құриды» деуге тиістіміз (Залда қозғалыс.)

Мен өз тәжірибеме сүйеніп, қорғану позициясын ұстасам да (к ү л к і), мынаны айтуға тиістімін: менің сөзімнің мақсаты және оның принципі — біздің делегация ұсынған қарар мен тезистерді қорғау. Бұл тезистердің бірде-бір әрпін өзгертуге болмайды деу, әрине, педанттық болар еді. Маған көп қарарларды оқып шығуға тура келді, сондықтан ондағы әрбір жолға тамаша түзетулер енгізуге болатынын мен жақсы білемін. Бірақ бұл педанттық болар еді. Ал егер мен қазір, сонда да болса, саяси мағынада алғанда бірде-бір әріпті өзгертуге болмайды деп отырсам, оның себебі — менің көріп отырғанымдай, түзетулердің әбден айқын саяси сипаты бар, оның себебі — бұл түзетулер Коммунистік Интернационал үшін зиянды және қауіпті жолға бастайды. Сондықтан мен де, біздің бәріміз де, орыс делегациясы да тезистердің бірде-бір әрпін өзгертпеуді талап етуге тиістіміз. Біз өзіміздің оңшыл элементтерімізді айыптап қана қойғамыз жоқ,—біз оларды қуып шықтық. Ал егер оңшылдарға қарсы күресті, Террачини сияқты, спортқа айналдыратындар болса, онда біз: «Жетер енді! Әйтпесе қауіп тым ұлғайып кетеді!»— деуге тиістіміз.

Террачини шабуылды күрес теориясын[22] жақтады. Атышулы түзетулерде бұл жөнінде екі-үш беттік ұзын формула ұсынылады. Бізге оны оқып жатудың қажеті жоқ. Онда не жазылғанын біз білеміз. Әңгіменің не туралы болып отырғанын Террачини әбден ашық айтты. Ол «серпінді тенденцияларды» және «енжарлықтан белсенділікке көшуді» көрсетіп, шабуыл теориясын жақтады. Россияда біздің центристерге қарсы күрес жөнінде қазірдің өзінде жеткілікті саяси тәжірибеміз бар. Бұдан 15 жыл бұрын біз өзіміздің оппортунистер мен центристерге қарсы, сондай-ақ меньшевиктерге қарсы күрес жүргіздік, сөйтіп біз меньшевиктерді ғана емес, сонымен қатар жартылай анархистерді де жеңіп шықтық.

Егер біз мұны істемеген болсақ, онда өкіметті үш жарым жыл түгіл, үш жарым апта да қолымызда ұстап тұра алмаған болар едік және осында коммунистік конгрестерді шақыра да алмаған болар едік. «Серпінді тенденциялар», «енжарлықтан белсенділікке көшу» деген-

дердің бәрі де солшыл эсерлердің бізге қарсы қолданған жел сөздері. Қазір олар түрмеде отыр, онда «коммунизмнің мақсаттарын» қорғап «енжарлықтан белсенділікке көшу» туралы ойлайды. (К ү л к і.) Ұсынылған түзетулердегідей дәлелдеу мүмкін емес, өйткені онда марксизм де жоқ, саяси тәжірибе де жоқ, дәлелдеу де жоқ. Біз өз тезистерімізде революциялық шабуылдың жалпы теориясын дамытыппыз ба? Радек немесе біздің басқа біреуіміз мұндай зердесіздік жасап па екенбіз? Біз шабуыл теориясын сөз қылғанда, оны әбден белгілі бір ел жөнінде және әбден белгілі бір дәуір жөнінде сөз қылдық.

Біз өзіміздің меньшевиктерге қарсы күресімізден мысалдар келтіре аламыз; бұл мысалдар революциялық партияның шабуыл жасауға тиісті екендігіне күмәнданған адамдардың бірінші революция алдында да кездескенін көрсетеді. Егер қайсыбір социал-демократ,— ол кезде біздің бәріміз де осылай деп аталдық,— мұндай күмән келтірген болса, біз оған қарсы күресіп, оның оппортунист екенін, оның марксизмнен және революциялық партияның диалектикасынан ештеңе де түсінбейтінін айттық. Жалпы алғанда революциялық шабуыл жасауға жол беруге бола ма деген мәселе жөнінде партия қалайша дауласа алады? Бізде мұндай мысалдар табу үшін он бес жылдай уақытқа кері оралуға тура келер еді. Егер шабуыл теориясы туралы дауласатын центрист немесе бүркемеленген центрист бар болса, ондай адамдарды дереу аластау керек. Бұл мәселенің дау туғызуы мүмкін емес. Бірақ біздің қазір, Коммунистік Интернационал үш жыл өмір сүргеннен кейін, «серпінді» тенденциялар» туралы, «енжарлықтан белсенділікке көшу» туралы дауласып отырғанымыздың фактісі—ұят және масқара нәрсе.

Бұл тезистерді өзімізбен бірге жасасқан Радек жолдаспен біздің бұл туралы дауымыз жоқ. Шын мәніндегі шабуыл әзірленбегеннен кейін революциялық шабуыл *теориясы туралы* Германияда әңгіме бастау, мүмкін, онша дұрыс болмаған шығар. Дегенмен, басшыларының қателеріне қарамастан, марттағы бой көрсету алға басқан зор қадам болып табылады[23]. Бірақ бұл қателерде

тұрған ештеңе жоқ. Жүздеген мың жұмысшылар қаһармандықпен күресті. Герман коммунистік жұмысшы партиясы буржуазияға қарсы қаншама ерлікпен күрессе де, біз Радек жолдастың бір орысша мақалада Гельц жөнінде айтқанын айтуға тиістіміз. Егер кім болса да, тіпті анархист болса да, буржуазияға қарсы қаһармандықпен күрессе, онда бұл, әрине, зор іс, ал егер жүздеген мың адам социал-сатқындардың сұрқиялық арандатушылығына қарсы және буржуазияға қарсы күрессе, онда бұл нағыз алға басқан қадам.

Өз қателеріңе сын көзбен қараудың аса зор маңызы бар. Біз осыдан бастадық. Егер кімде-кім жүздеген мың адам қатысқан күрестен кейін бұл күреске қарсы шығып, Левидің істегенін істесе, оны аластау керек. Осылай істелді де. Бірақ біз мұнан сабақ алуға тиістіміз: біз шабуылды әзірлеп пе едік? (Радек: «Біз қорғанысты да әзірлеген жоқпыз»). Иә, шабуыл туралы газет мақалаларында ғана сөз болды. Германияда 1921 жылы мартта болған бой көрсетуге қолданғанда бұл теория дұрыс болмады,— біз мұны мойындауға тиістіміз; бірақ, жалпы алғанда, революциялық шабуыл теориясы тіпті де жалған теория емес.

Біз Россияда жеңіп шықтық, жеңгенде сондай оңай жеңдік, өйткені өз революциямызды империалистік соғыс кезінде әзірледік. Бұл — бірінші шарт. Бізде он миллион жұмысшылар мен шаруалар қаруланған еді, ал біздің ұранымыз: қайткенде де дереу бітім жасасу болды. Біздің жеңген себебіміз — шаруалардың орасан көп қалың бұқарасы ірі помещиктерге қарсы революциялық пиғылда болды. II және II $^{1}/_{2}$ Интернационалдарды жақтаушы социалист-революционерлер 1917 жылғы ноябрьде шаруалардың үлкен партиясы еді. Олар революциялық құралдар қолдануды талап етті, бірақ, II және II $^{1}/_{2}$ Интернационалдардың нағыз сабаздары болған соң, революциялық қимыл жасауға олардың батылы бармады. 1917 жылғы август пен сентябрьде біз былай дедік: «Теория жағынан біз, бұрынғыша, эсерлерге қарсы күресеміз, ал іс жүзінде біз олардың программасын қабылдауға әзірміз, өйткені бұл программаны тек біз ғана жүзеге асыра аламыз». Біз қалай

айтсақ, солай істедік те. 1917 жылғы ноябрьде, біздің жеңісімізден кейін, бізге қарсы пиғылда болған және социалист-революционерлердің көпшілігін Құрылтай жиналысына жіберген шаруаларды біз,— менің қате болжап айтқанымдай,— бірнеше күннің ішінде болмағанмен, әйтеуір бірнеше аптаның ішінде өз жағымызға қаратып алдық. Айырмашылық онша көп болған жоқ. Маған Европадан сіздер шаруалардың көпшілігін бірнеше аптаның ішінде өз жағыңызға шығара алатын елді көрсетіңіздерші? Мүмкін, Италия болар? (Күлкі.) Егер кейбіреулер біздерді, партиясының кішкене болғанына қарамастан, Россияда жеңіп шықты дейтін болса, онда мұның өзі олардың орыс революциясын түсінбегенін және революцияны қалай әзірлеу керектігін де мүлде түсінбейтінін ғана дәлелдейді.

Кіммен сөйлесетінімізді және кімге толық сене алатынымызды білу үшін нағыз коммунистік партияны құру біздің алғашқы қадамымыз еді. I және II конгрестердің ұраны: «Центристер жойылсын!» деген ұран болды. Егер біз Россияда өзіміз меньшевиктер деп атаған центристер мен жартылай центристерді барлық бағытта және бүкіл дүние жүзінде құртпайтын болсақ, онда біз коммунизмнің тіпті әліппесін де түсінбегеніміз. Шын революциялық партияны құру және меньшевиктерден ажырасу біздің бірінші міндетіміз болып табылады. Бірақ бұл тек даярлық мектеп қана. Біз міне III конгресті де шақырып отырмыз, ал Террачини жолдас бұрынғысынша: даярлық мектептің міндеті — центристерді және жартылай центристерді қуу, қудалау және әшкерелеу деумен келеді. Көптен-көп рақмет! Біз мұнымен жеткілікті-ақ шұғылдандық. Біз II конгрестің өзінде-ақ центристер біздің жауларымыз екенін айттық. Енді ілгері басу керек емес пе. Екінші саты партияға ұйымдасып алған соң, революцияны әзірлеуді үйренуде болмақ. Көп елдерде біздер тіпті басшылық етуге қалай жетілуді де үйрене алғанымыз жоқ. Россияда біздің жеңген себебіміз — жұмысшы табының даусыз көпшілігі біздің жағымызда болғанында (1917 жылғы сайлау кезінде жұмысшылардың басым көпшілігі бізбен бірге болып, меньшевиктерге қарсы шықты) ғана емес, же-

нуіміздің тағы бір себебі — біз өкіметті жеңіп алғаннан кейін іле-шала армияның жартысының және бірнеше аптаның ішінде шаруалар бұқарасының $^9/_{10}$ бөлігінің біздің жағымызға шыққандығында болды; біздің жеңген себебіміз — біз өзіміздің аграрлық программамызды емес, эсерлердің аграрлық программасын қабылдадық та, оны нақты жүзеге асырдық. Біздің жеңісіміздің өзі біздің эсерлер программасын жүзеге асырғандығымызда болды; сондықтан да бұл жеңіске осынша оңай жеттік. Сіздерде, Батыста, мұндай кереметтің болуы мүмкін бе? Кісі күлерлік! Террачини жолдас және түзетулер туралы ұсынысқа қол қойған сіздердің бәріңіз, нақты экономикалық жағдайларды салыстырып көрсеңіздерші! Көпшіліктің біздің жағымызға тым тез шыққанына қарамастан, жеңістен кейін бізге кездескен қиыншылықтар ұшан-теңіз болды. Біз дегенмен жеңіп шыға алдық, өйткені өзіміздің мақсаттарымызды ғана емес, сонымен қатар өзіміздің принциптерімізді де ұмытпадық және принциптер туралы жұмған аузын ашпай, мақсаттар, «серпінді тенденциялар» және «енжарлықтан белсенділікке көшу» туралы сөз қылған адамдардың партиямызда болуына төзбедік. Мүмкін, бұлар ондай мырзаларды түрмеде ұстағанды артық көреді деп біздерді кейбіреулер айыптайтын да болар. Бірақ мұнсыз диктатураның болуы мүмкін емес. Біз диктатураны әзірлеп қоюға тиіспіз, ал бұл әзірлік—ондай жел сөздер мен ондай түзетулерге қарсы күресу деген сөз. (Күлкі.) Біздің тезистеріміздің қай жерін алсаңыз да бұқара туралы айтылады. Бірақ, жолдастар, бұқара дегеннің не екенін түсіну керек қой. Герман коммунистік жұмысшы партиясы, солшыл жолдастар, бұл сөзге тым көп қиянат қылады. Бірақ Террачини жолдас та, әлгі түзетулерге қол қойғандардың бәрі де «бұқара» деген сөзді не деп түсіну керектігін білмейді.

Мен онсыз да тым ұзақ сөйлеп кеттім ғой деймін; сондықтан мен «бұқара» деген ұғым туралы бірер сөз ғана айтқым келеді. «Бұқара» ұғымы күрес сипатының өзгеруіне сәйкес өзгергіш келеді. Күрестің бас кезінде бұқара туралы сөз қылу үшін бірнеше мың нағыз революцияшыл жұмысшының өзі жеткілікті болды. Егер

партия тек өз мүшелерін ғана күреске тартып қоймай, егер ол партияда жоқтарды да серпілдіре алса, онда мұның өзі бұқараны өз жағына тартудың бастамасы болып табылады. Біздің революциялар кезінде бірнеше мың жұмысшының өзі бұқара деп саналған реттер болды. Қозғалыстың бұқаралық сипатын айқын көрсету үшін бір қалада бірнеше мың жұмысшының өзі жеткілікті болған кездер болды, мұндай мысалдарды біздің қозғалысымыздың тарихынан, біздің меньшевиктерге қарсы күресіміздің тарихынан сіздер көп табасыздар. Әдетте тоғышарлық тұрмыс кешіп, өлмешінің күнін көрген, саясат туралы еш уақытта еш нәрсе есітпеген бірнеше мың партияда жоқ жұмысшылар революциялық қимыл жасай бастаса, онда бұларды бұқара деп біліңіздер. Егер қозғалыс кең жайылып, күшейе берсе, ол бірте-бірте нағыз революцияға ұласады. Біз мұны 1905 және 1917 жылдарда, үш революция тұсында көрдік және сіздердің де бұған әлі көздеріңіз жететін болады. Революция жеткілікті әзірленген кезде «бұқара» деген ұғымның мәні басқаша бола бастайды: бірнеше мың жұмысшы енді бұқара бола алмайды. Бұл сөз енді басқа бірдеңені көрсете бастайды. Бұқара ұғымы мына мағынада өзгереді: бұқара деп көпшілікті айтады, онда да жұмысшылардың жай көпшілігін емес, барлық қаналғандар көпшілігін айтады; революционер үшін басқаша ұғым болмасқа тиіс, бұл сөздің қандай да болсын басқа мағынасы түсініксіз болмақ. Мүмкін, кішкене партия да, мәселен, ағылшын немесе американ партиясы, саяси дамудың барысын жақсы зерттеп, партияда жоқ бұқараның тұрмысымен және әдетімен танысқаннан кейін, қолайлы кезеңде революциялық қозғалыс туғызуы ықтимал (Радек жолдас кенші жұмысшылардың ереуілін жақсы мысал ретінде көрсетті[24]). Егер осындай бір партия осындай бір кезеңде өзінің ұрандарын көтеріп, миллиондаған жұмысшыларды соңынан ерте алса, онда бұл бұқаралық қозғалыс болады. Өте кішкене партияның да революцияны бастап, жеңіспен аяқтауы мүмкін екенін мен сөзсіз теріске шығарып отырғаным жоқ. Бірақ бұқараны өз жағына қандай әдістермен тартуды білу керек. Бұл үшін революцияны

мұқият әзірлеу қажет. Алайда кейбір жолдастар енді келіп: «көп» бұқара болуын талап етуден дереу бас тарту керек деп мәлімдейді. Мұндай жолдастарға қарсы күрес жариялау керек. Мұқият даярлықсыз сіздер бірде-бір елде жеңіске жете алмайсыздар. Бұқараны соңынан ерту үшін тіпті кішкене партия да жеткілікті. Белгілі бір кезеңдерде үлкен ұйымдардың қажеті жоқ.

Бірақ жеңу үшін бұқараның тілектестігіне ие болу керек. Толық көпшілік әрдайым қажет бола бермейді; бірақ жеңу үшін, өкіметті ұстап тұру үшін жұмысшы табының көпшілігі ғана емес,— мен бұл арада «жұмысшы табы» деген терминді батыс европалық мағынада, яғни өнеркәсіп пролетариаты мағынасында қолданып отырмын,— село халқының қаналғандары мен еңбекшілерінің көпшілігі де болу керек. Сіздер мұны ойластырдыңыздар ма? Біз Террачинидің сөзінен осындай пікірдің тым болмаса ишарасын табамыз ба? Онда тек «серпінді тенденция» туралы, «енжарлықтан белсенділікке көшу» туралы ғана айтылады. Ол азық-түлік мәселесі жөнінде, ең болмағанда, бір сөз айтты ма? Ал оның бер жағында жұмысшылар, біздің белгілі бір дәрежеде Россияда көргеніміздей, көп қиыншылықтарға төзе алатын және аштыққа шыдай алатын болса да, тамақ талап етеді. Сондықтан біз жұмысшы табының көпшілігін ғана емес, сонымен қатар еңбекші және қаналған село халқының көпшілігін де өз жағымызға тартуға тиістіміз. Ал сіздер бұған даярлық жасадыңыздар ма? Еш жерде дерлік даярлық жасалған жоқ.

Сонымен, мен қайталап айтамын: мен өзіміздің тезистерімізді сөзсіз қорғауға тиістімін және оны қорғауды өзімнің міндетім деп білемін. Біз центристерді айыптап қана қоймай, оларды партиядан қуып шықтық. Енді біз істің екінші жағына қарсы шығуға тиістіміз, біз бұл жақты да қауіпті деп есептейміз. Біз жолдастарға шындықты ең сыпайы түрде айтуға (біздің тезистерімізде де бұл әдептілікпен және кішіпейілдікпен айтылған), ешкім өзін қорлады деп сезбейтіндей етіп айтуға тиіспіз: біздің алдымызда қазір басқа, центристерді қудалаудан гөрі неғұрлым маңызды мәселелер тұр. Ол мәселе бізге жетерліктей болды. Ол біраз мезі қыл-

ды. Мұның орнына жолдастар нағыз революциялық күрес жүргізуді үйренуге тиісті еді. Герман жұмысшылары бұған қазірдің өзінде кірісті. Бұл елде жүздеген мың пролетарлар қаһармандықпен шайқасты. Ондай күреске қарсы шығушылардың қай-қайсысын болса да дереу аластау керек. Бірақ мұнан кейін бос даурықпамен әуреленбей, дереу үйрене бастау керек, жіберілген қателерді ескеріп, күресті қалай жақсы ұйымдастыруды үйрену керек. Біз өз қателерімізді жау алдында жасыруға тиісті емеспіз. Кімде-кім мұнан қорықса, ол революционер емес. Қайта, біз жұмысшыларға: «Иә, біз қателер жібердік» деп ашып айтатын болсақ, онда бұл—ондай қателер келешекте қайталанбайтын болады, біз кезеңді жақсы белгілей білетін боламыз деген сөз. Егер нақ күрес кезінде еңбекшілердің көпшілігі,— жұмысшылардың көпшілігі ғана емес, сонымен қатар барлық қаналғандар мен езілгендердің көпшілігі де,— біздің жағымызда болып шықса, онда біз шынында да жеңіп шығамыз. (Ұзақ ду қол шапалақтау.)

Газет есебі 1921 ж. 5 июльде «Правда» газетінің 144-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 144-номерінде басылған

1921 ж. 8 июльде «Бюллетень Третьего конгресса Коммунистического Интернационала» 11-номерінде толық басылған

Мына кітаптың тексті бойынша басылып отыр: «Коммунистік Интернационалдың Бүкіл дүние жүзілік үшінші конгресі. Стенографиялық есеп». Петроград, 1922

5

5 ИЮЛЬДЕ РКП ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Жолдастар! Шынын айтқанда, бұл баяндамаға ойдағыдай даярлануға менің мүмкіндігім болмады. Менің азық-түлік салығы туралы кітапшамның* аудармасы және Россия коммунистік партиясының тактикасы туралы тезистер**— міне, менің жүйелі даярлай алғанымның бәрі осы ғана. Бұл материалға мен тек бірнеше түсініктер мен ескертпелер қосқым келеді.

Біздің партияның тактикасын негіздеу үшін, менің шамалауымша, *халықаралық жағдайды* баяндаудан бастау керек. Біз капитализмнің халықаралық көлемдегі экономикалық жағдайын толық талқыладық және конгресс бұл жайында белгілі бір қарарлар да қабылдады[25]. Мен өз тезистерімде бұл мәселеге өте қысқаша және тек саяси тұрғыдан ғана тоқтап өттім. Мен экономикалық негізді сөз қылмаймын, бірақ мен біздің республикамыздың халықаралық жағдайында мына фактімен саяси жағынан есептесуге тура келеді деп ойлаймын: қолдарына қару алып, белгілі бір жетекші таптың үстемдігі үшін өзара ашық күрес жүргізген күштердің белгілі бір тепе-теңдігі,— бір жағынан, буржуазиялық қоғам, тұтасынан алғанда халықаралық буржуазия, екінші жағынан, Советтік Россия арасында тепе-теңдік туғаны қазір даусыз. Бірақ, әрине, шектеулі мағынада алғанда ғана тепе-теңдік туып отыр. Мен тек осы соғыс

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 43-том, 227—274-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 3—12-беттер. *Ред.*

күресі жөнінде ғана халықаралық жағдайда белгілі бір тепе-теңдік туды деймін. Әңгіме біршама тепе-теңдік туралы, өте тұрақсыз тепе-теңдік туралы ғана болып отырғанын, әрине, атап көрсету қажет. Капиталистік мемлекеттерде, дәл сондай-ақ бұған дейін тарихтың субъектілері емес, объектілері ғана деп танылып келген елдерде,— яғни отар және жартылай отар елдерде жанғыш материал көп жиналды; сондықтан бұл елдерде, ерте ме, кеш пе, мүлде күтпеген жерден көтерілістер шығуы, ұлы шайқастар мен революциялар басталуы әбден ықтимал. Соңғы жылдарда біз халықаралық буржуазияның тұңғыш пролетарлық республикаға қарсы тікелей күрес жүргізгенін көрдік. Бұл күрес бүкіл дүние жүзілік саяси жағдайдың түйінді жері болды, сөйтіп енді нақ осы жерде өзгеріс туып отыр. Халықаралық буржуазияның біздің республикамызды тұншықтыру әрекеті іске аспағандықтан келіп тепе-теңдік, әлбетте, өте тұрақсыз тепе-теңдік туды.

Халықаралық буржуазия қазір біздің республикамыздан анағұрлым күшті екенін және әр түрлі жағдайлардың ерекше ұштасып келуі ғана оның бізге қарсы соғысты онан әрі жүргізуіне бөгет болып отырғанын біз, әрине, өте жақсы түсінеміз. Осы соңғы апталардың ішінде біз Қиыр Шығыста шапқыншылықты қайта бастау әрекеті жасалғанын тағы да байқап қалдық[26], ал мұндай әрекеттердің бұдан былай да жасалатындығына ешбір күмәндануға болмайды. Бұл жөнінде біздің партия ішінде ешқандай күмән жоқ. Біздер үшін мынаны анықтап алудың маңызы бар: тұрақсыз тепе-теңдік туып отыр, олай болса, қазіргі жағдайға тән белгілерді ескере отырып, өз тактикамызды осы жағдайдың ерекшеліктеріне бейімдеп және қарулы күрес жүргізу қажеттігі кенет қайтадан туу мүмкін екенін бір минут те ұмытпай, біз осы тыныс алуды пайдалануға тиістіміз. Қызыл Армияны ұйымдастыру, оны күшейту бұрынғысынша біздің міндетіміз болып қала береді. Азық-түлік мәселесі жөнінде де біз бұрынғысынша және ең алдымен біздің Қызыл Армия туралы ойлауға тиістіміз. Қазіргі халықаралық жағдайда, өзіміз әлі де болса халықаралық буржуазияның жаңа шабуылдарын және

жаңа шапқыншылық әрекеттерін күтуге тиісті болып отырғанымызда, біз бұдан басқа жолға түсе алмаймыз. Ал біздің практикалық саясатымызды алатын болсақ, халықаралық жағдайда біраз тепе-теңдік тууы фактісінің белгілі бір маңызы бар, бірақ тек мына мағынада ғана маңызы бар: біз революциялық қозғалыстың, рас, ілгері басқанын, бірақ халықаралық революцияның дамуы биылғы жылы біздің күткеніміздей тура жүрмегенін мойындауға тиістіміз.

Кезінде, біз халықаралық революцияны бастағанда, мұны оның дамуын күн ілгері біле алатынымызға сенгендіктен істеген жоқпыз, қайта бірсыпыра жағдайлар бізді бұл революцияны бастауға ұмтылдырғандықтан істедік. Біз: не халықаралық революция бізге көмекке келеді, онда біздің жеңістеріміздің толық қамтамасыз етілгені, не біз өзіміздің аздаған революциялық жұмысымызды істегенде жеңілген күнде де біз дегенмен революция ісіне қызмет ететінімізді, ал біздің тәжірибеміз басқа революцияларға пайда келтіретінін түсінгендіктен істейміз деп ойладық. Халықаралық дүние жүзілік революция қолдамайынша пролетарлық революцияның жеңуі мүмкін еместігі бізге айқын болды. Революцияға дейін де, сондай-ақ онан кейін де біз: не қазір, немесе, ең болмағанда, өте тез арада басқа елдерде, капиталистік тұрғыдан неғұрлым дамыған елдерде революция жасалады, не, әйтпеген күнде, біз құруға тиісті боламыз деп ойладық. Осылай деп түсінсек те, біз советтік системаны қандай жағдайда болсын және қалайда сақтап қалу үшін қолдан келгеннің бәрін істедік, өйткені біз өзіміз үшін ғана емес, халықаралық революция үшін де жұмыс істейтінімізді білдік. Біз мұны білдік, біз бұл сенімді Октябрь революциясына дейін, сол сияқты онан кейін іле-шала және Брест-Литовск бітімін жасасу кезінде де талай рет білдірдік. Жалпы айтқанда, мұның өзі дұрыс та болды.

Бірақ шынында қозғалыс, біздің күткеніміздей, тура жүрмеді. Басқа ірі, капиталистік тұрғыдан неғұрлым дамыған елдерде революция әлі күнге дейін болған жоқ. Рас, революция бүкіл дүние жүзінде дамып келеді — біз мұны қанағаттанғандықпен айта аламыз,—

міне осы жағдайдың арқасында ғана халықаралық буржуазия, экономикасы мен әскері жөнінен бізден жүз есе күшті бола тұрса да, бізді тұншықтыра алмай отыр. (Қол шапалақтау.)

Мен тезистердің 2-параграфында мұндай жағдайдың қалайша туғанына және біз одан қандай қорытындылар шығаруға тиісті екенімізге тоқталдым. Оған тағы қосып айтайын, менің одан шығаратын түпкілікті қорытындым мынадай: біз болжап айтқан халықаралық революцияның дамуы алға басуда. Бірақ бұл үдемелі қозғалыс, біздің күткеніміздей, тура болмады. Революцияның белгілері, өзіміздің білетініміздей, өте зор және тым көп,— біздің ойлағанымыздан тіпті анағұрлым зор және көбірек бола тұрса да,— басқа капиталистік елдерде, жаман да болса бітім жасасқаннан кейін, революция туғыза алмағанымыз алғаш көз жібергенде-ақ айқын болды. Соңғы жылдар мен айлар ішінде революцияның бұл белгілері Европада біздің шамалағанымыздан анағұрлым елеулі болғанын бізге баяндап беретін кітапшалар қазір шыға бастады. Біз енді не істеуге тиістіміз? Қазір революцияны тыңғылықты әзірлеу қажет және алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде оның нақты дамуын терең зерттеу керек. Мұның өзі біздің халықаралық жағдайдан алатын бірінші сабағымыз. Біздің Россия республикасы үшін біз бұл қысқа тыныс алуды өз тактикамызды тарихтың осы бұралаң жолына бейімдеу үшін пайдалануға тиістіміз. Саяси жағынан алғанда бұл тепе-теңдіктің маңызы өте зор, өйткені біз жұмысшы табының қалың бұқарасы, бәлкім, тіпті халықтың басым көпшілігі ұйымдасқан нақ сол көптеген батыс европалық елдерде жұмысшы табының II және II½ Интернационалдарға қосылған, бізге дұшпан ұйымдары буржуазияның басты тірегі екенін көріп отырмыз. Мен бұл туралы тезистердің 2-параграфында айттым, ал бұл арада біздің тактика туралы мәселе бойынша жарыс сөздерімізде баяндалған екі пунктке ғана тоқталуым керек қой деп ойлаймын. Біріншіден: пролетариаттың көпшілігін өз жағымызға қаратып алу. Капиталистік тұрғыдан дамыған елде пролетариат неғұрлым ұйымдасқан болса, тарих бізден революцияны

әзірлеу ісінде соғұрлым тыңғылықты болуды талап етеді және жұмысшы табының көпшілігін біз соғұрлым аса тыңғылықтылықпен өз жағымызға қаратып алуға тиістіміз. Екіншіден: өнеркәсіп жағынан дамыған капиталистік елдерде капитализмнің басты тірегі—жұмысшы табының нақ сол II және II½ Интернационалдарға ұйымдасқан бөлегі. Егер жұмысшылардың осы бөлегіне, жұмысшы табы ішіндегі осы контрреволюцияшыл элементтерге сүйенбеген болса, халықаралық буржуазия мүлде жан сақтап тұра алмаған болар еді. (Қол шапалақтау.)

Мен осы арада сонымен бірге *отарлардағы қозғалыстың* маңызын да атап көрсеткім келеді. Бұл жөнінде біз ескі партиялардың бәрінде, II және II½ Интернационалдардың буржуазиялық, ұсақ буржуазиялық жұмысшы партияларының бәрінде ескі сентиментальдық көзқарастардың қалдықтарын: олардың отарлар мен жартылай отарлардағы езілген халықтарға шын тілектеспіз дегенін көріп отырмыз. Отар елдердегі қозғалыс әлі де болса болмашы ұлттық және мүлде бейбіт қозғалыс деп танылады. Бірақ бұл олай емес. XX ғасырдың басынан бері бұл жөнінде зор өзгерістер болды, атап айтқанда: миллиондаған және жүз миллиондаған адамдар,— іс жүзінде жер жүзіндегі халықтың орасан зор көпшілігі,— қазір дербес белсенді революциялық факторлар ретінде көрініп отыр. Сондықтан, дүние жүзілік революцияның алдағы шешуші шайқастарында жер жүзі халқы көпшілігінің қозғалысы, бастапқыда ұлт азаттығына бағытталған қозғалыс, капитализмге және империализмге қарсы бағытталатыны және, мүмкін, біздің күткенімізден анағұрлым зор революциялық роль атқаратыны әбден айқын. Біз, өз Интернационалымызда алғаш рет бұл күресті әзірлеуге кірісқенімізді атап көрсетудің маңызы бар. Әрине, бұл орасан зор салада қиыншылықтар анағұрлым көп, бірақ, қалай болғанда да, қозғалыс алға басып келеді және отар елдердің еңбекшілер бұқарасы, шаруалары өздерінің қазіргі кезде әлі артта қалғандығына қарамастан, дүние жүзілік революцияның келесі фазистерінде аса зор революциялық роль атқарады. (Қызу мақұлдау.)

Біздің республикамыздың ішкі саяси жағдайына келетін болсақ, мен мұны таптық қатынастарды дәлме-дәл қарастырудан бастауға тиістімін. Соңғы айларда мұнда өзгеріс болды, өйткені біз қанаушы таптың бізге қарсы бағытталған жаңа ұйымдарының құрылғанын байқап отырмыз. Социализмнің міндеті — таптарды жою. Қанаушылар табының алдыңғы қатарында ірі жер иелері мен өнеркәсіпші-капиталистер тұр. Мұнда қирату жұмысы едәуір жеңіл, сондықтан оны бірнеше айда, ал кейде тіпті бірнеше аптада немесе бірнеше күнде аяқтауға болады. Біз Россияда біздегі қанаушыларды, капиталистерді, сол сияқты ірі жер иелерін де экспроприацияладық. Соғыс кезінде олардың өз ұйымы болмады, сондықтан олар халықаралық буржуазияның әскери күштерінің құйыршықтары ретінде ғана әрекет істеді. Енді, біз халықаралық контрреволюцияның шабуылын тойтарғаннан кейін, орыс буржуазиясының және орыстың барлық контрреволюциялық партияларының шетелдік ұйымы құрылды. Барлық шетелдерде бытырап жүрген орыс эмигранттарының саны бір жарым немесе екі миллион болып қалар. Олар әрбір елде дерлік күнделікті газеттер шығарады, социалист-революционерлер мен меньшевиктерді қоса алғанда барлық помещиктік және ұсақ буржуазиялық партиялардың шетелдік буржуазиялық элементтермен толып жатқан байланыстары бар, яғни олар өздерінің баспасөзін шығаруға жеткілікті ақша алып тұрады; біз шетелдерде өзіміздегі бұрынғы саяси партиялардың бәрі бірлесіп жұмыс істеп жатқанын аңғарып отырмыз және социалист-революционерлер мен меньшевиктерден бастап барып тұрған реакцияшыл монархистерге дейінгі шетелдердегі «ерікті» орыс баспасөзі ірі жер иелігін қорғайтынын көріп отырмыз. Мұның өзі, белгілі бір дәрежеде, біздің міндетімізді жеңілдетеді, өйткені біз жаудың күшін, оның қандайлық ұйымдасқанын және оның лагеріндегі саяси ағымдарды оңайырақ көріп отыра аламыз. Екінші жағынан, бұл, әрине, біздің жұмысымызды қиындатады, өйткені орыстың осы контрреволюцияшыл эмигранттары бізге қарсы күресті әзірлеу үшін барлық құралдарды пайдаланады. Бұл күрес, жалпы және тұтас

алғанда, үстем таптардың таптық түйсігі мен таптық санасы езілген таптардың сана-сезімінен әлі де жоғары екенін, орыс революциясының бұл жөнінде бұрынғы революциялардың бәрінен көп іс тындырғанына қарамастан, жоғары екенін тағы да дәлелдейді. Россияда халқы, езілген жұрты дүр сілкінбеген бірде-бір деревня жоқ. Бұған қарамастан, егер біз шетелдерде тұратын орыс контрреволюцияшыл эмиграциясының ұйымшылдығына және көзқарастарының саяси айқындығына сабырлылықпен баға берсек, буржуазияның таптық санасы қаналғандар мен езілгендердің таптық санасынан әлі де жоғары екендігіне көзіміз жетеді. Эмиграциядағы адамдар Советтік Россияға белгілі бір формада шабуыл жасап, оны бөлшектеу үшін әр түрлі әрекеттер істеп бағады, әрбір ыңғайлы келген ретті шебер пайдаланады. Бұл орыс контрреволюциясының ең елеулі мақсаттарын, ең елеулі тактикалық тәсілдерін, ең елеулі ағымдарын үнемі қадағалап отыру,— ал мен шетелдік жолдастар мұны істер деп ойлаймын,— өте-мөте сабақ аларлық болар еді. Бұл контрреволюция, көбінесе, шетелдерде әрекет жасайды, сондықтан шетелдегі жолдастардың бұл қозғалысты қадағалап отыруы онша қиын емес. Кейбір реттерде біз осы жаудан үйренуге тиістіміз. Бұл контрреволюцияшыл эмигранттар аса хабардар болып отырады, тамаша ұйымдасқан, жақсы стратегтер, сондықтан олардың қалай ұйымдасатынын, белгілі бір реттерді қалай пайдаланатынын үнемі салыстырып, үнемі зерттеп отыру насихат тұрғысынан алғанда жұмысшы табына күшті әсер ете алады деп ойлаймын. Бұл жалпы теория емес, бұл — практикалық саясат, мұнда жаудың нені үйренгені көрініп тұрады. Орыс буржуазиясы соңғы жылдарда сұмдық жеңіліске ұшырады. Соққы көрген армия жақсы үйренеді[27] дейтін ескі қанатты сөз бар. Соққы көрген реакциялық армия көп нәрсені үйренген, жақсы үйренген. Ол ғажап құштарлықпен үйренуде және ол шынында да үлкен табыстарға жеткен. Біз бір ғана тегеурін жасаумен өкіметті қолға алған кезде орыс буржуазиясы ұйымдаспаған, саяси жетілмеген еді. Қазір ол, менің ойымша, осы заманғы батыс европалық даму дәрежесіне көтерілген. Біз

мұнымен есептесуге тиістіміз, өз ұйымдарымыз бен әдістерімізді жақсартуға тиістіміз, біз бұған барлық күшімізді салып ұмтыламыз да. Бұл екі қанаушы тапты жеңу бізге біршама оңай болды және басқа революциялар үшін де сондай оңай болар деп ойлаймын.

Бірақ бұл қанаушылар табынан басқа, капиталистік елдердің бәрінде дерлік,— мүмкін, Англияда ғана жоқ болар,— ұсақ өндірушілер мен ұсақ егіншілер табы бар. Революцияның басты мәселесі енді осы ақырғы екі тапқа қарсы күресуде болып отыр. Олардан құтылу үшін ірі жер иелері мен капиталистерге қарсы күрестегіден басқа әдістерді қолдану қажет. Бұл аталған таптардың екеуін де біз тіке экспроприациялап, қуып жібере алатын едік,— біз солай істедік те. Бірақ барлық елдерде бар ақырғы капиталистік таптарға, ұсақ өндірушілер мен ұсақ буржуаға, біз мұндай әдісті қолдана алмаймыз. Капиталистік елдердің көбінде бұл таптар азшылық болса да өте күшті, шамамен айтқанда, халықтың 30 процентінен 45 процентіне дейін. Егер біз оларға жұмысшы табының ұсақ буржуазиялық элементін қоссақ, онда олар тіпті 50 проценттен де асып түседі. Оларды экспроприациялауға немесе қуып жіберуге болмайды,— мұнда күрес басқаша жүргізілуге тиіс. Қазір Россияда басталып отырған дәуірдің маңызы халықаралық тұрғыдан қарағанда,— егер халықаралық революцияны біртұтас процесс деп қарастыратын болсақ,— шын мәнінде мынада: біз пролетариаттың Россиядағы ақырғы капиталистік тапқа көзқарасы туралы мәселені практика жағынан шешуге тиістіміз. Теория жағынан бұл мәселені барлық марксистер жақсы және оңай шешті; бірақ теория мен практиканың екеуі екі түрлі нәрсе, сондықтан бұл мәселені практика жағынан немесе теория жағынан шешу деген тіпті де бірдей емес. Біз өзіміздің зор қателер жібергенімізді анық білеміз. Біздің мемлекеттік өкіметті өз қолында ұстап отырған пролетариаттың ақырғы капиталистік тапқа, капитализмнің ең терең негізіне, ұсақ меншікке, ұсақ өндірушіге көзқарасын анықтауға ұмтылуымыз халықаралық тұрғыдан орасан зор прогресс болып табылады. Бұл мәселе қазір біздің алдымызға практика жағынан қойылып отыр. Біз

бұл міндетті шеше аламыз деп ойлаймын. Қайткен күнде де, біз жасап отырған тәжірибе келешектегі пролетарлық революциялар үшін пайдалы болады, сөйтіп олар бұл мәселені шешуге техникалық жағынан жақсырақ даярлана алады.

Мен өз тезистерімде *пролетариаттың шаруаларға көзқарасы туралы мәселеге* талдау жасауға тырыстым. Тек қана осы екі тап — пролетариат пен шаруалар ғана бар мемлекет тарихта бірінші рет өмір сүріп отыр. Шаруалар халықтың орасан басым көпшілігі болып табылады. Олар, әрине, оте артта қалған. Өкіметті өз қолында ұстап отырған пролетариаттың шаруаларға көзқарасы революцияның дамуында іс жүзінде қалай көрінеді? Бірінші формасы — одақ, тығыз одақ жасау. Бұл — өте қиын міндет, бірақ, қайткенде де, экономикалық және саяси жағынан мүмкіндігі бар міндет.

Біз бұл мәселеге практика тұрғысынан қалай кірістік? Біз шаруалармен одақ жасастық. Біз бұл одақты былайша түсінеміз: пролетариат шаруаларды буржуазияның қанауынан, оның басшылығынан және ықпалынан құтқарады, сөйтіп қанаушыларды бірлесіп жеңу үшін шаруаларды өз жағына тартады.

Меньшевиктер былай деп пайымдайды: шаруалар — көпшілік, біздер — таза демократтармыз, сондықтан көпшілік шешуге тиіс. Бірақ шаруалар дербес бола алмайтындықтан, практикада мұның өзі капитализмді қайта орнатқандық болады, одан басқа түк те емес. Ұран бәз-баяғы: шаруалармен одақ жасасу. Бұл туралы сөз қылғанда, біз оны пролетариатты күшейту және нығайту деп түсінеміз. Біз пролетариат пен шаруалар арасындағы бұл одақты жүзеге асыруға тырыстық, мұндағы бірінші кезең соғыс одағы болды. Үш жылға созылған азамат соғысы орасан зор қиыншылықтар туғызды, бірақ ол, белгілі бір жағынан, біздің міндетімізді де жеңілдетті. Мұның таңқаларлықтай болып естілуі мүмкін, бірақ бұл солай. Соғыс шаруалар үшін пәлендей жаңалық болған жоқ; қанаушыларға қарсы, ірі жер иелеріне қарсы соғыс оларға әбден түсінікті еді. Шаруалардың орасан зор бұқарасы біздің жағымызда болды. Орасан шалғайлыққа қарамастан, біздің шаруалардың көпшілі-

гі оқи да, жаза да білмейтіндігіне қарамастан, олар біздің насихатымызды өте оңай түсінді. Мұның өзі қалың бұқараның — неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердегі сияқты — кітаптан үйренуден гөрі, өздерінің практикалық тәжірибесінен анағұрлым оңай үйренетінін дәлелдейді. Ал бізде Россияның ерекше кең-байтақ болуы және оның әр түрлі бөлектері бір уақыттың ішінде дамудың әр түрлі сатыларынан өте алатындығы да шаруалар үшін практикалық тәжірибені жеңілдетті.

Сибирь мен Украинада контрреволюция уақытша жеңе алды, оның себебі—буржуазия онда шаруаларды өзіне ертті, өйткені шаруалар бізге қарсы болды. Шаруалар көп ретте былай деді: «Біз большевиктерміз, бірақ коммунистер емеспіз. Біз большевиктерді жақтаймыз, өйткені олар помещиктерді қуып жіберді, бірақ біз коммунистерді жақтамаймыз, өйткені олар жеке шаруашылыққа қарсы». Сондықтан контрреволюция Сибирь мен Украинада біраз уақытқа жеңе алды, себебі—буржуазия шаруалар арасындағы ықпал үшін күресте табысқа жетті; бірақ шаруалардың көзін ашу үшін өте қысқа кезеңнің өзі жеткілікті болды. Олар аз уақыттың ішінде практикалық тәжірибе алып, көп ұзамай былай деді: «Иә, большевиктер ұнамсыз-ақ адамдар; біз оларды ұнатпаймыз, бірақ дегенмен олар ақ гвардияшылар мен Құрылтай жиналысынан гөрі жақсы». Құрылтай—оларда жаман сөз. Жетілген коммунистер үшін ғана емес, шаруалар үшін де сондай. Құрылтай жиналысы мен ақ гвардияның екеуі бір нәрсе екенін, біріншісінің ізінше екіншісі келмей қоймайтынын олар практикалық өмірден біледі. Меньшевиктер де шаруалармен соғыс одағының жасалу фактісін пайдаланады, бірақ бұл одақтың бір өзі жеткіліксіз екенін ойламайды. Соғыс одағы экономикалық одақсыз өмір сүре алмайды. Біз жалғыз ауамен тіршілік етпейміз ғой; біздің шаруалармен одағымыз экономикалық тірексіз ешбір жағдайда да ұзақ уақыт өмір сүре алмаған болар еді, ал экономикалық тірек оз буржуазиямызға қарсы соғыстағы біздің жеңісіміздің негізі болды: өйткені біздің буржуазия бүкіл халықаралық буржуазиямен бірікті.

Біздер мен шаруалар арасындағы бұл экономикалық одақтың негізі, әрине, өте қарапайым, тіпті дөрекі болды. Шаруа бізден бүкіл жерді алды және ірі жер иелігіне қарсы күресте көмек алды. Біз мұның есесіне азық-түлік алуға тиісті болдық. Бұл одақ мүлде жаңа бір нәрсе болып, товар өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы дағдылы қарым-қатынастан басқа нәрсеге негізделді. Біздің шаруалар мұны II және II 1/2 Интернационалдардың сабаздарынан анағұрлым жақсы түсінді. Олар өздеріне өздері: «Бұл большевиктер — ызғарлы көсемдер, бірақ дегенмен олар — өз адамдарымыз»,— деді. Қалай болғанда да, біз осылайша жаңа экономикалық одақтың негіздерін жасадық. Шаруалар Қызыл Армияға өздерінің азық-түлігін беріп, өздерінің жерлерін қорғағанда одан көмек алды. II Интернационалдың сабаздары мұны үнемі ұмыта береді; Отто Бауэр сияқты, олар қазіргі жағдайды мүлде түсінбейді. Одақтың бастапқы формасы өте қарадүрсін болғанын және өзіміздің өте көп қателер жібергенімізді біз мойындаймыз. Бірақ біз мүмкіндігінше тез қимылдауға тиісті болдық, біз қалай да армияны жабдықтауды ұйымдастыруға тиісті болдық. Азамат соғысы кезінде Россияның барлық астықты жерлерінен бізді кесіп тастаған-ды. Біздің халіміз сұмдық ауыр болды, сондықтан да орыс халқы мен жұмысшы табының қажырлылықпен жеңіске ұмтылуынан басқа еш нәрсесі болмай отырып, осыншама азапқа, мұқтаждыққа және жоқшылыққа төтеп бере алуы керемет емес пе. (Қызу мақұлдау және қол шапалақтау.)

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін біздің міндетіміз, қалай десек те, басқаша болды. Егер ел жеті жыл бойғы үздіксіз соғыстан кейін мұндай дәрежеде күйзелмеген болса, онда пролетариат пен шаруалар арасындағы одақтың жаңа формасына мұнан жеңілірек көшуге мүмкіндік болуы ықтимал еді. Ал мұның үстіне егіннің шықпауы, жемшөптің тапшылығы, т. т. елдегі онсыз да ауыр жағдайды қиындата түсті. Соның салдарынан шаруалардың күйзелуі адам төзгісіз болды. Біз революциялық жолдан тіпті де таймай отырып, өзіміздің саясатымызды өзгертуге, өзгерткенде шаруалар өздеріне

өздері: большевиктер біздің адам төзгісіз жағдайымызды дереу және қайткен күнде де жақсартқысы келеді деп айтарлықтай етіп өзгертуге әзір екенімізді шаруалардың қалың бұқарасына дереу көрсетуге тиісті болдық.

Сонымен, *біздің экономикалық саясатымыз да өзгерді:* реквизицияның орнына заттай салық шықты. Бұл бірден ойлап шығарылған жоқ. Большевиктік баспасөзден сіздер, бірнеше айлар бойына, бірсыпыра ұсыныстарды таба аласыздар, бірақ табысқа шын мәнінде жеткізе аларлықтай жоба ойлап шығарылмады. Бірақ бұл түк емес. Маңызды факт мынау: біз өзіміздің экономикалық саясатымызды тек қана нақты жағдайларға және онан туған қажеттілікке бағына отырып өзгерттік. Егіннің шықпауы, жемшөптің тапшылығы, отынның жетіспеуі — мұның бәрі тұтас алғанда шаруашылыққа, оның ішінде шаруалар шаруашылығына да, әлбетте, шешуші түрде әсер етеді. Егер шаруалар ереуіл жасаса, біз ағаш отын алмайтын боламыз. Ал егер біз ағаш отын алмасақ, фабрикалар амалсыздан тұрып қалады. Егіннің көп жерде шықпауы, жемшөптің тапшылығы салдарынан экономикалық дағдарыс, сонымен, 1921 жылдың көктемінде орасан ұлғайды. Мұның бәрі үш жылға созылған азамат соғысының зардабы еді. Шаруаның мұқтаждығын дереу жеңілдету үшін біз өз саясатымызды тез өзгерте алатынымызды және тез өзгерткіміз келетінін шаруаларға көрсету керек болды. Революция құрбандықсыз болмайтынын біз ұдайы айтып келеміз,— бұл туралы II конгресте де айтылды. Өздерінің насихатында: біз революция жасауға әзірміз, бірақ ол тым ауыр болмауға тиіс деп дәлелдейтін жолдастар бар. Егер қателеспесем, бұл қағиданы чехословак партия съезінде[28] сөйлеген сөзінде Шмераль жолдас айтты ғой деймін. Мен мұны Рейхенберг «Vorwärts»-інің есебінен оқыдым. Онда, сірә, сәл солшылдау қанат болса керек. Олай болса, бұл деректі мүлде әділетті деп есептеуге болмайды. Қалай болғанда да, мен мынаны айтуға тиістімін: егер Шмераль осылай деген болса, оның мұнысы дұрыс емес. Сол съезде Шмеральдан кейін сөйлеген кейбір шешендер: «Иә, біз Шмеральмен бірге боламыз, өйткені

біз бұл арқылы азамат соғысынан құтыламыз» депті. (Күлкі.) Егер мұның бәрі рас болса, мен мұндай үгіт коммунистік және революциялық үгіт емес екенін айтуға тиіспін. Әрбір революция оны жасаған тапты орасан зор құрбандықтарға ұшырататыны түсінікті. Революцияның дағдылы күрестен айырмашылығы сол — онда қозғалысқа он есе, жүз есе көп адам қатысады, сондықтан бұл жөнінде әрбір революция жеке адамдарды ғана емес, тұтас тапты да құрбандықтарға ұшыратады. Россиядағы пролетариат диктатурасы үстем тапты—пролетариатты — тарихта болып көрмеген құрбандықтарға, мұқтаждыққа және жоқшылыққа ұшыратты, сондықтан кез келген басқа елде де істің нақ осындай болуы әбден ықтимал.

Біз бұл жоқшылық ауыртпалығын қалай бөліп көтереміз?— деген сұрақ туады. Біз — мемлекеттік өкіметпіз. Біз жоқшылық ауыртпалығын белгілі дәрежеде бөліп котере аламыз, оны бірнеше тапқа бөліп жүктей аламыз, сөйтіп, халықтың жеке топтарының жағдайын біршама жеңілдете аламыз. Біз қандай принцип бойынша іс істеуге тиістіміз? Әділеттілік принципі бойынша ма әлде көпшілік принципі бойынша ма? Жоқ. Біз практикашылдықпен іс істеуге тиістіміз. Біз жоқшылық ауыртпалығын пролетариат өкіметін сақтап қалатындай етіп бөліп жүктеуге тиістіміз. Бұл — біздің бірден-бір принципіміз. Революцияның бас кезінде жұмысшы табы адам айтқысыз мұқтаждыққа амалсыз төзуге тиісті болды. Мен қазір біздің азық-түлік саясатымыз жылдан жылға зор табыстарға жетіп отыр деп айта аламын. Ал жалпы алғанда жағдайдың жақсарғаны күмәнсыз. Бірақ Россияда революциядан жұмысшы табынан гөрі шаруалар сөзсіз көбірек ұтып шықты. Бұған ешқандай күмән болуы мүмкін емес. Теория тұрғысынан қарағанда, мұның өзі, әлбетте, біздің революцияның белгілі дәрежеде буржуазиялық революция болғанын көрсетеді. Каутский бізге қарсы осы дәлелді келтіргенде, біз оған күлген едік. Ірі жер иелігін экспроприацияламай, ірі жер иелерін қумай және жерді бөліске салмай жасалатын революция социалистік революция емес, буржуазиялық революция ғана болатыны түсінікті. Алайда біз

буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізе білген және социалистік революция үшін күресті жеңілдете білген бірден-бір партия болдық. Совет өкіметі мен советтік система — социалистік мемлекеттің институттары. Біз бұл институттарды қазірдің өзінде жүзеге асырдық, бірақ шаруалар мен пролетариат арасында экономикалық қарым-қатынас орнату міндеті әлі шешілген жоқ. Әлі көп жұмыс істеу керек, ал бұл күрестің нәтижесі біздің бұл міндетті шеше алатын-алмайтындығымызға байланысты. Сөйтіп, жоқшылық ауыртпалығын бөліп көтеру іс жүзінде ең қиын міндеттердің бірі болып табылады. Жалпы алғанда, шаруалардың жағдайы жақсарды, ал жұмысшы табының еншісіне ол өзінің диктатурасын жүзеге асырып жатқандықтан да ауыр азап тиді.

Жемшөптің тапшылығы және егіннің шықпауы 1921 жылғы көктемде халқымыздың көпшілігі болып отырған шаруалар арасында сұмдық мұқтаждық туғызғанын мен мұнан бұрын айттым. Шаруалар бұқарасымен жақсы қатынас жасамайынша, біз өмір сүре алмаймыз. Сондықтан біз оларға жедел көмектесуге міндетті болдық. Жұмысшы табының жағдайы өте ауыр. Ол сұмдық азап шегіп отыр. Алайда жұмысшы табы диктатурасының мүдделері үшін біз қанша қиын болса да аянбай күш жұмсап, шаруаларға қайткен күнде де көмектесуге тиісті екенімізді саяси жағынан неғұрлым көзі ашық элементтер түсінеді. Жұмысшы табының авангарды мұны түсінді, бірақ оның ішінде, бұл авангардтың ішінде, мұның байыбына жете алмайтын, тым қажыған, сондықтан мұны ұға алмайтын адамдар әлі де бар. Олар мұны қате деп білді, оппортунизм деген сөзді қолдана бастады. Большевиктер шаруаларға көмектеседі екен десті. Біздерді қанайтын шаруалар тілегенінің бәрін алады, ал жұмысшы ашығып отыр десті. Бірақ бұл оппортунизм бе? Біздің шаруаларға көмектесетін себебіміз — олармен одақ жасамайынша пролетариаттың саяси өкіметінің болуы мүмкін емес, оны сақтап қалу мүмкін емес. Біз үшін әділетті бөліс себеп болған жоқ, нақ осы мақсатқа үйлесімділік шешуші себеп болды. Біз шаруаларға көмектесеміз, өйткені біздің саяси өкіметті

сақтап қалуымыз үшін бұл сөзсіз қажет. Диктатураның ең жоғары принципі — пролетариаттың шаруалармен одағын қолдау, сонда пролетариат басшылық рольді және мемлекеттік өкіметті қолында ұстап қала алады.

Бұл үшін біздің тапқан бірден-бір амалымыз — күрестің сөзсіз нәтижесі болып табылған *заттай салыққа көшу* болды. Келер жылы біз салықты алғаш рет қолданбақпыз. Бұл принцип іс жүзінде әлі қолданылып көрген жоқ. Біз соғыс одағынан экономикалық одаққа көшуге тиістіміз, ал теория жағынан экономикалық одақтың бірден-бір негізі заттай салықты енгізу ғана бола алады. Социалистік қоғамның шын мәнісіндегі елеулі экономикалық базасын жасаудың бірден-бір теориялық мүмкіншілігі осында. Социализацияландырылған фабрика шаруаға өз өнімдерін береді, ал шаруа бұл үшін астық береді. Ұсақ шаруа көпшілік болып отырған немесе, ең кемінде, аса елеулі азшылық болып отырған елде мұның өзі социалистік қоғамның өмір сүруінің бірден-бір мүмкін формасы, социалистік құрылыстың бірден-бір формасы. Шаруа өз өнімінің бір бөлегін салық түрінде береді, ал екінші бөлегін социалистік фабриканың өніміне айырбасқа немесе товар айырбасы арқылы береді.

Осы арада біз ең қиын мәселеге келіп тірелеміз. Заттай салық *саудаға еркіндік* беру болатыны өзінен-өзі түсінікті. Заттай салықты өтегеннен кейін шаруа өз астығының қалғанын ықтиярынша айырбастауға праволы. Бұл айырбас еркіндігі капитализмге ерік бергендік болады. Біз мұны ашып айтамыз және мұны атап көрсетеміз. Біз мұны тіпті де жасырмаймыз. Егер біз мұны жасырмақ болсақ, біздің ісіміз жаман болар еді. Сауда еркіндігі капитализмге ерік бергендікті көрсетеді, сонымен бірге оның жаңа формасын да көрсетеді. Мұның өзі, біз, белгілі бір дәрежеде, капитализмді жаңадан жасаймыз деген сөз. Біз мұны мүлде ашықтан-ашық істейміз. Бұл — мемлекеттік капитализм. Бірақ өкімет капиталдікі болып отырған қоғамдағы мемлекеттік капитализм мен пролетарлық мемлекеттегі мемлекеттік капитализм дегеннің екеуі екі түрлі ұғым. Капиталистік мемлекеттегі мемлекеттік капитализмнің мәнісі — мемлекет оны

таниды және пролетариатқа қарсы, буржуазияның пайдасына бақылап отырады деген сөз. Пролетарлық мемлекетте нақ осының өзі жұмысшы табының пайдасына істеледі, істелгенде әлі де күшті буржуазияға қарсы тойтеп беру және оған қарсы күресу мақсатымен істеледі. Біз жат елдік буржуазияға, шетел капиталына, концессиялар беруге тиісті екеніміз өзінен-өзі түсінікті. Ешқандай денационализациясыз біз рудниктерді, ормандарды, мұнай кен орындарын шетел капиталистеріне береміз, бергенде олардан өнеркәсіп өнімдерін, машиналар, т. т. алу үшін, сөйтіп өзіміздің өнеркәсібімізді қалпына келтіру үшін береміз.

Мемлекеттік капитализм туралы мәселеде біз, әлбетте, бәріміз бірден ризашылық білдіре қоймадық. Бірақ бұл жайында біз шаруаларымыз жетіліп келе жатыр және қазіргі уақытта өзіміз жүргізіп жатқан күрестің тарихи маңызын олар әбден түсініп отыр деп зор қуанышпен айта аламыз. Бізге ең шалғай жатқан жерлерден тіпті қарапайым шаруалар келіп: «Бұл қалай? Орысша сөйлейтін өз капиталистерімізді қуып жібердік, ал енді бізге шетелдік капиталистер келе ме?» — деді. Мұның өзі біздің шаруаларымыздың жетілгендігін көрсетпей ме? Экономикалық білімі бар жұмысшыға бұлай етудің неге қажет екенін түсіндірудің керегі жоқ. Біздің жетіжылдық соғыста күйзелгендігіміз сонша — өз өнеркәсібімізді қалпына келтіру көп жылдарды керек қылады. Біз өзіміздің артта қалғандығымыз үшін, әлсіздігіміз үшін, қазір үйреніп жатқан, енді үйренуге тиісті ісіміз үшін төлем төлеуге тиістіміз. Кімде-кім үйренгісі келсе, ол үйренуі үшін ақы төлеуге тиіс. Біз мұны жұрттың бәріне және әрбір адамға түсіндіруге тиістіміз, ал егер біз мұны практикалық тұрғыда дәлелдеп көрсетсек, онда шаруалар мен жұмысшылардың орасан зор бұқарасы бізді қостайтын болады, өйткені мұндай жол олардың жағдайын тез жақсартады, өйткені бұл біздің өнеркәсібімізді қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бізді мұны істеуге мәжбүр етіп отырған не? Дүниеде тұрушы тек біздер ғана емеспіз. Біз капиталистік мемлекеттер системасында өмір сүріп отырмыз...[29] Бір жағында — отар елдер бар, бірақ олар бізге әлі кө-

мектесе алмайды, ал екінші жағында — капиталистік елдер бар, бірақ олар бізге жау. Сөйтіп, белгілі бір, рас, өте нашар, тепе-теңдік туып отыр. Бірақ біз, дегенмен, бұл фактімен есептесуге тиістіміз. Егер өмір сүргіміз келсе, біз бұл фактіні елемеуге тиісті емеспіз. Не бүкіл буржуазияны тезінен жеңуіміз керек, не алым төлеуіміз керек.

Мемлекеттік капитализм системасындағы концессиялар капитализмге алым төлегендік болатынын біз әбден ашық мойындаймыз, біз мұны жасырмаймыз. Бірақ біз уақыттан ұтамыз, ал уақыттан ұту, әсіресе тепе-теңдік дәуірінде, біздің шетелдік жолдастарымыз өздерінің революциясын тыңғылықты әзірлеп жатқан кезде, бәрін ұту деген сөз. Ал революция неғұрлым тыңғылықты әзірленсе, жеңіс соғұрлым сенімді болады. Ал оған дейін біз алым төлеуге мәжбүр боламыз.

Біздің азық-түлік саясатымыз туралы бірер сөз. Бұл саясаттың әрі тұрпайы, әрі жаман болғаны күмәнсыз. Бірақ біз оның табыстарын да көрсете аламыз. Осыған байланысты мен мынаны тағы да атап көрсетуге тиістімін: социализмнің бірден-бір мүмкін болатын экономикалық негізі — машиналы ірі индустрия. Кімде-кім мұны ұмытса, ол коммунист емес. Біз бұл мәселені нақты талдап зерттеуге тиістіміз. Біз мәселені ескі социализм теоретиктерінің қоятынындай етіп қоя алмаймыз. Біз бұл мәселелерді практикалық тұрғыдан қоюға тиістіміз. Қазіргі заманғы ірі өнеркәсіп дегеніміз не? Бұл — *бүкіл Россияны электрлендіру* деген сөз. Швеция, Германия және Америка әлі де буржуазиялық елдер бола тұрса да, олар электрлендіруді жүзеге асыруға қазірдің өзінде жақындап қалды. Швециядан келген бір жолдас маған ондағы өнеркәсіптің едәуір бөлегі, сол сияқты ауыл шаруашылығының 30 проценті электрлендірілгенін айтты. Капиталистік тұрғыдан анағұрлым көбірек дамыған елдер болып табылатын Германия мен Америкада біз мұны одан да кең көлемде кездестіреміз. Машиналы ірі индустрия бүкіл елді электрлендіру деген сөз, одан басқа еш нәрсе емес. Біз қазірдің өзінде таңдаулы экономистер мен техникалық күштерден арнаулы комиссия құрдық. Олардың бәрі дерлік, расында,

Совет өкіметіне қарсы ниеттегі адамдар. Бұл мамандардың бәрі коммунизмге келеді, бірақ, біз сияқты жиырма жылдық астыртын жұмыс арқылы келмейді; біз сол жылдар ішінде коммунизмнің әліппесін үздіксіз үйрендік, қайталап, пысықтап келдік.

Совет өкіметі органдарының бәрі дерлік мамандарға біздің оң ниет білдіруімізді қостады. Біз маман-инженерлерге елдің өндіргіш күштері осындай жолмен арттырылатынын практикалық тұрғыдан дәлелдеп көрсеткен кезде олар бізге келеді. Оларға мұны теория жағынан дәлелдеу жеткіліксіз. Біз оларға мұны практикалық тұрғыдан дәлелдеуге тиістіміз. Егер біз мәселені коммунизмді теория жағынан насихаттау тұрғысынан емес, басқаша қойсақ, біз бұл адамдарды өз жағымызға тарта аламыз, Біз былай дейміз: ірі өнеркәсіп — шаруаларды мұқтаждықтан және ашаршылықтан құтқарудың бірден-бір құралы. Бұған жұрттың бәрі келіседі. Бірақ мұны қалай істеу керек? Өнеркәсіпті ескі негізде қалпына келтіру тым көп еңбек және көп уақыт керек етеді. Біз өнеркәсіпті неғұрлым осы заманғы формаларға келтіруге, атап айтқанда — электрлендіруге көшуге тиістіміз. Бұған анағұрлым аз уақыт кетеді. Электрлендіру жоспарларын біз жасап та қойдық. 200-ден астам маман — бірі қалмай, бәрі дерлік Совет өкіметіне қарсы адамдар — өздері коммунист болмаса да, бұл іспен көңіл қойып шұғылданды. Бірақ техника ғылымы тұрғысынан алғанда мұның бірден-бір дұрыс жол екенін олар мойындауға тиісті болды. Әрине, жоспар мен оны жүзеге асырудың екі арасы өте қашық. Сақтана сөйлейтін мамандар: алғашқы кезектегі жұмыстарға кемінде 10 жыл керек болар дейді. Профессор Баллод Германияны электрлендіру үшін үш-төрт жылдың жеткілікті болатынын есептеп шығарған-ды. Ал біз үшін он жылдың өзі де тым аздық етеді. Біздің бұл салада осы кезге дейін қандай мардымсыз іс тындырғанымызды сіздер көрсін деп мен өз тезистерімде нақты цифрға құрылған деректер келтірдім. Мен келтірген цифрлардың шағындығы сонша — олардың ғылыми маңызынан гөрі насихаттық маңызы бары бірден айқын көрінеді. Алайда біз насихаттан бастауға тиістіміз. Дүние жүзілік

соғысқа қатысқан және Германияда бірнеше жыл тұрған орыс шаруасы онда жүріп ашаршылықты жеңу үшін шаруашылықты осы заманға сай қалай жүргізу керек екенін көрді. Біз осы бағытта кең насихат жүргізуге тиістіміз. Бұл жоспарлардың, жеке алғанда, шамалы ғана практикалық маңызы бар, бірақ мұның есесіне олардың үгіттік маңызы өте зор.

Жаңа бірдеңе жасалуға тиіс екенін шаруа көріп отыр. Мұнымен әркім өз бетімен емес, тұтас алғанда бүкіл мемлекет шұғылдануға тиіс екенін шаруа түсініп отыр. Германияда тұтқында болғанда шаруа тұрмыстың, мәдениетті тұрмыстың нақтылы негізі неде екенін көріп-білді. 12 мың киловатт—өте шағын бастама. Американың, Германияның немесе Швецияның электрлендірілуімен таныс шетелдік адам бұған күлер еді. Бірақ соң күлген оң күлер деген бар. Иә, бұл шағын-ақ бастама бола берсін. Бірақ шаруалар жаңа жұмыстарды орасан зор көлемде жүргізу керек екенін және бұл жұмыстар қазірдің өзінде басталып жатқанын түсіне бастады. Орасан зор қиыншылықтарды жеңуге тура келеді. Біз капиталистік елдермен қарым-қатынас жасауға тырысамыз. Біз капиталистердің өз елімізді электрлендіруге көмектесуін шарт етіп, оларға бірнеше жүз миллион килограмм мұнай беретіндігімізге қынжылмауымыз керек.

Ал енді, ақыр-аяғында, *«таза демократия»* туралы бірер сөз айтайын. Мен Энгельстің 1884 жылғы 11 декабрьде Бебельге жолдаған хатында жазғанын цитатқа келтіргім келеді:

«Таза демократия революция кезінде барып тұрған буржуазиялық партия ретінде,— оның бұрын Франкфуртте болғанындай,—маңыз алып, бүкіл буржуазиялық, тіпті феодалдық шаруашылықты құтқарудың ақырғы амалы болады... Мәселен, 1848 жылы бүкіл бюрократиялық топ, революцияшыл бұқараны жаныштауды көздеп, марттан сентябрьге дейін либералдарды қолдады... Қалай болғанда да, *таза демократия төңірегіне топтасатын реакция* дағдарыс күні және оның ертеңіне біздің бірден-бір жауымыз болады, ал бұл жағдайды, менің ойымша, естен шығаруға болмайды»[30].

Біз өз мәселелерімізді теоретиктердің қоятынындай етіп қоя алмаймыз. Бүкіл реакция тұтасынан, тек буржуазиялық реакция ғана емес, феодалдық реакция да, «таза демократия» төңірегінде топтасады. «Таза демократияның» не екенін герман жолдастар басқалардан гөрі жақсы біледі, өйткені Каутский мен II және II½ Интернационалдардың басқа көсемдері ашушаң большевиктерге қарсы осы «таза демократияны» қорғайды. Егер біз орыс социалист-революционерлері мен меньшевиктері жөнінде олардың сөздері бойынша емес, істері негізінде баға беретін болсақ, онда олар ұсақ буржуазиялық «таза демократия» өкілдерінің дәл өзі болып шығады. Біздің революцияда, соңғы дағдарыс кезінде де, Кронштадт көтерілісі күндерінде, олар таза демократияның не екенін мінсіз айқын көрсетті. Шаруалар арасында толқу өте күшті болды, жұмысшылар арасында да наразылық басым еді. Олар шаршап-шалдыққан болатын. Өйткені адам күшінің де бір шегі бар ғой. Олар үш жыл ашықты, бірақ төрт немесе бес жыл ашығуға болмайды ғой. Ашаршылық, әрине, саяси белсенділікке орасан күшті әсер етеді. Сонда социалист-революционерлер мен меньшевиктер не істеді? Олар үнемі ауытқып, осынысымен буржуазияны күшейтті. Шетелдерде барлық орыс партияларының ұйымдасуы қазір істің жайы қандай екенін көрсетіп отыр. Орыстың ірі буржуазиясының ең ақылды көсемдері өздеріне былай деді: «Біз Россияда тез жеңе алмаймыз. Сондықтан біздің ұранымыз: «Большевиктерсіз Советтер» болуы керек». Кадеттердің лидері Милюков социалист-революционерлерге қарсы шығып, Совет өкіметін қорғады. Бұл өте тосын естіледі. Бірақ практикалық диалектика осындай; бұл диалектиканы біз өз революциямызда ерекше жолмен: өз күресіміздің және біздің дұшпандарымыздың күресінің практикасы арқылы зерттейміз. Кадеттер «большевиктерсіз Советтерді» қорғайды, өйткені олар жағдайды жақсы түсінеді, өйткені олар халықтың бір бөлегін осы қармаққа іліктіргісі келеді. Ақылды кадеттер осылай дейді. Әрине, кадеттердің бәрі бірдей ақылды емес, бірақ олардың бір бөлегі ақылды және француз революциясынан біраз тәжірибе алған. Қазір ұран

мынадай: қайткен күнде де, қалай да большевиктерге қарсы күресу. Қазір меньшевиктер мен социалист-революционерлерге бүкіл буржуазия көмектесуде. Эсерлер мен меньшевиктер қазір бүкіл реакцияның авангарды болып отыр. Биылғы көктемде біздің осы контрреволюциялық ынтымақтың жемістерімен танысуымызға тура келді[31].

Сондықтан біз бұл элементтерге қарсы рақымсыз күрес жүргізе беруге тиістіміз. Диктатура дегеніміз шиеленіскен соғыс жағдайы. Біз нақ осындай жағдайдамыз. Қазіргі кезде соғыс шапқыншылығы жоқ. Алайда біз оқшау қалдық. Бірақ, екінші жағынан, біз толық оқшау қалған да жоқпыз, өйткені дүние жүзінің бүкіл халықаралық буржуазиясы бізге қарсы соғысты қазір ашық жүргізе алмайды, өйткені бүкіл жұмысшы табы,— оның көпшілігі әлі коммунистік болмаса да,— дегенмен, интервенцияға жол берместей саналы. Бұқара әлі коммунизм дәрежесіне жетерліктей әбден есеймесе де, буржуазияға бұл бұқараның пиғылымен есептесуге тура келеді. Сондықтан буржуазия қазір бізге қарсы шабуыл бастай алмайды, дегенмен мұндай шабуылдың болуы ықтимал. Жалпы түпкілікті нәтиже болмай отырғанда, сұмдық соғыс жағдайы бола бермек. Сондықтан біз: «Соғыста біз соғыстағыша істейміз: біз ешқандай бостандық және ешқандай демократия береміз деп уәде етпейміз»,— дейміз. Біз шаруаларға мынаны әбден ашық жариялаймыз: олар не большевиктер өкіметін қаласын,—онда біз өкіметті сақтап қалуға болатын шекке дейін әр түрлі кеңшіліктер жасаймыз, мұнан кейін оларды социализмге бастаймыз,— не болмаса буржуазиялық өкіметті қаласын. Басқасының бәрі — алдау, барып тұрған демагогия. Бұл алдауға, бұл демагогияға қарсы мейлінше қиян-кескі күрес жариялануға тиіс. Біздің көзқарасымыз мынадай: кейбір тепе-теңдік болып отырғандықтан да, біріккен жауларымыздан өзіміз әлсізірек болғандықтан да біз өте-мөте икемділік көрсетіп, аса сақ болуымыз керек, өйткені біздің экономикалық базамыз өте нашар, сондықтан біз неғұрлым күштірек шаруашылық негізге мұқтаж болып отырмыз.

Біздің тактикамыз туралы, Россия коммунистік партиясының тактикасы туралы менің жолдастарға айтқым келгені, міне, осылар еді. (*Ұзақ қол шапалақтау.*)

Газет есебі 1921 ж. 9 июльде «Правданың» 144-номерінде басылған

1921 ж. 14 июльде «Бюллетень Третьего конгресса Коммунистического Интернационаланың» 17-номерінде толық басылған

Мына кітаптың тексті бойынша басылып отыр: «Коммунистік Интернационалдың Бүкіл дүние жүзілік үшінші конгресі. Стенографиялық есеп». Петроград, 1922

6

«ТАКТИКА ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЕЗИСТЕРДІҢ» ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

1) Шмеральдің аты және осы абзацтың аяғы түгел сызып тасталсын;

2) Шмеральдің позициясында ненің *теріс* екенін және Reichenberger *«Vorwärts»* редакторларының нендей мәселеге сақ болулары керектігін *цитаттар келтіру арқылы* іскерлікпен, дәл сынап, чех партиясына егжей-тегжейлі *хат* әзірлеу Комиссияға (немесе Executive*) тапсырылсын[32].

1921 ж. кеш дегенде 9 июльде жазылған

Бірінші рет 1958 ж. «Проблемы Мира и Социализма» журналының 2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — Атқару комитетіне. *Ред.*

7

О. В. КУУСИНЕНГЕ ЖӘНЕ В. КЁНЕНГЕ ХАТ*

Куусинен және Кёнен жолдастарға
9/VII. 1921.

Қымбатты жолдастар!

Мен Сіздердің ұйымдастыру мәселесі жөніндегі тезистеріңіздің жобасын әбден сүйсініп оқыдым. Меніңше, еңбек өте сәтті шыққан. Мен тек қана екі қосымша енгізуді ұсынар едім:

1) мынадай кеңес беру керек—барлық партияларда таңдаулы, істе сыналған, тәжірибелі жұмысшылардан бақылау комиссиялары құрылсын;

2) шпиондар туралы — құпия жұмыс туралы мәселеге байланысты бұған ерекше параграф арналсын. Мазмұны шамамен мынадай: буржуазия шпиондар мен арандатушыларды құпия ұйымдарға сөзсіз жіберіп отырады. Бұған қарсы мейлінше ұқыпты және табанды күрес жүргізу керек, сөйтіп осы күрестің құралы ретінде, әсіресе *жария* жұмысты құпия жұмыспен шебер ұштастыру, құрамдастыру, ұзақ уақыт *жария* жұмыс істеу *арқылы* адамдарды (құпия жұмысқа жарайтын-жарамайтынын) тексеру әдістерін ұсыну қажет[33].

Коммунистік сәлеммен
Сіздің *Ленин*

Бірінші рет 1958 ж. «Проблемы Мира и Социализма» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

* Қараңыз: осы том, 13—15-беттер. *Ред.*

8

11 ИЮЛЬДЕ НЕМІС, ПОЛЯК, ЧЕХОСЛОВАК, ВЕНГР ЖӘНЕ ИТАЛЬЯН ДЕЛЕГАЦИЯЛАРЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

1

Мен кеше «Правдадан» бірнеше хабар оқыдым, олар мынаған көзімді жеткізді: шабуылға шығу кезеңі біздің конгресте болжағанымыздан, бәлкім, жақынырақ болар; жас жолдастар бізді бұл болжауымыз үшін қатты сынады ғой. Бірақ бұл хабарлар туралы мен кейінірек айтамын, ал қазір мен мынаны айтуға тиістімін: негізгі шабуылға шығатын кезең неғұрлым жақындаған сайын, біз соғұрлым «оппортунистеу» болып әрекет жасауымыз керек. Енді сіздердің бәріңіз үйлеріңізге қайтып барған соң, жұмысшыларға: біз III конгреске дейінгіден ақылдырақ болдық дейсіздер. Сіздер қысылмауға тиістісіздер, сіздер: біз қате жібердік, енді абайлап әрекет жасағымыз келеді; сөйтіп біз бұқараны, істің бүкіл барысында объективті түрде бізге қарай ығысып келе жатқан, бірақ бізден қорқатын бұқараны, социал-демократиялық және тәуелсіз социал-демократиялық партиялардан өз жағымызға тартамыз дейсіздер. Абайлап әрекет жасау керектігін мен біздің мысалымыз арқылы көрсетіп бергім келеді.

Соғыстың басында біз, большевиктер, тек бір ұранды: азамат соғысы керек және бұл соғыс аяусыз болуы керек деген ұранды ғана жақтадық. Азамат соғысын жақтамағандардың бәрін біз сатқын деп масқараладық. Бірақ 1917 жылы мартта Россияға қайтып оралған кезде, біз өз позициямызды мүлде өзгерттік. Біз Россияға қайтып келіп, шаруалармен және жұмысшылармен сөйлескенімізде мынаны аңғардық: олардың бәрі отан

қорғауды жақтайды екен, бірақ, әрине, тіпті де меньшевиктер айтқан мағынада жақтамайды екен, сондықтан біз бұл қарапайым жұмысшылар мен шаруаларды оңбағандар және сатқындар дей алмадық. Біз мұны «адал ниетті қорғампаздық» деп сипаттадық. Мен бұл жөнінде жалпы бір үлкен мақала жазып, барлық материалды жарияламақпын. 7 апрельде мен тезистерімді басып шығарып, онда абайлау және шыдамдылық керек дедім.* Біздің бастапқы позициямыз соғыстың бас кезінде дұрыс болды, ол кезде белгілі бір, батыл ұйтқы топ құрудың маңызы зор еді. Сондай-ақ біздің кейінгі позициямыз да дұрыс болды. Ол позиция бұқараны өз жағымызға шығарып алу керек екендігін негізге алды. Сол кездің өзінде-ақ біз Уақытша үкіметті дереу құлату туралы пікірге қарсы шықтық. Мен былай деп жаздым: «Біз үкіметті құлатуымыз керек, өйткені ол халықтық үкімет емес, олигархиялық үкімет болып табылады, өйткені ол бізге нан да, бітім де бере алмайды. Бірақ оны дереу құлатуға болмайды, өйткені ол жұмысшылар Советтеріне сүйеніп отыр және әзірше оған жұмысшылар әлі де сеніп отыр. Біз бланкистер емеспіз, біз жұмысшы табының азшылығымен көпшілікке қарсы басқарғымыз келмейді»**. Шебер саясатшы кадеттер біздің бұрынғы позициямыз бен жаңа позициямыздың арасындағы қайшылықты бірден сезе қалып, бізді екіжүзділер деп атады. Бірақ мұнымен бірге олар бізге шпиондар, сатқындар, оңбағандар және неміс агенттері деген атақ таққандықтан, олардың алғашқы таққан атағы жұртқа ешқандай әсер еткен жоқ. 20 апрельде алғашқы дағдарыс болды. Милюковтың Дарданеллы туралы нотасы бұл үкіметтің империалистік үкімет екенін әшкереледі. Мұның ізінше қаруланған солдаттар бұқарасы үкімет үйіне лап беріп, Милюковты құлатты. Оларды партияда жоқ Линде деген біреу басқарды. Бұл қозғалысты партия ұйымдастырған жоқ. Ол кезде біз бұл қозғалысты былайша сипаттадық: бұл қарулы демонстрациядан біраз артығырақ және қарулы көтерілістен біраз кемірек дедік. Біздің 22 апрельдегі

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 124—130-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 161—162-беттер. *Ред.*

конференциямызда солшыл бағыттағылар үкіметті дереу құлатуды талап етті. Бұған қарамастан, Орталық Комитет азамат соғысы ұранына қарсы шықты, сөйтіп біз провинциядағы үгітшілердің бәріне большевиктер азамат соғысын тілейді дейтін ұятсыз өтірікті әшкерелеу жөнінде нұсқау бердік. 22 апрельде мен былай деп жаздым: «Уақытша үкімет жойылсын» деген ұран дұрыс емес, өйткені, егер халықтың көпшілігі бізге ермесе, бұл ұран не бос сөз, не авантюра болып шығады*.

Біз өзіміздің солшылдарды жауларымыздың алдында «авантюристер» деп атаудан ұялған жоқпыз. Меньшевиктер бұған мәз болып, бізді банкрот болды деп жар салды. Бірақ біз былай дедік: Орталық Комитеттен кішкене, тіпті титтей болса да, солшылырақ әрекеттің қай-қайсысы да зердесіздік болады және кімде-кім Орталық Комитеттен де солшылырақ болса, ол адам кәдімгі ақыл-есінен айрылғаны. Өзіміздің жаңсақ басқан қадамымызға дұшпанның қуанғанынан біз әсте қорқа алмаймыз.

Біздің ендігі бірден-бір стратегиямыз — бұрынғыдан да күшті, ал олай болса, ақылды, саналы, «оппортунистеу» бола түсу, ал мұны біз бұқараға айтуға тиістіміз. Бірақ біз өзіміздің саналылығымыздың арқасында бұқараны өз жағымызға шығарып алғаннан кейін, осыдан соң біз шабуыл жасау тактикасын қолданамыз және оны осы сөздің нақ ең қатаң мағынасында қолданамыз.

Енді әлгі үш хабар жайында айтайын:

1) Берлиннің муниципалдық жұмысшыларының ереуілі. Муниципалдық жұмысшылардың басым көпшілігі социал-демократтардың көпшілігіне және тәуелсіз социал-демократиялық партияға жататын кертартпа, жақсы қамтамасыз етілген адамдар, бірақ олар ереуіл жасауға мәжбүр болып отыр[34].

2) Лилльдегі тоқыма жұмысшыларының ереуілі[35].

3) Үшінші факт неғұрлым маңызды факт болып табылады. Римде фашистерге қарсы күрес ұйымдастыру үшін митинг болып, оған 50 000 жұмысшы — барлық партиялардың өкілдері — коммунистер, социалистер,

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 350-бет. *Ред.*

сондай-ақ республикашылдар қатысқан. Соғысқа қатысқан 5000 адам митингіге әскери киім киіп келген, сөйтіп бірде-бір фашистің көшеге шығуға батылы бармаған[36]. Мұның өзі Европада жанғыш материал біз ойлағаннан көп екенін дәлелдейді. Лаццари біздің тактика туралы қарарымызды мақтады. Бұл — біздің конгрестің үлкен жетістігі. Егер Лаццари оны мойындаса, онда Лаццариге ерген мыңдаған жұмысшылар сөзсіз біздің жағымызға шығады, ал олардың көсемдері бұл жұмысшыларды бізден үркіте алмайды. «Il faut reculer, pour mieux sauter» (қаттырақ секіру үшін шегініп алу керек). Ал осы секіру болмай қоймайды, өйткені объективті түрде қарағанда, жағдай күннен күнге адам төзгісіз болып барады.

Сонымен, біз өзіміздің жаңа тактикамызды қолдана бастаймыз. Күйгелектенудің керегі жоқ, біздің кешігіп қалуымыз мүмкін емес, қайта, тым ерте бастап жіберуіміз мүмкін, ал егер сіздер Россия соншама көпке шыдай ала ма деп сұрайтын болсаңыздар, онда біз былай деп жауап береміз: қазір біз ұсақ буржуазиямен, шаруалармен соғысып жатырмыз, экономикалық соғыс жүргізіп жатырмыз, мұның өзі бізге өткен соғыстан әлдеқайда қауіпті. Бірақ, Клаузевиц айтқандай, соғыстың дүлей күші — қауіп, ал біз бір мезет те қауіптен тыс болып көрген емеспіз. Егер біз абайлап қимылдасақ, егер біз дер кезінде икемділік жасасақ, біздің бұл соғыста да жеңіп шығатынымызға, ол тіпті үш жылдан артыққа созылса да жеңіп шығатынымызға мен сенімдімін.

Қорытып айтайын:

1) Біз бүкіл Европада бірауыздан былай дейміз: біз жаңа тактика қолданамыз, сөйтіп осы арқылы біз бұқараны өз жағымызға шығарып аламыз.

2) Аса маңызды елдерде: Германияда, Чехословакияда, Италияда шабуылды үйлестіріп отыру керек. Мұнда әзірлік жасау, үнемі өзара келісе отырып әрекет істеу қажет. Европа революцияға жүкті, бірақ революцияның календарын алдын ала белгілеу мүмкін емес. Біз Россияда бес жыл ғана емес, одан да көп төтеп береміз. Біз қабылдаған стратегия—бірден-бір дұрыс стратегия. Ре-

волюция үшін біздің позиция жеңіп алатынымызға мен сенімдімін. Антанта бұған қарсы ештеңе істей алмайды, ал мұның өзі дүние жүзі көлеміндегі жеңістің басы болмақ.

2

Шмераль менің сөзіме қанағаттанғандай болып еді, бірақ ол менің сөзімді біржақты түсінеді. Дұрыс бағыт табу үшін Шмераль солға қарай үш қадам, ал Крейбих оңға қарай бір қадам басуға тиіс деп мен комиссияда айттым. Амал қанша, Шмераль бұл қадамдарды жасаймын деп ештеңе айтқан жоқ. Ол істің жайын қалай ұғынатыны жайында да ештеңе демеді. Қиындықтар жайында Шмераль ескі бірдеңелерді ғана қайталап, жаңадан ештеңе айтпады. Шмеральдің айтуынша, мен оның қорқынышын сейілтіппін. Көктемде ол коммунистік басшылық одан мезгілсіз қимыл жасауды талап етеді деп қауіптенген болатын, алайда оқиғалар мұндай қаупін сейілтіпті. Алайда бізді қазір басқа бір нәрсе, атап айтқанда: Чехословакиядағы істің жайы да шынымен шабуыл әзірлеуге дейін бара ма, әлде мәселе қиыншылықтар туралы әңгімелермен ғана тына ма,— міне осы жағдай мазасыздандырып отыр. Солшылдық қате — жай қате, ол оншама үлкен қате емес және оны оңай түзетуге болады. Ал егер бел шешіп күреске шығу жөнінде қате кетсе, онда бұл әсте кішкентай қате емес, бұл сатқындық. Бұл қателердің арасы жер мен көктей. Біз революция жасаймыз, бірақ басқалар күреске шыққаннан кейін ғана жасаймыз деген теория түптамырымен қате.

3

Осы конгресте жасалған шегіністі, меніңше, 1917 жылы Россияда біздің жасаған іс-әрекетімізбен салыстыру керек, сөйтіп бұл шегініс шабуыл әзірлеу ісіне қызмет етуге тиіс екенін көрсетіп беру қажет. Дұшпандар біздің қазіргі айтып отырғанымыз бұрынғы айтқанымызға ұқсамайды дер. Олардың бұдан табатын пайдасы шамалы, ал егер біз марттағы бой көрсетуді қай мағынада табысты болды деп есептеуге болатынын, біз оның қате-

ліктерін неліктен сынайтынымызды және бұдан былай қарай біз жақсылап әзірленуге тиістіміз деп жұмысшылар бұқарасына айтатын болсақ, олар бізді түсінеді. Шмераль мен Бурианның пайымдаулары теріс дегенінде, мен Террачинимен келісемін. Егер қозғалысты үйлестіріп отыруды біз анағұрлым бай және халқы көбірек басқа бір ел күреске шыққанша күте тұруға тиістіміз деп түсінсек, онда бұл коммунистік пайымдау емес, жұртты тұп-тура алдау болады. Үйлестірудің мәнісі басқа елдердегі жолдастар қай кезеңнің маңызды екенін біліп отырсын деген мағынада болуға тиіс. Үйлестіруді түсіндірудің аса маңыздысы мынау: жақсы өнегелерге жақсырақ және неғұрлым тез еліктеу керек. *Рим* жұмысшыларының өнегесі тым жақсы.

Бірінші рет 1958 ж.
«Вопросы Истории КПСС»
журналының 5-номерінде
алғашқы сөзі — толық,
екінші және үшінші сөздері —
қысқартылған
стенограмма бойынша басылған

Стенографиялық жазба
бойынша бірінші рет
толық басылып отыр
Неміс тілінен аударма

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СОВЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ КОЛЛЕКТИВТІК ЕҢБЕК АҚЫ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМШАЛАР[37]

«А» ПУНКТІ

Бес адамнан құрылған Комиссияға анағұрлым толық материал жинау тапсырылсын, сөйтіп қазіргі кезде Москваның орталық мекемелерінде қолданылып жүрген нақтылы заттай ақы төлеу де, нақтылы ақшалай ақы төлеу мөлшері де еске алынсын, бұған осы ақы төлеудің барлық түрлері, оның ішінде арбакештерге төленетін шығындар және т. с. түгелдей, бірі қалдырылмай қосылсын.

«Г» ПУНКТІ

Жұмысшыларды болсын, сондай-ақ қызметшілерді болсын коллективті түрде жабдықтау мына ережелер сақталып қана енгізіледі:

1) коллективті түрде жабдықтау енгізілетін әрбір кәсіпорын үкіметпен ерекше шарт жасасады;

2) бұл шарт бойынша кәсіпорын (басқарма және арнайы сайланған адамдар арқылы) жұмысшылар мен қызметшілердің санын үнемі кемітіп отыруға және олардың еңбек өнімділігін арттыруға, сондай-ақ еңбек тәртібін тиісті дәрежеге дейін көтеруге міндеттенеді. Совет қызметшілері үшін бөлім немесе бөлімше және т. т. өнеркәсіптегі кәсіпорынға теңеледі;

3) шартты орындамағандар ешбір жабдықтаусыз қалдырылуға дейін жазаланады.

1921 ж. 28 июньде жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МЕМЛЕКЕТТІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ «ЖОСПАРЫ» ЖӨНІНДЕГІ ПІКІРЛЕР

Біздің бәріміздің осы уақытқа дейінгі ең басты қатеміз—біз тәуір нәтижеге үміт артып келдік; міне осының салдарынан бюрократиялық утопияларға бой ұрдық. Біздің жоспарларымыздың болмашы бөлегі ғана жүзеге асырылды. Жоспарларды өмірдің өзі мазақ етті, жұрттың бәрі мазақ етті.

Мұны түп-тамырымен қайта жасау керек.

Нәтиже нашар болар деп есеп жасау керек. Қазір аз да болса практикалық тәжірибеміз бар.

Азық-түлік пе? Фрумкин былай дейді: көздейтініміз — салықтан 150 миллион пұт+айырбастан 50 миллион пұт+Украинадан 40 миллион пұт=240 миллион пұт.

Не бары бір жылға *2 0 0* миллион пұтқа есеп жасау керек.

Осы болмашы, жұтаң цифрмен не істеуге болады? 200:12=$16^2/_3$.

(α) Армияға керекті минимумды алу керек, яғни паектерді армияның минимумына есептеу керек.

(β) Жоспарға армияның шаруашылық жұмысын аз, мейлінше аз енгізу керек.

1 сенбілікке шыққан армия (қатысушылар) 60%.

3 сенбінің 1-іне қатысушылар 50% (армия 50%) және т. с.

(γ) Қызметшілер үшін — аяусыз қысқартылсын.

(δ) Жұмысшылар.

Өнеркәсіп салалары бойынша таңдаулы *кәсіпорындардың* (қалайда *кәсіпорындардың)* тізімі дереу жасалсын.

Қазіргілердің $^1/_2$ бөлігінен $^4/_5$ бөлігіне дейінгісін жабу керек.

Қалғандарын 2 сменамен жұмыс істету керек. **Бүкіл бір жылға,** тіпті астық (200 миллион пұт) пен отынның (?) минимумын тапқан жағдайда да, *отын* мен *астық* жететіндеріне ғана 2 сменамен жұмыс істету керек.

Алғашқы бастама ретінде мұны дереу, бір айдан асырмай, *нобайлау* түрінде жасау керек.

Отын бар.

Қатынас жолдары халық комиссариаты бар.

Азық-түлік есебін қазбаламай, дәл етпей-ақ қою керек; *200 миллион пұтты қабылдау керек.*

Өнеркәсіпті *салалар бойынша* және *губерниялар бойынша (тіпті де «түгелге» дейін қаратып қоймай) тізімге мейлінше тез алу керек.*

және, **ең бастысы,**

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы мүшелерінің 70 процентін *тәулігіне 14 сағат* жұмыс істеуге отырғызу керек (ғылым шыдай тұрсын: жақсы паектер бердік, енді жұмыс істету керек).

«Жалпы бақылау» (Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы туралы ережеде, тегі, осылай деп аталатын шығар?) бойынша **жеке** кәсіпорындар жөнінде әркімнің орындауына жеке тапсырмалар берілсін.

Айталық, *700* ірі мекемелерді, кәсіпорындарды, деполарды (темір жол), совхоздарды, т. т. және т. с. бізге ешбір үзіліссіз 1921 жылғы 1 октябрьден 1922 жылғы 1 октябрьге дейін жолға қойып, реттеу керек (және ең нашар жағдайда да: жылына 200 миллион пұт қана астық болғанның өзінде де осылай етуге болады).

700:35 Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының мүшесі=*20*.

Мейлі 30 болсын (Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы мүшелерінің бәрі бірдей ағымдағы жұмысты үздіксіз жүргізе бермейді).

30-ды мықтап қадағалап отырыңыз. Сіз осыған жауап бересіз.

Ал мұның үстіне 30—70 маңызы кемдеулерге қосымша, жол-жөнекей, жеңіл-желпі зер салыңыз, қадағаламай-ақ, кейде, анда-санда *хабардар болып отырыңыз.*

Мықтап қадағалау —отын мен астықты тиімді пайдалану үшін, мұның екеуін де барынша көп дайындау үшін, барынша көп тасып жеткізу үшін, отынды үнемдеу үшін (өнеркәсіпте де, темір жолда да және т. т.), азық-түлікті үнемдеу үшін (*тек* жақсы қызметкерлерді тамақтандыру), еңбек өнімділігін арттыру *және т. с.* үшін тікелей *жауап беру* деген сөз.

Қалғандарының бәрін — 200 миллион пұт астықты+ +*X* миллион пұт отынды емес, *300* миллион пұт астық +150% X отынды дайындаймыз деп кәміл сенуге мүмкіндік беретіндей болып жағдай *әбден жақсарғанға дейін* арендаға немесе кім болса соған беру керек, немесе жабу, не «иесіз қалдыру» керек, ұмыту керек.

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы туралы менің пікірлерім осындай.

Ойланыңыздар. Ақылдасып көрейік.

4/VII.

Ленин

1921 ж. 4 июльде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. 29 майда «Труд» газетінің 120-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА КӘСІПОРЫНДАРҒА СЫЙЛЫҚ БЕРУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС[38]

Саяси бюроға ұсынамын

Кәсіпорындардың, бөлімдердің, мекемелердің бір тобына жұмыстарын коммерциялық негізде үлгілі жолға қойғаны үшін алтынмен 10 000 сомға дейін сыйлық беруге болады.

8. VII. 1921 ж.

Ленин

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АШАРШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСЫН КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКАЛАР[39]

Егер егін шықпай, ашаршылыққа ұшыраған ауданның территориясында 25 миллион халық бар болса, онда бірқатар нағыз революциялық шаралар қолданумен қатар, нақ *осы* аудаңнан жастардың 500 мыңдайын (бәлкім, тіпті 1 миллионға дейін?) армияға алған жөн болмас па еді?

Мұндағы мақсат: белгілі бір дәрежеде халыққа көмектесу, өйткені біз аштардың бір бөлегін асырай аламыз және әскердегілер үйлеріне посылкамен астық жіберіп тұрса, белгілі бір дәрежеде аштарға көмектесуіміз мүмкін. Бұл бірінші. Ал екіншісі: бұл $^1/_2$ миллион адамды Украинаға орналастыру керек, сөйтіп олар өздері барынша мүдделі болып отырған азық-түлік жинау жұмысын күшейтуге көмектессін, әсіресе Украинадағы бай шаруалардың тойымсыздығы әділетсіз нәрсе екенін айқын ұғынып, сезіне отырып, осы жұмысты істесін.

Украинада егіннің шығымы шамамен 550—650 миллион пұт болады деп белгіленіп отыр (Раковский). *150* миллион пұтын тұқымға және *300* (15×20=300) миллион пұтын семьялары мен малын асырауға шығарып тастағанда, орта есеппен *150 миллион пұттай* қалады (550—450=*100;* 650—450=*200).* Егер Украинаға аш губерниялардан келген армия қойсақ, бұл қалдықты *түгел* жинап алуға болар еді (салықпен+товар айырбасымен+байлардан ашыққандарға көмек көрсету үшін ерекше реквизициялармен).

Ашыққан губернияларда шикізат (тері-терсек, тұяқ, мүйіз, қыл, т. т. және т. с.) жинау жөніндегі шараларды қазірдің өзінде күшейту керек, соның өзінде шикізаттың нендей де болсын бір түрімен немесе жерде жатқан отынмен, не болмаса сондай басқа бірдеңемен құнын төлемейінше, не тұқымға, не азық-түлікке бірде-бір пұт көмек бермеуді ережеге айналдыру қажет*.

Питердің, Москваның, Иваново-Вознесенскінің және екі астананың маңындағы азын-аулақ аса маңызды өнеркәсіп орталықтарының губерниялық, уездік және аудандық экономикалық советтерінің жұмысын жандандыру үшін орталық ведомстволардың 2—4 жауапты қызметкерін осы экономикалық советтерге енгізуге болмас па еді? Айталық, 4 адамнан құрылған бұл топтар, не белгілі бір орталық мекеменің қызметкерлерінен, немесе бірін-бірі жақсы білетін адамдардан іріктеліп алынатын болғандықтан, өзара түсінісе алар еді және осы экономикалық советтерде, айталық, әрқайсысы күніне бір сағаттан, бәрі бірге күніне 3—4 сағаттан үздіксіз жұмыс істей алар еді ғой?

Шаруашылықпен тікелей айналыспайтын халық комиссариаттарының қызметкерлерін шаруашылық жұмысқа толық немесе ішінара көшіруді мына тәсілмен атқаруға болар еді: мұндай жұмысқа ауыстырылатындар өз халық комиссариатындағы жұмыстың $^3/_4$—$^9/_{10}$ бөлігін қызметі онша маңызды емес көмекшілерге жүктейді де, оларды бақылаумен шектеледі.

Москвада (онан кейін басқа жерлерде де) жауапты партия қызметкерлерінің *бәрі шаруашылық* жұмысқа мына формада жұмылдырылсын:

шаруашылықпен *айналыспайтын* халық комиссариатының әрбір жауапты партия қызметкері қандай да болсын бір фабрикалық комитетке (немесе үй комитетіне, немесе кварталдық комитетке),— бұдан әсте *жоғары емес* ұйымға (төменнен бастап жұмыс істеу үшін) еніп, жергілікті, *төменгі, ш а р у а ш ы л ы қ* жұмысты өз мойнына алады да, бұл жұмысқа күн сайын кемінде екі сағат уақыт бөлуге міндеттенеді. Азық-түлік бөлу,

* Қолжазбада В. И. Ленин бұл абзацты сызып тастаған. *Ред.*

шаруашылықтың осы саласын өрге бастыру жұмысы және отынмен жабдықтау ісі бірінші кезекке қойылсын.

Әрбір қызметкерге тапсырманы дәл белгілеп берудің маңызы зор.

Москвада (бәлкім, Питерде де?) 1921 ж. 1 июльде жауапты партия қызметкерлерінің санағын алумен қатар, РКП-нің барлық мүшелерінің санағын жүргізген жөн болмас па еді? Бұл жұмысқа губерниялық статистика бюросы қатыстырылсын. Партия туралы дәлме-дәл деректер алынсын*.

1921 ж. кеш дегенде 9 июльде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазбада В. И. Ленин бұл абзацты сызып тастаған. *Ред.*

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ ОДАҒЫ УӘКІЛДЕРІНІҢ СЪЕЗІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ[40]

Халық Комиссарлары Советі мен РКП Орталық Комитетінің атынан Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы уәкілдерінің жиналысын құттықтаймын. Жиналысқа өзімнің қатыса алмайтындығыма және кооперацияның алдында тұрған аса күрделі міндеттер жөнінде өз пікірімді айта алмайтындығыма өте қатты өкінемін.

Қазірдің өзінде істелген жұмыс жөнінде тәжірибе алмасу күрделі міндеттерді еліміздің жалпы шаруашылық құрылысының жоспарымен үйлестіру рухында орындауға көмектесетініне күмәнданбаймын. Алда тұрған практикалық жұмыстың табысты болуы көбінесе товар айналымында қала өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының арасындағы арақатынастың дұрыс белгіленуіне, товар айырбасын дамыту үшін кооперацияның дәйекті және табанды күрес арқылы барлық кедергілерді жоя білуіне және осы салада алдыңғы орынға ие болуына, бытыраңқы товар заттарын жинай да, жаңа заттарды жасай да білуіне байланысты болады. Осы мәселелерді іс жүзінде шешу — сайып келгенде өзіміздің мақсаттарымызға жетудің — ауыл шаруашылығын қалпына келтірудің және оның негізінде ірі өнеркәсіпті нығайтудың, дамытудың жақсы құралы болады.

Бірқатар губернияларда егіннің шықпай қалуынан бұл міндеттер өте-мөте қиындап отыр. Жиналыс өз жұмысында жаңадан төніп келе жатқан апатқа ерекше

көңіл бөлуге және барлық ағымдағы мәселелерді шешкенде оның тигізетін зардаптарын есте ұстауға тиіс.

Жаңа жағдайда жұмыс істеуден тәжірибесі қанша аз болса да, советтік кооперация күйзелісті жеңу жолындағы жалпы жұмыспен тығыз байланыс жасай алады және осы күйзеліске қарсы күресте барынша жігерлілік көрсетеді деп сенемін.

1921 ж. 16 июльде жазылған

1921 ж. 17 июльде «Известия ВЦИК» газетінің 155-номерінде және 1921 ж. 19 июльде «Правда» газетінің 156-номерінде басылған

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КӘСІПТІК ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ОДАҚТАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ І КОНГРЕСІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ[41]

18/VII.

Рыков жолдас!

Кәсіподақтардың Халықаралық конгресінің делегаттарына мынаны айта баруды сізден өте қатты өтінемін:

Маған съезге келуге сіз арқылы жолдаған ұсынысы үшін оларға шын жүректен алғыс айтамын. Сырқаттанып қалуым себепті мұны орындай алмайтындығыма қатты өкінемін, өйткені дәрігердің ұйғаруы бойынша бір айлық демалысқа Москвадан жүріп кетуім керек.

Сізден менің құттықтауымды және съездің табысты болуын шын көңіліммен тілейтіндігімді делегаттарға жеткізуді өтінемін. Кәсіподақтардың Халықаралық съезінің бүкіл маңыздылығын айтып жеткізу үшін сөз табу қиын. Барлық жерлерде, барлық елдерде, бүкіл дүние жүзінде коммунизм идеяларының кәсіподақтардың мүшелерін баурап алуы тоқтаусыз алға басып келеді. Мыңдаған кедергілерді жеңе отырып, қиыстап, кібіртіктеп, әркелкі жүрсе де, дегенмен тоқтаусыз ілгерілеп келеді. Кәсіподақтардың Халықаралық съезі осы қозғалысты тездете түседі. Коммунизм кәсіподақтар арасында жеңеді. Капитализмнің күйреуін және жұмысшы табының буржуазияны жеңуін дүние жүзінде ешқандай күш тоқтата алмайды.

Жалынды сәлем жолдаймын және коммунизм сөзсіз жеңеді деп сенім білдіремін.

Н. Ленин

1921 ж. 18 июльде жазылған

1921 ж. мына кітапта басылған: «Революциялық кәсіптік және өндірістік одақтардың Халықаралық 1-конгресі. Стенографиялық есеп». Москва, конгресс пресс-бюросының басылымы

Қолжазба бойынша басылып отыр

Л. Б. КАМЕНЕВКЕ ЗАПИСКА ЖӘНЕ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕРДІҢ ЖОБАСЫНА ЖАСАЛҒАН ТҮЗЕТУЛЕР[42]

Каменев жолдасқа

Экономикалық саясатты жүзеге асыру туралы тезистердің Сіз жазған алғашқы нобайына мынадай түзетулер енгізуді ұсынамын:

1. — 1-параграфта (халық шаруашылығындағы жағдайды) «апатты» деген сөзді «ауыр» деген сөзбен ауыстыру керек.

2. — Сол параграфта «апатты» деген сөзді (келесі сөз тіркесіндегі) «ауыр жағдай» деген сөзбен ауыстыру керек.

3. — 2-параграфта, «А» кіші пунктінде, «үш жылғы соғыс жағдайының» деген сөздерден кейін «және елдің қатты күйзелуінің салдарынан» деген сөздерді қосу керек.

4. — Сол параграфта «Е» кіші пунктіндегі «жабдықтау» деген сөзге жақша ішінде «азық-түлікпен де, өндірістік және арнайы киіммен де» деген сөздерді қосу керек.

5. — 5-параграфтың соңындағы «қазіргі бар жалпы мемлекеттік жабдықтауға көшіріледі» деген сөздердің орнына «басқа жұмыстарға көшіріледі» деген сөздерді жазу керек.

6. — 6-параграфта «тыныш» деген сөзді «дұрыс» деген сөзбен ауыстыру керек, бірінші кіші пунктте.

7. — 8-параграфта «мүдделер талап етеді» деген сөздердің орнына «жалпы алғанда халық шаруашылығын,

жеке алғанда ақша айналысын қалпына келтіру мүдделері талап етеді» деу керек.

21. VII. 21 ж.

Халық Комиссарлары Советінің
председателі *В. Ульянов (Ленин)*

Телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1932 ж.
Лениннің XX жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы
бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ ҰСЫНЫС[43]

Мынаны ұсынамын:

1) мәселе Сибирь бюросының пайдасына уақытша шешілсін (бүгіннен қалмай, 28/VII.);

2) партиялық борышты көрінеу-көзге бұзғаны үшін Сибирь бюросына қаулымен сөгіс жариялансын; оның партиялық борышты бұзғаны мынадан көрініп отыр: Сибирь бюросы қалған екі ағымның екеуінің де ұсыныстарының текстін қоса жібермеді. Сибирь бюросы қалған екі ағымның екеуінен де олардың ұсыныстарының текстін беруді Орталық Комитет үшін ресми түрде және күні бұрын талап етуге міндетті еді;

3) бұл екі ағымның өкілдерінен өз ұсыныстарының қысқаша тұжырымын беру Омскіден телеграф арқылы дереу сұратылсын;

4) партия конференциясы 15 августқа дейін кейінге қалдырылсын;

5) 15 августа болатын конференцияға жіберу үшін Орталық Комитеттің мүшесін іздестіріп табу керек.

28/7.

1921 ж. 28 июльде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПРОЛЕТАРИАТҚА ҮНДЕУ[44]

Россияның бірнеше губерниясында ашаршылық болып жатыр; ол, бәлкім, 1891 жылғы апаттан сәл ғана бәсеңдеу шығар.

Бұл — Россияның мешеулігінің және жеті жылғы соғыстың, әуелі империалистік соғыстың, содан кейін барлық елдердің помещиктері мен капиталистері жұмысшылар мен шаруаларды мәжбүр еткен азамат соғысының ауыр зардабы.

Көмек керек. Жұмысшылар мен шаруалардың Совет республикасы бұл көмекті еңбекшілерден, өнеркәсіп жұмысшылары мен ұсақ егіншілерден күтіп отыр.

Жұмысшылар мен егіншілер бұқарасын барлық жерде капитализм мен империализм езгіге салып отыр, бірақ біз, жұмыссыздық пен қымбатшылықтың өсуі салдарынан өздерінің жағдайы ауырлап отырғанына қарамастан, олар біздің шақыруымызға үн қосар деп сенеміз.

Өмір бойы капиталдың езгісін бастан кешіргендер Россия жұмысшылары мен шаруаларының жағдайын түсінбей қалмайды,— капитализмді құлату жөніндегі ардақты, бірақ ауыр міндетті бірінші болып атқаруына тура келген Совет республикасына көмектесудің қажеттігін еңбекші және қаналушы адамның ішкі түйсігімен ұғынады немесе сезеді. Капитализмді құлатқаны үшін барлық елдердің капиталистері Совет республикасынан кек алмақшы. Капитализмді құлатқаны үшін олар Совет республикасына қарсы жорықтың, интервенцияның,

контрреволюциялық заговорлардың жаңа жоспарларын дайындап жатыр.

Сондықтан барлық елдердің жұмысшылары және өз еңбегімен күн көруші ұсақ егіншілері соғұрлым зор жігермен, соғұрлым зор жанқиярлықпен бізге көмекке келеді деп сенеміз.

2. VIII. 1921 ж.

Н. Ленин

«Правда» № 172, 6 август, 1921 ж.

«Правда» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

УКРАИНА ШАРУАЛАРЫНА ҮНДЕУ

Оң жағалаудағы Украина биылғы жылы егіннен тамаша өнім жинады. Поволжьенің ашыққан жұмысшылары мен шаруалары қазір, 1891 жылғы сұмдық апаттан сәл ғана бәсеңдеу болса да, апатқа ұшырап отыр, олар украин егіншілерінен көмек күтуде. Жедел көмек керек. Мол көмек керек. Поволжьенің ашыққан, себуге тұқымы болмай отырған шаруаларына өзінің артық астығынан бөліспейтін бірде-бір егінші қалмасын.

Астығы мол әрбір уездің шаруаларынан Поволжьеге астық жеткізу үшін, апаттың, мұқтаждықтың, ашаршылықтың көлемін өз көздерімен көруі үшін, жедел көмек көрсетудің неге қажет болғанын өз жерлестеріне айтып баруы үшін ол жаққа ең болмағанда екі-үш өкіл жіберілетін болсын.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

Москва, Кремль, 2. VIII. 1921 ж.

«Правда» № 172, 6 август, 1921 ж.

«Правда» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

Г. МЯСНИКОВҚА ХАТ[45]

5/VIII. 1921.

Мясников жолдас!

Сіздің *екі* мақалаңызды да бүгін ғана оқып шықтым. Сіздің Пермь ұйымында (тегі, Пермь ұйымында болса керек) сөйлеген сөзіңіздің қандай болғанын және ол ұйыммен не жөнінде келіспей қалғаныңызды мен білмеймін. Бұл туралы айта алмаймын. Бұл істі Ұйымдастыру бюросы қарайды, ол, менің естуімше, арнаулы комиссия сайлаған көрінеді.

Менің міндетім басқаша: сіздің хаттарыңызға әдеби және саяси документтер ретінде баға беру.

Қызықты документтер!

«Көкейкесті мәселелер» деген мақала, менің ойымша, сіздің негізгі қатеңізді ерекше айқын көрсетеді. Сіздің көзіңізді жеткізіп бағу үшін қолдан келгеннің бәрін істеуді мен өзімнің борышым деп санаймын.

Сіз мақаланың бас жағында диалектиканы дұрыс қолданғансыз. Иә, кімде-кім «азамат соғысы» ұранының «азаматтық татулық» ұранымен алмастырылғанын түсінбесе, ол адам күлкі болады, тіпті одан да сорақы жағдайға ұшырауы мүмкін. Иә, бұл жөнінен сіздікі дұрыс.

Нақ сондықтан, бұл жөнінде сіздің пікіріңіз дұрыс болғандықтан да, өзіңіз дұрыс қолдана білген диалектиканы өз қорытындыларыңызда сіздің қалайша ұмытып кеткендігіңіз мені таңқалдырады.

«...Монархистерден бастап анархистерге дейін баспасөз бостандығы болсын...» Жақсы бопты! Бірақ, ғапу етіңіз, марксистердің бәрі және біздің революцияның төрт жылдық тәжірибесі жөнінде ойланған жұмысшылардың бәрі: *қандай* баспасөз бостандығы? *не* үшін? *қай тап* үшін?— осыны талдап көрейік демей ме?

Біз «абсолюттерге» сенбейміз. Біз «таза демократияға» күлеміз.

«Баспасөз бостандығы» ұраны орта ғасырлардың аяғынан бастап, нақ XIX ғасырға дейін бүкіл дүние жүзілік ұлы ұран болды. Неге? Неге десеңіз, бұл ұран прогресшіл буржуазияны, яғни оның поптар мен корольдерге, феодалдарға, помещиктерге қарсы күресін бейнелеген еді.

Дүние жүзінде бұқараны *поптар* мен *помещиктердің* ықпалынан азат ету үшін РСФСР-дей көп жұмыс істеген және істеп отырған бірде-бір ел жоқ. «Баспасөз бостандығының» *осы* міндетін біз дүние жүзінде *басқалардың бәрінен де жақсы* орындап келдік және орындап та отырмыз.

Бүкіл дүние жүзінде, капиталистер бар жерде, баспасөз бостандығы дегеніңіз газеттерді *сатып алу*, жазушыларды *сатып алу*, *пара беріп*, сатып алу, *буржуазияның пайдасына* «қоғамдық пікірді» ойдан шығару бостандығы болып табылады.

Бұл факт.

Мұны ешкім еш уақытта бекерге шығара алмайды.

Ал бізде ше? Буржуазияның талқандалғандығын, *бірақ құртылмағандығын* кім теріске шығара алады? Оның *жасырынып жатқандығын* ше? Мұны теріске шығаруға болмайды.

Бүкіл дүние жүзінің буржуазиялық жаулары қоршап алған РСФСР-де баспасөз бостандығы дегеніңіз буржуазияның және оның құлақкесті малайларының, меньшевиктер мен эсерлердің *саяси ұйымының* бостандығы болып табылады.

Бұл — бекерге шығарылмайтын факт.

Буржуазия (бүкіл дүние жүзінде) әлі де бізден күшті, әлденеше есе күшті. Оған *тағы да* саяси ұйымның бостандығы (=баспасөз бостандығы, өйткені баспасөз—

саяси ұйымның орталығы мен негізі) сияқты қаруды беру — жаудың ісін жеңілдету, тап жауына көмектесу деген сөз.

Біз өзімізді өзіміз мерт қылғымыз келмейді, сондықтан да мұны істей алмаймыз.

Біз мына *фактіні* анық көріп отырмыз: «баспасөз бостандығы» — *іс жүзінде* халықаралық буржуазияның жүздеген, мыңдаған кадеттік, эсерлік, меньшевиктік жазушыларды дереу сатып алуы және олардың бізге қарсы насихаты мен күресін ұйымдастыруы деген сөз.

Бұл факт. «Олар» бізден бай, ендеше бізде бар күштен он есе үлкен «күшті» сатып алады.

Жоқ. Біз мұны істемейміз, біз бүкіл дүние жүзілік буржуазияға көмектеспейміз.

Сіз жалпы таптық тұрғыдан баға беруге келгенде, яғни *барлық* таптардың арасындағы қатынастарға баға беруге келгенде сентиментальдық тоғышарлық баға беруге дейін қалайша *құлдырап кеттіңіз?* Бұл мен үшін жұмбақ.

«Азаматтық татулық немесе азамат соғысы» мәселесінде, *біз* шаруаларды (пролетариат жағына) қалай тартып келдік және қалай «тартып» *жатырмыз* деген мәселеде, осы аса маңызды, түбегейлі, дүние жүзілік (= дүние жүзілік саясаттың *мәніне* байланысы бар) екі мәселеде (сіздің *екі* мақалаңыз да осыларға арналған) сіз мещандық емес, сентиментальдық емес, маркстік көзқараста бола *білдіңіз.* Сіз онда *барлық* таптардың қарым-қатынастарын *іскерлікпен,* байыптылықпен *ескере* білдіңіз.

Ал мына жерде кенет сентиментализмнің тұңғиығына құлдырап кеткенсіз.

«...Бізде оңбағандықтар мен қиянаттар толып жатыр: баспасөз бостандығы оларды әшкерелейді...»

Екі мақалаңыз бойынша, менің топшылауымша, сіз міне осы арада жаңылыс басқансыз. Сіз бірсыпыра күйінішті және қасіретті *фактілердің ырқына көніп,* күштерді *байыптылықпен* ескеру қабілетінен айрылып қалғансыз.

Баспасөз бостандығы дүние жүзілік буржуазияның *күшіне* көмектеседі. Бұл факт. «Баспасөз бостандығы» Россиядағы *коммунистік партияны* оның бірқатар әлсіздіктерінен, қателерінен, қырсықтарынан, дерттерінен (дерттердің өте көп екендігі даусыз) *тазарту* үшін қызмет атқармайды, өйткені дүние жүзілік буржуазия мұны *тілемейді,*— ал баспасөз бостандығы *осы дүние жүзілік буржуазияның* қолындағы қаруына айналады. Ол өлген жоқ. Ол әлі тірі. Ол өзіңмен қатар тұр және аңдып отыр. Ол қазірдің өзінде Милюковты *жалдап алды,* ал Чернов пен Мартов (бір жағынан, өздерінің зердесіздігінен, екінші жағынан, бізге деген фракцияшылдық кекпен, әсіресе өздерінің ұсақ буржуазиялық-демократиялық позициясының объективтік логикасы бойынша) Милюковқа «жан-тәнімен» қызмет етіп жүр.

Сіз «бір бөлмеге бара жатып, басқа бөлмеге тап болдыңыз».

Сіз коммунистік партияны *емдемек* болдыңыз да, нағыз ажал келтіретін,— әрине, сізден емес, дүние жүзілік буржуазиядан (+Милюков+Чернов+Мартов) ажал келтіретін,— *дәріге* жармастыңыз.

Сіз ұсақ-түйекті, тіпті болмашы ғана ұсақ-түйекті, атап айтқанда: дүние жүзілік буржуазияны және оның *өзіне* газеттерді сатып алу, өзіне *саяси ұйымның орталықтарын* сатып алу «бостандығын» ұмыттыңыз.

Жоқ. Біз бұл жолмен жүрмейміз. Саналы *мың* жұмысшының *тоғыз жүзі* бұл жолмен жүрмейді.

Бізде дерттер көп. 1920 жылдың күзі мен қысында отын мен *азық-түлікті* бөлуде болған қателер (орасан зор қателер!!) сияқты қателер (біздің *ортақ* қателеріміз, бәріміз де қателестік, *Еңбек және Қорғаныс Советі* де, *Халық Комиссарлары Советі* де, Орталық Комитет те қателесті) біздің жағдайымыздың дертін бұрынғыдан әлденеше есе асқындырып жіберді.

Мұқтаждық пен апаттар орасан зор.

1921 жылғы ашаршылық оларды сұмдық *күшейтіп жіберді.*

Масқара қиындықпен құтыламыз, әйтеуір құтыламыз. Қазірдің өзінде құтыла бастадық та.

Құтылмай қоймаймыз, өйткені біздің саясатымыз — негізінен алғанда дұрыс саясат, *халықаралық* көлемде *барлық* таптық күштерді есепке алатын саясат. Құтылмай қоймаймыз, өйткені өз жағдайымызды боямалап көрсетпейміз. Қиындықтардың бәрін білеміз. Дерттің *бәрін* көріп отырмыз. Оларды үнемі, табанды түрде, үрейге салынбай емдеп жатырмыз.

Сіз өзіңізді үрейлендіріп алдыңыз, сөйтіп осы құлдыраған күйіңізде өзіңіз жаңа партия құруға немесе өзіңізді өзіңіз мерт қылуға ұқсас бірдеңеге дейін құлдырап түстіңіз.

Үрейленбеу керек.

Коммунистік ұялардың партиядан қол үзуі бар ма? Бар. Бұл — кесел, апат, дерт.

Бар. Ауыр дерт.

Біз оны көріп отырмыз.

Оны «бостандықпен» *(буржуазия үшін)* емес, пролетарлық және партиялық шаралармен емдеу керек.

Ал сіздің шаруашылықты көтеру туралы, «автоплуг» және басқалар туралы, шаруаларға «ықпал жасау» жолындағы күрес, т. т. туралы айтқандарыңыздың ішінде *көптеген* дұрыс, көптеген пайдалы пікір бар.

Сіз осыны *баса көрсетсеңіз* болмай ма? Сонда біз табысамыз және бір партияда ынтымақпен жұмыс істейміз. Бұдан пайда орасан зор болады, *бірақ пайда бірден емес, өте* баяу болады.

Советтерді жандандыру, партияда жоқтарды қатыстыру, партиядағылардың жұмысын *партияда жоқтарға* тексерту — міне бұл өте дұрыс. Міне бұл арада *ұшан-теңіз* жұмыс жатыр. Мұрты кетілмеген жұмыс жатыр.

Сізге *осыны іскерлікпен* неге дамытпасқа? съезге арналған кітапшада неге дамытпасқа?

Осыны неге қолға алмасқа?

Қара жұмыстан (Орталық Бақылау Комиссиясы[46] арқылы, партиялық баспасөз арқылы, «Правда» арқылы қиянаттарды *әшкерелеу* жұмысынан) қорқатын не бар? Қара жұмысқа, баяу, қиын, ауыр жұмысқа сенбегендіктен жұрт үрейленеді де, «оңай» жол іздейді: «бас-

пасөз бостандығы» *(буржуазия үшін)* болсын дейді.

Сіз өз қатеңізді, көрінеу қатеңізді, партиялық емес, *антипролетарлық* «баспасөз бостандығы» ұранын неге жақтай бересіз? «Жылтырағы» (буржуазиялық жылтырақпен жылтырауы) кемірек қара жұмысқа, қиянаттарды іскерлікпен әшкерелеуге, оларға қарсы іскерлікпен күресуге, партияда жоқтарға іскерлікпен *көмек көрсетуге* сіз неге кіріспейсіз?

Сіз Орталық Комитетке пәлендей қиянат бар деп қай жерде айттыңыз? және оны түзетудің, жоюдың пәлендей *амалы* бар деп қай жерде айттыңыз?

Бір рет те көрсеткен жоқсыз.

Тіпті бір рет те көрсеткен жоқсыз.

Сіз көптеген апаттар мен дерттерді көріп, сарыуайымға салындыңыз, сөйтіп жаттың құшағына, буржуазияның құшағына *(буржуазия үшін* «баспасөз бостандығы») ендіңіз. Менің айтар ақылым мынау: сарыуайымға салынбау керек, үрейленбеу керек.

Бізде және бізге тілектес адамдарда, жұмысшылар мен шаруаларда, күш дегенің әлі де ұшан-теңіз. Денсаулығымыз әлі де мол.

Біз дертті нашар емдейміз.

Біз: партияда жоқтарды көтеріңдер, партиядағылардың жұмысын партияда жоқтар арқылы тексеріңдер деген ұранды әлі де болса нашар жүзеге асырып жатырмыз.

Бірақ біз бұл салада қазіргіден жүз есе көп істей аламыз және істейміз де.

Сондықтан мен сізді байыпты түрде ойланғаннан кейін, жалған тәкаппарлыққа бола көрінеу саяси қатені («баспасөз бостандығы») жақтамас деп, қайта, жүйкесін жөндеп, өз бойындағы үрейді жеңіп, тыңғылықты жұмысқа кірісетін болар: партияда жоқтармен *байланыс* орнатуға көмектесер, партиядағылардың жұмысын партияда жоқтардың *тексеруіне* көмектесер деп үміттенемін.

Бұл жұмыста істейтін істер ұшан-теңіз. Міне осы жұмыста дертті емдеуге, баяу болса да, шындап *емдеуге*

болады (және емдеу керек), ал «баспасөз бостандығымен», осы «жылтырап» көрінген батпақтың сәулесымағымен өз басыңды қатырмау керек.

Коммунистік сәлеммен
Ленин

1921 ж. мына кітапта басылған: «Айтыс материалы (Мясников жолдастың тезистері, Ленин жолдастың хаты, оған жауап, Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросының қаулысы және мотовилихалықтардың қарары)». Москва

Қолжазба бойынша басылып отыр

ТРАНСПОРТТЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ Ф. Э. ДЗЕРЖИНСКИЙДІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР[47]

§ 1. Шаралар іздестіріп табуға көбірек көңіл бөлінсін және т. т.

2—4 Ұйымдастыру бюросы Рудзутак жолдасты қатыстыра отырып, мәселелерді ең шұғыл түрде қарасын.

5— Совет жолымен талдап жасалып, жүзеге асырылсын.

6— Транспортты өрге бастыру шаралары туралы және партия аппаратының темір жол аппаратымен байланысын күшейту туралы.

1921 ж. 8 августа жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ТОМАС БЕЛЛ ЖОЛДАСҚА

Қымбатты жолдас!

Сіздің 7 августағы хатыңыз үшін көп-көп рақмет. Сырқаттықтың салдарынан және жұмыс басты болып мен соңғы айларда ағылшын қозғалысы туралы ештеңе оқи алмадым.

Сіздің хабарыңыз өте-мөте назар аударарлық. Мүмкін, мұның өзі Великобританияда *коммунистік мағынадағы* нағыз пролетарлық бұқаралық қозғалыстың *бастамасы* болар. Осы уақытқа дейін Англияда коммунизмді насихаттайтын тек бірнеше әлсіз қоғамдар (мұның ішінде Англия коммунистік партиясын[48] да қоса есептеу керек) болса да, нағыз *бұқаралық* коммунистік қозғалыс жоқ па деп қорқамын.

Егер Оңтүстік Уэльстің кеншілер федерациясы 24 июльде 63 дауысқа қарсы 120 дауыс көпшілік болып, III Интернационалға қосылуды ұйғарған болса, онда, мүмкін, бұл — жаңа заманның басталуы болар. (Англияда кеншілер қанша? 500 000-нан аса ма? Оңтүстік Уэльсте қанша? 25 000 ба? *Шындығына келгенде* 1921 ж. 24 июльде Кардиффте қанша кеншілерден өкілдер болды?).

Егер осы кеншілер оншама мардымсыз емес азшылықтың өкілдері болып отырса, егер олар солдаттармен бауырласып, *нағыз* «таптық соғысты» бастап отырған болса,— біз бұл қозғалысты *дамыту* және нығайту үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тиістіміз.

Экономикалық шаралар (қоғамдық кухнялар сияқты шаралар) жақсы-ақ, бірақ олар *қазір,* Англияда пролетарлық революция жеңгенге *дейін,* онша маңызды емес. *Қазір* бәрінен де *саяси* күрес маңызды.

Ағылшын капиталистері айлалы, ақылды, залым. Олар *саяси мақсаттардан* назарды басқа жаққа аудару *үшін* қоғамдық кухняларды (тікелей немесе жанамалап) *қолдай салады.*

Маңыздысы (егер мен қателеспесем) мыналар:

1) Англияның осы бөлегінде өте жақсы, нағыз пролетарлық, нағыз бұқаралық *коммунистік партияны,* яғни Англияның осы бөлегіндегі *бүкіл* жұмысшы қозғалысында *нағыз* **жетекші** күш бола алатын партияны құру керек (партияны ұйымдастыру және оның жұмысы туралы III конгресс қабылдаған қарарды сіздің еліңіздің осы бөлегінде қолдану керек).

2) Англияның осы бөлегіндегі жұмысшы табына арнап күнделікті жұмысшы газетін шығара бастау керек.

Бұл істі коммерциялық шара сияқты етіп бастамау керек (капиталистік елдерде газет ісінде әдетте осылай болады), көп капиталмен, әдетте жалпылама қолданылатын түрде бастамау керек, қайта мұны *бұқараның* өз күресіндегі *экономикалық және саяси* құралы етіп бастау керек.

Немесе осы аймақтың кеншілері өздерінің күнделікті (немесе апталық) *меншікті* газеті үшін,— тіпті ол өте, өте кішкентай-ақ болсын, бұл маңызды емес,— күніне (бастапқы кезде, керек десеңіз, *аптасына бір рет) жарты пенс* төлей алады,—немесе *Англияның бұл бөлегінде нағыз бұқаралық коммунистік қозғалыстың* **басталмағандығы.**

Егер осы аймақтағы коммунистік партия *кішкене листоктарды,*— ал бұлардан нағыз *пролетарлық* коммунистік газет өсіп шығар еді,—күн сайын шығаруға бірнеше фунтты жинай алмаса, егер істің жайы осылай болса және *әрбір* кенші осы листок үшін бір пенс төлемесе, онда ол жерде III Интернационалға *шынымен,* нағыз қосылудың болмағандығы.

Ағылшын үкіметі осы сияқты әрбір бастаманы тұншықтыру үшін ең айлакерлік амалдарды қолданады.

Сондықтан біздер (бастапқы кезде) өте сақ болуға тиістіміз. Газет бастапқы кезде *тым революцияшыл* болуға тиіс емес. Егер сіздер үш редактор қажет десеңіздер, онда ең аз дегенде олардың біреуі *коммунист емес* адам болуға тиіс. Ең аз дегенде екеуі нағыз жұмысшы болуға тиіс. Егер жұмысшылардың $^9/_{10}$ бөлігі газетті сатып алмаса, $^2/_3$ бөлігі $\left(\frac{120}{120+63}\right)$ *өз* газеті үшін арнаулы жарналарды (мысалы, *аптасына* бір пенс) төлемейтін болса, онда бұл газет жұмысшы газеті бола алмайды.

Егер сіз маған осы мәселе жөнінде екі-үш жол жазып жіберсеңіз, мен қатты қуанар едім, өзімнің ағылшын тілін нашар білетіндігіме ғапу етіңіз.

Коммунистік сәлеммен
Ленин

1921 ж. 13 августа жазылған

Бірінші рет 1927 ж. 21 январьда «Workers' Weekly» газетінің 205-номерінде ағылшын тілінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1927 ж. 27 январьда «Правда» газетінің 21-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Ағылшын тілінен аударма

НЕМІС КОММУНИСТЕРІНЕ ХАТ

Құрметті жолдастар!

Мен көлемді мақалада Коммунистік Интернационалдың III конгресінің сабақтары жөнінде өз көзқарасымды жазбақ едім. Амал не, сырқаттықтың салдарынан осы уақытқа дейін бұл жұмысқа кірісе алмадым. Сіздердің партияңыздың, «Германияның біріккен коммунистік партиясының» (V. K. P. D.)[49], съезі 22 августқа белгіленуі мені осы хатты тез жазуға мәжбүр етті; мен мұны Германияға кешіктірмей жіберу үшін бірнеше сағатта жазып бітіруге тиістімін.

Менің байқауымша, Германияда коммунистік партияның жағдайы тым ауыр. Бұл түсінікті де.

Біріншіден және ең алдымен, 1918 жылдың аяғынан бастап Германияның халықаралық жағдайы, пролетариаттың авангардын өкіметті дереу жеңіп алуға итермелеп, елдің ішкі революциялық дағдарысын мейлінше тез және қатты шиеленістіріп жіберді. Нақ сол кезде мықтап қаруланған, ұйымдасқан, «орыс тәжірибесінен» үйренген неміс буржуазиясы да, бүкіл халықаралық буржуазия да өршеленген өшпенділікпен Германияның революцияшыл пролетариатына шүйлікті. Германияның ондаған мың таңдаулы адамдары, оның революцияшыл жұмысшылары, буржуазиядан, оның Носке және К° сияқты мықтыларынан, оның Шейдемандар мен т. б. сияқты тікелей малайларынан, оның «II$^1/_2$ Интернационалдағы» жанама және «жымысқы» (сондықтан да ол үшін ерекше бағалы) итаршыларынан, сабаздарынан,

олардың жексұрын тұрлаусыздығынан, солқылдақтығынан, педантизмінен, мещандығынан қаза тапты және азап шекті. Қарулы буржуазия қарусыз жұмысшыларға қақпан құрды, жұмысшыларды топ-тобымен қырды, бірінен соң бірін үнемі аңди отырып, жұмысшылардың көсемдерін өлтірді, бұл ретте социал-демократтардың арасындағы екі сарынның, шейдеманшылдардың да, каутскийшілдердің де, контрреволюциялық байбаламын мейлінше шебер пайдалана білді. Ал жікке бөлінудің кешігуі салдарынан, капиталдың сатқын (Шейдемандар, Легиндер, Давидтер және К^0) және тұрлаусыз (Каутскийлер, Гильфердингтер және К^0) малайларының бандасымен қарғыс атқан «бірлік» дәстүрінің езгісі салдарынан дағдарыс кезінде неміс жұмысшыларының нағыз революциялық партиясы болмай қалды. 1912 жылғы Базель манифесін[50] «II» және «II$^1/_2$» разрядтағы оңбағандардың «алдамшы шимайы» демей, шынға балап қабылдаған әрбір адал, саналы жұмысшының ескі герман социал-демократиясының оппортунизміне деген өшпенділігі адам айтқысыз күшпен көрінді, ал осы өшпенділік — езілген және қаналған бұқараның таңдаулы адамдарының нағыз қасиетті, нағыз ұлы сезімі — адамдардың қырағы-сергектігін жойып, олардың сабырлылықпен пайымдауына мүмкіндік бермеді, қаруланған, ұйымдасқан, «орыс тәжірибесінен» үйренген, Франция, Англия, Америка қолдаған Антанта капиталистерінің тамаша стратегиясына қарсы өзінің дұрыс стратегиясын жасауына мүмкіндік бермеді, осы өшпенділік мезгілсіз көтерілістерге итермеледі.

Міне, осы себептен 1918 жылдың аяғынан бастап, Германияда революциялық жұмысшы қозғалысы өте ауыр және азапты жолмен дамыды. Дегенмен, ол дамып, тоқтаусыз ілгері басып келеді. Германиядағы жұмысшы бұқарасының, еңбекшілер мен қаналғандардың шын көпшілігінің, ескі, меньшевиктік (яғни буржуазияға қызмет етуші) кәсіподақтарға ұйымдасқандарының да, мүлдем немесе мүлдем дерлік ұйымдаспағандарының да біртіндеп солға бұрылғандығы — даусыз факт. Сабырлылық пен ұстамдылықтан айрылмау керек;—өткендегі қателерді үнемі түзетіп отыру керек;—кәсіп-

одақтардағы және олардан тыс жердегі жұмысшы бұқарасының көпшілігін үздіксіз өз жағына тартып отыру керек;— оқиғалардың барлық, әр алуан бетбұрыстары кезінде бұқараға шын басшылық ете алатын берік және парасатты коммунистік партияны шыдамдылықпен құру керек;— нағыз «білімді» (жалпы алғанда ғасырлар бойындағы тәжірибеден, әсіресе «орыс тәжірибесінен» білім алған) алдыңғы қатарлы буржуазияның ең жақсы халықаралық стратегиясы дәрежесінде болатын өз стратегияңды жасау керек,—міне осыларды істеу керек, неміс пролетариаты міне осыларды істейді, міне осылар оның жеңіске жетуіне кепілдік береді.

Екінші жағынан, қазіргі кезде Германия Коммунистік партиясының ауыр жағдайы солшыл бағыттағы («Германия Коммунистік жұмысшы партиясы», К. А. Р. D.) және оңшыл бағыттағы (Пауль Леви және оның: «Біздің Жол» немесе «Совет»[51] деген журналсымағы) нашар коммунистердің бөлініп кеткендігінен бұрынғыдан бетер қиындап отыр.

«Солшылдар», яғни «ка-а-пистер» Коммунистік Интернационалдың II конгресінен бастап, бізден халықаралық көлемде жеткілікті ескертулер естіді. Ең болмағанда басты-басты елдерде әбден берік, тәжірибелі, ықпалды коммунистік партиялар әлі өсіп жетілмей тұрғанда, біздің халықаралық съездерімізге жартылай анархистік элементтердің қатысуына шыдай тұруға тура келеді, мұның өзі белгілі бір дәрежеде тіпті пайдалы да. Бұл элементтер тәжірибесіз коммунистер үшін көрнекі түрде «қорқытатын мысал» бола алатындықтан да, сонымен қатар олардың өздері әлі үйренуге қабілетті болғандықтан да пайдалы. Бүкіл дүние жүзінде анархизм — кешегі күннен бастап емес, 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыстың басынан бастап — екі ағымға: Советтерді жақтайтын және Советтерге қарсы ағымға, пролетариат диктатурасын жақтайтын және оған қарсы ағымға бөлініп отыр. Анархизмнің осы бөліну процесінің жетілуіне және әбден пісіп жетілуіне мүмкіндік беру керек. Батыс Европада азды-көпті ірі революцияларды бастан кешірген адамдар жоқтың қасы; онда ұлы революциялардың тәжірибесі мүлдем ұмы-

тылған деуге болады; ал революцияшыл болу тілегінен және революция туралы сөздерден (және қарарлардан) нағыз революциялық жұмысқа көшу — өте қиын, баяу, азапты көшу болмақ.

Алайда, жартылай анархистік элементтерге тек белгілі бір шекке дейін ғана төзуге болатындығы және төзу керек екендігі өзінен-өзі түсінікті. Германияда біз оларға өте ұзақ төздік. Коммунистік Интернационалдың III конгресі оларға дәл мерзім белгілеп ультиматум қойды. Егер олар қазір Коммунистік Интернационалдан өздері кеткен болса, онысы тым жақсы болған. Біріншіден, олар бізді өздерін шығарып тастау бейнетінен құтқарды. Екіншіден, барлық ауытқушы жұмысшылардың алдында, ескі социал-демократияның оппортунизміне деген өшпенділіктен анархизмге іш тартатындардың бәрінің алдында Коммунистік Интернационалдың төзімді болғандығы, оның анархистерді тіпті де дереу және сөзсіз қуып шықпағандығы, оның оларды байыппен тыңдағандығы және олардың үйренуіне көмектескендігі қазір ерекше толық және ерекше айқын көрінді, дәл фактілермен дәлелденді.

Қазір ка-а-пистерге назарды азырақ аудару керек. Біз өзіміздің айтысуымызбен олардың тек атын шығарып жүрміз. Олар тым ақылсыз; оларға мән беру дұрыс емес; оларға ашуланудың да қажеті жоқ. Олардың бұқара арасында ықпалы жоқ, егер біз өзіміз қателер жасамасақ, олар ықпалға ие бола да алмайды. Бұл ағымсымаққа өзінің ажалы жетіп өлуіне мүмкіндік берейік; оның негізсіздігін жұмысшылардың өздері-ақ түсінеді. Коммунистік Интернационалдың III конгресінің ұйымдық және тактикалық шешімдерін барынша толық насихаттайық, іс жүзінде қолданайық, өзіміздің айтысуымызбен ка-а-пистердің атын аз шығаратын болайық. Қозғалыс өскен сайын солшылдықтың балалық ауруы арылып келеді, арылады да.

Дәл сол сияқты біз қазір Пауль Левиге де тектентекке көмектесіп жүрміз, онымен айтысу арқылы оның атын тектен-текке шығарып жүрміз. Оның бар тілейтіні — біздің онымен таласуымыз ғана. Коммунистік Интернационалдың III конгресінің шешімінен кейін оны

ұмыту керек, сөйтіп біздің III конгрестің шешімдері рухында барлық назарды, барлық күштерді бейбіт жұмысқа (ұрыс-керіссіз, айтыссыз, өткендегі жанжалдарды еске түсірмей жүргізілетін жұмысқа), тыңғылықты, пайдалы жұмысқа аудару керек. К. Радек жолдастың «Бүкіл дүние жүзілік III конгресс марттағы бой көрсету туралы және бұдан былайғы тактика» деген мақаласы (Германия біріккен коммунистік партиясының орталық органы «Қызыл Тудың»[52] 1921 жылғы 14 және 15 июльдегі номерлерінде жарияланған мақаласы), менің түсінуімше, III конгрестің осы жалпы және бірауызды шешіміне бірсыпыра қырсық келтіріп отыр. Поляк коммунистерінің ішінен бір жолдас маған жіберген осы мақала ешбір қажеттігі болмаса да — және іске тікелей зиян келтіріп — тек Пауль Левиге ғана қарсы шығып қоймайды (мұның онша келер-кетері болмас еді), сонымен қатар Клара Цеткинаға да қарсы шығады. Ал Клара Цеткинаның өзі Москвада, III конгресс кезінде, Германия біріккен коммунистік партиясының Орталық Комитетімен («Централе») ынтымақты, фракциясыз жұмыс істеу туралы «бітім шартын» жасасты емес пе! Және бұл шартты біздің бәріміз де мақұлдадық қой. К. Радек жолдас орынсыз айтысқұмарлық желікке беріліп кетіп, мынадай шылғи өтірікті айтуға дейін барды: оның өтірігінше, Цеткина «ұлы бұқара көтерілетін күнге дейін» (auf den Tag, wo die grossen Massen aufstehen werden) «партияның қандай да болсын бой көрсетуін» (jede allgemeine Aktion der Partei) «кейінге қалдыру» (verlegt) керек депті-міс. Әлбетте, К. Радек жолдас осындай тәсілдермен Пауль Левиге қызмет етіп отыр, ал Леви бұдан артықты тілемес те еді. Пауль Левидің бар тілейтіні — таластар шексіз созыла берсе, таластарға жұрт неғұрлым көп тартылса, Цеткинаның өзі жасасқан және бүкіл Коммунистік Интернационал мақұлдаған «бітім шарты» айтыс арқылы бұзылып, Цеткинаны партиядан шетке қақса болғаны. К. Радек жолдас өзінің мақаласында Пауль Левиге «сол жақтан» қалай көмектесудің тамаша үлгісін көрсетіп берді.

Мен III конгресте Пауль Левиді неліктен сонша ұзақ жақтағанымды осы арада неміс жолдастарға түсіндіруге

тиістімін. Біріншіден, оның себебі, мен Левимен 1915 немесе 1916 жылы Швейцарияда Радек арқылы таныстым. Леви сол кездің өзінде большевик болатын. Ал мен большевизм Россияда жеңгеннен және халықаралық көлемде бірқатар жеңістерге жеткеннен *кейін ғана* большевизмге келгендерге біршама күдіктенбей тұра алмаймын. Бірақ, әлбетте, бұл себеп онша маңызды себеп емес, өйткені мен Пауль Левидің өзін қалай дегенмен де өте аз білемін. Екінші себеп әлдеқайда маңыздырақ еді, атап айтқанда ол себеп мынау: Левидің Германияда 1921 жылғы марттағы бой көрсетуді сынап айтқан пікірлерінің көбі *негізінен дұрыс* (әрине, оның дұрыстығы бұл бой көрсету «бүлік» болды дегендігінде емес: Пауль Левидің бұлай деуі сандырақ).

Рас, Леви өзінің сынын әлсіретіп, бүлдіру үшін, өзі көрінеу теріс қазбалаған, толып жатқан уақ-түйектер арқылы істің *мәнін* өзінің де, өзгелердің де түсінуін қиындату үшін қолдан келгеннің бәрін және бірталай қолдан келмейтінді де істеп бақты. Леви өзінің сынына жарамсыз және зиянды форма берді. Басқаларға сақ және әбден ойланылған стратегияны уағыздаушы Левидің өзі баладан жаман зердесіздік істеп, ұрысқа мезгілінен ерте, дайындалмастан, дөрекіліктпен, омыраулай ұмтылғандығы сонша—бұл «ұрыста» жеңуі мүмкін болса да және жеңуге тиіс болса да, ол «ұрыста» сөзсіз жеңіліп қалды (сөйтіп өзінің жұмысын ұзақ жылдарға бүлдіріп алды немесе қиындатып алды). Пролетарлық Коммунистік Интернационалдың ұйымдасқан мүшесі ретінде іс істеудің орнына Леви «интеллигенттік анархистің» (егер мен қателеспесем, немісше бұл Edelanarchist деп аталады) істейтінін істеді. Леви тәртіпті бұзды.

Леви осындай бірқатар мейлінше зердесіздік қателер жіберу арқылы назарды істің мәніне аударуды қиындатты. Ал істің мәнінің, яғни 1921 жылғы марттағы бой көрсетуде Германияның біріккен коммунистік партиясы жасаған көптеген қателерге баға берудің *және түзетудің* орасан зор маңызы болды және орасан зор маңызы бар да. Бұл қателерді (бұларды кейбіреулер маркстік тактиканың керемет үлгісі деп дәріптеді) түсіндіру

және түзету үшін Коммунистік Интернационалдың III конгресі кезінде *оң* қанатта тұру *керек еді.* Әйтпесе Коммунистік Интернационалдың *бағыты дұрыс болмас* еді.

Мен Левиді қорғадым және қорғауға тиісті болдым, өйткені, менің байқауымша, оның қарсыластары марттағы бой көрсетудің қателіктерін көргілері келмей, ол қателерді түсіндіру және түзету қажеттігін ескермей, «меньшевизм» мен «центризм» туралы бостан-босқа даурықты. Мұндай адамдар революциялық марксизмді карикатураға, «центризмге» қарсы күресті сорақы спортқа айналдырды. Мұндай адамдар бүкіл ісімізге орасан зор зиян келтіру қаупін туғызды, өйткені «егер революцияшыл марксистер өз беделін өздері түсіріп алмаса, дүние жүзінде ешкім де олардың беделін түсіре алмайды».

Мен мұндай адамдарға былай дедім: Леви меньшевик болып кетті делік. Егер маған осыны дәлелдеп берсе, Левиді аз білетіндігімнен мен қарсыласпас едім. Бірақ бұл әлі дәлелденген жоқ. Әзірге дәлелденгені тек мынау: ол *есінен жаңылды.* Тек осыған бола адамды меньшевик деп жариялау — баланың ақылсыздығы. Партияның тәжірибелі және аса ықпалды көсемдерін тәрбиелеп өсіру — ұзақ, қиын іс. Ал мұнсыз пролетариат диктатурасы, оның «ерік бірлігі» тек жел сөз болып қала береді. Біздің Россияда басшылар тобын өсіру 15 жылға (1903—1917) созылды; бұл 15 жыл меньшевизмге қарсы күреспен өтті, бұл 15 жылда патша өкіметінің қуғын-сүргіні кездесті, бұл 15 жылдың ішінде бірінші революцияның (1905), ұлы және қуатты революцияның жылдары болды. Солай бола тұрса да, бізде де тіпті ең тамаша жолдастардың да «естерінен жаңылған» күйіништі жағдайлары болған. Егер батыс европалық жолдастар өздерін бұл сияқты «күйіништі жағдайлардан қауіпсіз деп ойлайтын болса, онда мұның балалық екендігі сонша — мұнымен күреспеске болмайды.

Леви тәртіпті бұзғандығы үшін партиядан шығарылуға тиіс болды. Тактика 1921 жылғы марттағы бой көрсетудің қателерін тәптіштеп түсіндіру және түзету *негізінде* белгіленуі керек еді. Егер осыдан *кейін* Леви

өзін бұрынғыдай ұстағысы келсе, онда ол өзін партиядан шығарудың дұрыс болғандығын дәлелдейді, онда ауытқушы немесе дүдамалданушы жұмысшыларға Пауль Леви туралы III конгресс шешімдерінің толығынан дұрыс екендігі соғұрлым зор күшпен, соғұрлым зор сенімділікпен дәлелденеді.

Мен конгресте Левидің қателеріне баға беруге неғұрлым сақтықпен қараған болсам, енді мен соғұрлым зор сеніммен: Леви ең нашар жорамалдарды расқа шығаруға асықты дей аламын. Менің алдымда оның «Біздің Жол» (15. VII. 1921) деген журналсымағының 6-номері жатыр. Журналдың алғашқы бетінде басылған редакциялық мәлімдемеден III конгрестің шешімдері Пауль Левиге белгілі екендігі көрініп тұр. Бұларға оның жауабы қандай? «Ұлы аластау» (grosser Bann) туралы, «шіркеулік право» (kanonisches Recht) туралы, бұл шешімдерді оның «толық еркіндікпен» (in vollständiger Freiheit) «талқылайтындығы» туралы айтылған меньшевиктік сөздер ғана. Егер бұл адам партия мүшесі және Коминтерн мүшесі деген атақтан айрылған болса, онда бұл арада қандай толық еркіндік болмақ! Ал оған, Левиге, білгіңіз келсе, партия мүшелері жасырын жазып отырмақ!

Әуелі — партияны аяқтан шалу, қалтарыстан жұдырық жұмсау, партияның жұмысын бүлдіру.

Содан кейін — конгресс шешімдерінің мәнін талқылау.

Қандай тамаша.

Бірақ Леви нақ осы арқылы өзін өзі біржолата құртып отыр.

Пауль Левидің төбелесті соза түскісі келеді.

Бұл тілекті қанағаттандыру аса зор стратегиялық қате болады. Мен неміс жолдастарға мынадай кеңес берер едім: партияның күнделікті баспасөзінің бетінде Левимен және оның журналсымағымен айтысуға тыйым салу керек. Оның атын шығармау керек. Күресіп жатқан партияның назарын маңызды нәрседен маңызсыз нәрсеге аударуға оған мүмкіндік бермеу керек. Мейлінше қажет болған жағдайда ғана апталық, ай сайынғы журналдарда немесе кітапшаларда айтысу керек және, мүм-

кін болғанынша, ка-а-пистер мен Пауль Левидің мәз болуына мүмкіндік бермеу керек, өйткені олар өздерінің атын атаған кезде мәз болады, бұл ретте тек қана: «өздерін коммунистер деп есептеуге жаны құмар кейбір шолақ ақыл сыншылар» туралы әңгіме ету керек.

Кеңейтілген Орталық комитеттің (Ausschuss) соңғы мәжілісінде тіпті солшыл Фрисландтың өзі де солшылдық ойынын ойнап жүрген және «центристерді қудалау» спортына жаттығуды тілейтін Масловқа мейлінше қарсы шығуға мәжбүр болыпты деген хабар алдым. Бұл Масловтың әрекетінің (сыпайылап айтқанда) оғаштығы мұнда Москвада да байқалды. Тегінде, неміс партиясы «бітім шартын» орындауды ашықтан-ашық тілемейтін және ақылынан асып пысықсынып жүрген сол Масловты және оның екі—үш пікірлестері мен серіктерін Советтік Россияға бір-екі жылға жіберіп алса теріс болмас еді. Біз оларға пайдалы іс тауып берер едік. Біз оларды жөнге салар едік. Ал мұның өзі халықаралық қозғалыс пен неміс қозғалысы үшін де анық пайдалы болар еді.

Қайткен күнде де неміс коммунистері өз араларындағы төбелесті тыюға тиіс, екі жақтың да төбелесқұмар элементтерін аластауға, Пауль Левиді және ка-а-пистерді ұмытуға, сөйтіп нағыз іспен шұғылдануға тиіс.

Іс көп.

Коммунистік Интернационалдың III конгресінің тактикалық және ұйымдық қарарлары, меніңше, қозғалыстың алға қарай үлкен қадам басқандығын көрсетеді. Осы екі қарарды іс жүзіне асыру үшін барлық күшті жұмсау керек. Бұл қиын. Бірақ мұны істеуге болады және істеу керек те.

Ең алдымен коммунистер өздерінің принциптерін бүкіл дүние жүзіне жария етуге тиісті болды. Бұл I конгресте істелді. Бұл — бірінші қадам.

Екінші қадам Коммунистік Интернационалды ұйым етіп қалыптастыру және оған қабылдау шарттарын,— центристерден, буржуазияның жұмысшы қозғалысы ішіндегі тікелей және жанама агенттерінен іс жүзінде

бөлініп шығу шарттарын — жасау болды. Бұл II конгресте істелді.

III конгресте тыңғылықты, пайдалы жұмысты бастау керек болды, қазірдің өзінде басталған коммунистік күрестің практикалық тәжірибесін ескере отырып, тактика жөнінде және ұйымдастыру жөнінде бұдан былай *нақ қалай* жұмыс істейтіндігімізді белгілеу, нақты белгілеу керек болды. Біз осы үшінші қадамды да жасадық. Бізде бүкіл дүние жүзінде коммунистер армиясы бар. Ол әзірше нашар үйретілген, нашар ұйымдастырылған. Осы ақиқатты ұмыту немесе мұны мойындаудан қорқу іске аса үлкен зиян келтірер еді. Бұл армияны іскерлікпен, аса зор сақтықпен және қатаңдықпен өзіңді өзің тексере отырып, нақ өз қозғалысыңның тәжірибесін зерттей отырып, мықтап үйрету, мықтап ұйымдастыру керек, әр түрлі маневрлерде, әр алуан шайқастарда, шабуыл және шегіну операцияларында сыннан өткізу керек. Осындай ұзақ және ауыр мектептен өтпейінше жеңіске жету мүмкін емес.

1921 жылдың жазында халықаралық коммунистік қозғалыс жағдайының «түйіні» мынау болды: Коммунистік Интернационалдың кейбір ең тәуір және ең ықпалды бөлімдері осы міндетті онша дұрыс түсінбеді, «центризмге қарсы күресті» *сәл ғана асырыңқырап жіберді,* белгілі бір шектен *сәл ғана асып кетті;* ал бұл шектен әрі асқан соң күрес спортқа айналады, бұл шектен әрі асқан соң революциялық марксизмнің беделін түсіру басталады.

III конгрестің «түйіні» осы еді.

Асыра сілтеушілік онша көп емес-ті. Бірақ оның қаупі орасан зор болды. Онымен күресу қиын еді, өйткені асыра сілтеушілікті нағыз таңдаулы, ең адал берілген элементтер жасады, ал бұларсыз Коммунистік Интернационал, бәлкім, тіпті болмас та еді. Неміс, австриялық және итальян делегацияларының қолдары қойылып, «Москва»[53] газетінде неміс, француз және ағылшын тілдерінде басылған тактикалық түзетулерде осы асыра сілтеушілік әбден анық көрінді,— анық болатын себебі, түзетулер қарардың (ұзақ және жан-жақты әзірлік жұмысынан кейін) екшеліп болған жобасына енгізілген

еді. Бұл түзетулерді қабылдамау Коммунистік Интернационалдың бағытын *түзеткендік* болды, асыра сілтеушіліктің қаупін жеңгендік болды.

Ал асыра сілтеушілік, егер оны түзетпесе, Коммунистік Интернационалды сөзсіз мерт қылған болар еді. Өйткені «егер революцияшыл марксистер өз беделін өздері түсіріп алмаса, дүние жүзінде ешкім де олардың беделін түсіре алмайды». *Егер* жеңіске жетуге коммунистердің өздері кедергі жасамаса, онда дүние жүзінде ешкім де II және $II^1/_2$ Интернационалдарды коммунистердің жеңуіне (мұның мәнісі — XX ғасырдағы Батыс Европа мен Американың жағдайларында, бірінші империалистік соғыстан кейін буржуазияны жеңуге) кедергі жасай алмайды.

Ал тіпті сәл ғана болса да асыра сілтеушілік — жеңіске кедергі жасау деген сөз.

Центризмге қарсы күресте асыра сілтеушілік — центризмді *сақтап қалу*, оның жағдайын, оның жұмысшыларға жасайтын ықпалын *нығайту* деген сөз.

Біз центризмге қарсы жеңімпаздық күресті интернационалдық көлемде жүргізуді II конгресс пен III конгрестің арасындағы кезеңде үйрендік. Бұл іспен дәлелденген. Біз бұл күресті ақыр-аяғына дейін жүргізе береміз (Левиді және Серратидің партиясын шығару).

Бірақ центризмге қарсы күрестегі теріс мағынадағы асыра сілтеушілікке қарсы күрес жүргізуді біз интернационалдық көлемде *әлі де* үйрене қойған *жоқпыз*. Бірақ біз өзіміздің осы кемшілігімізді түсіндік, оны III конгрестің барысы мен қорытындысы дәлелдеп берді. Өз кемшілігімізді өзіміз түсінгендіктен, нақ сондықтан да *біз одан арыламыз.*

Ал біз сонда жеңілмейтін боламыз, өйткені Батыс Европа мен Америкадағы буржуазия пролетариат ішінде (II және $II^1/_2$ Интернационалдың буржуазиялық агенттері арқылы) тірегі болмаған соң өкіметті ұстап *тұра алмайды.*

Нағыз шешуші, жаңа шайқастарға — қорғаныс ұрыстарына да, шабуыл ұрыстарына да — неғұрлым мұқият, неғұрлым тыңғылықты әзірлену керек,— III конгресс шешімдеріндегі негізгі және басты нәрсе, міне, осы.

«...Егер Италия коммунистік партиясы серратизмнің оппортунистік саясатына қарсы үздіксіз, қажырлы күресе отырып, сонымен қатар кәсіподақтарда, стачкаларда, фашистердің контрреволюциялық ұйымдарына қарсы шайқастарда пролетариат бұқарасымен байланыс жасай білсе, жұмысшы табының барлық ұйымдарының қозғалыстарын біріктіре білсе, оның өз бетінше болатын бой көрсетулерін мұқият әзірленген шайқастарға айналдыра білсе, онда Италияда коммунизм бұқаралық күшке айналады...»

«...Германия біріккен коммунистік партиясы келешекте өзінің жауынгерлік ұрандарын шын жағдайға неғұрлым жақсы бейімдей білсе, осы жағдайларды барынша мұқият зерттей білсе, бой көрсетулерді неғұрлым ауызбірлікпен, тәртіптілікпен жүзеге асыра білсе, бұқаралық бой көрсетулерді соғұрлым табыспен өткізе алады...»

III конгрестің тактикалық қарарының өте маңызды жерлері осындай.

Пролетариаттың көпшілігін өз жағымызға шығару керек — «ең басты міндет» (тактикалық қарардың 3-параграфының тақырыбы) осы.

Біз көпшілікті өз жағымызға шығаруды, әрине, II½ Интернационалдағы мещандық «демократияның» сабаздары сияқты формальды түрде түсінбейміз. Римде 1921 жылы июльде фашистерге қарсы бүкіл пролетариат, кәсіподақтардағы реформистік пролетариат та, Серрати партиясындағы центристік пролетариат та, коммунистердің *соңынан* ерген кезде, мұның өзі жұмысшы табының *көпшілігін* өз жағымызға *шығарып алу* болды.

Бұл әсте, әсте шешуші жеңіс бола қойған жоқ, бұл тек жеке-дара, тек өткінші, тек жергілікті жеңіс еді. Бірақ мұның өзі көпшілікті өз жағымызға шығарып алу болды. Тіпті пролетариаттың көпшілігі буржуазиядан шыққан көсемдердің немесе буржуазиялық саясатты жүргізуші көсемдердің (II және II½ Интернационалдардың барлық көсемдері осындай) соңына формальды түрде ерген кезде де немесе пролетариаттың көпшілігі ауытқып отырған кезде де мұндай өз жағына шығарып алудың болуы мүмкін нәрсе. Мұндай өз жағына шығарып алу бүкіл дүние жүзінде барлық жерде, қалай да үздіксіз алға басып келеді. Оны мықтап, мұ-

қият дайындайық, буржуазия пролетариатты күреске шығуға мәжбүр ететін кездегі бірде-бір елеулі жағдайды пайдаланбай қалмайық, пролетариат *бұқарасының* бізбен бірге *көтерілмей тұра алмайтын* кезеңдерін дұрыс анықтауды үйренейік.

Сонда, біздің ұлы жорығымыздағы кейбір жеңілістер мен кейбір өткелдер әлі де қаншама ауыр болғанымен, жеңіс қамтамасыз етіледі.

Біздің тактикалық және стратегиялық тәсілдеріміз (егер интернационалдық көлемде алып қарайтын болсақ) Россияның үлгісінен үйренген және өзін «қапы соқтырмайтын» буржуазияның тамаша стратегиясынан әлі де кейін қалып келеді. Бірақ біздің жағымызда күш көп, өлшеусіз көп, біз тактика мен стратегияны үйренудеміз, біз бұл «ғылымды» 1921 жылғы марттағы бой көрсету қателерінің тәжірибесі негізінде ілгері бастырдық. Біз бұл «ғылымды» тұтас игеріп аламыз.

Біздің партиялар күреске, қозғалысқа, бұқараның күнделікті өміріне барлық партия мүшелерін түгел қатыстыратын нағыз коммунистік партиялар, шын мәнінде революцияшыл және бірден-бір революцияшыл таптың нағыз авангарды болуға тиіс, ал біздің партиялар елдердің орасан көпшілігінде әлі де ондай бола алмай отыр. Бірақ біз өзіміздің бұл кемшілігімізді білеміз, біз оны III конгрестің партияның жұмысы туралы қарарында барынша айқын ашып көрсеттік. Біз бұл кемшілікті жоямыз да.

Жолдастар, неміс коммунистері! 22 августа болатын өздеріңіздің партия съезі солға және оңға бөлініп шыққандарға қарсы ұсақ-түйек күресті батыл, біржолата тыйып-тастаса екен деген тілекпен аяқтауыма рұқсат етіңіздер. Партия ішіндегі күрестің тыйылатын кезі жетті! Бұл күресті тікелей немесе жанамалап соза бергісі келетіндердің бәрі аласталсын. Біз қазір өзіміздің міндеттерімізді кешегіден гөрі әлдеқайда айқын, нақты, анық білеміз; біз өз қателерімізді түзету үшін оларды ашып көрсетуден қорықпаймыз. Қазір партияның барлық күшін оның жақсы ұйымдасуына, партиялық жұмыстың сапасы мен мазмұнын арттыруға, бұқарамен

мейлінше тығыз байланыс орнатуға, жұмысшы табының неғұрлым дұрыс және неғұрлым дәл тактикасы мен стратегиясын жасауға жұмсайық.

Коммунистік сәлеммен
Н. Ленин

14 август, 1921

Неміс тілінде 1921 ж. 22 августа «Die Rote Fahne» газетінің 384-номерінде басылған

Орыс тілінде 1921 ж. 21 октябрьде «Бюллетень Исполнительного Комитета Коммунистического Интернационалаoның» 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖАҢА ЗАМАН, ЖАҢА ТҮРДЕГІ ЕСКІ ҚАТЕЛЕР

Тарихтың әрбір ерекше түрдегі бетбұрысы ұсақ буржуазиялық бұлталақтаулар формасында кейбір өзгерістер туғызып отырады; бұл бұлталақтаулар әрқашан да пролетариатпен қатар орын алып, әрқашан да белгілі бір дәрежеде пролетариаттың ортасына еніп отырады.

Ұсақ буржуазиялық реформизм, яғни буржуазия алдындағы демократиялық және «социал»-демократиялық жылымшы жел сөздермен, дәрменсіз тілектермен бүркемеленген малайлық және сөз жүзінде айбарлы, ісіп-кебінген, менменсіген, ал іс жүзінде бытырандылықтың, шашырандылықтың, бассыздықтың мағынасыз көрінісі болып табылатын ұсақ буржуазиялық революционаризм — бұл бұлталақтаулардың екі «тасқыны» міне осындай. Капитализмнің ең терең тамырлары құртылмайынша, бұл бұлталақтаулар сөзсіз болып тұрады. Совет өкіметінің экономикалық саясатының белгілі бір бетбұрысына байланысты қазір бұл бұлталақтаулар формасының түрі өзгеріп отыр.

Меньшевиктенушілердің негізгі дәлелі мынау: «Большевиктер кейін қарай, капитализмге қарай бұрылды, олардың өлер жері де осы. Революция қалай дегенмен буржуазиялық революция болып шықты, соның ішінде Октябрь революциясы да сондай революция! Демократия жасасын! Реформизм жасасын!». Бұл таза меньшевиктерше немесе эсерлерше, II немесе $II^1/_2$ Интернационалдар рухында айтылып отыр ма — ол бәрібір, мәнінде айырма жоқ.

Немістің «коммунистік жұмысшы партиясы» тәрізді жартылай анархистердің немесе біздің бұрынғы жұмысшы оппозициясының партиядан кеткен немесе кетіп жатқан бөлегінің негізгі дәлелі мынау: «Большевиктер енді жұмысшы табына сенбейді!» дейді. Осыдан келіп 1921 жылғы көктемдегі «кронштадттық» ұрандарға азды-көпті болса да ұқсас ұрандар шығарылады.

Нақтылы таптық күштерді есепке алуды және даусыз фактілерді реформизмнен шыққан филистерлер мен революционаризмнен шыққан филистерлердің қыңқылы мен үрейленуіне мүмкіндігінше неғұрлым байыпты және неғұрлым дәл қарама-қарсы қою керек — марксистердің міндеті міне осы.

Біздің революцияның басты кезеңдерін еске түсіріңіздерші. 1-кезең, былайша айтқанда, таза саяси кезең, 25 октябрьден 5 январьға дейінгі, құрылтайды қуып таратқанға дейінгі кезең. Меньшевиктер мен эсерлердің *өздері* өкімет басында отырған сегіз ай ішінде (1917 жылғы февраль—октябрь) істегендерінен гөрі Россияда феодализмнің қалдықтарын шындап және толық жою үшін біз не бары 10 апта ішінде 100 есе артық істедік. Меньшевиктер мен эсерлер, ал шетелде II½ Интернационалдың барлық сабаздары ол кезде реакцияның бейшара итаршылары болды. Анархистер не абыржып оқшау тұрды, не бізге көмектесіп отырды. Ол кезде революция буржуазиялық революция болды ма? Әрине, солай болды,—біздің ісіміздің аяқталуының өзі буржуазиялық-демократиялық революцияны аяқтау болғандықтан, «шаруалар» ішінде таптық күрес әлі де болмағандықтан буржуазиялық революция болды. Бірақ сонымен қатар біз буржуазиялық революциядан *тыс*, социалистік, пролетарлық революция *үшін* орасан көп нәрсе істедік: (1) Біз *жұмысшы табының* мемлекеттік өкіметті пайдалануы жөнінде оның күшін бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде күшейттік. (2) Біз мещандық демократияның фетиштеріне, құрылтайға және байларға деген баспасөз бостандығы тәрізді буржуазиялық «бостандықтарға» бүкіл дүние жүзілік көлемде едәуір соққы бердік. (3) Біз мемлекеттің советтік *типін* құрдық,

бұл 1793 және 1871 жылдардан кейінгі жерде алға басқан алып қадам болды.

2-кезең. Брест бітімі. Бітімге қарсы революциялық жел сөздердің етек алуы,— эсерлер мен меньшевиктердің жартылай патриоттық жел сөздерінің, большевиктердің бір бөлегінің «солшылдық» жел сөздерінің етек алуы. «Империализммен бітіскен екен, онда құрыды дей бер»,— деп қайталай берді үрейленген немесе табалаған мещан. Бірақ эсерлер мен меньшевиктер империализммен бітіскенде жұмысшыларға қарсы буржуазиялық тонауға қатысушылар ретінде бітісті. Біз болсақ, жұмысшылардың өкіметін сақтап қалу үшін, тонаушыға неғұрлым қатты соққылар беру үшін тонаушыға мүліктің бір бөлегін беріп «бітістік». «Жұмысшы табының күшіне сенбейсіздер» деген жел сөздерді біз ол кезде жеткілікті-ақ естігенбіз, бірақ біз ол жел сөзге алданған жоқпыз.

3-кезең. Чехословактар мен «құрылтайшылардан» бастап Врангельге дейінгі, 1918—1920 жылдардағы, азамат соғысы. Біздің Қызыл Армия соғыстың бас кезінде болған жоқ-ты. Егер материалдық күштерді салыстыратын болсақ, бұл армия Антанта елдерінің қандай да болсын армиясына қарағанда қазір де тым аз. Бірақ солай бола тұрса да, бүкіл дүние жүзілік-құдіретті Антантаға қарсы күресте біз жеңіп шықтық. Пролетарлық мемлекеттік өкіметтің басшылығымен шаруалар мен жұмысшылардың одағы — дүние жүзілік тарихтың жеңісі ретінде — бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеге көтерілді. Меньшевиктер мен эсерлер монархияның әрі тікелей итаршыларының (министрлер, ұйымдастырушылар, уағыздаушылар), әрі бүркемеленген итаршыларының (бейне бір сырттап жүргенсіп, іс жүзінде бізге қарсы қалам сілтеген Черновтар мен Мартовтардың неғұрлым «жымысқы», неғұрлым залым позициясы) ролін атқарды. Анархистер де дәрменсіздікпен аласұрды: бір бөлегі бізге көмектесті, бір бөлегі әскери тәртіпке қарсы айқайымен немесе скептицизмімен жұмысты бүлдірді.

4-кезең. Антанта интервенция мен блокаданы тоқтатуға (ұзаққа ма, жоқ па?) мәжбүр болды. Адам айтқы-

сыз күйзелген ел күйзелістің бүкіл өршігендігін енді ғана көре бастап, өте азапты ауыртпалықты, өнеркәсіптің тоқтап қалуын, егіннің шықпай қалуын, ашаршылықты, эпидемияны бастан кешіре отырып, сәл-пәл оңала бастады.

Біз өзіміздің бүкіл дүние жүзілік-тарихи күресімізде ең жоғары және сонымен бірге ең қиын сатыға көтерілдік. Қазіргі минутта және уақыттың қазіргі кезеңінде жау—кешегі жау емес. Жау— барлық меньшевиктер мен эсерлер, бүкіл халықаралық буржуазия қолдаған помещиктердің айтқанымен жүретін ақ гвардияшылардың қалың қолы емес. Жау — ірі өнеркәсібі күйзелген ұсақ шаруалы елдегі экономиканың дағдылы мешеулігі. Жау — ұсақ буржуазиялық стихия; ол стихия бізді ауа сияқты қоршап алған, пролетариат қатарына да өте күшті еніп барады. Ал пролетариат таптық бейнесін жойған, яғни өзінің таптық қалпынан шығарылған. Фабрикалар мен заводтар тоқтап тұр—пролетариат нашарлаған, бытыраған, әлсіреген. Ал мемлекет ішіндегі ұсақ буржуазиялық стихияны бүкіл дүние жүзілік-құдіретті, бүкіл халықаралық буржуазия әлі де қолдап отыр.

Ал бұл жерде қалайша қорықпасқа? Әсіресе меньшевиктер мен эсерлер сияқты, $II^1/_2$ Интернационалдың сабаздары сияқты, дәрменсіз анархистер сияқты, «солшыл» жел сөздерді сүйетіндер сияқты мықтылар қайтіп қорықпасын. «Большевиктер капитализмге қарай бұрылып отыр, большевиктер құриды, олардың революциясы да буржуазиялық революцияның шеңберінен аспады». Осындай сарнауларды біз жеткілікті-ақ естіп отырмыз.

Бірақ бұған етіміз үйреніп болды.

Біз қауіпті кішірейтіп көрсетпейміз. Біз қауіптің бетіне тура қараймыз. Біз жұмысшылар мен шаруаларға былай дейміз: қауіп өте зор — барынша топтасқандық, ұстамдылық, байсалдылық керек, меньшевиктіктенушілерді, эсерленушілерді, үрейшілдер мен даурығушыларды жиіркенішпен аластаңдар.

Қауіп өте зор. Жау кеше әскери қуаты жөнінен бізден анағұрлым күшті болса, енді экономика жөнінен

де ол бізден анағұрлым күшті. Біз мұны білеміз, біздің күшіміздің өзі де осыны білуімізде. Россияны феодализмнен тазарту үшін де, жұмысшылар мен шаруалардың барлық күшін дамыту үшін де, империализмге қарсы бүкіл дүние жүзілік күрес үшін де, II және II½ Интернационалдардың пасықтығы мен арсыздығынан құтылған халықаралық пролетарлық қозғалыс үшін де біздің қазірдің өзінде орасан көп нәрсе істегендігіміз соншa — үрейлі айқай-шулар бізге әсер етпейді. Меньшевиктік-эсерлік «демократиядан» және салтанатты жел сөздермен бүркемеленген қорқақ реформизмнен өзгеше пролетарлық революцияшылдық не нәрсеге қабілетті екендігін бүкіл дүние жүзіне іспен дәлелдей отырып, біз өзіміздің революциялық қызметімізді қазірдің өзінде толық және артығымен «ақтадық».

Кімде-кім ұлы күрестің басталуы алдында жеңілістен қорқатын болса, ол адам жұмысшыларды қорлау үшін ғана өзін социалиспін деп атай алады.

Қауіпке тура караудан тайсалмайтындығымыздан, нақ сондықтан, біз өз күштерімізді күрес үшін жақсы пайдаланамыз,— біз мүмкіндіктерді неғұрлым байыптылықпен, сақтықпен, есеппен салмақтаймыз,— біз өзімізді күшейтіп, жаудың күшін ыдырататын икемділіктердің бәрін жасаймыз («Брест бітімі» бізді күшейтіп, халықаралық империализмнің күштерін ыдыратқан икемділік болғандығын енді барып тұрған ақымақ та көріп отыр).

Меньшевиктер азық-түлік салығы, сауда еркіндігі, концессиялар мен мемлекеттік капитализмге рұқсат беру коммунизмнің күйреуі болып табылады деп айқай салып жүр. Бұл меньшевиктерге шетелде бұрынғы коммунист Леви қосылды; Левидің қателері «солшыл» коммунистер жіберген бірсыпыра қателердің, әсіресе 1921 жылғы мартта Германияда жіберілген қателердің салдары деп түсіндіруге әрекеттенуге болатын кезде, бұл Левиді қорғау керек болды; ал ол өз ісінің теріс екенін мойындаудың орнына барлық жағынан меньшевизмге дейін құлдырап отырғанда, бұл Левиді қорғауға болмайды.

Айқай салушы меньшевиктерге мынаны айтсақ та болады: коммунистер 1918 жылдың көктемінде-ақ ұсақ буржуазиялық стихияға қарсы мемлекеттік капитализммен блок, одақ жасасу идеясын жариялап, қорғаған болатын. Бұл бұдан үш жыл бұрын болған-ды! Большевиктік жеңістің алғашқы айларында болған-ды! Сол кездің өзінде-ақ большевиктер байыпты қараған болатын. Қолда бар күштерді біздің байыппен есепке алып отырғанымыздың дұрыстығын содан бері ешкім де теріске шығара алған жоқ.

Меньшевизмге дейін құлдыраған Леви большевиктерге (барлық мещандардың, демократтардың, социал-демократтардың және басқалардың: большевиктер құрылтайды таратып жіберетін болса, олар құриды деп сәуегейлік еткені сияқты, Леви де капитализм большевиктерді жеңеді деп «сәуегейлік етеді»!) *бүкіл* жұмысшы табынан көмек сұраңдар деп ақыл айтады! Өйткені, байқап қойыңыз, осы уақытқа дейін большевиктерге *оның* тек *бір бөлегі* ғана көмектесіп келіпті-міс!

Бұл жерде Леви большевиктер енді «жұмысшы табының күшіне сенбейді» деген тақырыпта даурықпа жел сөздерді айтуды сүйетін жартылай анархистермен, айқайшылармен, ішінара бұрынғы «жұмысшы оппозициясының» кейбіреулерімен тамаша түрде тіл тауып отыр. Меньшевиктер де, анархистенушілер де «жұмысшы табының күші» деген бұл ұғымды оның іс жүзіндегі, нақты мазмұны туралы ойластырмастан, фетишке айналдырады. Бұл мазмұнды зерттеп, талдаудың орнына декламация қойылады.

Революционерлер деп атанғысы келетін II½ Интернационалдағы мырзалар елеулі жағдай атаулының қандайында болсын іс жүзінде контрреволюцияшыл болып шығады, өйткені олар ескі мемлекеттік аппаратты күшпен қиратудан қорқады, олар жұмысшы табының күшіне сенбейді. Біз эсерлер және К° жөнінде осыны айтқан кезімізде, біздің мұнымыз жел сөз емес еді. Октябрь революциясы іс жүзінде жаңа күштерді, жаңа тапты алға шығарды,— пролетариаттың таңдаулы өкілдері қазір Россияны басқарып отыр, армияны құрды және оны бастап отыр, жергілікті басқару орындарын, т. т. құр-

ды, өнеркәсіпке және басқаларына басшылық етіп отыр, мұны әркім де біледі. Егер бұл басқаруда бюрократтық бұрмалаушылықтар бар болса, онда біз бұл қырсықты жасырмаймыз, қайта оны әшкерелейміз, онымен күресеміз. Кімде-кім жаңа құрылыстың бұрмаланушылықтарына қарсы күреске бола оның мазмұнын ұмытса, жұмысшы табы совет типіндегі мемлекетті құрып, оны бастап отырғандығын ұмытса, ол адам тегі ойлай білмейді, жел сөзді көптіре береді.

Бірақ «жұмысшы табының күші» шексіз емес. Егер жұмысшы табынан тың күштердің келіп қосылуы қазір нашар, кейде өте нашар болып отырса, егер декреттердің, үндеулердің, үгіттің бәріне қарамастан, «партияда жоқтарды жоғарылату» туралы бұйрықтардың бәріне қарамастан, күштердің келіп қосылуы дегенмен нашар болып отырса, онда бұл жерде «жұмысшы табының күшіне сенбеу» туралы декламациямен құтылу — бос сөзуарлыққа дейін құлдырау деген сөз.

Белгілі бір «тыныс алу» болмайынша бұл жаңа күштер қосылмайды; ол күштер жайлап өсіп көбеймесе, басқаша көбеймейді; ол күштер қалпына келтірілген ірі индустрия базасынан шықпаса (яғни дәлірек және нақтырақ айтқанда, электрлендіру базасынан шықпаса), басқа *ешқайдан* шықпайды.

Дүние жүзінде бұрын-соңды болып көрмеген аса зор күш жұмсаудан кейін ұсақ шаруалы күйзелген елдегі жұмысшы табына, таптық бейнесін жойып алудан мықтап зардап шеккен жұмысшы табына жаңа күштердің өсіп-жетіліп, ширай алуы үшін, ал ескі және тозығы жеткен күштердің «жөнделіп шыға» алуы үшін белгілі бір уақыт қажет. 1917—1921 жылдардың сындарына жеңімпаздықпен төтеп беруге қабілетті болған әскери және мемлекеттік аппаратты құру — ұлы іс, «жұмысшы табының» нақты «күштеріне» (даурықпашылардың декламациясында көрсетілетін күштерге емес) ие болған, оны қолына алған, сарқып алған ұлы іс. Мұны түсіну керек және жұмысшы табының қажетті, дұрысын айтқанда: болмай қалмайтын *жаңа* күштерінің *баяу* өсуімен санасу керек.

Меньшевиктер большевиктердің «бонапартизмі» туралы айқай салғанда («демократияның» еркіне қарсы, әскер мен аппаратқа сүйеніп отыр-мыс деп айқай салғанда), мұның өзі буржуазияның тактикасын тамаша сипаттайды, ал Милюковтің мұны қолдауы, «Кронштадт» (1921 ж. көктем) ұрандарын қолдауы дұрыс. Қазір «жұмысшы табының» *нағыз* «күштері» осы таптың қуатты авангардынан (бірден емес, 25 жыл ішінде өз істері арқылы бірден-бір революциялық таптың» «авангарды» роліне, атағына, күшіне ие болған Россия коммунистік партиясынан) және бұған қоса таптық бейнесін жою арқылы анағұрлым нашарлаған, меньшевиктік және анархистік ауытқуларға неғұрлым бейімделгіш элементтерден құралғандығын буржуазия дұрыс ескеріп отыр.

Қазір *іс жүзінде* меньшевиктік және анархистік ықпалдарды күшейту «жұмысшы табының күшіне көбірек сенім болсын» деген ұран арқылы жүргізіліп отыр: мұны 1921 жылдың көктемінде Кронштадт барынша айқын дәлелдеді және көрсетті. Бізді «жұмысшы табының күшіне сенбейді» деп даурығушыларды әрбір саналы жұмысшы әшкерелеп, қуып шығуы керек, өйткені бұл даурығушылар — іс жүзінде буржуазия мен помещиктердің итаршылары; олар меньшевиктер мен анархистердің ықпалын кеңейту арқылы пролетариатты әлсіретіп, буржуазия мен помещиктерге қолғабыс тигізеді.

Егер «жұмысшы табының күші» деген ұғымның шын мазмұнын байыбына бара түсінетін болсақ, міне, «пәленің басы қайда жатыр»!

Құрметтілер-ау, партияда жоқтарды қазіргі ең басты «майданға», экономикалық майданға, шаруашылық құрылысы ісіне нақтылы жоғарылату жөнінде сіздердің істеген жұмыстарыңыз қайсы, сіздердің істеген істеріңіз қайсы? Саналы жұмысшылар даурығушыларға міне осындай сұрақ қоюға тиіс. Даурығушыларды әрқашан да міне осылай әшкерелеуге, іс жүзінде олардың шаруашылық құрылысына көмектеспейтінін, қайта оған бөгет жасайтынын, пролетарлық революцияға көмектеспейтінін, қайта оған бөгет жасайтынын, пролетарлық емес, қайта ұсақ буржуазиялық әрекеттер жасайтынын,

бөтен тапқа қызмет ететінін әрқашан да міне осылай дәлелдеуге болады және дәлелдеу керек те.

Біздің ұранымыз: даурығушылар жойылсын! ақ гвардияшылдықтың санасыз итаршылары — 1921 жылғы көктемдегі сорлы кронштадттықтардың қателерін қайталаушылар жойылсын! Ағымдағы кезеңнің өзгешелігін және оның міндеттерін түсіне білетін практикалық нақты іске жұмылайық! Бізге жел сөздер емес, іс керек.

Осы өзгешелікті және шын, қиялдан шығарылмаған, таптық күштерді дұрыс ескерудің өзі бізге мынаны айтып отыр:

— Соғыс, әкімшілік, жалпы саясат жөніндегі пролетарлық творчество саласында дүние жүзінде әлі болып көрмеген табыстарға жету дәуірінен кейін жаңа күштердің анағұрлым баяу өсіп-жетілу дәуірі туды; бұл дәуір әлдеқалай емес, лажсыз туып отыр, адамдардың немесе партиялардың кінәсынан емес, объективті себептердің салдарынан туып отыр. Шаруашылық жұмысында неғұрлым қиын, неғұрлым баяу, неғұрлым біртебірте істелетін құрылыс сөзсіз болып отырады; мұның өзі соғыс, әкімшілік, жалпы саясат жұмысымен салыстырғанда бұл жұмыстың өзгеше мәнінен туады. Мұның өзі бұл жұмыстың ерекше қиындығынан және, егер осылай деп айтуға болса, аса терең негізділігінен туады.

Сондықтан күрестің осы жаңа, жоғары кезеңіндегі өз міндеттерімізді аса зор, үш есе сақтықпен белгілеуге тырысуымыз керек. Бұл міндеттерді шамалап қана белгілейік; көбірек икемділік көрсетейік, әрине, пролетариат үстем тап бола отырып өзінің көрсетуіне *болатын* мөлшерде ғана икемділік жасайық; мүмкіндігінше мөлшерлі азық-түлік салығын тезірек жинайық және мүмкіндігінше шаруа шаруашылығының өркендеуіне, нығаюына, қалпына келтірілуіне көбірек еркіндік берейік; бізге аса қажет емес кәсіпорындарды арендаторларға, соның ішінде жеке капиталистерге де, шетел концессионерлеріне де берейік. Бізге ұсақ буржуазиялық стихияға қарсы пролетарлық мемлекеттің мемлекеттік капитализммен блогы немесе одағы қажет. Бұл одақты

шеберлікпен, «жеті рет өлшеп, бір-ақ кес» деген ережемен жүзеге асыру керек. Жұмыстың кіші-гірім саласын, тек өте-мөте қажетті бөлегін ғана тікелей өзімізге қалдырайық. Жұмысшы табының әлсіреген күшін көлемі *шағын іске* жұмылдырайық, бірақ оның есесіне мықтап нығайып алайық, өзімізді бір рет емес, екі рет емес, сан рет практикалық тәжірибемен тексерейік. Қадамдап, қарыстап ілгері басайық—әйтпесе, мұндай қиын жолмен, осындай ауыр жағдайда, осындай қауіп-қатер тұсында біздің әскер сияқты «әскер» қазір ілгері жылжи *алмайды*. Бұл жұмыс кімге «көңілсіз», «қызықсыз», «түсініксіз» болса, кімде-кім мұрнын тыржитса немесе үрейленуге салынса, немесе «бұрынғы өрлеу», «бұрынғы энтузиазм» және т. с. жоқ деген декламациямен есеңгірейтін болса, ондай адам залал келтірмеуі үшін оны «жұмыстан босатып», архивке тапсырған жөн, өйткені күрестің дәл осы сатысының, дәл осы кезеңінің өзгешелігі жөнінде оның ойлағысы келмейді немесе ойлай білмейді.

Елдің орасан зор күйзелуі және жанкешті күш жұмсаудан пролетариат күшінің титықтауы жағдайында біз ең қиын нәрсені: нағыз социалистік экономиканың іргетасын қалауды, өнеркәсіптің егіншілікпен дұрыс товар айырбасын (дұрысырағы: өнім айырбасын) жасауды қолға алып отырмыз. Жау бізден әлі де анағұрлым күшті; анархиялық, қапшықшылдық, жеке товар айырбасы біздің жұмысымызға қадам басқан сайын кедергі жасап отыр. Біз қиыншылықтарды айқын көріп отырмыз, оларды үнемі, табанды түрде жеңіп шығамыз да. Жергілікті орындарда көбірек бастама және дербестік болсын, ол жерлерге күш көбірек берілсін, олардың практикалық тәжірибесіне көбірек көңіл бөлінсін. Жұмысшы табы өзінің жарақаттарын жаза алады, өзінің пролетарлық «таптық күшін» қалпына келтіре алады, шаруалар пролетарлық басшылыққа деген өзінің сенімін нығайтқанда *басқаша емес,* өнеркәсіпті қалпына келтірудің және шаруаға да, жұмысшыға да тиімді мемлекеттік дұрыс өнім айырбасын жасаудың іс жүзіндегі табыстарының шамасына қарай нығайта алады. Осы табыстардың шамасына қарай жаңа күштердің келіп

қосылуына да қолымыз жетеді, мүмкін, біздің әрқайсысымыздың тілейтініміздей, онша жылдам бола қоймас, бірақ бұған біздің қолымыз жетеді.

Неғұрлым баяу әрі ұқыпты, неғұрлым ұстамды әрі табанды жұмысқа жұмылайық!

20 август, 1921 ж.

«Правда» № 190, 28 август, 1921 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Правда» газетінің В. И. Ленин түзеткен гранкалармен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА УНГЕРНДІ СОТҚА БЕРУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС[54]

Мен мынадай кеңес беремін: бұл іске көбірек көңіл бөліп, тағылған айыптың ауырлығын тексеру қажет және ол барынша толық дәлелденген жағдайда, бұған күмәндануға болмайтын тәрізді, онда ашық сот құрып, оны мейлінше тез өткізу қажет, сөйтіп атып тастау керек.

1921 ж. 26 августа телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Машинкада басылған дана бойынша басылып отыр

КІШІ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕ[55]

Киселев жолдасқа немесе Кіші Халық Комиссарлары Советінің председателі ретіндегі оның орынбасарына

27 август, 1921 ж.

Киселев жолдас!

Ақы төлеуді енгізу (қызмет көрсету, т. с. үшін) көп ретте *жұмысшыларды* адам төзгісіз жағдайға қоятынын толып жатқан арыздар көрсетіп отыр.

Мына құрамда комиссия құру керек:

1) ВЦСПС-тен 2 өкіл
2) Петроград және Москва Совдептерінен бір-бір өкіл
3) Халық Комиссарлары Советінің 2 мүшесі
4) Кіші Советтің председателі (Киселев жолдас) — председатель.

Комиссияға тапсырма:

ақы төлеуді енгізу жұмысшылардың жалақысымен және олардың жалпы жағдайымен үйлес келетіндей етіп (жұмысшылар үшін жеңілдік жасау және т. с. немесе соған ұқсас бірдеңе, ақы төлеуді енгізудің мерзімдері мен шарттары, т. т.), мәселені (және тиісті декреттерді) жан-жақты әзірлеу керек.

Халық Комиссарлары Советінің
Председателі *В. Ульянов (Ленин)*

P. S. Бұл мәселелердің бәрін *тек қана* Үлкен Халық Комиссарлары Советі арқылы өткізу керек.

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЖИЗНЬ»[56] ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ

1/IX.

«Экономическая Жизньнің» *Еңбек және Қорғаныс Советінің* органына[57] айналуы жай, бос формальдылық болып қалмауға тиіс.

Газет айбынды орган болуға тиіс; ол, біріншіден, біздің экономикамыз туралы үнемі, ақиқат мәліметтер беріп қана қоймай, сонымен қатар (екіншіден) осы мәліметтерге талдау жасап, өнеркәсіпті және басқаларын басқару мақсатында дұрыс қорытындылар алу үшін оларды ғылыми тұрғыдан саралап отыруға тиіс және ақырында, үшіншіден, экономикалық майдан қызметкерлерінің бәрін *серпілтіп,* ұқыпты түрде есеп беріліп отыруын көздеп, табысты жұмысты қостап, белгілі бір кәсіпорынның немесе мекеменің, немесе шаруашылық саласының, т. с. ұқыпсыз, артта қалған, іс білмейтін қызметкерлерін жалпы жұрттың талқысына салып отыруға тиіс.

Газет біздің экономикамыз жөнінде толып жатқан аса бағалы материал, атап айтқанда статистикалық материал беріп отырады. Бірақ бұл материалда екі кемшілік бар: ол кездейсоқ материал, толық емес, жүйеге келтірілмеген, одан соң сараланбаған, талдау жасалмаған материал.

Түсіндіру үшін мысалдар алайын.

«Москва түбіндегі бассейн июльде» (№ 188) деген мақала — ең жақсы мақалалардың бірі, өйткені онда деректерді бұрынғымен де, кәсіпорындар бойынша да салыстырып, оларға талдау жасалады. Бірақ талдау то-

лық емес. Өзге кәсіпорындар шешпеген міндетті бір кәсіпорынның (Товарков кен орны) қалай шешкендігінің себептерін анықтамайды. Практикалық қорытынды шығарылмаған. Жылдық деректермен салыстыру жоқ.

Газеттің 190-номерінде, 2-бетте, газетте тым дағдылы болып алған толып жатқан статистикалық тәптіштеулер бар, бірақ олар мүлде «түсінілмеген», кездейсоқ, шикі, ешбір талдау жасалмаған, салыстырылмаған (бұрынғымен және басқа кәсіпорындармен салыстырылмаған), т. т.

Газет тек сөз жүзінде ғана емес, ал іс жүзінде де *Еңбек және Қорғаныс Советінің* органы болуы үшін мынадай өзгерістер енгізу қажет:

1) Тиісті мекемелерге берілетін есептердің ұқыпсыз немесе шала-шарпы берілуі қатты қадағаланып отырсын, ал ұқыпсыз салақтары қара тақтаға жазылып отырсын, сонымен қатар ұқыпты түрде (тиісті халық комиссариаты арқылы немесе *Еңбек және Қорғаныс Советінің* іс басқармасы арқылы есеп беріп отыру *көзделсін.*

2) Салыстырарлық деректерді үнемі іздестіре отырып, өткен жылдардың (айлардың, т. с.) деректерін әрдайым келтіре отырып, талдау жасау үшін, үлгірмеушіліктің *себептерін* түсіндіру үшін, белгілі бір үлгірушілерді немесе басқа кәсіпорындарды басып озғандарды болса да, т. т. *бөліп көрсету* үшін әрқашан да материал іріктеп ала отырып, газетке басылатын барлық статистикалық деректерді неғұрлым қатаң түрде, яғни аса мұқияттылықпен, аса ұқыптылықпен жүйеге келтіру керек.

3) Жергілікті орындардан, коммунистерден де, *партияда жоқтардан да,* тілшілер тобы құрылсын, сөйтіп жергілікті орындардан, заводтардан, рудниктерден, совхоздардан, темір жол деполары мен шеберханаларынан, т. т. келетін хат-хабарларға көп орын берілсін.

4) Біздің экономикамыздың барлық аса маңызды мәселелері жөніндегі ақпарлар ерекше қосымшаларда басылып отырсын. Ақпарлар жан-жақты талдау жасалып, практикалық қорытындылар шығарылып, сөзсіз сараланған болуға тиіс.

Қағаз тапшы болғандықтан, оны үнемдеу керек. Сірә, мұны жүзеге асыруға болатын шығар. Мысалы, газетті 44 мың данадан 30 мың данаға түсіру керек (10 000 болысқа 2 данадан, 1000 уезге 4 данадан, 100 губернияға 10 данадан және бұдан тыс 5000 дананың бәрі тек кітапханаларға, редакцияларға және аздаған мекемелерге беріледі деп есептей отырып, дұрыс бөлген жағдайда әбден жетіп жатыр). Сонда айына 8 қосымша (2 беттен) шығару үшін жеткілікті қағаз үнемдейміз.

Мұның өзі толып жатқан аса маңызды мәселелер жөніндегі (отын; өнеркәсіп, 2—3 қосымша; транспорт; азық-түлік; совхоздар, т. т.) бір айдың ақпарларына жетіп жатыр.

Бұл қосымшалар экономиканың аса маңызды жақтарының жиынтық статистикасын, сараланған, талдау жасалған, практикалық қорытындылары бар статистикасын беруге тиіс.

Күнделікті газетте өте көп, бірақ тым бөлек-салақ статистикалық материалдың бәрі осы айлық ақпарларға *сәйкестендірілiп,* тәптіштеулерден, ұсақ-түйектерден, т. с. арылтылуға тиіс.

Көптеген мәселелер жөнінде *«Экономическая Жизнь»* мен *Орталық статистика басқармасы* мәліметтерінің негіздері бірдей болғандықтан, бұл қосымшалар *Орталық статистика басқармасы* басылымының орнына (уақытша) жүруге тиіс.

5) Ағымдағы статистикалық материалдың бәрі (а) *«Экономическая Жизнь»* қызметкерлерінің, (б) *Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы* мүшелерінің және (в) *Орталық статистика басқармасы* мүшелерінің немесе қызметкерлерінің арасында бөлінуге тиіс: бөлгенде әркім халық шаруашылығының *бір* саласын «меңгеріп»:

(аа) есептерді және есептік мәліметтерді уақытылы алып отыруға; оларды алып отыру жолында ойдағыдай «күресуге», оларды қосымша талап етіп отыруға, т. т;

(bb) ақпар берілуіне және деректерге талдау жасалуына;

(сс) практикалық қорытындылар шығаруға *ж а у а п т ы* болсын.

6) *«Экономическая Жизнь»* концессияға *және арендаға* берілген кәсіпорындарды есеп беріп отыру мағынасында да, бақылау жасап, қорытындылар шығарып отыру мағынасында да, басқа кәсіпорындарды қалай қадағаласа, *тура солай* қадағалап отыруға тиіс.

Осы мәселелер мен шараларды талқылау үшін мына құрамда: *«Экономическая Жизньнің»* редакторы, Орталық статистика басқармасынан бір адам, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясынан бір адам қатысатын кеңес шақыруды өтінемін. Кеңестің шешімдерін маған хабарлауды сұраймын.

Еңбек және Қорғаныс Советінің
Председателі *Ленин*

P. S. Сол кеңестен біздің халық шаруашылығымыздың жалпы жағдайын анықтау үшін index-number (сан-көрсеткішін) жасап шығару туралы мәселе талқылауды өтінемін. Бұл «көрсеткіш» ай сайын басылып отыруға тиіс.

1921 ж. 1 сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1923 ж. 6 ноябрьде «Экономическая Жизнь» газетінің 31-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ЕВРОПАДА ЖҰМЫСШЫЛАРДАН ЖИНАЛАТЫН АҚШАНЫ ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ[58]

2 СЕНТЯБРЬ, 1921 ж.

а) Россияның аштыққа ұшырағандары үшін Европада жұмысшылардың ақша жинауын күнбе-күн дәл есепке алуды ұйымдастыру туралы және осы ақша жөніндегі хабарларды үнемі жариялап отыру туралы мәселені Коминтерн арқылы жүзеге асыру Коминтерн Атқару комитетінің орыс мүшелеріне тапсырылсын.

б) Орталық Комитет аштыққа ұшырағандарға көмектесудің неғұрлым қолайлы түрлерінің бірі ретінде — Европа жұмысшылары арасында олардың бір күндік табыстарын арнайы бөлу жөнінде үгітті күшейтуге ерекше назар аударады.

в) Коминтерннің орыс мүшелеріне осы насихаттың барысы туралы екі аптадан кейін Саяси бюроға баяндау тапсырылсын.

*Бірінші рет,
протоколдық жазбаның
машинкада басылған данасы
бойынша басылып отыр*

В. М. МОЛОТОВҚА ЗАПИСКА ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ НУЛАНСҚА НОТА ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Молотов жолдас!

Нуланс сондай дөрекі арсыздық жасап отыр. Шешімнің жобасын осы қағаздың сыртына жазып жіберіп отырмын. Егер бізде келісушілік болмаса, ертең бүкіл Саяси бюроны шақыруды талап етемін; мен онда келемін. Бұл жерде көнуге болмайды.

4/IX. *Ленин*

Саяси бюро шешімінің текстін ұсынамын:

«Нулансқа жауап ретінде буржуазия мен империализмге қарсы прокламация түрінде ең өткір сөздермен қарсылық нота жазу Чичеринге тапсырылсын, Нуланстың өз басының контрреволюциялық ролі ерекше атап көрсетілсін, қандай да болсын шартқа дейін сарапшылар комиссиясы деген желеумен тыңшылар комиссиясын жіберу жөніндегі ұсыныстың қорлаушылық-арсыздық сипаты ерекше айтылсын, 4. IX. күні комиссияға күздік егістер жайында анкета жіберу туралы пікір ерекше келеке етілсін, өйткені мұны біздің өзіміз де мезгілінде істедік, 7 пункт ерекше келеке етілсін және біз не тек Германия à la үкіметтерімен ғана, немесе алдын ала жасалған дәл шарттардың негізінде істес боламыз, әрине, Нуланс сияқты адамдармен әсте істес болмаймыз деп мәлімделсін. Нуланс мырзалар *іске осылай қарап отырғанда, олардың* бізге көмектесеміз деген ниетіне біздің бір сәт те сене алмайтынымыз ерекше атап көрсетілсін»[59].

1921 ж. 4 сентябрьде жазылған
Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА БЕРІЛЕТІН ДИРЕКТИВАЛАР ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМША[60]

Мыналар қосылсын:

(1) азық-түлік алатын (мемлекеттен нан алатын) кәсіпорындардың санын қысқарту;

(2) Орталық Комитеттің ерекше рұқсатынсыз нан беруді көбейтпеу.

1921 ж. 5 немесе 6 сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ АЛТЫН ҚОРЫН ЖҰМСАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Саяси бюроға мынадай қаулы алуды ұсынамын:

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына мыналар тапсырылсын:

1) Армстронг фирмасының заказдарына $5^1/_4$ миллион сом қаржы бөлу туралы Халық Комиссарлары Советі қаулысының күші жойылсын.

2) Цистерналар үшін бөлінген 10,9 миллион сомның заказын орындау тоқтатылсын, сөйтіп Саяси бюроның алтын қоры жөніндегі бұдан бұрынғы барлық қаулыларына бұл шығынның қаншалықты сай келетін-келмейтіндігін бір апта мерзім ішінде тексеріп шығу Курскийге тапсырылсын.

3) 1921 жылғы августан бастап алтын қорынан бөлінген барлық қаржы жөнінде нақ осындай тексеріс жүргізу Курскийге тапсырылсын.

4) Алтын қорын жұмсау жөніндегі ерекше есептің және Саяси бюроның шешімі тұрғысынан қарағанда, шығынның әрбір статьясын ерекше тексерудің дұрыс формасын жасау Альскийге (Молотовпен бірге) тапсырылсын.

5) Армстронгтың заказдарына бөлінген қаржыны игерудің басталған-басталмағанын, егер басталып қойса, онда Халық Комиссарлары Советі шешімінің күшін жойып, оны орындауды тоқтатқаннан кейінгі жағдайдың заң жүзінде қандай болатынын документтерден қарап анықтау Курскийге тікелей тапсырылсын.

Ленин

1921 ж. 7 сентябрьде жазылған

Бірінші рет, машинкада басылған дана бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МОСКВА ҚОЙМАЛАРЫНДА САҚТАУЛЫ КІТАПТАРДЫ ЕРКІН САТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[61]

1) Москва қоймаларындағы кітаптарды есепке алу ісін бірлесіп жүргізу Москва Совдепіне және Саяси ағарту бас комитетіне тапсырылсын;

2) Саяси ағарту бас комитетіне Москва қоймаларынан кітапханаларға керекті кітаптарды алу правосы берілсін, сөйтіп бұл кітаптарды бөлгенде Москваның мүдделері толық ескерілсін; бұл мүдделерді ескеру үшін Саяси ағарту бас комитеті өзінің шешімдерімен Москва губерниялық саяси ағарту комитетінің танысуына және 3 күндік мерзім ішінде шағым беруіне мүмкіндік жасауға міндетті.

3) Москвада еркін сатылуға берілетін кітаптардың ішінен порнография мен діни мазмұндағы кітаптар алынып қалсын, олар *Қағаз өнеркәсібі бас комитетіне* қайтадан қағаз жасауға берілсін.

4) Шетел кітаптарын еркін сатуға рұқсат етілсін.

1921 ж. 13 сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[62]

Финанс және экономика жағынан барынша дербестік, жергілікті, Сибирь, Қырғыз және басқа өкімет орындарына тәуелсіздік, Халық шаруашылығы жоғары советіне тікелей бағыну негізінде Риддер, Екібастұз заводтары мен рудниктерінен және солармен шаруашылық байланысы бар барлық кәсіпорындардан мемлекеттік трест құруды дереу жүзеге асыру Богданов жолдасқа тапсырылсын.

1921 ж. 14 сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. М. МОЛОТОВҚА ЗАПИСКА ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ ҰСЫНЫС

Молотов жолдас!

Сыпайылық жасап кім көрінгенге рекомендация беріп жатыр (партияны тазалау ісі жөнінде[63]) дегенді жан-жақтан естіп жүрмін.

Орталық Комитеттің мынадай нұсқау хатын жариялауды ұсынамын (Орталық Бақылау Комиссиясы мен Тексеріс комиссиясының келісімі бойынша және солардың қолы қойылсын):

«Рекомендация алушымен бірге белгілі бір партия ұйымында жұмыс істей отырып, оның жұмысын тікелей өзі кемінде бір жыл бақылағандарға ғана рекомендация беруге рұқсат етіледі»[64].

15/IX. *Ленин*

1921 ж. 15 сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1939 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ ТАЗАЛАУЫ ТУРАЛЫ

Партияны тазалау, сірә, елеулі және орасан зор маңызды жұмысқа айналған болар.

Партияны көбінесе тәжірибеге, партияда жоқ жұмысшылардың айтуларына сүйеніп, олардың айтқандарын басшылыққа алып, партияда жоқ пролетарлық бұқараның өкілдерімен санаса отырып тазалап жатқан жерлер бар. Міне бұл — ең бағалы, ең маңызды нәрсе. Егер біз партияны жоғарыдан төменге дейін, ешкімнің «бет-жүзіне қарамастан», шын мәнісінде *осы ретпен* тазарта алсақ, революцияның жеңісі шынында да ірі жеңіс болар еді.

Өйткені революцияның жеңістері бұрын қандай болса, ендігі жерде ондай бола алмайды. Соғыс майданынан шаруашылық майданына көшумен, жаңа экономикалық саясатқа көшумен байланысты, ең алдымен еңбек өнімділігін арттыруды, еңбек тәртібін күшейтуді талап ететін жағдайлармен байланысты ол жеңістер өзінің сипатын сөзсіз өзгертіп отырады. Мұндай уақытта революцияның басты жеңісі — ішкі жағдайды жақсарту, айқын емес, көзге түсе қоймайтын, бірден көріне қоймайтын жақсарту, еңбекті, оны жолға қоюды, оның нәтижелерін жақсарту болып табылады; ұсақ буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық-анархиялық стихияның пролетариатты да, партияны да аздыратын ықпалдарына қарсы күресу мағынасындағы жақсарту болып табылады. Мұндай жақсартуды жүзеге асыру үшін партияны бұқарадан қол үзуші (әлбетте, партияны бұқара-

ның көз алдында ұятқа қалдыратын элементтерді айтпағанның өзінде) элементтерден тазарту керек. Әрине, біз бұқараның айтқандарының бәріне көне бермейміз, өйткені бұқара да кейде ырыққа көнгіш — әсіресе өте шаршап-шалдыққан, қисапсыз ауыртпалықтар мен азаптардан қажыған жылдарда — тіпті де алдыңғы қатарлы емес пиғылдардың ырқына көнгіш келеді. Бірақ адамдарды бағалауда, «бұқпантайлап кіріп кеткендер», «комиссарсығандар», «бюрократтанғандар» жөнінде теріс көзқараста болуда партияда жоқ пролетарлық бұқараның айтқандары, ал көп реттерде партияда жоқ шаруалар бұқарасының айтқандары да өте-мөте бағалы болады. Өзінің маңдай терімен нан табатын адамды, ешбір пұрсаттылығы жоқ, «бастық болуға» ешбір «жолы жоқ» адамды жирендіретін коммунистер болады, міне солармен адал және шын берілген коммунистер арасындағы айырмашылықты еңбекші бұқара аса зор сезімталдықпен біліп отырады.

Партияны партияда жоқ еңбекшілердің айтқанымен санаса отырып тазалау—ұлы іс. Ол бізге елеулі нәтижелер береді. Ол партияны таптың бұрынғыдан анағұрлым күшті авангарды етеді, оны таппен неғұрлым берік байланысқан, тапты толып жатқан қиыншылықтар мен қауіп-қатерлерден өткізіп, жеңіске жеткізуге неғұрлым қабілетті авангард етеді.

Партияны тазалаудың бір міндеті ретінде мен оны бұрынғы меньшевиктерден тазартуды да айтқан болар едім. Меніңше, партияға 1918 жылдың бас кезінен кешірек кірген меньшевиктердің, шамамен алғанда, ең көп дегенде жүзден бір бөлегін ғана партияда қалдыру керек, онда да партияда қалдырылатындардың әрқайсысын үш-төрт қайтара тексеру керек. Неге? Неге десеңіз, меньшевиктер, ағым ретінде, 1918—1921 жылдардағы дәуірдің ішінде өздерінің екі қасиетін дәлелдеді: біріншісі — жұмысшылар арасындағы үстем ағымға шебер бейімделу, «бұқпантайлап кіріп кету» қасиеті; екіншісі — ақ гвардияшыларға бұдан да шебер түрде жан-тәнімен қызмет ету, сөз жүзінде одан безіп, іс жүзінде соған қызмет ету қасиеті. Бұл екі қасиеттің екеуі де меньшевизмнің бүкіл тарихынан шығып отыр: ак-

сельродтық «жұмысшы съезін», меньшевиктердің кадеттерге (және монархияға) сөз жүзіндегі және іс жүзіндегі көзқарасын, т. т. және т. с. еске түсірсек те жетіп жатыр. Меньшевиктер РКП-ға тек макиавеллизмдіктен[65] ғана емес, тіпті де одан емес (буржуазиялық дипломатияның тәсілдері жөнінде меньшевиктер 1903 жылдан бастап-ақ өздерін осы саладағы маңдай алды шеберлер етіп дәлелдесе де), өздерінің «бейімделгіштігінен» «бұқпантайлап кіріп кетіп жүр». Оппортунист атаулының бәрі бейімделгіш келеді (бірақ бейімделгіштік атаулының бәрі оппортунизм емес), сондықтан меньшевиктер, оппортунистер ретінде, былайша айтқанда, «принципке бола» жұмысшылар арасындағы үстем ағымға бейімделеді, қоянның қыста ағарып шыға келетіні сияқты, түсін бояп өзгеріп шыға келеді. Меньшевиктердің бұл ерекшелігін білу керек және оны ескеру қажет. Ал бұл ерекшелікті ескеру — РКП-ға 1918 жылдан кейін, яғни большевиктердің жеңісі әуелі ықтимал секілді, одан соң сөзсіз секілді бола бастаған кезде қосылған меньшевиктердің барлығының шамамен жүзден тоқсан тоғызына дейінгісінен партияны тазарту деген сөз.

Партияны алаяқтардан, бюрократтанған, арамза, тұрлаусыз коммунистерден және «сырт киімін» бояған, бірақ ниеті меньшевик күйінде қалған меньшевиктерден тазарту керек.

20 сентябрь, 1921 ж.

«Правда» № 210, 21 сентябрь, 1921 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

В. В. КУЙБЫШЕВКЕ ХАТ ЖӘНЕ АМЕРИКАДАН РОССИЯҒА КЕЛЕТІН ЖҰМЫСШЫЛАР МІНДЕТТЕМЕСІНІҢ ЖОБАСЫ[66]

Куйбышев жолдас!

Рутгерс пен оның *барлық* адамдары, әрбір жұмысшыға дейін, түгелдей қолхат беруге тиіс (шартқа қол қойылған *күнде*), сол қолхаттың жобасын Сізге жіберіп отырмын.

Егер келіссеңіз, мұны соларға ұсыныңыз.

Екі тілді де *әбден* білетін сенімді *аудармашы* (барлық келіс сөздер үшін) тауып алыңыз.

Шарт қажет және ол өте-мөте дәл болуға тиіс.

Мұны жасау үшін *өзіміздің юрисіміз* (коммунист) болу керек.

Меніңше, бірқатар заводтарды және басқаларын *басқаруға тапсыру* туралы шарт деп атаған дұрыс болар.

Техникалық сарапқа *Стюнкель* және басқа бірнеше *мықты* сарапшы қол қоюға тиіс.

Коммунистік сәлеммен
Ленин

Кәсіпорынның басшылары мен ұйымдастырушылары мынадай міндеттемеге өздері қол қоюға және Америкадан Россияға келе жатқандардың бәріне қол қойдыруға келісе ме:

1. Біз мынаны жүзеге асыруға міндеттенеміз және өте мешеу және сұмдық күйзелген елде өнеркәсіпті қайта қалпына келтірумен сөзсіз байланысты болатын бірқатар ауыр мұқтаждыққа саналы түрде шыдай алатын

және соған әзір адамдардың ғана Россияға *баратындығына коллективті түрде* жауап береміз.

2. Россияға баратындар бар күш-жігерін сала және еңбек өнімділігі мен тәртіпті капиталистік нормадан мейлінше артық, асып түсетіндей етіп жұмыс істеуге міндеттенеді, өйткені осылай етпейінше Россия капитализмнен оза алмайды, тіпті оны қуып та жете алмайды.

3. Дау шыққан жағдайларда, бұл даулардың сипаты қандай болса да, олардың бәрін түгелдей Россияның жоғары Совет өкіметінің түпкілікті шешуіне беріп отыруға және оның барлық шешімдерін мұқият орындауға міндеттенеміз.

4. Ашыққан, қажыған орыс жұмысшылары мен шаруалары біздің ісімізге мейлінше күйгелектікпен қарайтынын ұмытпауға және достық қатынастар орнату үшін, сенімсіздік пен көре алмаушылықты жеңу үшін оларға барынша көмектесіп отыруға міндеттенеміз

1921 ж. 22 сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1929 ж. 20 январьда «Торгово-Промышленная Газетаның» 17-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РАБКРИННІҢ МІНДЕТТЕРІ, ОЛАРДЫ ТҮСІНУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[67]

Жұмысшы-шаруа инспекциясының міндеті —тек «ұстап алу», «әшкерелеу» ғана емес, тіпті де ол емес (бұл — соттың міндеті; Рабкрин сотпен жақын қатынаста, бірақ екеуі әсте бара-бар емес), оның міндеті— *түзей білу.*

Дер кезінде шебер түзеп отыру — Рабкриннің басты міндеті міне осы.

Түзей білу үшін, 1-ден, белгілі бір мекемедегі, кәсіпорындағы, бөлімдегі, т. с. істің жүргізілуін *зерттеп,* біліп отыру керек; 2-ден, қажетті практикалық өзгерістерді де кезінде *жүргізу керек,* оларды іс жүзіне асыру керек.

Әр түрлі және әр тектес кәсіпорындардың, мекемелердің, ведомстволардың және басқаларының іс жүргізуінде көп ұқсастық, негізгі мәселе жөнінен ұқсастық бар. Рабкриннің міндеті — тыңғылықты инспекция тәжірибесіне сүйеніп, мәселелерді тұжырымдай алатын (мәселелерді шебер, дұрыс *қойған* жағдайда олардың қойылысының өзі-ақ ревизияның ойдағыдай болуын алдын ала қамтамасыз етеді және түзеуге мүмкіндік береді) басшы, тәжірибелі, білгір адамдар тобын құру,— ревизия мен инспекцияны бағыттап отыру,—түзегуді, т. т. тексеріп отыру.

Мысалы, есеп беруді жолға қою — мейлінше әр алуан ведомстволар мен мекемелердің бәріндегі негізгі нәрсе. Рабкрин оны зерттеп, білуге тиіс,—есеп беру жұмысы жолға қойылған-қойылмағанын, дұрыс қойылған-

қойылмағанын, есеп беруді жолға қоюда қандай кемшіліктер бар екенін, оларды қалай түзеу керек екенін, т. т. ең қысқа мерзімде (тиісті кеңсеге жарты сағатқа, бір сағатқа адам жіберу арқылы) тексере білуге тиіс.

Есеп беруді жолға қою тәсілдері, кемшіліктер үшін жазалау тәсілдері, алдағаны үшін «ұстап алу» тәсілдері, іс жүзінде орындалғандығын тексеру тәсілдері Рабкринде зерттеліп, жинақталып, қорытылып отыруы керек. Рабкринде есеп беруді тәуір *жолға қойған* мекемелердің, ведомстволардың, губерниялардың *тізімі* болуға тиіс: мейлі олар 100-ден 1, тіпті 1000-нан 1 болса да оқасы жоқ, тек жақсы үлгіні қолдану саласын кеңейту жолындағы табанды және үздіксіз күресті *үнемі,* бұлжытпастан жүргізсе болғаны. Рабкринде осы күрестің *барысын,* біздің бұл күрестегі жеңістеріміз бен жеңілістерімізді көрсетіп отыратын календарьлық кесте болуы қажет.

Отын жөніндегі органдардың жұмысы туралы және 1921 жылғы күзгі дағдарыстың (отын дағдарысының) өсуі туралы баяндаманың алдын ала жасалған нобайымен танысуымның өзі Рабкринде істің *негізі* ойдағыдай қойылмағандығына менің көзімді жеткізіп отыр. Баяндаманың бұл нобайында істі *зерттеу де, түзеуге ұмтылу да* жоқ.

Мысалы, үш апталық (1921 жылдың үш апталығы) 1920 жылмен салыстырылған. Жалаң қорытындылар алынған. Дұрыс салыстырылмаған, өйткені (1) азық-түлікпен жабдықтаудағы айырмашылық та ескерілмеген (азық-түлік салығына *көшуге* байланысты 1921 жылдың көктемі де, 1921 жылдың бүкіл бірінші жарты жылы да *ерекше* жағдайларға қойылған болатын), (2) 1921 жылы егіннің шықпай қалуы да ескерілмеген.

Данишевский былай деп көрсетеді: егін шыққан губерниялар 1921 жылы үш апталықтың программасын *100 проценттен астам* орындады; егін шықпай қалған губернияларда тапсырмалардың орындалуында орасан зор олқылық болды.

Баяндамада ешбір *зерттеу* деген жоқ.

Орман бас комитетіндегі есеп берудің кемшілігі, сірә, Рабкриннің алдын ала баяндамасында дұрыс көрсетілген болса керек. Мұны Данишевский де мойындайды. Бұл дәлелденді. Есеп беру ісі нашар.

Бірақ алдын ала баяндамада нақ осы, *негізгі* мәселе жөнінде Рабкриннің: «есеп беру ісі нашар, есеп беру ісі жоқ» деген «тезиспен» *шектелуіне* мүлде болмайды. Ал есеп беруді жолға қоюды *түзеу* үшін Рабкриндегі жолдастар не істеді екен? 1921 жылдың қысы мен көктемінде Рабкриннің көптеген көрнекті қызметкерлері отын дағдарысы туралы мәселе жөніндегі *толып жатқан* кеңестер мен комиссияларға *тікелей* қатысты. Нақ 1921 жылдың көктемінде (1921 жылғы *мартта* болар) Орман бас комитетінде бастық *ауысты*. Демек, 1921 жылғы *мартта* Орман бас комитетінде *есеп беру жаңаша* қойылуға тиісті еді.

Данишевский мұны істеді. Бірақ *қанағаттанарлықсыз* істеді. Оның есеп беру ісі нашар. Күмән жоқ, Данишевский кінәлы.

Бірақ бастықты кінәлы деп табу — жұмыстың мүлде болмашы ғана бөлегі.

Рабкрин өзінің міндетін, өзінің борышын орындады ма? *Ол өзінің міндетін дұрыс түсінді ме?* Басты мәселе міне осында. Ал бұл мәселеге орындаған жоқ, түсінген жоқ деп жауап беруге тура келеді.

Отын мәселесінің қысылшаң жағдайын біле және ағаш отынның басты нәрсе екенін біле отырып, бұрынғы Орман бас комитетінің (Ломовтың) тұсында есеп беру ісі нашар болғанын біле отырып, Рабкрин мынаны істеуге тиіс еді.

1921 жылғы *мартта* жазбаша түрде: есеп беруді *былай етіп* жолға қою керек деп өзінің *ресми кеңесін* беруге тиіс еді;

1921 жылғы *апрельде* жаңа бастықтың (Данишевскийдің) есеп беру ісін қалай жолға *қойғанын* тексеріп, жазбаша түрде: былай түзеңіздер, әйтпесе іс алға баспайды деп, *тағы да* өзінің ресми кеңесін беруге тиіс еді;

1921 жылғы *майда* тағы да тексеруге және есеп беру ойдағыдай тәуір жолға қойылғанға дейін *ай сайын* осылай етіп тексере беруге тиіс еді.

Нақ 1921 жылдың көктемінде Рабкриннің нақты бір ревизорды тағайындауы керек еді (іс жүзінде, сірә, Рабкринде орман немесе жалпы отын ісі жөніндегі ревизияны немесе инспекцияны басқаратын тұтас бір «бөлім» бар болып отырғанмен, ең тәуірі «бөлім» емес, *бір* адамды тағайындау),— ол Орман бас комитетінің есеп беруін қадағалап, оны *з е р т т е п* отыруы керек еді, коллегияның нақты бір мүшесіне ай сайын баяндап немесе ақпарлар беріп отырады деуі керек еді (пәлендей губернияларда есеп беру ісі тәп-тәуір; олардың тізімдері; пәлендей губернияларда ешқандай есеп беру деген жоқ, т. т. Қолданылған шаралар қандай? РКП Орталық Комитетінде қолданылды ма? Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінде қолданылды ма? Шаралардың нәтижелері қандай?).

Данишевский есеп беру ісінің нашар жолға қойылуына кінәлы.

Рабкрин, яғни *белгілі бір,* жауапты, фамилиясы маған белгісіз *ревизор* немесе инспектор, т. с. *1921 жылғы марттан бастап* өзінің борышын орындамағандығы жөнінде кінәлы.

Бюрократтық емес, практикалық, нақты сұрақ: Орман бас комитетінің есеп беруін қалай *түзеу керек?*

Осы (аса маңызды) сұраққа Рабкриннің алдын ала баяндамасынан жауап таба алмай,— ол бұл жауапты беруге *тиіс* еді,— мен жауапты өзім іздеп отырмын, бірақ оп-оңай қателесіп кетуім мүмкін, өйткені істі зерттегенім жоқ. Менің ұсыныстарым мынау, — егер маған жақсы ұсыныстар жасаса, мен ұсыныстарымды қуана-қуана өзгертер едім:

1) есеп беру, қазір жүргізіліп отырғанындай, почта арқылы емес, телеграф арқылы (2 аптада бір рет) жүргізілсін;

2) бұл үшін өзгеше бір «код» жасау керек: азғана жазба жолдарында қорытынды берілуі үшін әріптері бар 7—9 цифр болсын (пәлендей текше сажень дайын-

далды; тасып шығарылды; алынған және берілген астық, жемшөп, т. с.);

3) не есепті мерзімінде бермегені үшін Данишевскийдің қамауға алу правосы заңды түрде белгіленсін, не (егер бұл мүмкін болмаса, егер бұл әлдеқалай қабылданбаса) есеп бермегені үшін *қамауға алуды* өтініп, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына жүгіну правосы белгіленсін; тиісті директива РКП Орталық Комитеті арқылы жүргізілсін; орындалуы тексерілсін;

4) *жергілікті жерде* көзбе-көз, тікелей *тексеру* әдістері қолданылсын: орындалып жатыр ма? қалай орындалып жатыр? қиыншылық неде?

Данишевский былай дейді: бүкіл Россия бойынша *жүріп-тұратын* бақылаушылар тағайындадым; олар қазірдің өзінде *барлық* губернияларда болды, жергілікті жерлерге дейін барды, түзеп жатыр және көптеген губернияларды түзеді дейді.

Осы рас па? Данишевскийді өзінің чиновниктері шатастырып отырған жоқ па?

Шатастырып отыруы әбден ықтимал.

Ал Рабкрин ше? Ол мұны зерттеп, білуге тиіс. Бұл жайында алдын ала баяндамада бір ауыз да сөз жоқ. Жүріп-тұратын бақылаушылар қашан тағайындалды? Олар қанша? Олардың дәрежелері қандай? Олардың жұмыс қорытындысы қандай? Егер іс қанағаттанғысыз жолға қойылған болса, оны қалай түзеу керек? Істің мәні осында, ал Рабкриннің ревизоры істің нақ осы мәніне мүлде соқпай өткен.

Қайталап айтамын, есеп беруді жолға қою туралы мәселе—негізгі мәселе. Бұл мәселені Рабкрин зерттемеген. Есеп берудің жолға қойылуын қадағалап отыру, оның жақсартылуын іске асыру және іске асырту міндетін Рабкрин орындаған жоқ,— тегінде, тіпті *түсінбеген* де.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті арқылы, РКП Орталық Комитеті арқылы, барлық жолдар арқылы Рабкрин істі ең жоғары, партиялық инстанцияларға дейін де, советтік инстанцияларға дейін де «жеткізе» білуге тиіс, есеп берудің жолға қойылуын түзеттіруге тиіс.

Мен аса маңызды (және өте қарапайым) мәселеге: есеп беруді жолға қою мәселесіне толық тоқталдым, бірақ бұдан әрі тағы да маңызды және анағұрлым қиын мәселелер, мысалы, мердігерлік жұмыстарды жолға қою (орындалуын тексеру, есепке алу, т. т.), т. с. мәселелер бар.

Алдын ала баяндамада ерекше қызықты бір мәселе *қозғалған,* бірақ ол да тек қана қозғалған, ал тыңғылықты түрде көтерілмеген. Атап айтқанда: алдын ала баяндаманың авторы былай деп жазады: «бағынышты органдардың техникалық аппараттарында (Отын бас комитетіне бағынышты Көмір бас комитеті, Орман бас комитеті және басқалардың аты аталған) *түк істемейтін қызметкерлер толып отырғанда,* жауапты басшылардың жұмысы басынан асып жатады».

Мұның өзі — бағалы және мүлде дұрыс байқалған нәрсе және бұл тек Отын бас комитетіне ғана емес, мекемелер мен ведомстволардың *барлығына* немесе 99 процентіне қатысы бар нәрсе екендігіне мен сенемін.

Осы қырсық барлық жерде бар.

Рабкрин мартта, ұйым (жаңа ұйым) құрылып жатқан кезде немесе, ең кеш дегенде, апрельде, ұйым құрылып болғанда, ресми түрде, жазбаша түрде:

былай-былай түзе деп ұсыныс жасауы керек еді.

Бұл істелмеді.

Бұл қырсықты қалай түзеу керек?

Мен мұны тіпті шамалап та білмеймін. Мұны Рабкрин білуге тиіс, өйткені оның жұмысы — осыны зерттеу,— әр түрлі ведомстволарды салғастырып отыру,—әр түрлі практикалық ұсыныстар енгізіп отыру,—оларды тәжірибеде тексеріп отыру, т. т.

«Рабкрин» дегенде мен ең алдымен осы алдын ала баяндаманың тиісті авторын айтып отырмын. Бірақ маған мұның өзі бір ғана осы авторға қатысты еместігі айқын.

Рабкриндегі мейлінше адал, білікті және тәжірибелі бірнеше қызметкерді, тым болмаса 2—3 қызметкер болса да (мұнша қызметкерлер, мүмкін, табылатын шығар) бөліп алып, оларға ревизорлардың ақылға қонымды жұмыс жоспарын, алғашқыда есеп беруді жолға

қою жұмысының жоспарын болса да жасаттыру керек. Дұрысы аз жұмысты қолға алсаң да, оны ақырына дейін жеткізе істеу керек.

Алдын ала баяндаманың авторы толып жатқан тақырыптарды қозғаған, бірақ ол тақырыптар зерттелмеген, атүсті алынған, берекелі ештеңе жоқ. «Парламенттік баяндамалармен» әуестену болып шыққан. Керегі бұл емес, *практикалық түзетулер.*

Зерттеудің кемшілігі, мысалы, 52 (39)-мәселеден көрініп отыр: тек үлгілі рудниктерді ғана бөліп алу керек. Еңбек және Қорғаныс Советінің комиссиясы (Смилга мен Рамзин) 1921 жылы сентябрьде Донбасста болып, нақ осы қорытындыға келген еді. Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының қорытындысы да нақ осындай.

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының жұмысы мен Смилганың комиссиясы туралы мен неге білемін де, мұны Отын бас комитеті туралы баяндамамен шұғылданып жүрген *арнаулы ревизор* неге білмейді?

Істің жолға қойылуы дұрыс емес.

Практикалық қорытынды ретінде мынаны ұсынамын:

1) тым болмаса есеп беруді жолға қою туралы мәселені бөліп алып, соны ақырына дейін жеткізу керек;

2) оны пәлендей адамдарға тапсырып, олардың аты-жөні маған хабарлансын;

3) орман комитетінің ісі тапсырылған ревизордың аты-жөні маған хабарлансын.

27. IX. 1921. *Ленин*

Бірінші рет 1927 ж. 6 февральда «Правда» газетінің 30-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 30-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ҚИЫР ШЫҒЫС РЕСПУБЛИКАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Чичеринмен келісуді және оған Қиыр Шығыс Республикасы туралы *дәлме-дәл,* қысқаша, *қарардың жобасы* түрінде директива жазу тапсырылуын ұсынамын[68].

Ленин

1921 ж. 7 немесе 8 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында жарияланған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ

Жауапты қызметтегі коммунистердің түрлі көлемдегі және түрлі сипаттағы жұмысқа жарайтын-жарамайтындығы тұрғысынан қарап, олардың құрамын зерттеу туралы мәселе әзірленсін, бұл жұмыс алдымен ең болмағанда Москва қаласында және губерниялардың бірінде жүргізілсін[69].

1921 ж. 8 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ЭЛЕКТРОТЕХНИКАЛЫҚ VIII СЪЕЗДІҢ ПРЕЗИДИУМЫНА[70]

Съезді өзімнің барып құттықтауыма реті келмегендігіне өте қатты өкінемін.

«Электрлендіру жоспары» деген кітаптың маңызы туралы және одан да гөрі электрлендірудің өзінің маңызы туралы менің талай рет пікір айтуыма тура келген болатын*. Машиналы ірі өнеркәсіп және оны егіншілікте қолдану — социализмнің бірден-бір экономикалық базасы, адамзатты капитал бұғауынан құтқару жолында, жер жүзін бөліп алуда ағылшын жыртқышы басымдық ала ма әлде неміс жыртқышы басымдық ала ма, жапон жыртқышы басымдық ала ма әлде американ жыртқышы басымдық ала ма, т. т. деген мәселені шешу үшін он миллиондаған адамды қорлық көрсетуден, мүгедек қылудан құтқару жолында ойдағыдай күресудің бірден-бір базасы.

Советтік жұмысшы-шаруа республикасы елімізді жүйелі және жоспарлы түрде электрлендіруді бастады. Біздің бастауымыз қаншама мардымсыз, қаншама шағын болғанымен, помещиктер мен капиталистер 4 жылғы империалистік соғыс пен 3 жылғы азамат соғысы арқылы күйзелткен ел үшін, бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы жапыштап, өзінің отарына айналдырғысы келіп, аңдып отырған ел үшін бұл істің қиыншылығы адам айтқысыз зор болғанымен, бізде электрлендіру қаншалықты қиналыспен баяу ілгерілеп келе жатқанымен, ол

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 42-том, 173—179, 378—388-беттер; 43-том, 322—324-беттер. *Ред.*

дегенмен де ілгері басып келеді. Сіздердің съезіңіздің көмегімен, Россияның барлық электротехниктерінің және бүкіл дүние жүзінің таңдаулы, алдыңғы қатарлы бірқатар ғылыми күштерінің көмегімен, жұмысшылар мен еңбекші шаруалар авангардының қаһармандықпен күш салуы арқылы біз бұл міндетті жүзеге асырамыз, біз өз елімізді электрлендіреміз.

Электротехниктердің Бүкіл россиялық VIII съезін құттықтап, оның жұмысында барынша табысқа жетуін тілеймін.

Халық Комиссарлары Советінің
Председателі *В. Ульянов (Ленин).*

1921 ж. 8 октябрьде жазылған

1921 ж. 11 октябрьде «Бюллетень VIII Всероссийского электротехнического съезданың» 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ УКРАИНАДА ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ЕГУГЕ ЖЕР БӨЛУ ТУРАЛЫ ДИРЕКТИВАЛАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ[71]

Саяси бюроның Украинада заводтардың қант қызылшасы егісіне жер бөлуі туралы және қант заводтары төңірегіндегі жерлерде шаруаларды ауыспалы егіс пен дақылдың белгілі бір нормасына күштеп бағындыру туралы

Директивалары

1. Бұл реформаның бәрі аса зор сақтықпен жүргізілсін, практикада тексеріліп, қызылша егу ісі шаруашылыққа тиімді және шаруаның тікелей ынталы болуын толық қамтамасыз етеді деп саналмайынша, бірде-бір қадам жасалмасын.

2. Заводтарға 400 000 десятина жер бөлінсін, ірі завод шаруашылығын іс жүзінде дұрыс жолға қою үшін осынша жердің шын қажеттігі алдын ала тексерілсін.

Заводтарға мынадай жауапкершілік жүктелсін: оларға берілетін бүкіл жер тиімді өңделіп, заводтар үшін пайдаланылатын болсын.

3. Шаруалардың жерлерінде әлдеқашаннан қызылша егіліп келе жатқан болса ғана бұл жерлерде ауыспалы егіс күштеп енгізілсін және олар дақылдың міндетті нормасына бағындырылсын.

4. Қант заводтарының қызылша егетін шаруалармен қатынасы шын мәнісінде ерікті келісім негізінде, қызылша егісінің белгілі бір міндетті мөлшері шеңберінде құрылуы қатаң бақылансын.

1921 ж. 10 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАУІПСІЗДЕНДІРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[72]

ВЦСПС Президиумына Халық шаруашылығы жоғары советімен, Денсаулық сақтау халық комиссариатымен және Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатымен бірлесе отырып, жаңа экономикалық саясатқа байланысты жұмысшыларды қауіпсіздендіру туралы мәселені әзірлеу тапсырылсын.

1921 ж. 10 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

А. С. КИСЕЛЕВКЕ ХАТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[73]

Кіші Халық Комиссарлары Советінің Председателі *Киселев* жолдасқа.

Көшірмелері: Халық шаруашылығы жоғары советінің председателіне

Тоқыма кәсіпорындары бас басқармасының председателіне

Азық-түлік халық комиссариатына

Иваново-Вознесенск губерниялық экономикалық кеңесінің председателі Колотилов жолдасқа.

10. X. 1921

Иваново-Вознесенск губерниялық экономикалық кеңесі 22 тоқыма кәсіпорнын іске қосуды және 80.9 миллион аршын өңделмеген мата+127.9 миллион аршын дайын товар шығаруды көздеп, *Еңбек және Қорғаныс Советінен* өздері үшін ай сайын 40 000 азық-түлік паегін және 4 миллиард сом ақша босатуды өтінеді.

Иваново-Вознесенск губерниясының ірі өнеркәсібінің экономикалық тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да ерекше маңызды екенін ескеріп, Иваново-Вознесенск губерниялық экономикалық кеңесінің өтінішін тіпті басқа аудандардың есебінен болса да қанағаттандыру үшін мейлінше күш салу қажет.

Сізден өтінетінім: ертең Тоқыма кәсіпорындары бас басқармасын (Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының келісімін алып) және Азық-түлік халық комиссариатын, сондай-ақ Иваново-Вознесенск губер-

ниялық экономикалық кеңесінің өкілдерін қатыстырып, ал қажет болған жағдайда Финанс халық комиссариатының өкілін де шақырып, кеңес өткізіңіз, өзіңіз председательдік етіңіз, сөйтіп мәселені ертең, 11 октябрьде, үлкен Халық Комиссарлары Советіне енгізетін болыңыз.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ЗАПИСКА[74]

Асығыс! Не дереу жазбаша түрде дауыс беруді, не жарты сағатқа Саяси бюроны жинауды ұсынамын.

Ұсынысым: *Мархлевский* мен *Пайкес* жөнінде келісу керек (қайсысын Дайренге, қайсысын Читаға жіберуді Чичерин шешсін).

Вашингтондағы конференцияға Ярославский лайық келмейді. Мещеряков — *о н ш а е м е с.* Ұсынысым: *тағы да* кандидаттар іздеу (24 сағат) Сыртқы істер халық комиссариаты мен Ұйымдастыру бюросына тапсырылсын.

11/X.

Ленин

1921 ж. 11 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. М. МОЛОТОВҚА ЗАПИСКА ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ РУТГЕРС ТОБЫМЕН КЕЛІСІМ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[75]

12. X. 1921 ж.

Молотов жолдас!

Рутгерстің ісі жөніндегі материалдарды қоса жіберіп отырмын.

Еңбек және Қорғаныс Советі шешуге тиіс.

Алдымен Орталық Комитетте шешіп алуды ұсынамын: мәселе — саяси мәселе. Сондықтан бұған Саяси бюро араласуға *міндетті,* өйткені әңгіме *алтын* жұмсауда болып отыр.

Сізден Саяси бюроның *барлық* мүшелерімен телефон арқылы байланыс жасауды секретарьға тапсыруды өтінемін, сөйтіп олардың әрқайсысы *бір сағат* уақыт белгілесін де, сол бір сағаттың ішінде жұма күнге дейін осы материалдарды қарап шығатын болсын. Жұма күні шешу үшін әрқайсысының қарап шығуы керек.

Секретарь белгіленген сағатты жазып қойып, Саяси бюроның әрбір мүшесіне оқуға жіберсін.

Қиын мәселе:

жақтау: *егер* американдар уәдесін орындаса, онда бізге орасан зор пайда келеді. Бұл ретте *600 000* сом алтын ақшаны аямай жұмсауға болады.

қарсы болу: уәдесінде тұра қояр ма екен? *Хейвуд* — жартылай анархист. Іскерлігінен гөрі көлгірсуі көп. *Рутгерстің* солшылдыққа бой ұрып кетуі мүмкін. *Кальверт* — сөзі тым көп адам. Мәселенің іскерлікпен шешілетінінде біздің ешқандай кепілдемеміз жоқ. Жұмыс-

сыздық жайлаған жағдайда, істің бір жағымен ғана әуестенуші адамдар бір топ «саяхат іздеушілерді» іріктеп алады, сөйтіп ақыры кикілжіңмен тынады. Ал онда біз өзіміз берген 600 000 сом алтын ақшаның *бір бөлегінен* айрыламыз (өйткені олар оның бір бөлегін, әрине, басқа жұмсап, шығын қылады) және мұның үстіне тағы да *1 миллион сомға дейін алтын ақшадан* айрылатын қаупіміз бар, өйткені 8-параграф бойынша (оның аяқ жағында) біз

«белгілі бір эмигрант әкеткен машиналар мен еңбек құралдарына жұмсалған шығындардың есесін қайтаруға» міндеттеніп отырмыз.

Аз қауіп емес.

Жақтайтындар: Смирнов И. Н. және Максимов (уралдық) — бұлар жергілікті адамдар, олар осы жағында.

Қарсы: Мартенс американдарды жақсы білуге тиіс, ол бұған қарсы.

Ленин

Мынадай жарлық беруіңізді өтінемін: жұма күні күндізгі сағат 12 мен 4-тің аралығында Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының барлық мүшелері Орталық Комитеттің секретарымен телефон арқылы байланыс жасауға дайын отырсын, өйткені олардың Орталық Комитетке шақырылуы мүмкін.

P. S. Бұл хатты да Саяси бюроның барлық мүшелеріне жіберуіңізді өтінемін.

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

С. РУТГЕРСТІҢ ҰСЫНЫСТАРЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ САЯСИ БЮРО МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Меніңше, Рутгерстің ұсыныстарын қазір, осы күйінде қабылдауға болмайды. Бірақ мына бір нәрсені байқап көрген жөн болар еді: оны *топтың құрамын өзгертуге* көндіру керек (Рутгерс+Хейвуд+Кальверт). Және финанс шарттарын да өзгерту қажет. Егер мәселені былай шешсек қайтеді:

Рутгерс жолдастың ұсыныстарын осы күйінде, яғни Богданов жолдастың және Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының онымен бірге дауыс берген мүшелерінің ұсыныстарын қабылдамай тастап,

Орталық Комитет (ал одан кейін *Еңбек және Қорғаныс Советі* — совет тарапынан) мынадай табанды тілек білдіреді: Рутгерс жолдастың тобы бізді біржола бас тартты деп есептемей, өзінің ұсыныстарын мына негізде қайта жасап берсін: α) топтың құрамын, инициаторлардың негізгі тобын өзгертіп, оны американ кәсіптік қозғалысының немесе басқа да жұмысшы ұйымдарының 5—8 көрнекті өкілімен толықтыру жағын қарастырсын; β) біздің үкіметтің шығындарын maximum 300 000 $ * сомаға дейін қысқартсын; γ) шарт бұзыла қалған күнде біздің шығындарымызды азайтып, дәл көрсетсін[76].

Ленин

1921 ж. 12 және 15 октябрь аралығында жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — доллар. *Ред.*

ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ТӨРТ ЖЫЛДЫҒЫНА

25 октябрьдің (7 ноябрьдің) төрт жылдығы таянып келеді.

Бұл ұлы күн бізден неғұрлым алыстаған сайын, Россиядағы пролетарлық революцияның маңызы соғұрлым айқындала түсуде, сондай-ақ біз өз жұмысымыздың тұтас алғанда практикалық тәжірибесіне де соғұрлым тереңірек ой жібереміз.

Бұл маңызды, бұл тәжірибені ең қысқаша — және, әрине, мүлде толық емес, дәл емес — бейнеде төмендегідей етіп баяндауға болар еді.

Россиядағы революцияның тікелей және ең таяудағы міндеті буржуазиялық-демократиялық міндет болды: орта ғасырлықтың қалдықтарын жою, оларды ақырына дейін құрту, Россияны осы варварлықтан, осы масқаралықтан, біздің еліміздегі мәдениет атаулының, прогресс атаулының осы орасан зор кедергісінен тазарту міндеті болды.

Халық бұқарасына, оның қалың ортасына әсер ету тұрғысынан қарағанда біз бұл тазартуды бұдан 125 жылдан астам уақыт бұрын өткен ұлы француз революциясынан гөрі әлдеқайда үзілді-кесілді, жедел, батыл, табысты түрде, кең және терең етіп жүргізгенімізге мақтануға праволымыз.

Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік (*яғни* пролетарлық) революцияға қатысы туралы мәселе жөнінде анархистер де, ұсақ буржуазиялық демократтар да (яғни осы халықаралық әлеуметтік тип-

тің орыс өкілдері ретінде меньшевиктер мен эсерлер де) адам айтқысыз көп шатасушылықты айтып келді және айтып жүр. Бұл пункт жөнінде марксизмді біздің ұғынуымыздың, бұрынғы революциялардың тәжірибесін біздің ескеруіміздің дұрыстығы 4 жыл ішінде толық дәлелденді. Біз буржуазиялық-демократиялық революцияны *ақырына дейін* жеткіздік; бұлай етіп ешкім де істеген жоқ. Социалистік революция буржуазиялық-демократиялық революциядан Қытай қорғаны арқылы бөлініп тұрмағандығын біле отырып, алға басуымыздың (сайып келгенде) қаншалықты сәті түсетінін, шексіз жоғары міндеттің қандай бөлегін орындайтынымызды, жеңістеріміздің қандай бөлегін өзімізге баянды ететінімізді *тек күрес қана* шешетінін біле отырып, біз әбден саналы түрде, батыл және үздіксіз *алға* басып, социалистік революцияға қарай беттеп келеміз. Тірі болсақ көрерміз. Ал қоғамды социалистік жолмен қайта құру ісінде — күйзелген, азап шеккен, артта қалған ел үшін — орасан көп нәрселер істелгендігін біз қазірдің өзінде-ақ көріп отырмыз.

Алайда біздің революцияның буржуазиялық-демократиялық мазмұнын айтып бітірейік. Оның мазмұны не екендігі марксистерге түсінікті болуға тиіс. Түсіндіру үшін көрнекі мысалдар келтірейік.

Революцияның буржуазиялық-демократиялық мазмұны дегеніміз — елдің әлеуметтік қатынастарын (тәртіптерін, мекемелерін) орта ғасырлық, крепостниктік тәртіптен, феодализмнен тазарту деген сөз.

1917 жылдың қарсаңында Россиядағы крепостниктік тәртіптің басты-басты көріністері, сарқыншақтары, қалдықтары қандай еді? Монархия, сословиелік, жер иелену мен жер пайдалану, әйелдердің хал-жағдайы, дін, ұлттарды езу болатын. Осы «Авгий ат қораларының» кез-келгенін алып көріңіздерші,—реті келген соң айта кетейік, барлық алдыңғы қатарлы мемлекеттер бұдан 125, 250 және одан да көп жылдар бұрын (Англияда 1649 жылы) *өздерінің* буржуазиялық-демократиялық революцияларын жасаған кезінде жеткілікті тазартылмаған күйінде соншалық мол етіп қалдырған,— осы Авгий ат қораларының кез-келгенін алып көріңіздерші:

К четырехлетней годовщине октябрьской революции

Наступает четырехлетняя годовщина 25-го октября (7 ноября).

Чем дальше отходит от нас этот великий день, тем яснее становится значение пролетарской революции в России, тем глубже мы вдумываемся также в практический опыт нашей работы, взятой в целом.

В самых кратких — и, конечно, далеко неполных и неточных — абрисах это значение и этот опыт можно бы изобразить следующим образом.

Непосредственной и ближайшей задачей революции в России была задача буржуазно-демократическая: свергнуть остатки средневековья, смести их до конца, очистить Россию от этого варварства, от этого позора, от этого величайшего тормоза всякой культуры и всякого прогресса в нашей стране.

И мы вправе гордиться тем, что произвели эту чистку гораздо решительнее, быстрее, смелее,

сіздер біздің оларды тап-таза етіп тазартқанымызды көресіздер. Бар болғаны *он апта* ішінде, 1917 жылғы 25 октябрьден (7 ноябрьден) бастап, құрылтайды қуып таратқанға дейін (5 январь, 1918), бұл салада біз буржуазиялық демократтар мен либералдардың (кадеттердің) және ұсақ буржуазиялық демократтардың (меньшевиктер мен эсерлердің) өздері өкімет басында отырған *сегіз айдың ішінде* істегендерінен мың есе артық істедік.

Бұл қорқақтар, мылжыңдар, менменсіген нарцистер мен гамлетсымақтар картон семсерлерін сермеумен болды — сөйтіп тіпті монархияны да жоя алмады! Біз бүкіл монархиялық пасықтықты лақтырып тастадық; ешкім, ешқашан да бұлай істеген жоқ. Біз сословиеліктің ғасырлар бойы тұрған сарайының тамтығын қалдырмай талқандап, күлін көкке ұшырдық (Англия, Франция, Германия сияқты ең алдыңғы қатарлы елдер де сословиеліктің сарқыншағынан осы уақытқа дейін арылған жоқ!). Сословиеліктің неғұрлым терең тамырларын, атап айтқанда: жер иеленудегі феодализм мен крепостниктік тәртіптің қалдықтарын біз түк қалдырмай жұлып тастадық. Ұлы Октябрь революциясының жер жөніндегі өзгерістерінен «сайып келгенде» не шығатыны жөнінде «таласуға болады» (бұл таластармен айналысатын әдебиетшілер, кадеттер, меньшевиктер мен эсерлер шетелде жеткілікті). Қазір бұл таластарға бола уақыт оздыруға біз құштар емеспіз, өйткені бұл таласты және осыған байланысты толып жатқан таластарды біз күрес арқылы шешеміз. Бірақ мына фактіге қарсы таласуға болмайды: ұсақ буржуазиялық демократтар крепостниктік тәртіптің дәстүрлерін сақтаған помещиктермен сегіз ай бойы «келісіп келді», ал біз бірнеше апта ішінде бұл помещиктерді де, олардың барлық дәстүрлерін де орыс жерінің бетінде түгін қалдырмай, жермен жексен еттік.

Дінді немесе әйелдердің правосыздығын, немесе орыс емес ұлттардың езілуі мен тең правосыздығын алып қараңыздаршы. Мұның бәрі — буржуазиялық-демократиялық революцияның мәселелері. Ұсақ буржуазиялық демократияның пасықтары бұл туралы сегіз ай бойы мылжыңдады; дүние жүзінің ең алдыңғы қатарлы елде-

рінің ішінде *бұл* мәселелерді *буржуазиялық-демократиялық* бағытта *ақырына дейін* шешкен *бірде-бір* ел жоқ. Бізде бұл мәселелер Октябрь революциясының заңдары арқылы ақырына дейін шешілді. Біз дінге қарсы шындап күресіп келдік және күресіп отырмыз. Біз орыс емес ұлттардың *бәріне олардың өз* республикаларын немесе автономиялық облыстарын бердік. Бізде, Россияда әйелдердің правосыздығы немесе правосының толық болмауы сияқты жексұрындық, пасықтық, оңбағандық жоқ, крепостниктік тәртіп пен орта ғасырлықтың осы сұмдық қалдығы, жер шарының, бірін қалдырмай алғанда, барлық елдерінде құлқынқұмар буржуазия мен топас, үрейленген ұсақ буржуазия жаңғыртып отырған осы қалдығы жоқ.

Мұның бәрі — буржуазиялық-демократиялық революцияның мазмұны. Бұл революцияның (егер жалпы бір типтің әрбір ұлттық түрі туралы айтсақ, осы революциялардың) алдыңғы қатарлы көсемдері адамзатты орта ғасырлық пұрсаттылықтан, әйелдердің теңсіздігінен, белгілі бір діннің (немесе «дін *идеясының»*, жалпы алғанда «діншілдіктің») мемлекеттік артықшылықтарынан, ұлттардың тең правосыздығынан азат етеміз деп бұдан жүз елу, екі жүз елу жыл бұрын халықтарға уәде берген болатын. Уәде берді — бірақ орындамады. Орындай алмады, өйткені «қасиетті жеке меншікті» — — — «құрметтеу» бөгет болды. Осы нағыз қарғыс атқан орта ғасырлық пен осы «қасиетті жеке меншікті» осылайша қарғыс атқан «құрметтеу» біздің пролетарлық революциямызда болған жоқ.

Ал Россия халықтарына буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңістерін баянды ету үшін біз ілгері басуға тиісті болдық және біз ілгері бастық та. Біз буржуазиялық-демократиялық революцияның мәселелерін жолшыбай, жол-жөнекей, өзіміздің басты және нағыз, *пролетарлық*-революциялық, социалистік жұмысымыздың «қосымша жемісі» ретінде шештік. Реформалар — революциялық таптық күрестің қосымша жемісі деп біз әрқашан да айтып келгенбіз. Буржуазиялық-демократиялық өзгерістер — пролетарлық, яғни социалистік революцияның қосымша жемісі дедік және біз оны

іспен дәлелдедік. Айта кетейік, барлық Каутскийлер, Гильфердингтер, Мартовтар, Черновтар, Хилквиттер, Лонгелер, Макдональдтар, Туратилер және «II$^1/_2$ Интернационалдық» марксизмнің басқа да сабаздары буржуазиялық-демократиялық революция мен пролетарлық-социалистік революцияның арасындағы *осындай* арақатынасты ұға білмеді. Біріншісі екіншісіне ұласады. Екіншісі біріншісінің мәселелерін жол-женекей шешеді. Екіншісі біріншісінің ісін баянды етеді. Екіншісінің біріншіні қаншама басып оза алуын күрес, тек қана күрес шешеді.

Совет құрылысы дегеніміз бір революцияның екінші революцияға осылайша ұласуының нақ көрнекі дәлелдерінің немесе көріністерінің бірі. Совет құрылысы дегеніміз жұмысшылар мен шаруалар үшін демократизмнің максимумы, сонымен қатар ол *буржуазиялық* демократизмнен қол үзу және демократияның *жаңа,* бүкіл дүние жүзілік-тарихи *типінің,* атап айтқанда: пролетарлық демократизмнің немесе пролетариат диктатурасының пайда болуы деген сөз.

Өліп бара жатқан буржуазияның және оның соңынан сүйретілген ұсақ буржуазиялық демократияның төбеттері мен шошқалары *өзіміздің* советтік құрылысты жасаудағы біздің сәтсіздіктеріміз бен қателіктеріміз үшін бізге қарғысты, балағатты, мазақты мейлі үйіп-төге берсін. Бізде сәтсіздіктер мен қателіктер шынында да көп болғанын және көп болып отырғанын біз бір минут та ұмытпаймыз. Мемлекеттік құрылымның бұрын-соңды болып көрмеген *типін* жасау сияқты жаңа істе, бүкіл дүние жүзілік тарих үшін жаңа істе сәтсіздіктер мен қателіктерге ұрынбау оңай ма екен! Өзіміздің сәтсіздіктеріміз бен қателіктерімізді түзеу жолында, советтік принциптерді өмірге қолдануымызды, әлі де болса мүлде машықталмаған қолдануымызды жақсарту жолында біз үздіксіз күресе береміз. Бірақ біз совет мемлекетін құру ісін *бастау,* осы арқылы бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа заманын, *жаңа* таптың, барлық капиталистік елдерде езіліп келген және барлық жерде жаңа өмірге қарай, буржуазияны жеңуге қарай, пролетариат диктатурасына қарай, адамзатты капитал езгісі-

нен, империалистік соғыстардан құтқаруға қарай келе жатқан таптың үстемдік ету заманын *бастау* бақыты біздің үлесімізге тигеніне мақтануға праволымыз және бұған мақтанамыз да.

Империалистік соғыстар туралы мәселе, финанс капиталының қазір бүкіл дүние жүзінде үстем болып отырған халықаралық саясаты туралы, империалистік жаңа соғыстарды *сөзсіз* туғызатын, ұлттық езгіні адам айтқысыз күшейтуді, әлсіз, артта қалған, ұсақ халықтарды ат төбеліндей «алдыңғы қатарлы» державалардың тұншықтыруын, тонауын, талауын сөзсіз туғызатын саясаты туралы мәселе,— осы мәселе 1914 жылдан бастап жер шарындағы барлық елдердің бүкіл саясатының негізгі мәселесі болып алды. Бұл — ондаған миллион адамдардың өмірі мен өлімі мәселесі. Мұның өзі келесі империалистік соғыста, буржуазия біздің көз алдымызда әзірлеп жатқан, біздің көз алдымызда капитализмнен өсіп шығып келе жатқан соғыста 20 миллион адам қырыла ма, жоқ па (1914—1918 жылдардағы соғыста және оған қосымша болған, қазірге дейін бітпей отырған «ұсақ» соғыстарда өлген 10 миллионның орнына), сөзсіз болғалы тұрған (егер капитализм сақталса) келешек соғыста 60 миллион адам (1914—1918 жылдарда мүгедек болған 30 миллионның орнына) мүгедек бола ма, жоқ па деген мәселе. Бұл мәселе жөнінде де біздің Октябрь революциясы бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа заманын ашты. Буржуазияның малайлары және оның эсерлер мен меньшевиктер түріндегі, бүкіл дүние жүзінің бүкіл ұсақ буржуазиялық «социалистік-сымақ» демократиясы түріндегі итаршылары «империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру» ұранын мазақ еткен еді. Ал бұл ұран бірден-бір *шындық* болып шықты — ұнамсыз, дөрекі, жалаң, қатал шындық болды, мұның бәрі де осылай, бірақ ең жымысқы шовинистік және пацифистік алдаулардың қара түнегі ортасындағы *шындық* болып шықты. Бұл алдаулар талқандалып жатыр. Брест бітімі әшкереленді. Брест бітімінен де сорақы Версаль бітімінің мәні мен нәтижелері күннен-күнге аяусыз әшкереленіп отыр. Сондықтан кешегі соғыстың

себептері туралы және төніп келе жатқан ертеңгі соғыс туралы ойлайтын миллион-миллион адамдарға: империалистік соғыстан және оны сөзсіз туғызатын империалистік дүниеден (егер бізде ескі жазу емлесі болса, мен «дүние» деген сөзді оның екі мағынасында да жазған болар едім), бұл тамұқтан *большевиктік күрес пен большевиктік революция арқылы болмаса, басқаша* құтылуға болмайды деген айбарлы шындық барған сайын айқынырақ, барған сайын анығырақ, барған сайын талассыз болып көрінеді.

Буржуазия мен пацифистер, генералдар мен мещандар, капиталистер мен филистерлер, барлық діншіл христиандар мен II және II 1/2 Интернационалдардың барлық сабаздары бұл революцияны мейлі құтырынып жазғыра берсін. Құл иеленушілер арасындағы соғысқа құлдар мына ұранды: құл иеленушілердің арасында өздерінің олжаларын бөлісуге бола жүргізіліп жатқан соғысты барлық ұлттар құлдарының барлық ұлттардың құл иеленушілеріне қарсы соғысына айналдырайық деген ұранды жүздеген, мыңдаған жылдар ішінде ашықтан-ашық жариялаумен алғаш рет жауап бергендігінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи фактісін олар қастандықты, жаланы, өтірікті қалай үйіп-төксе де көлеңкелей алмайды.

Жүздеген, мыңдаған жылдар ішінде алғаш рет бұл ұран күңгірт, дәрменсіз үміттен айқын, дәлме-дәл саяси программаға, пролетариаттың басшылығымен миллиондаған езілгендердің пәрменді күресіне айналды, пролетариаттың алғашқы жеңісіне, соғыстарды жою ісінің әр түрлі ұлттар буржуазиясының — капиталдың құлдары есебінен, жалдама жұмысшылар есебінен, шаруалар есебінен, еңбекшілер есебінен келісетін де, соғысатын да буржуазияның одағына қарсы барлық елдер жұмысшыларының одағы ісінің бірінші жеңісіне айналды.

Бұл бірінші жеңіс *әлі түпкілікті жеңіс емес* және біздің Октябрь революциясы бұл жеңіске көз көрмеген ауыртпалықтармен, қиыншылықтармен, құлақ естімеген азаптармен жетті, бұл жолда біздің тарапымыздан бірқатар орасан зор сәтсіздіктер мен қателіктер жіберілді.

Жер шарының ең құдіретті және ең алдыңғы қатарлы елдерінің империалистік соғыстарын артта қалған халықтың бір өзі сәтсіздіксіз, қателіксіз жеңе алуы оңай ма екен! Біз өз қателіктерімізді мойындаудан қорықпаймыз және ол қателіктерді түзетуді үйрену үшін оларға байыптылықпен қараймыз. Бірақ факт сол факт күйінде қалады: құл иеленушілер арасындағы соғысқа құлдардың барлық және әр алуан құл иеленушілерге *қарсы* революциясымен «жауап береміз» деген уәде жүздеген, мыңдаған жылдар ішінде бірінші рет *ақырына дейін орындалды* — — — және барлық қиыншылықтарға қарамастан орындалып жатыр.

Біз бұл істі бастадық. Бұл істі нақ қашан, қай мерзімде, қай ұлттың пролетарлары ақырына дейін жеткізеді дегенге келсек — мәселенің мәні мұнда емес. Мәселенің мәні мынада: сең қозғалды, жол ашылды, бағыт көрсетілді.

Америка отанынан Жапония отанын, Жапония отанынан Америка отанын, Англия отанынан Франция отанын, тағы басқалардың «отанын қорғайтын» барлық елдердің капиталист мырзалары, мейлі екіжүзділіктерін істей беріңдер! Бүкіл дүние жүзінің барлық пацифист мещандарымен, филистерлерімен қоса II және II 1/2 Интернационалдардың сабаз мырзалары, империалистік соғыстарға қарсы күрестің құралдары туралы мәселеден жаңа «Базель манифестері» арқылы (1912 жылғы Базель манифесінің үлгісі бойынша) «сырғақтаумен» құтыла беріңдер! *Бірінші большевиктік революция* жер бетінде *алғашқы жүз миллион адамды* империалистік соғыстан, империалистік дүниеден құтқарды. Келесі революциялар мұндай соғыстардан, мұндай дүниеден бүкіл адамзатты құтқарады.

Біздің соңғы,— әрі ең маңызды, әрі ең қиын, әрі ең шала істелген ісіміз: ол шаруашылық құрылыс, қираған феодалдық және жартылай қираған капиталистік үйдің орнына жаңа, социалистік үйдің экономикалық іргетасын қалау. Осы ең маңызды, ең қиын істе бізде бәрінен де көп сәтсіздіктер, бәрінен де көп қателіктер болды. Осындай бүкіл дүние жүзілік жаңа істі сәтсіздіксіз, қателіксіз бастау оңай болып па! Алайда біз оны баста-

дық. Біз оны жүргізіп жатырмыз. Біз нақ қазір өзіміздің «жаңа экономикалық саясатымыз» арқылы толып жатқан қателіктерімізді түзеудеміз, біз ұсақ шаруалы елде социалистік үйді бұдан былай осы қателіктерсіз қалай тұрғызуға болатынын үйренудеміз.

Қиыншылықтар ұшан-теңіз. Біз ұшан-теңіз қиыншылықтармен күресуге әдеттенгенбіз. Біздің жауларымыз бізді «тастай берік» адамдар, «қатал саясаттың» өкілдері деп атауы тегін емес болар. Сондай-ақ, біз — қала берді: белгілі бір дәрежеде революцияда қажетті екінші бір өнерді — икемділікті үйрендік, өзгерген объективті жағдайларды ескере отырып, егер бұрынғы жол уақыттың қазіргі кезеңінде мақсатқа сай келмесе, мүмкін болмаса, онда өзіміздің мақсатымызға апаратын басқа жолды таңдай отырып, тактикамызды жедел және кілт өзгерте білуді үйрендік.

Энтузиазм толқынымен көтерілген біздер, халықтық энтузиазмді, әуелі жалпы саяси, одан соң әскери энтузиазмді оятқан біздер, тікелей осы энтузиазм арқылы сондайлық зор (әрі жалпы саяси, әрі әскери) экономикалық міндеттерді де жүзеге асырмақшы болдық. Біз тиянақтап есептеп алмастан, ұсақ шаруалы елде мемлекеттік өндірісті және өнімдердің мемлекеттік бөлінісін пролетарлық мемлекеттің тікелей жарлықтары арқылы коммунистік тұрғыдан жолға коймақшы болдық,— немесе солай деп жорамалдадық десек, мүмкін, дұрысырақ болар. Өмір біздің қателігімізді көрсетіп берді. Бірқатар өтпелі сатылар керек болды: коммунизмге өтуді *дайындау* үшін — бірқатар ұзақ жыл жұмыс істеу арқылы дайындау үшін — мемлекеттік капитализм мен социализм керек болды. Энтузиазмнің тікелей өзі арқылы емес, қайта ұлы революция туғызған энтузиазмнің көмегі арқылы, жеке адамның мүддесіне, жеке адамның ынталануына, шаруашылық есепке сүйене отырып, алдымен берік көпірлер жасау үшін еңбектеніңіздер, ұсақ шаруалы елде бұл көпірлер мемлекеттік капитализм арқылы социализмге қарай бастайды; әйтпесе сіздер коммунизмге жақындай алмайсыздар, әйтпесе сіздер онондаған миллион адамдарды коммунизмге жеткізе ал-

майсыздар. Өмір бізге осылай деп отыр. Революция дамуының объективтік барысы бізге осылай деп отыр.

Ал үш-төрт жыл ішінде кілт бұрылыстар жасауға (кілт бұрылыс керек болатын кезде) аздап үйреніп алған біздер жаңа бұрылысты, «жаңа экономикалық саясатты» ынталы, ұқыпты, төзімді түрде (әлі де онша ынталы, онша ұқыпты, онша төзімді түрде болмаса да) үйрене бастадық. Пролетарлық мемлекет сақ, іждағатты, шебер «қожайын», тыңғылықты *ірі көпес* болып алуға тиіс,— әйтпесе ол ұсақ шаруалы елді экономика жағынан аяғынан тік тұрғыза алмайды, қазір, дәл осы жағдайларда, капиталистік (әзірше әлі капиталистік) Батыспен қатар тұрғанда, коммунизмге өтетін басқа жол жоқ. Ірі көпес — коммунизмнен жер мен көктей алыс тұрған экономикалық тип сияқты. Бірақ мұның өзі нақты өмірде ұсақ шаруа шаруашылығынан мемлекеттік капитализм арқылы социализмге жеткізетін қайшылықтардың, нақ сондай қайшылықтардың бірі. Жеке бастың ынталылығы өндірісті өрлетеді; бізге ең алдымен және қалай болған күнде де өндірісті ұлғайту керек. Көтерме сауда миллиондаған ұсақ шаруаларды ынталандырып, оларды байланыстыра отырып, оларды ілгерідегі сатыларға: өндірістің өзіндегі байланыс пен бірлестіктің түрлі формаларына жақындата отырып, оларды экономика жағынан біріктіреді. Біз өзіміздің экономикалық саясатымызда қажетті өзгерістерді қазірдің өзінде бастадық. Бұл салада қазір біздің кейбір табыстарымыз — рас, үлкен емес, ішінара, бірақ дегенмен күмәнсыз табыстарымыз бар. Біз қазір жаңа «ғылымның» бұл саласында дайындық класты бітіргелі отырмыз. Батыл және табандылықпен үйреніп, өзіміздің әрбір қадамымызды практикалық тәжірибемен тексеріп, басталған істі әлденеше рет қайта істеуден, өз қателіктерімізді түзеуден қорықпастан, қателіктердің мәнін ұқыптылықпен жете ұғына отырып, біз келесі кластарға да көшеміз. Біз бүкіл «курсты» бітіреміз, дүние жүзілік экономика мен дүние жүзілік саясаттың жағдайлары оны біздің тілегенімізден гөрі анағұрлым ұзақ, анағұрлым қиын етіп жіберсе де, біз оны бітіреміз. Қалай бол-

ған күнде де, өтпелі уақыттың азабы, ауыртпалық, ашаршылық, күйзеліс қанша ауыр болғанымен де, біздің ұнжырғамыз түспейді, өз ісімізді толық жеңіске жеткіземіз.

14. X. 1921.

«Правда» № 234, 18 октябрь, 1921 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ А. Г. ШЛЯПНИКОВТЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖҰМЫСЫНА ЖІБЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[77]

Ұйымдастыру бюросының шешімі мақұлдансын; Ұйымдастыру бюросында өзінің бағынбайтынын мәлімдеген Шляпников жолдастың қылығы мүлдем теріс екені тағы да атап көрсетілсін; Орталық тексеріс комиссиясының жұмысына нұқсан келтірмейтіндей етіп, Шляпников жолдасты азық-түлік жұмысына қандай мерзімге жіберуге болады деп есептейтіні жөнінде Орталық тексеріс комиссиясы мен Орталық бақылау комиссиясына сұрау салынсын.

1921 ж. 14 октябрьде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[78]

1) Гусейнов пен Ахундов *дереу* шақырылсын.

2) Бакуде және Азербайжанда фракциялық күрестің толық тоқтатылуы қатаң талап етілсін.

3) Фракциялық күрес жүргізгені үшін партиядан шығарылатындары тағы да ескертілсін.

4) РСФСР-ден Азербайжанға жіберілетін жолдастарға істің орындалуын тексеру тапсырылсын.

5) Азербайжанда Коммунистік партияның ұлт саясатын жүргізу туралы директиваның жобасын дүйсенбіге дейін жасау Сталинге тапсырылсын.

6) Персия жөнінде дереу мейлінше қатаң расталсын.

1921 ж. 15 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1958 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ САЯСИ АҒАРТУ КОМИТЕТТЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

САЯСИ АҒАРТУ КОМИТЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ II СЪЕЗІНДЕ 1921 ж. 17 ОКТЯБРЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[79]

Жолдастар! Мен осы баяндамамды немесе, дұрысын айтқанда, осы әңгімемді жаңа экономикалық саясатқа және саяси ағарту комитеттерінің[80], менің түсінуімше, осы саясатпен байланысты міндеттеріне арнағым келеді. Меніңше, белгілі бір съездің шеңберіне кірмейтін мәселелер жөніндегі баяндамаларды партияда немесе Совет республикасында жалпы істеліп жатқан істер жөніндегі бір ғана хабарламамен тындыру мүлде дұрыс болмас еді.

СОВЕТ ӨКІМЕТІ МЕН РКП-ның КІЛТ БЕТБҰРЫСЫ

Мұндай хабарламаның пайдасын әсте теріске шығармастан және түрлі мәселелер жөніндегі кеңестердің пайдасын теріске шығармастан, мен, дегенмен де, біздің съездердің көпшілігінің жұмысындағы басты кемшілік — өздерінің алдында тұрған практикалық міндеттермен тура, тікелей байланыстың жоқтығы деп білемін. Сондықтан жаңа экономикалық саясатпен байланысты және жаңа экономикалық саясат жөнінде мен осы кемшіліктер туралы айтқым келеді.

Жаңа экономикалық саясат туралы мен қысқаша, жалпы сипатта айтамын. Сіздердің басым көпшіліктеріңіз, жолдастар,— коммуниссіздер және, кейбіреулеріңіздің тым жастығыңызға қарамастан,— революциямыздың алғашқы жылдарында біздің жалпы саясатымызда ұл-

кен жұмыс атқарған коммуниссіздер. Сондықтан, осы жұмыстың үлкен бөлегін атқарған адамдар ретінде, сіздер біздің Совет өкіметі мен біздің коммунистік партияның «жаңа» деп аталатын, біздің бұдан бұрынғы экономикалық саясатымызға қарағанда жаңа болып табылатын, экономикалық саясатқа көше отырып, қандай кілт бетбұрыс жасағанын көрмеулеріңіз мүмкін емес.

Ал істің мәніне келгенде — біздің бұдан бұрынғы экономикалық саясатымызға қарағанда, мұнда ескілік көбірек.

Бұл неге бұлай? Неге десеңіз, біздің бұдан бұрынғы экономикалық саясатымыз: орыстың ескі экономикасы мемлекеттік өндіріске және коммунистік негіздегі бөліске тікелей көше алады деп сенді демеген күннің өзінде (ол жағдайда біз тегінде аз сенген болатынбыз), солай болады деп белгілі бір дәрежеде жорамалдады, тіпті есепсіз жорамалдады деуге де болады.

Егер біздің өзіміздің бұдан бұрынғы экономикалық әдебиетімізді еске алсақ, егер коммунистердің Россияда өкіметті өз қолына алардың алдында және өкіметті алғаннан кейін көп кешікпей-ақ, мысалы, 1918 жылдың бас кезінде, ескі Россияға жасалған бірінші саяси тегеурін орасан зор табыспен аяқталған кезде, Совет республикасы құрылған кезде, Россия империалистік соғыстан қалай да, тіпті мылжаланып болса да, шыққан кезде, империалистердің және меньшевиктер мен эсерлердің ақылымен «отан қорғау» соғысын жүргізе берген жағдайдағыдан гөрі азырақ мылжаланып шыққан кезде коммунистердің не жазғанын еске түсірсек, онда біз мынаны көреміз: алғашқы дәуірде, Совет өкіметін құру жөніндегі бірінші ісімізді біз жаңа ғана бітіріп, империалистік соғыстан жаңа ғана шыққан кезде, біз өзіміздің экономикалық құрылыстағы міндеттеріміз туралы ол кезде 1918 жылдың екінші жартысындағыдан және бүкіл 1919, бүкіл 1920 жылдардың ішінде істегенімізден гөрі, анағұрлым сақтықпен абайлаңқырап сөйлегенбіз.

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ШАРУАЛАРДЫҢ РӨЛІ ТУРАЛЫ ШЕШІМДЕРІ — 1918 ж.

Егер сіздердің бәріңіз бірдей ол кезде партия мен Совет өкіметінің белсенді қызметкерлері болмаған болсаңыздар да, бәрібір сіздер, ең болмағанда, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы апрельдің аяқ кезіндегі шешімі[81] сияқты шешімдермен таныса алған боларсыздар және, әрине, таныстыңыздар. Бұл шешім шаруа экономикасымен санасудың қажет екендігін көрсетті және ел шаруалы ел болып отырған жағдайда социализм құрылысындағы мемлекеттік капитализмнің ролін ескерген баяндамаға, дербес, жеке, дара жауапкершіліктің маңызын баса көрсеткен, бұл фактордың өкіметті құрудың саяси міндеттерінен және соғыс міндеттерінен өзгеше, елді басқару ісіндегі маңызын баса көрсеткен баяндамаға негізделіп қабылданды.

БІЗДІҢ ҚАТЕМІЗ

1918 жылдың басында біз бейбіт құрылысқа мүмкіндік беретін белгілі бір дәуір туады деп есептедік. Брест бітімі жасалғаннан кейін қауіп алыстаған тәрізденді, бейбіт құрылысқа кірісуге болатындай көрінді. Бірақ біз алданыппыз, өйткені 1918 жылы бізге нағыз соғыс қаупі төнді — ол чехословак көтерілісі мен 1920 жылға дейін созылған азамат соғысының басталуымен қатарласа келді. Бір жағынан, кенеттен төнген соғыс міндеттерінің әсерімен және сол кезде, империалистік соғыстың аяқталу кезеңінде, республикамыз душар болған, былайша айтқанда, сұрапыл ауыр жағдайдың, осы және басқа да бірқатар жағдайлардың әсерімен біз мынадай қателік жасадық: біз коммунистік өндіріс пен бөліске тікелей өтуді жүзеге асырмақшы болдық. Біз шаруалар бізге керекті астық мөлшерін салым бойынша береді, ал біз оны заводтар мен фабрикаларға бөлеміз,— сөйтіп бізде коммунистік өндіріс пен бөліс жасалады деп ойладық.

Осындай жоспарды біз өзімізге нақ сондай айқын, көрнекі етіп жасадық деп айта алмаймын, бірақ шама-

мен біз осы рухта қимылдадық. Өкінішке қарай, мұның өзі факт. Мен өкінішке қарай деп отырмын, оның себебі: бұл пайымдаудың қате екеніне, мұндай пайымдау капитализмнен социализмге өту туралы біздің бұрынғы жорамалымызға — социалистік есеп пен бақылау дәуірі болмайынша тіпті коммунизмнің төменгі сатысына да жетуге болмайды деп жазғандарымызға қайшы келетініне тым қысқа уақыттың тәжірибесі-ақ біздің көзімізді жеткізді. Теориялық әдебиетте, 1917 жылдан бастап, өкіметті қабылдау міндеті қойылған және большевиктер оның мәнін бүкіл халық алдында ашып берген кезде, біздің әдебиетімізде: капиталистік қоғамнан өтудің ұзақ та күрделі кезеңі (ол неғұрлым нашар дамыған болса, соғұрлым ұзақ кезеңі), коммунистік қоғам сатыларының ең болмаса біреуіне өту үшін социалистік есеп пен бақылау арқылы өту кезеңі қажет деп айқын атап көрсетілген болатын.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШЕГІНІС

Азамат соғысының қарбаласы үстінде құрылыс жөнінде қажетті қадамдар жасауға тура келген кезде, біз мұны ұмытып кеткен сияқты болдық. Ал біздің жаңа экономикалық саясатымыз, өзінің мәні жөнінен, мынада болып отыр: бұл пункт жөнінде біз қатты жеңіліске ұшырап, стратегиялық шегініс жасай бастадық: «Бізді біржолата талқандамай тұрғанда, кәнеки шегінейік, бәрін жаңадан, бірақ неғұрлым берік етіп құрайық»,— деп отырмыз. Жаңа экономикалық саясат туралы мәселені коммунистердің өздері саналы түрде қойып отырғандықтан, экономикалық майданда біздің өте ауыр экономикалық жеңіліске ұшырағанымыз жөнінде олардың ешбір күмән келтіруі мүмкін емес. Ал бұл арада біраз адамдардың әбден еңсесі түсіп, тіпті үрейленушілік секілді күйге салынуы, ал шегініске байланысты бұл адамдардың үрейленушілік пиғылға салына бастауы, әрине, сөзсіз болады. Мұның өзі болмай қоймайтын нәрсе. Өйткені Қызыл Армия шегінген кезде, ол өзінің жеңісін дұшпанның алдына түсіп алып қашудан бастады ғой, сонда осындай үрейлі дәуірді кейбір адамдар

әрбір майданда әрдайым бастан кешірді ғой. Бірақ әрдайым — Колчак майданында да, Деникин майданында да, Юденич майданында да, Польша майданында да, Врангель майданында да — әрдайым бізді бір рет, ал кейде көбірек те, жақсылап тұрып соққаннан кейін, біз: «ысылғанның біреуі ысылмағанның екеуіне татиды» деген мақалды ақтаған болып шықтық. Бір рет таяқ жегеннен кейін біз ақырындап, үздіксіз және сақтықпен шабуыл жасайтын болдық.

Әрине, соғыс майданындағы міндеттерден гөрі экономикалық майдандағы міндеттер әлдеқайда қиынырақ, бірақ стратегияның бұл қарапайым тұрпаттарының жалпы ұқсастығы бар. Коммунизмге өтуге әрекет жасаймыз деп, біз экономикалық майданда 1921 жылдың көктеміне қарай жеңіліске ұшырадық, бұл жеңіліс Колчактан, Деникиннен немесе Пилсудскийден көрген жеңілістің қандайынан болса да анағұрлым қатты жеңіліс, жеңіліс болғанда анағұрлым қатты, анағұрлым елеулі және қауіпті жеңіліс болды. Ол жеңіліс мынадан көрінді: біздің шаруашылық саясатымыздың жоғарғы орындары жергілікті жерлерден қол үзген болып шықты да, біздің партиямыздың программасында негізгі және кезек күттірмейтін міндет деп танылған өндіргіш күштерді өрге бастыра алмады.

Деревнядағы салым, қаладағы құрылыс міндеттеріне осы тікелей коммунистік көзқарас, өндіргіш күштерді өрге бастыруға кедергі жасады, сөйтіп 1921 жылғы көктемде біз душар болған экономикалық және саяси терең дағдарыстың негізгі себебі болып шықты. Міне сондықтан біздің бағытымыздың, біздің саясатымыздың тұрғысынан қарағанда өте күшті жеңіліс және күшті шегініс дегеннен басқаша атауға болмайтын шара қажет болды. Мұның өзінде бұл шегіністі Қызыл Армияның күні бұрын әзірленген позицияларға толық тәртіппен шегінгені тәрізді шегініс деуге болмайды. Рас, позициялар күні бұрын әзірленген еді. Мұны партиямыздың 1921 жылғы көктемдегі шешімін мен айтып өткен 1918 жылғы апрельдегі шешіммен салыстыра отырып, тексеруге болады. Позициялар күні бұрын әзірленген-ді, бірақ бұл

позицияларға шегінуде өте көп, тіпті шектен асқан тәртіпсіздік болды (ал провинцияның көп жерлерінде қазір де болып жатыр).

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ МӘНІ

Нақ осы арада саяси ағартушылардың осы тәртіпсіздікпен күресу міндеті бірінші кезекке қойылып отыр. Жаңа экономикалық саясат тұрғысынан қарағанда, негізгі мәселе осы қалыптасқан жағдайды тезірек пайдалана білуде болып отыр.

Жаңа экономикалық саясат — салымды салықпен ауыстыру деген сөз, капитализмді едәуір мөлшерде қалпына келтіруге көшу деген сөз. Қай мөлшерде қалпына келтіріледі — оны біз білмейміз. Шетелдік капиталистермен концессиялар жасау (рас, әзірге олар өте аз жасалды, әсіресе біздің ұсыныстарымызбен салыстырғанда аз), жеке капиталистерге аренда беру — мұның өзі капитализмді тура қалпына келтіру деген сөз және мұның өзі жаңа экономикалық саясаттың түп-тамырымен байланысты болып отыр. Өйткені салымды жою — шаруалар үшін ауыл шаруашылығының салыққа алынбаған артық өнімдерімен еркін сауда жасау деген сөз, ал салық өнімдердің шамалы ғана бөлегін алады. Шаруалар бүкіл халықтың және бүкіл экономиканың орасан зор бөлегі болып табылады, сондықтан да осы еркін сауданың негізінде капитализм өспей тұра алмайды.

Мұның өзі экономикалық ғылымның бастамасында-ақ оқытылатын ең негізгі экономикалық әліппе, ал бізде мұны, оның үстіне, әрбір қапшықшы оқытып отыр, ол бізді экономикалық және саяси ғылымсыз-ақ экономикамен аса жақсы таныстыра алатын жан. Сондықтан, стратегия тұрғысынан қарағанда, түбегейлі мәселе мынада болып отыр: осы жаңа жағдайды кім тезірек пайдаланып кете алады? Шаруалар кімге ереді — социалистік қоғам құруға ұмтылған пролетариатқа ере ме, әлде: «Кейін қайтайық, сол қауіпсіздеу болар, әйтпесе жұрт қайдағы бір социализм дегенді шығарыпты ғой»,— дейтін капиталиске ере ме,— бүкіл мәселе осында.

КІМ ЖЕҢЕДІ — КАПИТАЛИСТ ПЕ ӘЛДЕ СОВЕТ ӨКІМЕТІ МЕ?

Бүкіл қазіргі шайқас міне мынаған сайып отыр: кім жеңеді, кім тезірек пайдаланады — өзіміз есіктен кіргізіп отырған немесе тіпті бірнеше есіктен (және біздің өзіміз білмейтін, біздің ырқымыздан тыс және бізге қарсы ашылып жатқан көп-көп есіктен) кіргізіп отырған капиталист пе, әлде пролетарлық мемлекеттік өкімет пе? Бұл өкімет экономика жағынан не нәрсеге сүйене алады? Бір жағынан, халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруына сүйенеді. Бұл жөнінде шаруаларды еске түсіру керек. Ашаршылық тәрізді орасан зор тауқыметке қарамастан, бұл тауқыметті былай шығарып тастағанда, халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруы нақ біздің экономикалық саясатымыздың өзгеруімен байланысты болып отырғандығы мүлде таласcыз және барлық жұртқа анық нәрсе.

Екінші жағынан, егер капитализм ұтып шығатын болса, онда өнеркәсіп өндірісі де өседі, ал онымен бірге пролетариат та өседі. Біздің саясатымыздан капиталистер ұтады, сөйтіп өнеркәсіп пролетариатын құрады; бізде пролетариат соғыстың және сұрапыл күйзеліс пен бүліншіліктің салдарынан таптық бейнесін жойды, яғни өзінің таптық жолынан шығып, пролетариат ретінде өмір сүруден қалды. Пролетариат деп капиталистік ірі өнеркәсіп орындарында материалдық байлықты өндірумен шұғылданатын тап айтылады. Капиталистік ірі өнеркәсіп қиратылғандықтан, фабрикалар мен заводтар тоқтап қалғандықтан, пролетариат та жоғалды. Ол кейде формальды түрде бар болып есептелді, бірақ экономикалық тамырлармен байланысты болған жоқ.

Егер капитализм қайтадан қалпына келтірілсе, демек, пролетариат табы — жалдаптықпен, зажигалкалар істеп сатумен және онша пайдалы болмаса да өнеркәсібіміздің күйзелген жағдайында болмай қоймайтын басқа да «жұмыспен» айналыспай, қоғам үшін пайдалы материалдық байлықтарды өндірумен шұғылданатын, машиналы ірі фабрикаларда істейтін пролетариат табы да қалпына келеді.

Кім бұрын үлгіреді?— барлық мәселе осында. Капиталистер бұрын ұйымдасып үлгірсе — онда олар коммунистерді қуып шығады, онда бұл арада ешқандай сөз болуы мүмкін емес. Кімді кім жеңеді?— деген мәселеге байыпты қарау керек. Немесе капитализмді мемлекеттік арнаға салу үшін, мемлекетке бағынған, оған қызмет ететін капитализм құру үшін пролетарлық мемлекеттік өкімет шаруаларға сүйене отырып, капиталист мырзаларды тиісінше ауыздықтап ұстауға қабілетті болып шыға ма? Бұл мәселені байыпты қою керек. Бұл арадағы идеологияның қандайы да, саяси бостандық туралы пайымдаулардың қандайы да тек қана пайымдаулар, әсіресе, шетелдік Россияға, барлық саяси партиялардың ондаған күнделікті газеттері бар, осы бостандықтардың бәрі талай саққа жүгіртіліп, табиғатта бар барлық музыкалық ноталармен жырланатын № екінші Россияға көз салсақ, өте көп кездестіруге болатын пайымдаулар. Олардың бәрі — былшыл, жел сөздер. Бұл жел сөздерден аулақ бола білу керек.

КҮРЕС БҰДАН ДА ҚАТТЫРАҚ БОЛАДЫ

Төрт жыл ішінде біз көптеген елеулі шайқастарды бастан кешірдік және елеулі шайқас — бір басқа да, ал елеулі шайқас жөнінде болатын, әсіресе шеткері адамдардан тарайтын былшыл сөз — бір басқа екендігін үйрендік. Бұл идеологияның бәрінен, бұл былшылдан аулақ бола білу керек, істің мәнін көре білу керек. Ал істің мәні мынадай: күрес жүріп жатыр және бұл күрес Колчак пен Деникинге қарсы күрестен гөрі күштірек, одан гөрі қаттырақ болады. Олай болатын себебі: бұрынғы күрес, соғыс күресі — үйреншікті нәрсе. Жүздеген, мыңдаған жылдар бойы, әрдайым соғыс болып келді. Соғыста адамдарды қыру шеберлігі жөнінде орасан зор жетістіктер жасалған.

Рас, кез келген дерлік помещиктің штабтарында эсерлер мен меньшевиктер болды; олар халық билігі туралы, құрылтай туралы және большевиктердің барлық бостандықтарды бұзғаны туралы айқайлады.

Қазіргі біздің алдымызда тұрған міндеттен гөрі соғыс міндетін шешу қалай дегенмен де оңайырақ, соғыс міндетін тегеурінмен, шабуылмен, энтузиазммен, өздеріне помещиктің төніп келе жатқанын көрген толып жатқан жұмысшылар мен шаруалардың тура қара күшімен шешуге болады. Енді ашықтан-ашық қарсы шығатын помещиктер жоқ. Врангельдердің, Колчактардың, Деникиндердің біразы Николай Романовтың кебін киді, біразы шетелдік қауіпсіз жерлерге барып тығылды. Халық осы айқын жауды,— бұрынғы помещик пен капиталисті көргеніндей,— анық көре алмай отыр. Мынадай айқын көріністі: жау қазірдің өзінде-ақ біздің арамызда жүргендігін, ал бұл жау — нақ сол бұрынғы жау екендігін, революция қайдағы бір тұңғиықтың, бұрынғы революциялардың бәрі душар болып, кейін шегінген тұңғиықтың алдында тұрғандығын ұғыну,— мұны ұғыну халықта болуы мүмкін емес, өйткені ол өте қараңғылықтан және сауатсыздықтан зардап шегіп отыр. Ал бұл сауатсыздықты әр түрлі төтенше комиссиялардың[82] қанша уақыт ішінде төтенше түрде жойып болатынын айту қиын.

Колчактың, Врангельдің, Деникиннің орнына нақ осы арада, біздің арамызда, бұрынғы революциялардың бәрін құртқан жау жүргенін халық қайдан түсіне алсын? Егер капиталистер бізден басым болып шықса, онда мұның өзі ескіге қайтып оралғандық болады ғой, мұны барлық бұрынғы революциялардың тәжірибесі дәлелдеді де ғой. Біздің партияның міндеті: біздің арамыздағы жау — анархиялық капитализм мен анархиялық товар айырбасы деген сана-сезімді дамыту. Күрестің бұл мәнін айқын түсіну керек және жұмысшылар мен шаруалардың ең қалың бұқарасы күрестің осы мәнін: «кімді кім жеңеді? кім басым болады?» дегенді айқын түсінетіндей ету керек. Пролетариат диктатурасы дегеніміз ең сұрапыл, ең аласұрған күрес; бұл күресте пролетариаттың бүкіл дүние жүзімен күресуіне тура келеді, өйткені бүкіл дүние жүзі Колчак пен Деникинді қолдап, бізге қарсы шықты.

Қазір бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы Россия буржуазиясын қолдап отыр, олар бізден әлденеше есе күш-

ті болып қалуда. Бұдан біз тіпті де үрейленбейміз, өйткені оларда соғыс күштері де көп болған-ды, алайда, артиллериялар немесе аэропландар жөнінен өлшеусіз көп күштері болғандықтан соғыста бізді таптап кету анағұрлым оңай бола тұрса да, бізді соғыста таптап кету үшін олардың бұл күштері жетпеді. Бұл үшін бізге қарсы шыққан белгілі бір капиталистік державаның бірнеше корпусын дер кезінде мобилизациялап, Колчакқа бірнеше миллион алтынды қарызға беруден аямаса, сонда бұл, мүмкін, жеткілікті болып шығатын еді.

Алайда мұның көмегі болмады, өйткені олардың терістігі, біздің дұрыстығымыз Архангельскіге келген ағылшын солдаттары бұқарасының да, француз флотын Одессадан кетуге мәжбүр еткен матростар бұқарасының да санасына жетті. Енді бізге, бұрынғысынша, бізден әлдеқайда қуатты күштер қарсы шығып отыр. Ал бұл арада да жеңіп шығу үшін — күштердің ақырғы тірегіне сүйену керек. Күштердің ақырғы тірегі — жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы, олардың саналылығы, олардың ұйымшылдығы.

Не ұйымдасқан пролетарлық өкімет болады — алдыңғы қатарлы жұмысшылар да, алдыңғы қатарлы шаруалардың шағын бөлегі де бұл міндетті түсінеді, сөйтіп халық қозғалысын өз төңірегіне ұйымдастыра біледі — онда біз жеңіп шығамыз.

Не біз мұны істей алмаймыз — онда техника жөнінен басым күші бар жау бізді сөзсіз жайратып салады.

АҚЫРҒЫ МАЙДАН ОСЫ МА?

Пролетариат диктатурасы дегеніміз шиеленіскен шайқас. Пролетариат бір елде жеңді, бірақ халықаралық көлемде ол едәуір әлсіз күйінде қалып отыр. Пролетариат соғыстың бітпегендігін ұғынып, барлық жұмысшылар мен шаруаларды өз төңірегіне топтастыруға тиіс. Егер біз әнде: «бұл біздің ең ақырғы, шешуші зор майдан» деп шырқайтын болсақ, бұл, өкінішке қарай, сәлпәл дұрыс емес, өкінішке қарай,— мұның өзі біздің ең ақырғы, шешуші зор майданымыз емес. Не сіздер бұл

күресте жұмысшылар мен шаруалардың басын біріктіре аласыздар, не табысқа жете алмайсыздар.

Біздің қазіргі көріп отырғанымыздай күрес тарихта әлі ешқашан болған емес, бірақ құл иеленушіліктің алғашқы кезінен бастап шаруалардың помещиктерге қарсы соғысы тарихта талай рет болды. Мұндай соғыстар талай рет болды, бірақ мемлекеттік өкіметтің өз елінің буржуазиясына қарсы және барлық елдердің біріккен буржуазиясына қарсы соғысы — мұндай соғыс ешқашан болып көрген емес.

Біз ұсақ шаруаларды олардың өндіргіш күштерінің дамуы негізінде, бұл дамуды пролетарлық өкімет арқылы қолдай отырып ұйымдастыра аламыз ба әлде оларды капиталистер бағындырып ала ма,— күрестің нәтижесі осыған байланысты. Ондаған революцияларда да нақ осылай болған, бірақ мұндай соғысты дүние жүзі әлі көрген емес. Мұндай соғыстардан халықтар тәжірибе алған жоқ. Ол тәжірибені біздің өзіміз жасауға тиістіміз және бұл тәжірибеде біз тек жұмысшылар мен шаруалардың сана-сезіміне ғана сүйене аламыз. Бұл міндеттің девизі және аса зор қиындығы міне осында.

БІЗ ТІКЕЛЕЙ КОММУНИСТІК ЖОЛҒА ӨТЕМІЗ ДЕП ЕСЕПТЕУГЕ ТИІСТІ ЕМЕСПІЗ

Біз тікелей коммунистік жолға өтеміз деп есептеуге тиісті емеспіз. Шаруаның өз ынталылығына негізделе құру керек. Бізге былай дейді: «Шаруаның жеке басының ынталылығы дегеніміз — жеке меншікті қайта орнату деген сөз». Жоқ, тұтыну заттары мен құрал-сайманға жеке меншікке,— бұл жөнінен біз шаруаларға ешқашан да тыйым салғанымыз жоқ. Біз жерге жеке меншікті жойдық, ал шаруа өз шаруашылығын жерге жеке меншік етпей-ақ, мысалы, жерді арендаға алып жүргізді. Бұл система өте көп елдерде болып келді. Бұл арада экономикалық тұрғыдан мүмкін емес ештеңе жоқ. Қиыншылық — адамның өзінің ынталылығын тудыруда. Сондай-ақ, әрбір маманды өндірістің дамуына мүдделі болатындай етіп ынталандыру керек.

Біз мұны істей алдық па? Жоқ, істей алмадық! Біз пролетариаты таптық бейнесін жойған елде өндіріс пен бөліс коммунистік жарлықпен орындалады деп ойладық. Біз мұны өзгертуге тиісті боламыз, себебі біз пролетариатты өтудің бұл жолымен басқаша түрде таныстыра алмаймыз. Тарихта мұндай міндеттер әлі ешқашан қойылып көрген жоқ. Егер біз бұл міндетті тура, былайша айтқанда, тікелей лап қойып шешпек болсақ, онда біз сәтсіздікке ұшырағанымыз. Мұндай қателер әрбір соғыста да болады, сондықтан оларды қате деп есептемейді. Тікелей лап қоюдың сәті келмеген екен, онда орағытып өтіп, қоршауға алып, еппен қимылдайтын боламыз.

ЖЕКЕ БАСТЫҢ ЫНТАЛЫЛЫҒЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ПРИНЦИПІ

Ал біз халық шаруашылығының әрбір ірі саласын адамның жеке басын ынталандыру негізінде құру керек дейміз. Талқылау — бірігіп талқылау, ал жауапкершілік — жеке-дара жауапкершілік болсын дейміз. Осы негізді жүзеге асыра білмеудің салдарынан біз әрбір қадам басқан сайын залал көріп отырмыз. Бүкіл жаңа экономикалық саясат осылай ажыратудың аса анық, сөзсіз айқындықпен жүзеге асырылуын талап етеді. Халық жаңа экономикалық жағдайларға көшкен кезде, ол бұдан не шығар екен, мұны жаңаша қайтіп құруға болар екен деп талқылауға кірісе бастады. Жалпы талқылаудан өтпей тұрып, ештеңені бастауға болмайтын болды, өйткені халықтың бірдеңені талқылайын деген ниетіне ондаған, жүздеген жылдар бойы тыйым салынып келді, ал революция барлық мәселе жөнінде жалпыға бірдей жан-жақты митингілеу дәуірі арқылы болмаса, басқаша дами алмады.

Мұның өзі көп ретте былық туғызды. Бұл осылай болды, бұл заңды нәрсе, бірақ айта кету керек, мұның өзі қауіпті де емес. Егер митингілеу үшін не керек екенін және басқару үшін не керек екенін митингілеуден дер кезінде айырып үйренсек, тек сонда ғана біз Совет республикасының жағдайын көтере аламыз. Бірақ, амал не, біз осылай істеуді әлі үйренгеніміз жоқ, сон-

дықтан съездердің көпшілігі тіпті де іскерлікпен өтпей жүр.

Біз съездеріміздің көптігі жөнінен дүние жүзінің барлық мемлекеттерінен асып түсеміз. Демократиялық республикалардың бірде-бірінде біздегідей көп съездер жоқ және олар бұған жол бере де алмайды.

Біздің еліміз көп шығынданған және қайыршыланған ел екенін есте сақтауға тиістіміз, сондықтан елімізді митинг жасағанда, менің жоғарыда айтқанымдай, митингілеу үшін не керек екенін басқару үшін не керек екенімен шатыстырмайтындай етіп үйрету керек. Митингілей бер, бірақ титтей де ауытқусыз басқар, капиталистің саған дейін басқарып келгенінен гөрі берігірек басқар. Өйтпеген күнде сен оны жеңе алмайсың. Басқару бұрынғыдан гөрі анағұрлым қатаң, анағұрлым берік болуға тиіс екенін сен есте сақтауға тиістісің.

Көп ай бойы митингілегеннен кейін Қызыл Армияда тәртіп мынадай болды: оның тәртібі бұрынғы армияның тәртібінен кем түспеді. Қызыл Армияда қатаң, аяусыз шаралар, атуға дейін барған, тіпті бұрынғы үкімет көрмеген шаралар қолданылды. Мещандар: «Міне большевиктер ату жазасын енгізді» деп жазып, байбалам салды. Біз: «Иә, енгіздік және әбден біле-тұра енгіздік» деуге тиістіміз.

Біз былай деуге тиістіміз: не бізді құрытқысы келгендер және біз құруға тиісті деп есептейтіндер құруға тиіс,— сонда біздің Совет республикамыз өмір сүре алады,— немесе, мұның керісінше, капиталистер өмір сүріп қалады да, республика құриды. Қайыршыланған елде не ілесе алмайтындар құриды, не бүкіл жұмысшы-шаруа республикасы құриды. Сондықтан бұл жерде таңдау жоқ және болуы да мүмкін емес, сондай-ақ ешқандай елжіректік те болмауға тиісті. Елжіректік соғыстағы бассауғалаушылықтан кем қылмыс емес. Кімде-кім қазір тәртіпті, талапты босаңсытатын болса, ол адам жауларды өз арасына жіберіп алады.

Міне сондықтан мен жаңа экономикалық саясаттың үйрену жағынан алғанда да маңызы бар демекпін. Осында сіздер қалай үйрету керек екендігі жөнінде айтып жатырсыздар. Сіздер үйреніп болмағандарға біздің

арамызда орын жоқ деп айтарлықтай пікірге келуге тиістісіздер. Коммунизм болған кезде, сол кезде үйрену биязылау болар. Ал қазіргі айтарым: ажал қаупі төніп тұрғанда — үйрену қатал болмай тұра алмайды.

БІЗ ӨЗІМІЗГЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАМЫЗ БА?

Бізде армиядан қашу болды, еңбек майданында да сондай болды: сен капиталиске жұмыс істедің, қанаушыға жұмыс істедің және жаман істедің — ол түсінікті, ал енді сен өзіңе, жұмысшы-шаруа өкіметіне жұмыс істеп отырсың. Мынаны есіңде ұста: біз өзіміз үшін жұмыс істей аламыз ба, жоқ па деген мәселе шешілуге тиіс, өйткені біз өзімізге жұмыс істей алмасақ,—қайталап айтамын,— біздің республикамыз құритын болады. Сондықтан біз, армияда айтқанымыз сияқты, былай дейміз: не бізді құрытқысы келгендердің өздері тегіс құриды,— ал біз бұл арада тәртіптің нағыз қатал шараларын қолданамыз,— не біз елді аман сақтап қаламыз, сөйтіп біздің республика өмір сүретін болады.

Біздің бағытымыз міне осындай болуға тиіс, міне сондықтан (айта кетелік) бізге жаңа экономикалық саясат керек.

Бәріңіз де қожайындық етіңіздер. Сіздермен бірге капиталистер болады,— сіздермен бірге шетел капиталистері де, концессионерлер мен арендаторлар да болады, олар сіздерден жүздеген процент пайда түсіреді, олар сіздердің қастарыңызда отырып алып байиды. Мейлі байи берсін, ал сіздер олардан қожайындық етуді үйреніңіздер, тек сонда ғана сіздер коммунистік республиканы орната аласыздар. Тез үйреніп алудың қажеттілігі тұрғысынан қарағанда, босаңсу атаулының бәрі — орасан зор қылмыс. Сондықтан осы ғылымға, ауыр, ызғарлы, кейде тіпті қатал да болатын ғылымға бару керек, өйткені бұдан басқа жол жоқ.

Ұзақ жылдарға созылған қиындықтардан кейін қайыршыланған біздің Совет елін қоршап тұрған социалистік Франция еместігін, социалистік Англия еместігін сіздер есте сақтауға тиістісіздер, социалистік ел болса, олар өзінің жоғары дәрежелі техникасымен, жоғары дә-

режелі өнеркәсібімен бізге көмектесер еді. Жоқ! Қазір олардың жоғары дәрежелі бүкіл техникасы, жоғары дәрежелі бүкіл өнеркәсібі капиталистердің қолында, олар бізге қарсы әрекет етіп отыр, мұны біз ұмытпауға тиістіміз.

Біз мынаны есте сақтауға тиістіміз: не біз күнделікті еңбекте орасан зор күш жұмсауға тиістіміз, не біз сөзсіз апатқа ұшыраймыз.

Осындай жағдайдың салдарынан бүкіл дүние жүзі біздің дамуымыздан гөрі жылдамырақ дамып отыр. Капиталистік дүние дами келе, барлық күштерін бізге қарсы жұмсайды. Мәселе міне осылай қойылып отыр! Міне сондықтан бұл күреске ерекше көңіл аудару керек.

Біздегі мәдениетсіздік жағдайында капитализмнің құруын біз тура лап қою арқылы шеше алмаймыз. Мәдениет дәрежесі басқаша болған жағдайда міндетті тікелей шешуге болар еді,— ал өздерінің коммунистік республикаларын орнатудың уақыты жеткен кезде басқа елдер, мүмкін, оны осылай шешетін де болар. Бірақ біз мәселені тура жолмен шеше алмаймыз.

Мемлекет сауда жасауды үйренуі керек, үйренгенде өнеркәсіп шаруаларды қанағаттандыратындай етіп, шаруалар сауда арқылы өз мұқтаждарын қанағаттандыратындай етіп үйренуге тиіс. Істі жолға қойғанда әрбір еңбекші өз күшін жұмысшы-шаруа мемлекетін нығайту жолына жұмсайтындай етіп қою керек. Ірі өнеркәсіп тек сонда ғана жасалады.

Бұл сана-сезім бұқараға сіңетін болуы керек, ол бұқараға сіңіп қана қоймай, сонымен қатар бұл сана-сезім бұқараға практикалық тұрғыдан бекитіндей ету керек. Мен Саяси ағарту бас комитетінің міндеттері міне осыдан туып отыр деймін. Қандай да болсын терең саяси төңкерістен кейін халықтың осы төңкерісті түсініп, біліп алуы үшін көп уақыт керек. Міне сондықтан осы арада: халық өзіне берілген сабақтарды түсінді ме, жоқ па?— деген сұрақ қойылып отыр. Ең өкініштісі сол — бұл сұраққа түсінген жоқ деп жауап беруге болады. Егер халық оны түсінген болса, онда біз ірі өнеркәсіпті жасауға анағұрлым тез, анағұрлым қысқа мерзімде жеткен болар едік.

Дүние жүзіндегі аса ұлы саяси төңкерісті жасау міндеті шешілгеннен кейін біздің алдымызда басқа міндеттер —«кішкене істер» деп атауға болатын мәдени міндеттер қойылды. Бұл саяси төңкерісті бойға сіңіру керек, оны халық бұқарасына ұғымды ету керек, бұл саяси төңкеріс тек декларация ғана болып қалмайтын ету керек.

ЕСКІРГЕН ТӘСІЛДЕР

Бұл декларациялар, мәлімдемелер, манифестер, декреттер кезінде керек болды. Мұның өзі бізде жеткілікті. Біз нені құрғымыз келетінін және оны қалай құрғымыз келетінін, көз көрмеген қандай жаңа істерді істегіміз келетінін халыққа көрсету үшін ол нәрселер кезінде қажет еді. Бірақ біздің не құрғымыз келетінін халыққа үздіксіз көрсете беруге бола ма? Болмайды! Мұндай ретте ең қарапайым жұмысшы да бізді келемеждей бастар еді. Ол былай дер еді: «Сен ылги өзіңнің қалай құрғың келетінін көрсете беретінің не, сен өзіңнің қалай құра білетініңді іс жүзінде көрсетсейші. Қолыңнан келмейді екен, онда жолымыз басқа болғаны, аулақ кет!»,— дер еді. Сонда оныкі дұрыс та болар еді.

Ұлы міндеттерді саяси жағынан суреттеу керек болған мезгіл өтті, енді оларды практикалық тұрғыдан жүзеге асыру керек болатын мезгіл жетті. Енді біздің алдымызда мәдени міндеттер, жүзеге асуға тиісті және асуы мүмкін саяси тәжірибені бойға сіңіру міндеттері тұр. Не Совет өкіметінің барлық саяси жеңістері құриды, не осы саяси жеңістердің экономикалық іргетасын салу керек болады. Қазір бұл жоқ. Нақ осыған кірісу керек.

Мәдениетті көтеру міндеті — ең кезектегі міндеттердің бірі. Бұл да саяси ағарту комитетінің міндеті, егер ол өзіне атақ етіп қалап алған «саяси ағарту ісіне» қызмет ете білсе, бұл соның міндеті. Атақты иемдену қиын емес, бірақ соның орындалу жайы қалай болып жатыр? Бұл туралы біз осы съезден кейін дәл деректер алатын шығармыз деп сенеміз. Сауатсыздықты жою жөніндегі комиссия бізде 1920 жылғы 19 июльде құрылды. Мен осы съезге келердің алдында тиісті декретті әдейі оқып

шықтым. Сауатсыздықты жою жөніндегі бүкіл россиялық комиссия... Ол аз болса — Сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссия делінген. Осы салада қанша губернияда, нақтылы не істелгендігі жөнінде біз осы съезден кейін деректер аламыз және дәлме-дәл есеп аламыз деп сенеміз. Бірақ сауатсыздықты жою жөнінде төтенше комиссия құруға тура келген жағдайдың өзі біздің (қалай деп жұмсағырақ айтсам екен?) жартылай жабайы адамдар тәрізді екендігімізді дәлелдемей ме, өйткені халқы жартылай жабайы емес елде сауатсыздықты жою жөнінде төтенше комиссия құрудың өзі ұят болар еді, ондай елде сауатсыздықты мектептерде жояды. Ондай елде тәп-тәуір мектептер бар,— сол мектептерде оқытады. Не оқытады? Ең алдымен, сауат ашуға оқытады. Ал егер осы қарапайым міндет шешілмеген болса, онда жаңа экономикалық саясат туралы сөз етудің өзі күлкілі нәрсе.

ЕҢ ЗОР КЕРЕМЕТ

Бұл арада қандай жаңа саясат болмақ? Егер сауатсыздықты төтенше шаралар арқылы жоюға тиісті болып отырсақ, құдай сақтап бірдеңе етіп ескі саясатпен амалдай тұрсақ та жарамай ма. Бұл — айқын нәрсе. Бірақ бұдан да гөрі айқынырақ нәрсе — біз соғыс саласында да, басқа салаларда да кереметтер жасадық. Меніңше, сауатсыздықты жою жөніндегі комиссияның өзін ақырына дейін жойса, осы кереметтердің ішіндегі ең зор керемет сол болар еді. Менің осында естігенім сияқты, Халық ағарту комиссариатынан бөліну туралы жоба тәрізді жобалар жасалмайтын болсын. Егер бұл осылай болса, егер сіздер бұған жете көңіл қойсаңыздар, онда кейбір нашар жобаларды жою жөнінде төтенше комиссия құру керек болатындығына келісер едіңіздер.

Ол ол ма: сауатсыздықты жою жеткіліксіз, сонымен бірге совет шаруашылығын да құру керек, ал бұл жөнінде бір ғана сауаттылықпен алысқа ұзай алмайсың. Біз мәдениетті мықтап көтеруіміз керек. Әрбір адам өзінің хат танитынын іс жүзінде пайдалана алатындай

ету керек, оның оқитын нәрсесі болсын, оның қолында газет және насихат кітапшалары болсын, бұлар дұрыс бөлініп, жол-жөнекей жоғалып кетпей, халықтың қолына тиетін болсын, өйткені бұлардың жартысына жуығы ғана оқылады, оларды кеңселерде ол-пұлға пайдаланады, сөйтіп халыққа, бәлкім, төрттен бірі де барып жетпейтін шығар. Бізде бар сол тапшы нәрсенің өзін пайдаланып үйрену керек.

Міне сондықтан жаңа экономикалық саясатпен байланысты саяси ағарту ісі қалай болған күнде де мәдениетті көтеруді талап етеді деген пікірді тынбастан алға тартып отыру керек. Хат танудың өзі мәдениетті көтеруге қызмет ететін дәрежеге, шаруа осы аз ғана сауатын өзінің шаруашылығын, өзінің мемлекетін жақсарту үшін қолдануға мүмкіндік алатын дәрежеге жету керек.

Совет заңдары өте жақсы, өйткені жұрттың бәріне бюрократизм мен созбұйдаға қарсы күресуге мүмкіндік туғызады; бірде-бір капиталистік мемлекетте жұмысшы мен шаруаға мұндай мүмкіндік берілмейді. Ал енді осы мүмкіндікті жұрт пайдаланып отыр ма? Ешкім де пайдаланбайды деуге болады! Және тек шаруа ғана емес, коммунистердің орасан көп проценті де созбұйдаға қарсы, бюрократизмге қарсы немесе парақорлық сияқты, нағыз орыстық құбылысқа қарсы күресу жөніндегі советтік заңдарды пайдалана білмейді. Бұл құбылысқа қарсы күресуге бөгет болып отырған не нәрсе? Біздің заңдарымыз ба? Біздің насихатымыз ба? Жоқ, керісінше! Заңдар жетерлік-ақ жазылған! Ал бұл күресте табыс неге жоқ? Себебі—бұл күресті бір ғана насихатпен жүргізуге болмайды, бұл күресті халық бұқарасының өзі көмектессе ғана аяқтауға болады. Бізде күресуге кедергі жасап жүргендерін айтпағанның өзінде, коммунистердің жартысына жуығы күресе білмейді. Рас, сіздердің 99 процентіңіз — коммунистерсіздер, сондықтан, өздеріңіз білесіздер, қазір біз күреске кедергі жасайтын коммунистерді нысанаға алып отырмыз, мұнымен партияны тазалау жөніндегі комиссия шұғылданып жатыр, сөйтіп өз партиямыздан 100 мыңдай адамды аластармыз деген үміт бар. Кейбіреулер 200 мың адам деседі,—маған осы соңғысы көбірек ұнайды.

Партияға жасырынып кіріп кеткен және созбұйдаға қарсы, параға қарсы күресе білмеуі былай тұрсын, қайта оларға қарсы күресуге кедергі жасайтын 100 мыңнан 200 мыңға дейін коммунисті біз өз партиямыздан қуып шығаратындығымызға мен кәміл сенемін.

САЯСИ АҒАРТУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Біз партиямызды бірер жүз мың адам шамасында тазаласақ, мұның өзі пайдалы іс болады, бірақ бұл — біз істеуге тиісті істің болмашы бөлегі ғана. Саяси ағарту комитеттері өздерінің бүкіл жұмысын осы мақсатқа бағыттап жүргізуі керек. Сауатсыздыққа қарсы күресу керек, бірақ бір ғана сауаттылық та жеткіліксіз, сондықтан созбұйдаға қарсы, параға қарсы күресуді үйрететін мәдениет те керек. Мұның өзі ешқандай да соғыс жеңістерімен, ешқандай да саяси өзгерістермен емдеп жазуға болмайтын ауру. Асылында, бұл ауруды соғыс жеңістерімен, саяси өзгерістермен емдеп жаза алмайсың, тек мәдениетті көтерумен ғана емдеп жазуға болады. Бұл міндет те саяси ағарту комитеттеріне жүктеледі.

Саяси ағартушылар өздерінің міндеттерін чиновниктерше түсінбейтіндей ету керек. губерниялық саяси ағарту комитетінің өкілін губерниялық экономикалық кеңеске[83] енгізуге болмас па екен деген әңгімелерде чиновниктік тым жиі байқалып жүр. Ғапу етіңіздер, сіздерді ешқайда енгізудің керегі жоқ, қайта өздеріңіздің міндеттеріңізді қарапайым азаматтар ретінде өздеріңіз шешетіндей ету керек. Сіздер мекемеге кірген кездеріңізде бюрократтанып кетесіздер, ал егер сіздер халықпен істес болып, оны саяси жағынан ағартып отырсаңыздар, саяси жағынан көзі ашық халықта пара дегеннің болмайтындығын сіздерге тәжірибе көрсетіп береді, ал бізде пара дегеніңіз аяқ басқан сайын кездеседі. Сіздерден: пара болмау үшін не істеу керек, атқару комитетіндегі пәлендей адамның пара алмауы үшін қалай істеу керек, осыған қалай жетуге болады, осыны үйретіңіздерші?— деп сұрайды. Сонда саяси ағартушылар: «Бұл біздің қарауымызға жатпайды», «бізде бұл

мәселе жөнінде кітапшалар мен прокламациялар басылып шығарылған ғой» дейтін болса, халық сіздерге: «Сіздер партияның жаман мүшесі екенсіздер: рас, бұл сіздердің қарауыңызға жатпайды, бұл үшін Рабкрин бар, бірақ сіздер партия мүшесі болып та саналасыздар ғой» демес пе еді. Сіздер өздеріңізге саяси ағартушы атағын алдыңыздар. Сіздер осындай атақты аларда сіздерге: жоғары атаққа тым қол соза бермеңіздер, қарапайым атақ алыңыздар деп ескертілген болатын. Бірақ сіздердің саяси ағартушы атағын алғыларыңыз келді, ал бұл атақта көп мән бар. Сіздер өздеріңізді халыққа әліппе үйрететін адамдар деп атаған жоқсыздар ғой, сіздер саяси ағартушы атағын алдыңыздар емес пе. Сіздерге былай деуі мүмкін: «Сіздердің халықты оқуға, жазуға, экономикалық науқанды жүргізуге үйретіп жүргендеріңіз өте жақсы, мұның бәрі өте жақсы, бірақ бұл саяси ағарту емес, өйткені саяси ағарту — барлығына қорытынды жасау деген сөз».

Біз варварлыққа қарсы және пара сияқты кеселге қарсы насихат жүргізіп отырмыз және оны сіздер де жүргізіп отыр деп сенемін, бірақ саяси ағарту бұл насихатпен бітпейді, саяси ағарту практикалық нәтижелерді көрсетеді, ол — осыған қалай жетуді халыққа үйрету деген сөз және басқаларға осындай өнеге көрсету керек, көрсеткенде атқару комитетінің мүшелері ретінде емес, қатардағы азаматтар ретінде, саясат жөнінде басқалардан гөрі анағұрлым көзі ашық, әрбір созбұйдалық үшін тек ұрсуды ғана емес,— мұның өзі бізде кең тарап жүр,— сонымен бірге бұл қырсықты іс жүзінде қалай жеңу керек екендігін үйрете де білетін азаматтар ретінде көрсетіп отыру деген сөз. Мұның өзі өте-мөте қиын өнер; мәдениетті жалпы көтермейінше, жұмысшы-шаруа бұқарасын біздің қазіргімізден гөрі анағұрлым мәдениетті етпейінше, бұл өнерді орындай алмайсың! Сондықтан Саяси ағарту бас комитетінің осы міндетіне менің көбірек көңіл аударғым келеді.

Енді осы айтқандарымның бәрін қысқаша жинақтап, губерниялық саяси ағарту комитеттерінің алдында тұрған міндеттердің бәріне практикалық қорытынды жасағым келеді.

БАСТЫ-БАСТЫ ҮШ ЖАУ

Менің ойымша, адамның ведомстволық роліне, міндеттеріне қарамастан, қазір оның алдында тұрған, саяси ағартушының,— егер бұл адам коммунист болса, ал мұндайлар көпшілік,— алдында тұрған басты-басты үш жау бар. Олардың алдында тұрған басты-басты үш жау мыналар: бірінші жау — коммунистік менмендік, екінші жау — сауатсыздық және үшінші жау — пара.

БІРІНШІ ЖАУ — КОММУНИСТІК МЕНМЕНДІК

Адам коммунистік партия қатарында бола отырып, одан әлі аласталмай тұрып, өз міндеттерімнің бәрін коммунистік декреттер шығару арқылы шеше аламын деп ойласа — коммунистік менмендік дегеніміз міне, осы. Әзірше ол билеуші партияның және пәлендей бір мемлекеттік мекемелердің мүшесі болып отырғанда, ол осы негізге сүйеніп, мұның өзі саяси ағартудың қорытындылары туралы айтуыма мүмкіндік береді деп ойлайды. Тіпті де олай емес! Бұл тек коммунистік менмендік қана. Саяси ағартуды үйрену керек — істің мәні міне осында, ал біз мұны әлі үйренген жоқпыз және де оған деген дұрыс көзқарас бізде әлі жоқ.

ЕКІНШІ ЖАУ — САУАТСЫЗДЫҚ

Екінші жау—сауатсыздық — жөнінде мен былай дей аламын: әзірге біздің елімізде сауатсыздық сияқты құбылыс орын алып отырғанда, саяси ағарту туралы сөз ету өте қиын. Мұның өзі саяси міндет емес, бұл—онсыз саясат туралы сөз етуге болмайтын шарт. Сауатсыз адам саясаттан тыс тұрады, оған әуелі әліппені үйрету керек. Мұнсыз саясат болуы мүмкін емес, мұнсыз саясат емес, тек неше түрлі қауесет, өсек, ертегі, соқыр сенімдер ғана бола алады.

ҮШІНШІ ЖАУ — ПАРА

Ақырында, егер пара сияқты құбылыс бар болса, егер мұның болуы мүмкін болса, онда саясат туралы сөз де жоқ. Мұнда тіпті әлі саясатқа баратын басқыш та жоқ,

мұнда саясат жасауға болмайды, өйткені барлық шаралар түкке аспай қалады және тіпті ешқандай нәтижелерге жеткізбейді. Егер практика жүзінде заң параға жол берілуі және оның кең жайылуы жағдайында қолданылатын болса, онда ол заңнан тек залал көресің. Мұндай жағдайлар тұсында ешқандай саясат жасауға болмайды, бұл арада саясатпен айналысуға болатындай негізгі шарт жоқ. Біздің саяси міндеттерімізді халық алдында нобайлап көрсету мүмкін болуы үшін, халық бұқарасына: «біз міне мынадай міндеттерге ұмтылуға тиістіміз» (ал біз мұны істеуге тиісті болар едік!) деп көрсету мүмкін болуы үшін бұл арада бұқараның мәдени дәрежесін көтеру қажеттігін түсіну керек. Сондықтан мәдениеттің осы белгілі бір дәрежесіне жету керек. Мұнсыз біздің міндеттерімізді нақты жүзеге асыруға болмайды.

СОҒЫС МІНДЕТТЕРІ МЕН МӘДЕНИ МІНДЕТТЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

Мәдени міндеттің, саяси және соғыс міндеттері сияқты, жылдам шешілуі мүмкін емес. Қазір алға басудың жағдайлары бұрынғыдай емес екендігін түсіну керек. Дағдарыс шиеленіскен дәуірде саяси жағынан бірнеше аптада жеңіп шығуға болады. Соғыста бірнеше айдың ішінде жеңіп шығуға болады, ал мәдениет жөнінен мұндай мерзімнің ішінде жеңіп шыға алмайсың, істің өзінің шын мәні бойынша да мұнда анағұрлым ұзақ мерзім керек, сондықтан өз жұмысыңды есептей отырып, барынша табандылық, төзімділік және жүйелілік көрсете отырып, осы анағұрлым ұзақ мерзімге бейімделу керек. Бұл қасиеттер болмайынша саяси ағарту ісіне тіпті кірісудің де қажеті жоқ. Ал саяси ағартудың нәтижелерін тек шаруашылықтың жақсаруымен өлшеуге болады. Біздің тек сауатсыздықты жоюымыз ғана, сауатсыздыққа сүйеніп қана жан сақтап отырған параны құрытуымыз ғана жеткіліксіз, сонымен бірге біздің насихатымызды, біздің басшылығымызды, біздің кітапшаларымызды халық іс жүзінде ұғынатындай ету керек

жэне соның нэтижесінде халық шаруашылығының жақсаруына жету керек.

Біздің жаңа экономикалық саясатпен байланысты Саяси ағарту комитеттерінің міндеттері міне осындай, осы съезіміздің арқасында біз бұл салада зор табысқа жетеміз деп үміттенгім келеді.

«2-ой Всероссийский съезд политпросветов. Бюллетень съезда» № 2, 19 октябрь, 1921 ж.

Бюллетеньнің В. И. Ленин түзеткен корректуралық оттискі бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ КОНЦЕССИЯЛАР ЖӨНІНДЕ БІРТҰТАС КОМИССИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Бейтарап елдер капиталистерінің РСФСР заводтарының және өнеркәсіп салаларының бір бөлегін өздеріне концессияға беру жөнінде ұсыныс жасауына байланысты Троцкий, Богданов және Цыперович (Петроград Губкомының оны басқа жолдаспен ауыстыруға правосы бар) жолдастардың комиссиясына осы мәселе жөніндегі бұрынғы барлық комиссияларды жою туралы және бұл істің барлық көлемін түгел қамтитын басқарушы біртұтас комиссия құру туралы Саяси бюроның шешімін әзірлеу тапсырылсын[84].

1921 ж. 17 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. М. МИХАЙЛОВҚА ЗАПИСКА ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ РУТГЕРС ТОБЫМЕН КЕЛІСІМ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[85]

19. X.

Михайлов жолдас!

Еңбек және Қорғаныс Советінің шешіміне (яғни Орталық Комитеттің шешіміне) Рутгерс тобының жауабын қоса жіберіп отырмын.

Меніңше, бұл біздің шарттарымызды *қабылдағанмен* бірдей.

Сондықтан мен *Орталық Комитет шешімінің* жобасын қоса жіберіп отырмын және оны Саяси бюро мүшелеріне *тезірек жағалай* аралатып шығуыңызды өтінемін. *Өте асығыс.*

Коммунистік сәлеммен *Ленин*

Инициативалық топтың (Рутгерс, Хейвуд және Кальверт жолдастардың) *Еңбек және Қорғаныс Советінің* 17. X. күнгі шешімінде ұсынылған шарттарды қабылдауымен байланысты Орталық Комитет қаулы етеді және Еңбек және Қорғаныс Советіне былай деп қаулы етуді тапсырады:

Еңбек және Қорғаныс Советі қаулы етеді:

1) топпен келісім жасалды деп есептелсін;

2) отын, ағаш дайындаудың басталғаны және т. с. туралы мейлінше шұғыл жарлықтар берілген телеграммаларды дереу әзірлеп, оларды Еңбек және Қорғаныс Советінің председателіне қол қоюға беру Богданов жолдасқа жүктелсін;

3) 21. X. 1921, жұма күні, Еңбек және Қорғаныс Советінде бекіту үшін өзгертілген шарттың ақырғы текстін 2 күн мерзім ішінде әзірлеу Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумына тапсырылсын;

4) Еңбек және Қорғаныс Советінде 21. X. шарт бекітілгеннен кейін дереу, шартқа сәйкес, Рутгерс жолдасқа 22. X., сенбі күні, 5 000 $ * берілсін.

Сонан соң, мұны Еңбек және Қорғаныс Советінің шешімі ретінде жазбай-ақ, Орталық Комитет Богданов жолдасқа да, Куйбышевтің комиссиясына да, Еңбек және Қорғаныс Советіне де (1) «Ұйымдастыру Комитетіне» қосымша кандидаттар таңдап алғанда бұл тізімді біржола бекітуге *дейін* және бекіту *үшін* оған *Еңбек және Қорғаныс Советінің* қатысуға правосы болатындай етіп, (2) Совет өкіметінің *барлық және қандай да болса* шығындарының *бүкіл* сомасы 300 000 $ -дан *аспайтындай* етіп, (3) шартты бұзған жағдайда Совет өкіметі ешқандай финанстық міндеттемелер *арқаламайтындай* (немесе тек РСФСР соты немесе РСФСР *Орталық Атқару Комитеті* орынды деп танитындай міндеттемелерді ғана арқалайтындай) етіп шартқа өзгерістер енгізуді тапсырады.

Ленин

1921 ж. 19 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — доллар. *Ред.*

РОССИЯҒА АЗЫҚ-ТҮЛІК ПОСЫЛКАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ АРА-мен КЕЛІСІМ ЖОБАСЫНЫҢ ТЕКСТІ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР[86]

Келісемін, 9/X Ленин

(егер тіпті мақсатымыз — *сауда* болса да, соның өзінде де біз осы тәжірибені жасап көруге *тиістіміз*, өйткені бізге ашыққандарға таза пайда және бақылау правосын, 3 ай бұрын бас тарту правосын да беріп отыр. Сондықтан тасымал үшін, қоймалар үшін ақы алудың керегі *болмас*). Саяси бюроның мақұлдауымен, *АРА*-да біздің осы операцияны бақылаушымыз тағайындалуға тиіс, ол адам сенімділікті *бәрін* түгел бақылап отыратын қабілетпен ұштастыра алатындай кісі болуы керек.

1921 ж. 19 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПОЛЯК КОММУНИСТЕРІНЕ ХАТ

19. X. 1921 ж.

Қымбатты жолдастар!

Польшада коммунистік қозғалыстың өрлеп келе жатқаны жөнінде біздің газеттерге келіп түсіп жатқан үздік-создық мәліметтерге қарағанда, (мұнан да гөрі) кейбір аса көрнекті поляк жолдастардың хабарларына қарағанда, Польшада революция толғағы жетіп келе жатқан тәрізді.

Жұмысшы революциясының толғағы жетіп келеді: PPS * (орысша — эсерлер мен меньшевиктер; европаша — II және II $^1/_2$ Интернационалдар) толық күйреді. Кәсіподақтар бірінен соң бірі коммунистер жағына өтіп жатыр. Демонстрациялар және т. б. көбейді. Финанс жағынан күйреу төніп тұр, ол болмай қалмайды. Польшада буржуазиялық демократия (және ұсақ буржуазия) аграрлық реформаны жүргізуде орасан зор сәтсіздікке ұшырады, бұл әбден толғағы жеткен, болмай қалмайтын, село халқының көпшілігін — шаруалардың ең кедей бөлегінің бәрін—коммунистерге қарай міндетті түрде итермелейтін сәтсіздік.

Финанс жағынан күйреуге және Антанта (Франция және басқа елдер) капиталының Польшаны арсыздықпен тонауына байланысты ұлы державалық және ұлттық жалған үміттерді іс жүзінде әшкерелеу, *бұқара* үшін, қатардағы жұмысшы үшін, қатардағы мужик үшін көзге көрсеткендей, қолға ұстатқандай етіп әшкерелеу басталады.

---

* — ППС — Поляк социалистік партиясы. *Ред.*

Егер мұның бәрі осылай болса, онда Польшада революция (советтік революция) жеңуге тиіс және де көп ұзамай жеңуге тиіс. Демек, *мезгілсіз* көтерілісті қан төгіспен басу арқылы үкімет пен буржуазияның революцияны тұншықтырып тастауына жол бермеу керек. Арандатудан сақ болу қажет. Толқынның әбден көтеріліп, күшеюін күту керек: ол барлығын жайпап тастап, коммунистерді жеңіске жеткізеді.

Егер буржуазия 100—300 адамды өлтіретін болса, мұның өзі істі сәтсіздікке ұшырата алмайды. Ал егер ол қан төгіс қырғынға ұрындырып, 10—30 *мың* жұмысшыны қырып салатын болса, онда мұның өзі революцияны *тіпті бірнеше жылға* да кідіртуі *мүмкін.*

Егер үкіметке сейм сайлауын өткізу маңызды болса, онда күш-жігерді жұмысшы революциясы мен шаруалар наразылығының толқыны *сеймді жеңіп алғандай* етуге бағыттау керек.

Арандатуға ұрынып қалмау керек.

Қайткен күнде де революцияны оның жемісі *толық* піскенге дейін *өрістете беру керек.* Польшада *өз ішінен* Совет өкіметінің жеңіп шығуы — *халықаралық* орасан зор жеңіс. Менің байқауымша, егер қазір Совет өкіметі халықаралық жеңіске 20—30% мөлшерінде жетіп отырса, Совет өкіметінің Польшада *өз ішінен* жеңуімен байланысты коммунистік революцияның *халықаралық* жеңісі 40—50% болады, тіпті 51% болуы да мүмкін. Өйткені Польша Германиямен, Чехословакиямен, Венгриямен іргелес жатыр, сондықтан советтік Польша Версаль бітіміне негізделген *бүкіл* режимді түп-тамырымен шайқалтады.

Міне сондықтан да поляк коммунистеріне дүние жүзілік мәні бар жауапкершілік: өз кемесінің рулін мықтап ұстау, арандатуға ұрынып қалмау міндеті жүктеліп отыр.

Дашинский мен К⁰-ның Домбальды соққыға жыққанына жауап беру қажет пе? Егер жауап берсек, онда Дашинскийді атпай-ақ, денесіне жарақат түсірмей-ақ дүрелеп, тек осылай ғана жауап беру керек. Жұмысшылар ол найсапты тәубесіне келтіріп алатын болса, одан жұмысшылардың рухы көтерілетін болса, 5—10 жұмыс-

шының (түрмеге жабылып немесе атылып) құрбандығымен тынатын болса, мүмкін, осылай істеген де дұрыс болар. Бірақ, бәлкім, мұны да істеудің керегі болмас: *біздің* Домбальды айуандықпен дүреледі дегеніміз *шаруалар* арасында үгіт жүргізу үшін *пайдалырақ* емес пе? Мүмкін, бұл Дашинскийдің тұмсығын бұзғаннан гөрі *артта қалған* шаруалардың ниетін біздерге *жақсырақ* аударар? Мұқият салмақтап көру керек.

Коммунистік сәлеммен *Ленин*

Бірінші рет 1962 ж. 22 апрельде «Правда» газетінің 112-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[87]

4-параграфқа:

Финанс халық комиссариаты мен Финанс комиссиясына, сондай-ақ ішкі сауда мәселелеріне қатысы бар жолдастардың бәріне, ақша айналысы мәселелері жөнінде консультация алысу үшін капиталистік саудадан практикалық мол стажы және тәжірибесі бар адамдар тобын ең қысқа мерзім ішінде іріктеп алу тапсырылсын. Бұл жолдастарға тапсырманы орындай алатындықтарын және қандай мерзімде орындайтындықтарын 2 күн мерзім ішінде жазбаша түрде хабарлау ұсынылсын.

1921 ж. 20 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ФАУЛЕР» ПЛУГТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[88]

1. Фаулердің плугтары туралы *Еңбек және Қорғаныс Советі* қаулыларының орындалуына жауапкершілік Халық шаруашылығы жоғары советі металл бөлімінің меңгерушісі Мартенс жолдасқа дербес жүктелсін.

2. Мартенс жолдасқа жұмысты ұйымдастыру жоспары туралы және оның табысты болуы үшін қажетті нақты шаралар туралы *Еңбек және Қорғаныс Советіне* бір апта ішінде жазбаша түрде ұсыныс беру ұсынылсын.

3. Төтенше үштік таратылсын, ол бір апта мерзім ішінде істі Мартенс жолдасқа тапсыруға және өз жұмысы туралы жазбаша есеп беруге міндеттелсін.

4. Юстиция халық комиссариатына созбұйданы, ұқыпсыздықты және бұл іске металл бөлімінің, одан соң, әсіресе, төтенше үштіктің, сондай-ақ басқа да мекемелердің дұрыс қарамағанын бір апта мерзім ішінде тергеп бітіру тапсырылсын.

Еңбек және Қорғаныс Советіне баяндама тапсырылатын болсын.

1921 ж. 21 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНЕ ЕСЕП ПЕН ДИАГРАММАЛАР БЕРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ[89]

21 ОКТЯБРЬ, 1921 ж.

Құрамында Горбунов, Смольянинов, Аванесов (ауыстыру правосымен) және Крумин жолдастар бар комиссияға Орталық статистика басқармасын, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясын және тиісті ведомстволарды қатыстыра отырып

барлық ведомстволардың Еңбек және Қорғаныс Советіне ай сайын статистикалық мәліметтер мен диаграммалар[90], әсіресе шаруашылық өмірді сипаттау, есептерді зерттеу, оларды өңдеу және практикалық қорытындыларды тұжырымдау жөніндегі мәліметтерді беріп отыруы туралы қаулының жобасын бір апта мерзім ішінде әзірлеп, Еңбек және Қорғаныс Советіне тапсыру жүктелсін.

Комиссияны шақыру мен Еңбек және Қорғаныс Советінде баяндама жасау Горбунов немесе Смольянинов жолдасқа жүктелсін.

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Протоколдық жазбаның машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ЗАПИСКА ЖӘНЕ СОВЕТ ҮКІМЕТІНІҢ БОРЫШТАРДЫ МОЙЫНДАУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІНІҢ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР[91]

24 октябрь

Чичерин жолдас! Мен өз түзетулерімді жіберіп отырмын және Өз пікіріңізді айтып, қайтаруыңызды өтінемін.

№ 1) Бізде 150 млн. емес, Қиыр Шығыс Республикасын қосып есептегенде *1 3 0*.

№ 2) «Кеңшілік» жасауға емес, *бірсыпыра кеңшіліктер* жасауға.

№ 3) Бастысы: *б і з д і ң* оларға қоятын талаптарымыз туралы әрі *е п п е н,* әрі дәл айту керек.

Коммунистік сәлеммен
Ленин

Мәлімдеме жобасы

Батыс Европа газеттерінің мәліметтеріне қарағанда, державалар өкілдерінің Брюссель конференциясы бұрынғы орыс үкіметтерінің борыштарын Россия үкіметінің мойындауын ашыққандарға көмек ретінде Россия үкіметіне қарыз берудің шарты етіп қойып отыр. Бұл конференцияның қаулысы жөнінде Россия үкіметіне осы уақытқа дейін ештеңе хабарланған жоқ. Алайда, Россия үкіметі, ашыққан халық бұқарасын көре тұрып, дипломатиялық этикеттің нәзік жақтарымен санасып жатқысы келмейді және Брюссель шешімдеріне өз көзқарасын дереу білдіруді өзінің сөзсіз борышы деп санайды. Ағылшын премьер-министрі Ллойд Джордж мырза өзінің 16 августа британ парламентінде сөйлеген сөзінде Россияны патша үкіметінің борыштарын мойындауға зорлап көндіру үшін Россиядағы ашаршылықты пайдалану ұсынысын зымияндық айла деп атаған еді. Солай бола тұрса да, Россиядағы ашаршылық апатының көлеміне байланысты Совет үкіметінің аштықтан зардап шек-

кен халықты өз күшімен құтқарып қалуға шамасы келмей отырғанынан толық хабардар Брюссель конференциясы ескі борыштарды Совет үкіметінің мойындауын Россияға кредит берудің шарты етіп қойды; ал мұндай кредитсіз ашыққандарға елеулі көмек көрсету мүмкін емес.

Брюссель конференциясының бұл әрекетіне барлық елдердің еңбекші бұқарасының және адамгершілік ұғымдарды қадір тұтатын барлық азаматтардың назарын аудара отырып, Россия үкіметі сонымен қатар белгілі шарттар негізінде ескі борыштарды мойындау ұсынысы қазіргі уақытта оның өз ниеттеріне үйлес келетінін мәлімдейді. Совет үкіметі өзі өмір сүрген күннен бастап басқа державалармен экономикалық ынтымақ жасауды өз саясатының негізгі мақсаттарының бірі етіп қойған болатын. Ол Россияның табиғи байлықтарын игеруде және оның шаруашылық аппаратын қалпына келтіруде оған көмектескісі келетін шетел капиталистеріне жеткілікті пайда беруге әзір екенін әрдайым мәлімдеп келді. Қазіргі уақытта Совет үкіметі Америка Құрама Штаттары президентінің де, Великобритания министрлерінің де ресми мәлімдемелерінде дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан бері үш жыл өтсе де, әлі күнге дейін нағыз бейбітшілік болмай отыр, халық бұқарасының мұқтажы барған сайын асқынуда, мемлекеттік борыштар ұлғайып, бүліншілік өсе түсуде деген ойдың ұдайы айтылып келе жатқанын еске салады.

150 миллион халқы бар Россиясыз толық бейбітшілік орнату
№ 1 туралы ойлауға да болмайтыны, Россияны қираған күйінде
130 қалдырып, бүліншілікті жеңуге болмайтыны, Россия мен басқа
қалған дүниенің арасындағы қарым-қатынас туралы мәселенің — бірінші дәрежелі дүние жүзілік мәселенің Совет үкіметімен келісімсіз шешіле алмайтыны айдан анық. Барлық мемлекеттер мен барлық халықтардың ұзақ мерзімдік мүдделері және тұрақты қажеттері тұрғысынан алғанда, Россияны шаруашылық жағынан қалпына келтіру — тек Россия үшін ғана емес, барлық мемлекеттер мен халықтар үшін де бірінші дәрежелі қажеттілік. Басқа елдермен экономикалық қарым-қатынас жасалмайынша, Россияны экономикалық жағынан қайта көтеру міндеті мүлде қиындай береді және ол міндетті орындау әлдеқайда ұзақ дәуірге созылатын болады.

Жұмысшы-шаруа үкіметі бұл міндетті басқа қай үкіметтен болса да жақсырақ орындай алады. Халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмысында оған капиталистердің жеке топтарының жеке меншікшіл жымысқы мүдделері бөгет бола алмайды. Шын мәнісінде тұтас қоғамның мүдделерін білдіретін халықтың ең қалың бұқарасының мүдделері жұмысшы-шаруа өкіметіне тікелей басшылық болып отыр. Россияның бүкіл еңбекші халқының мүдделерін қанағаттандыруды өзіне мақсат етіп қойған, азамат соғысының адам айтқысыз сындарынан жеңіспен шыққан жұмысшы-шаруа өкіметі Россияның табиғи байлықтарын игеруде жеке инициатива мен капиталдың жұмысшы және шаруа өкіметімен ынтымақтасуына мүмкіндік

ашады. Совет үкіметі жеке сауданы, ұсақ кәсіпорындарға жеке меншікті, ірі кәсіпорындарды концессияға және арендаға алу правосын қалпына келтірді.

Совет өкіметі шетел капиталын Россиядағы экономикалық жұмысқа тарту үшін оның мүдделерін қанағаттандырып, шетел капиталына пайданың жеткілікті бөлегін береді. Осы жолмен жүре отырып, Совет үкіметі барлық державалармен экономикалық келісімдер жасауға ұмтылады, ол үшін, сайып келгенде, Россия мен басқа мемлекеттердің арасында түпкілікті бітім жасасу қажет. Өзінің алдына осы міндетті қоя отырып, Совет өкіметі басқа державалар тарапынан патша үкіметінің ескі борыштарын мойындату талабына кездесіп отыр.

Совет үкіметі былай деп мәлімдейді: оның кәміл сенімі бойынша, бірде-бір халық өзін ғасырлар бойы матап келген бұғаулардың құнын төлеуге міндетті емес. Алайда басқа державалармен толық келісімге келуге берік бел байлаған Россия үкіметі осы аса маңызды мәселеде кеңшілік жасауға әзір. Бұл арқылы ол орыстың мемлекеттік заемдарын там-тұмдап ұстап отырған көптеген адамдардың, әсіресе Франциядағы сондай адамдардың да тілегін орындайды, ол адамдар Россия үкіметінің патша борыштарын мойындауына едәуір мүдделі. Осы пікірлерді ескере отырып, Россия үкіметі былай деп мәлімдейді: егер өзінің бұл міндеттемелерді орындауына практикалық мүмкіндікті қамтамасыз ететін жеңілдік шарттар берілетін болса, ол патша үкіметінің 1914 жылға дейінгі жасасқан мемлекеттік заемдары жөнінде басқа мемлекеттер мен олардың азаматтары алдындағы міндеттемелерді мойындауға әзір.

№ 2 бірсыпыра аса елеулі кеңшіліктер жасауға

Мұнымен қатар ұлы державалардың да Совет республикаларының қауіпсіздігіне және олардың шекараларының тұтастығына қатер төндіретін әрекет атаулының бәрін сөзсіз тоқтатуға міндеттенуі бұл мойындаудың сөзсіз шарты болатыны өз-өзінен түсінікті. Басқаша айтқанда, ұлы державалар Совет республикасымен жанпай түпкілікті бітім жасасқан күнде ғана және оның үкіметін басқа державалар таныған күнде ғана Совет республикасы өзіне осындай міндеттемелер ала алады.

Осы мақсатта Россия үкіметі тез арада халықаралық конференция шақыруды ұсынады, ол конференция жоғарыда белгіленген міндеттермен шұғылданар еді, басқа державалардың

№ 3 өзара талаптарын бір-біріне

өзге державаларға V қоятын талаптарын Λ

V және Россия үкіметінің Λ екі жақты талаптарын қарар еді, сөйтіп олардың арасында түпкілікті бітім шартын жасар еді. Тек осы конференцияны шақырғаннан кейін ғана жаппай татулық болуы мүмкін. Вашингтон конференциясы ешбір жағдайда татулыққа жеткізе алмайды, ол конференцияға қатысуға шақырылмаған Россия республикасы оның қаулыларын мойындамайды.

Совет үкіметінің өмір сүре бастағанына бірнеше күннен соң төрт жыл толады, бұл кезеңде толып жатқан сыртқы және ішкі жаулардың әрекеттері Россияда жұмысшы-шаруа өкіметін, Россия еңбекшілер бұқарасының мүдделері мен Россия тәуелсіздігінің шын қорғаушысы және өкілі ретіндегі өкіметті тек қана нығайта түскенін жұрттың бәрі лажсыз мойындап отыр. Антанта елдеріндегі жетекші баспасөз органдарының көптеген мәлімдемелерінен байқалып отырғанындай, Советтік Россияға қарсы жаңа интервентшілдік пиғылдар Россияның еңбекшілер бұқарасы мен олардың еркін білдіруші жұмысшы-шаруа өкіметінің берік байланысын онан сайын нығайта түседі, ал интервентшілдік пиғылдарды жүзеге асыру әрекеті еңбекшілер бұқарасының қайғы-қасіретін онан сайын көбейтіп, Россияны шаруашылық жағынан түпкілікті қалпына келтіру кезеңін алыстата түседі, сол арқылы барлық басқа халықтардың да шаруашылық мүдделеріне соққы болып тиеді.

Россия үкіметі енгізіп отырған ұсыныс оның барлық мемлекеттермен тату тұруға және олармен ешбір шырқы бұзылмайтын экономикалық қарым-қатынас орнатуға ұмтылып отырғанының ең жақсы дәлелі болып табылады. Бұл ұсынысты жүзеге асыру барлық мемлекеттер мен халықтардың мүдделеріне сай келеді.

Россия үкіметі өзінің ұсынысы нәтижесінде Россия мен басқа мемлекеттердің арасындағы экономикалық және саяси қатынастар таяу уақыттың ішінде түпкілікті реттелетін болады деп кәміл сенім білдіреді.

1921 ж. 24 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

В. И. Лениннің запискасы мен ескертпелері қолжазба бойынша, мәлімдеме жобасы машинкада басылған дана бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МАҚТА-МАТА ӨНЕРКӘСІБІН БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[92]

Богданов жолдасқа, Каменев жолдаспен бірлесе отырып, екі жобаны да ішіндегі созбұйдадан әбден арылту және барлық істерді коммерциялық шарттарға шын мәнінде сай келетін шапшаңдықпен жүргізу бағытында түзетіп, бұл екі жобаны қайтадан жасау тапсырылсын.

Ұсыныстардың екі тексті салғастырылып, Саяси бюро мүшелеріне жіберілсін.

1921 ж. 27 октябрьде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

В. М. МИХАЙЛОВҚА ЗАПИСКА ЖӘНЕ Л. Б. КРАСИНГЕ ТЕЛЕГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫ[93]

28/X.

Михайлов жолдас! Саяси бюро мүшелеріне жағалата аралатып алуға *асығыс* жөнелтуді өтінемін (егер олар мақұлдаса, Богдановпен және Чичеринмен келісу керек те, тап бүгін жөнелткен дұрыс).

Красиннің Вашингтон конференциясына дейін Америкаға баруының керемет маңызын ескеріп,

— біздің мұнайымызға американ капиталын мүдделі етудің де маңызы кем *емес* екенін ескеріп, Красинге *дәл бүгін* мынадай телеграммамен жауап беруді (әрине, шифрмен) *ұсынамын:*

«Біздің қызметкерлер мен мамандарды қатыстыра отырып, барлық іздеу жұмыстары жөнінде бізге толық мағлұмат берген күнде Фаундэйшн Компанидің іздеу жұмыстарына ақы төлеу үшін жүз мың долларға дейін қаржы бөлуге келісеміз. Американ капиталын Грозныйдағы парафин айыру заводы мен мұнай құбырын салуға пайдалануды орасан зор маңызды деп санаймыз. Бұл істі барынша күш-жігер салып, шапшаң қолға алуды өтінеміз, өйткені сіздің Вашингтон конференциясы басталғанға дейін баруыңыз айрықша маңызды».

Ленин

1921 ж. 28 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МОСКВА ГУБЕРНИЯЛЫҚ VII ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ[94]

29—31 ОКТЯБРЬ, 1921 ж.

1921 ж. 3 және 4 ноябрьде «Правда» газетінің 248 және 249-номерлерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

1
ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ 29 ОКТЯБРЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Жолдастар! Жаңа экономикалық саясат туралы баяндамаға кірісе отырып, мен бұл тақырыпты, бәлкім, мұндағы қатысушылардың көбінің күтіп отырғанынан гөрі өзгешерек түсінетінімді немесе, дұрысырақ айтқанда, мен бұл тақырыптың кішірек бір бөлегіне ғана тоқталатынымды алдын ала ескертіп өтуге тиістімін. Бұл мәселеде басты назар Совет өкіметінің жаңа экономикалық саясатқа қатысты соңғы заңдарымен және қаулыларымен танысуға, оларға баға беруге аударылу қажет екені табиғи нәрсе. Бұл қаулылардың саны көп болған сайын және оларды реттеудің, тәртіптеудің, қорытындылаудың қажеттілігі неғұрлым артқан сайын,— ал мұндай қажеттілік, менің Халық Комиссарлары Советінде байқауымша, қазірдің өзінде өте-мөте сезіліп отыр,— мұндай тақырыпқа жұрттың ынта қоюы да соғұрлым орынды. Нақ сол сияқты, жаңа экономикалық саясаттың нәтижелері жөнінде қазірдің өзінде қолда бар фактілермен, цифрлармен танысуға құштарлық та сондай орынды. Тексеріліп, анықталған мұндай фактілердің саны, әрине, әлі онша көп емес, бірақ, дегенмен, мұндай фактілер бар. Сондықтан, сөз жоқ, жаңа экономикалық саясатпен танысу үшін бұл фактілерді қадағалау және оларды қорытындылауға әрекет жасау — өте-мөте қажет. Бірақ мен бұл тақырыптың қай-қайсысына болса да тоқтала алмаймын, ал егер сіздер бұл тақырыптарды білуге құштар болсаңыздар, сіздердің бұл тақырыптар жөнінде баяндамашылар табатындарыңызға мен сене-

мін. Ал менің назар аударып отырғаным басқа тақырып, атап айтқанда — тактика туралы мәселе немесе саясатымыздың бетбұрысымен байланысты өзіміз қолданған, былайша айтқанда, революциялық стратегия туралы мәселе және, мына жағдайларға; бір жағынан, өз міндеттерімізді біздің жалпы түсінуімізге бұл саясаттың қаншалықты сәйкес келетіндігіне, ал екінші жағынан — бұл жаңа экономикалық саясаттың қажеттігіне қазіргі партиялық білім мен партиялық сана-сезімнің қандайлық бейімделе алғанына баға беру туралы мәселе. Мен өз әңгімемде міне осы арнаулы мәселеге ғана әдейілеп көңіл бөлгім келеді.

Ең алдымен менің назарымды аударып отырған мәселе: біздің жаңа экономикалық саясатымызға баға бергенде, бұдан бұрынғы экономикалық саясаттың қателігі туралы қай мағынада айтуға болады, ол саясатты қате деп сипаттау дұрыс бола ма, ақырында, бұл дұрыс болса, мұндай бағаны қандай мағынада пайдалы және қажетті деп табуға болады?

Менің байқауымша, бұл мәселенің біздің осы күнгі экономикалық саясатымыздың ең түбегейлі мәселелері жөнінде қазір партия ішінде өзара қаншалықты бірауызды екендігімізге баға беру үшін де маңызы бар.

Партия қазір осы экономикалық саясаттың тек нақты жеке мәселелеріне ғана назар аударуға тиіс пе немесе мұндай назар, ең болмағанда оқтын-оқтын, сол саясаттың жалпы жағдайларына баға беруге және партиялық сана-сезімнің, партиялық мүдденің, партиялық назардың осы жалпы жағдайларға сай келу-келмеуіне аударылуға тиіс пе? Менің ойымша, қазіргі уақытта жағдай нақ мынадай болып отыр: біздің жаңа экономикалық саясатымыз партияның қалың топтары үшін әлі жеткілікті анықталып болмаған және де бұрынғы экономикалық саясаттың қателігі туралы айқын түсінік болмайынша, біздің жаңа экономикалық саясатымыздың негіздерін жасау жөніндегі және оның бағытын біржолата белгілеу жөніндегі өз жұмысымызды ойдағыдай атқара алмаған болар едік.

Өз ойымды түсіндіру үшін және біздің бұдан бұрынғы экономикалық саясатымыздың қателігі туралы, ме-

ніңше, қай мағынада айтуға болатындығы және айтылуға тиіс екендігі туралы мәселеге жауап беру үшін, мен салыстыру ретінде орыс-жапон соғысының бір оқиғасын алмақпын, өйткені бұл оқиға, меніңше, біздегі болып жатқан революция сияқты революциядағы саясаттың түрлі жүйелері мен тәсілдерінің арақатынасын дәл анықтауымызға көмектеседі. Мен айтқалы отырған мысал — жапон генералы Ногидің Порт-Артурды алуы. Бұл мысалда менің көңілімді аударатын негізгі мәселе — Порт-Артурды алудың бір-біріне мүлде ұқсамайтын екі сатыдан өткендігі. Бірінші саты — жанталасқан штурмдар, бұлардың бәрі сәтсіз аяқталды, жапонның атақты қолбасшысының әскері аса көп қырғынға ұшырады. Екінші саты — өнердің барлық амалдарын қолданып, өте-мөте ауыр, өте-мөте қиын жағдайда қамалды асықпай-саспай қоршауға алуға тура келген кез; оның бержағында біраз уақыт өткеннен кейін қамалды алу міндеті нақ осы жолмен орындалды. Егер біз осы фактілерге көңіл аударсақ, онда, әрине, мынадай сұрақ туады: жапон генералының Порт-Артур қамалына қарсы жасаған әрекетінің бірінші тәсілін қай мағынада қате деп табуға болады? Қамалға лап қойып штурм жасауы қате болды ма? Ал егер ол шабуылдар қате болып табылса, онда өзінің міндетін дұрыс орындау үшін жапон армиясы бұл қателік туралы қандай жағдайларда айтуы керек еді және бұл қателікті қандай мөлшерде мойындауы керек еді?

Бұл сұраққа жауап беру ә дегенде, әрине, өте оңай сияқты көрінеді. Егер Порт-Артурға әлденеше рет штурм жасау нәтижесіз болып шықса,— ал мұның осылай болғаны факт,— егер штурм жасаған кезде шабуылшылар өте көп қырғынға ұшыраса,—мұның осылай болғаны тағы да даусыз факт,—онда Порт-Артур қамалына тура, тіке штурмдар жасау тактикасының қате екендігін ешбір дәлелдеудің қажет еместігі осыдан-ақ айқын көрінеді. Бірақ, екінші жағынан, осындай өте көп нәрселері белгісіз міндетті орындауға келгенде, жау қамалына қарсы қандай тәсіл қолдануға болатындығын тиісті практикалық тәжірибесіз дәлме-дәл дәрежеде белгілеу немесе ең болмағанда тіпті соған неғұрлым жақын және

анық дәрежеде белгілеу қиын екендігін байқауға болады. Қамалдың қандайлық күші бар екенін — оның бекіністерінің қуаты қандай екенін, оның гарнизонының халі қандай екенін және т. с. практика жүзінде байқап білмейінше, қандай тәсіл қолдану керектігін белгілеу мүмкін емес. Қамалды алудың дұрыс тәсілін қолдану туралы мәселені мұнсыз шешу, сөз жоқ, таңдаулы қолбасшылардың бірі болып саналатын генерал Ногидің де қолынан келмеді. Екінші жағынан, бүкіл соғысты ойдағыдай аяқтаудың мақсаты мен шарттары бұл міндетті орындаудың ең тез мүмкіндігін көздеуді керек қылды; мұнымен қатар, егер қамалды штурм арқылы алу үшін өте көп құрбандықтар қажет болған күнде де, тіпті сол құрбандықтар артығымен өтелетіндігіне зор мүмкіндік берді. Бұл құрбандықтар жапон армиясын соғыстың басқа майдандарында операциялар жасау үшін босатқан болар еді, жау, яғни орыс армиясы, алыстағы соғыс майданына көп күштер жіберіп үлгіргенге дейін, ол күштерін жақсылап дайындағанға дейін және, бәлкім, орыс армиясы жапон армиясынан бірнеше рет күштірек болатын жағдайға жеткенге дейін, сол кездің ең елеулі міндеттерінің бірін аяқтап шыққан болар еді.

Егер тұтас алғанда соғыс операциясының дамуына және жапон армиясы қимыл жасаған кездегі жағдайларға көз салсақ, біз мынадай қорытындыға келуге тиісті боламыз: Порт-Артурға осылай штурм жасау, орасан зор құрбандықтар жасауға бел байлай алған армияның аса зор қаһармандығын ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар сол кездегі жағдайларда, яғни қажетті және пайдалы болған операциялардың бас кезінде бірден-бір ықтимал тәсіл осы болғандығын көрсетеді, өйткені қамалды штурммен алудың практикалық міндеті арқылы күштерді тексермейінше, қарсыласу күштерін сынап көрмейінше, неғұрлым ұзақ және неғұрлым қиын күресті, күрес болғанда, осы ұзақ болуы себепті де толып жатқан басқа қауіптері бар күресті бастауға ешбір негіз болған жоқ. Тұтас операцияның тұрғысынан қарағанда, ол операцияның бірінші бөлегін — штурм және атака жасау кезін — біз қажетті емес еді, пайдалы емес еді деп айта алмаймыз, өйткені, қайталап айтамын, мұндай

тәжірибе болмайынша, жапон армиясы күрестің нақты жағдайларын жеткілікті біле алмаған болар еді. Жау қамалына қарсы штурм жасау арқылы күресу кезеңін аяқтаған кезде, ол армияның жағдайы қандай болған еді? Сан мыңдаған адамдар қырылды, тағы да мыңдаған адамдар қырылады, ал қамалды бұл жолмен ала алмаймыз,— міне әскердің бір бөлегі немесе көпшілігі штурм жасаудан бас тартып, қоршауға алуға көшу керек деген кездегі жағдай осындай еді. Егер тактикада қате жіберілген болса, онда ол қатені жою керек, ал ол қатемен байланысты болғанның бәрін қызметтегі өзгертуді керек ететін кедергі деп табу керек: штурмды тоқтату керек, сөйтіп, жеке тәсілдер мен қимылдарды айтпағанның өзінде, қоршауға алуға, әскерлерді басқаша орналастыруға, материалдық жабдықтарды қайта бөлуге көшу керек. Жаңа стратегия мен тактиканың дамуында, енді мүлде басқаша жүргізілуге тиісті болған және, өзіміздің білетініміздей, ұйғарылған кезеңнен анағұрлым ұзаққа созылса да, толық жеңіспен аяқталған операциялардың дамуында кедергіге ұшырамау үшін бұрынғының бәрін қате деп батыл, дәлме-дәл, айқын мойындау керек.

Мен біздің революция шаруашылық құрылыс саласындағы өзінің социалистік міндеттерін орындауда қандай жағдайға душар болып отырғанын түсіндіру үшін осы мысал жарайды ғой деп ойлаймын. Бұл жөнінде екі дәуір өте-мөте айқын көрініп отыр. Бір жағынан шамамен айтқанда, 1918 жылдың басынан 1921 жылдың көктеміне дейінгі дәуір, ал екінші жағынан —1921 жылдың көктемінен бері өзіміз бастан кешіріп отырған дәуір.

Егер сіздер біздің партияның 1917 жылдың аяқ кезінен 1918 жылдың басына дейін жасаған ресми және ресми емес мәлімдемелерін еске алсаңыздар, бізде ол кезде де: революцияның дамуы, күрестің дамуы біршама қысқа жолмен де, өте ұзақ және қиын жолмен де жүруі мүмкін деген түсініктің болғанын көресіздер. Бірақ ықтималды дамуға баға бергенде біз көбінесе,— басқаша болғаны тіпті есімде жоқ,— мүмкін, әрқашан анықтан-анық айтылып жүрмесе де, бірақ әрқашан өзінен-өзі белгілі болып жүрген ұйғарындыларға, социалистік құрылысқа тікелей өту туралы ұйғарындыларға

сүйендік. Біздің революцияның социалистік құрылыс саласындағы міндеттері туралы, мәселен, 1918 жылдың март, апрель айларында не жазылғанын мен әдейі қайта оқып шықтым, сөйтіп ондай үйғарындының бізде шынымен болғандығына көзім жетті.

Бұл дәуір өкіметті алу, бұрынғы буржуазиялық-парламенттік системаның орнына мемлекеттің советтік системасын құру сияқты міндет, маңызды, саяси жағынан да алдын ала шешуді керек ететін міндет, одан соң империалистік соғыстан шығу міндеті шешілген дәуір еді; ал оның бер жағында, жұртқа мәлім, империалистік соғыстан шығудың өзі айрықша ауыр құрбандықтармен, ақылға сыймайтындай шарттар қойған, адам айтқысыз қорлықты Брест бітімін жасасумен байланысты болды. Бұл бітімді жасасқаннан кейін 1918 жылғы марттан сол жылдың жазына дейінгі дәуірде соғыс міндеттері шешілген сияқты көрінді. Кейінгі оқиғалар жағдайдың бұлай емес екенін, 1918 жылғы мартта, империалистік соғыс міндеті шешілгеннен кейін, біз азамат соғысының басталуына енді ғана жақын келгенімізді көрсетті, ал 1918 жылдың жазынан бастап, чехословак көтерілісіне байланысты, ол бірден-бірге төне түсті. Сонда, 1918 жылы мартта немесе апрельде, өзіміздің міндеттеріміз туралы айтқанда, біз сол кездің өзінде күрестің, көбінесе экспроприаторларды экспроприациялауға бағытталған, ең алдымен революцияның бастапқы айларына, яғни 1917 жылдың аяқ кезі мен 1918 жылдың бас кезіне тән болған нәрсеге бағытталған әдісі сияқты қимыл тәсілдерін бірте-бірте өту әдістеріне қарсы қойдық. Ал біздің есеп пен бақылауды ұйымдастыру саласындағы жұмысымыз экспроприаторларды экспроприациялау жөніндегі жұмыс пен қызметтен өте кейіндеп қалды деп сол кездің өзінде-ақ айтуымызға тура келді. Мұның өзі біздің есебін алып, бақылау жасап, басқарып, т. т. үлгергенімізден анағұрлым көп экспроприациялағандығымызды көрсетті, сөйтіп экспроприациялау, қанаушылар мен экспроприаторлардың өкіметін қирату міндетінен есеп пен бақылауды ұйымдастыру міндетіне, тікелей құрылыс жұмысының, былайша айтқанда, қарапайым шаруашылық міндеттеріне көшу мәселесі қойылды. Сол кездің

өзінде-ақ бізге бірсыпыра пункттер бойынша кейін шегіну керек болды. Мәселен, 1918 жылғы март пен апрельде мамандарға социалистік қатынастарға емес, буржуазиялық қатынастарға сай келетін ставка бойынша ақы төлеу, яғни еңбектің қиындығына немесе өте ауыр жағдайларына сәйкес келетін ставка емес, буржуазиялық әдетке, буржуазиялық қоғамның жағдайларына сәйкес келетін ставка бойынша ақы төлеу сияқты мәселе қойылды. Мамандарға бұлайша айрықша жоғары, буржуазияша жоғары, ақы беру алғашқыда Совет өкіметінің жоспарына кірмеген еді және тіпті 1917 жылдың аяқ кезіндегі бірсыпыра декреттерге де сай келмейтін еді. Бірақ 1918 жылдың басында біздің партияның: бұл жөнінде біз бір адым кейін шегінуіміз керек және белгілі бір «компромисті» (мен сол кездегі сөзді қолданып отырмын) мойындауымыз керек деген тура нұсқауы болды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 29 апрельдегі шешімінде ақы төлеудің жалпы жүйесінде бұл өзгерісті жүзеге асыру қажет деп танылды[95].

Өзіміздің ол кезде бірінші орынға қойған құрылыс, шаруашылық жұмысымызға біз бір қырынан ғана қарадық. Ол кезде ескі экономиканы социалистік экономикаға бейімдейтін алдын ала дәуірден өтпей-ақ, социализмге тікелей өтуге болады деген ой болды. Біз мемлекеттік өндіріс пен мемлекеттік бөлісті жасап, осы арқылы өндіріс пен бөлістің, мұнан бұрынғысымен салыстырғанда, басқа экономикалық системасына тікелей ендік деп ойладық. Біз ескі система — мемлекеттік өндіріс пен бөліс системасы және жеке сауда өндірісі мен бөліс системасы — сондай жағдайларда өзара күреске түседі: өндіріс пен бөлісті жау системадан бірте-бірте тартып ала отырып, мемлекеттік өндіріс пен мемлекеттік бөлісті жасаймыз деп ойладық. Біз: қазірдің өзінде-ақ біздің міндетіміз экспроприаторларды экспроприациялаудан гөрі есеп жүргізу, бақылау жасау, еңбектің өнімділігін арттыру, тәртіпті күшейту болады дедік. Мұны біз 1918 жылы март пен апрельде айттық, бірақ біз өз экономикамыздың рынокпен, саудамен қандайлық арақатынасы болатындығы туралы мүлде мәселе қойған

жоқпыз. Брест бітімін жасасуға қарсы шыққан бірсыпыра жолдастарға қарсы айтысқа байланысты біз, мысалы, 1918 жылдың көктемінде мемлекеттік капитализм туралы мәселе қойдық, бірақ ол мәселені қойғанда, біз кейін шегініп, мемлекеттік капитализмге бару ойымен қойғанымыз жоқ, егер бізде, Россияда, шаруашылықтың үстем системасы түрінде мемлекеттік капитализм болса, біздің жағдайымыз жеңілдер еді, өзіміз социалистік міндеттерді тезірек шешер едік деген оймен қойдық. Мен осы жағдайға сіздердің назарларыңызды өте-мөте аударғым келіп отыр, өйткені біздің экономикалық саясатымыздағы өзгерістің мәні неде болғанын және ол өзгерісті қалай бағалау керек екендігін түсіну үшін, меніңше, бұл қажет тәрізді.

Мен біздің күресіміз өріс алған жағдайларды нақтырақ, айқынырақ түрде көрсете алатын бір мысал келтірейін. Жуырда Москвада маған жекеше шығарылған «Листок Объявленийді»[96] көруге тура келді. Біздің бұған дейінгі экономикалық саясатымыздың үш жылы өткеннен кейін бұл «Листок Объявлений» тіпті тосын, мүлде жаңа, таңқаларлық бір нәрсе сияқты әсер етті. Бірақ біздің экономикалық саясатымыздың жалпы тәсілдері тұрғысынан қарағанда, мұнда таңқаларлық еш нәрсе жоқ-ты. Егер осы кішкентай, бірақ едәуір сипатты осы мысалды алып қарасақ, онда күрестің қалай дамығанын, жалпы алғанда біздің революцияда ол күрестің міндеттері мен тәсілдері қандай болғанын еске түсіру керек болады. 1917 жылдың аяқ кезінде шығарылған алғашқы декреттердің бірі хабарландыруларды мемлекеттік монополияға алу туралы декрет еді. Бұл декреттің мәнісі неде болды? Мұның мәнісі — мемлекеттік өкіметті қолына алған пролетариат қоғамдық-экономикалық жаңа қатынастарға мүмкін болғанынша біртебірте өтуді — жеке меншіктегі баспасөзді жауып тастамай, қайта оның белгілі бір мемлекеттік басшылыққа бағындырылуын, оның мемлекеттік капитализмнің арнасына түсірілуін көздеді. Хабарландыруларға мемлекеттік монополия орнатқан декрет осылай ету арқылы жалпы құбылыс ретінде жеке кәсіпкерлер газеттерінің сақталуын, жеке адамдар шығаратын хабар-

ландыруларды керек ететін экономикалық саясаттың сақталуын, жеке меншік тәртібінің де сақталуын — жарнамалар мен хабарландыруларды керек ететін толып жатқан жеке меншік кәсіпорындарының сақталуын көздеді. Жекеше хабарландыруларды монополиялау туралы декрет осындай еді, тек осындай ғана болуға тиісті де еді. Банк істеріне қатысты декреттердің де осыған ұқсастығы бар, бірақ мысалды қиындатпау үшін мен ол туралы айтып жатпаймын.

Жекеше хабарландыруларды монополиялау туралы Совет өкіметі өмір сүре бастаған алғашқы апталарда шығарылған декреттің тағдыры қандай болды? Ол декрет тез арада мүлдем жойылды, оның тағдыры осындай болды. Күрестің дамуын және күрестің сол кезден бастап қандай жағдайларда жүргізіліп келгенін қазір еске түсіре отырып, 1917 жылдың аяқ кезінде жекеше хабарландыруларға мемлекеттік монополия енгізу туралы әңгіме еткеніміз қаншалықты аңқаулық болғаны еске түскенде, қазіргі уақытта күлкің келеді. Жанталасқан күрес кезінде қандай жекеше хабарландырулар болушы еді! Жау, яғни капиталистік дүние, Совет өкіметінің бұл декретіне күресті үдетіп және оны ақырына жеткізгенге дейін мейлінше күшейтіп жауап берді. Декрет Совет өкіметі, пролетарлық диктатура сондай берік, басқа ешбір экономика болуға мүмкін емес, жеке меншікші кәсіпкерлердің күллі бұқарасы мен жеке қожайындар үшін Совет өкіметіне бағынудың қажеттігі сондайлық айқын, біз, мемлекеттік өкімет ретінде, оларға күресті қай негізбен жүргізуді көрсетсек, олар күресті сол негізде қабыл алады деп ұйғарды. Біз былай дедік: сіздерге жеке меншік басылымдар қалады, жеке меншіктегі кәсіпкерлік қалады, осы кәсіпорындарға қызмет ету үшін қажетті хабарландыруларға ерік беріледі, ол хабарландыруларға тек мемлекеттік салық салынады, олар тек мемлекеттің қолына жинақталады, ал жекеше хабарландырулар жүйесінің бұзылмауы былай тұрсып, қайта, керісінше, сіздерге хабарлар алу ісін дұрыс шоғырландырумен әрқашан байланысты болатын кейбір тиімділік беріледі. Бірақ іс жүзінде біз күресті тіпті де бұл салада емес, басқа салада өрістетуге тиісті болып

шықтық. Мемлекеттік өкіметтің бұл декретіне қарсы жау, яғни капиталистер табы, бүкіл осы мемлекеттік өкіметті толық мойындамау арқылы жауап берді. Ешқандай хабарландырулар туралы әңгіме болуы мүмкін емес еді, өйткені буржуазиялық-капиталистік құрылыстан біздің құрылыста қалған нәрсенің бәрі сол кездің өзінде барлық күшін өкіметтің ең түпкі негіздеріне қарсы күреске жұмсады. Капиталистерге: «Мемлекеттік реттеуге бағыныңдар, мемлекеттік өкіметке бағыныңдар, сонда халықтың ескі мүдделеріне, әдеттеріне, көзқарастарына сәйкес келетін жағдайларды толық жоюдың орнына сендер солардың түгелдей мемлекеттік реттеу жолымен бірте-бірте өзгергенін көресіңдер»,— деген бізге нақ өзіміздің өмір сүруіміз туралы мәселе қойылды. Капиталистер табының қолданған тактикасы бізді жанталасқан, рақымсыз күреске, бұрынғы қатынастарды біз өзіміз болжағаннан гөрі әлдеқайда мықтап қиратуға мәжбүр еткен күреске итермелеу болды.

Жекеше хабарландыруларды монополиялау туралы декреттен түк шықпады,—ол құр қағаз болып қалды, ал өмір, яғни капиталистер табының қарсыласуы, біздің мемлекеттік өкіметті барлық күресті мүлдем басқа жаққа аударуға мәжбүр етті, аударғанда, 1917 жылдың аяғында біздің аңқаулықпен шұғылданып келген сондай түкке тұрғысыз, кісі күлерліктей ұсақ мәселеге емес, өмір сүру керек пе, әлде өмір сүрмеу керек пе деген мәселеге— барлық қызметшілер табының саботажын жою, бүкіл дүние жүзінің буржуазиясынан көмек алып отырған ақ гвардияшылар армиясына тойтарыс беру мәселесіне аударуға мәжбүр етті.

Хабарландырулар туралы декрет жөніндегі бұл жеке бір оқиға біздің бұрынғы тактикамыздың қате немесе қате еместігі туралы негізгі мәселе жөнінде, менің байқауымша, пайдалы нұсқаулар береді. Әрине, қазір оқиғаларға кейінгі тарихи дамудың перспективасына қарай баға бере отырып, біз өзіміздің ол декретімізді аңқаулық емес еді, белгілі бір мағынада қате емес еді дей алмаймыз, бірақ сонымен қатар ол декреттің дұрыс жері мынау болды: мемлекеттік өкімет — пролетариат — қоғамдық жаңа қатынастарға өтпекші болғанда, сол кез-

дегі қатынастарға, былайша айтқанда, неғұрлым бейімделу арқылы, мүмкін болғанынша бірте-бірте және де ерекше өзгеріс жасамай-ақ өтуге әрекет етті. Ал жау, яғни буржуазия табы, бізді нағыз жанталасқан күреске итермелеу үшін барлық тәсілдерін қолданып бақты. Стратегиялық жағынан, жаудың көзқарасы тұрғысынан қарағанда, оның мұнысы дұрыс болды ма? Әрине, дұрыс болды, өйткені бұл салада тікелей шайқасып күшін сынап көрмейінше, буржуазия мүлде жаңа, оның үстіне ешқашан да болып көрмеген пролетарлық өкіметке бірден қалай бағына қоймақ? Буржуазия бізге былай деп жауап қайырды: «Құрметті мырзалар, ғапу етіңіздер, біз сіздермен сөйлескенде тіпті де хабарландырулар туралы сөйлеспейміз, сондай-ақ сіздерде мемлекеттік банк бола ма, болмай ма деген мәселені шешу үшін де емес, басқа мәселе туралы — бізден Врангель, Колчак, Деникиндер тағы да шықпас па екен, оларға халықаралық буржуазия көмек көрсетпес пе екен деген мәселе туралы сөйлесеміз». Бізде 1917 жылдың аяғында хабарландырулар жөніндегі сияқты, бұл жөнінде, Мемлекеттік банк туралы да, барынша жеткілікті жазылған болатын, бірақ оның бәрі құр шимайланған қағаз күйінде қалды.

Ол кезде буржуазия бізге, өзінің мүдделері тұрғысынан қарағанда, дұрыс стратегиямен жауап берді: «Әуелі біз түбегейлі мәселе үшін күресеміз, жалпы алғанда сіздер мемлекеттік өкімет болып табыласыздар ма немесе ол сіздерге жай солай көрініп жүр ме, ал бұл мәселе, әрине, енді декретпен шешілмейді, соғыспен, күшпен шешіледі және бұл, сірә, Россиядан қуылған капиталистер — біздің ғана соғысымыз болмайды, капиталистік құрылысқа мүдделілердің бәрінің соғысы болады. Ал егер бүгін капиталистік дүние жеткілікті түрде мүдделі болса, онда бізді, орыс капиталистерін, халықаралық буржуазия қолдайды». Буржуазияның бұлай етуі өзінің мүдделерін қорғау тұрғысынан қарағанда дұрыс-ақ еді. Түбегейлі мәселені ең күшті құрал — соғыс — арқылы шешуге буржуазияның зәредей болса да үміті болып тұрғанда, буржуазия Совет өкіметінің жаңа тәртіпке бірте-біртелеп көшу мақсатымен кейбір жеңілдіктер

беруіне келісе алмады, келісе қоюға тиісті емес те еді. «Ешбір жаңа тәртіп те, одан ешқандай өтушілік те болмасын!»— міне буржуазия осылайша жауап берді.

Оқиғалардың қазір біз көріп отырған түрдегі дамуы міне осы себептен болды. Бір жағынан, халықтың ерекше жігерленген жағдайларында пролетарлық мемлекет айрықша айбынды күреспен жеңіп шықты, 1917 жыл мен 1918 жылдың бүкіл дәуірі осы айбынды күреспен сипатталды; екінші жағынан, Совет өкіметі өзінің экономикалық саясатында бастапқыда бірте-бірте бірсыпыра өзгерістер жасауға, неғұрлым сақтықпен жаңа тәртіпке өтуге бағытталған әрекет жасауы керек болды, мұның өзі, былайша айтқанда, мен келтірген кішкене мысалдан да көрініп отыр. Мұның орнына Совет өкіметі жау лагерінің, жауап ретінде, аяусыз күреске — халықаралық экономикалық қатынастар системасында Совет өкіметінің мемлекет ретінде өмір сүріп тұра алатын-алмайтындығын белгілейтін күреске бел байлап шыққанын көрді. Бұл мәселе тек соғыс арқылы ғана шешіле алатын еді; ал ол соғыс та, азамат соғысы сияқты, мейлінше қиян-кескі соғыс болды. Күрес неғұрлым қиындаған сайын, сақтықпен өтудің өрісі соғұрлым тарыла бастады. Мен осы күрес логикасында буржуазия өз көзқарасы тұрғысынан дұрыс істеді деп айттым. Ал біз не айта алатын едік? «Сіздер, капиталист мырзалар, бізді қорқыта алмайсыздар. Сіздер өзіңіздің Құрылтайыңызбен қоса саяси майданда соққы жеп, жеңіліп қалғаннан кейін, біз сіздерге қосымша, бұл салада да соққы береміз»,— дей алатын едік. Біз басқаша істей алмадық. Қандай да болса басқа қимыл тәсілін қолдану позицияны жауға түгелімен қолдан бергендік болып шығар еді.

Біздің күресіміздің даму жағдайларын еске түсіріңіздерші, сонда сіздер дұрыс емес сияқты, кездейсоқ сияқты болып көрініп отырған бұл ауысудың мәні неде екеніне, біздің жаппай энтузиазмге, қамтамасыз етілген саяси үстемдікке сүйене отырып, құрылтайды оңай таратып жібергеніміздің себебіне түсінесіздер, сонымен қатар, экономикалық қайта құрылысқа бірте-бірте, сақтықпен өту үшін бірсыпыра шаралар істеп көруге тиісті

болғанымыздың себебін түсінесіздер, ақырында, Россияны үш жылдай күйзелткен азаматтық күрестің нағыз сұрапыл, нағыз жанталасқан, еш нәрсемен есептеспейтін тәсілдерін қолдануға күрестің логикасы және буржуазияның қарсыласуы бізді мәжбүр еткендігінің себебін түсінесіздер.

1921 жылдың көктеміне таман өндіріс пен бөлістің социалистік негіздеріне біздің «штурм» жасау әдісімен, яғни мейлінше қысқа, тез, тіке әдіспен өту әрекетінде жеңіліске ұшырағанымыз анықталды. 1921 жылдың көктеміндегі саяси жағдай бізге бірқатар шаруашылық мәселелерінде мемлекеттік капитализмнің позициясына сөзсіз шегіну керек екенін, «штурм жасаудан» «қоршауға алуға» көшу керек екенін көрсетті.

Егер өтудің мұндай әдісі жөнінде кейбіреулер шағым айтса, зарланса, уайымдаса, ызаланса, ондайларға былай деп айту керек: жеңіліс сол жеңілгенді мойындаудан, сол жеңілістен барлық қорытындыны жасауға қорқудан қауіпті емес. Әскери күрес социализмнің капитализмге қарсы жүргізетін күресінен анағұрлым жеңіл, ал біздің Колчактар мен К°-ні жеңген себебіміз — біз өз жеңілістерімізді мойындаудан қорыққан жоқпыз, ол жеңілістерден сабақ алудан, істеліп бітпеген немесе жаман істелген нәрсені сан рет қайта істеуден қорыққан жоқпыз.

Социалистік экономиканың капиталистік экономикаға қарсы анағұрлым күрделі және қиын күресі саласында да нақ осылай істеу керек. Жеңілістерді мойындаудан қорықпау керек. Жеңілістің тәжірибесінен үйрену керек. Жаман істелгенді өте мұқияттап, құнттап, жүйелі түрде қайта істеу керек. Егер біз жеңілгендікті мойындау позицияны жауға бергендік секілді болып уайымшылдық туғызады, сөйтіп күресте жігерді мұқалтады деген көзқарасқа жол беретін болсақ, онда мұндай революционерлерді түкке тұрмайды деп айту керек болар еді.

Ал мұны азамат соғысының үш жылғы тәжірибесінде шыныққан большевиктер туралы — бірен-саран болмаса — ешкім де айта алмас деп сенемін. Біздің күшіміз ең ауыр жеңілістерді мейлінше байыпты түрде ескеру-

де, ол жеңілістердің тәжірибесінен сабақ ала отырып, біздің қызметімізде нені өзгерту керек екенін үйренуде болды, әлі де осында болмақ. Сондықтан да турасын айту керек. Тек теориялық шындық тұрғысынан ғана емес, практикалық жағынан да бұл—көңіл қоярлық және маңызды іс. Егер кешегі күннің тәжірибесі бұрынғы тәсілдердің дұрыс еместігіне көзімізді жеткізбесе, бүгін өз міндеттерімізді жаңа тәсілдер арқылы шешуді үйренуге болмайды.

Жаңа экономикалық саясатқа көшу міндетінің өзі де нақ мынада: тікелей социалистік құрылысты адам айтқысыз қиын жағдайларда, азамат соғысы жағдайларында, буржуазия бізді қиян-кескі күрес формаларына душар еткен жағдайларда қолға алу тәжірибесінен кейін—1921 жылдың көктемінде біздің алдымызда мынадай айқын жағдай туды: тікелей социалистік құрылыс емес, қайта экономиканың толып жатқан салаларында мемлекеттік капитализмге қарай шегіну керек болды, лап қойып штурм жасау емес, қайта талай шегіністерге байланысты болатын ұзақ қоршаудың өте ауыр, қиын да ұнамсыз міндетіне көшу керек болды. Экономикалық мәселені шешуге, яғни экономика жағынан социализмнің негіздеріне өтуді қамтамасыз етуге кірісу үшін міне осыларды істеу қажет.

Мемлекеттік капитализмге қайта оралудың бұл саясаты бізге не бергенін көрсететін цифрларға немесе қорытындыларға, немесе фактілерге мен бүгін тоқтай алмаймын. Мен бір ғана кішкентай мысал келтіремін. Біздің экономикамыздың басты орталықтарының бірі Донецк бассейні екенін өздеріңіз білесіздер. Біздің онда Батыс Европаның капиталистік кәсіпорындарының дәрежесінде тұрған, бұрын капиталистік кәсіпорын болған аса ірі кәсіпорындарымыздың бар екенін өздеріңіз білесіздер. Біздің ондағы міндетіміз — ең әуелі ірі өнеркәсіп орындарын қалпына келтіру болғанын да білесіздер: Донецк өнеркәсібін аз ғана жұмысшылармен қалпына келтіруге кірісу бізге жеңіл келеді. Ал көктемде саясатта болған бетбұрыстан кейін онда біз қазір не көріп отырмыз? Біз онда керісінше болып отырғанын — арендаға беріле бастаған, ұсақ шаруалар шахталары-

ның өндірісі өте-мөте ойдағыдай дамығанын көріп отырмыз. Біз мемлекеттік капитализм қатынастарының дамығанын көріп отырмыз. Шаруалардың шахталары жұмысты жақсы істейді, олар өздерінде шығарылған көмірдің 30 процентке жуығын аренда түрінде мемлекетке беріп отырады. Донбасста өндірістің дамуы, үстіміздегі жылдың жазындағы апатты жағдаймен салыстырғанда, өндірістің жалпы алғанда едәуір жақсарғанын көрсетіп отыр, ал бұл жақсаруда ұсақ шахталардағы өндірістің өрге басуы, олардың мемлекеттік капитализм негізінде пайдаланылуы аз роль атқармайды. Мен бұл арада тиісті деректердің бәрін талдаумен шұғылдана алмаймын, бірақ, дегенмен, саясаттағы өзгерістің белгілі бір практикалық нәтижелерін сіздер осы мысалдан айқын көре аласыздар. Экономикалық өмірдің жандануына,— ал бұл бізге қайткенде де керек,— өнімділіктің артуына,— бұл да бізге қайткенде де керек,— міне осылардың бәріне мемлекеттік капитализм системасына ішінара қайта оралу арқылы қазір қолымыз жете бастады. Алдағы уақыттағы нәтижелердің қаншалық жақсы болатыны да біздің шеберлігімізге, бұл саясатты бұдан әрі қаншалықты дұрыс қолдана алатындығымызға байланысты.

Енді мен өзімнің негізгі ойымды дамытуға қайта ораламын. Осы көктемде бұл жаңа экономикалық саясатқа көшуіміз, мемлекеттік капитализмнің жұмысындағы амалдарға, тәсілдерге, әдістерге қарай бұл шегінуіміз— біздің шегінуді тоқтатып, шабуылға қазірден бастап-ақ әзірленуіміз үшін жеткілікті болды ма? Жоқ, бұл әлі жеткіліксіз болып шықты. Оның себебі мынау. Егер менің әуел баста келтірген мысалымды (соғыста штурм жасау мен қоршауға алу туралы) салыстыруға қайта оралсақ, онда біз әскерлерді жаңадан қайта орналастыруды, материалдық жабдықтарды қайта бөлуді және т. т. әлі аяқтап болғанымыз жоқ — қысқасы, жаңа стратегияға, жаңа тактикаға сәйкес, енді басқаша жүргізілуге тиісті жаңа операцияларға әзірлікті аяқтағанымыз жоқ. Егер біз қазір мемлекеттік капитализмге өтуді бастан кешіріп жатқан болсақ, онда мынадай сұрақ туады: мұның алдындағы экономикалық саясатқа

сәйкес болған жұмыс тәсілдерінің енді бізге кедергі жасамауына жету керек пе? Бұған жетуіміз керек екендігі өзінен-өзі түсінікті, біздің тәжірибеміз де бізге осыны көрсетті. Көктемде біз мемлекеттік капитализмге қайта оралудан қорықпаймыз дедік және өз міндеттеріміз туралы айтқанда, нақ товар айырбасын жүзеге асыру мағынасында айттық. 1921 жылдың көктемінен бергі толып жатқан декреттер мен қаулылар, орасан көп мақалалар, бүкіл насихат, барлық заңдар товар айырбасын күшейтуге бейімделді. Бұл ұғымнан қандай мағына туатын еді? Егер бұлай деп айтуға болса, бұл ұғымда көзделген құрылыс жоспары қандай еді? Тұтас алғанда мемлекетте өнеркәсіп өнімдерін егіншілік өнімдеріне азды-көпті социалистік жолмен айырбастау, осы товар айырбасы арқылы социалистік ұйымның бірден-бір негізі ретінде ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру көзделген еді. Ақыры не болды? Болғаны сол—мұның бәрін сіздер қазір практикадан жақсы білесіздер, және мұның өзі біздің бүкіл баспасөзден де көрініп отыр,— товар айырбасы іске аспай қалды: товар айырбасы сату-сатып алуға айналып кетті,— ол міне осы мағынада іске аспай қалды. Егер біз бой тасалап жасырынып қалғымыз келмесе, егер өздерінің жеңілгенін көрмегенситін адамдарға ұқсағымыз келмесе, егер қауіптің бетіне тура қараудан қорықпасақ, онда біз қазір товар айырбасының іске аспай қалғанын мойындауға мәжбүр болып отырмыз. Біз шегінудің жеткіліксіз болып шыққанын, мемлекеттік капитализмнен сатып алу-сатуды, ақша айналысын мемлекеттік жолмен реттеуге көшкенде тағы да қосымша шегіну, тағы да кейін шегіну қажет екендігін ұғынуға тиістіміз. Товар айырбасынан түк шықпады, жекеше рынок бізден күшті болып шықты, сөйтіп товар айырбасының орнына кәдімгі сатып алу-сату, сауда болып шықты.

Осыған бейімделуге тырысып бағыңдар, әйтпесе сатып алу-сатудың, ақша айналысының стихиясы сіздерді басып кетеді!

Біздің алдағы уақытта, ақырында, шабуылға шығу үшін әлі де болса шегінуге мәжбүр болып отырған адамдардың халінде екендігіміздің себебі міне осы.

Сондықтан да экономикалық саясаттың бұрынғы тәсілдерінің қате екенін осы кезде ұғыну біздің арамызда жұрт таныған іс болуға тиіс. Қазір жағдайдың түйіні неде екенін, біздің алдымызда тұрған өткелдің өзгешелігі неде екенін айқын түсіну үшін біз мұны білуге тиістіміз. Сыртқы міндеттер нақ осы минутта біздің алдымызда тығыз-таяң міндет болып тұрған жоқ. Соғыс міндеттері де тығыз-таяң міндет болып қойылып отырған жоқ. Қазір біздің алдымызға ең алдымен экономикалық міндеттер қойылып отыр және таяуда тұрған өту кезеңінің социалистік құрылысқа тікелей өту бола алмайтындығын біз есте ұстауға тиістіміз.

Біз өз ісімізді (экономикалық ісімізді) үш жылдың ішінде әлі жөнге сала алмадық. Бүліншіліктің, қайыршылық пен мәдени артта қалушылықтың біздегі дәрежесінде бұл міндетті мұндай қысқа мерзім ішінде орындау мүмкін болмай шықты. Бірақ тіке шабуыл жалпы алғанда із қалдырмай кеткен жоқ, пайдасыз болған жоқ.

Қазір біз біраз кейін шегінуге, тек мемлекеттік капитализмге қарай емес, сауда мен ақша айналысын мемлекеттік жолмен реттеуге қарай да шегінуге тура келетін жағдайларға тап болып отырмыз. Біз осындай, өзіміз ойлағаннан гөрі анағұрлым ұзағырақ жолмен ғана экономикалық өмірді қалпына келтіре аламыз. Экономикалық қатынастардың дұрыс жүйесін қалпына келтіру керек, ұсақ шаруа шаруашылығын қалпына келтіру керек, ірі өнеркәсіпті қалпына келтіріп, өз мойнымызбен көтеруіміз керек. Мұнсыз біз дағдарыстан құтыла алмаймыз. Құтылудың басқа жолы жоқ; ал оның бер жағында осы экономикалық саясаттың керектігін ұғынушылық біздің арамызда әлі де жете айқын болмай отыр. Мысалы, мемлекет көтерме саудагер болуы керек немесе көтерме сауданы жүргізіп үйренуі керек, біздің алдымызға осындай міндет, коммерциялық міндет, сауда міндеті қойылып отыр десең,— бұл бір тым оғаш, ал кейбіреулерге тіпті керемет қорқынышты нәрсе болып көрінеді. «Егер, деседі, олар, коммунистер қазір сауда міндеттерін, кәдімгі, өте қарапайым, өте тұрпайы, өте болмашы сауда міндеттерін кезекке қоюға

дейін барған болса, онда бұл арада коммунизмнен не қалмақшы? Бұл оқиға жөнінде біржолата сарыуайымға салынып, енді бәрінен де айрылған екенбіз десек болмай ма!». Егер жан-жағымызға көз салсақ, меніңше, мұндай пиғылдарды байқауға болады, ал мұндай пиғылдар өте-мөте қауіпті, өйткені бұл пиғылдар кең етек алса, олар көп адамдардың көзін бояуға, біздің тікелей міндеттерімізді байыпты түсінуді қиындатуға ғана қызмет етер еді. 1921 жылдың көктемінде де, қазіргі 1921—1922 жылдың күзі мен қысында да экономика саласында біздің әлі де шегініп келе жатқанымызды өзімізден, жұмысшы табынан, бұқарадан жасыру,— мұның өзі өзімізді толық санасыздыққа душар еткендік болар еді, мұның өзі басқа түскен осы жағдайға тура қарауға ерлігіміздің жетпегендігі болар еді. Мұндай жағдайларда жұмыс істеу және күресу мүмкін болмас еді.

Егер армия өзінің қамалды штурм жасау арқылы ала алмайтынына көзі жете тұрып, ескі позициялардан кетуге келіспейтінін, жаңа позицияларға бармайтынын, міндетті орындаудың жаңа тәсілдеріне көшпейтінін айтса, ондай армия туралы былай делінген болар еді: шабуыл жасауды үйреніп, бірақ белгілі бір ауыр жағдайларда, сол жағдайларға бейімделе отырып, кейін шегінуді үйренбеген армия соғысты жеңімпаздықпен аяқтай алмайды. Ылғи жеңімпаз шабуылмен басталып, ылғи жеңімпаз шабуылмен аяқталған соғыс бүкіл дүние жүзілік тарихта болған жоқ немесе бірен-саран ғана болды. Бұл — кәдімгі жай соғыстар туралы айтылатын сөз. Ал тұтас бір таптың тағдыры шешіліп жатқан, социализм жеңе ме әлде капитализм жеңе ме деген мәселе шешіліп жатқан соғыста бұл міндетті бірінші рет орындағалы отырған халық бірден-бір дұрыс, қатесіз тәсілді бірден тауып ала қояды деп ойлауға ақылға сыярлықтай негіз бар ма? Бұлай ойлауға қандай негіздер бар? Ешқандай негіз жоқ! Тәжірибе мұның керісінше болғанын көрсетіп отыр. Біз шешкен міндеттердің ішінде бізден қайта шешуді, оны қайтадан қолға алуды керек қылмаған бірде-бір міндет болған емес. Жеңіліс тапқаннан кейін іске екінші рет кірісу керек, бәрін

қайтадан істеу керек, міндетті біржолата дұрыс шешпегенмен, ең болмағанда, қанағаттанарлық етіп шешуге қалай кірісу қажет екеніне көзді жеткізу керек—біз жұмысты осылай істеп келдік, бұдан былай да осылай істеу керек. Егер алдымызда осындай перспективалар тұрған кезде біздің қатарымызда бірауыздылық болмаса, бұл сарыуайымға салынушылықтың ерекше қауіпті рухының партия ішінде орын алғанының ең күйінішті белгісі болар еді. Ал, мұның керісінше, егер біз тіпті нағыз ащы, ауыр шындықты тіке айтудан қорықпайтын болсақ, біз қандай болсын барлық қиыншылықты жеңіп шығуды үйренеміз, қалайда және сөзсіз үйренеміз.

Біз қолда бар капиталистік қатынастардың негізіне аяқ тіреуіміз керек. Біз осы міндеттен қорқамыз ба? Әлде бұл коммунистік міндет емес дейміз бе? Бұлай деу — революциялық күресті түсінбегендік болар еді, осы ең шиеленіскен күрестің және ең шұғыл өзгерістермен байланысты күрестің сипатын түсінбегендік болар еді, мұндай өзгерістерден біз ешбір жағдайда да бас тарта алмаймыз.

Енді кейбір қорытындылар жасайын.

Мен көп адамдардың көкейінде жүрген мәселеге тоқталамын. Егер біз қазір, 1921 жылдың күзі мен қысында тағы бір шегініс жасасақ, сонда бұл шегіністер қашан бітеді? Тура немесе жанама қойылған мұндай сұрақты біздің жиі естуімізге тура келіп жүр. Ал бұл сұрақ Брест бітімі дәуірінде қойылған нақ осы сияқты сұрақты есіме түсіреді. Біз Брест бітімін жасасқан кезде, бізге былай деп сұрақ қойылды: «Егер сіздер герман империализміне пәлендей-түгендейді берген болсаңыздар, сонда ондай бере берушілік қашан бітеді және бұл бере берушіліктің бітетініне қандай кепілдік бар? Сөйте беріп, сіздер жағдайдың қауіптілігін күшейтіп алмайсыздар ма?». Әрине, біз өз жағдайымыздың қауіптілігін күшейтіп аламыз, бірақ қандай да болсын соғыстың негізгі заңдарын ұмытпау керек. Соғыстың стихиясы — қауіп. Соғыс үстінде саған қауіп төнбейтін бірде-бір сәт болмайды. Ал пролетариат диктатурасы дегеніміз не? Бұл — соғыс және бұрынғы барлық соғыс атаулының қай-қайсысынан болса да анағұрлым

қатаң, анағұрлым ұзақ және табан тірескен соғыс. Мұнда біздің әрбір қадамымыз қауіп-қатерге толы.

Біздің жаңа экономикалық саясатымыз туғызған жағдай — ұсақ сауда кәсіпорындарының дамуы, мемлекеттік кәсіпорындарды арендаға беру және басқалары,— міне осылардың бәрі капиталистік қатынастардың дамуы болып табылады, ал мұны көрмеу — мүлде естен жаңылғандық болар еді. Капиталистік қатынастардың күшеюінің өзі қауіптің күшеюі екені өзінен-өзі түсінікті. Ал сіздер революцияның қандай да болса қауіпті болмаған бір жолын, оның қауіпті болмаған қандай да болса кезеңдері мен тәсілдерін маған көрсете аласыздар ма? Қауіптің жойылуы соғыстың аяқталуы және пролетариат диктатурасының бітуі болар еді, бірақ біздің ішімізде нақ осы минутта мұны, әрине, ешкім де арман етіп отырған жоқ. Осы жаңа экономикалық саясатта жасалған әрбір қадам — қауіпке толы. Көктемде біз салым орнына азық-түлік салығын қолданамыз, декрет шығарып, азық-түлік салығынан артылып қалған астығымен сауда жасауға ерік береміз дегенде, біз осының өзімен-ақ капитализмнің дамуына ерік берген едік. Мұны білмеу негізгі экономикалық қатынастарды тіпті түсінбегендік және айналаны қарап байқау, дұрыс қимыл жасау мүмкіндігінен өзін өзі айырғандық болар еді. Әрине, күрестің тәсілдері өзгерді,— қауіптің жағдайлары да өзгерді. Советтер өкіметі туралы, құрылтайды таратып жіберу туралы мәселені шешкен кезде саясат тарапынан қауіп төніп еді. Бұл қауіп болмашы ғана болып шықты. Ал бүкіл дүние жүзінің капиталистері ат салысқан азамат соғысы дәуірінде соғыс қаупі туды — ол қауіп бұрынғыдан бетер қатерлі болды. Ал біз өзіміздің экономикалық саясатымызды өзгерткен кезде қауіп онан да зор болды, өйткені шаруашылықтағы, күнбе-күнгі тұрмыстағы дағдыда үйреншікті болып кеткен және байқалмайтын аса көп ұсақ-түйектерден құралған экономика бізден айрықша назар салуды, көп күш жұмсауды керек етеді және ол қауіпті жеңіп шығудың дұрыс тәсілдерін үйрену қажеттігін айрықша айқын түрде алға қояды. Капитализмнің қалпына келтірілуі, буржуазияның дамуы, сауда

саласында буржуазиялық қатынастардың дамуы және т. т. — біздің қазіргі экономикалық құрылысымызға, бұрынғы міндеттерден анағұрлым қиын міндетті орындауға қазір бірте-бірте кірісуімізге тән қауіптің өзі де міне осы. Бұл арада титтей де адасушылық болмауға тиіс.

Қазіргі нақты жағдайлар сауда мен ақша айналысын мемлекеттік жолмен реттеуді талап ететінін және нақ осы салада біз өзімізді көрсете білуге тиісті екенімізді түсінуіміз керек. Біздің экономикалық өміріміздегі қайшылықтар жаңа экономикалық саясатқа дейінгі қайшылықтардан көп: халықтың кейбір, азшылық тобының экономикалық жағдайы ішінара, аздап жақсарды; халықтың екінші бір, көпшілік тобының қажетті мұқтаждары мен экономикалық ресурстардың арасында толық сәйкессіздік бар. Қайшылықтар көбейе түсті. Шұғыл өзгерісті басымыздан кешіріп отырған кезде бұл қайшылықтардан бірден құтыла қоюға болмайтындығы да түсінікті.

Қорытындысында мен өз баяндамамның басты-басты үш тақырыбын баса көрсеткім келеді. Біріншісі — жалпы мәселе: жаңа экономикалық саясаттың алдындағы дәуірде біздің партия жүргізген экономикалық саясаттың қателігін біз қай мағынада мойындауға тиістіміз? Мен бір соғыстан мысал келтіріп, штурмнан қоршауға көшудің қажеттігін, әуелі штурм жасаудың сөзсіз керек болғанын, штурмның сәті түспегеннен кейін күрестің жаңа тәсілдерінің маңызын ұғыну қажеттігін түсіндіруге тырыстым.

Одан соң. 1921 жылдың көктемінде белгіленген бірінші сабақ және бірінші кезең — мемлекеттік капитализмнің жаңа бағытта дамуы. Бұл жөнінде кейбір табыстар бар, бірақ бұрын-соңды болып көрмеген қайшылықтар да бар. Бұл саланы біз әлі игере алған жоқпыз.

Ал үшіншісі — біз 1921 жылғы көктемде социалистік құрылыстан мемлекеттік капитализмге қарай шегінуге тиісті болдық, міне осы шегінуден кейін біз сауда мен ақша айналысын реттеу мәселесінің кезекке қойылғанын көріп отырмыз; бізге сауда саласы коммунизмнен қаншама қашық болып көрінсе де, нақ осы салада біз-

дің алдымызда өзгеше міндет тұр. Осы міндетті шешкенде ғана біз мүлде шұғыл экономикалық мұқтаждарымызды шешуге кірісе аламыз, тек осылай еткенде ғана біз ірі өнеркәсіпті анағұрлым ұзақ, бірақ анағұрлым берік жолмен қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ете аламыз, ал қазір біз үшін бірден-бір мүмкін жол осы.

Жаңа экономикалық саясат туралы мәселе жөнінде біз ең алдымен есте тұтатын басты нәрселер осы. Қазіргі уақытта, біз ескінің қиратылуымен қатар жаңаның әзірше әлсіз өркен жаюын көріп отырғанымызда, біздің қызметіміздің жаңа жағдайларға үйлеспейтін тәсілдерін де жиі кездестіріп отырғанымызда, экономикалық қатынастарда байқалып отырған сыртқы берекесіздіктен дұрыс бағдар таба алуымыз үшін бұл саясаттың мәселелерін шешерде дамудың негізгі бағытын айқын көруге тиістіміз. Біз социалистік қоғамның бірден-бір базасы ретінде өндіргіш күштерді арттыру және ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру міндетін алға қойғаннан кейін, осы міндетке дұрыс кірісетіндей болып және оны қалай да орындайтындай болып қимылдауға тиістіміз.

2

29 ОКТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар! Запискаларда жасалған ескертпелерге жауап берместен бұрын, менің осында пікір айтқан жолдастарға жауап ретінде бірнеше сөз айтқым келеді. Ларин жолдастың сөзінде, менің байқауымша, бір түсініспеушілік бар екендігін атап өту қажет. Не мен өзім айтқан реттеу мәселесін өнеркәсіпті реттеу мәселесімен байланыстырып айтқанда дәл айтпаған болуым керек, не ол мені дұрыс түсінбеген болуы керек. Бұл көрінеу дұрыс емес. Мен ақша айналысын товар айырбасымен салыстыра отырып, сауда мен ақша айналысын реттеу туралы айттым. Бұған қоса тағы да мынаны айту керек: егер біз өз саясатымызға, өз қаулыларымызға, өз насихатымыз бен үгітімізге бұл насихатты, үгітті және біздің декреттерімізді жақсартуды көздеп қарағымыз келсе, онда ең таяудағы тәжірибенің нәтижелерінен бас тартуға болмайды. 1921 жылдың көктемінде біздің товар айырбасы туралы айтқанымыз рас па? Әрине, рас, мұны сіздердің бәріңіз де білесіздер. Товар айырбасы, система ретінде, өмірге сай келмейтін болып шыққандығы, товар айырбасының орнына бізге ақша айналысын, ақшаға сатып алу-сатуды көлденеңнен тарту еткені рас па? Бұған да күмән жоқ, мұны фактілер көрсетіп отыр. Қателерді ойдан шығарып алу туралы сөйлеген Стуков пен Сорин жолдастарға да жауап осы. Ойдан шығарылмаған, қайта күмәнсіз қатенің айқын фактісін міне сіздер көріп отырсыздар.

1921 жылдың көктемінде жаңа экономикалық саясат туралы ешкімнің таласпағанын және бүкіл партия съездерде, конференцияларда, баспасөз бетінде бұл саясатты әбден бірауыздан қабыл алғандығын экономикалық саясатымыздың көктемде басталған соңғы дәуіріндегі тәжірибесі көрсетті. Бұл бірауызды жаңа шешімге ескі таластардың титтей де әсері тиген жоқ. Бұл шешім товар айырбасы арқылы біздің социалистік құрылысқа неғұрлым тікелей өтуді жүзеге асыруға шамамыз жетеді дегенге сүйеніп құрылды. Қазір біз бұл арада тағы да айналма жолдың — сауда арқылы өтетін жолдың керек екендігін айқын көріп отырмыз.

Стуков және Сорин жолдастар: қателер туралы көп айтылады, сол қателерді ойдан шығармауға болмас па екен?— деп зар қақты. Әрине, егер қателер ойдан шығарылатын болса, мұның өзі өте жаман нәрсе болар еді. Ал егер практикалық мәселелерден Гоникман жолдас сияқты сытылып шыға берсе, мұның өзі мүлдем теріс болады. Ол «тарихи құбылыс өзінің бір қалыптасқан ретінен өзгеше қалыптаса алмады» деген тақырыпқа тұтас бір сөз сөйледі деуге болады. Әрине, бұл мүлде даусыз нәрсе және біздің бәрімізге коммунизмнің әліппесінен, тарихи материализмнің әліппесінен және марксизмнің әліппесінен таныс нәрсе. Бұл әдіс бойынша пайымдау мынадай. Семков жолдастың сөзі — мұның өзі тарихи құбылыс па, жоқ па? Мен бұл да тарихи құбылыс деймін. Осы тарихи құбылыстың қазір қалыптасқан ретінен басқаша қалыптаса алмаған жағдайының өзі-ақ бұл арада ешқандай қатенің ойдан шығарылмағанын да, партия мүшелері сарыуайымға салынса екен, абыржыса екен және еңсесі түссе екен деп ешкімнің теріс тілек тілемегенін де немесе ондайға теріс жол бермегенін де дәлелдейді. Стуков пен Сорин жолдастар қателерді бұлай мойындаушылық қайткен күнде де, түгелдей немесе жартылай, тікелей немесе жанамалай, әйтеуір зиянды болды, өйткені сарыуайымды таратты және жұрттың еңсесін түсірді деп қатты қауіптенді. Өзімнің келтірген мысалдарым арқылы мен істің мәнісі нақ мынадай екенін көрсеткім келді: қазір қатені мойындаудың практикалық маңызы бар ма, бол-

ған және болмай қоймаған жағдайдан кейін қазір бірдеңені өзгерту керек пе? Әуелі штурм жасалды, содан кейін ғана біз қоршауға алуға көштік, мұны жұрттың бәрі біледі, ал қазір біздің экономикалық саясатымызды жүзеге асыруға басқа жағдайларда, бәлкім, тамаша болып шығатын, ал енді зиянды болып отырған тәсілдерді теріс қолданушылық кедергі жасап отыр. Сөйлеген жолдастардың бәрі дерлік бұл тақырыпқа мүлдем соқпады, ал істің барлық мәні осында, тек қана осында жатыр. Бұл арада маған ең жақсы одақтас нақ Семков жолдас болып шықты, өйткені ол бұл қатені айқын әкеліп алға тартты. Егер Семков жолдас болмаса немесе егер ол бүгін сөйлемеген болса, онда, шынында да, осы Ленин қателерді ойдан шығарған жоқ па екен?— деген әсер тууы мүмкін еді. Ал Семков жолдас: «Сіз мемлекеттік сауда туралы не айтып тұрсыз! Бізді түрмеде сауда жасауға үйреткен жоқ»,— деп өте айқын айтты. Семков жолдас, түрмеде бізді сауда жасауға үйреткен жоқ, ол рас! Ал сонда бізге соғысуды түрмеде үйретті ме? Ал мемлекет басқаруды түрмеде үйретті ме? Ал әр түрлі халық комиссариаттарын сәйкестендіріп отыруды және олардың қызметін үйлестіріп отыруды — осындай өте жағымсыз нәрсені қашан болсын, қай жерде болсын біреу бізге үйретіп пе еді? Еш жерде бізге мұны үйреткен жоқ. Басқаны былай қойғанда түрмеде бізге үйреткен жоқ, қайта біз марксизмді, революциялық қозғалыс тарихын және басқаларды өзіміз үйрендік. Бұл тұрғыдан қарағанда өте көп адамдар түрмеде бекерден-бекер отырған жоқ. Бізге кімде-кім: «Бізді түрмеде сауда жасауға үйреткен жоқ»,— десе, бұл сөздерден біздің қазіргі күресіміздің және партия қызметінің практикалық міндеттерін мүлде қате түсінушілік көрінеді. Ал мұның өзі «штурм жасауға» лайықты келетін тәсілдерді «қоршауға алу» дәуіріне көшіру болып табылатын қатенің нақ өзі. Семков жолдас партия қатарында қате бар екенін көрсетіп берді. Бұл қатені мойындау керек және түзету керек.

Егер біз әскери және саяси энтузиазмге, даусыз және аса зор тарихи күш болған, асқан зор роль атқарған, ұзақ жылдар бойына халықаралық жұмысшы қозғалы-

сына да әсерін тигізетін энтузиазмге сүйене алған болсақ,— егер осы энтузиазм мәдениеттің белгілі бір дәрежесінде және біздің фабрикаларымыз біршама қирамаған кезде біздің тікелей социалистік құрылысқа көшуімізге көмектескен болса, онда коммерциялық есеп және сауда жасау өнері сияқты ұнамсыз нәрсемен біз шұғылданбаған болар едік. Онда мұның керегі болмас еді. Ал қазір біздің мұнымен шұғылдануымыз керек. Себеп? Себебі — біз экономикалық құрылысқа басшылық етіп отырмыз және басшылық етуге тиістіміз. Экономикалық құрылыс бізді аренда сияқты ұнамсыз нәрселерді қолдану керек болатын жағдайға ғана емес, сонымен қатар сауда сияқты ұнамсыз нәрсені қолдану керек болатын жағдайға да әкеліп соқтырды. Мұндай ұнамсыз жағдай сарыуайымға да салындырады, еңсені де түсіреді деп күтуге болатын еді. Бірақ бұл арада кім кінәлы? Кімде-кімнің осындай еңсесі түскені байқалса, осы сарыуайымшылдығы байқалса, сол кінәлы емес пе? Егер халықаралық және орыстық экономика мен саясаттың күллі жағдайларының жиынтығы нәтижесінде біз душар болған экономикалық шындық осындай болып отырса, товар айырбасы емес, ақша айналысы шындық болып отырса, егер өз міндетімізді қазіргі сауданы, қазіргі нашар ақша айналысын реттеуге бағыттау керек болып отырса, сонда біздер, коммунистер, мұнда біздің жұмысымыз жоқ деп айтпақшымыз ба? Міне өте зиянды сарыуайымшылдық, мүлдем торыққандық пиғыл осы болар еді және қандай жұмысты да істеу мүмкін болмас еді.

Біздің жұмыс жүргізіп отырған жағдайымызды біз өзіміз ғана жасамаймыз: ол экономикалық күреске де, басқа елдермен өзара қатынастарға да байланысты. Бұл қорытындылар былай болып шықты: үстіміздегі жылдың көктемінде біз аренда туралы мәселе қойдық, ал міне қазір біз сауда туралы да, ақша айналысы туралы да мәселе қоюға тиісті болып отырмыз. «Бізге түрмеде сауда жасауды үйреткен жоқ» дегенді айтып, бұдан бас тарту — жол беруге болмайтын сарыуайымшылдыққа салынуға бой ұру деген сөз, өзінің экономикалық міндетін орындамау деген сөз. Егер капиталистік сауда-

ны штурм арқылы алу мүмкін болса, анағұрлым жақсы болар еді, ал белгілі бір жағдайларда (фабрикалар қирамай, жоғары экономика мен мәдениет болса) «штурм жасау», яғни товар айырбасын тікелей орнату әрекетінде ешқандай қате жоқ. Ал қазір басқа тәсілдің қажеттігін және сөзсіздігін түсінгіміз келмейтіндігінің нақ өзі қате болып отыр. Бұл ойдан шығарылған қате емес, бұл тарих саласындағы қате емес, бұл — қазір не істеуге болатындығын және не істеу керек екендігін дұрыс түсіну үшін сабақ. Егер партия өз міндетін орындауға кірісерде: «Бізге түрмеде сауда жасауды үйреткен жоқ», бізге коммерциялық есеп керек емес деп пайымдаса, партия өз міндетін ойдағыдай орындай алар ма еді? Біз түрмеде үйренбеген көп нәрсені революциядан кейін үйренуге мәжбүр болдық, сөйтіп үйрендік және өте ойдағыдай үйрендік емес пе.

Мен коммерциялық қатынастар мен сауданы түсініп үйрену — біздің міндетіміз деп ойлаймын, ал бұл міндет туралы ешбір жалтақсыз айтатын болғанымызда біз ойдағыдай үйрене бастаймыз және үйренеміз. Біздің шегінуімізге тура келгені сонша, сауда туралы мәселе партияның практикалық мәселесіне, экономикалық құрылыс мәселесіне айналды. Коммерциялық негіздерге көшу неден туып отыр? Айналадағы жағдайдан, қазіргі халден туып отыр. Мұның өзі ірі өнеркәсіптің тез қалпына келуі үшін және дұрыс өнім айырбасына жетуге егіншілікпен тез байланыс жасауы үшін қажет. Өнеркәсібі неғұрлым өркендеген елде мұның бәрі анағұрлым тез істеледі, ал бізде мұның өзі айналма, ұзақ жолмен жүріп отыр, бірақ, ақыр аяғында, біз көздеген мақсатымызға жететін боламыз. Сондықтан қазір біз бүгінгі күн мен ертеңгі күн бізге, бүкіл мемлекеттік шаруашылыққа басшылық етуге тиісті өз партиямызға қойып отырған міндеттерді басшылыққа алуға тиістіміз. Қазір енді товар айырбасы туралы айтуға болмайды, өйткені оны, күрес майданы ретінде, біздің қолымыздан қағып түсірді. Бұл — бізге қаншама ұнамсыз болса да, күмәнсыз факт. Сонда немене, біз енді өзімізге істейтін ештеңе қалмады деп айтуға тиістіміз бе? Тіпті де олай емес. Біз үйренуге тиістіміз. Коммерциялық қатынас-

тарды мемлекеттік тұрғыдан реттеп үйрену керек — қиын міндет, бірақ бұл міндеттің қолдан келмейтін түгі де жоқ. Сөйтіп біз бұл міндетті шешеміз, өйткені біз үшін будан кем соқпайтын жаңа, керекті және қиып міндеттерді де шешіп келдік. Кооперативтік сауда — қиын міндет, бірақ бұл міндеттің қолдан келмейтін түгі де жоқ, тек қана оны айқын түсіну керек және көңіл қойып жұмыс істеу керек. Біздің жаңа саясатымыз да, міне, осыған келіп саяды. Осы кезде кәсіпорындардың біразы қазірдің өзінде-ақ коммерциялық есепке көшірілді, бұл кәсіпорындарда жұмысшының еңбегіне ақы еркін рыноктың бағалары бойынша төленеді, есеп айырысу да алтынға көшті. Бірақ мұндай шаруашылық единицаларының сапы болымсыз аз, ал көпшілігінде былық басым болып отыр, табыс пен күн көріс жағдайларының арасында көрінеу сәйкессіздік бар; кәсіпорындардың бір бөлегі мемлекеттік жабдықтаудан алынып тасталды, енді бір бөлегі ішінара ғана жабдықталып отыр. Бұдан шығатын жолды қайдан іздеу керек? Ондай жол мынау ғана: біз бұл міндеттерді қалай шешу қажет болса, солай шешіп үйренеміз, соған бейімделеміз, оларды қалай шешу қажет болса, солай, яғни қазіргі жағдайларға сәйкес шеше аламыз.

Бүгінгі әңгіме жөнінде пікір айтқан жолдастарға менің жауабым осы, ал енді берілген запискалардың кейбіреулеріне қысқаша жауап беруге көшемін.

Олардың бірінде былай делінген: «Сіз Порт-Артурды мысалға келтірдіңіз, бірақ халықаралық буржуазияның қоршауындағы біздің өзіміз де Порт-Артур болуымыз мүмкін екендігін түсінесіз бе?».

Иә, жолдастар, соғыстың стихиясы — қауіп екендігін, жеңіліске ұшырауымыз да мүмкін-ау деген оймен есептеспейінше, соғысты бастауға болмайтындығын мен бұдан бұрын айтып өттім. Егер біз жеңіліске ұшырасақ, онда, әрине, Порт-Артурдың қайғылы жағдайына ұшыраймыз. Өзімнің бүкіл сөзімде мен қоршауға алынған, тек біздің армиямыз тарапынан ғана емес, басқалардың тарапынан да қоршауға алынған халықаралық капитализмнің Порт-Артурын айттым. Әрбір капиталистік елдің ішінде халықаралық капитализмнің осы Порт-Ар-

турын қоршауға алып отырған армия барған сайын өскен үстіне өсіп келеді.

Бір запискада былай деп сұрайды: «Егер бір жылдан кейін немесе екі жылдан кейін әлеуметтік революция бұрқ ете түссе, келесі күнгі біздің тактикамыз қандай болар еді?». Егер мұндай сұрақтарға жауап бере беретін болсақ, онда революция жасау өте оңай болар еді, онда біз жер-жерде революцияны бұрқыратып жасап тастаған болар едік. Мұндай сұрақтарға жауап беруге болмайды, өйткені біз бір жылдан немесе екі жылдан кейін ғана емес, тіпті жарты жылдан кейін де не болатынын айта алмаймыз. Күресуші жақтың қайсысы Порт-Артур қамалының қайғылы жағдайына ұшырайды деген мәселені шешуге тырысу қандай пайдасыз болса, мұндай сұрақтарды беру де сондай пайдасыз. Біздің білетініміз бір ғана нәрсе: ақыр аяғында, халықаралық Порт-Артурдың қамалы сөзсіз алынады, өйткені оны құлататын күштер барлық елдерде де өсіп келеді. Ал біздегі негізгі мәселе — қазір өзіміз тап болған осы өте қиын жағдайларда ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру мүмкіндігін сақтау үшін не істеу керек деген мәселе. Біз коммерциялық есептен бойымызды аулақ салуға тиіс емеспіз, қайта жалақы мағынасында да, жұмыс мөлшері мағынасында да, т. т. жұмысшыларды қанағаттандыратын жарамды жағдайлар жасау тек осы негізде ғана мүмкін екендігін түсінуге тиістіміз. Шаруашылықты коммерциялық есептің тек осы негізінде ғана құруға болады. Бұған кедергі болып отырған нәрсе — соқыр сенімдер мен кешегі болған жайлардың ұмытылмағандығы. Егер біз осыны ескермесек, онда біз жаңа экономикалық саясатты тиісті дәрежеде жүргізе алмаймыз.

«Шегінудің шегі қайда?» — деген сұрақтар да беріліп отыр. Бірнеше запискада: біз қай уақытқа дейін шегіне береміз? деп, осы бағытта сұрақ берілген. Мен бұл сұрақтың қойылатынын білгенмін және бұл жөнінде алғашқы сөйлегенде бірнеше сөз айтқанмын. Бұл сұрақ — белгілі сарыуайымшылдық пен еңсе түсушіліктің белгісі, сондықтан тіпті ешбір негізі жоқ сұрақ. Мұның өзі Брест бітімі жасалған кезде өзіміз талай естіген сұрақ-

тар секілді сұрақ. Бұл сұрақ дұрыс қойылмаған, өйткені біздің бетбұрысымыздың бұдан былайғы жүзеге асуы ғана бұл сұраққа жауап қайтару үшін материал бере алады. Мықтап шабуылға шығуды үйренгенге дейін, соған көшуге әзірленіп болғанға дейін біз шегіне бермекшіміз. Бұған басқаша ешқандай жауап беруге болмайды. Шегіну деген өте қолайсыз-ақ, бірақ өзіңді соққылап жатқанда, ұнай ма, ұнамай ма деп сұрамас болар, әскерлер де шегінеді, бірақ оған ешкім таңданбайды ғой. Біз сонда қай уақытқа дейін шегіне береміз деген әңгімеден мәнді ештеңе шығуы мүмкін емес. Құтылып шыға алмайтындай жағдайларды өзімізге күні бұрын ойлап шығарудың не керегі бар? Мұның орнына нақты жұмысқа кірісу керек. Нақты жағдайларды, халді зер сала ойластырып қарау керек, өзен, тау, батпақ, әлде қандай бір станция секілді табан тірейтін бір нәрсе бар ма — соны анықтау керек, өйткені біз сондай бірдеңеге табан тірей алғанда ғана шабуылға көшуге болады. Сондықтан сарыуайымшылдыққа салынбау керек, мәселеден котеріңкі үгіт сөзбен жалтарып кетуге тырыспау керек, ондай үгіт орнымен айтылғанда ғана өте бағалы, бірақ бұл мәселеде ол зияннан басқа ешқандай пайда келтіре алмайды.

АЛТЫННЫҢ ҚАЗІРГІ ЖӘНЕ СОЦИАЛИЗМ ТОЛЫҚ ЖЕҢГЕННЕН КЕЙІНГІ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ

Ұлы революцияның жылдығын мерекелеудің ең жақсы әдісі — оның орындалмаған міндеттеріне барынша назар аудару. Революция әлі шешпеген түбегейлі міндеттер болып отырған жағдайда, бұл міндеттерді шешу үшін (революцияның осы кезге дейін істеген істері тұрғысынан қарағанда) жаңа бірдеңені игеру керек болып отырған жағдайда революцияны бұлайша мерекелеу өте-мөте орынды және қажет те.

Біздің революциямыз үшін қазіргі кезеңдегі жаңа нәрсе: экономикалық құрылыстың түбегейлі мәселелерінде «реформистік», бірте-бірте жасалатын, абайлап-айналма әдіспен қимылдау қажет болып отыр. Бұл «жаңалық» теория жөнінен де, практика жөнінен де бірсыпыра мәселелерді, таңырқауды, күдіктенушілікті туғызып отыр.

Теориялық мәселе мынадай: тұтас алғанда бүкіл революцияның жаппай жеңімпаздығы жағдайында, бірсыпыра нағыз революциялық қимылдардан кейін, нақ сол майданның өзінде төтенше «реформистік» қимылдарға көшуді қалай түсіндіру керек? Бұл жерде «позициядан айрылғандық», «күйрегенімізді мойындағандық» немесе сол сияқты бірдеңе жоқ па? Жартылай феодалдық тұрпаттағы реакционерлерден бастап меньшевиктерге немесе II $1/2$ Интернационалдың басқа да сабаздарына дейінгі жаулар, әрине, сондай бірдеңе бар дейді. Реті келсін-келмесін, осы сияқты бірдеңелерді айтып айқай салмаса, олар жау бола ма. Бұл мәселеде феодалдардан

бастап меньшевиктерге дейінгі барлық партиялардың жүрек тебірентерлік бірауыздылығы бұл партиялардың бәрінің де пролетарлық революцияға қарсы шын «бірыңғай реакцияшыл шоғыр» екендігін тағы да дәлелдейді (жақша ішінде айта кетейік, Энгельс 1875 және 1884 жылдары өзінің Бебельге жазған хаттарында мұны болжаған болатын)[97].

Бірақ достарымыздың арасында да кейбір... «таңырқаушылық» бар.

Ірі өнеркәсіпті қалпына келтірейік, ұсақ шаруа егіншілігінің қоғамдасуына көмектесе отырып, өнеркәсіптің онымен тікелей өнім айырбасын жасауын жолға қояйық. Ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру үшін шаруалардан салым арқылы қарызға белгілі бір мөлшерде азық-түлік және шикізаттар алайық. 1921 жылдың көктеміне дейін, үш жылдан артық уақыт бойы, біздің жүргізіп келген жоспарымыз (немесе әдісіміз, системамыз) міне осындай болды. Мұның өзі ескі укладты тікелей және толық қиратып, оны жаңа қоғамдық-экономикалық укладпен ауыстыру мағынасындағы міндетті орындауға революциялық тұрғыдан кірісу тәсілі болды.

1921 жылдың көктемінен бастап біз бұл тәсілдің, жоспардың, әдістің, қимыл жүйесінің орнына мүлдем басқа, реформистік үлгідегі тәсілді, жоспарды, әдісті, қимыл жүйесін алға қоямыз (әлі «қойғанымыз» жоқ, әлі күнге дейін тек «қоямыз» дейміз, мұны толық ұғынғанымыз да жоқ), мұның өзі: ескі қоғамдық-экономикалық укладты, сауданы, ұсақ шаруашылықты, ұсақ кәсіпкерлікті, капитализмді *қиратпай,* қайта сауданы, ұсақ кәсіпкерлікті, капитализмді *жандандыру* болды, жандандырғанда оларды абайлап, бірте-бірте меңгеріп немесе олардың тек жандану *шамасына қарай* мемлекеттің оларды реттеп отыруына мүмкіндік алу еді.

Мұның өзі міндетке мүлде басқаша қарау.

Бұрынғы, революциялық тәсілмен салыстырғанда, бұл — реформистік тәсіл (революция дегеніміз ескіні абайлап, ақырын, бірте-бірте, мүмкіндігінше азырақ қиратуға тырыса отырып, қайта жасау емес, ескіні түпкі негізімен, түп-тамырымен қирататын өзгеріс).

Мынадай сұрақ туады: егер сіздер революциялық тәсілдерді қолданып көріп, оның сәтсіздігін мойындасаңыздар, сөйтіп реформистік тәсілдерге көшсеңіздер, мұның өзі сіздердің жалпы алғанда революцияны қате деп жариялағандарыңызды дәлелдемей ме? Мұның өзі тегінде революциядан бастамау керек еді, ал реформалардан бастау керек еді, реформалармен қанағаттану керек еді дегенді дәлелдемей ме?

Мұндай қорытындыны меньшевиктер және сол сияқтылар жасайды. Бірақ бұл қорытынды не софизм болады, саясатта «оттан да, судан да, қыспақтан да» өткендердің кәдімгі алаяқтығы болады, немесе нағыз сыннан «өтпегендер» тарапынан балалық жасау болады. Нағыз революционерлерге ең үлкен қауіп,— мүмкін, тіпті бірден-бір қауіп болар,— революцияшылдықты асыра сілтеу, революциялық тәсілдерді орынды және ойдағыдай қолданудың шектері мен шарттарын ұмыту болады. Нағыз революционерлер көбінесе осы мәселеде, «революцияны» бас әріппен жазып, «революцияны» әлде қандай бір құдіреттің ісіндей аспанға көтеріп, қай уақытта, қандай жағдайларда және қимылдың қай саласында революциялық әдісті қолдана білу керек екенін, қай уақытта, қандай жағдайларда және қимылдың қай саласында реформистік әдіске көше білудің керек екенін мейлінше байсалды түрде, байыптылықпен байқап, салмақтап, тексеріп алудан қалған кезде, ондай қабілетін жойған кезде мерт болған еді. Нағыз революционерлер тек мына жағдайда: егер байыптылықтан айрылса, «дүние жүзілік, жеңімпаз, ұлы» революция қандай да болсын барлық міндеттерді қандай жағдайда болсын, іс-қимылдың қай саласында болсын орындаған кезде, революциялық әдісті қолдана алады және қолдануға тиісті деген ойға келсе-ақ болды, дереу мерт болады (олардың сыртқы жеңілістері мағынасында емес, істерінің ішкі сәтсіздікке ұшырауы мағынасында мерт болады), ал мұндай жағдайда олардың мерт болатындығына дау жоқ.

Кімде-кім мұндай нәрсені «ойласа-ақ» болды, дереу оның мерт болғаны, өйткені ол түбегейлі мәселеде ақымақтық істейді, ал кескілескен соғыс кезіндегі (револю-

ция дегеніміз ең кескілескен соғыс) ақымақтықтың жазасы жеңілу болмақ.

«Дүние жүзілік, жеңімпаз, ұлы» революция тек революциялық тәсілдерді ғана қолдана алады және әрдайым соларды ғана қолдануға тиіс деген қорытынды қайдан шығады? Ондай қорытынды шығаруға ешбір негіз жоқ. Сондықтан бұл барып тұрған, сөзсіз теріс нәрсе. Мұның терістігі марксизм негізінен таймай, таза теориялық қағидаға сүйенген кезде өзінен-өзі айқын болады. Мұның терістігін біздің революцияның тәжірибесі де растап отыр. Теория жағынан алғанда: басқа кездердегі сияқты, революция кезінде де ақымақтық жасалады,— деген Энгельс[98] және ол шындықты айтқан. Ақымақтықты азырақ істеуге тырысу керек, қандай міндеттерді революциялық тәсілдермен шешуге қай уақытта болатынын, қай уақытта болмайтынын мейлінше байыптап ескере отырып, істелген ақымақтықты тезірек түзетіп отыру керек. Біздің өз тәжірибемізді алайық: Брест бітімі іс-қимылдың ешқандай революциялық емес, қайта реформистік немесе тіпті реформистіктен де жаман үлгісі болды, өйткені мұның өзі кейін қарай шегінген қимыл болды, ал реформистік қимыл кейін шегінбейді, жалпы ереже бойынша, ақырындап, абайлап, бірте-бірте ілгері басады. Брест бітімін жасағандағы біздің тактикамыздың дұрыс болғандығы енді әбден дәлелденгені, жұрттың бәріне де түсінікті болып, жұрттың бәрі де оны мойындағаны сонша—бұл тақырыпқа енді сөзді шығын етудің керегі жоқ.

Біздің революцияның буржуазиялық-демократиялық жұмысы ғана әбден ақырына дейін жеткізілді. Бұған мақтануға біздің әбден заңды правомыз бар. Біздің революцияның пролетарлық немесе социалистік жұмысы негізгі үш түрге келіп саяды: 1) бүкіл дүние жүзілік империалистік соғыстан революциялық жолмен шығу; капиталистік жыртқыштардың бүкіл дүние жүзілік екі тобының қырғынын әшкерелеу және оны *болдырмау;* мұны біз әбден ақырына дейін жеткіздік; мұны барлық жағынан да ақырына дейін жеткізу тек алдыңғы қатарлы бірсыпыра елдердегі революцияның ғана қолынан келер еді. 2) Совет құрылысын, пролетариат диктату-

расын жүзеге асырудың формасын жасау. Дүние жүзілік өзгеріс жасалды. Буржуазиялық-демократиялық парламентаризмнің дәуірі өтті. Бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа тарауы: пролетарлық диктатура дәуірі басталды. Совет құрылысын және пролетариат диктатурасының барлық формаларын тек бірсыпыра елдер ғана өңдеп, аяқтайды. Бұл салада аяқталмаған істер бізде әлі де өте-мөте көп. Мұны көрмеу кешірілмейтін іс болар еді. Мұны біздің әлі де талай рет жетілдіре түсуімізге, қайтадан істеуімізге, басынан бастап қайталауымызға тура келеді. Өндіргіш күштерді және мәдениетті дамыту ісінде ілгері басып, жоғары өрлеген әрбір сатымыз біздің советтік системаның жетілдіріле түсуімен, қайта істелуімен қатар жүріп отыруға тиіс, ал шаруашылық пен мәдениет жөнінде біз өте төмен дәрежеде тұрмыз. Қайта жасалатын істер көп, ал одан «жасқанушылық» барып тұрған соқырлық болар еді (егер соқырлықтан да жаман болып жүрмөсе). 3) Социалистік уклад негіздерінің экономикалық құрылысы. Бұл салада ең басты, ең түбегейлі іс әлі істеліп болған жоқ. Ал мұның өзі біздің істейтін ең үлкен ісіміз, принцип тұрғысынан да, практикалық тұрғыдан да, қазіргі РСФСР тұрғысынан да, халықаралық тұрғыдан да біздің істейтін ең үлкен ісіміз.

Ең басты нәрсе негізінде істеліп болмағаннан кейін бүкіл назар соған аударылуы керек. Ал мұндағы қиындық өту формасында болып отыр.

Мен 1918 ж. апрельде «Совет өкіметінің кезектегі міндеттерінде» былай деп жаздым: «Жалпы алғанда революционер, социализмді жақтаушы немесе коммунист болу жеткіліксіз. Бүкіл желіні қолда берік ұстап, оның екінші буынына көшуді мықтап әзірлеу үшін әрбір ерекше кезеңде ол желінің бар күшпен мықтап ұстау керек болатын ерекше буынын таба білу керек, оның бер жағында оқиғалардың тарихи тізбегіндегі буындардың тәртібі, олардың формасы, олардың жалғастырылуы, олардың бір-бірінен айырмашылығы, әдеттегі темір ұстасы соққан шынжырдікіндей, сондай оңай және сондай қарапайым бола бермейді»*.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 222-бет. *Ред.*

Біз айтып отырған қызмет саласында қазіргі кезеңде ішкі *сауданы* жандандыру осындай буын болып табылады, оны мемлекет дұрыс реттеп (бағыт беріп) отыруы керек. Сауда — оқиғалардың тарихи желісіндегі, 1921—1922 жылдардағы біздің социалистік құрылысымыздың өтпелі формасындағы, біздің, пролетарлық мемлекеттік өкіметтің, біздің, басшы коммунистік партияның *«бар күшпен мықтап ұстау керек болатын» «буыны»* осы сауда. Егер біз *қазір* осы буыннан мықтап «ұстасақ», көп ұзамай-ақ *бүкіл* желіні сөзсіз қолымызға аламыз. Ал әйтпеген күнде бүкіл желіні қолымызға ала алмаймыз, социалистік қоғамдық-экономикалық қатынастардың іргетасын қалай алмаймыз.

Бұл оғаштау болып көрінер. Коммунизм және сауда?! Біріне-бірі тым жуыспайтын, қисынсыз, аралары алшақ жатқан бірдеңе тәрізді. Ал егер *экономикалық тұрғыдан* ойға салып қарасақ, бұл екеуінің арасы коммунизм мен ұсақ шаруалық, патриархтық егіншіліктің арасынан қашық емес.

Біз бүкіл дүние жүзілік көлемде жеңген кезде, менің ойымша, біз дүние жүзінің ең ірі деген бірнеше қалаларының көшелерінде алтыннан көпшілікке арнап әжетхана саламыз. 1914—1918 жылдардағы «ұлы азаттық» соғысында, Брест бітімі жаман ба, әлде Версаль бітімі жаман ба деген ұлы мәселені шешу мақсатымен жүргізілген соғыста алтынға бола он миллион адамды қалай қырып, отыз миллион адамды қалай мүгедек еткенін ұмытпаған ұрпақтар үшін және тағы сол алтынға бола әлде 1925 жылдың, әлде 1928 жылдың шамасында, не Жапония мен Американың арасында, не Англия мен Американың арасында немесе қалай болса да сол сияқты бір елдердің арасында соғыс ашып, сөзсіз жиырма миллион адамды қыруға, алпыс миллион адамды мүгедек етуге қалай дайындалып жатқанды білетін ұрпақтар үшін алтынды дәл осылай пайдалану өте «әділ», өте орынды, өнегелі іс болар еді.

Алтынды осылай пайдалану қаншама «әділ», қаншама пайдалы, қаншама адамгершілік іс болса да, дегенмен біз былай дейміз: ондай дәрежеге жету үшін 1917—1921 жылдарда біз қалай жұмыс істеген болсақ,

әлі де он-жиырма жыл бойы нақ сондай күш салып, нақ сондай табысты жұмыс істеуіміз керек, тек анағұрлым кең майданда қызмет етуіміз керек. Ал әзірше: РСФСР-де алтынды сақтау керек, оны қымбатқа сатып, оған товарды неғұрлым арзанырақ бағамен алу керек. Қасқырлардың арасында жүргенде қасқыр болып ұлу керек, ал адамзаттың парасатты қоғамына лайықты іске — қасқыр біткенді қырып тастау мәселесіне келетін болсақ, ол жөнінде орыс халқының: «Шайқасқа барар жолда мақтанба, шайқастан келе жатып мақтан» деген даналық мақалына бағамыз...

Егер... егерде егіншілермен көршілес электр сымдарының желісі бар машиналы тамаша ірі индустрия болмаса, өзінің техникалық күші жағынан да, өзінің ұйымдық «қондырмалары» және оған қосарлас құбылыстары жағынан да ұсақ егіншілерді бұрынғыға қарағанда жақсы өнімдермен мол, тез және арзан жабдықтау қолынан келетін индустрия болмаса, ондаған миллион ұсақ егіншілер мен ірі өнеркәсіптің арасында болуы мүмкін бірден-бір экономикалық байланыс — сауда ғана. Бұл «егер» дүние жүзілік көлемде *қазірдің өзінде-ақ жүзеге асырылған,* бұл жағдай осы күннің өзінде-ақ бар, бірақ кейбір жеке ел, оның үстіне капиталистік елдердің ішіндегі нағыз мешеу қалған ел, өнеркәсіптің егіншілікпен *жаңа* байланысын бірден, қолма-қол орындауға, жүзеге асыруға, іс жүзінде жолға салуға талаптанып көріп бұл міндетті «лап қойып штурм жасау» арқылы орындап шыға алмағаннан кейін, енді оны ақырын, бірте-бірте, абайлап жүргізілетін бірқатар «қоршау» қимылдары арқылы орындап шығуға тиіс.

Пролетарлық мемлекеттік өкімет сауданы меңгере алады, оған бағыт бере алады, оны белгілі бір шеңберге қоя алады. Кішкентай, өте кішкентай бір мысал: ішінара мемлекеттік ірі шахталарда еңбек өнімділігінің артуы арқасында, ішінара шаруалардың ұсақ шахталарын арендаға берудің арқасында Донбасста экономика тамтұмдап, әзірге өте-мөте азғантай болса да, бірақ сөзсіз жандана бастады. Сонымен, пролетарлық мемлекеттік өкімет шамалы мөлшерде (алдыңғы қатарлы елдер тұр-

ғысынан қарағанда мүлдем аз, ал біздегі кедейлік тұсында қанша дегенмен елеулі мөлшерде) қосымша көмір алып отыр, оның өзіндік құны, айталық, 100 процент болса, оны мемлекеттік жеке мекемелерге 120 процентке, ал жеке адамдарға 140 процентке сатады. (Жақша ішінде ескерте кетейін: менің мұндағы алып отырған цифрларым шамамен алынған цифрлар, өйткені, біріншіден, дәл цифрларының қандай екендігін мен білмеймін, ал екіншіден, мен дәл цифрларды білген болсам, ол цифрларды қазір жарияламас едім.) Бұған қарағанда біз өте жарытымсыз мөлшерде болса да, өнеркәсіп пен егіншіліктің арасындағы *айналымды*, көтерме сауданы меңгере *бастаған* сияқтымыз; қолда бар, ұсақ, мешеу өнеркәсіпке табан тіреу керек немесе ірі, бірақ әлсіреген, күйзелген өнеркәсіпке табан тіреу керек, *осы* экономикалық негізде сауданы жандандыру керек, экономикалық жандануды орташа, қатардағы шаруаға (ал ол шаруа—бұқарашыл, бұқараның өкілі, стихияны таратушы) сездіру керек, осыны пайдаланып, ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру жөніндегі жұмысты неғұрлым үздіксіз, табанды, неғұрлым кең және неғұрлым табысты жүргізу керек деген міндеттерді меңгере бастаған сияқтымыз.

Өзімізді «сезім социализмінің» немесе ескі орыстық, жартылай бариндік, жартылай мужиктік, патриархтық пиғылдың билеуіне бермейік; ал саудаға беталды немқұрайды қараушылық осыларға тән болған еді. Шаруалардың пролетариатпен байланысын нығайту үшін, күйзелген және әбден азап шеккен елде халық шаруашылығын дереу жандандыру үшін, өнеркәсіпті өркендету үшін, электрлендіру сияқты одан арғы неғұрлым кең және терең шараларды оңайлату үшін экономикалық-өтпелі формалардың бәрін де, қандайын болса да пайдалану керек болса, ол формаларды пайдалануға болады және пайдалана білу *керек* те.

Реформалардың революцияға қатынасын тек марксизм ғана дәл және дұрыс анықтады, ал Маркстің бұл қатынасты бір жағынан ғана, атап айтқанда: пролетариаттың бір елде болса да азды-көпті тұрақты, аздыкөпті ұзақ мерзімді тұңғыш жеңісінің алдындағы жағ-

дайда ғана коруге мүмкіндігі болды. Ондай жағдайда дұрыс қатынастың негізі мынау: реформалар — пролетариаттың революциялық тап күресінің қосымша жемісі. Бұл қатынас пролетариаттың бүкіл капиталистік дүниеде қолданатын революциялық тактикасының тірегі,— әліппесі, мұны II Интернационалдың сатқын көсемдері, II $^{1}/_{2}$ Интернационалдың жартылай педант, жартылай тәлімсіген сабаздары бұрмалап, өңін айналдырып жүр. Пролетариат тым болмаса бір елде жеңіп шыққан соң реформалардың революцияға қатынасына жаңа бірдеңе енеді. Принцип жүзінде іс сол күйінде қалады, ал форма жағынан өзгеріс болады, бұл өзгерісті Маркстің өзінің күні бұрын болжауына мүмкіндігі болмады, бірақ бұл өзгерісті тек марксизмнің философиясы мен саясаты негізінде ғана ұғынуға болады. Брест бітімі жөніндегі шегінуді біз қалайша дұрыс қолдана алдық? Себебі: біз алға қарай тым ілгерілеп кеттік те, артымызда біздің шегінерлік жеріміз болды. Біз *бірнеше аптаның ішінде,* 1917 ж. 25 октябрьден Брест бітіміне дейін, ғажайып шапшаңдықпен совет мемлекетін орнаттық, империалистік соғыстан революциялық жолмен құтылып шықтық, буржуазиялық-демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізе білдік, сондықтан *тіпті* керемет кейін шегінген қозғалыс та (Брест бітімі) біздің «тыныстау кезеңін» пайдалануға, сөйтіп Колчакқа, Деникинге, Юденичке, Пилсудскийге, Врангельге қарсы жеңімпаздықпен ілгері басуымызға толық жеткілікті позицияларды қолымызда қалдырды.

Пролетариат жеңгенге дейін реформалар — революциялық тап күресінің қосымша жемісі. Жеңгеннен кейін бұл реформалар (халықаралық көлемде бұрынғы сол «қосымша жеміс» күйінде қала отырып) жеңіске жеткен ел үшін, оның үстіне, пәлендей-пәлендей оту кезеңін революция жолымен орындауға,— күш барынша пайдаланылғаннан кейін,— көрер көзге күш жетпей тұрған кезде керекті және орынды тыныстау кезеңі болады. Жеңістің өзі «үстеме күш» береді, тіпті амалсыз шегініс болған күнде де сол үстеме күш шыдай тұруға,— материалдық жағынан да, моральдық жағынан да шыдай тұру мағынасында,— мүмкіндік береді.

Материалдық жағынан шыдай тұру — жаудың бізді біржола талқандап тастамауы үшін күштің басымдылығын сақтау деген сөз. Моральдық жағынан шыдай тұру — азғындауға, берекесіздікке жол бермеу, жағдайды байыптылықпен бағалаудан айрылмау, еңсені көтеріп, рухты жоғары ұстау, қаншама кейін шегінгенде де тым шамадан асып кетпеу, шегіністі дер кезінде тоқтатып, қайтадан шабуылға көше аларлықтай болып шегіну деген сөз.

Біз мемлекеттік капитализмге қарай шегіндік. Бірақ біз шамадан асып кеткен жоқпыз. Біз қазір сауданы мемлекеттік жолмен реттеуге қарай шегініп отырмыз. Бірақ біз шамадан асып кетпейміз. Бұл шегінудің аяқталатын кезі көріне бастады, бұл шегінуді көп алысқа ұзатпай-ақ тоқтату мүмкіндігі көріне бастады, мұның белгілері осы күннің өзінде-ақ біліну отыр. Осы қажетті шегінуді біз неғұрлым саналы түрде, жұмыла іске асырып, соқыр сенімдерге неғұрлым аз берілсек, оны соғұрлым тез тоқтата аламыз, біздің жеңімпаздықпен ілгері басуымыз да соғұрлым берік, шапшаң және кең өрісті болады.

5 ноябрь, 1921 ж.

«Правда» № 251, 6—7 ноябрь, 1921 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ 1922 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ФИНАНС ЖОСПАРЫ МЕН ЭМИССИЯ ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ[99]

1

1) Финанс комиссиясына сейсенбіге, 15. XI., дейін кірістің барлық және қандай да болса түрлерін, соның ішінде азық-түлік салығын, отынды, т. т. және т. с. біріктіре отырып, алтын ақшаға балағандағы соммен есебін жасау тапсырылсын,

— бюджеттің шығысы халық комиссариаттары бойынша (абсолюттік цифрлар) қалай бөлінетіні жөнінде — соғысқа дейінгі осындай цифрлармен (5 немесе 10 жыл ішіндегі орташа көрсеткіш), 1919 және 1920 жылдардың шамамен алынған цифрларымен салыстырылып — алтын ақшаға балағандағы соммен есеп жасалып берілсін.

2) 2 нұсқасы берілетін болсын: эмиссияның көлемі алтынмен 240 және 300 миллион сом.

3) Жалпы бюджеттің (материалдық та, ақшалай да) үлестерінің бөлінуі *Еңбек және Қорғаныс Советінің* азық-түлік жоспары бойынша паектердің бөлінуімен салыстырылсын.

4) Осы жоспар негізінде (эмиссиядан алтынмен 240 миллион сом қаралған нұсқамен) бюджетті әзірлеу дереу басталсын.

5) Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына нені тапсыру керек? Орталық Статистика Басқармасына ше? немесе кеңейтілген комиссияға ше?

6) Мерзімі — 20. XII.

7) Финанс комиссиясының *негіздеулерінің* бірқатарын жариялауға болмас па екен?

әсіресе, соғысқа дейінгі сомның (товарлар түрінде) есебі және т. с.

1921 ж. 5 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2

1) Финанс комиссиясы мен Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына қазіргі кезде Финанс комиссиясы қабылдап алған жалпы негіздерде кірістер мен шығыстар жөніндегі есепті аяқтау, сондай-ақ 5 ноябрьдегі қаулыда Халық Комиссарлары Советі жүктеген салғастыруларды бітіру тапсырылсын.

2) Бұл есептер 1922 жылға арналған мемлекеттік бюджетті негіздеу үшін қажетті алдын ала жасалған деректер ретінде қаралып, қорытынды жазбалар түрінде берілетін болсын[100].

1921 ж. 18 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МОНҒОЛ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕЛЕГАЦИЯСЫМЕН ӘҢГІМЕ

5 НОЯБРЬ, 1921 ж[101].

Монғол делегациясының 1-ші сұрағы: «Ленин жолдас, біздің елімізде халықтық-революциялық партияның құрылуына Сіз қалай қарайсыз және біз үшін басты нәрсе не?».

Ленин жолдас біздің делегацияға еліміздің халықаралық жағдайын түсіндірді, сөйтіп Монғол Халық Республикасының географиялық жағдайына байланысты, империалистік державалар, соғыс бола қалған күнде, біздің елді басып алуға және оны басқа елге қарсы соғыс қимылын жүргізетін бекініс шебіне айналдыруға тырысатындығын атап көрсетті. Сондықтан, деді Ленин жолдас, сіздің елдің еңбекшісінің қайсысы үшін болса да бірден-бір дұрыс жол Советтік Россияның жұмысшыларымен, шаруаларымен одақ құра отырып, мемлекеттік және шаруашылық тәуелсіздік жолында күресу болып табылады. Бұл күресті оқшауланып жүргізуге болмайды, сондықтан монғол араттарының партиясын құру олардың күресінің табысқа жетуінің шарты болады.

Монғол делегациясының екінші сұрағы: «Ұлт-азаттық күрес жеңіске жете ала ма?».

Ленин жолдастың жауабы:

«Мен өзім революциялық қозғалысқа 30 жыл бойы қатысып келемін, сондықтан сыртқы және ішкі құлдыққа

салушылардан өзін азат ету халықтың қай-қайсысына болса да қаншалықты қиын екенін өз басымның тәжірибесімен білемін. Бірақ мал өсіретін ел екеніне, ал халқының негізгі бөлегі көшпелі бақташылар екеніне қарамастан, Монғолия өз революциясында зор табыстарға жетті, ең бастысы — бұл табыстарды өзінің халықтық-революциялық партиясын құрумен баянды етті; ол партияның міндеті — бұқаралық партияға айналу, жат элементтердің кіріп кетуіне жол бермеу болып отыр».

Монғол делегациясының үшінші сұрағы: «Халықтық-революциялық партияның коммунистік партияға айналғаны жөн емес пе?».

Ленин жолдастың жауабы:

«Мен солай етіңдер дей алмаймын, өйткені бір партияның екінші партияға «айналуына» болмайды». Коммунистік партияның пролетариат партиясы ретіндегі мәнісін түсіндіре келіп, Ленин жолдас былай деді: «Әзірге бақташы элементтерден келе-келе халықтық-революциялық партияның коммунистік партияға «айналуына» көмектесетін пролетарлық бұқара құрылғанша революционерлер өздерінің мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылысында әлі де көп жұмыс істеулері керек болады. Маңдайшадағы жазуды құр ауыстыра салу зиянды және қауіпті нәрсе».

Ленин жолдас біздің делегацияға Монғол Халық Республикасының капиталистік емес жолмен дамуы мүмкін екені және мұның қажет екені идеясын кеңінен түсіндіріп берді, мұның өзінде халықтық-революциялық партия мен үкіметтің жұмысын күшейту, осы жұмыстың және партия мен өкіметтің ықпалы күшеюі нәтижесінде кооперативтердің өсуі, шаруашылықты жүргізудің және ұлттық мәдениеттің жаңа формалары енгізіліп, араттардың елді экономикалық және мәдени дамыту жолында партия мен үкіметтің төңірегіне топтасуы капиталистік емес даму жолына көшуді қамтамасыз ететін басты шарт болып табылатынын түсіндірді. Партия мен үкіметтің ықпалымен құрылған жаңа

шаруашылық укладтың сала-саласынан ғана араттар Монғолиясының капиталистік емес жаңа экономикалық системасы қалыптасады.

Бірінші рет 1934 ж. мына кітапта басылған: «Монғол халықтық-революциялық партиясының тоғызыншы съезі (28 сентябрь — 5 октябрь, 1934 ж.)». Улан-Батор, «Қазіргі Монғолия» баспасы

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

ПРОХОРОВ МАНУФАКТУРАСЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ТӨРТ ЖЫЛДЫҒЫН МЕРЕКЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ЖИНАЛЫСЫНДА 1921 ж. 6 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[102]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Залдағылар тегіс орындарынан тұрады. Көпке дейін басылмаған қол шапалақтау.) Өткен төрт жылға көз жіберсек, біз дүние жүзінде орыс пролетариатынан басқа бірде-бір пролетариаттың буржуазияны толық жеңе алмағанын көреміз. Ал егер осыған біздің қолымыз жеткен болса, оның себебі біреу ғана — жұмысшылар мен шаруалар өз жері үшін және өз өкіметі үшін күресетіндігін білді. Деникинге, Врангель мен Колчакқа қарсы соғыс тарихта еңбекшілердің өзін езушілерге қарсы ойдағыдай күрескен тұңғыш соғысы болды. Біздің жеңуіміздің екінші себебі — Антанта өзіне сенімді әскерін Россияға қарсы жеткілікті мөлшерде аттандыра алмады, өйткені Францияның солдаттары мен Англияның матростары өздерінің бауырларын езуге барғысы келмеді.

Төрт жылдың ішінде бұрын-соңды болып көрмеген кереметке қолымыз жетті: аш, әлсіз, жартылай бүлінген ел өз жауларын — аса қуатты капиталистік елдерді жеңіп шықты.

Біз бұрын-соңды болып көрмеген, ешкім болжамаған, берік халықаралық жағдайға ие болдық. Қазір әлі де болса аса зор міндет — халық шаруашылығын жолға

қою міндеті алда тұр. Біздің қол жеткен табыстарымыздың бәрі біздің дүние жүзіндегі ең тамаша күшке — жұмысшылар мен шаруаларың күшіне сүйеніп отырғанымызды көрсетеді. Мұның өзі бізге келесі мерекені еңбек майданындағы жеңіспен қарсы аламыз деген сенім туғызады.

«Правда» № 252 және
«Известия ВЦИК» № 251,
9 ноябрь, 1921 ж.

«Правда» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

ХАМОВНИКИ АУДАНЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ, ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ, ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЖАСТАРЫНЫҢ ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ТӨРТ ЖЫЛДЫҒЫН МЕРЕКЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ЖИНАЛЫСЫНДА 1921 ж. 7 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Оркестр «Интерналды» орындады. Қызу қол шапалақтау.) Жолдастар, мен Москвада күреске қатысқан және белгілі бір күресті өз басынан өткізген жолдастардың естеліктері сияқты сіздерге сабақ аларлықтай және қызықты көрінетін естеліктерді орталарыңызға сала алмаймын. Мен ол кезде Москвада болғаным жоқ, сондықтан мен қысқаша құттықтаумен тынбақпын.

Сөйлеген жолдастардың бірі сөзінің соңында жұмысшыларды кәсіподақтар мен совет органдарында өздері күш салып жұмыс істеуге, осыған өздерінің барлық күштерін жұмылдыруға шақырды, менің де осы шақыруды қолдағым келеді.

Жолдастар, біз бұл төрт жылдың ішінде құлақ естімеген күресті бастан кешірдік. Егер бұдан төрт жыл бұрын шетелдің бір жұмысшысы бізге дүние жүзілік революцияға әлі едәуір уақыт бар екенін, біздің үш жыл бойы кескілескен азамат соғысын жүргізуімізге тура келетінін айтса,—онда біздің бұл соғысқа төтеп беретінімізге ешкім де сенбеген болар еді. Бірақ, бізге барлық жақтан бірдей шабуыл жасалғандығына қарамастан, біз бұл тегеурінге төтеп бердік және бұған төтеп беру қолымыздан келген болса, онда бұл кереметтей бір ғажайып нәрсенің болғандығынан емес (өйткені ақылды адамдар кереметке сенбейді), біздің төтеп бере алған себебіміз — бізге қарсы аттандырылған әскерлер сенімсіз болды. Сөйтіп егер ағылшындар Архангельскіден

кетпесе, ал француз матростары Одессадан кетпесе, егер солдат киімін кигізіп, бізге қарсы аттандырылған шетел жұмысшысы Совет өкіметіне тілектес болып шықпаса,— онда біз қазірдің өзінде де өзімізге қарсы шабуыл жасау мүмкіндігінен арылмаған болар едік. Бірақ бізге бұл қорқынышты емес, өйткені біз әрбір елде өзіміздің көптеген одақтастарымыз бар екендігін білеміз. Сондықтан осында сіздерді тізе қосып жұмыс істеуге шақырған жолдастың айтқаны дұрыс, сондықтан мен оны барынша қолдаймын, өйткені ашаршылықтың бізге ең қиын сәтте төнгенін және бүкіл дүние жүзінің капиталистері осыны пайдаланып, бізді кіріптарлыққа ұшыратуға тырысып отырғанын өздеріңіз білесіздер. Бірақ біздің капиталистерге қарсы күрес жүргізуімізді қамтамасыз етіп отырған жұмысшылар бұқарасы бар.

Шаруаларға тұқым жөнінен берілген көмекті мысалға алыңыздар. Өздеріңіз білесіздер, азық-түлік салымы азық-түлік салығымен ауыстырылды және қазір сіздер азық-түлік салығы мен тұқым қарызының қандай жақсы түсіп жатқандығын қадағалай аласыздар.

Жақында біз ашаршылыққа ұшыраған жерлердегі шаруалардың жаздық егін себуіне көмектесу туралы мәселе талқыладық, сонда біз мемлекеттің қолындағы тұқым мөлшері тым болмаса 1921 жылғы көлемде егін салуға да жеткіліксіз екенін көрдік. Сол көлемде егін салу үшін мемлекетке 30 миллион пұт астық керек, ал азық-түлік салығы бойынша біз тек 15 миллион пұт аламыз, ал қалған 15 миллион пұтты біз шетелден сатып алуымыз керек. Соңғы уақытта біз ағылшын буржуазиясы тарапынан Советтік Россиямен екі арадағы сауда шартын бұзуды көздейтін науқан жүргізіліп жатқандығын көріп отырмыз, бірақ Англияның жұмысшылары бұған қарсы. Қазір басқа елдермен шарттар жасалып жатқандығын біз білеміз, сөйтіп 15 миллион пұт астықты сатып алу қаншама ауыр болса да, біз мұны істей аламыз.

Барлық шет мемлекеттерде біз өнеркәсіп дағдарыстары мен орасан зор жұмыссыздықты көріп отырмыз. Арсыздықпен жасалған Версаль шарты басып-жаншыққан Германия ұзақ уақыт бойы халықаралық жағдайдан

шығып қалды. Оны Версаль бітімінің басып-жанышқаны соншалық, ол сауда жасай алмай отыр. Одақтас елдер коз коріп, құлақ естімеген Версаль бітімін жасасты және сөйте тұра өздері құрып бара жатыр.

Біздің экономикалық жағдайымыз күннен-күнге жақсарып келеді.

Менің өтінішім мынау — менің алдымда сөйлеген жолдастың шақыруына құлақ асу керек және біздің еліміздің ішіндегі жұмысты күшейту керек. Мұның мейлінше қажет екенін түсіну керек, өйткені біз шаруалар шаруашылығын жақсарту жолында жұмыс істеп жатырмыз, ал бұл үшін ынта-жігер бұрынғыдан өлшеусіз көп керек, біз мұны істей аламыз деп сенеміз. (Қол шапалақтау. Оркестр «Интернационалды» орындады.)

Бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармалары 4-басылуында басылған, 33-том

Протоколдық жазбаның машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

№ 3 «ЭЛЕКТРОСИЛА» (бұрынғы «ДИНАМО») ЗАВОДЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ТӨРТ ЖЫЛДЫҒЫН МЕРЕКЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ЖИНАЛЫСЫНДА 1921 ж. 7 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[103]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Совет өкіметі күн сайын еңбекшілердің сана-сезімінде бірден-бірге зор маңыз алып келе жатқанын, сөйтіп ол, өкімет ретінде, еңбекшілердің өздерінің өкіметі болып табылатындығына иландырып отырғандығын Ленин жолдас айқын мысалдармен дәлелдеді.

«Еңбекшілер бұқарасының сана-сезімінде өткен уақытта қорқынышты болып көрінген мылтықты адам,— дейді Ленин жолдас,—қазір Қызыл Армияның өкілі ретінде қорқынышты емес және нақ солардың қорғаушысы болып табылады». (Ленин жолдастың қорытынды сөздері ду қол шапалақтауға ұласады.)

«Правда» № 254 және «Известия ВЦИК» № 253, 11 ноябрь, 1921 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Кәсіподақтардың мәдени-ағарту жұмысы жөніндегі Бүкіл россиялық І конференцияның қарары РКП Х партия съезінің Саяси ағарту бас комитетінің ВЦСПС-пен өзара қатынасы туралы қарарына (§ 2) сай келмейді деп танылсын[104].

Губерниялық саяси ағарту комитеттері съезінің қарары жалпы алғанда бекітілсін[105], Саяси ағарту бас комитетіне ВЦСПС-пен келісім бойынша екі мекеменің жұмысын «біріктіру» формаларын және кәсіподақтар мен олардың органдарының Саяси ағарту бас комитетінің «аппараты мен күштерін» «пайдалану» формаларын өте нақты түрде анықтай отырып, бір ай мерзімде егжей-тегжейлі практикалық нұсқау әзірлеу тапсырылсын.

1921 ж. 8 ноябрьде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

В. М. МИХАЙЛОВҚА ЗАПИСКА ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[106]

Михайлов жолдас! Саяси бюро мүшелеріне жағалай аралатып шығуды ұсынамын.

Менің өз пікірім: В. Милютиннің жоспары түп-түгел ештеңеге жарамсыз, мүлде негізделмеген жоспар ретінде *қабылданбай тасталсын.*

Менің ұсынысым: *қабылданбай тасталсын.*

Ленин

9/XI.

1921 ж. 9 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. М. МИХАЙЛОВҚА ЗАПИСКА ЖӘНЕ УКРАИНАДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[107]

9/XI.

Михайлов жолдас!

Саяси бюро мүшелеріне жағалай аралатып шығуыңызды және өзіме қайтарып беруіңізді өтінемін.

Саяси бюроның қаулысын ұсынамын.

Саяси бюро Украинада азық-түлікті толық, яғни 100% жинаудың РСФСР үшін аса түбегейлі маңызы бар екенін Украина Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне атап көрсетеді. 57 миллион пұт астықты жеткізудің де маңызы бұдан кем емес. Осы мақсатқа жету үшін бірқатар аса шұғыл шараларды дереу белгілеу және барлық шешімдер жөпінде хабарлап отыру тапсырылады.

Азық-түлік жинаудың және оны РСФСР-ге жөнелтудің барысы туралы қысқаша қорытынды деректер айына 2 рет телефон арқылы хабарлапып отырсын.

Ленин

1921 ж. 9 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Г. В. ЧИЧЕРИННІҢ ХАТЫНА ЖАЗЫЛҒАН БҰРЫШТАМА[108]

Саяси бюроға қойылсын.

Егер өзімізге қолайсыз шарттар қойғызбай-ақ дәрі *алатын* болсақ, бәлкім, келісуге болар.

Ленин

12/XI

1921 ж. 12 ноябрьде жазылған
Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ ЖӘНЕ СОТ-ТЕРГЕУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ[109]

В. М. МОЛОТОВҚА ЗАПИСКАЛАР

1

Молотов жолдас! Бұл істің жайы қалай?

4 және *5*-параграфтар, меніңше, *з и я н д ы.*

Бір-екі ауыз пікір жазып, маған қайтаруыңызды өтінемін.

Ленин

14/XI.

1921 ж. 14 ноябрьде жазылған

2

19. XI. 1921 ж.

Молотов жолдас!

Мен бұл мәселені Саяси бюроға қалдырамын.

Тегінде мұндай мәселені Ұйымдастыру бюросында шешу дұрыс болмас: бұл таза саяси, бүтіндей саяси мәселе.

Сондықтан оны басқаша шешу керек.

Секретарьшаға *ескі* және *жаңа* редакциясын 1 парақ қағазға бассын деп тапсырма беруіңізді өтінемін.

(1) Меніңше, 4-параграфты алып тастау керек.

(2) — коммунистердің *сот* жауапкершілігін күшейту керек.

(3) партком «пікірлеріне» *тек қана* орталыққа жіберу *және Орталық Бақылау Комиссиясында тексеру арқылы* рұқсат ету керек.

Ленин

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ЖАЛҒАН КӨРСЕТІНДІЛЕР ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАЗАЛАР ТУРАЛЫ» ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ[110]

Жазаларды мынадай күшейту шарасымен толықтыруды ұсынамын

α) кемінде осынша жыл деп

β) *жазбаша* түрде көріне жалған куәлік немесе жауап (немесе белгілі бір жағдайда сұрақтан жалтарғандығы) үшін — Германиядағы Meineid* үлгісі бойынша, бірақ Eid** дегенді кіргізбей.

Ленин

1921 ж. 14 және 24 ноябрь аралығында жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — ант бұзу. *Ред.*

** — ант. *Ред.*

«ГАЗЕТТЕРДІ АҚЫЛЫ ЕТУ ТУРАЛЫ» ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР

Немесе тегін берілуін бақылау (*өте-мөте*) туралы бірқатар §§ енгізіп толықтыру,

немесе айрықша нұсқаумен (ол туралы бір §) міндеттеу керек[111].

Ленин

15/XI

1921 ж. 15 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ (ЕКІ ЕСКІ МАҚАЛА ЖӘНЕ ОДАН ДА ЕСКІЛЕУ БІР СОҢҒЫ СӨЗ)» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒЫ СӨЗ[112]

1919 жылдың көктемінде бір күні менің Питер жұмысшыларының алдында баяндама жасауыма тура келді. Баяндама, әдеттегідей, жазып алынған болатын. Ол, әдеттегідей, өте нашар жазылған-ды,—бәлкім, оншалықты нашар да болмас, бірақ мен, әдеттегідей, нашар сөйледім. Нашар жазылған немесе нашар сөйленген баяндама, әдеттегідей, басылып шықты.

Әлгі «нашардың» бәрін және әлгі «әдеттегінің» бәрін тым жақсы біліп, тым қатты сезінгендіктен, мен сол жолы-ақ Питердегі жолдастарға өзімнің баяндамама мынадай «соңғы сөз» жібердім (жаңылмасам, ол «Совет өкіметінің табыстары мен қиыншылықтары»* деген тақырыппен басылып та шықты):

«СОҢҒЫ СӨЗ

Сөйлеген сөзімнің жазбасын түзету үшін бірсыпыра еңбек еткеннен кейін менің сөйлеген сөздерімді баспасөз үшін жазып алғысы келетін жолдастардың бәріне қатты өтініш етуге мәжбүр болып отырмын.

Өтінішім мынадай: менің сөйлеген сөздерімнің стенографиялық жазбасына да, одан басқаша жазбасына да еш уақытта сүйене көрмеңіздер, бұларды жазып алуға ешқашан да әуестенбеңіздер, менің сөздерімнің жазбасын ешқашан да баспаңыздар.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 38-том, 43—82-беттер. *Ред.*

Менің сөйлеген сөздерімнің жазбасы орнына, егер оның қажеттігі болса, осы сөздер туралы есептер басылсын. Өзімнің сөйлеген сөздерім туралы газеттерде басылған осындай есептерді көрдім, бұлар қанағаттанарлық болып келді. Бірақ мен өзімнің сөйлеген сөздерімнің азды-көпті қанағаттанарлық жазбасын бір рет те көрген емеспін. Мұның неден екенін айта алмаймын, тым тез сөйлегендігімнен бе, әлде сөйлемнің дұрыс құрылмағандығынан ба, немесе басқа бір нәрседен бе, әйтеуір осылай екені факт. Сөйлеген сөздерімнің бірде-бір қанағаттанарлық жазбасын, стенографиялық жазбасын да, басқаша бір жазбасын да, мен әлі бір рет те көрген емеспін.

Сөйлеген сөздің жаман жазбасы болғанша, сол сөз туралы жақсы есептің болғаны артық. Сондықтан да менің өтінетінім: менің сөйлеген сөздерімнің ешқандай жазбалары ешқашан да басылмасын. 17. IV. 1919. *Н. Ленин».*

Бұл соңғы сөзді мен мынадай қосымшамен Питерге жібердім: «Төмендегіні менің сөзімнің *алғы сөзі* ретінде немесе *соңғы сөзі* ретінде, ең болмағанда өте ұсақ петитпен басып шығаруды питерлік жолдастардан қатты өтінемін. 17. IV. *Ленин*».

Осы азғана жолдарды «ең болмағанда өте ұсақ петитпен» басып шығаруды менің питерлік жолдастардан қандайлық еппен, тіпті қиылғандай өтінішпен жалынып сұрағанымды оқушы көріп отыр. Әдеттегіше, питерліктер — басы Зиновьев жолдас болып — ...қайтіп жұмсағырақ айтсам екен?.. мені «алдап соқты». Әдеттегіше, питерліктер өздерінің қайткен күнде де дербестігі мен тәуелсіздігін білдіруді тым жақсы көреді,— барлық елдер мен барлық республикаларда, тіпті советтік республикаларда да (тәуелсіз Питерден басқасы) барлық басқа адамдар, жолдастар және азаматтар үшін орындалуға тиісті нәрсені — автордың өтініштерін — орындамауға дейін барады. Мен питерліктердің өтінішімді орындамағанын көріп, Зиновьев жолдасқа күйініп шағым еткенімде, ол, әдеттегіше, маған: «Болар іс болды, енді түзетуге болмайды, сонан соң сіздің өз кітапшаңыз-

дың *абыройын түсіретін* соңғы сөзіңізді біз қалай баспақпыз»,— деп жауап берді. Сонымен... бұрынғы «тәуелсіздікке» енді қулық қосылды, сөйтіп мен біржолата ақымақ боп қала бердім.

Жақында нашар сөйленген немесе (бәлкім «және» деу керек болар) нашар жазып алынған сөздің оқиғасы тағы да қайталанды: бұл менің саяси ағарту қызметкерлерінің Бүкіл россиялық II съезінде және Москвада болған губерниялық партия конференциясында сөйлеген сөздерім еді*. Күйініштi тәжірибеден сабақ алғаннан кейін мен енді азырақ «жалынайын» дедім. Өзімнің архивімнен 1919 ж. 17 апрельде жазылған ескі алғы сөзімді тауып алып, соны өзімнің екі мақалама алғы сөз ретінде басып шығарғалы отырмын. Аталған екі сөздің екеуін де жоғарыда көрсетілген себеппен қайта бастырып шығармаймын.

Шындықтың мерейі үстем болсын — ештен кеш жақсы. Ал шындықтың мерейі үстем болатын жақтары көпақ: питерліктер өздерінің шамадан тыс «тәуелсіздігі» үшін және қулығы үшін өз айыбының азғантай дәрежесінде болса да жазаланады; оқушы жұрт, ақырында, менің сөздерімнің жазбасы жарамсыз екендігінің бүкіл дәрежесін барынша дәл, айқын, сезіп білетін болады; біздің «жаңа экономикалық саясатымыз» саласында қазіргі кезеңнің басты міндеттерінің бірі туралы менің пікірлерімді білгісі келетіндер менің шын мәнісінде айтқым келген және шын мәнісінде айтқан сөздерімнің барынша дәлме-дәл текстін алады.

Н. Ленин

16/XI. 1921.

Бірінші рет 1930—1931 жж. В. И. Ленин Шығармалары 2—3-басылуларында басылған, XXVII том

В. И. Ленин түзеткен корректуралық оттиск бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 168—190, 209—230-беттер. *Ред.*

ТАЛАНТТЫ КІТАПША

Бұл — әбден есінен айрыла жауыққан ақ гвардияшыл Аркадий Аверченконың кітапшасы: «Революцияның ту сыртынан салынған пышақ». Париж, 1921. Қазандай қайнаған өшпенділік салдарынан осынау аса талантты кітапшаның бір жері керемет күшті болғанда, бір жері керемет әлсіз болып шыққанын байқап көрудің өзі қызықты. Автор өзінің әңгімелерін өзіне мәлім емес тақырыпқа арнаған кезде, әңгіме көркем болып шықпаған. Мысалы, Ленин мен Троцкийді үй тұрмысында бейнелейтін әңгімені алайық. Ашу-ыза көп те, бірақ мүлде ұқсастық жоқ, сүйкімді азамат Аверченко! Ленин мен Троцкийдің бойында, демек, үй тұрмысында да кемшіліктері көп, бұған сізді сендіруге болады. Бірақ ол кемшіліктерді тамаша етіп жазу үшін ол кемшіліктерді білу керек. Ал сіз оларды білмейсіз.

Мұның есесіне кітапшаның едәуір бөлегі Аркадий Аверченко өте жақсы білетін, басынан кешірген, сан рет ойлапып-толғанған, сан рет сезінген тақырыптарға арналған. Сөйтіп, ескі, помещиктік, фабриканттық, бай, күпті болған және қазір де күпті болып жатқан Россия өкілінің әсерлері мен пиғылдары тамаша таланттылықпен бейнеленген. Билеп-төстеуші таптардың өкілдеріне революция осылай, нақ осылай көрінуге тиіс. От шашқан өшпенділік Аверченконың әңгімелеріне кейде — және көбінесе — ғажайып жарқын сипат береді. Ішінде тіпті тамаша суреттемелері бар, мысалы, «Етікпен тапталған шөп» деген әңгімеде азамат соғысын бастан

кешірген және әлі де бастан кешіріп жатқан балалардың психологиясын осылай береді.

Алайда, автор шын шабытқа тамақ туралы айтқан кезде ғана көтеріледі. Ескі Россияда бай адамдар тамақты қалай жеген, Петроградта — жоқ, Петроградта емес, Петербургте — 14 сом елу тиынға және 50 сомға қалай тамақтанған және т. т. Автор мұны тура аузынан сілекейін ағызып тұрып суреттейді: міне мұны ол біледі, міне мұны ол басынан кешірген және сан рет сезінген, міне бұл арада ол қателік жібермейді. Істі білетіндігі және шыншылдығы — тіпті айта қалғандай.

«Тас-талқан тамтықтар» деген соңғы әңгімесінде Қырымдағы, Севастопольдегі бұрынғы сенатор суреттелген — ол «бай еді, жомарт еді, байланыстары да мықты еді» — «қазір артиллерия қоймасында күндік жұмысқа жалданып, снаряд түсіреді, оларды сұрыптайды», сонан соң «Выборг жағында ең бірінші саналған аса үлкен металлургия заводының» бұрынғы директоры суреттеледі. Қазір ол — комиссиялық магазиннің приказчигі, өзі соңғы уақытта комиссияға әкелінетін, киілген әйел капоттары мен балалардың пүліштен тігілген ойыншық аюларын бағалауға келгенде тіпті біраз тәжірибе де алған».

Екі қарттың екеуі де ескі өмірді, Петербургтің кешкі көріністерін, кошелерін, театрларын, әрине, «Медведь», «Вена», «Малый Ярославец» сияқты жерлердегі тағамдарды және т. с. еске түсіреді. Еске түсіріп отырып: «Біз оларға не істедік? Біз кімге көлденең тұрдық?»... «Осының бәрінің оларға қандай кедергісі болып еді?»... «Олар Россияны не үшін бүйтті?»... деп күңіреніп қояды.

Аркадий Аверченко не үшін екенін түсіне алмайды. Жұмысшылар мен шаруалар, сірә, оңай түсінетін болуы керек және олар түсінік беруді керек те етпейтін болар.

Кейбір әңгімелер, менің ойымша, көшіріп басуға тұрарлық. Талантты көтермелеу керек.

«Правда» № 263, 22 ноябрь, 1921 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОМИССИЯСЫНА

23. XI. 1921 ж.

Л. Б. Каменевке
Көшірмесі Хинчук жолдасқа

Кеше Халық Комиссарлары Советі Сіздің комиссияға Штейнбергпен шарт туралы мәселені жіберген[113]. Бүгін «Известияда» Горский мынадай есеп жасапты: Штейнберг 100 000 кило ұнтақ қанттан совет ақшасымен 194 *миллиард* сом пайда табады, дейді (сонда оған килосы 600 000 сомнан келетін көрінеді, яғни не бары 100 000 кило 60 000 миллионға түседі = *60 миллиард;* пайда проценті 194 : 60 = 323% болмақ).

Егер Горскийдің есебі дұрыс болса, онда пайда деген кол-косір. Мүмкін, РСФСР үстеме пайдадан үлес алатын шығар, ал үстеме пайда деп 250 проценттен астам пайданы айтамыз ғой?

Былай істеуге болмас па екен:

(1) үстеме пайданы 100 немесе 200% деп есептеп, сол үстеме пайдадан айрықша үлес алуымыз үшін саудаласып көрсе?

(2) өз адамдарымызды (әсіресе Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағында) сауданың тәсілдері мен ұйымдастырылуына *үйрету* мүмкіндігін ерекше қамтамасыз етсек?

(3) біздер, ақымақтар, ақылды адамдардан үйреніп алған *кезімізде* шартты өздігімізден ертерек бұзу мүмкіндігін ерекше қамтамасыз етсек.

Меніңше, жүз рет саудаласқаннан кейін және жүз рет тексергеннен кейін шартты қайткен күнде де жасасу *керек*, өйткені ақымақтар тәлім алғаны үшін жоғары баға төлеуге *тиіс*.

Пікір айтуыңызды өтінемін.

Еңбек және Қорғаныс Советінің
Председателі *Ленин*

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. М. МОЛОТОВҚА ЗАПИСКА ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНА ҰСЫНЫСТАР

Дауысқа қоюға (жағалай)

26. XI. 1921.

Молотов жолдас! Мына 2 мәселені Саяси бюрода шешуге телефон арқылы әрекеттеніп көруге болмас па екен:

1) Сокольниковты Финанс халық комиссариаты коллегиясының мүшесі және Финанс комиссиясының мүшесі етіп тағайындап, оны *сонымен бірге Түркістан бюросының председателі* болып қалдыратын және ондағы істер толық реттелгенге дейін бұдан былай да қажеттігіне қарай Түркістанға *барып тұруға* міндеттеуге болмас па екен. (Егер көпшілік мұны жақтамаса, онда бұл мәселені бүкіл Саяси бюроның талқылауына қоюға мәжбүр боламын.)

2) Біз бүгін менің ұсынысымды[114] қабылдамай асығыстық жасапныз, мен де бас тартуға келісе қойып едім. Бірақ асығыстық жасағанымызды енді біліп отырмын, сондықтан ұсынысымды қайтадан қоямын:

Москвадағы орталыққа тікелей бағынатын белгілі бір губерниядағы ірі кәсіпорындар мен губерниялық экономикалық кеңес арасындағы өзара қатынастардың жоспарын (немесе уставын, немесе тезистерін) Саяси бюроға 2 апта ішінде тапсыру 1) Пятаковқа, 2) Рухимовичке, 3) Богдановқа (немесе оның орынбасары Смилгаға) міндеттелсін.

[Мұны біз өзіміз жасай алмаймыз. *Жалпыға ортақ* мәселе. *Барлық* халық комиссариаттарынан сұрауға тура келеді. Тезірек жасау керек. Донецк губерниялық экономикалық кеңесінен басталсын.]

Ленин

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫМЕН ҚОСА А. Д. ЦЮРУПАҒА ЖОЛДАНҒАН ХАТ ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ЗАПИСКА

28/XI.

Цюрупа жолдас! Менде мынадай бір жоспар туды:

Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары (Халық Комиссарлары Советінде шешуші дауыс правосы бар) Рыковтың атқаратын қызметіне қоса Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің праволары бірдей екінші орынбасарының қызметі белгіленеді. Бұл орынға азық-түлік халық комиссарлығынан босатылып, Цюрупа тағайындалады.

Бұл орынбасарлардың праволары: Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінде шешуші дауыстары болады; председатель жоқ болғанда председательдік етеді. Халық Комиссарлары Советі председателінің барлық коллегиялар мен мекемелерге қатысу жөніндегі *барлық* праволарымен және (осы праволардың ішінде) экономикалық халық комиссариаттарының жұмысын *біріктіру және бағыттау мәселелері жөнінде* (тиісті ведомстволар халық комиссарларының рұқсатымен) халық комиссарларына, олардың коллегия мүшелеріне практикалық жұмыс жөнінде дереу орындалуға жататын нұсқаулар беру правосын және т. б. пайдалана алады.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің ресми пішімін өзімше осылай топшылаймын[115].

Міндет — ТҰТАС АЛҒАНДА, әсіресе ***Мемлекеттік банк*** (сауда) пен ***Мемлекеттік жоспар-***

лау комиссиясына байланысты және солар арқылы экономикалық жұмысты іс жүзінде біріктіру, жөнге келтіру және жақсарту.

Бұл салада барлық экономикалық халық комиссариаттарының және олардың коллегияларының *барлық мүшелері* мен жергілікті және облыстық бірқатар (10—100) ең ірі қызметкерлердің ерекшеліктерімен және жұмысымен тікелей *жеке өзі* танысcын.

Тиісті халық комиссариаттарының, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының, Мемлекеттік банктің, Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы коллегияларының *маңызды* мәжілістеріне және *т. сонд. жеке өзі* қатыссын және, Еңбек және Қорғаныс Советінің председателі орынбасарының қалауы бойынша, *аса маңызды* немесе ерекше қажетті деген қызметтерді *жеке өзі* тексеріп отырсын.

Бұл лауазымдар қанша уақытқа барады, оны «қарап көреміз»: 3—4 жылға созылуы мүмкін, 30 жылға да созылуы мүмкін.

Мақсаттардың бірі мынадай: орталықтың да, жергілікті жерлердің де барлық экономикалық мекемелеріндо бүкіл экономикалық жұмысты тексеру және *жолға қою* үшін инспектор-нұсқаушылардың жоғары мамандандырылған типін тәрбиелеу.

Орынбасарлар *өздерінің* органы есебінде тек *Еңбек және Қорғаныс Советінің іс басқармасын* ғана (Еңбек және Қорғаныс Советінің 4—5 іс басқарушысы, 1—2 көмекшісі, әр көмекшінің 1—2 секретары бар) ұстап, өз жұмысын қазіргі халық комиссариаттарының *аппараты арқылы* жүргізеді.

Еңбек және Қорғаныс Советінің іс басқарушысы, оның көмекшілері мен секретарьлары тұтас алғанда бүкіл *Еңбек және Қорғаныс Советінің* және *Еңбек және Қорғаныс Советі* председателінің екі орынбасарының біртұтас және *бірден-бір* аппараты болып саналады.

Маған **СӘРСЕНБІДЕН** кешіктірмей жауап беріңіз. *Мынаны кері қайтарыңыз.*

Коммунистік сәлеммен *Ленин*

Саяси бюро мүшелеріне: мен алдын ала жасалған осы бір жоспарға А. Д. Цюрупаның келісімін алдым және Саяси бюроның барлық мүшелерінен осыны оқып шығуды өтінемін. Ертең, 1. XII., Саяси бюроға қойғым келеді.

30. XI. *Ленин*

1921 ж. 28 және 30 ноябрьде жазылған

Бірінші рет толық емес түрінде 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша толық басылып отыр

И. В. СТАЛИНГЕ ЗАПИСКА ЖӘНЕ ЗАКАВКАЗЬЕ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ ФЕДЕРАЦИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[116]

28/XI.

Сталин жолдас! Мен Сізбен негізінен келісемін. Бірақ сәл басқашарақ тұжырымдау керек-ау деп ойлаймын.

1) Закавказье республикаларының федерациясы принципінде өте дұрыс және сөзсіз жүзеге асырылуға тиіс деп, бірақ практикада дереу жүзеге асыру мағынасында әлі ертерек, яғни талқылау, насихаттау және төменнен советтік жолмен өткізу үшін уақыттың белгілі бір кезеңін керек етеді деп танылсын;

2) Грузия, Армения және Азербайжан Орталық комитеттеріне (Кавбюро арқылы) федерация туралы мәселені партияның және *жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының* талқылауына кеңірек қою, федерация үшін насихатты қажырлы жүргізу және оны әрбір республиканың Советтерінің съездері арқылы *өткізу* ұсынылсын; үлкен оппозиция болған күнде дәлмедәл және дер кезінде РКП Орталық Комитетінің Саяси бюросына хабар етілсін.

Ленин

1921 ж. 28 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1923 ж. мына кітапта толық емес түрінде басылған: «Россия Коммунистік (большевиктер) партиясының XII съезі. 17—25 апрель, 1923 ж. Бюллетеньдер». Москва, Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің редакция-баспа бөлімінің басылымы

Бірінші рет, қолжазба бойынша толық басылып отыр

МОСКВА ГУБЕРНИЯЛЫҚ I АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ СЪЕЗІНДЕ 1921 ж. 29 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[117]

Жолдастар, ең алдымен Халық Комиссарлары Советінің атынан сіздердің съезіңізді құттықтауыма рұқсат етіңіздер. Сіздердің съезіңізде көңілдегідей, егжей-тегжейлі баяндама жасауға және съезге қатысып, баяндамаларды тыңдауға және, әсіресе, шаруашылықты тікелей жүргізетін, ауыл шаруашылығын көтеруге тікелей мүдделі және елеулі практикалық нұсқаулар беруге мүмкіндіктері бар жергілікті орындардың өкілдері осында айтатын сөздерді тыңдауға мүмкіндігімнің жоқтығына қатты қынжыламын. Сондықтан да менің жалпы құттықтаумен қатар сіздердің съезіңіз жұмысының орасан зор маңызы бар екенін қысқаша ғана атап көрсетумен шектелуіме тура келеді.

Жолдастар, барлық жағдайды ескере келгенде республикамыздың ішкі де, сондай-ақ сыртқы да саясатының бірінші кезектегі мәселелерінің қатарына қойылып отырған негізгі мәселе жалпы алғанда шаруашылықты көтеру туралы, ең алдымен ауыл шаруашылығын көтеру туралы мәселе болып табылатынын сіздердің бәріңіз де білесіздер. Империалистік соғыстың бастан өткен ауыр жылдарынан кейін және жеңіспен аяқталған азамат соғысынан кейін шаруалар бұқарасы ішінде аса терең бетбұрыс болып жатқанын барлық белгілер көрсетіп отыр. Шаруашылықты ескіше жүргізуге болмайтынын түсіну шаруалар бұқарасының нағыз қалың ортасына дейін жетті. Біздің алдымызда енді мынадай негізгі міндет тұр: осыған дейін аздаған шаруалардың

істеген ісі, біздегі әлі әлсіз агрономияның көмегімен шаруалар бұқарасына жеткілікті таратылмаған білімдер міне, осының бәрі ондаған миллиондардың игілігіне шын мәнінде айналуы керек. Қазір шаруашылықты қайта құруға, ауыл шаруашылық мәдениетін арттыруға шаруалардың ұмтылуы қай кездегіден де соншалық терең, соншалық кең, соншалық күшті сезіліп отырғанын көптеген белгілерден көруге болады; сондықтан да сіздердің осы съезіңіз сияқты съездердің жиірек өткізіліп тұруына және ол съездердің нәтижелері ең таяу келешекте іс жүзінде көрінетіндей болуына жету біздің басты міндетіміз болып саналады.

Биылғы жылы бізге тап болған ең үлкен күйзеліс,— бұл бірқатар губернияларды жайлаған ашаршылық, бұл бізге ең таяу жылда болмаса да, таяудағы жылдарда, сірә, қатер төндіре алатын қуаңшылық. Осыған байланысты тек ауыл шаруашылығының ғана емес, сонымен бірге бүкіл халық шаруашылығының негізгі міндеті қайткен күнде де ауыл шаруашылығын барынша мықтап және практикалық жағынан дереу жүзеге асырылатындай дәрежеде жақсартуға және өрге бастыруға жету болуға тиіс. Мұны мына жағдайда, шаруашылықты өрге бастыру қажеттігін ауыл шаруашылығына қожайындық ететін, оны жүргізетін шаруалардың нағыз қалың бұқарасы ұғынып, сезінген жағдайда ғана істеуге болады. Егер өте кең көлемде басталған жақсартулар, егер осы жақсартулар барлық губернияларды түгел қамтыған жағдайда, тек сол жағдайда ғана біз ашаршылықтан арылып, оны жеңе аламыз және шаруалар шаруашылығын жақсартуға жете аламыз. Бүкіл шаруалар бұқарасымен салыстырғанда сан жағынан тым аз агрономдардың жұмысы ауыл шаруашылығының практикалық міндеттерімен жанаспайынша жемісті бола алмайды. Сіздердің съезіңіз сияқты съездер барлық губернияларда өткізілуге тиіс және олар шаруалар бұқарасына ықпал жасауға тиіс. Мен енді ең негізгі, тіпті саяси қажеттілік осында дер едім, өйткені біздің халықаралық жағдайымыз жақсарды, сондықтан барлық саяси мәселелер бір жаққа — қайткен күнде де ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру жағына

бағытталып отыр. Оның өнімділігін арттыру өнеркәсіпті жақсартуға да, шаруалар шаруашылығын барлық қажетті заттармен: жеке тұтынуға қажетті заттармен де, өндіріс құралдарымен де, машиналармен де жабдықтауды сөзсіз жақсартуға жеткізуге тиіс; бұларсыз жұмысшы-шаруа бұқарасының молшылықта тіршілік етуі мүмкін емес.

Жолдастар, сіздер осында Осинский жолдастың жалпы экономикалық саясат туралы баяндамасын, сонан соң, естуімше, Месяцев жолдастың жерге орналастыру туралы баяндамасын тыңдадыңыздар. Мен қайталап айтамын, біз үшін ең бағалысы шаруашылықты тікелей жүргізушілер жасайтын, шаруалар шаруашылығының өкілдері жасайтын практикалық ұсыныстар болып табылады. Сіздер ала келген және ең қалың бұқара игілігіне айналатын тәжірибе біз үшін өте-мөте маңызды да бағалы. Москва губерниясы дегенмен де ерекше дерлік жағдайда, өйткені мұнда москвалық шаруаларға орталық өкіметтің өкілдерімен және агрономдармен тәжірибе алмасуға мүмкіндік бар және бұл жеңіл де, ал съезд тұжырымдайтын, съезд ұсынатын нәрсенің маңызы Москва губерниясының шегінен әлдеқайда асып кететін болады. Егер агрономиялық көмекпен байланыс жеткіліксіз болса, ең қатерлі қауіп міне сонда туады, сондықтан да москвалық диқандар, москвалық шаруалар оздерінің тәжірибесін де және ауыл шаруашылығын жақсартудағы қол жететін табыстарын да осы жолдағы алғашқы адымдар деп караулары және олармен барлық шаруаларды таныстырулары қажет. Мен сіздердің назарларыңызды нақ осыған аударғым келер еді, өйткені сіздердің осында жинақтайтын тәжірибелеріңіз бен жасайтын қорытындыларыңыз оз шаруашылықтарыңызды игері бастыруға сіздердің оздеріңізге комектесіп қана коймай, сонымен қатар сіздер оз тәжірибелеріңіз бен от нұсқауларыңызды ең шалғай жатқан губерниялар шаруаларының ортасына салуларыңыз керек.

Осында котерілген барлық мәселелердің: кесінді жер туралы мәселенің, бір сөзбен айтқанда, жерге орналастыруға қатысты барлық мәселелердің анағұрлым кең колемді маңызы бар, демек, бұл мәселе жөніндегі сіз-

дердің пікірлеріңізді естіп білудің, атап айтқанда біз үшін, орталықтың өкілдері үшін маңызы өте-мөте зор. Біз бұл мәселелерге практикалық тәжірибе негізінде карауды ойлап отырмыз. Біздің шаруалар бұқарасы арасында шаруалар шаруашылығын жақсарту қажеттігі жөніндегі сезімнің оянуы және қазіргі жасалған практикалық қадамдарды сіздердің өздеріңіздің жан-жақты талқылауларыңыз — ең басты, ең негізгі нәрсе осы. Сіздердің осында айтатын пікірлеріңіздің бәрін біз ескереміз, сөйтіп практикалық шараларды жүзеге асырған кезде біз сіздердің өз тәжірибелеріңізге сүйенетін боламыз. Сонымен бірге, мен қайталап айтайын, сіздердің бұл тәжірибелеріңіз орталықтан ең шалғай жатқан губерниялардың өзінде мәлім болуы керек. Бізге сіздердің жұмыстарыңыздағы ерекше маңызды нәрсе, міне, осы.

Сөзімді аяқтай келіп және Халық Комиссарлары Советі атынан тағы да құттықтай отырып, мен сіздердің өз жұмыстарыңызда барынша табысқа жетулеріңізді тілеймін. (Қол шапалақтау).

Қысқаша газет есебі 1921 ж. 30 ноябрьде «Правданың» 270-номерінде басылған

Бірінші рет, газет текстімен салыстырылған стенограмма бойынша толық басылып отыр

ЖАЛАҚЫ ҚОРЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӨНІНДЕ КОМИССИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАРҒА ТҮЗЕТУ[118]

Мынадай түзету енгізуді ұсынамын:

§ II (1) басы былай өзгертілсін: «Халық Комиссарлары Советінің 10. XI қаулысымен құрылған *Тариф комиссиясы* (Каменев, Шмидт, Преображенский) сақталсын, оған жалақы қорлары жөніндегі комиссияға бақылау жасау тапсырылсын... (бұдан әрі қарай текст бойынша)... *Тариф комиссиясының* рұқсатынсыз тарифтерді арттыруға болмайды».

29/XI.

Ленин

1921 ж. 29 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ ЖОБАСЫНЫҢ НОБАЙЫ[119]

1-ші: компетенциясы ықшамдалсын

2-ші: қамауға алу жөнінен право анағұрлым тар

3-ші: мерзім <1 ай

4-ші: соттар күшейтілсін немесе соттарға ғана

5-ші: аты

6-шы: *Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті* арқылы өткізілсін $>$ елеулі жеңілдетулер.

1921 ж. 1 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ БІРТҰТАС МАЙДАН ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[120]

a) II Интернационал жұмысшыларымен бірлесе қимыл жасау жөнінде Коммунистік Интернационал компартияларының бірқатар ұсыныстарының Зиновьев, Радек және Бухарин енгізген бағыты мақұлдансын. Оларға 2 күн мерзім ішінде бұл бағытты қарардың жобасында дәл баяндау тапсырылсын, ол жоба Саяси бюро мүшелеріне таратылып берілсін.

b) Большевиктердің меньшевиктерге қарсы күресі және олардың арасындағы блоктар жөнінде РКП жинақтаған тәжірибенің қорытындылары туралы мақала жазу және оны Саяси бюроға көрсету Бухарин жолдасқа тапсырылсын.

1921 ж. 1 декабрьде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

РКП ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЗБАЛАР

Н. И. БУХАРИНГЕ ЗАПИСКА

Бухарин жолдас!

Бүгін Сізге Орталық Комитет тапсырған тақырыпқа байланысты Сізге өз жазбаларымды жіберіп отырмын. Бұл тақырып жөнінде ойластыра келіп, мынаны жоспарладым:

(α) талас, пікір алалығын және жік туғызған *нәрселердің* тізімі.

(β) жікке бөліну кезеңдері мен бірлік кезеңдерінің ауысуы.

(γ) меньшевиктердің және большевиктердің көпшілік болған дәуірлерінің ауысуы (мүмкін, диаграмма етіп көрсетуге болар?)

Өз пікіріңізді жаза салғайсыз.

Ленин

1. XII.

Осыны Сіздің мақалаңыз үшін *арқау* етіп алса қайтеді? Немесе осы сияқты бірдеңені арқау етіп алмайсыз ба?

ПІКІР АЛАЛЫҒЫН ТУҒЫЗҒАН НӘРСЕЛЕРДІҢ (ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ) *ТІЗІМІ*

1903. X. Ұйымдық мәселе: Уставтың 1-параграфы.

1904. «Земство науқаны».

1905. V. Революцияға, стачкалық күреске, қарулы көтеріліске көзқарас.

1905. VIII. Мемлекеттік думаға бойкот жасау керек пе әлде қатысу керек пе?

1905. X.

1905. XII. Көтеріліс.

1906. I—III. Мемлекеттік думаға бойкот жасау керек пе әлде қатысу керек пе?

1906. IV—V. 1-сайланған Мемлекеттік думаға көзқарас.

1906. VII. Қарулы көтеріліске көзқарас.

» IX. Партизандық күреске көзқарас.

1907. I—II. II Дума сайлауы: солшыл блок па әлде кадеттермен бірге ме?

1907. IV. II Мемлекеттік дума.

1909—10. Жойымпаздық.

1911. Орталық Комитет пленумы.
Бірлік пе әлде жіктеліс пе?

1912. Жіктеліс. (Жойымпаздық.)

1913. «Стачкаға құмарлық» және т. б.

1913. III Мемлекеттік думаға көзқарас*.

1914. Империалистік соғысқа көзқарас.

1917. II—III. Февраль революциясына көзқарас.

1917. V. Коалициялық министрлік.

1917. VII. Советтердің 1-ші съезі**.

1917. IX. Корниловшылдық және Демократиялық кеңес.

1917. X.

Совет өкіметі
террор
Брест бітімі
заговорлар және азамат соғысы.

1918. Азамат соғысы. Меньшевиктердің көзқарасы.

1919. » » » »

1920.

1921.

---

* Сірә, әңгіме IV Мемлекеттік дума жайында болып отырса керек. *Ред.*

** Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық I съезі 1917 ж. 3—24 июньде (16 июнь—7 июль) болып өтті. *Ред.*

Большевиктердің меньшевиктерге қарсы күресі:

(сан арасалмақтарының ауысуы)

1903. *Съезд* $\frac{20}{24}$ 44 дауыс (бір партия).

1905. Екі съезд. *Za* (Zirka = шамамен) (екі партия).

1906. Стокгольм съезі. Дәлме-дәл (дауыс саны) *бір* партия.

1907. Лондон съезі. Дәлме-дәл (дауыс саны) *бір партия*.

(Мемлекеттік думалардағы фракциялар).

1911—12. *Жұмысшылардың қаржы жинауы* (жойымпаздық туралы жинақтап)[121] (бір және екі партия).

1917. VI. Советтердің Бүкіл россиялық бірінші съезі.

1917. XI. { 1½ (?) миллион. / 9 миллион. } *Құрылтай жиналысының сайлауы.*

$\frac{1^1/_2 \text{ миллион}}{9 \text{ миллион}}$

1921 ж. 1 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Большевик» журналының 7—8-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ

2/XII.

Саяси бюро мүшелеріне

«Біз — коллективистерміз» (впередшілдер, богдановшылдар, пролеткультшілдер, т. т.)[122] деген платформаны енді тұтас оқып шығып, мен біржола мынадай қорытындыға келіп отырмын: оны 2—3 мың дана кітапша етіп *басып шығару* біз үшін сөзсіз пайдалы әрі қажет және мұның өзін *мейлінше тәптіштеп* сынау керек, бұған Богдановтың 1917 жылғы саяси сөздері туралы мақаланы және т. т. қосқан жөн.

Бұл кітапшаны Бухариннің редакциясымен *бірқатар авторларға* тапсыруды және оған әр түрлі авторларға таратып беруді жүктеуді, 2 апта ішінде олардың қолжазбаларын алып, *терілген күйінде Саяси бюроға көрсетуді* ұсынамын. (Бұл *шетелге* де керек.)

1) Орталық Комитеттің Пролеткульт туралы нұсқау хаттары.
2) «Біз — коллективистерміз».
3) Бухариннің *«Правдадағы»* мақаласы.
4) Платформаны талдайтын тағы бірсыпыра мақалалар.

Ленин

1921 ж. 2 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[123]

а) Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының жобасы негізге алынсын және оған 2 және 3-параграфтары түзетіліп қайта өңделген жобаны, сондай-ақ 5-параграфта көрсетілген жұмыстың қорытындыларын бір апта мерзім ішінде әзірлеп беру тапсырылсын.

1921 ж. 2 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС» ЖАСАУ ТУРАЛЫ ХАТ[124]

Енукидзе, Карпинский, Дзержинский, Залуцкий, Михайлов, Молотов жолдастарға

Қымбатты жолдас!

Халық Комиссарлары Советінің шағымдар мен арыздар жөніндегі қабылдау бөлмесінің практикасынан ерекше маңызды және шұғыл оқиғалар тұсында «тікелей байланыс» жасаудың, яғни жергілікті жерде үлкен ықпалы бар жеке партиялық жолдастардың өзімен *ауызба-ауыз* сөйлесудің пайдалы екені көрініп отыр. Осы арқылы кәдімгі ведомстволықта болмай қоймайтын кешеуілдетушіліктер азаяды, сөйтіп жалпы қажетті ықпал-әсер артады.

Саратов губерниясының (жаңа) Еланск уезінде Совет өкіметі мен партияға жанасып алған кулактар «ұясының» терроризмі жөніндегі іс бұған мысал бола алады. Поволжьедегі Бүкіл россиялық төтенше комиссияның өкілінен осылай «жолдастық» ретімен өтінген кезде, *10 күн мерзім* ішінде «кінәлыларды анықтауға барлық шара қолданылды» деген жауап телеграмма алынды. Басқа оқиғалардың да нәтижелері осындай.

Бірақ бұл әдісті көбірек қолдану жергілікті жердегі жауапты қызметкерлердің шын құрамымен жақсы таныс болғанда ғана мүмкін. Сондықтан өтініш — Сіздің пікіріңізше, осындай «қысымға» әбден жарайтын сенімді-ау деген, тәуір стажы бар жолдастардан, атқару комитеттерінің, губерниялық төтенше комиссиялардың, т. т. мүшелерінен, губерния басы 1—2 кісіден тиісінше шұғыл тізім жасап, *Халық Комиссарлары Советінің*

қабылдау бөлмесінің адресіне, Воздвиженка, 4, жіберсеңіз екен.

Халық Комиссарлары Советінің
Председателі *В. Ульянов (Ленин)*

P. S. Мұндай жолдастардың адалдығына толық кепілдік керек, атап айтқанда: партия, совет қызметіндегі неғұрлым толық көрсетілген стажы және *бірнеше* байырғы партия мүшесінің тарапынан олардың сөзсіз адалдығын растайтын *жеке-жеке* кепілдеме болуы қажет.

3/XII.— 21 ж. *В. Ульянов (Ленин)*

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Машинкада басылған, В. И. Ленин қол қойған дана бойынша басылып отыр

СЫРТҚЫ САУДА ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА, ФИНАНС ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА, ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНЕ, ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫНА ХАТ

5 декабрь, 1921 ж.

Сыртқы сауда халық комиссариаты — Лежава жолдасқа
Финанс халық комиссариаты — Альский жолдасқа
Халық шаруашылығы жоғары советі — Богданов жолдасқа
Халық ағарту комиссариаты — Литкенс жолдасқа
Воеводин жолдасқа

Москваға Италияның Чито-Чинема кинематография фирмасының уәкілі, коммунист Кароти жолдас келді; біздің Италиядағы өкілдігіміз Россияда фильмдер түсіру мен сатып алу және бұл фильмдерді Италияда пайдалану концессиясы жөнінде онымен алдын ала келіс сөздер жүргізді.

Кароти жолдаспен келіс сөздерге оның қолындағы шарт жобасы негіз бола алады, ал бұған қажетті өзгерістер енгізуге мол мүмкіндік бар.

Сыртқы сауда халық комиссариатының Италиядағы уәкілінің хабарына қарағанда, Чито-Чинема фирмасы — Италияның ірі кинематографиялық кәсіпорны, оны Италиян есеп-қисап банкі қаржыландырып отырады, бұл жөнінде Сыртқы сауда халық комиссариатының Финанс-санақ басқармасында анықтама болуға тиіс.

Бұл істі мен тотенше маңызды *әрі шұғыл* іс деп санаймын.

Кароти жолдастың ұсыныстарын қарау үшін, бүкіл істі анықтап, Еңбек және Қорғаныс Советінің тиіс-

ті қаулысын алу үшін дереу кеңес өткізуді тапсырамын.

Кеңес шақыру және 7 декабрьде, сәрсенбіде, Еңбек және Қорғаныс Советіне баяндама жасау — Воеводин жолдастың мойнында.

Халық Комиссарлары Советінің
Председателі *В. Ульянов (Ленин)*

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Машинкада басылған, В. И. Ленин қол қойған дана бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ[125]

Азық-түлік комиссариатына диірмендер басқармасында мамандардың негізгі тобын сақтау (Халық шаруашылығы жоғары советінің нұсқауы бойынша) және Халық шаруашылығы жоғары советінің бақылауымен ірі диірмендерді жөндеу программасын орындау тапсырылады.

1921 ж. 5 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БІРТҰТАС МАЙДАН ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР ЖӨНІНДЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Зиновьев жолдас!

Тезистердің нобайын оқып шықтым, қарсылығым жоқ.

Большевизм тарихы жөніндегі абзацты толықтырып, ішінара өзгерту керек. Жікке бөліну 1910 жылы ғана туды деу дұрыс емес. Меньшевиктермен екі арадағы 1905 жылғы көктемде және 1912 жылғы январьда болған формальды жіктелулердің 1906 және 1907, онан кейін 1910 жылдарда болған жартылай бірігулермен және бірігулермен ауысып отырғандығы күрестің қым-қиғаш жағдайынан ғана емес, сонымен қатар өздерінің тәжірибесінде тексеріп сынап көруді талап еткен төменгі топтардың қысымынан да туғанын айту керек[126].

Бір бетте бұл туралы дәлірек және нақтырақ айту қажет қой деп ойлаймын.

6/XII. *Ленин*

1921 ж. 6 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

ФРАНЦУЗ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕРІ ТУРАЛЫ

«Француз коммунистік партиясы Орталық Комитетінің (Le comité directeur)» қолы қойылып, «Шаруалар Үнінің» («La Voix Paysanne») 1921 ж. 19 ноябрьдегі 95-номерінде басылып шыққан *аграрлық мәселе жөніндегі тезистер* туралы мен мынаны айта аламын:

Менінше, бұл тезистердің негізгі пікірлері әбден дұрыс, Коминтерн конгрестерінің шешімдеріне сәйкестендіріліп, өте сәтті баяндалған, атап айтқанда: (1) жаңа империалистік соғыстарды болдырмау үшін революцияның қажеттігі; (2) пацифистік және вильсондық идеологияның күйреуі; (3) аграрлық мәселе жөнінде, шаруалардың ауыл шаруашылығын қоғамдастыруға *өз еркімен* өтуіне бейімделген және сонымен қабат село халқының, жалдама жұмысшылардың және ұсақ шаруалардың орасан көпшілігінің жағдайын *дереу* жақсартуға жеткізетін коммунизмге «өту шараларының программасын» (Un programme transitoire) жасаудың сөзсіз қажеттігі; (4) өңделмейтін жерлерді де (les terres arables en friche), колондар, арендаторлар немесе жалдама жұмысшылар еңбегімен өңделетін жерлерді де (les terres mises en valeur par les colons, fermiers ou salariés) дереу *конфискелеу*, яғни ақы төлеместен (sans indemnité) экспроприациялау; (5) сол жерлерді қазір өңдеп отырған жұмысшылардың барлығына бұл жерлерді тапсыру, сөйтіп, жаңа аграрлық заң қаулыларына сәйкес, бұл жұмысшылардан «өндіргіш кооперативтер» (coopératives de production) құру; (6) «өз жерін өзі өңдейтін ұсақ меншікшілерге» (les petits propriétaires exploitant eux-mêmes) ол жерлерді тұрақты (және мұрагер ретінде) пайдалану правосын сөзсіз қамтамасыз ету;

(7) ауыл шаруашылығында «өндірістің үздіксіздігін және арттырылуын» қамтамасыз ету қажеттігі (continuité et augmentation de la production»); (8) «шаруаларға коммунистік тәрбие беруді» үнемі жүргізетін толып жатқан шаралардың қажеттігі («éducation communiste de la classe paysanne»).

Тезистердің осы негізгі пікірлеріне толық қосыла отырып, мен жалпы бұл тезистер жөнінде тек мынадай жеке ескертпелер жасай аламын:

1. Тезистердің бірінші бөлімі: «соғыс па әлде революция ма» деген мәселеге арналған. Бұл арада, басқасын былай қойғанда, «соңғы оқиғалар пацифистік және вильсондық идеологияны өлтірді» («les événements des dernières années ont tué l'idéologie pacifiste et wilsonienne») деп әбден әділ айтылған.

Бұл пацифистік жалған үміттерді талқандауды ақырына дейін жеткізу үшін, менің пікірімше, жалпы соғыс атаулы туралы ғана емес, сонымен қатар 1914—1918 жылдардағы соғыстың да, қазір Америка мен Жапония арасында әзірленіп жатқан, Англия мен Францияның қатысуы ықтимал болып отырған соғыстың да көрінеу империалистік сипаты туралы да айтқан жөн болар еді.

Тек пролетариат революциясының бір өзі ғана жалпы соғыс атаулыға тыйым сала алатынына және сөзсіз тыйым салатынына күмән жоқ. Алайда пролетариаттың бір елдегі, мысалы, Франциядағы жеңімпаз революциясы соғыс атаулыны бірден және мүлдем құртады деп ойлау пацифистік жалған үміт болар еді.

Россияның тәжірибесі бұл жалған үмітті анық бекерге шығарды. Бұл тәжірибе мынаны көрсетті: империалистік соғыстан революция арқылы ғана құтылып шығуға мүмкін болды және орыс жұмысшылары мен шаруалары, барлық елдер капиталистерінің оларды *азамат соғысына* ұшыратқанына *қарамастан,* өз революциясынан өлшеусіз ұтты. Реакциялық соғыстар және, атап айтқанда, империалистік соғыстар (мұндай соғыстарға, Франция тарапынан алғанда да, 1914—1918 жылдардағы соғыс қосылады: Версаль бітімі мұны өтемөте айқын көрсетті) қаншалықты қылмысты және

апатты болса, революциялық соғыстар, яғни капиталистерге қарсы, езілген таптарды қорғайтын, ат төбеліндей аз ғана елдердің империалистері езген халықтарды езушілерден қорғайтын, социалистік революцияны шетел шапқыншылықтарынан қорғайтын соғыстардың болуы соншалықты заңды және әділетті. Мұны Францияның жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы неғұрлым айқын ұғынатын болса, француз, ағылшын капиталистерінің және басқа капиталистердің Франциядағы жұмысшылар мен шаруалар революциясын соғыспен басып-жаншуға сөзсіз тырысатын әрекеттерінің ықтималдығы соғұрлым кем болады, ұзақтығы соғұрлым кем болады. Қазіргі Европада,—Советтік Россия Деникинді, Колчакты, Врангельді, Юденичті, Пилсудскийді қолдаған *барлық* капиталистік елдерді жеңгеннен кейін,— қазіргі Европада, Германияны Версаль бітімі арқылы аяусыз және арсыздықпен тұншықтырып отырған жағдайда, француз капиталистерінің Франциядағы жеңімпаз социалистік революцияға қарсы азамат соғысы тек өте қысқа және орыс жұмысшылары мен шаруаларынан гөрі француз жұмысшылары мен шаруаларына мың мәрте жеңіл болуы мүмкін. Бірақ империалистік соғыстарды, капиталистік олжаны бөлуге бола жүргізілетін соғыстарды, шағын және әлсіз ұлттарды тұншықтыруға бола жүргізілетін соғыстарды революциялық соғыстардан, контрреволюциялық капиталистерден қорғану үшін болатын, олардың езгісін құлату үшін болатын соғыстардан айқын айыра білу сөзсіз қажет.

Баяндалған пікірлер негізінде мен тезистерде «соғыс па әлде революция ма» деген мәселе жөнінде айтылғанның орнына шамамен алғанда былай деу неғұрлым дұрыс болар деп санар едім:

Соңғы жылдардың оқиғалары пацифистік және вильсондық идеологияның бүкіл жалғандығын, бүкіл алдамшылығын әшкереледі. Бұл жалғандықты біржола талқандау керек. 1914—1918 жылдардағы соғыс Германияның тарапынан ғана емес, Францияның тарапынан да империалистік, тонаушылық, реакциялық соғыс болды; Брест-Литовск бітімінен де асқан айуандық және жауыздық Версаль бітімі мұны өте-мөте айқын көрсетті.

Америка мен Жапонияның (немесе Англияның) арасында әзірленіп жатқан және капитализм сақталып, отырған жағдайда болмай қоймайтын жаңа соғыс капиталистік Францияны да сөзсіз тартады, өйткені ол біздің империалистік дәуірдің барлық империалистік қылмыстарына, айуандықтары мен жауыздықтарына шырмалған. Не француз империализмін «қорғауға» бола жаңа соғыс және бірсыпыра соғыстар болуы керек, не социалистік революция жасалуы керек — Францияның жұмысшылары мен шаруалары үшін басқа таңдайтын жол жоқ. Контрреволюционер капиталистер өздері Советтік Россияны киліктірген азамат соғысының ауырлығын дәлелге келтіріп, француз жұмысшылары мен шаруаларын қорқыта алмайды. Феодалдар XVIII ғасырдағы ұлы француз революциясын тұншықтырған кезде Францияның жұмысшылары мен шаруалары өз феодалдарына қарсы заңды, әділетті, революциялық соғыс жүргізе білді. Француз капиталистері социалистік француз республикасына қарсы шетел шапқыншылығын ұйымдастырушы эмигранттарға айналған кезінде, француз жұмысшылары мен шаруалары француз капиталистеріне қарсы нақ әлгіндей заңды, әділетті және революциялық соғыс жүргізе біледі. Француз жұмысшылары мен шаруаларының өз қанаушыларын жаныштауы оңайырақ болады, өйткені жауыздық Версаль бітімі талаған, азаптаған, балқандандырған *бүкіл* Европа тікелей де, жанамалап та солардың жағында болады.

2. Тезистердің келесі бөліміндегі: «Франциядағы болашақ революция (cette révolution que nous devons faire)... белгілі бір дәрежеде мезгілінен ертерек жасалған революция болады» (sera en quelque sorte une révolution avant terme) деген пікірді, сол сияқты:

«Марксизм теоретиктері жариялаған меншіктің шоғырлануы ауыл шаруашылығында дұрыс жүріп отырмады» (La concentration de la propriété annoncée par les théoriciens du marxisme ne s'est pas produite avec régularité dans l'agriculture) деген пікірді мен теріс пікір деп санаймын.

Бұл дұрыс емес. Бұл Маркстің көзқарастары емес, марксизмнің көзқарастары емес, екінші Интернационал-

ды 1914 жылы масқара банкрот болуға дейін жеткізген *жалған*-«марксизм» «теоретиктерінің» көзқарастары. Бұл — 1914 жылдан бастап «өздерінің» ұлттық буржуазиясының жағына шыққан жалған-марксистердің көзқарастары, сонау бір өткен заманда өзге емес, Жюль Гедтің өзі Мильеранға қарсы: болашақ Мильерандар капиталистік олжаны бөлісу жолындағы болашақ соғыста «өз» капиталистерінің жағында болады деп жазғанда, осы жалған-марксистерді мықтап тұрып мазақ еткен болатын.

Маркс егіншілікте шоғырлану процесінің формаларына жеңіл, біржақты қараған жоқ. Бұған дәлел — «Капиталдың» үшінші томы. Бұған дәлел — өткен ғасырдың 90-жылдарында Энгельстің сол кездегі француз аграрлық программасына қарсы жазған мақаласы[127]. Маркс ақырғы шаруаны экспроприациялау жағдайында ғана жасалатын пролетариат революциясын «дер кезінде» жасалған революция деп санамады. Маркстің көзқарастарын осылай түсіндіруді Гайндмандарға, Ренодельдерге, Вандервельдтерге, Зюдекумдарға, Турати мен Серрати мырзаларға берейік.

Мен осы теріс, керексіз және француз коммунистерінің беделін түсіретін пікірлерді алып тастау керек деп кеңес берер едім. Олардың *ұсақ шаруалар шаруашылығының* жағдайларына *тұтас* коммунизмді тікелей қолдану (l'application immédiate) (тіпті де жалғыз Францияда емес, қайта ұсақ шаруалар шаруашылығы бар елдердің бәрінде) *терең* қателік болар еді деген практикалық және теориялық маңызды әрі дұрыс негізгі ойын дәлелдеу үшін әлгі пікірлердің керегі жоқ.

Бұл теріс пікірлердің орнына француз шаруаларының соғыс кезіндегі баюының неліктен баянды болмайтынын, бұл шаруалардың соғыс кезінде жиған ақшасының неліктен құнсызданып отыратынын, ірі банктердің Франция жұмысшыларын да, шаруаларын да езушілігі неліктен күшейе түсетінін, бұл күшеюдің белгісі неде екенін, тағысын-тағыларды, тағы сондайларды толығырақ айтқан жақсы болар еді.

3. Будан әрі тезистерде соғыстан бұрынғы статистика Францияда 5 700 000 село шаруашылығы (exploitations

rurales) бар, оның ішінде ұсақ шаруашылық (10 гектарға дейін) 4 850 000 және жерінің көлемі 10 гектардан асатын шаруашылық 850 000 деп есептеген еді делінген. Бұл цифрлар — делінген тезистерде — Францияда жердің қаншалықты біркелкі бөлінбегендігін көрсетеді. «Бірақ бұл цифрлар,— делінген тезистерде,— жерді меншіктенушілер өңдейтін жердің мөлшері мен капиталистік пайда түсірудің негізі болып табылатын жердің арасындағы қатынас туралы («...sur le rapport qui existe entre l'étendue des terres travaillées par leurs propriétaires et des terres source de profit capitaliste») еш-қандай дәлме-дәл түсінік бермейді» («mais ils (ces chiffres) ne fournissent aucune précision»...).

Біріншіден, меншіктенушілері өңдейтін жерлер *де* Францияда (қандай да болса басқа капиталистік елдегідей) «капиталистік пайда түсірудің негізі» болып табылады. Меншіктің шоғырлануы ауыл шаруашылығында «дұрыс» («avec régularité») жүрмейді-міс деп айтудан гөрі, әлгі пайданың формалары туралы Француз коммунистік партиясының тезистерінде айту теориялық жағынан дұрысырақ және практикалық жағынан пайдалырақ болар еді.

Екіншіден. Француз аграрлық статистикасы нашар екені, неміс статистикасынан да, американ статистикасынан да, швейцариялық статистикадан да, дат статистикасынан да нашар екені және капиталистік шаруашылық жүргізілетін жер көлемінің *мөлшерін* оның *дәлме-дәл* анықтап бермей отырғаны рас. Будан әрі тезистерде жалдама жұмысшылар кейде жері 10 гектардан кем фермаларды өңдейді, ал меншікші шаруалар кейде «20, 30 гектар және одан да көлемді фермаларды» («des fermes de 20, 30 hectares et au-dessus») өңдейді деп көрсетілген жағдай да рас.

Алайда капиталистік пайдаланудағы жер көлемінің мөлшері туралы француз аграрлық статистикасы бойынша әбден толық болмаса да, дегенмен *біршама* түсінік алуға болады. Менің қолымда Компер-Морельдің кітабы да, басқа деректемелер де болмай отыр, бірақ француз статистикасының 40 гектар және одан да көп гектар жері бар шаруашылықтарды бөліп көрсететіні

менің есімде. Француз капиталистері мен помещиктерінің (жұмысшылар мен ұсақ шаруалардан) қаншама көп жерді тартып алғандығын француздың ұсақ шаруаларына айқынырақ көрсету үшін ол деректерді келтіру өте пайдалы болар еді. Сол француз аграрлық статистикасының цифрлары арқылы (капиталистердің және олардың 1914—1918 жылдардағы тонаушылық соғысының, олардың тонаушылық Версаль бітімінің қорғаушысы болмай, әлі социалист болған кезіндегі Компер-Морельдің цифрлары арқылы да) Франциядағы село халқының қандай орасан көпшілігі пролетарлық революциядан сол сағатта, дереу, өте елеулі ұтып шығар еді деп, аграрлық тезистерде айқынырақ көрсетуге болады (менің байқауымша, көрсетілуге тиіс те).

4. Менің соңғы ескертпем тезистердің ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісін арттыру қажеттігі туралы, қазіргі заманғы машиналардың (des machines modernes) маңызы туралы, атап айтқанда, молотилкалар (les batteuses), моторлы плугтер (les charrues a'tracteur) және т. т. сияқты машиналар туралы айтатын бөлімдеріне қатысты.

Тезистердің бұл нұсқауларының бәрі сөзсіз дұрыс және практикалық жағынан қажет. Меніңше, капиталистік техника үшін әбден дағдылы шеңберде қала бермеу керек тәрізді, ілгері қарай қадам басу керек тәрізді. Бүкіл Францияны жоспарлы түрде және толық электрлендіру қажеттігі туралы, буржуазияның өкіметін құлатпайынша, пролетариат өкіметті жеңіп алмайынша бұл жұмысты *жұмысшылар мен шаруаларға пайдалы түрде* жүргізудің сөзсіз мүмкін еместігі туралы бірнеше сөз айтқан жөн болар еді. Француз әдебиетінде электрлендірудің Франция үшін маңыздылығы туралы деректер аз емес. Маған мынау ғана мәлім: бұл деректердің аздаған бөлегі біздің үкіметіміздің тапсыруы бойынша Россияны электрлендіру жоспары туралы жүргізілген жұмыста келтірілді, ал Францияда электрлендіру туралы мәселені техникалық жағынан әзірлеу соғыстан кейін мықтап ілгері басты.

Менің пікірімше, тезистерде қазіргі озық техника *бүкіл елді — және бірқатар көршілес елдерді — бір* жос-

пар бойынша *электрлендіруді* мықтап талап етеді деп айту (және жалпы алғанда коммунистік әдебиетте көбірек айту), мұндай жұмысты қазіргі уақытта жүзеге асыруға әбден болады деп айту бұдан ең алдымен ауыл шаруашылығы және әсіресе шаруалар ұтар еді деп айту, капитализм және өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болып отырғанда тұтас елді және бірқатар елдерді электрлендіру, біріншіден, тез және жоспарлы бола алмайды, екіншіден, жұмысшылар мен шаруаларға *пайдалы түрде* жүргізіле *алмайды* деп айту теориялық тұрғыдан да, практика-үгіт тұрғысынан да өте-мөте маңызды. Капитализм тұсында электрлендіру *ірі банктердің* жұмысшыларды да, *шаруаларды да езушілігін* күшейтуге апарып соқпай қоймайды. Қайдағы бір «тар өрісті марксист» емес, қайта қазір капиталистердің алдында патриоттықпен малайлық етуші Лизис (Lysis) Франция дегеннің іс жүзінде *финанс олигархиясы* екенін соғыстан бұрын-ақ дәлелдеп берген еді.

Электрлендіру жөнінде Францияның тамаша мүмкіндіктері бар. Францияда пролетариаттың жеңуі жағдайында, жоспарлы түрде және ірі жер иелері мен капиталистердің жеке меншігімен санаспай жүргізілген электрлендіруден әсіресе *ұсақ шаруалар орасан көп* ұтып шығады. Капиталистердің өкіметі сақталып отырған жағдайда, сөз жоқ, электрлендіру жоспарлы және шапшаң болмайды, ал егер жалпы алғанда ол бола қалса, ол шаруалар үшін жаңа кіріптарлық болады, «финанс олигархиясы» тонап отырған шаруаларды жаңадан құлдыққа салу болады.

Жалпы және тұтас алғанда, менің**ше, әбден дұрыс жазылған француз аграрлық тезистері жөніндегі менің азын-аулақ ескертпелерім осындай.

Н. Ленин

11. XII. 1921.

Бірінші рет 1922 ж. «Коммунистический Интернационал» журналының 20-номерінде басылған
Қол қойған: Орыс коммунисі

Қолжазба бойынша басылып отыр

ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАСИХАТ ЖӘНЕ ІС-ҚИМЫЛ СОВЕТІНЕ ХАТ[128]

Қымбатты жолдастар!

Сіздерді шыққалы жатқан басылымдарыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Науқастығыма байланысты өз атымнан мақала жазып бере алмайтыныма қатты өкінемін. Шығыс еңбекшілерінің таңдаулы өкілдерін іске тарту сіздердің газетіңіздің арқасында анағұрлым тез және кең көлемде ілгері бастырылады деп үміттенемін. Қазір бүкіл Батыс цивилизациясының тағдыры Шығыстың еңбекшілер бұқарасын саяси өмірге қатыстыруға орасан зор дәрежеде байланысты.

Ізгі тілекпен және сәлеммен

РСФСР Халық Комиссарлары
Советінің Председателі *Ленин*

1921 ж. ерте дегенде 17 декабрьде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1957 ж. 22 апрельде «Правда» газетінің 112-номерінде басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ПАРТИЯҒА ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ П. А. ЗАЛУЦКИЙГЕ, А. А. СОЛЬЦКЕ ЖӘНЕ САЯСИ БЮРОНЫҢ БАРЛЫҚ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ[129]

Залуцкийге, Сольцкс және Саяси бюропың барлық мүшелеріне

Партияны тазалау туралы мәселеге келетін болсақ, меніңше, толып жатқан жекелеген қателерге қарамастан, тазалаудың тұтас алғанда орасан зор табысты болғанын жарияланған фактілер әбден толық дәлелдейтін тәрізді. Меніңше, партконференцияның нәтижесінде осы екі жағдайды да атап көрсеткен жөн. Меніңше, қайта тазалаудың мерзімін тағайындаудың керегі жоқ, өйткені ешбір жағынан өз қолымызды өзіміз байламауымыз керек.

Мен партконференцияның шешімімен партия мүшелігіне қабылдау үшін неғұрлым қатаң шарттар белгілеуге кеңес берер едім: кандидаттық мерзім — жұмысшы үшін (өз өмірінде ірі өнеркәсіпте қарапайым жалдама жұмысшы болып кемінде 10 жыл жұмыс істеген және қазір кемінде 2—3 жыл жұмыс істеп жүрген адамды жұмысшы деп санағанда) $1^1/_2$ жыл, қалғандардың барлығына 3 жыл.

Бұл мерзімдерді мынадай айрықша жағдайларда: партияға берілгендігі, коммунистік ұстамдылығы әбден дәлелденген және мұның өзі мәселені шешуші барлық партия коллегияларының тарапынан $^4/_5$ көпшілікпен куәландырылған жағдайларда екі есе қысқартуға болады.

Ал қазіргі тазалау бойынша партиядан шығарылғандарды, егер олар белгілі бір мерзімге шығарылған болмаса және егер олар масқара қылықтары үшін шыға-

рылған болмаса, кандидаттыққа қабылдау мерзімдері дәл сондай болып белгіленсін.

Сіздерден менің осы кішкентай хатымды ең жақып жолдастарға көрсетуді өтінемін және — егер қиын болмаса — Фотиеваның атына маған қысқаша, тіпті осы хаттың ішінде сіздер қайсысына қосылатындарыңыздың және қайсысына қосылмайтындарыңыздың астып сызып көрсететіндей түрде болса да қысқаша пікір жазып жіберулеріңізді өтінемін.

Ленин

1921 ж. 19 декабрьде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫ ТАЗАЛАУ ТУРАЛЫ РКП(б) XI КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР[130]

Партияны тазалау туралы Залуцкий әзірлеген қарар жобасы жөнінде менің екі ескертпе жасағым келеді.

1) а параграфының 3-бөлімінде Залуцкий партияға қабылдауды уақытша, 6 айға тоқтата тұруды ұсынады. Мен мұны дұрыс емес деп ойлаймын. Өз тарапымнан мен мынадай ұсыныс жасар едім: қабылдауды тоқтатпау керек, қайта, неғұрлым қатаң шарттар, атап айтқанда, ұзақ кандидаттық мерзім белгілеу керек. Егер нағыз жұмысшылар үшін бір жарым жылдық мерзім тым ұзақ делінетін болса, онда оны кемітуге және бұл мерзімді жалпы қысқартуды $^3/_4$ жылға дейін немесе, Троцкий ұсынғандай, тіпті жарты жылға дейін ықшамдауға болады. Бірақ, менің ойымша, мұндай қысқа мерзім белгілеп қабылдау туралы шешім шығаратын коллегияларда тиісті мөлшерде көпшілік дауыс болуын талап ету, мысалы, қабылдау мерзімінің қысқартылуы үшін кемінде $^4/_5$ мөлшерінде көпшілік дауыс болуын талап ету қажет, мұның өзінде осы $^4/_5$ мөлшеріндегі көпшілік дауыс бір партиялық коллегиядан (қабылдау жасап жатқан төменгі ұядан) емес, қайта өзара тексеру үшін бірнеше коллегиядан (мысалы, төменгі ұядан басқа тағы да губерниялық партия комитетінен және т. с.) талап етілсін. Мен нағыз жұмысшыларды партияға қабылдаудың жеңілдетілуіне ешқандай қарсылық көрсетпеген де болар едім, бірақ ірі өнеркәсіптің жұмысшысы болып кімнің санала алатынын белгілейтін айрықша

РКП(б) Бүкіл россиялық XI конференциясының делегаттарына арналған анкета, В. И. Ленин толтырған.— Декабрь, 1921 ж.

Российская Коммунистическая Партия (большевиков).

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ЛИЧНАЯ АНКЕТА

ДЛЯ ДЕЛЕГАТОВ ....ой ВСЕРОССИЙСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ Р. К. П. (большевиков).

1. Фамилия, имя, отчество Ульянов (Ленин) Владимир Ильич

2. С каким голосом (решающим или совещат.) участвует

3. Делегатский билет № 1

4. Какой организацией делегирован Ц. К. РКП.

5. На каких Всероссийских партконференциях и с'ездах участвовал с решающим голосом:
на всех почти 1898 ... с'ездах, на большинстве почти на всех конференциях.

6. Год рождения: 1870 год.

7. Национальность Великоросс

8. Образование (низш., средн., высшее)

9. а) Основная профессия и специальность до 1917 г. Литератор

б) Сколько лет работал по этой профессии: с 1894 до 1917 г. 23 лет.

10. а) Основной источник средств к существованию до 1914 г. литерат. заработок и содержание от партии

б) в 1914—1917 г.г. то же

в) в 1917—1921 г.г. то же до 25.X.1917. После 25/X содержание от сов. правительства

11. Какую советскую работу исполняете в настоящее время
Председ. СНК и С.Т.О.

12. Какое участие принимаете в настоящее время:

а) в кооперации } на практике фактически участия

б) в профработе

13. Какую партийную работу исполняете в настоящее время
член Ц.К. РКП.

14. Когда вступили в Р. К. П.: в 1895 году.

15. Состояли ли раньше в других партиях, когда, каких Нет.

16. Подвергались ли репрессиям за революционную деятельность (когда)
арест и высылка (1887 г.); арест и ссылка в Вост. Сиб. (1895–1897) – 1900

Сколько времени провели:

1) в тюрьме по неск. дней в 1887 и 1900; 14 мес. 1895–1897.

2) на каторге не был

3) в ссылке три года (Енис. губ. Минусин. у.)

4) в эмиграции 1900–1905 и 1907–1917

Подпись Ульянов (Ленин)

14 числа декабря 1921 г.

қатал шарттар қоймасақ, онда бұл саңылаудан тағы да толып жатқан жексұрындар дереу еніп кетеді. Қызыл әскерлер жөнінде, меніңше, неғұрлым қатал шарттар керек, өйткені, біріншіден, бұлардың көпшілігі жұмысшылар емес, шаруалар, екіншіден, бұлар әлі де тәжірибеде тексеруді керек ететін тым жас адамдар.

2) а параграфының 4-бөлімінде Залуцкий комсомол арасында жүргізілетін жұмыстың белгіленген жоспарын қайта қарауды ұсынады. Менің ойымша, бұл пункт жөнінде неғұрлым қатал шарттар белгілеу және партияға қосылатын комсомол мүшелерінің, біріншіден, шын мәнінде ынта қоя оқуларын және кей нәрсені үйренулерін, екіншіден, олардың маңызды практикалық (шаруашылық, мәдени және т. с.) жұмыстарда ұзақ уақыт жұмыс істеуін тексеру қажет.

Ленин

1921 ж. 22 декабрьде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ IX СЪЕЗІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ҚАРАРЫ ЖӨНІНДЕ САЯСИ БЮРОҒА ХАТ[131]

Польшаның, Финляндияның және Румынияның (бірсыпыра себептер бойынша Жапония туралы айтпай-ақ қойғанның өзі жақсы) авантюра саясатына қарсы Советтер съезінің арнаулы қарар қабылдауы жөн емес пе деген мәселені талқылауды өтінемін. Қарарда бұрынғы Россия империясының шет аймақтары жөніндегі империалистік саясаттың қылмыстылығын Россияның бірде-бір үкіметі (Совет үкіметінен басқасы) — патша өкіметі де, меньшевиктер мен эсерлер қолдаған Уақытша үкімет те мойындамады және мойындай алмады деп, толық түсіндіру керек. Қарарда халықтардың өзін өзі билеуін де, бұрын Россия империясының құрамына кірген мемлекеттермен бейбіт қатынастарды да бағалайтынымызды біздің қаншалықты іспен көрсеткеніміз туралы толық айтылсын. Аталған барлық елдердің жұмысшылары мен шаруаларының ғана емес, сонымен қатар буржуазиясы мен үкіметтерінің есті өкілдерінің зор бөлегінің де бейбіт сезімдеріне біздің мейлінше сүйенетініміз толық айтылсын. Авантюристік элементтер жөнінде, егер бандалармен, бұрынғы савинковшілдер сияқты бандалармен бірігіп, авантюристік сотқарлықтар жасау тоқталмаса, егер олар біздің бейбіт жұмысымызға кедергі келтіре беретін болса, онда біз бүкіл халықтық соғысқа көтерілеміз және авантюра мен бандитизмге қатысушылар ақырына дейін жаныштапады деп мейлінше қатал қорқытумен аяқтау керек.

Қарар жобасын жасау Троцкий мен Чичеринге тапсырылсын.

Съездің мұндай мазмұндағы қарарының тағы да бір қолайлылығы — оны біз барлық тілдерде көптеп тарата алар едік.

Ленин

1921 ж. 22 декабрьде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1945 ж. толық емес түрінде Лениннің XXXV жинағында басылған

Бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармалары 4-басылуының 33-томында толық басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған көшірме)

СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ IX СЪЕЗІ

23—28 ДЕКАБРЬ, 1921 ж.[132]

1
РЕСПУБЛИКАНЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ 23 ДЕКАБРЬДЕГІ ЕСЕБІ

(Қызу овация. «Ура!», «Біздің көсеміміз Ленин жолдас жасасын!», «Халықаралық пролетариаттың көсемі Ленин жолдас жасасын!» деген дауыстар. Ұзақ уақытқа дейін басылмаған қол шапалақтау.) Жолдастар! Мен республиканың сыртқы және ішкі жағдайы туралы есепті баяндама жасамақшымын. Тұтас бір жыл уақыт өтіп, біздің Совет өкіметіне орыс және шетел капиталистері тарапынан қандай болса да бірде-бір ірі шапқыншылық жасалмаған жағдайда менің бірінші рет есеп беруіме тура келіп отыр. Мұның өзі ең толық мөлшерде болмаса да, қайткенмен, шапқыншылықтан біршама тыныс алуға және біздің басты, негізгі міндетіміз болып табылатын міндетке — соғыстардан күйзелген шаруашылықты қалпына келтіруге, қанаушы үстем таптардың Россияға салған жарақатын емдеп жазып алуға және социалистік құрылыстың іргетасын қалауға азды-көпті өз күшімізді жұмсауға пайдаланған тұңғыш жыл болды.

Ең алдымен, біздің республиканың халықаралық жағдайы туралы мәселеге тоқтай келіп, мен бұдан бұрын да айтқанымды қайталап айтуға тиістімін, атап айтқанда: халықаралық қатынастарда өте-мөте тұрақсыз қалыпта бола тұрса да, дегенмен белгілі бір теңбе-теңдік орнады. Қазір біз мұны байқап та отырмыз. Біздің ішіміздегі революцияны ең әуелден-ақ бастан кешірген, империалистік майдандарды бұзып өтуіміздің адам айт-

қысыз қиыншылықтарын білген және өз көзімен байқаған адамдар үшін істің енді қалай қалыптасқандығын көру қазір өте-мөте ғажап нәрсе. Жағдай қазір қалыптасқанындай болып қалыптасады деп ол кезде эсте ешкім күтпеген шығар және күте алмаған шығар.

Біз болашақ дамуды қазір болып отырғанынан анағұрлым қарапайым, анағұрлым тура формада болады деп түсіндік (ал мұны енді еске түсіру, бәлкім, артық болмас, өйткені мұның өзі біз үшін және басты-басты шаруашылық мәселелер жөнінде біздің практикалық қорытындылар шығаруымыз үшін керек болады). Біз өзімізге былай дедік, жұмысшы табына былай дедік, Россияның да, басқа елдердің де барлық еңбекшілеріне былай дедік: қарғыс атқан қылмысты империалистік қырғыннан құтылып шығудың революциялық жолдан басқа жолы жоқ, сондықтан, империалистік соғысты революция арқылы бұзып-жара отырып, біз барлық халықтар үшін бұл өте қылмысты қырғыннан құтылып шығудың бірден-бір ықтимал жолын ашамыз. Бізге ол кезде бұл жол айқын, тура және өте-мөте жеңіл жол болып көрінді және басқаша болып көріне алмайтын да еді. Бақсақ, бізді империалистік байланыстардан, империалистік қылмыстардан және бүкіл қалған дүниеге әлі де болса қатер туғызып отырған империалистік соғыстан шын мәнісінде бір өзі ғана құтқарып шығарған осы тура жолға басқа халықтар, қалай болғанда да, біздің ойлағанымыздай, тез аяқ баса алмайтын болып шықты. Ал егер солай бола тұрса да біз қазір не болғанын көріп отырғанымызда толып жатқан аласұрған жау империалистік державалардың қоршауында өмір сүріп отырған бірден-бір социалистік Совет республикасын көріп отырғанымызда, біз өзімізге өзіміз: қалайша бұлай болып шықты? — деген сұрақ қоямыз.

Бұған ешбір асырмай-ақ былай деп жауап беруге болады: мұның бұлай болған себебі — оқиғаларды біз негізінен дұрыс түсіндік, империалистік қырғынға және империалистік державалардың арасында туған шатысушылыққа негізінен дұрыс баға бере білдік. Сондықтан да осындай таңырқарлық жағдай, осындай тұрақсыз, түсініксіз және қанша айтқанмен белгілі бір

дәрежеде күмәнсыз тепе-теңдік орнады, мұны біз қазір көріп отырмыз және мұның мәнісі мынада: экономикалық және әскери жағынан бізден анағұрлым өлшеусіз қуатты, бізге деген өршеленген өшпенділігін екінің бірінде ашықтан-ашық білдіріп отырған державалардың барлық жақтан қоршауында бола отырып, біз, соған қарамастан, олардың үш жыл бойы соншама қаражат пен күш жұмсаған ісін — Советтік Россияны тікелей және дереу тұншықтыру ісін жүзеге асыра алмағандығын көріп отырмыз. Біз мұның өзі қалай болып шықты, сөзсіз ең бір мешеу және ең бір әлсіз мемлекеттердің бірі, дүние жүзінің ең қуатты державалары ашықтан-ашық жау болып отырған мемлекет, өзіне жасалған тегеурінге қарсы төтеп бергендігі сияқты нәрсенің қалай болуы мүмкін деп өзімізге өзіміз сұрақ бергенімізде,— бұл мәселені біз зерттеп қарағанымызда, істің мәні неде болғанын айқын көреміз: ең негізгі мәселеде біздікі дұрыс болып шықты. Біздің болжауларымыз және біздің есептеріміз дұрыс болып шықты. Былай болып шықты: біз бүкіл дүние жүзінің еңбекшілер бұқарасынан өзіміз күткендей, өзіміздің бүкіл саясатымыздың негізі еткеніміздей, тез, тура, тікелей қолдау таба алмасақ та, басқа түрдегі қолдауды, жанама қолдауды, кешеуілдеңкіреп келген қолдауды біз көп алғанымыз сонша — бүкіл дүние жүзінің, тіпті бізге өте-мөте жау державалардың еңбекшілер бұқарасының,— жұмысшы және шаруа, егінші бұқараның — бізді нақ осы қолдауы, нақ тілектестігі, нақ осы қолдау мен осы тілектестік бізге қарсы бағытталған шапқыншылық атаулының түгел күйреп аяқталғандығының, барлық елдер еңбекшілерінің біз жариялаған одағы баянды етілгендігінің, ал біздің республикамыздың шеңберінде тіпті жүзеге асырылғандығының, мұның өзі барлық елдерге әсерін тигізгендігінің ақырғы, ең шешуші негізі, шешуші себебі болды. Басқа елдерде капитализм әлі өмір сүріп отырғанда бұл тірек қаншама солқылдақ болса да (мұны біз, әрине, айқын көруге тиістіміз және турасынан мойындауға тиістіміз), осы бүкіл тірек қаншама солқылдақ болса да, бұған қазірдің өзінде-ақ сүйенуге болады деу керек. Бұл тілектестік пен қолдау мына мағынада әсерін ти-

гізді: біз үш жыл бойы басымыздан кешірген, бізді адам айтқысыз бүліншілік пен азапқа ұшыратқан шапқыншылық, міне осы шапқыншылық, мүмкін емес деп айтпай-ақ қояйын,— бұл жөнінде біз өте сақ және өте абай болуға тиістіміз,— осы шапқыншылық қанша айтқанмен біздің жауларымыз үшін орасан зор дәрежеде қиындап отыр. Сайып келгенде, қазір біз көріп отырған, ә дегенде оғаш, түсініксіз болып көрінетін жағдайдың себебі осындай.

Егер біз большевизмге және социалистік революцияға тілектестікті барынша байсалды түрде салмақтап көрсек, егер біз халықаралық жағдайды күштердің жай есебін алу тұрғысынан алып қарасақ, ол күштер әділетті істі жақтап отыр ма, әлде әділетсіз істі жақтап отыр ма, қанаушы тапты жақтап отыр ма әлде еңбекшілер бұқарасын жақтап отыр ма,— біз бұған қарамаймыз, қайта, ол күштердің халықаралық көлемде қалай топтасқандығын салмақтауға тырысамыз,— міне, сонда біз бұл күштердің былай топтасқандығын көреміз: капитализм іріп-шіріп барады және әуелі Брест-Литовск бітімімен, ал одан кейін Версаль бітімімен,— бұл екеуінің қайсысы жаман екенін мен білмеймін,— аяқталған соғыстан кейін бұл соғысқа деген өшпенділік пен жиіркеніш тіпті жеңіп шыққан елдерде де барған сайын өсіп келеді деген біздің болжауымыз, біздің есептеріміз негізінен расталды. Сөйтіп біз соғыстан неғұрлым алыстаған сайын, капитализмнің іріп-шіріп бара жатқандығы, экономикалық дағдарыстың бүкіл дүние жүзінде төзгісіз жағдай туғызғандығы, қол жеткен жеңістерге қарамастан, бұдан құтылудың жолы жоқ екендігі еңбекшілер үшін ғана емес, сонымен қатар, өте-мөте зор көлемде, жеңген елдердің буржуазиясы үшін де соғұрлым айқын болып келеді. Міне, сондықтан біз барлық державалардан экономика жағынан да, саяси жағынан да, әскери жағынан да анағұрлым әлсіз болып отырған күннің өзінде олардан біз мына тұрғыдан күштіміз: осы империалистік былықтан, осы қанды шырғаланнан, олар шатасқан, құтылу жолын таба алмай, барған сайын асқына шатасып отырған қайшылықтардан (ең болмаса валюта қайшылығын алыңыз, қалғандары ту-

ралы мен айтпай-ақ қояйын) не шыққандығын, не шығуға тиіс екендігін біз білеміз және мұның бәріне дұрыс баға беріп отырмыз.

Сөйтіп біз жалпы социализм туралы пікір атаулыдан,—мен «әлгі бір қорқынышты большевизм туралы» айтпай-ақ қояйын,— мүлдем және сөзсіз аулақ жатқан ең баяу буржуазия өкілдерінің үні қалай өзгергендігін байқап отырмыз, мұнда атақты жазушы Кейнс сияқты адамдар да өздерінің үнін өзгертті; Кейнстің кітапшасы барлық тілдерге аударылған, өзі Версаль келіс сөздеріне қатысқан, өз үкіметтеріне көмектесу үшін жанын салып қызмет еткен,— міне ол да социализмге қарғыс айта отырып, кейін бұл жолды тастауға, бұл жолдан таюға тиіс болды. Қайталап айтамын, ол большевизм туралы айтпайды және тіпті ойлағысы да келмейді,— ол капиталистік дүниеге: «Сіздердің істеп отырғандарыңыз сіздерді лажсыз жағдайға апарып соқтырады» дейді және оларға тіпті барлық борыштарды жою тәрізді бірдеңені де ұсынады.

Өте жақсы, мырзалар! Сіздердің бізден әлдеқашан үлгі алуларыңыз керек еді.

Жақында ғана біз газеттерден мынадай қысқаша хабар оқыдық: капиталистік үкіметтің тәжірибелі, өте шебер және әккі көсемдерінің бірі — Ллойд Джордж дәл сондай шараны ұсына бастапты және бұған Американың: ғапу етіңіз, бірақ біз өз сыбағамызды толық алғымыз келеді деп жауап бергісі келетін көрінеді. Сонда біз өзімізге былай дейміз: осындай қарапайым шараны соғыстан кейін соншама жыл талқылап жатқан алдыңғы қатарлы, аса қуатты державалардың істері сыйықсыз-ақ. Біз мұны бәрінен де оңай істедік,— біз бұдан да зор қиыншылықтарды жеңгенбіз! (Қол шапалақтау.) Егер осындай мәселеде біз барған сайын күшейген шатысқандықты көріп отырсақ, біз жан-жақтан анталаған қауіпті зәредей де ұмытпастан, былай дейміз: бәрі жабылып бізге әрдайым ашық өшпенділік білдіріп отырған мемлекеттердің қайсысымен болса да салыстырғанда экономикалық жағынан және әскери жағынан біз қаншама әлсіз болсақ та, бұл насихаттан біз қорықпаймыз. Ал біз помещиктер мен капи-

талистердің өмір сүруінің қаншалықты әділеттілігі жөнінде біршама өзгеше көзқарастар білдіргенімізде, мұның өзі оларға ұнамайды, сөйтіп бұл көзқарастар қылмысты насихат болып жарияланады. Мұны мен ешбір түсіне алмаймын, өйткені мұндай насихат біздің экономикалық көзқарастарымыз бен пікірлерімізге қосылмайтын барлық мемлекеттерде жария түрде жүргізілуде. Ал большевизм сұмдық, қылмысты узурпаторлық нәрсе дейтін насихат,— ал күллі сұмдықты суреттеуге сөз жетпейді,— міне бұл насихат осы елдердің бәрінде ашық жүргізіледі. Жақында менің Құрама Штаттар президенттігіне сондағы жұмысшы-шаруа партиясының атынан кандидат болып ұсынылған Христенсенмен жүздесуіме тура келді. Бұл партияның аты жөнінде қателеспеңіздер, жолдастар. Ол біздің Россиядағы жұмысшы-шаруа партиясы деп аталатын партияға мүлдем ұқсамайды. Онда мұның өзі социализмнің қандайына болсын ашықтан-ашық және үзілді-кесілді қас, тап-таза буржуазиялық партия, оны барлық буржуазиялық партиялар мейлінше тәп-тәуір деп таныған. Президент сайлауында бір миллионға жуық дауыс алған (ал мұның өзі, қанша айтқанмен, Құрама Штаттарда едәуір нәрсе), арғы тегі датчан, қазір американ — міне осы кісі маған: Данияда кәдімгі «өзі сияқты киінген» жұрттың ортасында,— ол осылай деді, ал өзі буржуазияша тәп-тәуір киінген адам екен,— большевиктер қылмысты адамдар емес деп айтпақшы болғанында, «өзін өлтіріп жібере жаздағанын» айтты. Оған: большевиктер — рақымсыздар, узурпаторлар, сыпайы қауымда ондай адамдар туралы айтуға қалай аузыңыз барды?— депті. Бізге аңталаған насихаттың жайы міне осындай.

Солай бола тұрса да, біз белгілі бір тепе-теңдік орнағанын көріп отырмыз. Бұл — біздің жеңістерімізге байланысты емес объективтік саяси жағдай, бұл жағдай мынаны көрсетіп отыр: империалистік соғыспен байланысты қайшылықтардың тереңдігін біз бағалай білдік және қашанғыдан болса да, басқа державалардың қайсысынан болса да — олар барлық жеңістеріне қарамастан, күллі күштілігіне қарамастан осы уақытқа дейін

құтылып шығатын жол таба алмады және таба алмай отыр,— анағұрлым дұрыс өлшем таптық. Біздің қазір байқап отырғанымызды түсіндіріп беретін халықаралық жағдайдың мәні міне осы. Біз өте-мөте тұрақсыз, бірақ дегенмен де даусыз, күмәнсыз белгілі бір тепе-теңдікті көріп отырмыз. Мұның қанша ұзаққа баратынын мен білмеймін және мұны білуге болмайды деп ойлаймын. Сондықтан да біздің тарапымыздан аса зор сақтық керек. Ал біздің саясатымыздың бірінші парызы, біздің үкіметіміздің бір жыл ішіндегі қызметінен туатын бірінші сабақ, барлық жұмысшылар мен шаруалар ұғып алуға тиісті сабақ — қырағы болу, бізге өздерінің аса зор өшпенділігін ашықтан-ашық білдіруші адамдардың, таптардың, үкіметтердің қоршауында отырғанымызды есте ұстау. Қандай да болса шапқыншылықтан біз әрқашан қыл үстінде тұратындығымызды есте ұстау керек. Бұл апатты болдырмау үшін біз күшіміз жеткенінше бәрін істейміз. Біз империалистік соғыстың сұрапыл ауыртпалығын бастан кештірдік, дәл мұндай ауыртпалықты басқа халықтың ешқайсысы да бастан кешірмеген болар. Бұдан кейін біз азамат соғысының ауыртпалығын бастан кешірдік, бізді бұл соғысқа эмиграНТтық Россияны — помещиктердің Россиясын, капиталистердің Россиясын қорғаған үстем таптардың өкілдері ұрындырды. Соғыстың жұмысшылар мен шаруаларды бұрын-соңды болып көрмеген апаттарға ұшырататындығын біз білеміз, біз мұны тым жақсы білеміз. Сондықтан біз бұл мәселеге мейлінше сақтықпен және абайлап қарауға тиістіміз. Біз өзімізге сондай қымбатқа түскен бейбітшілікті сақтау үшін ғана мейлінше икемділікке барып, үлкен құрбандықтар жасауға бел байлап отырмыз. Біз мейлінше икемділікке баруға және үлкен құрбандықтар жасауға бел байлап отырмыз,— бірақ кез келген құрбандыққа, бірақ ұшы-қиырсыз құрбандықтарға бара бермейміз,— Финляндияның, Польшаның және Румынияның мұнымен әуестеніп жүрген соғысқұмар партияларының және басқыншы топтарының өкілдері, біздің бағымызға қарай, болымсыз аз өкілдері, мұны жақсылап байқап қойсын. (*Қол шапалақтау.*)

Кімде-кім саясатшы ретінде ақылға салып, алды-артын болжап азды-көпті пайымдаса, ол мынаны айтады: біздің мемлекетіміздің ішінде өмір сүрген ұлттар жөнінде де, Россия империясына келіп қосылған ұлттар жөнінде де Россияда Совет үкіметінен басқа осындай икемділікке барған, осындай құрбандықтар жасаған үкімет болған емес және болуы мүмкін де емес. Ескі Россияның, патшалық Россияның, соғысқұмар партиялар Россиясының, Россияны мекендеген халықтарға көзқарасы қылмысты болды, бұл көзқарастарға жол беруге болмайды, бұл көзқарастар езілген ұлттардың ашу-ызасын келтіріп, өте орынды наразылығын тудырды деп сондай айқын түсінген және барлық жұрттың алдында соншалықты анық айтып мәлімдеген біздің үкіметтей үкімет жоқ және бола да алмайды. Бұл жағдайды ашық мойындаған, бұл насихатты, антишовинизм насихатын, ескі Россияның, патша өкіметі Россиясының және Керенский Россиясының қылмыстылығын мойындау насихатын жүргізген басқа үкімет, басқа ұлттарды Россияға күштеп қосуға қарсы насихат жүргізген басқа үкімет жоқ және бола да алмайды. Мұның өзі жалаң сөз емес, мұның өзі қарапайым саяси факт; бұл факт әркімге айқын, бұл факт мүлдем даусыз. Қандай да болса ұлттың тарапынан бізге қарсы ол ұлттарды байланыстыратын, оларды империалистік тұрғыдан құл ететін әзәзілдік жоқ кезде, олар бізді тұншықтыру үшін көпір секілді жалғаспай тұрған кезде, біз формальдылықтар алдында тоқтап қалмаймыз. Біз өзіміздің революционерлер екенімізді ұмытпаймыз. (Қол шапалақтау.) Ал мынадай даусыз, тапжылтпай дәлелдейтін фактілер бар: ешқандай қару-жарағы жоқ ең кішкентай ұлт қаншама әлсіз болса да, меньшевиктер мен эсерлерді жеңген Россияда біздің оған деген бейбіт ниеттен басқа ешқандай ниетіміз жоқ екендігіне, ескі үкіметтердің ескі саясатының қылмыстылығы туралы біздің насихатымыз бәсеңдемейтіндігіне және Россия империясында бұрын болған, бізбен бірге қалғысы келмеген ұлттармен біздің қайткен күнде де, қисапсыз көп құрбандықтар жасау, кеңшіліктер берумен болса да бейбітшілікті сақтау ниетіміздің берік екендігіне әб-

ден сене алады және сенуге тиіс. Мұны біз дәлелдедік. Бізге тұс-тұстан жаңбырдай жауып жатқан қарғыстар қаншама күшті болса да біз мұны дәлелдейміз. Біз былай деп түсінеміз: біз мұны айта қалғандай дәлелдедік және бүкіл Россияның жұмысшылары мен шаруалары өкілдерінің жиналысы алдында, Россияның бүкіл сан миллион жұмысшы және шаруа бұқарасының алдында біз мұнан былай бейбітшілікті қорғауға барлық күшімізді саламыз, біз осы бейбітшілікті қорғап қалу үшін мейлінше икемділікке барып, үлкен құрбандықтар жасаудан тайынбаймыз деп айтамыз.

Бірақ одан әрі аттап басуға да болмайтын шек бар. Біз бітім шарттарын мазақ етуге жол бермейміз, біздің бейбіт жұмысымызды бұзу әрекеттеріне жол бермейміз. Біз бұған ешбір ретте жол бермейміз және өзіміздің өмір сүруімізді қорғап қалу үшін бір кісідей тегіс аттанамыз. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Жолдастар, менің жаңағы айтқаным сіздер үшін әбден түсінікті және айқын, ал сіздер біздің саясатымыз жөнінде өздеріңіздің алдарыңызда есеп беруші қандай адамнан болса да бұдан басқа ештеңе күте алмас едіңіздер. Біздің саясатымыз осындай, тек қана осындай екенін сіздер білдіңіздер. Алайда, амал қанша, қазір жер бетінде екі дүние бар: ескі дүние — малтығып шатасқан, еш уақытта кейін шегінбейтін капитализм және әзір өте әлсіз, бірақ өсіп жетілетін, өсіп келе жатқан жаңа дүние, өйткені ол жеңілмейді. Ол ескі дүниенің өзінің ескі дипломатиясы бар, ол дипломатия тікелей және ашық айтуға болатындығына сене алмайды. Ескі дипломатия дәл осы арада қандай да болса бір қулық болуға тиіс деп санайды. (Қ о л ш а п а л а қ т а у ж ә н е к ү л к і.) Экономикалық және әскери жағынан аса қуатты осы ескі дүниенің өкілі Колчакпен және Деникинмен біздің бітім жасасуымызды, біз үшін мейлінше тиімсіз бітімді жасасуымызды ұсынып, американ үкіметі өкілдерінің бірі Буллитті бізге жібергенде — бұл ертеректе болған — және біз оған: біз жұмысшылар мен шаруалардың Россияда көптен бері төгіліп жатқан қанын қымбат бағалаймыз, бұл бітім біз үшін өте-мөте тиімсіз болса да, біз оны қабылдауға әзірміз, өйткені Колчак

пен Дениқиннің өз ішінен іріп-шіритіндігіне сенеміз деп айтқанымызда, біз осыны ашық айтқанымызда, дипломатиялық сәнді сарынды аз қолданып айтқанымызда,— міне осы арада олар бізді сөзсіз өтірікшілер болуға тиіс деп ұйғарды. Бір столдың басында бізбен жақсы ниет білдіріп, ықылас қойып әңгімелескен Буллит туған еліне қайтып барысымен-ақ оны жәбірлеп қарсы алды, орнынан түсуге мәжбүр етті және оны большевиктерге астыртын тілектестігі үшін, қалыптасқан империалистік дағды бойынша, қалайша каторгаға айдамағандығына мен таң қаламын. (Күлкі. Қол шапалақтау.) Ақыры былай болып шықты: ол кезде біз өзіміз үшін нашар бітім ұсынған болсақ, енді өзіміз үшін жақсы шарттары бар бітімге ие болдық. Бұл бір кішкентай сабақ. Біз өзімізді қалай қайта жасай алмайтын болсақ, біз ескі дипломатияны да солай үйрене алмайтынымызды мен білемін, бірақ осы уақыттың ішінде дипломатия жөнінде біз берген және басқа державалар қабыл алған сабақтар, міне бұл сабақтар, дегенмен, мүлдем із-түзсіз кете алмады, бұл сабақтар дегенмен қайсыбіреулердің, сірә, есінде қалған болар. (Күлкі.) Сондықтан да Россияның жұмысшылары мен шаруалары бейбітшіліктің игіліктерін бәрінен де жоғары бағалайды, бірақ олар бұл жөнінде кейін шегінушілікке белгілі бір шекке дейін ғана көнеді деген біздің тікелей мәлімдемеміз олар империалистік соғыс пен азамат соғысында көтеріп шыққан ауыртпалықтарын бірде-бір секунд, бірде-бір минут ұмытқан жоқ деген мағынада қабыл алынды. Біздің бұл ескертуімізді біз бүкіл съезд болып, жұмысшылар мен шаруалардың бүкіл бұқарасы болып, бүкіл Россия болып растайтындығымызға мен сенемін және бұл ескерту, бұған қай жағынан қараса да, мұнда ескі дипломатиялық әдет бойынша дипломатиялық қандай қулық бар деп күдіктенсе де, сөз жоқ, ізсіз қалмайды және қанша айтқанмен белгілі бір роль атқарады.

Міне, жолдастар, біздің халықаралық жағдайымыз туралы мәселе жөнінде менің айту керек деп санағаным осы. Белгілі бір дәрежеде тұрақсыз тепе-теңдікке қол жетті. Экономикалық және әскери жағынан алғанда —

материалдық жағынан біз өлшеусіз әлсізбіз, ал моральдық жағынан,— әрине, бұл пікірді жалпы мораль тұрғысынан түсінбей, қайта, оны барлық мемлекеттерде барлық таптардың нақтылы күштерінің арасалмағы деп түсінгенде,— біз бәрінен де күштіміз. Бұл іс жүзінде сыннан өтті, бұл сөзбен емес, қайта, іспен дәлелденеді, бұл қазірдің өзінде-ақ бір рет дәлелденді және, бәлкім, егер тарих белгілі бір түрде бет бұрса, бұл сан рет дәлелденеді. Міне сондықтан біз өзімізге өзіміз былай дейміз: біз бейбіт құрылысымызға кірісіп, оны үздіксіз жүргізе беруге барлық күшімізді саламыз. Сонымен қатар, жолдастар, қырағы болыңыздар, біздің еліміздің және біздің Қызыл Армияның қорғаныс қабілетін көздің қарашығындай сақтаңыздар, біздің жұмысшылар мен шаруалар және олардың жеңістері жөнінде бәсеңдеушілікке бірде-бір секунд жол беруге біздің правомыз жоқ екендігін есте ұстаңыздар. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, біздің халықаралық жағдайымыздағы ең маңызды нәрсені осылай қысқаша баяндаудан кейін, мен енді бізде және Батыс Европада, капиталистік мемлекеттерде экономикалық қатынастардың қалай қалыптаса бастағандығына көшемін. Бұл арада аса зор қиыншылық мынау болды: біздің және капиталистік мемлекеттердің арасында белгілі бір озара қатынастар болмайынша, біз үшін берік экономикалық қатынастар мүмкін емес еді. Бұл қатынастардың олар үшін де мүмкін еместігін оқиғалар мейлінше айқын көрсетіп отыр. Ал біз қазір онша альтруистік пиғылда емеспіз, сөйтіп басқа державалар бізге дұшпандықпен қараған жағдайда өзіміздің өмір сүре беруімізді көбірек ойлап отырмыз.

Бірақ социалистік республиканың капиталистік қоршауда өмір сүруі сияқты нәрсе, дегенмен, жалпы алғанда мүмкін бе? Мұның өзі саяси жағынан да, әскери жағынан да ақылға қонбайтын тәрізді болып көрінді. Мұның саяси жағынан да, әскери жағынан да мүмкін екендігі дәлелденді, бұл — қазірдің өзінде-ақ факт. Ал сауда жағынан ше? Ал экономикалық айналым жағынан ше? Ал мешеу, күйзелген егінші Россияның капи-

талистік державалардың озық өнеркәсіпке бай тобымен байланысы, одан алатын жәрдемі, бір-біріне қызмет көрсетуі ше,— бұл мүмкін бе? Тікенек сыммен қоршап тастаймыз, сондықтан ешқандай экономикалық қатынастар болмайды деп бізді қорқытып қожаңдамады ма? «Соғыстан олар қорықпады, сондықтан біз оларды блокадамен аламыз» десті ғой.

Жолдастар, бұл төрт жылдың ішінде біз қоқан-лоққыны және сондай қаһарлы қоқан-лоққыны көп көрдік, сондықтан біз олардың бірде-біреуінен қорқа алмаймыз. Блокада жөнінен тәжірибе мынаны көрсетті: блокада кім үшін ауырырақ — блокадаға ұшырағандарға ма әлде блокада жасаушыларға ма, бұл арасы белгісіз. Тәжірибе, күмән жоқ, мынаны көрсетті: мен сіздерге тікелей айуандық зорлық-зомбылық жасалмаған тым болмаса біршама жай тынығу дәуірі ретінде есеп беріп отырған тыныштықтың осы алғашқы жылы бізді танымады, бізді қабыл алмады, бізбенен жасасқан қатынастар жоқ деп жарияланды (мейлі, буржуазиялық сот бойынша ол қатынастар жоқ деп таныла берсін), бірақ қанша айтқанмен бұл қатынастар бар. Міне осыны мен сіздерге есеп беріп отырған 1921 жылдың басты нәтижелерінің бірі ретінде, ешбір асырмай айтып, баяндауға праволымын деп санаймын.

Сыртқы істер халық комиссариатының Советтердің IX съезіне беретін есебі сіздерге бүгін таратылды ма әлде енді таратыла ма, мұны білмеймін. Менің байқауымша, бұл есептің кемшілігі — ол тым қалың, оны ақырына дейін оқып шығу қиын. Бірақ бұл, бәлкім, менің өз басымның кемістігі шығар, сондықтан дереу болмаса да, қалай да сіздердің басым көпшілігіңіздің, сол сияқты, саясатқа көңіл қоюшы әрбір адамның бұл есепті оқып шығатынына күмән келтірмеймін. Егер оны тұтас оқымай, тек сәл ғана көз салып, беттерін аударып шыққан күннің өзінде де Россия, былайша айтқанда, толып жатқан кәдімгідей дұрыс, тұрақты сауда қатынастарына, сауда өкілдіктеріне, шарттарына және т. б. ие болып отырғаны көрініп-ақ тұрады. Рас, бізді заң жүзінде танымай отыр. Мұның өзіндік мәні бар, өйткені тұрақсыз тепе-теңдікті бұзу қаупі, жаңа шапқыншылық

әрекеттерінің қаупі күшейді, бұл туралы мен жоғарыда айттым, бірақ факт қанша айтқанмен факт күйінде қала береді.

1921 жылы — шетелмен сауда айналымы ісіндегі бірінші жылы — біз мейлінше мықтап алға бастық. Бұл, бір жағынан, транспорт мәселесімен — біздің бүкіл экономикамыздың басты базасымен, немесе, бәлкім, ең басты базаларының бірімен байланысты. Мұның өзі шетелден әкелумен және шетелге шығарумен байланысты. Бұл туралы ең қысқа цифрларды келтіруге рұқсат етіңіздер. Біздегі барлық қиыншылықтар, ең зор қиыншылықтар, барлық ауыртпалық, біздегі қиыншылықтардың түйіні отын мен азық-түлікте болып отыр, барлық ауыртпалық шаруалар шаруашылығында, біз ұшыраған ашаршылық пен апаттарда жатыр. Осының бәрі транспорт мәселесімен байланысты екенін біз жақсы білеміз; бұл туралы айту керек және жергілікті орындардағы жолдастардың бәрі азық-түлік және отын дағдарысын жеңу үшін біздің барлық ынта-жігерімізді жұмсауымыз қажет екендігін білулері керек және жергілікті орындардағы барлық жолдастарға қайта-қайта айтулары керек. Шетелдермен байланыс жасаудың материалдық құралы — біздің транспортымыз осы себептерден әлі де зардап шегіп отыр.

Біздің транспорт ісінде осы жылы ұйымдастыру жағынан жақсарғандық болғандығы күмәнсыз. 1921 жылы біз өзен кемелерімен жүкті 1920 жылғыдан анағұрлым көп тасыдық. Кемелердің орташа жүрісі 1921 жылы 1000 пұт-шақырым болды, ал 1920 жылы 800 пұт-шақырым еді. Ұйымдастыру жағынан ілгерілегендік бар екені күмәнсыз. Біз шетелдерден тұңғыш рет көмек ала бастағанымызды айту керек: мың паровозға заказ берілді, ал біз қазірдің өзінде-ақ бірінші рет 13 швед және 37 неміс паровозын алдық. Мұның өзі ең кішкентай бастама, бірақ дегенмен бастама. Бізде қанша айтқанмен жүздеген цистерналарға заказ берілді және оның 500-ге жуығы 1921 жылдың өзінде-ақ келіп жетті. Біз мұның бәріне өте қымбат төлеп отырмыз, удай қымбат төлеп отырмыз, бірақ дегенмен мұның өзі алдыңғы қатарлы елдердің ірі өнеркәсібі бізге көмек көрсетіп отыр

деген сөз, мұның өзі капиталистік елдердің ірі өнеркәсібі, олардың бәрін бізді жан-тәнімен жек көретін капиталистер басқарып отырғанына қарамастан, біздің шаруашылығымызды қалпына келтіру ісінде бізге көмек көрсетіп отыр деген сөз. Ол капиталистердің бәрін Советтік Россияны ресми тану ісінің жайы қалай және большевиктік үкімет заңды ма әлде заңсыз ба деп өз баспасөзінде үздіксіз жазып отырған үкіметтер біріктіріп отыр. Сөйтіп, ұзақ іздестірулерден кейін ол заңды болып шығады, бірақ ол танылa алмайды. Бізді әлі танымай отыр, осы күйінішті шындықты жасыруға менің хақым жоқ, бірақ дегенмен біздің сауда қатынастарымыздың күшейіп келе жатқанын сіздерге айтуға тиістімін.

Бұл капиталистік елдердің бәрі мынадай жағдайға тап болды: олар бізден ақыны ойсыратып алады, біз оларға артық төлейміз, бірақ дегенмен олар біздің шаруашылығымызға көмектесіп отыр. Бұл қалайша осылай болды? Олардың өз еркіне қарсы, баспасөзінің үзбей қақсап отырғанына қарсы қимыл жасап отырғандығының себебі не,— ал бізге қарсы шығып отырған ол баспасөз өзінің күші мен өшпенділігі жағынан және тарайтын саны жағынан біздің баспасөзге тең емес қой. Олар бізді қылмыстылар деп жариялайды, бірақ сөйте тұрып бізге көмектеседі. Сөйтіп, олар бізбен экономикалық жағынан байланысты болып шығады. Менің сіздерге бұдан бұрын айтқанымдай, біздің үлкен көлемде алған есебіміз олардың есебінен анағұрлым дұрыс болып шығады. Мұның себебі — оларда дұрыс есептей білетін адамдардың жоқтығынан емес,— керісінше, оларда ондай адамдар біздегіден көп,— мұның себебі, апат болу жолында тұрғанында дұрыс есептеу мүмкін емес. Міне сондықтан мен біздің шетелдік саудамыздың өркендеуін көрсететін бірнеше цифрларды сіздерге қосымша хабарламақпын. Есте ұстауға болатын ең қысқаша цифрларды ғана алайын. Егер барлық үш жылды — 1918, 1919 және 1920 жылдарды,— қадағалап өтетін болсақ, біздің шетелден әкелгеніміз 17 миллион пұттан сәл ғана артық болады, ал 1921 жылы — 50 миллион пұт, яғни бұдан бұрынғы барлық үш жылды қосқандағыдан үш есе ар-

тық. Біздің шетелге шығарғанымыз бастапқы үш жылды қосып алғанда екі жарым миллион пұт болды, 1921 жылдың бір өзінде $11^1/_2$ миллион пұт болды. Бұл цифр болымсыз, өте мардымсыз, кісі күлерліктей аз, бұл цифрдың өзі білікті әрбір адамға бірден-ақ қайыршылықты сездіреді. Бұл цифрлар міне осыны көрсетеді. Бірақ, қалай болғанда да, бұл — істің бастамасы. Сөйтіп қолма-қол тұншықтыру әрекетін бастан кешірген біздер, осы қалпымызда қалып қойсақ, бізбен қарым-қатынас жасауға қандай амалдармен болса да жол берілмейді деген қоқан-лоқыны талай жылдар бойы естіп келген біздер,—міне сөйткен біздер осы қоқан-лоқыдан қанша айтқанмен қайсыбіреудің күштірек болып шыққандығын көріп отырмыз. Экономикалық дамуды олардың дұрыс есепке алмағандығын, ал біздердің дұрыс есепке алғанымызды көріп отырмыз. Бастама жасалды. Біз осы дамудың тоқтамауына, оның ілгері баса беруіне қазір барынша назар аударуымыз, барынша күш жұмсауымыз, барынша қамқорлық істеуіміз керек.

1921 жылдың ішінде біздің қалай ілгері басқанымызды көрсету үшін мен тағы да бір кішкентай суреттеме келтірейін. 1921 жылдың бірінші тоқсанында 3 миллион пұттай зат әкелінді, екінші тоқсанында — 8 миллион пұт, үшінші тоқсанында 24 миллион пұт әкелінді. Қанша айтқанмен біз алға басып келеміз. Бұл цифрлар болымсыз аз, бірақ дегенмен олар бірте-бірте өсіп келеді. Сөйтіп, біз адам айтқысыз ауыр жыл болған 1921 жылы бұл цифрлардың қалай өсіп келе жатқандығын көріп отырмыз. Ашаршылық сияқты апаттың қандай қымбатқа түскендігін, бүкіл ауыл шаруашылығына, өнеркәсіпке және біздің бүкіл тұрмысымызға оның қандай құлақ естімеген азап келтіріп отырғандығын өздеріңіз білесіздер. Солай бола тұрса да, біздің соғыстан соншалықты қатты күйзелген ел, барлық соғыстардың зардабынан да, патшалар мен капиталистердің қожайындық етуінің салдарынан да, сондай аса зор апаттарға ұшыраған ел болғандығымызға қарамастан, өзімізге тоқтаусыз дұшпандық жасалуына қарамастан, біз қазір қанша айтқанмен өз жағдайымызды жақсартуға мүмкіндік беретін жолға түсіп отырмыз. Негізгі фактор, міне, осы. Міне

сондықтан, біз жақында Вашингтон конференциясы[133] туралы оқығанымызда, бізге жау державалар жазда нағыз бітім шарттарын талқылайтын екінші конференция шақыруға мәжбүр болғандығы туралы, оған Германияны да, Россияны да шақыратындығы туралы хабарды естігенде, біз былай деп отырмыз: біздің шарттарымыз түсінікті және айқын, біз ол шарттарды баяндадық, ол шарттар жарияланды[134]. Біз қанша дұшпандыққа кездесеміз? Бұл жөнінде адасушылық жоқ. Бірақ бізге блокада жасағандардың экономикалық жағдайы осал болып шыққандығын біз білеміз. Қандай да болсын жау үкіметтердің немесе таптардың тілегінен, еркінен және шешімінен анағұрлым үлкен күш бар, бұл күш — бүкіл дүние жүзілік жалпы, экономикалық қатынастар, осы қатынастар оларды бізбен әлгіндей қарым-қатынастар жолына түсуге мәжбүр етіп отыр. Олар осы жолға бұдан әрі түскен сайын, менің бүгін 1921 жыл үшін берген есебімде сондай мардымсыз цифрлар арқылы ғана көрсете алғаным соғұрлым кең, соғұрлым тез көріне бастайды.

Енді мен біздің ішкі экономикалық жағдайымызға көшуге тиістімін. Бұл арада да бәрінен бұрын тоқталуға тура келетін басты мәселе — біздің экономикалық саясатымыз туралы мәселе. Осы жаңа экономикалық саясатқа көшу, бұл жолда алғашқы қадамдар жасау, сол алғашқы қадамдарды жасауға үйрену, бұған біздің заңымызды, біздің әкімшілік орындарымызды бейімдеу,— есеп беріліп отырған 1921 жылда біздің басты жұмысымыз осылар болды. Бұл жөнінде жұмыстың қалай дамығанын көрсететін көптеген фактілерді, хабарларды сіздер баспасөзден білесіздер. Менің бұл арада қосымша фактілер келтіруімді немесе белгілі бір цифрларды атап өтуімді сіздер, әрине, менен талап етпейсіздер. Тек қана біздің баршамызды бәрінен гөрі көбірек біріктірген негізгі мәселені, біздің бүкіл революциямыздың және барлық болашақ социалистік революциялардың (егер оларды жалпы дүние жүзілік көлемде алатын болсақ) ең елеулі және ең түбегейлі мәселесі тұрғысынан өте-мөте маңызды мәселені анықтау керек.

Ең түбегейлі, ең елеулі мәселе — жұмысшы табының шаруаларға көзқарасы, жұмысшы табының шаруалармен одағы, ірі фабриканың ұзақ, ауыр, бірақ сонымен қатар игілікті мектебінен өткен алдыңғы қатарлы жұмысшылардың шеберлігі, капитализм езіп-жаныштқан, помещиктер езіп-жаныштқан, өздерінің ескі қайыршылық, мүсәпірлік шаруашылығы езіп-жаныштқан шаруалар бұқарасын өзінің жағына тартатындай етіп істі жолға қою шеберлігі, оларға жұмысшылармен одақтасқан күнде ғана, бұл жолда қандай қиыншылықтарға кездесуге тура келсе де,— ал қиыншылықтар көп және біз бұған көзді жұма алмаймыз,— тек осылай одақ жасалғанда ғана шаруалар помещиктер мен капиталистердің ғасырлар бойындағы езушілігінен құтыла алады деп дәлелдеуі. Жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайту ғана адамзатты жақында болған империалистік қырғын сияқты нәрселерден, қазір біз капиталистік дүниеде көріп отырған тағылық қайшылықтардан жаппай құтқара алады; капиталистік дүниеде орасан бай державалардың шағын, ат төбеліндей аз тобы оз байлығынан тұншығып отыр, ал жер шарының орасан көп халқы мәдениет пен қолда бар бай ресурстарды пайдалануға мүмкіндігі болмай апатқа ұшырап отыр, айпалым тапшылығы салдарынан олардың бұдан құтылар жолы жоқ.

Алдыңғы қатарлы елдер үшін ең басты апат жұмыссыздық болып отыр. Фабрика, фабрикалық қанаушылық, фабрикалық бірлесу сияқты ауыр, бірақ бірден-бір келелі және елеулі мектептен өткен жұмысшы табының және шаруалардың берік одағы ғана бұл жағдайдан құтқарады, одан құтылудың бұдан басқа жолы жоқ. Бұл одақты, саяси және әскери одақты, біз республикамыздың ең ауыр жылдарында басымыздан өткіздік. 1921 жылы бірінші рет біз бұл одақты экономикалық одақ ретінде басымыздан кешіріп отырмыз. Бұл жағынан алғанда біздің істі жолға қоюымыз әлі өте-мөте нашар. Мұны ашық айту керек. Бұл кемшілікті бүркемелемей, оны көре білу керек, оны түзеуге барлық күшті жұмсау керек және біздің жаңа экономикалық саясатымыздың негізі осында жатқандығын түсіну керек. Жұмысшы

табы мен шаруалар арасындағы қатынастарды дұрыс жолға қою үшін тек екі жолды ғана ұсынуға болады. Егер ірі өнеркәсіп гүлденген жағдайда болса, егер ол ұсақ шаруаларды жеткілікті мөлшерде өнімдермен немесе бұрынғыдағыдан артық мөлшерде өнімдермен бірден жабдықтай алатын болса, сонымен, шаруалардан түсіп жатқан ауыл шаруашылық өнімдерінің запастары мен өнеркәсіп бұйымдарының арасында дұрыс қатынастар орнатса,— онда шаруалар толық қанағаттанады, онда шаруалар, басым көпшілігі партияда жоқ шаруалар, осы жаңа тәртіптің капиталистік тәртіптен жақсы екендігін өзінен-өзі мойындайды. Егер шаруаларды барлық қажетті өнімдермен бірден қағанаттандыра алатын гүлденген ірі өнеркәсіп туралы айтатын болсақ, онда бұл жағдай қазірдің өзінде бар; егер мәселені дүние жүзілік көлемде алатын болсақ, дүние жүзін барлық өнімдермен жабдықтай алатын мұндай гүлденген ірі өнеркәсіп жер бетінде бар, бірақ ол іске қосылғанда зеңбіректер жасау, снарядтар және 1914—1918 жылдары соншалық айта қалғандай қолданылған басқа да құралдар жасау үшін ғана іске қосылады, іске басқаша қоса білмейді. Ол кезде өнеркәсіп соғыс үшін жұмыс істеді және оның өз өнімдерімен адамзатты толық жабдықтағаны сонша — осының нәтижесінде кемінде 10 миллион адам қаза болды және кемінде 20 миллион адам мүгедек болып қалды. Оны біз көрдік, әйтсе де XX ғасырдағы соғыс бұрынғы соғыстардай емес.

Социализм атаулыға мүлде дұшпан әрі жат адамдар, социалистік идеяның титтейіне болса да мейірімсіз жау адамдар арасынан, осы соғыстан кейін тіпті бұл соғыста жеңіп шыққан елдерде де, егер тіпті жарық дүниеде оңбаған большевиктер болмаған күнде де, осындай тағы бір соғысқа жол беруге мүмкін болуы екіталай деп анық айтатын дауыстар көптеп естіле бастады. Мұны неғұрлым бай елдердің өкілдері айтуда. Әлгі алдыңғы қатарлы бай ірі өнеркәсіп міне осыған жұмыс істеді. Ол адамдарды мүгедек етуге жұмыс істеді, сөйтіп оның шаруаларды өз өнімдерімен жабдықтау үшін уақыты қалмады. Дегенмен, дүние жүзілік көлемде ондай өнеркәсіп бар деп айтуға біздің хақымыз бар. Жер бетінде

жүздеген миллион мешеу шаруаларды бірден жабдықтай алатын алдыңғы қатарлы ірі өнеркәсіпті елдер бар. Біз мұны өз есебіміздің негізі етіп аламыз. Бізде онсыз да әлсіз болған ірі өнеркәсібімізден не қалғанын сіздер күнбе-күнгі өмірде байқай отырып, басқа кімнен болса да жақсы білесіздер. Мысалы, ірі өнеркәсіптің негізгі базасы болып табылатын Донбасста азамат соғысында соншалықты бүліншіліктер болды және соншалықты империалистік үкіметтер болып өтті (Украина олардың талайын көрді!),— мұның зардабы тимей қоймады, біздің ірі өнеркәсібімізден болымсыз жұрнақтар ғана қалды. Егер мұның үстіне 1921 жылғы егіннің шықпай қалуы сияқты апатты қосатын болсақ, шаруаларды мемлекеттің қолына көшкен ірі өнеркәсіптің өнімдерімен жабдықтау әрекетінен біздің ештеңе шығара алмағандығымыз түсінікті болады. Бұл әрекеттен ештеңе шықпаған соң, шаруалар мен жұмысшылар арасында, яғни егіншілік пен өнеркәсіп арасында, айырбас сияқты, сауда сияқты экономикалық байланыстан басқа байланыс болуы мүмкін емес. Істің мәнісі осында. Азық-түлік салымын азық-түлік салығымен ауыстыру — міне біздің экономикалық саясатымыздың мазмұны осы, мұның мәні әбден түсінікті. Егер шаруаларды өнімдерімен бірден қанағаттандыратындай болып ұйымдаса алатын гүлденген ірі өнеркәсіп болмаса, жұмысшылар мен шаруалардың мықты одағын бірте-бірте күшейту үшін сауда жолынан басқа және егіншілік пен өнеркәсіпті жұмысшы мемлекетінің басшылығымен және бақылауымен қазіргі жағдайынан бірте-бірте көтеру жолынан басқа ешқандай жол жоқ,— бұдан басқа ешқандай жол жоқ. Абсолютті қажеттілік бізді осы жолға әкеп түсірді. Біздің жаңа экономикалық саясатымыздың негізі мен мәні де тек қана осында болып отыр.

Саяси және әскери міндеттерге баса көңіл бөліп, басты күштерді соған жұмсаған дәуірде біз авангардпен тым тез алға ұмтылдық, біз бұдан басқаша істей алмадық, бұл авангардты басқалардың қолдайтынын білдік. Біз жұмысшылар мен шаруалар одағын саясаттағы ұлы өзгерістер саласында, дүние жүзінің үстем державаларына қарсы соғысқа шығып, біздің үш жыл ішінде іс-

теген аса зор ісіміздің саласында жай саяси және соғыс екпіні арқылы қамтамасыз еттік, өйткені әрбір шаруа өзіне ежелгі жауы — помещиктің қарсы тұрғанын, оған қайткен күнде де басқа партиялардың өкілдері көмектесіп отырғанын білді, сезді, түсінді. Сондықтан да бұл одақ сондай берік және жеңілмес одақ болды.

Экономикалық салада бұл одақ басқа негіздерде құрылуға тиіс. Бұл арада одақтың мәні мен формасын өзгерту керек. Егер коммунистік партиядан, кәсіподақтан немесе Совет өкіметіне тілектес жай адамдардан кімде-кім одақтың мәнін және оның формасын осы қажетті өзгертуді байқамай қалса, оның өзіне жақсы емес. Революцияда мұндай байқамаушылыққа жол беруге болмайды. Одақтың формасын өзгертудің қажеттілігі мынадан туып отыр: саяси одақ пен әскери одақты экономикалық салада да әншейін жалғастыра салуға болмайды, өйткені бізде ірі өнеркәсіп әлі жоқ, ол бірде-бір мемлекетте болып көрмеген адам айтқысыз соғыста бүлінген. Ал өнеркәсіп біздің мемлекетімізден анағұрлым шексіз бай және соғыста ұтылмай, қайта, ұтып шыққан мемлекеттерде де осы кезге дейін әлі көтерілген жоқ қой. Жұмысшылар мен шаруалар одағының формасы мен мәнін өзгерту қажет болып шықты. Біз саяси және соғыс дәуірінде жұмысшылар мен шаруалардың тікелей экономикалық одағы бізге мүмкіндік бергенінен гөрі анағұрлым ілгері кетіп қалдық. Біз жауды жеңу үшін осыны істеуге тиісті болдық және біздің мұны істеуге хақымыз да болды. Біз мұны ойдағыдай істедік, өйткені біз жауларымызды сол кезде болған майданда — саяси және соғыс майданында жеңдік, бірақ экономикалық майданда біз толып жатқан жеңілістерге ұшырадық. Бұл арада мұны мойындаудан қорқатын ештеңе жоқ, қайта, біз өз жеңілістеріміз бен кемшіліктерімізді мойындаудан қорықпағанда ғана, біз ақиқаттың, тіпті ең күйінішті ақиқаттың бетіне де тура қараған күнде ғана, міне тек сонда ғана біз жеңуді үйренеміз. Бірінші саладағы, саяси және соғыс саласындағы сіңірген еңбектерімізді біз мақтан етуге праволымыз. Бұл сіңірген еңбектер дүние жүзілік жеңіс болып тарихқа кірді, ол әлі барлық салада өзін көрсетеді. Ал мен сіздерге есеп

беруге тура келіп отырған бір жылдың ішінде экономикалық салада біз жаңа экономикалық саясат жолына енді ғана түстік және бұл жөнінде біз бір адым ілгері бастық. Мұнымен қабат, бұл жөнінен біз енді-енді ғана үйрене бастадық, мұнда да біз кейінге көз жіберіп, тамаша, жоғары, ұлы, бүкіл дүние жүзілік маңызы болған, бірақ ірі өнеркәсіп саласында күйзелген елдің жағдайында, бізден ең алдымен қазір сөзсіз және өте-мөте қажет болып отырған экономикалық байланысты үйренуді талап ететін жағдайда қазір біздің алдымызға қойылып отырған экономикалық сипаттағы міндетті орындай алмаған өткендегі тәжірибемен әуестеніп, толып жатқан қателер жіберіп отырмыз. Бұл байланыс — сауда. Мұның өзі коммунистер үшін өте-мөте ұнамсыз жаңалық. Бұл жаңалықтың өте-мөте ұнамсыз болуы әбден мүмкін, оның ұнамсыз екені тіпті күмәнсыз, бірақ егер біз ұнамдылық немесе ұнамсыздық пікірлеріне сүйенетін болсақ, онда сіз бен біз Керенскийдің Уақытша үкіметінің дәуірінде талай көрген «болар-болмас» социалистер дәрежесіне дейін құлдыраймыз. Бұл сияқты «социалистердің» біздің республикамызда әлі де белгілі бір беделге ие болып жүруі екіталай. Ал біздің күшіміз әрқашан шын арақатынасты есепке ала білуімізде және ол арақатынастар қаншалықты ұнамсыз болса да, онан қорықпауымызда болды.

Дүние жүзілік көлемде ірі өнеркәсіп бар болғандықтан, сондықтан социализмге тікелей өту мүмкін екені даусыз — және де бұл фактіні ешкім бекерге шығара алмайды, сол сияқты соғыста жеңіп шыққан ең гүлденген, бай деген елдерде бұл ірі өнеркәсіптің не тұншығып бара жатқандығын, сөйтіп жұмыссыздықты туғызып отырғандығын, не адамдарды қырып-жою үшін снарядтар жасап шығарумен ғана шұғылданып жатқандығын бекерге шығара алмайды. Ал егер бізде революцияға кірген кездегі мешеулік жағдайдың салдарынан қазір өзімізге керекті өнеркәсіптік даму болмай отырса, онда не істемекпіз — бас тартамыз ба? еңсемізді түсіреміз бе? Жоқ. Біз ауыр жұмысқа кірісеміз, өйткені біздің түсіп отырған жолымыз дұрыс жол. Күмән жоқ, халық бұқарасы одағының жолы — бірден-бір жол, бұл

жолда шаруаның еңбегі мен жұмысшының еңбегі қанаушыға істеген еңбек емес, өзіне істеген еңбек болады. Біздің жағдайымызда осыны жүзеге асыру үшін бірден-бір мүмкін болып табылатын экономикалық байланыс — шаруашылық арқылы байланыс қажет.

Міне біздің шегінуіміздің себебі осы, міне осы себептен біз мемлекеттік капитализмге қарай шегінуге, концессияларға қарай шегінуге, саудаға қарай шегінуге тиісті болдық. Мұны істемесек, өзіміз душар болған күйзеліс тұсында біз шаруалармен тиісті байланысты қалпына келтіре алмаймыз. Мұны істемесек, бізге революцияның алдыңғы отрядының тым озып кетіп, шаруалар бұқарасынан қол үзуінің қаупі туады. Алдыңғы отряд пен шаруалар бұқарасы арасында бірлік болмайды, ал мұның өзі революцияны мерт етер еді. Бұған біз өте-мөте байыпты қарауға тиістіміз, өйткені біздегі жаңа экономикалық саясат деп аталатын нәрсе ең алдымен және бәрінен де бұрын осыдан келіп шығады. Міне сондықтан біз бұл саясатты шындап және ұзақ уақыт жүргіземіз деп бірауыздан айттық, бірақ, әрине, қазірдің өзінде-ақ дұрыс байқалғанындай, өне бойы жүргізе бермейміз. Бұл саясат біздің қайыршылық және күйзеліс халімізден, біздің ірі өнеркәсібіміздің орасан әлсірегендігінен туып отыр.

Мұның өзі бізге қанша қиын болса да, біз қаншама көп қателер істесек те (біз қатені өте-мөте көп істедік), дегенмен іс алға басып келеді, соны көрсету үшін мен қазір ең шағын цифрларды келтірмекшімін. Жолдастар, менің қолымда ішкі сауданың өркендеуі туралы жалпы деректер жоқ, мен Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының айналымы жөніндегі деректерді ғана, үш ай ішіндегі деректерді ғана келтірмекшімін. Міне, сентябрьдің ішінде Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының айналымы алтын есебімен 1 миллион сом, октябрьде — 3 миллион сом, ноябрьде — 6 миллион сом болды. Егер бұл цифрларды абсолюттік цифрлар ретінде алатын болсақ, бұл цифрлар тағы да өте-мөте болымсыз, тым аз цифрлар; мұны тура мойындау керек, өйткені бұл жөнінде жалған үмітке салыну өте-мөте зиянды болады. Бұл — қайыршылық цифрлар, бірақ біз

душар болып отырған күйзеліс жағдайында бұл цифрлар алға басқандық бар екендігін, біздің бұл экономикалық негізге табан тірей алатындығымызды күмәнсыз көрсетеді. Біз,— кәсіподақтар да, коммунистік партия да, басқару аппараты да,— істеп отырған қателер қаншалықты көп болса да, бұл қателерден құтыла алатындығымызға және бірте-бірте құтылып келе жатқандығымызға, біз егіншілік пен өнеркәсіп арасындағы қатынастарды қайткен күнде де қалпына келтіретін жолмен келе жатқандығымызға дегенмен көзіміз жетіп отыр. Біз ең болмаса ұсақ шаруалар шаруашылығының сатысында, егер ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру соншалықты қиын болса, әзірге ұсақ өнеркәсіптің негізінде өндіргіш күштерді өрге бастыруға тиістіміз және өрге бастыра аламыз. Біз табысқа жетуге тиістіміз және біз табысқа жете де бастадық, бірақ бұл арада қарқын басқа және жұмыс жағдайы басқа екенін, бұл арада жеңіске жету қиынырақ екенін есте ұстау керек. Саяси және әскери салада біздің мақсаттарымызға қолымыз қандай шапшаң жете алған болса, бұл арада біз өз мақсаттарымызға ондай шапшаң жете алмаймыз. Бұл арада біз екпіндеп, секіре қарғып ілгерілей алмаймыз және мұнда мерзімнің өзі басқаша — бұл мерзім ондаған жылдармен есептеледі. Экономикалық соғыста және біздің көршілеріміз көмектесіп отырған жағдайда емес, қайта дұшпандық көрсетіп отырған жағдайда міне, осындай мерзімдерде біздің табысқа қол жеткізуімізге тура келеді.

Ал біздің жолымыз — дұрыс жол, өйткені бұл — қалған елдердің бәрі де, ерте болсын, кеш болсын, сөзсіз келіп түсетін жол. Біз осы дұрыс жолмен жүре бастадық. Тек қана әрбір титтей де болса қадамды мұқият салмақтап отыру керек, өзіміздің титтей де болса істеген барлық қателерімізді ескеріп отыру керек, сонда біз бұл жолда өзіміздің көздегенімізге жетеміз.

Енді мен, жолдастар, біздің басты кәсібіміз туралы — ауыл шаруашылығы туралы біраз айтуға тиістімін, бірақ бұл мәселе жөнінде мен жасай алатын баяндамадан гөрі анағұрлым тыңғылықты және толық баяндаманы, сол сияқты ашаршылық жөнінде де сіздерге Калинин

жолдас жасайтын баяндаманы да тыңдайтын боласыздар деп ойлаймын.

1921 жылғы ашаршылықтың біздерге қандайлық көз көріп, құлақ естімеген ауыртпалық әкелгендігі сіздерге әбден мәлім, жолдастар. Ескі Россияның бұл апаттары бізге де сөзсіз шарпуын тигізуге тиіс болды, сондықтан бұдан құтылудың бірден-бір жолы өндіргіш күштерді қалпына келтіру ғана бола алады, бірақ ескі, қайыршылық, ұсақ негізде емес, қайта, жаңа негізде, ірі өнеркәсіп пен электрлендіру негізінде қалпына келтіру құтқара алады. Біздің қайыршылықтан, ұдайы ашаршылықтан құтылуымыздың жолы тек осы ғана, ал бұл жұмыс үшін біздің саяси және әскери жеңістерімізді өлшеген мерзімдеріміз дәл келмейтіндігі бірден-ақ көрініп отыр. Біз жау мемлекеттердің қоршауында болғанмен бұл блокаданы, дегенмен, бұзып өттік: бізге берілген көмек қаншама мардымсыз болса да, біз қайтсе де бірдеңелер алдық. Мұның бәрі қорыта келгенде $2^1/_2$ миллион пұт болды. Бұл — біздің шетелден алған барлық көмегіміз, шетел мемлекеттері ашыққан Россияға мейірбандықпен осындай көмек көрсете алған еді. Біз жәрдем жинау арқылы 600 мың сомға жуық алтын ақша жинай алдық. Бұл — мүлдем түкке тұрғысыз цифр, бұл цифрдан біз европалық буржуазия біздің ашаршылыққа ұшырағандығымызға қандай құлқынқұмарлықпен қарағандығын көреміз. Ашаршылық туралы хабарлар жарияланған бастапқы кезде Мемлекеттік ықпалды адамдардың сәнді, салтанатты түрде: ескі борыштар туралы мәселе көтеру үшін ашаршылықты пайдалану әзәзілдің ісі болар еді деп мәлімдегенін сіздердің бәріңіз, сірә, оқыған шығарсыздар. Әзәзіл қазіргі империализмнен гөрі қорқынышты ма, жоқ па, ол арасын мен білмеймін. Менің білетінім — іс жүзінде нақ былай болып шықты: ашаршылыққа қарамастан, ескі борыштарды бізден ерекше ауыр жағдайларда өндіріп алуға әрекет жасалды. Біз борышты төлеуден бас тартпаймыз және бұл туралы істің мүддесін көздеп сөйлесуге әзір екенімізді салтанатты түрде мәлімдейміз. Бірақ бұл жөнінде ешқандай есепке алмайынша, өзара талаптардың ешқандай есебін айырмайынша, мәселені істің мүддесін көздеп ешбір

талқыламайынша,— сіздердің бәріңіз түсінесіздер, бұл жөнінде де күмән болуы мүмкін емес,— өзімізді кіріптарлыққа түсіруге, бұған біз еш уақытта, ешбір ретте жол бермейміз.

Соңғы күндерде ашаршылыққа қарсы күресу ісінде біз қанша айтқанмен өте елеулі табысқа жеткенімізді мен сіздерге хабарлауға тиістімін. Америкада Россиядағы ашыққандарға көмектесу үшін 20 миллион доллар қаржы бөлінгенін, АРА — ашыққандарға көмектесетін американ ұйымы — өзі көмектесетін шарттар негізінде көмектесетін болса керек, мұны сіздер, сірә, газеттерден оқығап шығарсыздар. Жуырда Красиннен: егер біз нақ осы мақсатқа өзімізден 10 миллион доллар (алтынмен 20 миллион сом) жұмсауға келісетін болсақ, Америка үкіметі үш ай ішінде әлгі 20 миллион долларға біздің азық-түлік пен тұқым алуымызға ресми кепілдік беруді ұсынады деген телеграмма алынды. Біз дереу ондай келісімді бердік және бұл телеграф арқылы хабарланды. Сірә, бастапқы үш айдың ішінде біз ашыққандарды 30 миллион доллардың, яғни алтынмен 60 миллион сомның азық-түлігімен және тұқымымен қамтамасыз етеміз деп айтуға болар. Бұл, әрине, аз, бұл өзіміз душар болған адам айтқысыз апаттың орнын әсте толтыра алмайды. Мұны сіздердің бәріңіз өте жақсы түсінесіздер. Бірақ, қайткен күнде де, мұның өзі қанша айтқанмен көмек болады, сөз жоқ, бұл көмек асқынған мұқтаждық пен асқынған ашаршылықты жеңілдетуге септігін тигізеді. Ал егер біз ашаршылыққа ұшыраған жерлерді күздің өзінде-ақ тұқыммен жабдықтау ісінде және жалпы егіс көлемін ұлғайтуда белгілі бір табысқа жете алған болсақ, көктемде біздің бұдан да гөрі үлкен табысқа жетуге үмітіміз бар.

Күзде бізде шамамен алғанда: ашаршылыққа ұшыраған губернияларда күздік егістің 75 проценті, ішінара егін шықпай қалған губернияларда — 102 проценті, өндіруші губернияларда — 123 проценті, тұтынушы губернияларда — 126 проценті егілді. Мұның өзі қайткен күнде де мынаны көрсетеді: біздің жағдайымыз қаншама адам айтқысыз ауыр болса да, егіс көлемін ұлғайту және ашаршылыққа қарсы күресу ісінде біз қанша айт-

қанмен шаруаларға азды-көпті көмек көрсеттік. Ал қазіргі қалыптасқан жағдайда, жаздық егіске тұқым себу кезінде шаруаларға елеулі көмек көрсетеміз деп біз ешбір асырмастан және қателесеміз деп қорықпастан айтуға праволымыз. Қайталап айтайын, бұл көмек ешбір ретте толық көмек болмайды. Бүкіл мұқтаждықтың орнын толтыру үшін біздегі қолда бардың бәрі ешбір жағдайда жетпейді. Мұны тура айту керек. Сондықтан да бұл көмекті ұлғайту үшін одан бетер күш жұмсау керек болады.

Мен бұл жөнінде біздің азық-түлік жұмысымызға қатысы бар қорытынды цифрларды хабарлауға тиістімін. Жалпы және тұтас алғанда, азық-түлік салығы, барлық шаруаларды тегіс алғанда, шаруалардың күллі бұқарасына жеңілдік берді. Мұның өзі дәлелдеп жатуды керек етпейді. Әңгіме шаруадан қандай мөлшерде астық алынғанында ғана емес, қайта шаруаның азық-түлік салығы кезінде өзін неғұрлым қамтамасыз етілген деп сезінгенінде және оның шаруашылыққа деген ынтасының артқанында болып отыр. Өндіргіш күштер артып отырған жағдайда азық-түлік салығы ұқыпты шаруаға анағұрлым кең жол ашты. Есеп беріліп отырған жыл ішінде азық-түлік салығын жинаудың қорытындысы жалпы алғанда мынадай: біз сәтсіздікке ұшырамау үшін барлық күшімізді жұмсау керек деп айтуға тиістіміз.

Азық-түлік халық комиссариатынан алынған соңғы деректер бойынша мен сіздерге хабарлай алатын жалпы, ең қысқа қорытындылар осындай. Бізге кем дегенде 230 миллион пұт керек. Оның ішінде 12 миллион пұт ашыққандарға, 37 миллион пұт тұқымға және 15 миллион пұт резерв қорына; ал біз 109 миллион пұтты азық-түлік салығынан, 15 миллион пұтты диірмен ақыдан, $12^1/_2$ миллион пұтты тұқым қарызын қайтарудан, $13^1/_2$ миллион пұтты товар айырбасынан, 27 миллион пұтты Украинадан және 38 миллион пұтты шетелден ала аламыз (мен сіздерге жаңа айтқан операцияны есепке алғанда біз 30 миллион пұтты аламыз деп есептегенде, 38 миллион пұт болады, мұның 8 миллион пұтын сатып аламыз). Жиынғы — 215 миллион пұт. Сөй-

тіп, дегенмен, бәрібір тапшылық болады, резервке бірде-бір пұт астық қалмайды. Ал біз әлі шетелден сатып ала аламыз ба,— бұл арасы белгісіз. Ашаршылықтан зардап шеккен шаруаларға ауыртпалықты неғұрлым аз салу үшін біздің азық-түлік жоспарымыз қазір артық-кемі жоқ дәл жасалған. Біз азық-түлік жоспары барынша көп бөлінген болуы үшін ұзақ уақыт бойы орталық совет мекемелерінде барлық күшті жұмсадық. Егер біз 1920 жылы мемлекеттің асырауында 38 миллион адам бар деп есептеген болсақ, қазір біз бұл цифрды 8 миллионға дейін кеміттік. Міне, бұл жөнінде біз осыншама қысқартуға дейін бардық. Ал бұдан шығатын қорытынды біреу ғана: азық-түлік салығы 100 процент мөлшерінде, яғни қайткен күнде де толық жиналуға тиіс. Соншама көп азап шеккен шаруалар үшін мұның өзі үлкен ауыртпалық екенін біз ешбір ұмытпаймыз. Қазір азық-түлік салығын қайткенде де 100 процент жинау сияқты міндеттің мәнісі не екені менен гөрі бүкіл азық-түлік жұмысын өз мойнымен көтерген жергілікті орындардағы жолдастарға жақсырақ мәлім, мұны мен өте жақсы білемін. Алайда мен үкімет атынан, біздің жұмысымыздың 1921 жыл ішіндегі қорытындысы ретінде сіздерге мынаны айтуға тиістімін: бұл міндетті орындау керек, жолдастар, бұл қиыншылыққа бел байлау керек және бұл ауыртпалықты жеңу қажет. Әйтпесе біздің транспорт пен біздің өнеркәсіп ісінде ең негізгі, ең қарапайым нәрсе қамтамасыз етілмейді, ең аз деген өте-мөте керекті бюджет қамтамасыз етілмейді, ал мұнсыз жаулардың қоршауындағы және орасан тұрақсыз халықаралық тепе-теңдік тұсындағы біздің жағдайымызда өмір сүру мүмкін емес.

Империалистік соғыс пен азамат соғысында азап шеккен, барлық елдердің билеуші таптары қудалаған біздер душар болған жағдайдан орасан көп күш жұмсамай құтылатын жол жоқ және болуы да мүмкін емес, сондықтан күйінішті шындықтан қорықпай, мынаны әбден ашық айту керек және съезд атынан жергілікті орындардағы барлық қызметкерлерге нысықтап былай деп айтып беру керек: «Жолдастар, Совет республикасының бүкіл өмір сүруі, транспорт пен өнеркәсіпті қал-

пына келтіру жөніндегі біздің бүкіл ең қарапайым жоспарымыз біздің жалпы азық-түлік программасын орындауымызға келіп тіреледі. Сондықтан азық-түлік салығын 100 процент жинау сөзсіз қажеттілік болып табылады».

Жоспар туралы айта келіп, мен бізде мемлекеттік жоспардың жайы практикалық жағынан қалай болып шыққандығына көшпекпін. Мен отыннан бастаймын, өнеркәсіптің наны болып табылатын, біздің бүкіл өнеркәсіптік жұмысымыздың негізі болып табылатын нәрседен бастаймын. Біздің Госпланның — Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының — жұмысы жөніндегі материалдарды сіздер, сірә, бүгін алған шығарсыздар немесе таяудағы күндерде аларсыздар. Сіздер электротехниктердің съезі туралы есепті аласыздар; бұл съезд өте елеулі және өте бай материал берді, біздің ірі өнеркәсібімізді қалпына келтіру үшін кемінде 10—15 жылдың ішінде орындауды керек ететін, ғылыми жағынан тексерілген, ең қысқа және ең төте бірден-бір жоспар болып табылатын жоспарды Россияның маңдайалды техникалық және ғылыми күштерімен тексерді. Біздің практикалық жұмысымызда санасуға тиісті болатын мерзімдер саяси және әскери жұмыс саласында біз көрген мерзімдердей емес, қазір басқаша деп мен айтып өттім және қайталап айта беруден жалықпаймын. Коммунистік партияның және кәсіподақтардың өте көп басшы қызметкерлері мұны ұғынды, ал мұны барлық қызметкерлер ұғынатын болуы керек. Айтпақшы, Кржижановский жолдастың сіздерге ертең таратылатын кітапшасынан — Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының қызметі туралы есептен — сіздер инженерлер мен агрономдардың коллективтік ой-пікірі тұрғысынан қарағанда, жалпы алғанда біздің мемлекеттік жоспарымыз туралы мәселе қалай қойылып отырғандығын көресіздер. Сіздер инженерлер мен агрономдардың, айталық, біздің қандай шекке дейін шегіне алатынымызды есептей отырып, іске қалай қарайтындығын,— сіздер мен біздер үшін дағдылы жалпы саяси немесе жалпы экономикалық тұрғыдан емес, қайта коллективтік тәжірибе тұрғысынан қарайтындықты,— көресіздер. Сіздер бұл кі-

ташадан жоғарыдағы сұраққа инженерлер мен агрономдардың көзқарасы тұрғысынан жауап табасыздар, одан да бағалысы мынау: сіздер бұл кітапшадан, біздің жалпы жоспарлаушы мемлекеттік мекемеміздің есеп беріп отырған жылдың ішіндегі жұмысының нәтижесі ретінде, оның транспорт пен өнеркәсіп мәселесін қалай көтеріп отырғандығы жөніндегі есепті көресіздер. Менің қазір бұл жұмыстың мазмұнын баяндай алмайтынным сіздерге түсінікті болар.

Менің отын жоспарының жайы қандай екендігі туралы мәселеге мүлде қысқаша ғана тоқталып өткім келеді, өйткені есеп беріліп отырған 1921 жылдың бас кезінде бұл салада біз мейлінше қатты күйзеліске ұшырадық. Дәл осы арада, 1920 жылдың аяғында істің жақсарғандығына арқа сүйеп, біз есебімізден мықтап жаңылдық және 1921 жылғы көктемде транспортты орасан зор дағдарысқа ұшыраттық, бұл дағдарыс материалдық құрал-жабдықтардың тапшылығынан ғана емес, қайта, даму шапшаңдығының қарқынын біздің дұрыс есептемегендігімізден де болды. Қате сол кездің өзінде-ақ білінді: біз саяси және соғыс дәуірінде қол жеткен тәжірибені шаруашылық міндеттеріне көшірдік,— өте үлкен қате, түбегейлі қате, бұл қатені біз осы уақытқа дейін әрбір қадам басқан сайын қайталап келеміз, жолдастар. Қазір бізде қате көп және мынаны айту керек: егер біз бұл қателерді мойындамасақ және біз бұл қателерді қайткен күнде де түзейтін болмасақ, бізде шаруашылықтың жақсаруы баянды болмақ емес. Біз басымыздан кешірген сабақтан кейін 1921 жылдың екінші жартысына арналған отын жоспарын енді өте-мөте сақтықпен белгілеп отырмыз, мұнда титтей де болса асыра белгілеушілікке жол беруге болмайды деп санаймыз және бұған қарсы барынша күресеміз. Отын жинау жөніндегі біздің барлық мекемелерімізге басшылық ететін Смилга жолдастың маған хабарлағанындай, декабрьдің аяғындағы әлі толық емес цифрлар мынаны көрсетеді: бұл арада бізде дефицит бар, бірақ бұл енді мардымсыз дефицит, оның үстіне біздің отын бюджетіміздің ішкі құрылымының жақсарғандығын көрсететін дефицит, техниктер нақ минералдандыру деп атайтын

дефицит, яғни Россияны минералды отынмен жабдықтаудағы үлкен табыс, ал социалистік қоғам үшін база бола алатын ірі өнеркәсіпті минералды отын негізінде ғана берік жолға қоюға болады.

1921 жылдың екінші жартысының бас кезінде біздің отын жоспарымыз былайша есептелген болатын. Егер 2 700 000 текше сажень отынды 7000 шартты калориялық отынға шақсақ,— біз әрқашан осылай істейміз және Кржижановскийдің сіздерге таратылатын кітапшасының 40-бетінде осылай істелген,— онда біз 297 миллион пұт отын аламыз деп есептейміз. Қазір цифрлар біздің 234 миллион пұттай отын алғанымызды көрсетіп отыр. Бұл арада орасан көп отын жетіспейді, бұған мен сіздердің назарыңызды аударуға тиістімін. Біз есеп беріліп отырған жылдың ішінде біздің отын мекемелеріміздің ағаш отын жөніндегі жұмысына өте ұқыпты қарап келдік. Ал нақ осы жұмыс шаруалар шаруашылығының жағдайына бәрінен де гөрі көбірек байланысты. Нақ осы арада шаруаға және оның көлігіне барлық ауыртпалық түседі. Мұнда отынның тапшылығы, жемшөптің тапшылығы және т. т. жұмысқа өте-мөте әсерін тигізеді. Міне сондықтан тапшылық пайда болады. Міне сондықтан қазір, біз қысқы отын дайындау науқанының бас кезінде тұрғанымызда, менің тағы да: жолдастар, жергілікті орындарға бұл салада барынша мықтап күш жұмсайық деген ұранды айтып барыңдар деуіме тура келеді. Өзіміздің отын бюджетіміз саласында біз өнеркәсіпті өркендету үшін өте-мөте қажеттіні ғана ең кем деген мөлшерде есептедік, ал осы кем деген мөлшерді қайткен күнде де, қандай ауыр жағдайда болса да орындап шығу керек.

Содан соң. Біз көмірді 143 миллион пұт аламыз деп есептеп едік, ал алғанымыз 184 миллион пұт, мұның өзі табыс, біздің отынды минералдандырудың прогресі, Донбасстың және басқа мекемелердің прогресі; мұнда бірқатар жолдастар мейлінше жанқиярлық жұмыс істеді және ірі өнеркәсіпті жақсартуда практикалық нәтижелерге жетті. Мен сіздерге Донбасс жөнінде бір-екі цифр келтірейін, өйткені бұл — біздің бүкіл өнеркәсібіміздің негізі, ірі орталығы. Мұнайды біз 80 миллион

пұт алмақшы болып есептедік, шартты отынға шаққанда ол 120 миллион пұт болады. Шымтезекті 40 миллион пұт (шартты отынға шаққанда 19 миллион пұт) алмақшы болып есептеген едік, 50 миллион пұт алдық. Барлығы 579 миллион пұт алмақшы болып есептеген едік, сірә, ең көп дегенде 562 миллион пұт алуымызға болатын шығар. Жалпы алғанда, отын жөнінде тапшылық бар. Рас, бұл тапшылық онша үлкен емес, бәлкім, 3—4 процент шығар, бірақ, қайткен күнде де, бұл—тапшылық. Қайткен күнде де, осының бәрі ірі өнеркәсіп үшін тікелей қатер болып табылатындығын мойындау керек, өйткені белгіленген минимумнан бірдеңелер орындалмай қалады. Мен бұл мысал арқылы сіздерге мынаны аңғарттым ғой деп ойлаймын: біріншіден, біздің жоспарлаушы мекемелеріміз жұмысты бекерге істеген жоқ және біздің жоспарларымызды орындау кезеңі жақындай бастады, ал сонымен қатар бұл мысал мынаны көрсетеді: біз әрең деп көтеріле бастадық, бұл жағынан алғанда біздің шаруашылық жағдайымыздың ауырлығы, қиындығы әлі адам айтқысыз орасан зор, сондықтан да біздің съезіміз өз жұмысын жүргізгенде және аяқтағанда, оған қатысушылар жергілікті орындарға тарағанда негізгі ұран, негізгі жауынгерлік жар салу, негізгі шақыру мынау болып табылады: өнеркәсіп жұмысы саласында да, ауыл шаруашылық жұмысы саласында да, ол жұмыс қаншалықты ауыр болса да, әлі де барынша күш салу керек. Республика үшін, жұмысшылар мен шаруалар өкіметін ұстап қалу, сақтау, нығайту үшін бұл жөнінде мейлінше жан аямай еңбек етуден басқа құтылу жолы жоқ. Біздің талай табыстарға жеткенімізді, мәселен, әсіресе Донбасс көрсетті, мұнда ірі өнеркәсіп саласында Пятаков жолдас сияқты, ұсақ өнеркәсіп саласында ұсақ өнеркәсіпті бірдеңелер бергендей етіп тұңғыш рет жолға қоя білген Рухимович жолдас сияқты жолдастар мейлінше берілгендікпен, мейлінше табысты жұмыс істеді. Ірі өнеркәсіпте забойшының жұмыс өнімі соғыстан бұрынғы нормаға жетті, бұрын бізде бұл болған жоқ-ты. Егер біз 1920 жылды алатын болсақ, Донбасстың бүкіл өнімділігі 272 миллион пұт деп есептелінді. Ол 272 миллион пұт деп есеп-

телген еді, ал 1921 ж. 350 миллион пұт деп есептеліп отыр. Соғыстан бұрынғы уақытта ең көбі 1 миллиард 700 миллион болған цифрмен салыстырғанда бұл цифр өте-мөте аз. Бірақ бұл дегенмен бірдеңе бар деген сөз. Мұның өзі ілгері қарай елеулі қадам жасалғандығын көрсетеді. Бұл дегенмен ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру ісінде ілгері басқан қадам деген сөз, ал біз ірі өнеркәсіпті қалпына келтіруде құрбандықтарға барудан аянып қала алмаймыз.

Енді металлургия туралы бір-екі ауыз сөз айтайын. Бұл жағынан біздің жағдайымыз өте ауыр. Біз соғыстан бұрынғы уақытта өндіргеніміздің, бәлкім, не бары 6 процентін өндіріп отырған болармыз. Империалистік соғыс пен азамат соғысы Россияны міне осындай бүліншілікке, міне осындай қайыршылыққа ұшыратты! Бірақ біз, әрине, көтеріліп келеміз. Бізде Югосталь[135] сияқты орталықтар құрылып жатыр, мұнда Межлаук жолдас та мейлінше беріле жұмыс істеуде. Біздің жағдайымыз қаншама ауыр болса да, біз бұл арада зор табысты көріп отырмыз. Біз 1921 жылдың бірінші жартысында ай сайын 70 мың пұт шойын балқытқан едік, октябрьде 130 мың пұт балқытылды, ноябрьде 270 мың пұт болды, яғни торт еседей артық. Бізде үрейленушілікке салынуға негіз жоқ екенін көріп отырмыз. Мен келтірген цифрлар тым төмен, қайыршылық дәрежені көрсететіндігін біз өзімізден ешбір жасырмаймыз, бірақ біз осы цифрлармен мынаны қайткенде де дәлелдей аламыз: 1921 жыл қаншалықты ауыр болса да, жұмысшы және шаруа табына қандай ерекше ауыртпалықтар түссе де, дегенмен, біз көтеріліп келеміз, біз дұрыс жолда тұрмыз және барлық күшімізді сарқа пайдаланып, біз бұдан да гөрі жоғары көтерілеміз деп үміттене аламыз.

Менің бұған қоса электрлендірудегі табыс туралы кейбір деректерді хабарлағым келеді. Амал қанша, әзірге біздің ірі табысқа қолымыз жеткен жоқ. Мен IX съезді Совет өкіметі салған екінші ірі электр орталығының ашылуымен құттықтай аламын ғой деп есептеген едім: біріншісі — Шатурка, ал екіншісі — жаңа орталық — Кашира станциясы, оны біз нақ декабрьде ашпақшы болған едік[136]. Ол бірінші кезекте 6000 киловатт

берер еді және бере алады, біздің Москвада бар 18 мың киловатқа қоса мұның өзі үлкен көмек болар еді. Бірақ бұл арада толып жатқан кедергілер кездесіп, 1921 жылы декабрьде біз бұл станцияны аша алмайтын болып отырмыз. Ол ең қысқа мерзім ішінде, ең әрі кеткенде бірнеше аптадан кейін ашылады. Сіздер жуырда «Экономическая Жизньде» басылған және Бүкіл россиялық электротехникалық VIII съездің ірі қызметкерлерінің бірі, біздің жалпы ең ірі қызметкерлеріміздің бірі инженер Леви қол қойған есепке, сірә, назар аударған шығарсыздар. Бұл есептен мен сіздерге тек мына қысқаша цифрларды ғана келтірейін: егер 1918 және 1919 жылдарды қосып алсақ, бізде бұл мерзім ішінде қуаты $3^1/_2$ мың киловатт 51 станция ашылды. Егер 1920 және 1921 жылдарды қосып алсақ, онда қуаты 12 мың киловаттық 221 станция ашылды. Егер бұл цифрларды Батыс Европамен салыстыратын болсақ, онда, әрине, бұл цифрлар мүлде мардымсыз, қайыршылық цифрлар болып көрінеді. Бірақ бұл цифрлар бірде-бір елде бұрынсоңды болмаған қиыншылықтарға қарамастан істің алға баса алатындығын көрсетеді. Деревняда ұсақ станциялардың көбеюі едәуір маңызды роль атқарды. Турасын айту керек, мұнда ұсақ бөлшекке бөліну өте жиі болды. Бірақ осы ұсақ бөлшекке бөлінуде де біраз пайда бар. Осы ұсақ станциялар арқылы деревняда қазіргі жаңа ірі өнеркәсіптің орталықтары құрылды. Бұлар мардымсыз бола тұрса да, Россияның қол еңбегіне қарап қалмайтындығын, өзінің жабайы ағаш соқасымен тұрып қалмайтындығын, қайта, басқа заманаларға қарай алға басатындығын шаруаларға дегенмен көрсетіп отыр. Сөйтіп, біз Россияны басқа базаға қоюға тиістіміз және қоя аламыз деген ой шаруалар бұқарасын бірте-бірте баурай түсіп отыр. Мен бұдан бұрын айтып өттім, мұның мерзімі ондаған жылдармен өлшенеді, бірақ жұмыс қазірдің өзінде-ақ басталды, бір жағынан, бізде ұсақ станциялар ірі станциялардан гөрі тезірек өсіп отыр, осының арқасында да шаруалар бұқарасының сана-сезімі өсіп келеді. Ал егер 1921 жылы біз бір ірі электр станциясын ашуда кешеуілдеп қалған болсақ, 1922 жылдың басында ондай станция екеу болады:

Москва түбінде Кашира станциясы және Питер түбінде Уткин Шығанағы станциясы[137] болады. Бұл жағынан алғанда, егер біз міндеттерімізді орындауға бұрынғыша жан аямай ұмтылып отырсақ, қайткен күнде де, өзіміздің алға басатын қозғалысымызды қамтамасыз ететін жолда тұрмыз.

Тағы бір табыс туралы — біздің шымтезек жөніндегі жұмысымыздағы табысымыз туралы бір-екі ауыз сөз айтайын. Бізде шымтезек өндіру 1920 жылы 93 миллион пұтқа жетті, 1921 жылы 139 миллион пұт болды, бұл — біз соғыстан бұрынғы нормадан әлдеқайда асып түскен, бәлкім, бір ғана сала шығар. Шымтезек саласында біздегі байлық ұшан-теңіз, мұндай байлық дүние жүзінде бірде-бір елде жоқ. Бірақ бұл жұмыс жалпы алғанда өте ауыр, ал нақ Россияда орасан ауыр болды, сол себепті мұнда да зор қиыншылықтар болды және ол қиыншылықтар ішінара әлі де бар. Шымтезек бас комитетінде Радченко, Меньшиков және Морозов жолдастар ойлап тапқан шымтезек өндірудің гидравликалық әдісі бұл жұмысты жеңілдетеді. Бұл жөнінде зор табысқа қол жетті. 1921 жылы не бары 2 шымтезек насосы — жұмысшыларды осы уақытқа дейін шымтезек өндірумен байланысты болған азабы мол еңбектен құтқаратын, шымтезекті гидравликалық әдіспен өндіретін аппараттар жұмыс істеді. Қазір Германияға заказ берілді және 1922 жылға дейін 20 аппарат әкелінеді. Алдыңғы қатарлы европалық елмен ынтымақтастық басталды. Қазір бізде бұл істі өркендетуге мүмкіндік туып отыр, мұны елемеуге болмайды. Россияда барлық жердегіден де батпақтар көп және шымтезек қоры мол, сондықтан жұмысшылардың біразы ғана барған және тек біразы ғана бара алған бұл азабы мол еңбекті неғұрлым қалыпты еңбекке айналдыруға қазір мүмкіндік туды. Қазіргі алдыңғы қатарлы мемлекетпен — Германиямен — практикалық ынтымақтастыққа қол жетті, ал онда қазірдің өзінде-ақ заводтарда бұл еңбекті жеңілдететін аспаптар жасалып жатыр, бұл аспаптар 1922 жылы қалайда іске қосылады. Осы жағдайға біздің назар аударуымыз керек. Егер барынша күш жұмсасақ, еңбекті механикаландырсақ, Россияда экономикалық дағдарыстан құты-

луға біздің басқа қай мемлекеттен болса да зор мүмкіндігіміз бар деген ойды бәріміз білсек және бәріміз таратсақ, бұл салада біз көптен-көп іс тындыра аламыз.

Енді менің өзіміздің экономикалық саясатымыз саласындағы істің тағы бір жағын баса көрсеткім келеді. Біздің жаңа экономикалық саясатымызға баға бергенде өте-мөте маңызды болуы мүмкін нәрсеге назар аудару жеткіліксіз. Әрине, жаңа экономикалық саясаттың мәні —пролетариат пен шаруалардың одағы, оның мәні— авангардтың, пролетариаттың қалың шаруалар бұқарасымен бірлігі. Жаңа экономикалық саясат арқасында өндіргіш күштердің өркендеуі,— қайткен күнде де, дереу, осы қазір өркендеуі,— басталды. Жаңа экономикалық саясаттың тағы бір жағы — үйренуге мүмкіндік бар. Жаңа экономикалық саясат дегеніміз біз шаруашылықты жүргізуге шындап үйрене бастайтын форма, ал бұл жөнінде осы уақытқа дейін де біз тіпті нашар жұмыс істеп келдік. Әрине, сауда қазір біздің экономикалық өмірімізге сын, пролетариаттың алдыңғы қатарлы отрядының шаруалармен бірден-бір мүмкін болған бірлігі, жалпы майдан болып экономикалық өрлеуді бастаудың бірден-бір мүмкін болған жалғасы деп ойлау еңбекшілер бұқарасының коммунистік басшысына, кәсіподақ басшысына қиын-ақ. Егер мемлекеттің және соттың бақылауымен сауда жасайтын кез келген көпесті алатын болсақ (бізде сот пролетарлық сот, сондықтан бізде сот әрбір жекеше кәсіпкерді қадағалай біледі, сөйтіп олар үшін заңдар буржуазиялық мемлекеттердегідей жазылмауын көздейді; жақында Москвада осындай мысал болды[138] және біздің заңдарымызды жекеше кәсіпкер мырзалардың бұзу әрекеттерін қатаң жазалай отырып, біздің мұндай мысалдар санын көбейтетінімізді сіздердің бәріңіз жақсы білесіздер), онда біз сол әлгі көпестің, сол әлгі жекеше кәсіпкердің жүз процент пайда алу үшін істі істей білетіндігін,— айталық, өнеркәсіп үшін шикізат сатып ала білетіндігін көреміз,— ал ешбір коммунист пен кәсіподақ қызметкері мұны екінің бірінде істей білмейді. Міне, жаңа экономикалық саясаттың маңызы да осы. Үйреніңдер. Бұл үйрену — өте елеулі үйрену,

біздің бәріміз оны істеуге тиістіміз. Бұл үйрену ерекше қатал. Ол мектепте лекция оқу немесе белгілі бір емтихан тапсыру емес. Бұл — қайыршылық жағдайында, көз көріп құлақ естімеген ауыртпалықтар, қиыншылықтар, нанның жоқтығы, аштыққа ұшырап, суыққа тоңған жағдайда қойылған ауыр, қатал экономикалық күрес проблемасы, бірақ бұл нағыз үйрену, біз мұны істеуге тиістіміз. Бұл арада осы міндеттен іргені аулақ салуға тырысатын әрекеттің қандайы болса да, бұл арада біз аулақпыз деп көз жұмуға тырысатын әрекеттің қандайы болса да ең қылмысты және ең қауіпті, коммунистік және кәсіподақтық менмендік болады. Бұл күнә, жолдастар, бәрімізде де бар, Советтік Россияны басқарушылардың бәрінде де бар, ал бұл кемшіліктен арылу үшін оны мейлінше ашық мойындау керек.

Біз өзіміздің экономикалық құрылысымыздың міндетіне кешегі тәжірибенің негізінде кірісіп отырмыз, ал біздің түбегейлі қатеміздің өзі нақ осында жатыр. Бұл арада мен сіздерге француздың бір мәтелін келтірейін, бұл мәтел әдетте адамдардың кемшіліктері олардың жақсы қасиеттерімен байланысты болады дегенді айтады. Адамның кемшіліктері оның жақсы қасиеттерінің жалғасы тәрізді. Бірақ, егер адамның жақсы қасиеттері керегінен артық болса, керек уақытында байқалмай, керек емес уақытында, керек жерінде емес, керексіз жерінде байқалса, онда бұл жақсы қасиеттері кемшіліктер болып табылады. Бәлкім, сіздердің әрқайсыңыз дерлік өз өмірлеріңізде және жалпы алғанда мұны байқаған шығарсыздар, ал біз революциямыздың, партиямыздың және партияның ең басты тірегі болып табылатын кәсіподақтарымыздың бүкіл дамуында да, Советтік Россияны басқарып отырған бүкіл аппаратта да біз қазір мұны, өзіміздің жақсы қасиеттеріміздің жалғасы тәрізді болған бұл кемшілікті, біз байқап отырмыз. Саяси және әскери салада біз бүкіл дүние жүзілік-тарихи қадам жасағандығымыз аса ұлы қасиет болды, бұл екі заманның ауысуы ретінде бүкіл дүние жүзілік тарихқа кірді. Біздің тағы да қандай азаптарға төтеп беруімізге тура келетін болса да, бізден мұны ешкім кейін қайта-

рып ала алмайды. Империалистік соғыстан және өзіміз ұшыраған апаттардан біз пролетарлық революцияның арқасында ғана, ескі құрылыстың орнына советтік құрылыс келгендігінің арқасында ғана құтылып шықтық. Мұны кейін қайтарып алуға болмайды, бұл — тапжылмас, даусыз және ажырағысыз жақсы қасиет, біздің жауларымыз қандайлық күш жұмсап, тегеурін жасаса да мұны тартып ала алмайды, бірақ егер мұны керек жерінде жалғастырмай, керексіз жерінде жалғастырса, ол ең қауіпті кемшілікке айналады.

Саяси міндеттер мен әскери міндеттерді жұмысшылар мен шаруалар сана-сезімінің осы сатысында энтузиазмды арттыру арқылы шешуге болатын еді. Өздерін империалистік соғыс тұншықтырып бара жатқандығын олардың бәрі түсінді; мұны түсіну үшін сана-сезімнің жаңа сатысына, ұйымдастырудың жаңа сатысына өрлеудің қажеті болған жоқ. Бұл міндеттерді шешуге революция ісейтін және оның істей алатын істерінің ескерткіші болып келген және мәңгі ескерткіші болып қалатын энтузиазм, тегеурін, ерлік көмектесті. Біз өзіміздің саяси және әскери табысымызға міне осы арқылы жеттік, ал осы жақсы қасиет қазір біздің ең қауіпті кемшілігімізге айналып барады. Біз кейінге қараймыз да, шаруашылық міндеттерді де осылай шешуге болады ғой деп ойлаймыз. Ал қатенің өзі де дәл осында: жағдай өзгерген кезде және біз басқа түрдегі міндеттерді шешуге тиісті болған кезде, бұл арада кейінге қарауға және міндеттерді кешегі тәсілмен шешемін деп тырысуға болмайды. Әуре болмаңыздар — шеше алмайсыздар! Міне осы қателікті біз сезіп-білуіміз керек. Совет қызметкері ретінде болсын, кешегі күнгі жауынгерлер ретінде болсын ұстамдылықты, ауыр сындарды, ұзақ жұмысты, ұқыптылықты және қажырлылықты керек ететін ауыр, көп жылдық шаруашылық қара жұмыстан бойын аулақ салған, кешегі күні біз ұлы іс істедік деген сылтаулармен құтылып кетіп жүрген коммунистік қызметкерлер мен кәсіподақ қызметкерлері,—сіздер «Римді сақтап қалдық» деп менменсіген қаздар жайындағы мысалды есіме түсіресіздер; бұған жауап ретінде: «Бабаларыңды қайтесіңдер, өздерің не бітіріп едің-

дер?»,— деп шаруа оларды бір шыбықпен айдаған ғой. 1917—1918—1919—1920 жылдарда біз саяси және әскери міндеттерімізді ерлікпен және табыспен орындап, бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа заманының негізін қаладық, мұны ешкім бекерге шығара алмайды. Бұл— біздікі және партияда да, кәсіподақтарда да мұны бізден ешкім тартып алайын деп отырған жоқ,— бірақ совет қызметкерлерінің алдына және кәсіподақ қызметкерлерінің алдына қазір басқа міндет қойылып отыр.

Қазір сіздер капиталистік державалардың қоршауындасыздар; олар сіздерге көмектеспейді, қайта бөгет жасайды, қазір сіздер қайыршылық, бүліншілік, аштық пен апат жағдайында жұмыс істеп отырсыздар. Не жұмысты айлап емес, он жылдап есептей отырып, азап шеккен және күнбе-күнгі жұмыста революциялық-қаһармандық қарқынмен жұмыс істей алмайтын бұқараға сүйене отырып, өзге қарқынмен жұмыс істеуді үйреніңдер,— не осыны үйреніңдер, не сіздерге қаздар деген атақ берілуі әділ болады. Кәсіподақ қызметкері мен саяси қызметкердің қайсысы болса да, жалпы сөз ретінде: міне, біз, кәсіподақтар, біз, коммунистік партия, басқарып отырмыз десе, бұл— жақсы. Саяси және әскери салада біз жақсы басқара алдық, ал шаруашылық саласында біз мұны мүлде жаман істеп отырмыз. Осыны мойындау керек те, жұмысты жақсырақ істеу керек. Кәсіподақтар өндіріске қатысуға тиіс пе деген мәселені жалпылама түрде қоятын қандай да болса кәсіподаққа мен былай дер едім: мылжыңдауды қойыңыз (қол шапалақтау), онан гөрі маған мына сұраққа практикалық тұрғыдан жауап беріңізші және мынаны айтыңызшы (егер сіз жауапты қызмет орнында болсаңыз, беделді адам, коммунистік партияның немесе кәсіподақтың қызметкері болсаңыз): қай жерде сіз өндірісті жақсы жолға қойдыңыз, оны жолға қоюға қанша жыл уақыт жұмсадыңыз, сізге қанша адам бағынады — бір мың ба әлде он мың ба, шаруашылық жұмысқа, 20 істі қолға алып, қол тимегендіктен бірде-біреуін аяқтамай тастаған жұмысқа емес, сіз ақырына дейін жеткізген жұмысқа кімдерді қоясыз, сол адамдардың маған тізімін беріңіз. Бізде, совет ғұрыптарында шаруашы-

лықты ақырына дейін жеткізу үшін, бірнеше жыл бойы табысты дәлелге келтіру үшін, 100% пайда алатын және бұған қосып тағы да бірдеңе алатын көпестен үйренуден қорықпау үшін бұлай істемейді, қайта, шикізат туралы тамаша қарар жазады да, міне, біздер, коммунистік партияның, кәсіподақтың, пролетариаттың өкілдеріміз дегенді айтады. Ғапу ете көріңіз. Пролетариат деп кімді айтамыз? Бұл — ірі өнеркәсіпте жұмыс істейтін тап. Ал ірі өнеркәсіп қайда? Ол қандай пролетариат? Сіздің өнеркәсібіңіз қайда? Оның тоқтап тұрған себебі не? Шикізаттың жоқтығынан ба? Ал сіз шикізатты жинай білдіңіз бе? Жоқ. Оны жинасын деп қарар жазасыз,— сөйтіп батпаққа отырасыз, ал мұны — зердесіздік деп айтады, олай болса, сіз бабалары Римді сақтап қалған қазға ұқсас болып шығасыз.

Қазір бізге тарих мынадай жұмысты: аса ұлы саяси төңкерісті баяу, ауыр, қиын экономикалық жұмыс арқылы аяқтауды жүктеп отыр, мұның мерзімі өте ұзақ уақытқа белгіленген. Тарихтағы ұлы саяси төңкерістер осы төңкерістерді жете ұғыну үшін ұзақ жолды керек етіп отырды. Барлық ұлы саяси төңкерістерді алдыңғы қатарлы отрядтардың энтузиазмы шешіп отырды, сол отрядтардың соңынан стихиялық түрде, жартылай саналы түрде бұқара ілесіп отырды. Патшалар, помещиктер, капиталистер езіп-жанышқан қоғамда дамудың басқаша болуы да мүмкін емес еді. Жұмыстың бұл бөлегін, яғни саяси төңкерісті, біз бұл істің бүкіл дүние жүзілік тарихи маңызы даусыз болатындай етіп орындадық. Алайда, содан кейін, ұлы саяси төңкерістен кейін басқа міндет алға қойылады, оны түсіну керек: бұл төңкерісті жете ұғыну керек, совет құрылысы жаман, оны қайта құру қажет деп сылтау айтпай, сол төңкерісті жүзеге асыру керек. Бізде әр түрлі қалыппен қайта құруға әуестенушілер сұмдық көп және ол қайта құрулардан шығатын ауыртпалық сондайлық, бұдан үлкен ауыртпалықты мен өз өмірімде білген де емеспін. Бізде бұқараны ұйымдастыру жөніндегі аппаратта кемшіліктер бар екенін мен өте жақсы білемін және сіздердің қай-қайсыңыз да маған көрсете алатын әрбір он кемшілікке мен дереу жүздеген қосымша кемшілікті

сіздерге атап айтып беремін. Бірақ әңгіме істі тез қайта құру арқылы жақсартуда емес, әңгіме басқа мәдени экономикалық дәрежеге жету үшін осы саяси қайта құрылысты жете ұғыну керектігінде болып отыр. Істің мәні, міне, осында. Қайта құрудың керегі жоқ, қайта, керісінше, ондаған және миллиондаған адамдарға көмектесу үшін совет құрылысындағы және басқару ісінің бүкіл жүйесіндегі көптеген кемшіліктерді түзеуге көмектесу керек. Біз жасаған аса ұлы саяси жеңісті біздің жете ұғынуымызға күллі шаруалар бұқарасы көмектесетін болуы керек. Бұған байыпты қарау керек, жеңіске қол жетті, бірақ ол күнделікті өмір экономикасының сүйегіне және бұқараның өмір сүру жағдайларына әлі сіңбегендігін түсіну керек. Бұл арада ондаған жылдардың жұмысы жатыр және оған орасан көп күш жұмсау керек болады. Мұны өзіміз әскери жұмысты жүргізген қарқынмен, сондай шапшаңдықпен, сондай жағдайларда жүргізуге болмайды.

Баяндамамды аяқтамастан бұрын мен бұл сабақты,— кемшіліктер кейде біздің жақсы қасиеттеріміздің жалғасы болып табылады дегенді,— өз мекемелеріміздің біріне, атап айтқанда: Бүкіл россиялық төтенше комиссияға қолданбақшымын. Жолдастар! Бұл мекеме россиялық эмиграцияның және империалистік елдердің билеп-төстеуші таптарының сол россиялық эмиграцияны қолшоқпар ететін көптеген өкілдерінің қандай тағылық өшпенділігін тудыратынын сіздердің бәріңіз, әрине, білесіздер. Өйтпегенде ше!— бізден әлдеқайда күшті адамдардың тарапынан жасалған қисапсыз көп заговорларға, Совет өкіметіне қисапсыз көп қастандықтарға қарсы бұл мекеме біздің жауды жайрататын құралымыз болды. Олардың, капиталистер мен помещиктердің қолында барлық халықаралық байланыстар, барлық халықаралық жәрдем қалды, оларды бізден анағұрлым өлшеусіз қуатты мемлекеттер қолдап отырды. Бұл адамдардың қалай қимыл жасағанын сіздер әлгі заговорлардың тарихынан білесіздер. Өздеріңіз білесіздер, бұл заговорларға аяусыз, шапшаң, дереу, жұмысшылар мен шаруалардың тілектестігіне сүйенген жазалаумен жауап беріліп отырды, басқаша істеуге

болмады. Бұл—біздің Бүкіл россиялық төтенше комиссияның жақсы қасиеті. Біз «ЧК» деген сөзді барлық тілдерде қолдана білетін және мұны орыс варварлығының бейнесі, типі деп санайтын орыс өкілдерінің зарлануын шетелдерден жиі еститініміздей, тікелей немесе жанама формада естігенімізде, біз мұны әрқашан атап көрсетіп отырамыз.

Россиялық және шетелдік капиталист мырзалар! Сіздердің бұл мекемені жақсы көре алмайтындарыңызды біз білеміз. Өйтпегенде ше! Сіздер бізді тұншықтырып жатқан жағдайда, сіздер бізді шапқыншылықтармен қоршап алған кезде, ішкі заговорларды жасаған кезде және біздің бейбіт жұмысымызға жол бермеу үшін қандай болса да қылмыстан тайынбаған кезде, міне осы жағдайда ол сіздердің әзәзілдіктеріңіз бен сіздердің тіміскі әрекеттеріңізді айта қалғандай тойтарып тастап отырды. Бізде заговоршының әрбір қадамын білетін және жалынушы болмай, қайта, дереу жазалай білетін мекеменің беретін жауабынан басқа жауап жоқ. Өздерінің помещиктік праволарын, өздерінің капиталистік праволарын табаққа салып әкеліп, жұмысшылар мен шаруалардың алдына тартуды тілемейтін қанаушылар жарық дүниеде бар тұрғанда еңбекшілердің өкіметі мұндай мекемесіз өмір сүре алмайды. Біз мұны өте жақсы білеміз, бірақ мұнымен қабат мынаны да білеміз: адамның жақсы қасиеттері оның кемшіліктеріне айналуы мүмкін, сондықтан бізде қалыптасқан жағдайдың бұл мекемені таза саяси саламен шектеуді, оның барлық назарын жағдай мен шарттар оған көмектесетін міндеттерге түгел аударуды мейлінше талап етіп отырғандығын білеміз. Егер контрреволюцияның әрекеттері осы уақытқа дейінгісіндей болса,— біздің дұшпандарымыздың психологиясы өзгергендігі жөнінде бізде дәлелдер жоқ, бізде бұған негіз жоқ,— онда біз өзіміздің жауабымыздан олар кәдімгідей елеулі бірдеңені сезе алатындай етіп жауап бере білеміз. Совет мемлекеті шетел өкілдерінің көмек көрсету деген сылтаумен келуіне жол беріп отыр, ал ол өкілдер Совет өкіметін құлатуға көмектеседі, мұндай мысалдар болды. Біз ондай мемлекеттің жағдайына түспейміз, өйткені біз Бүкіл

россиялық төтенше комиссия сияқты мекемені бағалап, пайдалана білеміз. Бұл жөнінде біз жұрттың бәріне және әрбір адамға кепілдік бере аламыз. Бірақ, мұнымен бірге, біз: Бүкіл россиялық төтенше комиссияға реформа жасау қажет, оның міндеттері мен компетенциясын анықтау қажет және оның жұмысын саяси міндеттермен шектеу қажет деп ашық айтамыз. Қазір біздің алдымызда азаматтық айналымды күшейту міндеті тұр,— мұны жаңа экономикалық саясат керек етеді,— ал мұның өзі революциялық заңдылықты көбірек керек етеді. Әрине, соғыс шабуылы жағдайында, Совет өкіметін алқымнан алып жатқан кезде, егер біз сол кезде бұл міндетті өзімізге басты міндет етіп қойсақ, біз педанттар болар едік, біз революцияны ойыншық еткен болар едік те, революцияны жасамаған болар едік. Біз берік және баянды өкіметтің жағдайларына неғұрлым көбірек кірген сайын, азаматтық айналым неғұрлым бұрынғыдан да күшейген сайын, революциялық заңдылықты көбірек жүзеге асырудың берік ұранын ұсыну соғұрлым керек болады, заговоршылардың қандай да болса соққысына соққы берумен жауап қайтаратын мекеменің қызмет саласы соғұрлым тарыла бастайды. Есеп беріліп отырған жылдың ішінде үкіметтің тәжірибеден, байқаудан, ойланудан шығарған нәтижесі осындай.

Жолдастар, қорытындысында мен мынаны айтуға тиістімін: біз биылғы жылы шешетін және осы уақытқа дейін соншалықты нашар шешіп келген міндет,— тіпті әбден қайыршыланған және бүліншілік жағдайында да жұмысшылар мен шаруаларды берік экономикалық одаққа біріктіру міндеті,— қазір біздің алдымызға дұрыс қойылып отыр, біз дұрыс бағыт алдық және де бұл жөнінде ешқандай күмән болуы мүмкін емес. Ал бұл міндет тек орыстық міндет қана емес, сонымен қатар дүние жүзілік міндет. (*Ұзаққа созылған ду қол шапалақтау.*)

Біз қазір, әзірге — уақытша — жалғыз өзіміз шешіп жатқан міндет таза орыстық міндет секілді болып көрінеді, ал іс жүзінде бұл — барлық социалистердің алдына қойылатын міндет. Капитализм өліп барады; өзі өліп

бара жатқан кезде ол әлі де ондаған және жүздеген миллион адамдарды сұмдық азаптарға ұшырата алады, бірақ құлдырап құлаудан оны енді ешқандай күш тоқтата алмақ емес. Жұмысшылар мен шаруалар одағына негізделген жаңа қоғам орнамай қоймайды. Ерте болсын, кеш болсын, жиырма жыл ерте немесе жиырма жыл кеш болсын, ол қоғам келеді және біз өзіміздің жаңа экономикалық саясатымызды шешу жолында еңбек еткенімізде сол үшін, сол қоғам үшін, жұмысшылар мен шаруалар одағының формаларын белгілеуге көмектесеміз. Біз бұл міндетті шешеміз және жұмысшылар мен шаруалар одағын соншалықты берік орнатамыз — жер бетінде ешқандай күш оны бұза алмайды. (Ұзаққа созылған ду қол шапалақтау.)

1921 ж. 23 декабрьде мына бюллетеньде басылған: «Советтердің Бүкіл россиялық IX съезі. Стенографиялық есеп», № 1

Мына кітаптың тексті бойынша басылып отыр: «Жұмысшы, шаруа, қызыл әскер және казак депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық тоғызыншы съезі. Стенографиялық есеп». Москва, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің баспасы, 1922, стенограммамен салыстырылған

2
СЪЕЗДІҢ ПАРТИЯДА ЖОҚ ДЕЛЕГАТТАРЫНЫҢ КЕҢЕСІНДЕ 26 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР[139]

1

Жолдастар! Біз әңгімемізді жалғастыра беруге ұйғарып,— мен бұл жөнінде бізде ешқандай күмәндanушылық жоқ қой деп ойлаймын,— мен тек былай дегім келеді: қазір сағат сегіз жарым шамасы, осында тоғыз жарымға дейін және тіпті одан да көбірек бола алармыз. Бізді неғұрлым толғандырып отырған мәселені таңдап алуымыз керек. Егер осында отырған бір жолдас бұл жер мәселесі деп айтатын болса, онда мен: сіздер үшін бәрінен де маңызды болып табылатын мәселелерге уақытты бөліп көрелікші дер едім. Менің түсінуімше, осы арада маған көбірек тыңдап, көбірек жазып алу керек болар. Мен айтқым келген ойларымды сіздерге съезде айтып бердім. Мен кімнің қай губерниядан, қай уезден екенін, бәрінен де көбірек неменеге шағым айтатынын жазып алуға тырысамын. Менің ойымша, уақытты былайша бөлу керек: еңбек-көлік міндеткерлігі туралы мәселені қарап болған соң, тағы да қандай мәселелердің ең маңызды көрінетінін анықтап, олар туралы да түрлі губерниялардан келгендер пікір айтып үлгеретіндей етіп бөлу керек. Менің мұндағы істейтінім — партияда жоқтардың кеңесте не айтқанын білу үшін мүмкіндігінше толығырақ жазып алу. Осында қойылып жатқан кейбір сұрақтарға жауап беру маған бәрібір өте қиын болады, өйткені мен қолымда анықтама болмағасын, осында отырып-ақ қазір, дереу жауап бере алмаймын. Міне сондықтан да, мен ең маңызды деп саналатын мәселелерді таңдап алуды, еңбек-

көлік салығы жөнінде қалай пікір айтқан болсаңыздар, сол мәселелер жөнінде де жер-жерден пікір айтуларыңызды ұсынамын, ал мен жер-жерден жасалатын әрбір мәлімдемені жазып отырайын.

2

Жолдастар, маған бұл мәселе жөнінде бірер ауыз сөз айтудың өзі де өте қиын, өйткені мен осында берілген сұрақтардың бәрін жазып отырмын және қай губерниядан қандай нұсқаулар жасалғанын да жазып отырмын, бірақ тиісті мекеменің дәл анықтамасы болмайынша, осында берілген сұрақтарға мен дәл қазір жауап бере алмаймын. Әлгінде Еңбек халық комиссариатынан сөз сөйлеген жолдастың жауап беруіне оңай болды, өйткені шығарылған заң және осы заңды енгізу арқылы қайткенде жеңілдік жасауға болатыны жөніндегі түсініктеме оның көз алдында тұрды. Осында қойылған кейбір сұрақтарға тиісті халық комиссариатының анықтамасынсыз мен ешқандай тұжырымды жауап бере алмаймын.

Мұнда тағы да бірқатар запискалар түсті. Киевтен келген украин жолдастан бір записка түсті, ол былай деп сұрайды: сіз Украинада неліктен ешқашан да болмадыңыз? Украинаға баруға жол алыс. Мұндай сапарға шығу қиын.

Бір жолдас еңбек-көлік міндеткерлігін өтеуде өлген аттардың құнын кім төлейтінін сұрайды. Мен бұл сұрақты жазып алдым. Әлгі жолдас бұған жалпы тұрғыдан жауап берді де.

Содан кейін азық-түлік салығы туралы және қолы қысқа шаруалардың кездеме сатып алуға мүмкіндігі жоқтығы туралы мәселе жөнінде екі записка берілді. Қазір барлық губернияларда шаруалардың бұл сияқты қиындықтарға тым көп душар болып отырғандығы түсінікті. Тиісті мекеменің анықтамасынсыз мен мұндай сұраққа дәл қазір жауап бере алмаймын.

Біз көмектесе аламыз ба және қаншалықты көмектесе аламыз? Қайталап айтайын, мен қазір жауап бере алмаймын. Менің байқауымша, еңбек-көлік салығы ту-

ралы мәселе жөнінде осында аса маңызды бір нәрсе айтылды,— запискаларға көз жүгіртіп өткенімде (ал мен осында сөз сөйлеген жолдастардың әрқайсысының айтқанын қысқаша жазып отырдым), менің байқағаным, бұл ең басты нәрсе — темір жолдағы ағаш дайындау комитеттерінің[140] жасаған қиянаттары мен қателіктері. Темір жолдағы ағаш дайындау комитеттері белгілеген жұмыстардың ауырлығы, жұрттың азапқа түсетіні, жұмыстарды бөлуде және белгілеуде, әсіресе бұл жұмыстар шаруалардың шаруашылықтарына көрінеу зиянын тигізетін уақытта бөлініп, тым үлкен қателіктер жіберілетіні бәрінен де көбірек атап көрсетілді. Бұл ескертпелердің бәрін мен жазып алдым, соңғы үш апталық болған кезде барлық жолдастардың орталықтан жергілікті жерлерге жіберілгенін де жазып алдым. Мен отын жұмыстарына байланысты қателіктердің бәрі жөнінде және қиянаттар жөнінде дәлме-дәл материалдар жиналып, бірсыпыра баяндамалар жасалуын да өтінген едім. Бұл туралы мен қазірдің өзінде хаттар ала бастадым, бірақ соңғы кезде, мені съезде де жалпы баяндама жасаумен ғана шектелуге мәжбүр еткен сырқаттың салдарынан, бұл жауаптарды тікелей өзімнің талдай алмағанымды айтуға тиістімін. Бұл іс уақытша менің орнымда болатын басқа жолдасқа тапсырылады, бірақ соңғы үш апталық кезінде жиналған осы деректердің бәрін біз сөзсіз толық жинап аламыз. Темір жолдағы ағаш дайындау комитеттерінің қателіктері мен қиянаттарын атап көрсетуді мен жалпы алғанда, күмәнсыз, дұрыс деп санаймын. Еңбек халық комиссариатынан сөйлеген жолдастың сөзінде айтылған еңбек-көлік салығын енгізу керек деп ұйғарылуының басты себептерінің бірі мынада: еңбектің мөлшерін дұрыс анықтамайынша (мұндай әрекет істелуде: заңда алты күндік жұмыс арқылы белгіленеді), заңда осылайша дұрыс белгілемейінше, губерниялық орман комитеттері мен темір жолдағы ағаш дайындау комитеттері тарапынан қиянат болмай қалмайды, оған қарсы күресу де өте қиынға түседі. Ал заңда, қазір жарияланып отырғанындай, неше күн еңбек ету керектігі дәл жарияланған кезде, осынша күн ішінде қанша және қандай мол-

шерде жұмыс атқару керектігін белгілейтін ереже мәлім болған кезде, қиянат жасаумен күрес анағұрлым жеңілірек болады. Әрине, губерниялар мен уездерде губерниялық орман комитеттерімен және темір жолдағы ағаш дайындау комитеттерімен күресу—қиын нәрсе, әсіресе, осында сөйлеген жолдастардың бірі атап көрсеткеніндей, бұл мекемелерге ескі қызметшілердің, ескі помещиктердің, ескі орман подрядчиктерінің көбі кіріп алып отырғанда, әрине, олармен күресу — қиын нәрсе. Жергілікті жерлерде бұған неғұрлым қатал қарау керек, ал біздің Орталық Атқару Комитетінде партияда жоқ шаруалардан шыққан жолдастардың көбірек болуы қажет, егер шағым тиісті орынға жетпей қалған жағдайда соларға жүгінуге болар еді, сонда олардың өздері осында, Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде, бұл мәселені көтеріп, қателіктердің тексерілуін талап етер еді. Бұл шаралар осы съезде қайткенмен де қабылданатын болады. Съезге қатысып отырған барлық жолдастардың маған хабарлауына қарағанда, Орталық Атқару Комитетінің партияда жоқ шаруалардан сайланатын мүшелерінің саны сөзсіз көбейтіледі. Орталық Атқару Комитетіне мүше партияда жоқ шаруалар неғұрлым көп болған сайын, темір жолдағы ағаш дайындау комитеттерінің қиянаттарына қарсы күрестің солғұрлым ойдағыдай жүргізілетінін осындай жолмен қадағалау жеңілірек болады. Қайталап айтайын, осында айтылып жатқан ұсыныстардың бәрін мен жазып отырмын жәпе олар жөнінде шаралар қолданылуы үшін олардың әрқайсысы туралы тиісті халық комиссариатына немесе халық шаруашылығы советіне жазып жіберемін. Ал тиісті халық комиссариатынан анықтама алмай тұрып, әрбір жеке сұраққа мен қазір, әрине, жауап бере алмаймын.

3

Калинин жолдастың айтқан сөздерін біреулердің әлдеқалай қате түсінбеуі үшін мен одан екі минут уақыт сұрағым келеді. Мені бір кезде иманшартты өртеп жіберуді ұсынды дегенді оның маған таңғысы келмегеніне мен сенемін. Менің мұндай нәрсені еш уақытта ұсынба-

ғаным және ұсына да алмағаным өзінен өзі түсінікті. Біздің Конституциямыз бойынша, біздің республикамыздың негізгі заңы бойынша, әркімнің дін жөніндегі рухани бостандығы сөзсіз қамтамасыз етілгенін өздеріңіз білесіздер.

Вятка губерниясы уездерінің бір бөлегінің тым ауыр жағдайын айтқан жолдасқа бірер сөзбен жауап бере кетейін. Уездер ашаршылық жайлаған аймаққа кіреді. Біз енді өзімізге американ үкіметі ұсынып отырған шартқа үлкен үміт артпақпыз. Біз шартты жақында жасасамыз. Бұл шарт бойынша американ үкіметі 20 миллион доллар бермек. Өзіміз 10 миллион береміз, сонда барлығы 30 миллион доллар болады — мұның өзі алтын ақшамен 60 миллион сом деген сөз. Бұл әжептәуір сома. Түгел болмаса да, жаздық дақылдар егісінің көп жеріне тұқым себуге болады. Мұның үстіне, біз Канадаға кісі жібереміз. Алтын қорының тағы бір бөлегін тұқымды біршама көбірек сатып алуға жұмсай алармыз деп ойлаймыз. Қазіргі ең басты мәселе, әрине, ашаршылық, жұт. Жаздық дақылдар егуді мүмкіндігінше толығырақ орындау қажет. Барлық күш-жігер нақ осыған жұмсалады. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Стенограмма бойынша басылып отыр

3

ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ IX СЪЕЗІНДЕ 28 ДЕКАБРЬДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ТАПСЫРМА[141]

Советтердің Бүкіл россиялық IX съезі, халық комиссариаттарының есеп беріліп отырған жыл ішіндегі шаруашылық қызметі туралы баяндамалары мен есептерін қарап, шаруашылық жұмысының жеке мәселелері жөнінде Советтер съезінің қаулыларын толықтырып, қорыта отырып, орталықта және жергілікті орындарда барлық совет мекемелерінің бұлжытпай орындауына мынадай жетекші нұсқаулар береді:

1. Советтер съезі егіншілікті өрге бастыру үшін және шаруалардың еңбекші бұқарасының тұрмысын жақсарту үшін қажетті товарлармен шаруаларды көп мөлшерде жабдықтау ісінде қайткен күнде де, ең қысқа мерзім ішінде баянды практикалық табыстарға жетуді барлық шаруашылық органдары қызметінің басты және шұғыл міндеті деп санауды бұйырады.

2. Бұл мақсатты өнеркәсіпті басқаратын барлық органдар ең басты мақсат ретінде естен шығармауға тиіс; әлбетте, Қызыл Армияның мұқтаждарын 100 процент жабдықтау міндетін титтей де болса бәсеңдетуге жол бермеуі керек, бұл Совет республикасының қорғаныс қабілетін сақтау мүддесі үшін бірінші кезекке қойылуға тиіс.

3. Барлық жұмысшы ұйымдарына (және ең алдымен кәсіподақтарға) өнеркәсіпті шаруалардың қажетін тез және толық қанағаттандыратындай етіп жолға қоюға қамқорлық жасау міндеті жүктелетіндігі мағынасында жұмысшылардың жағдайын жақсарту ісі де әлгі мақ-

сатқа бағындырылуға тиіс, былайша айтқанда, өнеркәсіп жұмысшылары табысының артуы және тұрмысының жақсаруы осы жөнінде қол жеткен табыстарға тікелей байланысты болуға тиіс.

4. Финанс халық комиссариатының қызметі де осы мақсатқа бағындырылуға тиіс, Советтердің IX съезі оған өте-мөте күш жұмсай отырып, мейлінше шапшаңдықпен эмиссияны қысқартуды және кейіннен тоқтатуды, алтын валюта негізінде дұрыс ақша айналысып қалпына келтіруді жүзеге асыру міндетін жүктейді. Эмиссияны салықпен ауыстыру ісі үздіксіз жүргізілуге тиіс, титтей де болса қағазбастылыққа жол берілмеуі керек.

5. Ішкі және сыртқы сауданы басқаратын барлық органдар мен мекемелер де, яғни Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы, Сыртқы сауда халық комиссариаты және т. т. осы мақсатты басты мақсат етіп алдарына қоюға тиіс. Советтер съезі бұл мекемелердің табыстарын егіншілік пен өнеркәсіптің арасындағы айналымды күшейту ісінде тез қол жеткен практикалық нәтижелермен ғана өлшейді және Совет өкіметінің басшы органдарына оны осылай өлшеуді тапсырады. Атап айтқанда, Советтер съезі шикізатты жинау, оны тасу және сауданы барынша күшейту ісінде жеке меншіктегі шаруашылық кәсіпорындарын көбірек пайдалануға жарлық етеді, бұл арада мемлекеттік органдардың ролін бақылаушы және бағыт сілтеуші роль деп түсініп, нақты іске кедергі келтіретін қағазбастылық пен бюрократизмнің қандайын болса да аяусыз қудалап отыру керек.

6. Шаруашылық жұмысын басқаратын барлық органдар мен мекемелерден Советтердің IX съезі партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалар қатарынан шыққан азды-көпті көрнекті күштердің бәрін осы саладағы мемлекеттік жұмысқа қатыстыру ісінде осы уақытқа дейінгіден әлдеқайда көп көңіл бөліп, жігер жұмсауды талап етеді.

Съезд бұл жөнінде біздің артта қалғандығымызды атап көрсетеді;— бұл жөнінен жеткілікті жүйелілік пен қажырлылық көрсетілмей отыр;— бұл жөнінен шаруа-

шылық және мемлекет қайраткерлері тобын өсіру сөзсіз және өте-мөте қажет нәрсе;— шаруашылықты өркендету ісінде қол жеткен табыстың қандайы болса да, атап айтқанда, еңбек туы орденімен де, ақшалай сыйлықтармен де неғұрлым жүйелі түрде наградталып отыруға тиіс.

Советтер съезі шаруашылық құрылысы ісіне мамандарды тарту жөнінде бұрынғыдан да қажырлы жұмыс істеудің сөзсіз керек екендігіне барлық шаруашылық органдарының және әр түрлі таптық, таза үкіметтік емес ұйымдардың назарын аударады; мамандар деп ғылым мен техника өкілдерін де, сол сияқты сауда ісінде, ірі кәсіпорындарды ұйымдастыру, шаруашылық операцияларды бақылау ісінде және т. с. практикалық қызметі арқылы тәжірибе жинақтап, білім алған адамдарды да есептеу керек. Мамандардың жағдайын жақсарту және солардың басшылығымен жұмысшылар мен шаруалардың қалың тобын үйрету РСФСР-дің орталық және жергілікті мекемелерінің үздіксіз қамқорлық ететін ісіне айналуға тиіс.

7. Юстиция халық комиссариатынан Советтердің IX съезі мынадай екі мағынада анағұрлым көп ынта-жігер жұмсауды талап етеді:

біріншіден, республиканың халық соттары жеке саудагерлер мен кәсіпкерлердің қызметін қатаң қадағалап отыратын болсын, олардың қызметіне титтей де болса қысым жасалуына жол бермесін, бірақ сонымен қатар республиканың заңдарын мүлтіксіз орындаудан шегінудің титтей де болса әрекеттерін өте қатаң жазалап отыратын болсын және жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасын заңның орындалуын бақылауға өздігінен, шапшаң, іскерлікпен қатыстыру ісі арқылы тәрбиелеп отыратын болсын;

екіншіден, халық соттары бюрократизмді, қағазбастылықты, шаруашылыққа қырсыздықты сот жолымен қудалап отыруға көп көңіл бөлетін болсын. Біздің жағдайымызда қарсы күресу қиын болып отырған қырсық жөнінде жауапкершілікті арттыру үшін де, осы аса маңызды мәселеге жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының назарын аудару үшін де, практикалық мақсатқа

шаруашылық жағынан зор табыстарға жету үшін де бұл сияқты істер жөнінде процестер жүргізіп отыру қажет.

IX съезд Халық ағарту комиссариатының жаңа дәуірдегі міндеті — мейлінше қысқа мерзім ішінде барлық салаларда шаруалар мен жұмысшылар арасынан маман кадрлар даярлап шығару деп санайды және мектептегі, мектептен тыс білім беру жұмысының бүкіл республиканың да, белгілі бір облыс пен белгілі бір жергілікті жердің де күнбе-күнгі шаруашылық міндеттерімен байланысын бұрынғыдан да күшейте түсуді ұсынады. Атап айтқанда, Советтердің IX съезі Россияны электрлендіру жоспарын насихаттау туралы Советтердің VIII съезінің шешімдерін орындау жөнінде әлі де жеткілікті жұмыс істелмегендігін атап көрсетеді және әрбір электр станциясының жанында барлық жарамды күштерді жұмылдыру жолымен жұмысшыларды және шаруаларды электрмен, оның маңызымен, электрлендіру жоспарымен таныстыру үшін үнемі әңгімелер, лекциялар, практикалық сабақтар өткізіліп отыруын талап етеді; әлі бірде-бір электр станциясы жоқ уездерде, мүмкін болғанынша тез, ең болмаса кішкентай электр станциялары салынуға тиіс, бұлар осы салада жоғарыда айтылған насихат, ағарту және қандай да болса инициативаға дем беру жұмысының жергілікті орталығына айналуға тиіс.

1921 ж. 25 декабрьде жазылған

1921 ж. 30 декабрьде «Известия ВЦИК» газетінің 295-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АҒЫЛШЫН ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ

(Чичерин жолдасқа, көшірмесі Радек жолдасқа және Саяси бюроның барлық мүшелеріне)

Британ Жұмысшы партиясы жөніндегі телеграмма Красиннің тым аңғалдығын көрсетеді. Меніңше, қазір екі түрлі шара қолдану керек: 1) европалық демократия дейтіннің грузин мәселесіне көзқарастарын келекелеп, баспасөзде бірнеше мақала жариялау керек, оларға әр түрлі қол қойылатын болсын; 2) ағылшын Жұмысшы партиясына жауап ретінде, Чичериннің мейлінше сыпайы нотасының жобасын жазуды тілі уытты бір журналиске дереу тапсыру керек. Бұл нотада мейлінше табанды түрде мына нәрсе түсіндірілсін: Грузиядан біздің әскерлерімізді әкету және онда референдум өткізу туралы ұсыныс, егер бұл ұсыныс жер шарының барлық халықтарына таратылатын болса, әбден ақылға сыйымды болар еді және ақылынан адаспаған, Антантаға сатылмаған адамдар ұсынған деп танылған болар еді; атап айтқанда, британ Жұмысшы партиясының басшыларына халықаралық саясаттағы қазіргі империалистік қатынастар дегеннің не екені туралы ой салу үшін біз оған мыналарды: біріншіден, ағылшын әскерлерін Ирландиядан әкету және онда референдум өткізу туралы мәселені, екіншіден, Индия жөнінде нақ осы мәселені, үшіншіден, жапон әскерлерін Кореядан әкету жөніндегі нақ осы мәселені, төртіншіден, ірі империалистік мемлекеттердің қай-қайсысының болсын әскерлері тұрған барлық елдер жөнінде нақ осы мәселені ынтамен қарауына ұсынамыз. Біздің осы ұсыныстарымызды және халықаралық саясаттағы империалистік қатынастар жу-

йесін ойластырып қарағысы келетін адамдар ағылшын Жұмысшы партиясына біздің жасаған ұсыныстарымыздың «қызғылықты» сипатын түсінуге қабілетті бола алады деген пікірді нотада мейлінше сыпайы түрде айту керек. Жалпы және тұтас алғанда нотаның жобасы ағылшын Жұмысшы партиясының нақұрыс көсемдерін мейлінше сыпайы және өте-мөте түсінікті түрде (10 жастағы балалардың түсінуі дәрежесінде) әжуалау болуға тиіс.

Саяси бюроға осы хаттың көшірмесін Красинге жіберген жөн болмас па екен дегенді талқылауды ұсынамын. Мен өз басым жіберуді жақтаймын.

Ленин

1921 ж. 27 декабрьде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1930 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 21-номерінде басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ РОЛІ МЕН МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕРДІҢ ЖОБАСЫ[142]

РКП Орталық Комитетінің пленумы 28. XII. 1921 ж. жаңа экономикалық саясатқа байланысты кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы мәселе қарады. Рудзутак, Андреев, Шляпников жолдастардың баяндамалары тыңдалды (Лутовинов жолдас жасайды деп белгіленген баяндама баяндамашыны мезгілінде шақыртып алдыра алмағандықтан ғана тыңдалмады). Пікір алысқаннан кейін Рудзутак пен Андреев жолдастар тезистерінің бастапқы нобайлары осы екі жолдастан және оларға Ленин жолдас қосылып құрылған комиссияға тапсырылсын деген қаулы алынды, ал бұл комиссияға Саяси бюроның бекітуіне ұсынылатын тезистердің жобасын әзірлеу тапсырылды.

(Жобаны комиссия, онан соң Саяси бюро бекіткеннен *кейін* бұған бірнеше жол қосылатын болады.)

ЖОБА

1. ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚТАР

Жаңа экономикалық саясат пролетариаттың, демек, кәсіподақтардың да жағдайына бірқатар елеулі өзгерістер енгізеді. Бұл өзгерістер мына жағдайдан туады: капитализмнен социализмге өтудің бүкіл саясатында коммунистік партия мен Совет өкіметі қазір бұл өтудің ерекше тәсілдерін жүзеге асыруда, көп ретте бұрынғыға қарағанда өзгеше әдістермен әрекет жасап отыр, бірқатар позицияларды, былайша айтқанда, «жаңадан орағытып

өту арқылы» жеңіп алуда, неғұрлым әзірленіп барып капитализмге қарсы қайтадан шабуылға шығу үшін шегініс жасауда. Атап айтқанда, мемлекет реттеп отыруға тиісті еркін сауда мен капитализмге жол берілді және олар дамып келеді, ал екінші жағынан, мемлекеттік кәсіпорындар шаруашылық есеп дейтінге, яғни шын мәнінде едәуір дәрежеде коммерциялық және капиталистік негіздерге көшірілуде.

2. ПРОЛЕТАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚТАР

Пролетарлық мемлекет, өзінің мәнін өзгертпестен, сауда еркіндігіне және капитализмнің дамуына тек белгілі мөлшерге дейін және жеке меншік сауда мен жеке меншік шаруашылық капитализмді мемлекет реттеп отырған (қадағалау, бақылау, формаларын, тәртібін және т. б. белгілеу) жағдайда ғана жол бере алады. Мұндай реттеудің табысты болуы мемлекеттік өкіметке ғана байланысты емес, онан да гөрі пролетариаттың және жалпы алғанда еңбекшілер бұқарасының кемелдену дәрежесіне, онан соң мәдениет дәрежесіне және т. б. байланысты болады. Бірақ тіпті мұндай реттеу әбден табысты болды дегеннің өзінде де еңбек пен капиталдың таптық мүдделерінің қарама-қарсылығы сөзсіз сақтала береді. Сондықтан бұдан былай пролетариаттың капиталға қарсы күресінде пролетариаттың таптық мүдделерін жан-жақты және барынша қорғау кәсіподақтардың ең басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл міндет алдыңғы орындардың біріне ашық қойылуға тиіс, кәсіподақтардың аппараты тиісінше қайта құрылуға, өзгертілуге немесе толықтырылуға тиіс, стачкалық қорлар құрылатындай немесе, дәлірек айтқанда, құрыла алатындай болуға тиіс және тағысын-тағылар.

3. ШАРУАШЫЛЫҚ ЕСЕП ДЕЙТІНГЕ КӨШІРІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНДАР ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚТАР

Мемлекеттік кәсіпорындарды шаруашылық есеп дейтінге көшіру жаңа экономикалық саясатпен созсіз және тығыз байланысты, ал таяудағы болашақта кәсіпорын-

дардың мұндай типі бірден-бір тип болмаса да, сөзсіз басым типке айналады. Мұның өзі іс жүзінде сауда еркіндігі рұқсат етілген және дамытылып отырған жағдайда мемлекеттік кәсіпорындарды едәуір дәрежеде коммерциялық, капиталистік негіздерге көшіргендік болады. Еңбек өнімділігін арттырудың, әрбір мемлекеттік кәсіпорынның зиян шекпеуіне және пайда беруіне жетудің өте-мөте қажеттігіне байланысты, ведомстволық мүдделердің сөзсіз туатындығына және ведомстволық ынтаның тым күшейетіндігіне байланысты бұл жағдай жұмысшы бұқарасы мен мемлекеттік кәсіпорындардың директорлары, басқарушылары арасында немесе бұл кәсіпорындар қарайтын ведомстволар арасында мүдделердің белгілі дәрежеде қарама-қарсылығын туғызбай қоймайды. Сондықтан мемлекеттік кәсіпорындар жөнінде де кәсіподақтарға пролетариаттың және еңбекшілер бұқарасының таптық мүдделерін оларды жалдаушыларға қарсы қорғау міндеті сөзсіз жүктеледі.

4. ЖЕРГЕ, ФАБРИКАЛАРҒА ЖӘНЕ Т. Б. ЖЕКЕ МЕНШІКТІ МОЙЫНДАЙТЫН ЖӘНЕ САЯСИ ӨКІМЕТ БИЛІГІ КАПИТАЛИСТЕР ТАБЫНЫҢ ҚОЛЫНДА БОЛЫП ОТЫРҒАН МЕМЛЕКЕТТЕГІ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ТАП КҮРЕСІ МЕН ЖЕРГЕ ЖӘНЕ ІРІ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ КӨПШІЛІГІНЕ ЖЕКЕ МЕНШІКТІ МОЙЫНДАМАЙТЫН МЕМЛЕКЕТТЕГІ, САЯСИ ӨКІМЕТ БИЛІГІ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ҚОЛЫНДА БОЛЫП ОТЫРҒАН МЕМЛЕКЕТТЕГІ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ТАП КҮРЕСІ АРАСЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

Әзірге таптар болып тұрғанда, тап күресінің болатыны сөзсіз. Капитализмнен социализмге өту кезінде таптардың болуы сөзсіз, сондықтан РКП программасында былай деп мейлінше айқын айтылған: капитализмнен социализмге өтуде біз тек алғашқы қадамдар ғана жасап отырмыз. Сондықтан, компартия да, Совет өкіметі де, кәсіподақтар да өнеркәсіп пен егіншілікті электрлендіру негізінен болса да әзірге аяқталмай отырғанда, ұсақ шаруашылықтың және рынок үстемдігінің барлық түп-тамырлары осы арқылы қырқылмай тұрғанда

тап күресінің болатынын және оның болмай қоймайтынын ашық мойындауға тиіс. Бұдан қазіргі кезенде біз стачкалық күрестен тіпті де бас тарта алмаймыз, стачкаларды міндетті түрде мемлекеттік делдалдықпен ауыстыру туралы заңның қабылдануына принциптік жағынан жол бере алмаймыз деген қорытынды туады.

Екінші жағынан, капитализм тұсында стачкалық күрестің түпкі мақсаты мемлекеттік аппаратты қирату, дәурен сүріп тұрған таптық мемлекеттік өкіметті құлату болып табылатыны апық. Ал біздегі сияқты өтпелі типті пролетарлық мемлекет тұсында стачкалық күрестің түпкі мақсаты — осы мемлекетті бюрократтық бұрмалаушылықтарға қарсы, оның қателіктері мен әлсіздіктеріне қарсы, оның бақылауынан шығуға тырысатын капиталистердің таптық құлқындарына және т. с. қарсы күресу арқылы пролетарлық мемлекетті және пролетарлық таптық мемлекеттік өкіметті нығайту ғана бола алады. Сондықтан пролетарлық мемлекеттік өкіметі бар мемлекетте стачкалық күресті қолдануды, бір жағынан, тек қана пролетарлық мемлекетті бюрократтық бұрмалаушылықтардан және оның мекемелеріндегі капиталистік ескіліктің әр қилы сарқыншақтарынан және, екінші жағынан, еңбекшілер бұқарасының саяси тұрғыдан кемелденбегендігінен және мәдениет жөнінен артта қалғандығынан деп түсіндіруге және ақтауға болатынын компартия да, Совет өкіметі де, кәсіподақтар да ешбір ұмыта алмайды және мұны жұмысшылар мен еңбекшілер бұқарасынан жасырмауға тиіс. Өйткені, егер соттарды және өзге де мемлекеттік органдардың бәрін еңбекшілердің өздері, сайлаушылар қатарынан буржуазияны шығара отырып, таптық негізде құратын болса, онда еңбек пен капитал арасындағы, жалданушылар мен жалдаушылар арасындағы дау-жанжалдарды шешудің дұрыс әдісі еңбекшілердің тікелей мемлекеттік органдарға барған сайын жиірек жүгінуі болуға тиіс.

5. КӘСІПОДАҚТАРҒА ЕРІКТІ МҮШЕЛІКТІҢ БОЛУЫНА ҚАЙТА ОРАЛУ

Барлық жұмысшыларды бірін қалдырмастан кәсіподақтарға мүшелікке зорлықпен жазу өнеркәсіпті социализациялаудың іс жүзінде қол жеткен сатысына да, бұқараның өсу дәрежесіне де сай келмейтін болып шықты. Мұның үстіне зорлап мүше ету белгілі бір дәрежеде бюрократтық бұрмалауды кәсіподақтарға да енгізді. Едәуір ұзақ уақытқа кәсіподақтарға ерікті түрде мүше болуға барынша батыл қайтып оралу қажет. Кәсіподақтардың мүшелерінен белгілі бір саяси көзқарастарды талап етудің ешқандай керегі жоқ; дінге көзқарас туралы мәселедегі сияқты, бұл мағынада алғанда да кәсіподақтар бейпартиялық болуға тиіс. Пролетарлық мемлекетте кәсіподақтардың мүшелерінен тек қана жолдастық тәртіпті және еңбекшілер мүдделерін қорғау үшін жұмысшы күштерінің бірлесуі қажеттігін түсінуді және еңбекшілер өкіметі, яғни Совет өкіметі жөнінде адал болуды талап еткен жөн. Пролетарлық мемлекет жұмысшылардың кәсіптік бірлестігін праволық жағынан да, материалдық жағынан да көтермелеп отыруға тиіс. Бірақ кәсіподақтарда міндеттерден бөлектеп алынған ешқандай праволар болмауға тиіс.

6. КӘСІПОДАҚТАР ЖӘНЕ КӘСІПОРЫНДАРДЫ БАСҚАРУ

Пролетариат мемлекеттік окіметті жеңіп алғаннан кейінгі оның ең басты және ең түбегейлі мүддесі өнім мөлшерін көбейту, қоғамның өндіргіш күштерін орасан зор көлемде арттыру болып табылады. РКП программасында айқын айтылған бұл міндетті қазіргі кезде біздегі соғыстан кейінгі бүліншілік, ашаршылық пен күйзеліс ерекше күшейтіп отыр. Сондықтан ірі өнеркәсіпті қалпына келтіруде мейлінше тез және мүмкіндігінше баянды табысқа жету — еңбекті капиталдың бұғауынан азат ету жөніндегі бүкіл істің табысты болуының, социализмнің жеңіп шығуының шарты. Ал мұндай табыс өз тарапынан, Россияның қазіргі жағдайында, толық билікті түгелдей завод басқармаларының қолына шоғырланды-

руды сөзсіз талап етеді. Дара басқаруға негізделіп, жалпы ереже бойынша құрылған бұл басқармалар оралымдылықтың мейлінше еркіндігін пайдалана отырып, өндірісті арттыруда іс жүзіндегі табыстарды және өндірістің зиян шекпеуін, пайдалылығын өте қатаң тексере отырып, неғұрлым үздік және шебер әкімшілік қызметкерлерін өте байсалды түрде іріктеп ала отырып, жалақының мөлшерін белгілеуді де, ақша знактарын, паектерді, өндірістік киімдерді және басқа әр қилы жабдықты, т. б. бөлуді де дербес жүргізуге тиіс.

Бұл жағдайда кәсіпорындарды басқаруға кәсіподақтардың тікелей араласуының қандайы болсын сөзсіз зиянды, жол беруге болмайтын іс деп танылуға тиіс.

Бірақ мұндай даусыз ақиқатты өнеркәсіпті социалистік тұрғыдан ұйымдастыруға және мемлекеттік өнеркәсіпті басқаруға кәсіподақтардың қатысуы керектігін бекерге шығару мәнінде ұғыну мүлде дұрыс болмас еді. Бұл қатысу дәл белгіленген, нақ төмендегідей формаларда қажет.

7. КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ПРОЛЕТАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНДАҒЫ РОЛІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚАТЫСУЫ

Пролетариат капитализмнен социализмге өтуді жүзеге асыратын мемлекеттің таптық негізі болып табылады. Ұсақ шаруалар орасан басым болып отырған елде пролетариат бұл міндетті тек шаруалардың басым көпшілігімен одақтасуды өте-мөте шебер, сақтықпен және бірте-бірте жүзеге асырған жағдайда ғана ойдағыдай орындай алады. Кәсіподақтар бүкіл саяси және шаруашылық жұмысын жұмысшы табының саналы авангарды — компартия басқарып отырған мемлекеттік өкіметтің ең жақын және сөзсіз қызметкері болуға тиіс. Жалпы алғанда коммунизм мектебі бола отырып, кәсіподақтар, атап айтқанда, жұмысшылардың бүкіл бұқарасы үшін, ал одан кейін барлық еңбекшілер үшін де социалистік өнеркәсіпті (ал онан кейін бірте-бірте егіншілікті де) басқарудың мектебі болуға тиіс.

Осы принциптік қағидаларды негізге ала отырып,

пролетарлық мемлекеттің шаруашылық және мемлекеттік органдарына кәсіподақтардың қатысуының төмендегідей негізгі формаларын белгілеген жөн:

(1) Кәсіподақтар экономикаға байланысты барлық шаруашылық және мемлекеттік органдарды құрастыруға кандидаттар ұсына отырып, кеңесші дауыспен қатысады; кәсіподақтар бұл органдарға да қатысады, бірақ тікелей қатыспайды, өздері ұсынған және компартия мен Совет өкіметі бекіткен жоғары мемлекеттік мекемелердің мүшелері, шаруашылық коллегияларының мүшелері, завод басқармаларының мүшелері (мұндай коллегиялылыққа жол берілген жерлерде), әкімшілік қызметкерлері, олардың көмекшілері және т. б. арқылы қатысады.

(2) Кәсіподақтардың аса маңызды міндеттерінің бірі жұмысшылардан және жалпы алғанда еңбекші бұқарадан әкімшілік қызметкерлерін ұсыну және даярлау болып табылады. Егер қазір бізде өнеркәсіптің әбден қанағаттануға боларлық ондаған және аз-ды-көпті қанағаттанарлық жүздеген әкімшілік қызметкерлері бар болса, онда таяудағы уақытта бізге біріншілерінің жүздегені және екіншілерінің мыңдағаны керек. Осындай жұмысқа қабілетті жұмысшылар мен шаруалардың бәрін үнемі есепке алуды және оларға басқару ісін үйретудегі табыстарды мұқият, жан-жақты, іскерлікпен тексеруді кәсіподақтар қазіргіден әлденеше есе мұқиятырақ және табандылықпен жүзеге асыруға тиіс.

(3) Пролетарлық мемлекеттің барлық жоспарлау органдарына кәсіподақтардың қатысуының маңызы да кем емес. Кәсіподақтардың бүкіл мәдени-ағарту жұмысына және өндірістік насихатқа қатысуымен қатар кәсіподақтардың мұндай қызметі жұмысшы табы мен еңбекші бұқараны шаруашылық өмірдің бүкіл аумағымен, шикізат дайындаудан бастап, өнімді өткізуге дейінгі өнеркәсіп жұмысының бүкіл аумағымен таныстыра отырып, социалистік шаруашылықтың біртұтас мемлекеттік жоспары жөнінде де, бұл жоспарды жүзеге асыруға жұмысшы мен шаруаның практикалық мүдделілігі жөнінде де барған сайын не-

ғұрлым нақты ұғым бере отырып, оларды мемлекеттік шаруашылықтың бүкіл құрылысына барған сайын кеңірек және тереңірек тарта түсуге тиіс.

(4) Тарифтер мен жабдықтау нормаларын және т. б. жасау — кәсіподақтардың социализм құрылысы ісіндегі жұмысының және олардың өнеркәсіпті басқаруға қатысуының қажетті құрамдас бөліктерінің бірі. Атап айтқанда, тәртіпке шақыратын соттар жалпы алғанда халық соттарының функциясына және басқару функциясына ешбір араласпастан, еңбек тәртібін нығайтуға және бұл үшін күресудің, еңбек өнімділігін арттыру үшін күресудің мәдени формаларын үздіксіз жетілдіре беруге тиіс.

Социалистік шаруашылық құрылысы ісіндегі кәсіподақтардың ең басты функцияларының бұл тізбесін, әлбетте, кәсіподақтар мен Совет өкіметінің тиісті органдары егжей-тегжейлі нақтыландыруға тиіс. Ең маңыздысы — кәсіподақтардың басқару ісіне көп зиян келтірген тікелей, әзірліксіз, түсінбей, жауапсыз араласудан тұтас елдің халық шаруашылығын *басқаруды* жұмысшыларға және барлық еңбекшілерге *практика жүзінде үйрету* жөніндегі табанды, іскерлік, талай жылдарға арналған жұмысқа саналы және батыл түрде көшуі болып табылады.

8. БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС — КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ БАРЛЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ

Жұмысшылар бұқарасымен, ягни олардың (ал одан кейін барлық еңбекшілердің де) орасан зор көпшілігімен байланыс — кәсіподақтардың қандай болса да қызметінің табысты болуының ең маңызды, ең негізгі шарты. Кәсіподақтар ұйымының және олардың аппаратының төменнен бастап ең жоғарғысына дейін міндетті түрде, тек коммунистерден ғана емес, жауапты жолдастардың тұтас бір жүйесі құрылуға тиіс және ол талай жылдар бойғы тәжірибе арқылы іс жүзінде тексерілуі керек; ол жолдастар жұмысшы өмірінің қайнаған ортасында өмір сүруге, оны бүге-шігесіне дейін білуге, кез келген мәселе жөнінен, кез келген сәтте бұқараның ниғылын,

оның шын қажеттерін, тілектерін, ойларын жаңсақ баспай анық білуге, оның саналылық дәрежесін және белгілі бір соқыр сенімдер мен ескіліктің сарқыншақтарының ықпал жасау күшін зәредей де жалған әсірелеусіз айқын білуге, бұқараға жолдастық тұрғыдан қарау, оның мұқтаждарын қамқорлықпен қанағаттандырып отыру арқылы бұқараның шексіз сеніміне ие бола білуге тиіс. Бұқарадан қол үзу қаупі, авангардтың «майданды теңестірмей» тұрып, бүкіл еңбек армиясымен, яғни жұмысшы және шаруа бұқарасының орасан зор көпшілігімен берік байланысты сақтамай, алға қарай тым оқшау шығып кетуі жұмысшы табының авангарды ретінде, социализмге өтуді (әзірге неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің тікелей қолдауынсыз) жүзеге асырып жатқан ұлан-байтақ елді басқарып отырған, сан жағынан шағын компартия үшін ең зор және қатерлі қауіптердің бірі болып табылады. Егер двигательді машиналармен жалғастыратын механизм бұзылса, тамаша двигателі және маңдайалды машиналары бар ең таңдаулы фабрика да тоқтап қалатыны сияқты, егер компартияны бұқарамен жалғастыратын механизм — кәсіподақтар дұрыс құрылмаса немесе жұмысты дұрыс істемесе, біздің социалистік құрылысымыздың да апатқа ұшырауы сөзсіз. Бұл ақиқатты түсіндіріп, еске салып, қайталап айтып қою жеткіліксіз; бұл ақиқат кәсіподақтардың бүкіл құрылымында және олардың күнделікті жұмысында ұйымдық жағынан баянды етілуге тиіс.

9. ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТҰСЫНДА КӘСІПОДАҚТАР ЖАҒДАЙЫНЫҢ ӨЗІНДЕГІ ҚАЙШЫЛЫҚТАР

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен кәсіподақтардың түрлі міндеттерінің арасында бірқатар қайшылықтар бар екендігі келіп шығады. Бір жағынан, олардың басты қимыл әдісі— сендіру, тәрбиелеу; екінші жағынан, мемлекеттік өкіметке қатысушы болғандықтан олар күштеп көндіруге қатысудан да бас тарта алмайды. Бір жағынан, олардың басты міндеті — еңбекшілер бұқарасының мүдделерін осы сөздің нағыз тікелей және ең төл

мағынасында қорғау; екінші жағынан, олар мемлекеттік өкіметке қатысушылар және тұтас алғанда бүкіл халық шаруашылығын құрушылар болғандықтан қысым жасаудан бас тарта алмайды. Бір жағынан, олар соғыстағыша жұмыс істеуге тиіс, өйткені пролетариат диктатурасы — таптардың ең кескілескен, ең табан тірескен, ең аяусыз соғысы; екінші жағынан, жұмыстың өзіндік ерекшелігі бар әскери әдістерін нақ кәсіподақтарға қолдану бәрінен де үйлеспейді. Бір жағынан, олар бұқараға, оның нақты дәрежесіне бейімделе білуге тиіс; екінші жағынан, олар соқыр сенімдерді және бұқараның артта қалушылығын ешқашан да қолдамауға, қайта бұқараны неғұрлым жоғары дәрежеге үнемі көтеріп отыруға тиіс. Тағысын-тағылар және сол сияқтылар.

Бұл қайшылықтар кездейсоқ емес және бірқатар ондаған жылдар ішінде жойылмайды. Өйткені, біріншіден, бұл — қандай болса да мектепке тән қайшылықтар. Ал кәсіподақтар — коммунизм мектебі. Бірнеше ондаған жылдар өтпестен бұрын еңбекшілердің көпшілігі ересектер үшін «мектептің» іздерімен есте қалғандарының бәрінен арылатындай ең жоғары даму сатысына жетеді деп санауға болмайды. Екіншіден, әзірге капитализм мен ұсақ өндірістің қалдықтары болып отырғанда, бүкіл қоғамдық құрылыста осы қалдықтар мен социализмнің өркендері арасында қайшылықтар болмай қоймайды.

Бұдан екі түрлі практикалық қорытынды шығады. Біріншісі: кәсіподақтардың ойдағыдай жұмыс істеуі үшін олардың міндеттерін дұрыс түсіну жеткіліксіз; олардың дұрыс құрылуы жеткіліксіз; бұған қоса ерекше әдеп сақтап, әрбір нақты жеке жағдайда бұқараға ерекше түрде жақындаса біліп, егестерді барынша азайта отырып, осы бұқараны мәдени, шаруашылық, саяси жағынан бір саты жоғары көтеруге жету қажет.

Екінші қорытынды: осы көрсетілген қайшылықтар жанжалдарды, келіспеушіліктерді, егестерді және т. с. сөзсіз туғызады. Оларды дереу шешу үшін жеткілікті беделі бар жоғары орын қажет. Компартия және барлық елдер компартияларының халықаралық бірлестігі — Коминтерн осындай орын болып табылады.

10. КӘСІПОДАҚТАР ЖӘНЕ МАМАНДАР

Бұл мәселе жөніндегі негізгі қағидалар РКП программасында баяндалған. Бірақ, егер оларды жүзеге асыру дәрежесін көрсететін фактілерге қайта-қайта көңіл бөлінбесе, олар қағаз бетінде қалып қояды. Соңғы кездегі мұндай фактілер: біріншіден, тек Уралдың ғана емес, сонымен қатар Донбасстың да социализацияланған рудниктерінде жұмысшылардың инженерлерді өлтіру оқиғалары; екіншіден, Москва су құбырының бас инженері В. В. Ольденборгердің өзін өзі өлтіруі*.

Мұндай құбылыстар үшін, әрине, кәсіподақтардан гөрі тұтас алғанда компартия мен Совет өкіметіне кінә әлдеқайда көбірек жүктеледі. Бірақ қазір әңгіме саяси кінәның шамасын белгілеу туралы емес, қайта белгілі бір саяси қорытындылар шығару туралы болып отыр. Егер біздің басшы мекемелеріміздің бәрі, яғни компартия да, Совет өкіметі де, кәсіподақтар да коммунизмге идеялық жағынан мүлде жат болғанымен, өз ісін біліп және оны ұнатып, адал жұмыс істеуші маманның қандайын болса да көздің қарашығындай сақтауға жете алмаса, онда социалистік құрылыс ісінде қандай да болса елеулі табыстарға жету туралы сөз де болуы мүмкін емес. Коммунистік қоғам дамуының ең жоғары сатысына жеткенге дейін ерекше топ болып қала беретін мамандардың ерекше әлеуметтік топ ретінде материалдық жағынан да, праволық жағынан да, жұмысшылармен және шаруалармен жолдастық ынтымақта болу ісінде де, идеялық жағынан да, яғни өз жұмысына қанағаттану жағынан да және капиталистер табының құлқын құмарлық мүдделерінен тәуелсіз бола отырып, өз жұмысының қоғамға пайдалылығын түсіну жағынан да капитализм тұсындағыдан социализм тұсында тұрмысы жақсы болуын біз әлі де тез арада жүзеге асыра алмаймыз, бірақ қайткен күнде де жүзеге асыруға тиістіміз. Мамандарды барлық жағынан қамтамасыз ету, олардың таңдаулыларын көтермелеу, олардың мүдделерін қорғап, сақтап отыру, т. т. жөнінде жоспарлы түрде қойыл-

* Бұл туралы «Правданың» 3. І. 1922 ж. хабары мынау: ((«Хрониканың» бұл хабардың толық тексті келтірілсін, 4-бетте))[143].

ған және практикалық нәтижелер беретін жұмыс жүргізілмеген ведомствоны жолға қойылуы азды-көпті жөндем ведомство деп тануға ешкім де көнбейді. Кәсіподақтар барлық осы түрлердегі жұмыстың бәрін белгілі бір ведомствоның мүдделері тұрғысынан емес, қайта еңбектің және бүтіндей халық шаруашылығының мүдделері тұрғысынан жүргізуге тиіс (немесе барлық ведомстволардың тиісті жұмысына ұдайы қатысып отыруға тиіс). Еңбекшілер бұқарасының мамандарға дұрыс қарым-қатынаста болуына жету үшін еңбекшілердің неғұрлым қалың бұқарасына күнбе-күн әсер етуде кәсіподақтарға мамандар жөнінде ең ауыр және қиын жұмыс жүктеледі; ал тек осындай жұмыс қана шын мәнінде елеулі практикалық нәтижелер бере алады.

11. КӘСІПОДАҚТАР ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНА ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ЫҚПАЛДАР

Кәсіподақтар партияда жоқ жұмысшылардың нағыз қалың топтарын біріктірген кезде ғана нақтылы ұйым болмақ. Капитализм қалдықтарының және ұсақ өндірістің қондырмасы болып табылатын саяси ықпалдардың, әсіресе шаруалар орасан басым болып отырған елде, нақ кәсіподақтардың арасында біршама тұрақты болуы сөзсіз осыдан келіп шығады. Бұл — ұсақ буржуазиялық ықпалдар, яғни, бір жағынан, эсерлік-меньшевиктік (II және II½ Интернационалдар партияларының россиялық бір түрі) ықпалдар, екінші жағынан, анархистік ықпалдар. Капитализмді таптық құлқын мүдделері үшін емес, қайта, өздері уағыздап жүрген жалпы «демократияның», «теңдіктің», «бостандықтың» таптан тыс маңызы барына одан әрі сене отырып, идея жүзінде қорғайтын адамдар тек осы ағымдардың арасында ғана азды-көпті елеулі мөлшерде қалып отыр.

Бізде кәсіподақтар арасында байқалып отырған осы сияқты ұсақ буржуазиялық идеялардың қалдықтарын (оқта-текте қайта жандануын да), жеке топтардың, әсіресе жеке адамдардың ролі арқылы емес, қайта нақ осы көрсетілген әлеуметтік-экономикалық себеп арқылы түсіндіру керек. Сондықтан, компартия да, мәдени-ағарту

жұмысын жүргізетін совет мекемелері де, кәсіподақтардағы барлық коммунистер де кәсіподақтар арасындағы ұсақ буржуазиялық ықпалдарға, ағымдарға және уклондарға қарсы идеялық күреске, — оның бер жағында жаңа экономикалық саясат капитализмнің белгілі бір дәрежеде күшеюіне әкеліп соқпай қоймайтындықтан да, осы идеялық күреске анағұрлым көп көңіл бөлуге тиіс. Бұған жұмысшы табына ұсақ буржуазиялық ықпал жасауларға қарсы күресті күшейту түрінде қарама-қарсы жұмыс жүргізу өте-мөте қажет.

Соңы

Тезистермен бірге талқылаймыз.

Көшірместен, бұл Молотов жолдасқа берілсін.

Жариялауға жататын тезистер, яғни олардың комиссияға және онан кейін Саяси бюроға ұсынылатын жобасы осымен аяқталады.

Саяси бюроның арнайы қаулысымен Рудзутак жолдастың жобасынан мынадай редакцияда қаулы қабылдауды ұсынамын:

Саяси бюро ұсақ буржуазиялық, эсерлік-меньшевиктік және анархистік ықпалдар мен уклондарға қарсы күресті күшейту тұрғысынан кәсіподақ қозғалысының басшы жоғарғы топтарын (ал мүмкіндігінше ком. қызметкерлердің бәрін де) тексеру және жаңарту үшін Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросы жанынан арнаулы комиссия құруды Ұйымдастыру бюросына тапсырады. Бұл комиссия РКП-нің кезекті, XI съезіне дейін өзінің жұмысын (ең болмағанда көпшілік бөлігін) аяқтауға және ол туралы партия съезіне баяндама беруге тиіс[144].

Жариялауға болмайды

4. 1. 1922. *Ленин*

1921 ж. 30 декабрь—1922 ж. 4 январьда жазылған

Кейбір өзгерістер енгізіліп, 1922 ж. 17 январьда «Правда» газетінің 12-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА АРНАП В. М. МОЛОТОВҚА ЗАПИСКА ЖӘНЕ ҚАУЛЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫ

Саяси бюроға арнап *Молотов жолдасқа*

Ольденборгердің өзін өзі өлтіруі және бұл істің тергелуі туралы 3. I. 1922 ж. «Правдадағы» заметканың бүтіндей жеткіліксіздігіне (немесе жете айтылмағандығына?) байланысты

Саяси бюроға мынадай қаулы қабылдауды ұсынамын:

1) Москва Советіне комиссияның қорытындысында көрсетілген адамдардың бәрін *сотқа* беру туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының алдына ұсыныс жасау тапсырылсын;

2) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына бұл ұсынысты дереу қанағаттандыру және

3) — бұл туралы *бүкіл* советтік баспасөзде кеңінен жариялау тапсырылсын;

4) Юстиция халық комиссариатына бұл істі ерекше қамқорлықпен және шебер де сұсты етіп өткізу (Курский жолдастың және тағайындалатын қоғамдық айыптаушының жеке жауапкершілігіне) тапсырылсын;

5) Ұйымдастыру бюросына ерекше партиялық сот құру тапсырылсын. Су құбырының бүкіл *коммунистік ұясы* осы сотқа берілсін. (Бір бөлегі партиядан біржола немесе белгілі мерзімге шығарылсын, бір бөлігіне, кінәсына қарай, қатаң сөгіс жариялансын.)

Сот сұсты, ашық түрде өткізілсін.

+6) «Известия» мен «Правдаға» директива: зығырданды қайнатарлық бұл іске бірқатар уытты мақалалар арналсын.

4. I. 1922. *Ленин*

Тағы да бір қаулының жобасы:

Советтік кәсіпорындарда инженерлердің (және мамандардың) өлтірілу оқиғаларының бәрі тергеулердің қорытындыларын қоса ((Халық шаруашылығы жоғары советі, ВЦСПС және т. т., *Еңбек және Қорғаныс Советі* арқылы)) Саяси бюроға баяндалып отырсын[145].

P. S. Зығырданды қайнатарлық іс: барынша күшті дабыл қағу керек.

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

САЯСИ БЮРОНЫҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ ДИРЕКТИВАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[146]

Жоба

Саяси бюро барлық шаруашылық органдарға былай деп көрсетеді: қазір, 1921 жылғы декабрьдегі партия конференциясынан[147] кейін және Советтердің IX съезінен кейін, жаңа экономикалық саясат жеткілікті дәрежеде берік және анық белгіленген саясат болып отыр.

Сондықтан оны практикада мүмкіндігінше тез және кең пайдалануға барлық күшті салу қажет. Жаңа экономикалық саясат туралы тақырыпта жалпы пайымдаулардың, теорияға салынулардың және сөз жарыстырулардың қандайын болса да айтыс клубтарына, ішінара баспасөзге беру керек. Халық Комиссарлары Советінен, Еңбек және Қорғаныс Советінен, барлық шаруашылық органдарынан бұл сияқтылардың бәрі аяусыз қуылсын. Комиссия атаулыларды ең болмашы минимумге жеткізу керек, комиссиялық жұмысты мүдделі ведомстволардың бәріне жазба түзетулер немесе қарсы жобалар ең қысқа мерзім (1—2 күн) ішінде берілетін болсын деген талап қоюмен алмастыру керек. Жоғары экономикалық комиссияны тек қана үкіметтің экономикалық актілерін кодификациялау және біріктіру органы етіп, әр түрлі «комиссиялық талқылау» дейтіндерді мүмкіндігінше мүлде жою керек. Жоғары экономикалық комиссия жұмыстың жалпы барысын баяулатпай, қайта тездетуге тиіс.

Саяси бюро Финанс халық комиссариатынан күштің бәрін салықтардың санын тез көбейтуге және олардан түсетін түсімдердің мөлшерін көбейтуге, сондай-ақ жал-

пы бюджетке практикалық нақтылы түзетулер енгізуге шоғырландыруды талап етеді. Ақша саясаты, азық-түлік салығын ақшалай салықтармен ауыстыру, т. с. туралы мәселелерге қатысты пайымдаулардың бәрі ішінара айтыс клубтарына, ішінара баспасөзге берілуге тиіс.

Саяси бюро халық комиссарларының бәрінен жаңа экономикалық саясатты практикада сыннан өткізуде сөзсіз барынша тездік болуын, жігер болуын, бюрократизм мен қағазбастылықты жоюды талап етеді; Саяси бюро өндірісті және ішкі сауданы да, сыртқы сауданы да тездетіп, мөлшерін көбейткендік үшін жауапты адамдардың мүмкін болғанынша көбін сыйлыққа көшіруді сөзсіз талап етеді. Бұл талап ең алдымен Сыртқы сауда халық комиссариатына, сонан соң Мемлекеттік банкке (әсіресе оның сауда бөліміне), Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағына және Халық шаруашылығы жоғары советіне қойылады.

Саяси бюрода қабылдағаннан кейін барлық халық комиссариаты коллегияларының барлық мүшелеріне және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының барлық мүшелеріне қол қойғызылып жариялансын.

1922 ж. 9 және 12 январь аралығында жазылған

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба және машинкада басылған дана бойынша басылып отыр

НИЖНИЙ НОВГОРОД РАДИОЛАБОРАТОРИЯСЫНА ҚАРЖЫ БӨЛУ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ҰСЫНЫС[148]

(Нижний Новгород радиолабораториясына алтын ақшамен 50 000 сом қаржы бөлу туралы Довгалевскийдің өтініші жөнінде.)

Қуаттаймын және Молотов жолдастан Саяси бюрода дауысқа салуды өтінемін. Саяси бюро мүшелерінен Нижний Новгород радиолабораториясының айрықша маңыздылығын, оның қазірдің өзінде көрсеткен орасан зор қызметтерін және оның бізге таяу болашақта соғыс ісінде де, насихат ісінде де орасан зор көмек көрсете алатынын еске алуды өтінемін.

Ленин

1922 ж. 12 январьда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

ДАҒЫСТАН ЕҢБЕКШІЛЕРІНЕ[149]

Сыйлықтарыңызды — Дағыстан еңбекшілері бұқарасының творчестволық инициативасының нәтижесін алғыспен қабылдаймын.

Дағыстанды шаруашылық жағынан қайта өркендету жөніндегі қиын істе табысқа жетулеріңізге тілектеспін.

РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Председателі

Ленин

1922 ж. 12 январьда телефон арқылы айтып жаздырған

1922 ж. 14 январьда «Известия ВЦИК» газетінің 10-номерінде басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған көшірме)

КИНО ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТИВАЛАР[150]

Халық ағарту комиссариаты көрсетілетін барлық фильмдерге бақылау ұйымдастыруға және бұл істі бір жүйеге келтіруге тиіс. РСФСР-де көрсетілетін лента-лардың бәрі Халық ағарту комиссариатында тіркелуі және номерленуі керек. Көрсетілетін киноның әрбір программасы үшін мынадай нақты пропорция белгіленуі керек:

а) көңіл көтеретін картиналар, арнайы жарнама үшін және табыс түсіру үшін (әрине, әдепсіздік пен контрреволюциясыз) және

б) «барлық елдер халықтарының өмірінен» деген фирмамен — арнайы насихаттық мазмұндағы картиналар, мәселен: Англияның Индиядағы отаршылдық саясаты, Ұлттар лигасының жұмысы, Берлиндегі ашыққандар, т. т. және т. с. Тек киноны ғана емес, сонымен қатар насихат үшін қызықты тиісті жазулары бар фотографияларды да көрсетіп отыру керек. Жеке адамдардың қолындағы кинотеатрлардың аренда түрінде мемлекетке жеткілікті мөлшерде кіріс келтіруі қамтамасыз етілсін, кәсіпкерлерге номерлердің санын көбейтуге және жаңа номерлер енгізуге право берілсін, бірақ Халық ағарту комиссариатының цензурасынан сөзсіз өтетін болсын және өнеркәсіпшілердің жаңа картиналарды жасауға және шығаруға мүдделі болулары үшін көңіл көтеретін картиналар мен «Барлық елдер халықтарының өмірінен» деген атпен шығарылатын насихаттық сипаттағы картиналар арасындағы пропорция сақталуы

шарт етіп қойылсын. Өнеркәсіпшілерге осы шеңберде кең инициатива берілуге тиіс. Бізде насихаттың керісінше мақсаттарға ұрындыратыны сияқты талай рет болған өкінішті ағаттықтардың қайталанбауы үшін насихаттық және тәрбиелік сипаттағы картиналарды байырғы марксистер мен әдебиетшілердің тексерулеріне беріп отыру керек. Деревняларда және Шығыста кинотеатрлар ұйымдастыруға арнайы көңіл бөлінсін, бұл жерлерде олар жаңалық болып табылады және сондықтан да онда біздің насихатымыз ерекше табысты болады.

1922 ж. 17 январьда айтып жаздырған

Бірінші рет 1925 ж. «Кинонеделя» журналының 4-номерінде басылған

Н. П. Горбуновтың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

ШТЕЙНБЕРГ КОНЦЕССИЯСЫ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА АРНАП В. М. МОЛОТОВҚА ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАР

1

17. I. 1922 ж.

Саяси бюроға арнап Молотов жолдасқа

Штейнберг концессиясы туралы Лежаваның анықтамасын қоса жіберіп отырмын.

Бұл мәселені Орталық Комитеттің шешімін *Халық Комиссарлары Советі* жұма күні совет тәртібімен өткізетін болуы үшін бейсенбі күні *Саяси бюроға* қоюыңызды өтінемін[151].

Саяси бюро үшін бұл мәселе бойынша 2 баяндамашы: А. Д. Цюрупа мен Халық Комиссарлары Советі көпшілігінің өкілі тағайындалсын.

Іс маңызды, сондықтан мен Халық Комиссарлары Советінің көпшілігі (Цюрупаға қарсы) тағы да «коммунистік менмендік» рухында қателесіп отыр ғой деп қатты қауіптенемін: сауда жасай білетін көпеске табыс беруден қорқады да, іждағатпен бір ғана нәрсені, көбінесе аздап шу көтергенімен, жаңсақ қадам жасамайтын коммунистердің көпшілік болуын *ойлайды.*

Назарларыңызды 5-параграфқа аударамын: *үш коммунист* (саудадағы надандар? мен сауда ісін білетінін көрсеткен екі коммунисті: *Белов* (ГУМ) пен *Серг. Малышевті* ғана білемін) екі көпесті *сауда жасауға үйретпекші.*

Бұл «көпшілік» Щедриннің акушерлеріне ұқсап кете ме деп қорқамын.

Мүмкін, 5-параграфты былай деп өзгерту керек болар: Штейнбергке өкіл ретінде бәрін *жеке-дара* шешуге

право берілсін, ал басқарманың көпшілігіне тек *бәрін білу*, Штейнбергтің *әрекетін тоқтатпастан*, бізге шағым ету правосы берілсін (яғни формальды түрде көпшілік 3-тің 2-ге қарсы Штейнбергтің шешімін бұзуға правосы бар, бірақ біз оған *Еңбек және Қорғаныс Советінің айрықша* шешімінсіз бұзбаймыз деп *айтамыз).*

Ал үш коммунискe Орталық Комитеттің айрықша шешімімен үш жыл ішінде оқып, бәрін біліп шығу міндетін жүктейміз, әйтпесе масқаралап қуып жібереміз.

Ленин

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2

Молотов жолдасқа
(Саяси бюроның мүшелеріне арнап)
Цюрупа жолдас пен Лежава жолдастан қорытынды пікір берулерін өтінемін

Бүгін Еңбек және Қорғаныс Советінің пленум мәжілісі болады. Мүмкін, істі кейінге қалдырмас үшін телефонмен Штейнберг концессиясы жөнінде мынадай ұсыныс (Саяси бюроның Еңбек және Қорғаныс Советі үшін міндетті қаулысын) қабылдау керек болар: «Лежава комиссиясының ұсынысы мынадай толықтырумен қабылдансын: басқарма өкілі ретінде Штейнберг жекедара әрекет ететін болсын, ал басқарма көпшілігінің қаулылары (басқарманың 3 өкілі, 1—Штейнберг, 1—капиталист) Штейнбергтің бұйрығын тоқтатып тастамай, оны тек Еңбек және Қорғаныс Советіне көшіреді»[152].

Бұл қосымша Еңбек және Қорғаныс Советінде қабылдануға тиіс, бірақ басқарма уставына енгізілмейтін болсын. Сонда біз бұл қаулымен Штейнбергті таныстырып, бір жағынан, коммерцияны коммунистік кітапшалардан емес, басқа жағынан білетін адамның істі шын мәнінде коммерциялық тұрғыдан жүргізуіне мүмкіндік туғызамыз, ал екінші жағынан, Штейнбергтің қандай да бір қылмысы болған жағдайда өз шешімімізді Еңбек

және Қорғаныс Советі арқылы Қоғам уставына ешбір өзгеріс енгізбей-ақ бұзу мүмкіндігін қамтамасыз етеміз. Осындай кепілдік әбден жеткілікті ғой деп ойлаймын.

Ленин

1922 ж. 23 январьда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ КІШІ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫН ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ

А. Д. ЦЮРУПАҒА ХАТТАР [153]

1

24. I. 1922.

Цюрупа жолдас!

Біздің телефон арқылы кешегі сөйлесуімізге және режимді қатал сақтау жөніндегі Сіздің берген уәдеңізге байланысты жұмыстың бүкіл жүйесі туралы бізге егжей-тегжейіне жете әңгімелесіп, оны жақсылап ойластыру қажет.

Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің ең негізгі кемшілігі — істің орындалуын тексерудің жоқтығы. Жаман бюрократтық батпақ *бізді* қағаз жазуға, декреттер туралы сөзуарлыққа салынуға, декреттер жазуға *тартып отыр,* сөйтіп нақты жұмыс осы қағаз теңізіне батып барады.

Ақылды саботажшылар бізді осы қағаз батпағына әдейі тартып отыр. Халық комиссарларының және басқа ұлықтардың көпшілігі білмегендіктен «тұзаққа түсуде».

Сіз үшін белгіленген қатаң емдеу режимі пайдаланылуға тиіс, сөйтіп әбігерлік пен қарбаластықтан, комиссиялардан, сөзуарлықтан және қағаз шимайлаудан *қайткен күнде де* қол үзу керек, қол үзіп барып, жұмыс жүйесін *ойластырып, о н ы т ү б і р і н е н қ а й т а қ ұ р у к е р е к:*

Біздің жексұрын-бюрократиялық жұмысымызды нақ осылай қайта құру, бюрократизм мен қағазбастылыққа қарсы күресу, істің *орындалуын тексеру* Сіздің жұмысыңыздың түп қазығы болуға тиіс.

Сіздің негізгі және басты міндетіңіз — істің орындалуын тексеру, іс жүзінде не болып шыққанын тексеру; бұл үшін барынша сыннан өткен және тексерілген көмекшілерден (іс басқарушы, оның көмекшілері, секретарь, т. б.) кішкене (4—6 адам) аппарат құру керек.

Бұл үшін, меніңше, мынаны істеу керек:

1) Ұсақ мәселелердің бәрін Кіші Халық Комиссарлары Советіне, *Еңбек және Қорғаныс Советінің* жарлықшы мәжілістеріне беріп, *Халық Комиссарлары Советі* мен *Еңбек және Қорғаныс Советінің* жүгін жеңілдету керек.

Бұл іс басталды. Бірақ, егер қадағалап, қозғау салып, тексеріп отырмайынша, үш қамшымен бірдей соққыланбайынша, мұның өзі біздегі қарғыс атқан, обломовтық, дағдылар салдарынан екі аптаның ішінде «бетімен кетеді».

Ұсақ мәселелердің Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советіне жіберілмеуін және жалпы алғанда барлық мәселелердің алдымен үш рет екшеліп отыруын (тиісті халық комиссариаттарынан сұрату; олардың жедел жауап беруі; кодификациялық бөлімнің де жауабы, т. т. және т. с.) қатаң қадағалап отыруға іс басқарушы (сондай-ақ *Халық Комиссарлары Советі* мен *Еңбек және Қорғаныс Советінің* секретариаты да) дағдыландырылуға тиіс.

Горбуновпен бірге* істердің қойылуы және барысы туралы жазбаша *ереже* дайындауыңыз керек және оның орындалған-орындалмағанын, көзделген мақсатқа, яғни қағазқұмарлықты, созбұйдалықты азайту, көбірек ойластыру, халық комиссарларының көбірек жауапты болуы, *асығыс әзірленген декреттердің орнына істің орындалуын абайлап, ұзақ уақыт, құнттап тексеру, тәжірибені тексеру,* жеке адамның жауапкершілігін анықтау (бізде жоғарғы орындарда, халық комиссариаттарында, олардың бөлімдерінде іс жүзінде мүлде жауапсыздық бар, ал саботажшылар мұны керемет пайдаланады; қорытындысы — істі құртатын обломовшылдық

---

* +кодификатор+Кіші Халық Комиссарлары Советінен 1.

болып шығады) мақсатына жеткен-жетпегенін **Сіздің өзіңіз** ай сайын *кемінде* бір рет тексеріп отыруыңыз керек.

Мен мұның *өте-мөте* қиын екендігін білемін. Ал нақ қиын болғандықтан да, Сіз күшіңізді *бүтіндей* осыған жұмсауыңыз керек.

Сондықтан

2) Мәжілістер минимумға жеткізілсін. Норма: аптасына екі сағаттан Халық Комиссарлары Советі 1 рет+ +Еңбек және Қорғаныс Советі 1 рет.

3) Жоғары экономикалық комиссия. Оның кіші комиссияларының *бәрін* тезірек жабу керек, олардың орнына халық комиссарларынан — оларда (әрқайсысында) *жауапты* адамдардың жобалар жазып, бұларды халық комиссарының бекітуін, барлық «мүдделі» халық комиссарларымен бұл жөнінде *өте қысқа* мерзім ішінде келісуді және содан соң Еңбек және Қорғаныс Советіне немесе Халық Комиссарлары Советіне қоюды талап ету керек.

Жоғары экономикалық комиссия *тек* келістіру *(кодификациялау)* үшін және қысқа мерзім ішінде Сіздің және Каменевтің қолын *(штемпельді)* тексеру үшін керек.

Тек қана осы үшін.

Сөзуарлыққа салыну үшін емес.

Талқылау үшін емес.

4) Сіз Жоғары экономикалық комиссиядан басқа бірде-бір, тіпті де бірде-бір комиссияға кірмеуге тиіссіз.

5) Комиссиялардың сұмдық көбейіп кетуіне қарсы күресу керек, олардың орнына ең қысқа мерзім ішінде *жазбаша пікір* айтуды ресми түрде талап ету керек.

6) Сонымен, Сіз өзіңізді әбігерлік пен қарбаластан босатуыңыз керек,— мұның өзі *біздің бәріміздің түбімізге жетуде,— бүтіндей* жұмысты сабырмен ойластыруға

— —және, ең бастысы, өзіңіз істің орындалуын тексеруге, бюрократизм мен созбұйдалыққа қарсы күресуге мүмкіндік алуыңыз керек.

Сізден осы мәселені түгел ойластырып, маған жазып жіберуіңізді өтінемін.

Комм. сәлеммен *Ленин*

Бірінші рет 1927 ж. 16 январьда «Красная Газетаның» 14-номерінде толық емес түрінде басылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында толық басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2

15 февраль 1922

Цюрупа жолдас!

Менің ойымша, Сіздікі дұрыс.

Саяси бюроның келісімін алып, «қысқартуды» бастау керек[154].

Шамамен || 1) құрамы: Сіз көрсеткен *бес* адам плюс ведомстволық емес *2* адам (Белов+?) =7.

2) мемлекеттік сметада көрсетілген қаржыны әуелі Финанс халық комиссариаты мен Жұмысшы-Шаруа инспекциясында қарау керек;

Кіші Халық Комиссарлары Советінде тек шағым жасалған ретте ғана қаралсын;

басқасы Сіз айтқандай.

Кіші Халық Комиссарлары Советін *қысқартудың* осы *негіздері* тағы да ойластырылып, жазбаша баяндалсын, Кіші Халық Комиссарлары Советі председателінің пікірі алынсын, бұл *негіздер* Саяси бюро арқылы өткізілсін, содан соң бұларды жаңа ереже етіп шапшаң жасап шығу керек.

Мүмкін, комиссияларды әлі де азайту керек болар? іс жүзінде тексерудің ролін күшейту керек шығар? бүкіл жұмысты Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасарларына тікелей бағындыру керек болар?

Коммунистік сәлеммен *Ленин*

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

3

20. II.

Цюрупа жолдас!

Жаңаша жұмыс істеу туралы тақырыпқа тағы да оралып отырмын.

Ол жұмыстың программасын былайша тұжырымдап көрейін:

(1) халық комиссарлары ұсақ-түйекті Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советіне аудара салуды қойып, оны өздері шешу және оған өздері *жауап беру* мағынасында Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советін он есе ширату керек;

(2) Халық Комиссарлары Советінің іс басқару аппаратын (қазір $^3/_4$ бөлігі түк істемей отыр) осыған жауап беретін ету керек; осыны жүзеге асыратын ету керек;

(3) Кіші Халық Комиссарлары Советі туралы да осыны істеп, мұның үстіне оны *барынша* қысқарту керек;

(4) *іс жүзінде орындалуын тексеру* үшін Кіші Халық Комиссарлары Советі мүшелерінің және оның аппаратының бір бөлегін, сондай-ақ Халық Комиссарлары Советінің іс басқару аппаратының бір бөлегін Сіз өз қол астыңызға алыңыз (Сіз белгілі бір адамға: барып кел, қара, оқы, тексер, ашықауыздық үшін сен жауап бересің деп тапсырасыз).

(5) *е ң а л д ы м е н* Сіз (және Рыков) жұмысты өзіңіз тексеруге тәулігіне бір сағат, егер денсаулығыңыз көтерсе, екі сағат уақыт бөлуіңіз керек: өзіңізге ұлықтарды емес, коллегия мүшелерін **және онан да төмендегілерді,** халық комиссариатының X, Y, Z іскер қызметкерлерін шақырып алып (немесе барып), жұмысты тексеруіңіз, мәнісіне жетуіңіз, тәртіпке салуыңыз, үйретуіңіз, дұрыстап дүрелеуіңіз керек. Адамдарды зерттеп білу, *іскер* қызметкерлерді іздеу керек. Қазір істің мәнісі осында; мұнсыз бұйрықтар мен қаулылардың бәрі лас қағаздар болып шығады.

Маған жауап беріңіз. Ойластырып көрейік, Орталық Комитеттің мүшелерімен кеңесейік және осындай (немесе басқаша) программаны тезірек *б е к і т е й і к.*

Сіздің *Ленин*

P. S. Ал Брюханов жарамайды. Басқаны іздеу керек. Әзірге онда күштірек «үштік» құру керек пе.

1922 ж. 20 февральда жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

4

Цюрупа жолдас! Өзімнің қосымшамды жіберіп отырмын. Бейсенбіге дейін *барлық* халық комиссарларының және Кіші Халық Комиссарлары Советі *барлық* мүшелерінің қысқаша пікірлерін алуға кеңес беремін.

Сіздің *Ленин*

Ерекше қосымша қаулыда былай деп көрсетілсін:

Кіші Халық Комиссарлары Советінің басты міндеті — халық комиссариаттарының 1) заңдарды бұзбауын, 2) керексіз жерде толып жатқан артық мәселелерді Кіші Халық Комиссарлары Советінің шешуіне салып, жауаптылықтан бұлтармауын, қайта мәселелерді өздері, өз жауапкершілігімен немесе екі және онан да көбірек халық комиссариаттарының келісуімен жалпы тәртіп бойынша шешуін қатаң бақылап отыру болуға тиіс; 3) халық комиссариаттарының жеке жарлықтары мен іс-әрекеттерінің заңдылығын, мақсаттылығын және тездігін тексеріп отыру, осындай тексеру арқылы және чиновниктер санын үздіксіз қысқарту арқылы бюрократизм мен қағазбастылыққа қарсы күресу болуға тиіс[155].

1922 ж. 20—21 февральда жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

5

Цюрупа жолдас! Бізде негізгі пікір алалығы[156] қалып отырған сияқты. Менімше, басты нәрсе — жұмыстың денін декреттер мен бұйрықтар жазудан (біз бұл жөнінде зердесіздіктен есуастыққа дейін жеттік) *а д а м д а р-*

ды іріктеп алуға және *істің орындалуын тексеруге* аудару керек. Істің түйіні осында.

Кіші Халық Комиссарлары Советі бұған жарамай ма? Жарамайды делік. Онда *Сіз және Рыков* уақыттарыңыздың $^{9}/_{10}$ бөлігін осыған бөлулеріңіз керек (Рабкрин мен іс басқарушыдан *жай* тапсырмаларды орындаудан басқа бірдеңе күту **кісі күлерлік нәрсе**). Бізде барлығы да «ведомстволардың» жаман бюрократиялық батпағына батып бітті. Мұнымен күнбе-күн күрес жүргізіп отыру үшін зор бедел, ақыл-ой, күш керек. Ведомстволар — қоқсық; декреттер — қоқсық. Адамдар табу, жұмысты тексеру — істің бар мәні міне осында. Егер Сіз + Рыков болып өз уақыттарыңыздың $^{9}/_{10}$ бөлігін осыған жұмсасаңыздар, ал іс басқарушыны (кейде Кіші Халық Комиссарлары Советінің мүшелерін де) өздеріңізге көмекші етіп алсаңыздар, онда, бәлкім, жаман болмас еді.

Маған Кіші Халық Комиссарлары Советі жөніндегі жобаны тағы бір рет жіберіңіздерші.

Ленин

1922 ж. 21 февральда жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

6

А. Д. Цюрупаға

Еңбек және Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінің, сондай-ақ Кіші Халық Комиссарлары Советінің жұмысы жөніндегі директиваның жобасы

Көрсетілген мекемелердің басты кемшілігі — олардың ұсақ-түйектермен айналысуы. Осыған байланысты олар бюрократизмге қарсы күресудің орнына, бюрократизмге батуда.

Бұл кеселдің себептері мыналар: 1) іс басқарушының әлсіздігі; 2) халық комиссарларының ұсақ-түйектер мен бюрократиялық ежіктеулердің шырмауынан шыға білмеуі; 3) халық комиссарларының (онан да бетер: оларды итермелейтін ведомство бюрократтарының) жа-

уапкершілікті өзінен Халық Комиссарлары Советіне аудара салғысы келетіндігі; 4) — соңғы және басты нәрсе — қазір қағаз теңізіне қарсы күрес, қағазға және үнемі «қайта құрушылықтарға» сенбеу күн тәртібіне қойылып отырғанын, қазіргі кезеңнің бірінші кезектегі міндеті декреттер емес, қайта құрулар емес, *адамдарды іріктеп ала білу* екенін, *істелетін нәрсеге жеке адамның жауапкершілігін* белгілеу, *іс жүзіндегі жұмысты тексеру* екенін жауапты қызметкерлердің саналылықпен ұғынбауы. Мәселе осылай қойылмаған күнде бізді тұншықтырып отырған бюрократизм мен созбұйдалықтан құтыла алмаймыз.

Кіші Халық Комиссарлары Советі, Еңбек және Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советі халық комиссариаттарын ұсақ-түйек мәселелерді өздері шешіп, олар үшін қатаң жауап беруге дағдыландыра отырып, өздерін ұсақ-түйектен барынша босатуға тиіс.

Халық Комиссарлары Советінің іс басқару аппараты мынаны іс жүзіне асыруды өзінің басты міндеті етіп қоюға тиіс: Кіші Халық Комиссарлары Советінде, Еңбек және Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінде істердің санын азайтып, істі халық комиссарларының (жеке-жеке және бірлесіп) көбінесе өздері шешіп, оған жауап беретін етуге тиіс; басты назарды жұмыстың іс жүзінде орындалуын тексеруге аударуға тиіс.

Осы мақсаттар үшін Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасарлары Рыков және Цюрупа жолдастар өздерін ұсақ-түйектерден және комиссиялардан барынша босатуға тиіс; халық комиссарлары шешуге жататын істерге өздерін (орынбасарларды) тартуға қарсы күресулері керек; тексеру үшін және адамдарды іріктеп алу үшін маңызды-маңызды (одан соң бәрінің де) халық комиссариаттарының жауапты қызметкерлерімен (ұлықтармен емес) көзбе-көз танысуға, ең аз дегенде, күніне 2—3 сағат уақыт бөлу керек; Халық Комиссарлары Советінің іс басқару аппаратын және Кіші Халық Комиссарлары Советі мүшелерінің бір бөлегін, сондай-ақ Рабкринді іс жүзіндегі жұмысты және оның табыстылығын тексеру үшін пайдалану керек; бір

сөзбен айтқанда, мемлекеттік жұмыстың практикалық нұсқаушылары болу керек, ал мұндайлар бізде өте-мөте жеткіліксіз.

Декреттерге, мекемелерге, «қайта құрушылықтарға» және ұлықтарға, әсіресе коммунистерден болған ұлықтарға сенбеу; адамдарды тексеру арқылы және іс жүзіндегі жұмысты тексеру арқылы бюрократизм мен созбұйдалықтың шырмауына қарсы күресу; басы артық чиновниктерді аяусыз қуып шығу, штаттарды қысқарту, басқару ісін шындап үйренбейтін коммунистерді орнынан алу — халық комиссарлары мен Халық Комиссарлары Советінің, оның председателі мен орынбасарларының ұстайтын бағыты осындай болуға тиіс.

Ленин

27. II.

1922 ж. 27 февральда жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ХАТ

Чичерин жолдас!

1. Егер мүмкін болса, Бономи ұсыныстарының ресми текстін Сіз қай тілде алсаңыз, сол тілде жіберуіңізді өтінемін (маған керегі — олар тұжырымдаған шарттар пункттерінің тексті)[157].

2. Бұл шарттардың бастапқыда біздің газеттерде басылған, атап айтқанда: менің білуімше, Бономи жіберген ресми текстегідей, жай ғана «система» емес, «меншік системасы» деген сөздері бар 1-пункттің тексті Антантаның қандай да болсын бір ықпалды газетінде басылмады ма екен[158].

Шетелдің қандай да болсын бір газетінде «меншік системасы» деген сөздердің болған-болмағанын тексеруді, мүмкін болса, Ростаның шетел бөліміне тапсыруды өтінер едім, егер бола қалса, онда сол номерді маған жіберуге болмас па екен.

Ленин

1922 ж. 26 январьда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған көшірме)

М. И. КАЛИНИННІҢ УКРАИНАҒА САПАРЫ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ҰСЫНЫС[159]

Саяси бюроның барлық мүшелеріне арнап Молотовқа

Мына ұсынысты Саяси бюрода дауысқа қоюды өтінемін: Украинаның неғұрлым астықты губернияларын аралап, ашыққандарға жәрдем жинау үшін Калинин жолдас дереу Украинаға жіберілсін. Оның экспедициясы айрықша ұқыпты жабдықталсын, жәрдем жинауға шақырған үгітті ойдағыдай жүргізу үшін фотографиялар, фильмдер көрсетіліп, ашаршылық жайлаған жерлерден зардап шеккен адамдар шақырылсын, т. б. Бүкіл экспедицияны практикалық жағынан іскерлікпен жүргізу үшін жауапкершілік жеке-дара

1. саяси тұрғыдан Калининге

2. бұл істі шын мәнінде ойдағыдай жүргізе де, ұйымдастыра да алатын, арнайы тағайындалған және Саяси бюро бекіткен практик жолдасқа жүктелсін.

Калининге бүкіл экспедициямен бірге әрі кеткенде 3 күннен қалмай жүріп кету міндеттелсін.

Ленин

1922 ж. 27 январьда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ҰСЫНЫС

Саяси бюроның барлық мүшелеріне арнап
Молотов жолдасқа

«Правданың» бүгінгі номерінде «Беспартийный» әбден дұрыс және мезгілі жеткен жоспарды дамытып отыр деп ойлаймын[160].

Оны дереу талдап жасау және тезірек жүзеге асыру үшін, мысалы, төмендегі құрамда комиссия құруды ұсынамын: Молотов (Орталық Комитет Секретариатының немесе Ұйымдастыру бюросының тағайындауы бойынша басқа біреумен ауыстыру правосымен), одан соң Яковенко, Теодорович және әлгі «Беспартийныйдың» өзі.

Ленин

1922 ж. 27 январьда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр

ГЕНУЯ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ПРЕДСЕДАТЕЛІНІҢ ОРЫНБАСАРЫНА ЖӘНЕ ДЕЛЕГАЦИЯНЫҢ БАРЛЫҚ МҮШЕЛЕРІНЕ ДИРЕКТИВАНЫҢ ЖОБАСЫ[161]

1. II. 1922 ж.

Саяси бюро мүшелеріне арнап Молотов жолдасқа

Генуя делегациясы председателінің орынбасарына және делегацияның барлық мүшелеріне мынадай директиваны бекітуді ұсынамын:

1. Делегацияның барлық мүшелері жалпы алғанда конференцияда болатын және қойылуы мүмкін саяси және финанс мәселелерінің бәріне әзірленуге тиіс. Мұның үстіне, делегацияның әрбір мүшесі өте маңызды дипломатиялық мәселелердің біріне және өте маңызды финанс мәселелерінің біріне арнайы, ерекше толық, егжей-тегжейлі әзірленуге тиіс.

Мұндай мәселелерді делегацияның барлық мүшелері арасында (Рудзутак және т. с. тәрізді сырқат адамдарды қоспағанда) бөліп беру Чичеринге және Литвиновқа жүктеледі.

2. Делегацияның әрбір мүшесі 22. II (Орталық Комитеттің Саяси бюросымен болатын) кеңеске дипломатиялық, сол сияқты финанстық өте маңызды мәселелердің бәрі жөніндегі көзқарастары мен саясатының өзі ұстанатын программасының ең қысқаша (maximum 2—3 бет; телеграфтық стильмен) конспектісін әзірлеуге тиіс.

3. Түрлі тілдердегі бүкіл қажетті әдебиет, сондай-ақ документтердің орыс тіліндегі жүйелі жинағы Чичерин мен Литвиновтың жауапкершілігімен күні бұрын жиналуға және делегация мүшелеріне үлестіріліп берілуге тиіс.

4. Финанс мәселелерінің ерекше маңыздылығына және ерекше қиындығына байланысты Чичерин мен Лит-

винов Финанс халық комиссариатымен, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясымен, А. Д. Цюрупамен келісе отырып, финанс жөніндегі сарапшылардың тізімін және олардың арасында жұмысты бөлудің жоспарын жасауға тиіс; мерзім — 1 апта.

5. Делегацияның барлық мүшелері Кейнстің кітабы («Бітімнің экономикалық нәтижелері») мен сол сияқты буржуазиялық және буржуазиялық-пацифистік кітаптарды және *кітаптардың бөлімдерін* (Лансинг соғыстың және 1918 жылғы бітімнің «империалистік» сипаты туралы, т. с.) *өте жақсы білуге* тиіс. Былайша әзірлену керек: сөйленетін сөздер мен мәлімдемелерде *коммунистік* көзқарасты қысқаша баяндап, бұл баяндауды — мен коммунист болғаныммен де, мынадай коммунистік көзқарастарым болғанымен де, алайда осы отырғандар үшін коммунистерден цитат келтірмей, барлық борыштарды жою қажеттігі және т. с. туралы мәселені буржуазиялық көзқарас тұрғысынан қойғым келеді деген сияқты сөздермен айту қажет (қараңыз: 6 және 7).

6. Біздің делегаттарымыздың конференциядағы сөздері мен мәлімдемелерінің бүкіл қосындысы күн ілгері мынаны көздеуге тиіс: конференцияның барысы және нәтижесі қандай болған күнде де (тіпті ол ең қысқа мерзімнің ішінде күйрегенде де, біз, әрине, бұған жол бермеуге тырысамыз) қорытындысында коммунистік көзқарастардың (халықаралық қатынастар мен экономика мәселелері жөнінде) барлық жиынтығының қысқаша, бірақ айқын баяндауы болсын және империалистік дүниенің (дүниенің де, бітімнің де) ымыраға келмейтін қайшылықтарына буржуазиялық және буржуазиялық-пацифистік көзқарастардың егжей-тегжейлі баяндауы келіп шығатын болсын.

7. Конференцияның буржуазиялық делегаттарының бәрі Грузия үшін де, ұсақ буржуазиялық және ірі буржуазиялық дипломатия мен демократияның әдеттегі барлық кінәлауларының салдарынан да бізге шабуыл жасау үшін бірден-ақ үнсіз, бірақ берік блок құрулары әбден ықтимал, тіпті күмәнсыз. Біздер бұған күн ілгері әзірленуге және сөзсіз бірінші болып шабуылға шығуға (негізгі міндетімізге қоса түрлі елдерді бір-бірінен

бөліп, оларды араздастыруға) тиістіміз. Бірінші болып шабуылға көшу көбінесе бүркемелі түрде, мәселен, империалистік қатынастардың ең осал жерінен ұстайтын әрі масқара пункттеріне (Корея; Амритсар; Индияда революционерлерді жұрт алдында дүрелеу; Канныда Ллойд Джордждың Брианға қарсы «кісі өлтірушілер» туралы сөз сөйлеуі, т. т. және т. с.) «тұспалдай» айту (немесе тиісті шығармалардан буржуазиялық цитаттар келтіру) формасында жүзеге асырылуға тиіс.

8. Шетелге баруды демалысқа және ақ гвардияшылармен байланысты нығайту құралына айналдыра отырып, жалпы алғанда біздің мамандарымыздың, әсіресе, олардың меньшевиктенушілерінің бізді алдап соғуға (және өте көп жағдайда мықтап алдауға) тырысып жүргендері сан рет дәлелденгенін еске алып, Орталық Комитет мейлінше сенімді сарапшылардың өте-мөте шағын санымен шектелуді, олардың әрқайсысының тиісті халық комиссарынан да, бірнеше коммунистен де жазбаша кепілдігі болуын ұсынады. Саны 45-тен еш аспауы керек. Сарапшылардың және бүкіл құрамның тізімі $1^1/_2$ аптадан кейін Орталық Комитеттің бекітуіне енгізілсін. Осы параграфқа Литвинов, Иоффе және Чичерин жолдастар жеке-дара жауап береді. Түнгі жұмысқа және сол сияқты тәртіп бұзуға жол бермейтін іс басқарушыны іріктеп алу үшін де солар жауапты.

Генуя делегациясына *директива* тезистерінің жобасына мынадай қосымша ұсынамын:

9. Біздің делегаттарымыз сөздер мен мәлімдемелерде, әсіресе, Канны шарттарының 1-параграфынан цитаттарды жиі келтіруге тиіс; мұның өзінде, 1-ден, одан цитаттарды тек қана «Petit Parisien» редакциясында, яғни тек «система» деп қоймай, «меншік системасы» деген сөздермен бірге келтіру керек; 2-ден, бұл сөздерді және осы параграфты ең көп тарайтындай түрде, ал атап айтқанда, меншіктің капиталистік системасының орнына меншіктің коммунистік системасының сөзсіз орнайтынын мойындау осында болып отырғандай және осы алмасудың мерзімі туралы және алмасудың әдісі туралы мәселе, яғни 1917—1920 жылдардағы орыс әдісі

бойынша бола ма немесе 1921 жылғы ирландиялық, яки 1922 жылғы египеттік типтегі «жартыкеш революцияның» ллойд-джорджддық әдісі[162] бойынша бола ма, қазір осы ғана «біздің арамыздағы» бірден-бір даулы мәселе болып қалып отырғандай түрде түсіндіру керек.

Ленин

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

Н. И. БУХАРИН МЕН Г. Е. ЗИНОВЬЕВКЕ ХАТ

Бухарин және Зиновьев жолдастарға

II және II½ Интернационалдармен өткізілетін конференцияда[163] азулы адамдардан нақ кімнің Коминтерннен өкіл болатынын күні бұрын ойластыру керек. Сондай-ақ бұл кеңестегі тактика мен стратегияның негізгі мәселелерін де күні бұрын ойластыру керек.

Кеңесте талқыланады деген мәселелердің тізімі күні бұрын ойластырылуға және кеңеске қатысатын әрбір жақпен келісілгеннен кейін ғана жасалуға тиіс. Біз өз тарапымыздан бұл тізімге тек қатысушы үш жақтың әрқайсысы баспасөзінің ресми мәлімдемелерінде даусыз деп мойындалған саладағы жұмысшылар бұқарасының практикалық бірлескен қимылына тікелей қатысы бар мәселелерді ғана қосуға тиістіміз. Біз біртұтас майданның мүдделері үшін осындай мәселелермен не себепті шектелетінімізді егжей-тегжейлі дәлелдеуге тиістіміз. Сатқын мырзалар саясаттың даулы мәселелерін, мысалы, меньшевиктерге көзқарас, Грузия туралы, т. с. мәселелерді ұсына қалған жағдайда біз мынадай тактика ұстауымыз керек: 1) мәселелердің тізімін тек қатысушы 3 жақтың бәрінің бірауыздан шешімге келуі бойынша ғана жасауға болады деп мәлімдеу; 2) біз мәселелердің тізімін өзіміз жасағанда тек қана жұмысшылар бұқарасының қимыл бірлігін бірден-бір басшылыққа алдық, ал осы бірлікке тіпті саяси түбегейлі алауыздықтар болып тұрғанда да дереу жетуге болар еді деп мәлімдеу; 3) біз меньшевиктерге көзқарас туралы, Грузия туралы мәселелер мен II және II½ Интернационалдардың ұсы-

натын қандай да болса басқа мәселелерін қоюға толық келісеміз деп мәлімдеу, бірақ олардың мынадай мәселелерді қоюға келісулері міндетті шарт болуы керек: 1) II және II½ Интернационалдардың Базель манифесіне ренегаттық көзқарасы туралы, 2) нақ сол партиялардың Люксембургті, Либкнехтті және Германияның басқа да коммунистерін өлтіруге осы партиялар қолдайтын буржуазиялық үкіметтер арқылы қатысуы туралы, 3) II және II½ Интернационалдар қолдайтын буржуазиялық партиялардың отарларда революционерлерді өлтіруіне бұл партиялардың осы сияқты көзқарасы туралы, т. т. және т. с. Біз осы және сол сияқты мәселелердің тізімін күні бұрын әзірлеп қоюға, сондай-ақ осы сияқты бірнеше аса маңызды мәселелер бойынша тезистер мен баяндамашыларды күні бұрын әзірлеп қоюға тиістіміз.

Біз II және II½ Интернационалдарға оларды бүкіл дүние жүзілік контрреволюцияшыл буржуазиямен блокқа дәйексіз және құбылмалы қатысушылар деп қана қарайтынымызды, олар (II және II½) бізбен кеңеске бұқараның тікелей қимылының практикалық бірлігі мүдделерін көздеп және біздің позициямызды дұрыс емес деп саяси тұрғыдан әшкерелеуге тырыса отырып келетіні сияқты, біз де біртұтас майдан туралы кеңеске бұқараның тікелей қимылында мүмкіндігінше практикалық бірлікке жету мүдделері мен II және II½ Интернационалдардың бүкіл позициясының саяси тұрғыдан дұрыс еместігін әшкерелеу мүдделерін көздей отырып баратынымызды ресми түрде мәлімдеуге сылтау табуға тиістіміз.

Ленин

1922 ж. 1 февральда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған көшірме)

СОҒЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

Бухарин, Зиновьев және Молотов жолдастарға
(Саяси бюро мүшелеріне арнап)

Халықаралық металлистер одағы соғысқа қарсы күрес туралы мәселені күн тәртібіне қойып отырғандығы және соғысқа ереуілмен жауап беру туралы қарар қабылдағандығы туралы Ганноверден алынған кешегі хабар жөнінде[164] мынаны ұсынамын:

1. Базель манифесінің тағдырын еске салып және металлистер қайталап отырған бүкіл балалық білместікті немесе бүкіл социал-сатқындықты толық түсіндіріп, «Правда»мен «Известияда» бірсыпыра мақалалар бастыру керек.

2. Коминтерн Атқару комитетінің таяудағы кеңейтілген мәжілісінде соғысқа қарсы күрес туралы мәселе қою керек және құпия жақсы аппараты бар, күні бұрын әзірленген, сыннан өткен революциялық партия ғана соғысқа карсы күресті ойдағыдай жүргізе алады, былайша айтқанда, күрестің құралы соғысқа қарсы ереуіл жасау емес, соғысып жатқан армияларда революциялық ұялар құру, оларды революция жасауға әзірлеу болып табылады дегенді түсіндіріп, толық қарар қабылдау керек.

Ленин

1922 ж. 4 февральда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1929 ж. 20 январьда «Правда» газетінің 17-номерінде басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ГЕНУЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Молотов жолдасқа (Саяси бюро мүшелеріне арнап)

«Смена Вехтің»[165] 13-номеріндегі Ю. Ключниковтың «Генуя конференциясы» деген мақаласына назар аударамын; мынаны ұсынамын:

1. Ключниковты сарапшы ретінде қатыстыру туралы мәселе біздің делегация мүшелерімен бірлесе отырып талқылансын.

2. Бүкіл делегацияға Ключниковтың мақаласы жазылған тақырыпқа біздің баспасөзде бірнеше мақала бастыру, тек олардың неғұрлым толық және неғұрлым егжей-тегжейлі, мәселені толық және жан-жақты көрсететіндей болуына қамқорлық жасау міндеттелсін.

3. Россиядан сарапшы ретінде баруды тілейтін немесе бұл қызметке белгіленетін әрбір адамға өзі таңдаған мамандық бойынша Россияның шетелмен қатынасы туралы мәселені егжей-тегжейлі баяндайтын мақаланы 10 күн мерзім ішінде әзірлеу міндеттелсін. Бұл мақалалардың (немесе мақала бөлімдерінің) ешқандай құпиясы жоқтары біздің баспасөзде дереу басылуға тиіс.

4. 1 және 2-пункттер бойынша мақалалар тақырыптарының бөлінуі мен авторлардың есімдері бір аптадан кейін Саяси бюроға хабарланатын болуы үшін жауапкершілік Чичерин мен Литвиновқа жүктелсін.

Ленин

1922 ж. 4 февральда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

ПАРВУС КІТАПШАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ БАЯНДАЛҒАН ТЕЛЕГРАММАНЫҢ ЖАРИЯЛАНУЫ ТУРАЛЫ[166]

1

Молотов жолдасқа
(Саяси бюро мүшелеріне арнап)

Парвустың шимай-шатпақтарының мазмұны баяндалған телеграмманы жақында газеттерге кімнің басқаны жөнінде тергеу тағайындауды ұсынамын.

Кінәлы адам анықталған бойда Ростаның осы бөлімінің меңгерушісіне қатаң сөгіс жариялауды, тікелей кінәлы журналисті қызметтен қуып жіберуді ұсынамын, өйткені тек барып тұрған ақымақ немесе ақ гвардияшы ғана біздің газеттерімізді Парвус сияқты сұрқия үшін жарнама құралына айналдыра алды.

Ленин

1922 ж. 4 февральда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

2

РКП (б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ 11 МАРТ, 1922 Ж.

Мұндай телеграмманы басу орынсыз деп танылсын, өйткені ол Парвусты насихаттау ретінде қабылданады, сөйтіп партиялық және советтік газеттердің редакцияларына бұдан былай мұндай телеграммаларды басудан бас тартып отыру міндеттелсін.

Бірінші рет, протоколдық жазбаның машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГЕНУЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА БАРАТЫН СОВЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНА ДИРЕКТИВАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[167]

Орталық Комитет директивасының жобасын ұсынамын:

Сарапшылар тізімін бекітпей тұрып, Орталық Комитет оған енгізілген кандидаттарға бір апта мерзім ішінде *бүкіл* Генуя конференциясының (осы сарапшының міндетіне жататын мәселелер бойынша) *программасы* мен *тактикасының* конспектісін беруді ұсынады. Халық комиссарларының бәрі сарапшылыққа ұсынатын өз кандидаттары туралы 2 күн ішінде *жазбаша* пікірлер мен кепілдіктер беруге міндетті. Егер сарапшылар Европада ұятқа қалса, олар да, халық комиссарлары да жауап беретін болады.

Генуя конференциясы жөніндегі директиваларды дамыту және толықтыру ретінде *мыналарды ұсынамын:*

1. Біздің делегацияның тиісінше сөз сөйлеуінің формасы мен уақыты туралы мәселені алдын ала өлшеп-пішпестен, Орталық Комитет барлық түбегейлі мәселелер бойынша толық, дербес, сындарлы программаны дамытуды делегацияның сөзсіз міндеті деп біледі.

2. Бұл программа буржуазиялық-пацифистік программа болуға тиіс, соның өзінде біздің делегациямыз тарапынан: біз мұнда өз көзқарастарымызға бірден-бір сай келетін коммунистік программа (қысқаша: мынадай) ұсынып отырған жоқпыз, өйткені принциптік жағынан өзге позицияда тұрған басқа делегациялардың назарына бұдан бұрын-ақ Англияда және басқа капиталистік елдерде буржуазиялық көзқарастарды жақ-

тайтын адамдар жеке-жеке бөлімдерін ұсынып өткен реформистік типтегі бірқатар паллиативтер мен шараларды ұсынғымыз келеді деп, дер кезінде анық ескертпе жасалуы керек. Паллиативтердің бұл программасы белгілі сәттерде қазіргі ауыр жағдайды (мұнан шығу жолы тек капиталистік меншіктің барлық негіздерінен түпкілікті қол үзгенде ғана қамтамасыз етілуі мүмкін) қайткенмен де жеңілдете алар еді.

3. Бұл программаның негізгі пункттерінің шамамен алынған тізімі:

(1) барлық борыштарды жою;

(2) барлық отарларға және тәуелді елдер мен ұлттарға «ирландтық» шешімді қолдану;

(3) Версаль шартын түбегейлі қайта қарау;

(4) соғыстан мейлінше қатты күйзелген, оның үстіне өздігінен өркендеу мүмкіндігі мағынасында алғанда неғұрлым әлсіз және дүние жүзілік шаруашылық үшін орасан көп мөлшерде азық-түлік пен шикізат беріп тұра алатын неғұрлым маңызды елдерге жеңілдетілген шарттармен қарыздар беру;

(5) бірқатар елдердің ақша системалары үшін бірыңғай халықаралық алтын өлшемін және бұл өлшемді енгізуге қажетті шараларды белгілеу;

(6) инфляцияға және ақшаның құнсыздануына қарсы күрес шаралары (осы шаралардың кейбіреулері көрсетілсін) туралы бірқатар елдердің келісімі;

(7) отын дағдарысына қарсы күрес шаралары туралы және бірыңғай жоспарлы түрде электрлендіру негізінде энергия көздерін неғұрлым тиімді және үнемдеп пайдалану шаралары туралы бірқатар елдердің келісімі:

(8) шикізат пен азық-түлікті тасымалдау мүмкіндігі тұрғысынан алғанда, халықаралық транспортты қайта ұйымдастырудың және жақсартудың неғұрлым маңызды шаралары жөнінде де нақ солай.

Және т. т.

4. Бұл сияқты программа сөйленген сөздерде дамытылып айтылуға, ал бұл мүмкін болмаған жағдайда европалық 3—4 тілде бастырылуға, сөйтіп делегаттар мен

баспасөзге (ең болмағанда конспект түрінде) үлестіріліп берілуге тиіс. (Қайткен күнде де бастырылуға тиіс.)

5. Тек осындай программаны (белгілі бір бөлімін) дамытуға, негіздеуге, қорғауға қабілеті бар және *бұл қабілетін дәлелдеген* адамдар ғана сарапшы етіп жіберілуі керек. Сарапшылар *Европа үшін* өз программаларын және *өздері қол қойған* жоспарларын бастыруға тиісті болады. ((III Интернационалдың баспасөзінде былай дейтін мақалалар осы программаның жаңғырығы болады: жалпы, «сендірудің» бұл әрекеті зиянды емес, бірақ пайдасыз дерлік, өйткені *революция керек;*— II және II½ Интернационалдардың баспасөзінде: олардың не дейтінін көрерміз.))

1922 ж. 6 февральда жазылған

Бірінші рет 1962 ж. 24 апрельде «Правда» газетінің 114-номерінде толық емес түрінде басылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша толық басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГЕНУЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА БАРАТЫН СОВЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНА ДИРЕКТИВАЛАРЫ ТУРАЛЫ Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ХАТ

7/II.

Чичерин жолдас!

Сіздің көптеген болжамдарыңыздың бәрі, менің ойымша, түп-тамырымен теріс және, былайша айтқанда, айтысқа құштарлықтан туған[168].

Директиваларда қарсы жақтың қандай да болсын талабына біз қарсы талап қойып, оны сол арқылы *өтеудің* қандай формасына болса да аттап баспаймыз деп айтылмаған.

Сірә, делегация председателінің (ал бұл ретте председательдің орынбасарының да) тежеусіз билік жүргізе алатындай ұлан-ғайыр правосы бар сияқты.

Сіздің хатыңызда (және әсіресе Красиннің хатында) түп-тура үрейленушілік бар — дұрысырақ айтқанда, бар-ды. Бәрінен қауіптісі осы. Конференцияның болмай қалуы бізге ешбір қорқынышты емес: ертеңгі күні біз үшін мұнан да жақсы конференция болмақ. Бізді енді оқшаулау, блокада жасау арқылы ешкім қорқыта алмайды, интервенциямен де қорқыта алмайды.

Біз кең көлемді күн тәртібін ұсынып отырмыз, жалпы шараларда «паллиативтік» программамыз барын аңғартып отырмыз.

Қабылдамай ма?

Мейлі! (біз делегацияның қайсыбір мүшесі атынан eventuell* өзіміздің кең программамызды бастырамыз, ол тіпті орнынан түсуі де мүмкін (әрине, Орталық Комитеттің келісімімен)).

* — реті келгенде; мүмкіндігіне қарай. *Ред.*

Кең программаны тілемейді екенсіздер, неғұрлым ықшамын беріңіздер: Wir nehmen auch Abschlagszahlung!*

Тіпті ең ықшам программаға да келісеміз, бірақ өзімізге тиімді емес ештеңеге де келіспейміз. Ультиматумдарға бағынбаймыз. Егер «сауда жасағыларыңыз» ғана келеді екен,—келіңіздер, бірақ біз сауда сақал сипағанша дегендей, белгісіз бірдеңені сатып алмаймыз және «талаптарымызды» *ақырғы тиынына дейін* санап алмайынша мәмлеге бармаймыз.

Бар керегі осы.

Зеңбіректеріміздің бәрін әзірлеп, орын-орнына қою керек, ал қайсысын қыр көрсету үшін қоямыз, қайсысынан атамыз, қашан атамыз, мұны біз әрқашан да шешіп үлгереміз.

Коммунистік сәлеммен
Ленин

1922 ж. 7 февральда жазылған

Бірінші рет мына кітапта толық емес түрінде басылған: В. И. Ленин. Өмірбаян, 1960

Бірінші рет, қолжазба бойынша толық басылып отыр

---

* — біз төлемді бөлшектеп те аламыз. *Ред.*

В. М. МОЛОТОВҚА ЗАПИСКА ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ҰСЫНЫСТАР

Молотов жолдас!

Саяси бюрода екі ұсынысты телефон арқылы дауысқа қоюды өтінемін:

1) Саяси бюроның бірыңғай астық салығының цифры туралы шешімі Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы өзінің қорытылған есептерін табыс еткеннен кейін жаңа шешім алғанға дейін жарияланбасын.

(Кеше Кржижановский бұл есеп бойынша оларда орасан жұмыс жүргізіліп жатқанын және тіпті оның өзін де тыңдамастан, осы жұмысты тыйып тастағанын маған жыларман болып айтты. Оған 3—4 күн мерзім беруді және соған дейін баспауды өтінемін.)

2) *«Кооперативное Дело»* газеті жабылсын[169]. Материалдарды пайдалану туралы *«Экономическая Жизнь»-мен* келісілсін.

Ленин

1922 ж. 11 февральда жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ГРУЗИН ҚЫЗЫЛ АРМИЯСЫН КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ Г. К. ОРДЖОНИКИДЗЕГЕ ХАТ[170]

Серго жолдас!

Грузия Советтерінің съезінде *Грузин* Қызыл Армиясын міндетті түрде күшейту туралы шешім қабылдануы және бұл шешімнің *іс жүзінде* орындалуы мейлінше қажет.

Егер шаруалар қарсы болатын болса, онда ең болмағанда: «Грузин Қызыл Армиясын міндетті түрде күшейту, барлық өкімет органдарын және барлық еңбекші бұқараны осыны жүзеге асыру жолында жұмыс істеуге шақыру» қажет деп танылсын, т. с. деп, тіпті ең жалпы формада болса да шешім қабылдау керек.

Бірақ *іс жүзінде* Грузин Қызыл Армиясы қайткен күнде де және *дереу* дамытылып, күшейтілетін болсын. Бастапқы кезде 1 бригада, тіпті одан аз да бола берсін. 2—3 мың қызыл курсант, олардың бір жарым мыңы коммунист болсын, *керек болған кезде* бұл курсанттар (кадрлар бола отырып) армияға айнала алатындай болсын,— бұл мейлінше қажет нәрсе.

Мұны орындаудың әскери-техникалық әдістері туралы, мүмкін, Сталин толығырақ қосар[171].

Мен істің саяси жағын айтумен шектелемін: мұны орындамағандық үшін *еш нәрсеге қарамастан* партиядан қуамыз. Мұнымен ойнауға болмайды. Мұның өзі саяси жағынан мейлінше қажет нәрсе, сондықтан бұл

үшін Сіз өзіңіз тікелей және бүкіл Грузин Орталық Комитеті бүкіл партия алдында жауап бересіздер.

Жауап күтемін.

Сіздің *Ленин*

13/II.

Бұл Серго жолдас үшін де, Грузин компартиясы Орталық Комитетінің барлық мүшелері үшін де.

1922 ж. 13 февральда жазылған

Бірінші рет 1925 ж. мына кітапта басылған: М. Д. Орахелашвили. «Ленин және ЗСФСР (Материалдар)». Тифлис, «Советский Кавказ» баспасы

Машинкада басылған, В. И. Ленин толықтырған және қол қойған дана бойынша басылып отыр

Н. Л. МЕЩЕРЯКОВТЫҢ ХАТЫНА ҚОЙЫЛҒАН БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

...Енді «Кооперативное Дело» газеті туралы.

?? 1) Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының тек коммунистерден ғана құрылған басқармасы кооперацияның қиын әрі жаңа ұйымдастыру жұмысын орындай алуы үшін және оған берілген сауда тапсырмаларын орындай алуы үшін газет қажет дейді.

2) Газет редакциясы коммунистерден ғана құрылған: мен, Сарабьянов, Швецов, Кутузов-Илимский, т. б.

?? 3) Россияға батыс кооператорларының делегациясы келе жатыр. Газетті жабуды ескі кооператорлар пайдаланатын болады және кооперативтік жұмысты қиындатады.

4) Газетті жабу Генуя конференциясында пайдаланылатын болады.

ха-ха!! 5) Осы кезге дейін газетте Совет өкіметіне немесе коммунизмге қарсы еш нәрсе болған жоқ...

11 февраль, 1922 жыл.

Н. Мещеряков

Саяси бюроға арнап *Молотов жолдасқа:*

Мещеряков жолдастың айтқан себептерінің мүлде негізсіздігіне байланысты мыналарды ұсынамын:

1) Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының басқармасына күнделікті «Кооперативное Дело» газетін *апталықпен* ауыстыру тапсырылсын;

2) осылайша босатып алынатын күш пен қаражат толығынан кооперативтердің жергілікті жерлерде дұрыс

сауданы дамытуын тексеру және оған көмектесу жөніндегі орталықтың қызметін жақсартуға жұмсалсын;

3) 2-параграфтың орындалуы туралы ай сайын Саяси бюроға есеп беріліп отырсын;

4) «Экономическая Жизньге» жазып тұру күшейтілсін[172].

14/II.

Ленин

1922 ж. 14 февральда жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ-БӨЛУ БӨЛІМДЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ В. М. МОЛОТОВҚА ХАТ

14. II. 1922 ж.

Молотов жолдас!

РКП мүшелерінің соңғы санағының анкетасын немесе листогын толтырып[173], мен Орталық Комитетте статистика ісі (ал, бәлкім, барлық есепке алу-бөлу ісі де болар) мүлде жарамсыз деген кәміл сенімге келдім.

Сізде статистиканы не ақымақ басқарып отыр да, не осы «бөлімдердегі» (Орталық Комитеттің жанындағы бұл мекемелер осылай деп аталатын болса) маңызды қызмет орындарында ақымақтар мен педанттар отыр, ал оларға көз қырын салуға Сіздің, сірә, уақытыңыз жоқ шығар.

1. Статистика бөлімінің меңгерушісін қуу керек.

2. Осы бөлімді және есепке алу-бөлу бөлімін *мықтап* сілкілеп алу керек.

Әйтпесе, біз өзіміздің («бюрократизмге қарсы күресе отырып»...) иек астымызда масқара және барып тұрған есалаң бюрократизмді өрбітіп аламыз.

Орталық Комитеттің билігі өте зор. Мүмкіншіліктері — ұшан-теңіз. Біз 200—400 мың партия қызметкерін, ал олар арқылы мың-мыңдаған партияда жоқ қызметкерлерді жұмысқа бөліп отырмыз.

Міне осы ұшан-теңіз коммунистік істі топас бюрократизм әбден бүлдіріп болған!

Бүкіл санақ жұмысы 1 айда аяқталсын.

Бұларды талдау жұмысын да мейлінше ықшамдап, оны да бір айда аяқтау керек.

Содан соң Орталық Комитеттің статистика бөлімінің $^{9}/_{10}$ бөлігін және есепке алу-бөлу бөлімінің де соншасын қуып, бұларды жаңадан құра бастау керек.

Сіз ұсақ-түйектен *өзіңізді босатып* (мұны көмекшілерге және көмекшілердің жәрдемшілеріне жүктеп), *саяси секретарьдың* ісімен және ұйымдастыру, есеп, т. б. жөніндегі жұмыстарды *бағыттап отыруды меңгерушінің* ісімен түгелдей шұғылдануыңыз керек.

«Жауапты қызметкерлердің» санағы жүргізілді ме? Оның да нәтижесі, сірә, ноль шығар; нәтижесі одан да нашар, сірә, минус болар.

Маған жазып жіберіңіз немесе телефон соғыңыз, сонда біз бұл жөнінде толығырақ әңгімелесерміз.

Аса көрнекті партия қызметкерлеріне арнап (бастама үшін) бірнеше жүз карточка керек; бұларды насихатшыларға, әкімшілік қызметіндегілерге, үгітшілерге, оқытушыларға және т. б. бөлу керек; олардың жұмысы жөнінде (айталық, соңғы қызметінің стажы—бес жыл) *пәлендей бір* (4—6) адамдар тарапынан берілген *бағалар* болсын. Ал біз болсақ, бюрократиялық әуре-сарсаңға салынып, адамдарды бөле білуді *үйренбей,* мыңдаған, жүз мыңдағандармен әуре болып жүрміз.

Коммунистік сәлеммен *Ленин*

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ХАТ

15. II. 1922 ж.

Чичерин жолдас!

Красиннің 13. II (кіріс № 1466/с) телеграммасында былай делінген (Ллойд Джордж): «Егер Совет үкіметі Канны қарарларын мойындаудан бас тартатын болса, онда мұның өзі бүкіл конференцияны болдырмау *қаупін төндіреді және қалай болғанда да* Пуанкареге оның кетуін жеңілдетеді»...

Бұл тұжырымда дәлдіктен гөрі, «қорқыту» басымырақ!

Бірақ біздің газеттерге қарағанда, бүкіл ағылшын баспасөзі: Генуя конференциясына шақыру үшін Канны шарттарын *алдын ала* мойындау *талап етілмейді* және *талап етілген емес,* ал французлардың керісінше пікірі теріс деп талай рет мәлімдеді ғой.

Фактіні даусыз *дәл* және *ресми* анықтау үшін барлық материалдарды жинау керек.

Маған мына үш факт даусыз болып көрінген еді:

(1) бізді шақырғанда, біздің Канны шарттарын *мойындауымызды* дәл, айқын, ресми мәлімдеуді бізден ешкім талап еткен *жоқ* еді.

(2) біз жауабымызда мұндай мәлімдеме жасаған *жоқпыз.* Және біздің жауабымыз *толық емес* деп бізге *хабарланған жоқ.*

(3) *бүкіл* ағылшын буржуазиялық баспасөзі французлармен дауласқанда Канны шарттарын алдын ала мойындаудың міндетті еместігін *мойындаған* болатын.

Коммунистік сәлеммен *Ленин*

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАП ШАТИЛОВ СҰЛЫ ТРЕСІНЕ КРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ В. М. МОЛОТОВҚА ХАТ[174]

Саяси бюроның мүшелеріне арнап Молотов жолдасқа, көшірмесі Осинский жолдасқа

Осинский жолдас маған былай деп жазады: Саяси бюро алғашқы бюджетке қосымша босатылған кредиттің бәрін жойып отыр, оның ішінде Шатилов сұлы тресіне берілмек кредит те жойылды. Мен бұл іспен біраз шұғылданып көрдім, сондықтан менің қолымдағы мәліметтерге қарағанда, мұның өзі аса маңызды іс екендігін, дербес алып қарау ретінде мұны қалай да қолдау керектігін айтуға тиістімін. Өкінішке орай, Осинский сөз болып отырған цифрларды келтірмеген. Осинскийден, Сокольников пен Цюрупадан бұл іс жөнінде ертең таңертеңге бірнеше жолдық қысқаша хабар беруді талап етуді және егер Цюрупа мен Сокольников жолдастардың берген деректері мәселені толық анықтамаса, онда Осинскийді шақырып, осы мәселені Саяси бюрода ертең екінші рет қарауды өтінемін.

Ленин

1922 ж. 17 февральда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

ЮСТИЦИЯ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ[175]

Д. И. КУРСКИЙГЕ ХАТ

Көшірмелері:
1) Саяси бюро мүшелеріне арнап Молотовқа
2) А. Д. Цюрупаға
3) Рыковқа (келгенінде)
4) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшелеріне арнап Енукидзе жолдасқа

Ерекше өтініш: көбейтілмесін, қолхатпен ғана көрсетілсін, біреу мылжыңдап айтып қойып жүрмесін, жауға мылжыңдап айтып қоюдан сақ болыңыздар.

20/II. 1922.

Курский жолдас!

Юстиция халық комиссариатының жұмысы, сірә, жаңа экономикалық саясатқа әлі де мүлде бейімделмеген болса керек.

Бұрын Совет өкіметінің жауынгерлік органдары көбінесе Әскери халық комиссариаты мен Бүкіл россиялық төтенше комиссия болған еді. Енді Юстиция халық комиссариатының үлесіне *ерекше* жауынгерлік роль тиіп отыр; амал қанша, Юстиция халық комиссариатының басшылары мен басты қайраткерлері тарапынан мұны түсінгендік байқалмайды.

Совет өкіметінің саяси жаулары мен буржуазия агенттеріне (*әсіресе* меньшевиктер мен эсерлерге) қарсы

жаза қолдануды күшейту; революциялық трибуналдар мен халық соттарының бұл жазалауды неғұрлым тез және *революциялық-тиімді* тәртіппен жүргізуі; Москвада, Питерде, Харьковта және басқа да бірнеше маңызды орталықтарда бірқатар *үлгі* (жазалаудың жеделдігі мен пәрменділігі жағынан; олардың маңызын сот пен баспасөз арқылы халық бұқарасына *түсіндіру* жағынан) процестерді міндетті түрде жүргізу; соттардың қызметін жақсарту және жазалауды күшейту мағынасында партия арқылы халық судьяларына және революциялық трибуналдардың мүшелеріне ықпал жасау,— осының бәрі міндетті түрде есеп беру жолымен (өте қысқа, телеграф стилімен, бірақ іскерлікпен, ұқыптылықпен жасалған есеппен, бізде көбейіп кеткен, беталды бөсіп, маңғаздана білетін, бірақ жұмыс істей білмейтін «коммунистік» оңбағандарды Юстиция халық комиссариатының қалай жазалайтыны және жазалауды қалай үйренгені жайындағы статистика міндетті түрде келтіріліп) үздіксіз, қажырлылықпен, табандылықпен жүргізілуге тиіс.

Юстиция халық комиссариатының *жаңа экономикалық саясат* саласындағы жауынгерлік рөлінің маңызы да бұдан кем емес, сондықтан Юстиция халық комиссариатының бұл саладағы осалдығы мен болжырлығы онан сайын зығырданыңды қайнатады. Біздің *мемлекеттік* капитализмді ғана мойындағанымызды және мойындайтынымызды түсінгендік байқалмайды, ал мемлекет дегеніміз — мына біз, біздер, саналы жұмысшылар, біздер, коммунистер. Сондықтан, *мемлекеттік капитализм шеңберінен шығатын капитализм атаулыны* тежеу, ауыздықтау, бақылау, қылмыс үстінде ұстау жөніндегі, мықтап жазалау жөніндегі өз міндетін, *мемлекеттің ұғымы мен міндетін* біздің *түсінгеніміздей* түсінбеген коммунистерді түкке жарамсыз коммунистер деп білу керек.

Бұл ретте нақ Юстиция халық комиссариатының, нақ халық соттарының үлесіне ерекше жауынгерлік, ерекше жауапты міндет тиеді. Мұны түсінгендік көрінбейді. Газеттер *жаңа экономикалық саясатты* пайдалану ар-

қылы жасалған қиянаттар жөнінде шу көтеріп жүр. Бұл қиянаттардың шегі жоқ.

Ал жаңа экономикалық саясатты пайдаланып қиянат жасаушы сұмырайларға қарсы *үлгі процестер* жөніндегі дабыл қайда? Мұндай дабыл жоқ, өйткені мұндай процестер болмай отыр. Бұл өзінің төл ісі екенін Юстиция халық комиссариаты «ұмытқан»,— халық соттарын ширатып, сергітіп, сілкілеп алмау, сөйтіп оларды жаңа экономикалық саясатты пайдаланып қиянат жасаушыларды *мейірімсіз, тіпті атуға дейін, әрі тез жазалауға* үйрете білмеу деген не — бұл Юстиция халық комиссариатының борышы емес пе. Бұл үшін *ол* жауапты. Бұл салада Юстиция халық комиссариаты тарапынан істелген титтей де нақты жұмыс көрінбейді, өйткені ондай жұмыс жоқ.

Соттардың тәрбиелік маңызы өте зор. Бізде бұған қамқорлық жасау деген қайда? Нақты нәтижелердің есебі қайда? Бұл жоқ, ал мұның өзі бүкіл юридикалық жұмыстың әліппесі.

Партияда жоқтар үшін қолданылатын жаза коммунистер үшін үш есе ауыр болатыны да осындай әліппе. Бұл жөнінде де Юстиция халық комиссариатының бейқамдығы дәл әлгіндей.

Патша тұсында прокурорларды олардың ұтып шыққан істерінің процентіне қарай не қуып, не жоғарылатып отыратын. Біз патшалық Россиядан ең жаман нәрсені — бюрократтық пен обломовшылдықты үйрендік, дәл осыдан біз титықтап отырмыз, ал *парасатты* нәрселерді үйрене білмедік. Юстиция халық комиссариаты коллегиясының әрбір мүшесін, осы ведомствоның әрбір қайраткерін қызметі жөнінде төмендегідей анықтама алғаннан кейін бағалаған жөн болар: сен бірдей қылмыс жасағаны үшін неше коммунисті партияда жоқтардан гөрі үш есе қатал жазалап, түрмеге жаптың? бюрократтық пен қағазбастылық үшін қанша бюрократты түрмеге жаптың? *жаңа экономикалық саясатты* пайдаланып қиянат жасағаны үшін неше көпесті атуға бұйырдың немесе (Юстиция халық комиссариатының иек астында, Москвада, әдетте бола беретініндей) же-

ціл-желпі емес басқа қандай жазаға кестің? Бұл сұраққа жауап бере алмайсың ба?— онда сен шалағайсың, ал мұндайды «коммунистік мылжыңдығы» мен «коммунистік менмендігі» үшін партиядан қуып шығу керек.

Азаматтық жаңа заңдар шығаруға әзірлік жүріп жатыр. Юстиция халық комиссариаты «ағынмен ығып» келеді; мен мұны көріп отырмын. Ал ол ағынға *қарсы* күресуге міндетті. Азаматтық право туралы ескі, буржуазиялық ұғымды қабылдамай (дәлірек айтқанда, ойланбай қабылдай беретін топас және буржуазияшыл ескі юристердің алдауына түспей), жаңа правоны жасау керек. «Қызметіне қарай» «Европаға бейімделу» бағытына бой ұрып отырған Сыртқы істер халық комиссариатының ырқына көніп кетпей, қайта осы бағытқа қарсы *күресіп,* азаматтық *жаңа* правоны жасау, «жекеше» шарттарға, т. с. жаңа көзқарас белгілеу керек. Біз «жекеше» ештеңені мойындамаймыз, біз үшін шаруашылық саласындағының *бәрі* жекеше нәрсе емес, жұртшылық *правосындағы* нәрсе. Біз *тек* мемлекеттік капитализмге жол береміз, ал мемлекет дегеніміз, жоғарыда айтылғандай,—мына біздерміз. Осыдан келіп—«жекеше праволық» қатынастарға мемлекеттің араласуын қолдану кеңейтілсін; «жекеше» шарттарды бұзу жөніндегі мемлекеттің правосы кеңейтілсін; «азаматтық право қатынастарына» corpus juris romani* қолданылмай, *біздің революциялық право санасы* қолданылсын; мұны ақылмен, жігермен *қалай* істеу керек екені бірнеше үлгі процестер арқылы үнемі, қажырлылықпен, табандылықпен көрсетіліп отырсын; мұны үйренбейтін және ұққысы келмейтін революциялық трибуналдар мүшелері мен халық судьяларын партия арқылы масқаралап, қуып шығу керек.

Егер дереу ширап, барлық күш-жігермен жауынгерлік жұмысқа, жаңа жолға көшуді қолға алмаса, Юстиция халық комиссариаты Генуя алдында (және бүкіл дүние жүзі алдында) біржола масқара болады.

Сізге ұсынатыным

---

* — Рим правосы заңдарының жинағы. *Ред.*

1) менің хатым Юстиция халық комиссариаты коллегиясының барлық мүшелеріне оқып берілсін;

2) азаматтық, қылмыстық және мемлекеттік право саласында нақты жұмыс істеп жүрген тек қана коммунистердің 100—200 адам қатысқан жиналысында да солай етілсін;

3) партиялық жауапкершілікпен қорқыта отырып, бұл жөнінде (осы хат туралы) мылжыңдауға тыйым салынсын, өйткені біздің стратегиямызды жауға көрсету зердесіздік болады;

4) осы хаттың рухымен толық келісетін бірнеше коммуниске, соттың және Юстиция халық комиссариатының қызметкерлеріне, осы тақырыпта баспасөзде бірқатар мақалалар жазғызып, жұртшылыққа арналған бірқатар рефераттар дайындату керек;

5) коллегияның барлық мүшелері арасында (ал мүмкіндігіне қарай, Юстиция халық комиссариаты ведомствосында жұмыс істейтін аса көрнекті басқа да коммунистер арасында) мынадай *жауапкершілік* бөлініп берілсін;

(а) *азаматтық* жаңа заңдар бөлімдері үшін (ерекше және ең маңыздысы)

(б) қылмыс заңдары бөлімі жөнінде де солай

(в) мемлекеттік және саяси бөлімдер жөнінде де солай } онша маңызды емес

(г) жоғарыда көрсетілген орталықтарда үлгі, әйгілі, *тәрбиелік* процестерді жолға қойып, өткізу үшін

(д) халық соттары мен революциялық трибуналдарды қағаз жүзінде емес, іс жүзінде бақылау керек; олар Совет өкіметінің саяси жауларына да қарсы (егер бұл жазалау күшейтілмесе, онда бұған *бірінші айыпты* Юстиция халық комиссариаты болады) және *жаңа экономикалық саясатты* пайдаланып *қиянат жасаушылыққа да қарсы жазалауды* іс жүзінде *күшейте алатын* болсын.

|| Сауда жаса, байы, біз сенің мұныңа жол береміз, бірақ сенің адал болу, ақиқат, ұқыпты есеп беру, біздің

коммунистік заңымыздың әрпімен ғана емес, сондай-ақ *рухымен де* санасу, біздің заңдарымыздан *титтей де* ауытқуға жол бермеу жөніндегі міндетіңді *үш есе* күшейтеміз,— Юстиция халық комиссариатының *жаңа экономикалық саясат* жөніндегі негізгі парызы осындай болуға тиіс. Егер Юстиция халық комиссариаты бізде капитализмнің «жіптіктей» болуына, «әдепті» болуына жетпесе, егер Юстиция халық комиссариаты бұл ережені бұзғандарды ұстай *алатынын,* масқара-есуастық, «коммунистік-топастық» 100—200 миллион сом штраф салумен емес, *атуға* кесумен *жазалай алатынын* бірнеше үлгі процестермен дәлелдей алмаса,— онда Юстиция халық комиссариатының түкке тұрғысыз болғаны, онда мен Орталық Комитеттен Юстиция халық комиссариатының жауапты қызметкерлерін түгел ауыстыруды талап етуді өзімнің борышым деп есептейтін боламын.

Жоғарыда көрсетілген жұмыстың Юстиция халық комиссариаты коллегиясының барлық мүшелері арасында бөлінуін Сіздің маған қысқа мерзім ішінде хабарлауыңызды өтінемін, өйткені нақ кімнің *(күллі* іске жауап беретін халық комиссарынан басқа) *азаматтық* правоның пәлендей бөлімдері (ал онан соң қылмыстық правоның бөлімдері, т. б.) үшін, үлгі процестер өткізу үшін (коллегияның әрбір мүшесі *бірнеше* үлгі процестерді ұйымдастырып, өткізуде *өзін* көрсете білуге тиіс), революциялық трибуналдар мен халық соттарына және пәлендей губернияның немесе Москваның пәлендей участкесінің сот тергеушілерін, т. с. іскерлікпен бақылау үшін жауапты екенін мен толық дәлме-дәл көріп отыратын болайын.

Халық комиссарының міндеті —«бөлімдерді» бөлу және осыған сеніп бюрократша жайбарақаттану емес, қайта пәлендей бір нақты революциялық жұмыс үшін коллегиядағы әрбір *коммунистің* жеке жауапкершілігін арттыру — міне осыған жетіп, осыны істеу қолынан келетінін дәлелдеу.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

P. S. Менің хатым жөнінде баспасөзде ештеңе де айтылмауға тиіс. Мақала жазғылары келгендер, мені айтпай, өз қолдарын қойып жазсын және нақты деректерді көбірек келтірсін!

Бірінші рет 1924 ж. мына кітапта ішінара басылған: «Советтік юстиция қайраткерлерінің Бүкіл россиялық V съезі. Стенографиялық есеп». Москва, РСФСР Юстиция халық комиссариатының юридикалық баспасы

Бірінші рет, қолжазба бойынша толық басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА РСФСР АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ ТУРАЛЫ ХАТ

Саяси бюро мүшелеріне арнап Молотов жолдасқа

Маған Горбунов жолдастың хабарлағанындай, кеше Халық Комиссарлары Советінде азаматтық кодексті әбден бүлдіріпті, соған назар аударамын. Менің Курскийге жазған хатымда* ерекше сақтандыра айтқандарым ескерілмепті. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына бұл істі менің Курскийге жазған хатымдағы нұсқауларым рухында қарастыруға жарлық берілсін. Саяси бюроға екінші рет енгізілмей тұрып, менің алдын ала жасаған қорытындыммен ешбір ретте де бекітілмейтін болсын. Істі дұрыс түсінеді және қажетті түзетулер мен толықтыруларды тұжырымдай алады деп сенім білдіруге болатын үш юристен дереу комиссия құрылсын және де өзгерістер мен толықтырулардың жобасын Саяси бюроға қысқа мерзім ішінде әзірлеп тапсыру сол комиссияға жүктелсін. Комиссияның басты міндеті — барлық жекеше кәсіпорындарға түгелдей бақылау жасау (кезектегі бақылау) және заңның әрпіне де, еңбекші жұмысшы мен шаруа бұқарасының мүдделеріне де қайшы келетін барлық шарттар мен жеке мәмлелердің күшін жою мүмкіндігі тұрғысынан пролетарлық мемлекеттің мүдделерін толық қамтамасыз ету

* Қараңыз: осы том, 430—436-беттер. *Ред.*

деп танылсын. Буржуазиялық азаматтық правоға бас иіп еліктемей, оны шаруашылық немесе сауда жұмыстарын тарылтып жіберместей етіп, біздің заңдар рухында біршама шектеу керек.

Ленин

22. II. 22.

Бірінші рет 1937 ж. «Большевик» журналының 2-номерінде басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

В. М. МОЛОТОВҚА ХАТ ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ҰСЫНЫС

Молотов жолдасқа

Профессор Рамзиннің шетелге командировкаға баруына арнап қаржы бөлу жөніндегі Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының өтінішін Саяси бюро қабылдамай тастағанын мен соңғы протоколдан оқып білдім. Бұл шешімді қайта қарау жөнінде және Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының өтінішін қанағаттандыру жөнінде ұсыныс енгізуді өте-мөте қажет деп санаймын. Рамзин отын жөнінен Россиядағы ең білікті адам. Мен оның жұмысы жөнінде, әдебиеттен басқа, Кржижановский мен Смилганың баяндауларынан да толық хабардармын. Айтпақшы, Смилга маған құпия түрде құлақ қағыс етіп еді, екеуі Бакуге бірге барған кезде Рамзин Смилгаға бірқатар аса көрнекті мамандардың саботаждық мәлімдемелерін айтқан. Бұл фактілерді жинақтап қарағанда, Рамзиннің, біріншіден, бүкіл халық шаруашылығы үшін орасан зор маңызы бар осы мамандық (жылу техникасы) бойынша — бізде бұл мамандықтан Кирштен соң адам жоқ — ең көрнекті ғалым екеніне, екіншіден, бұл адамның Совет өкіметіне сөзсіз адал қызмет етіп жүргеніне мен ешбір күмән келтірмеймін. Оның науқасы өте ауыр, тез және толық емделіп сауығуы үшін қаржы аяу, меніңше, қате ғана емес, сонымен бірге қылмыс болар еді.

Саяси бюроға мынадай қарар қабылдауды ұсынамын: профессор Рамзинді шетелге емдеу үшін де, мұнай кәсіпшіліктеріне байланысты келіс сөздер жүргізу үшін де командировкаға жіберуге арнап қаржы бөлу жөнінде

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының өтініші толық қанағаттандырылсын және Берлин дәрігерлерінің пікірін алған бойда-ақ толық емделіп сауығуы үшін бөлінген қаржының жететін-жетпейтінін хабарлау жөнінде Крестинскийге тапсырма берілсін[176].

Ленин

1922 ж. 23 февральда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ ЖӘНЕ ҮШ ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ КОМИНТЕРН АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН БІРІНШІ ПЛЕНУМЫ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР[177]

Молотов жолдасқа
(Саяси бюроның мүшелеріне арнап)

Дүние жүзінің барлық жұмысшы партияларының жобаланып отырған конференциясына Коминтерннің қатысуы туралы мәселе жөніндегі қарардың Зиновьев жіберген жобасына мынадай өзгерістер енгізуді ұсынамын. «Түбегейлі саяси пікір алалықтарына қарамастан, жұмысшылар бұқарасының қимылында дереу қол жете алатындай бірлік» деген сөздерден кейін келетін сөздер нақ «жұмысшылар бұқарасы қимыл бірлігін талап етеді» деген сөздерге дейін сызып тасталсын. Осы соңғы сөздермен басталатын сөйлем былайша қайта құрылсын: «саналы жұмысшылар, бұл саяси пікір алалықтарын әбден түсіне отырып, солай бола тұрса да, жұмысшылардың орасан басым көпшілігімен бірге жұмысшылар мүдделері үшін неғұрлым кезек күттірмейтін және етене практикалық мәселелер жөнінде қимыл бірлігін тілейді және талап етеді. Бұған қазір адал адамның бірде-бірі күмәндана алмайды», т. т.

Менің ұсынатын екінші өзгерісім мынадай: «даулы мәселелердің бәрін кезектен алып тастап және даусыздарын атап көрсетіп» деген сөздермен басталатын сөйлем өзгертіліп, мыналармен толықтырылсын: «және неғұрлым даулы мәселелерді белгілі уақытқа кері ысырып және неғұрлым даусыз мәселелерді атап көрсетіп, конференцияға қатысушы екі жақ та немесе, дәлірек айтқанда, халықаралық үш бірлестіктің бәрі де, әлбетте, сайып келгенде өздерінің көзқарастары жеңіп шығатынына сенетін болады».

Мен ұсынатын ең басты өзгеріс мынадай: II және II½ Интернационалдардың көсемдерін бүкіл дүние жүзілік буржуазияның қолшоқпарлары деп атайтын абзац сызып тасталсын. Мұның өзі «ата қаз» деген сөзді қолданғанмен бірдей. Біз басқа жерде 1000 рет ұрсып жүрген және ұрса беретін жексұрындарды айызыңды қандыру үшін тағы бір балағаттауға бола орасан зор маңызы бар практикалық істі жүзеге асыртпай тастау қаупін төндіру мүлде қисынсыз. Егер кеңейтілген Атқару комитетінің мәжілісінде майдан бірлігінің тактикасы бізге II және II½ Интернационалдардың көсемдерін құлатуға көмектесетінін түсінбеген адамдар әлі де бар болса, онда мұндай адамдар үшін көпшілікке арналған лекциялар мен әңгімелердің қосымша бірнешеуін оқу керек. Мүмкін, олар үшін айрықша көпшілікке арналған кітапша жазып, оны, мәселен, егер французлар маркстік тактиканы әлі де өздері меңгеріп болмаса, француз тілінде бастырып шығару қажет болар. Ақырында, өздерінің балалық ауруынан ертең-ақ арылып шығатын бірнеше саясатшы балаға бола маңызды практикалық істі бүлдіру қаупін төндіргеннен гөрі, осы қарарды бірауыздан емес, қайта көпшілік дауыспен (қарсы дауыс бергендерді біз содан кейін арнайы, тыңғылықты және ұғынықты түрде ақылға үйрететін боламыз) қабылдаған жақсы.

Ленин

1922 ж. 23 февральда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет, секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ СОВЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ГЕНУЯДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[178]

Саяси бюро мүшелеріне жағалата беру үшін ғана
Орталық Комитет қаулысының жобасы

1. Орталық Комитет жағдай мен міндеттер жөнінде (Генуядағы біздің делегациямыздың) Литвинов жолдастың тезистерінде берілген бағаны дұрыс баға деп таниды.

2. Орталық Комитет делегация председателінің барлық праволарын председательдің орынбасары Чичерин жолдас атқаратынын растайды.

3. Чичерин жолдас ауырып қалған немесе кетіп қалған жағдайда оның праволары үш адамнан құрылған мына екі топтың біріне кезекпен беріліп отырады: а) Литвинов, Красин, Раковский; б) Литвинов, Иоффе, Воровский.

4. Біздің делегация Канны шарттарын мойындау туралы мәселеден жалтаруға тырысуы керек. Егер мұның сәті түспесе және егер бізге тікелей ультиматум қойылатын болса, онда Красиннің: «Барлық елдер өздерінің мемлекеттік борыштарын мойындайды және өз үкіметтерінің әрекетінен болған зияндар мен шығындардың орнын толтыруға міндеттенеді» деген тұжырымын ұсынуға әрекет жасалсын.

Егер мұның да сәті түспесе, іргені аулақ салуға бару керек, соның өзінде, біз жеке борыштарды мойындауға әзірміз, бірақ, жасырынбақ ойнағымыз келмегендіктен, жалпы алғанда біздің берешегіміздің барлық сомасы сияқты, оларды да біздің қарсы қойған талаптарымызбен жабылды деп санайтынымызды атап көрсетеміз деп анық мәлімдеу керек. Біз барлық буржуазиялық елдер-

мен екі арамызда суперарбитрдің болуына жол бермейміз, өйткені дау меншіктің екі системасы арасында болып отыр.

Егер байланысты үзуге тура келсе, бұл үзудің негізгі және бірден-бір себебін: үкіметтер қызмет етіп отырған ат төбеліндей жекелеген капиталистердің, Уркарттың, т. с. шектен асқан дүниеқорлығын бәрінен де айқын атап көрсету керек.

Бұл капиталистерге ең соңғы икемделу ретінде: олардың концессияларға артығырақ право алуын ұсыну керек (яғни олардың бұрынғы меншіктерін біз тұтасымен немесе бөлшектеп қандай бір шарттармен Икске концессияға беретін болсақ, онда біз нақ осы шарттар бойынша бұрынғы меншікшіге беруге міндеттенеміз).

5. Біздің өз программамызды дамытуымызға буржуаның жол бермеуге тырысуы мүмкін, соған байланысты барлық күш-жігерді алғашқы сөздің өзінде-ақ осы программаны дамытуға болмаса да, баяндауға немесе атап көрсетуге, яғни ең болмағанда белгілеуге (және оны дереу толығырақ жариялауға) бағыттау керек.

6. Біздің программамыздың мәні мынада: өзіміздің коммунистік көзқарастарымызды жасырмастан, біз мұнда өз көзқарастарымызды уағыздауды орынсыз деп санайтынымызды, өйткені сауда келісімін жасасуға және басқа (буржуазиялық) лагерьдің пацифистік бөлегімен келісуге әрекеттенуге келгенімізді тура мәлімдей отырып, алайда, өз көзқарастарымызды ең жалпы және қысқаша түрде (мысалы, бағыныңқы сөйлеммен) атап көрсетумен шектелуіміз керек.

Біз II Интернационал мен II $^1/_2$ Интернационал типіндегі, сонан соң Кейнс пен т. с. типіндегі ұсақ буржуазиялық, пацифистік және жартылай пацифистік демократияны сол лагерьдің пацифистік бөлегі (немесе басқа бір арнайы іріктеп алынған сыпайы сөзбен) деп санауға және атауға тиістіміз.

Буржуазиялық лагерьдің бұл қанатын олардың бүкіл лагерінен бөліп алу, бұл қанатты алдандыруға тырысу, біздің көзқарас тұрғысынан, онымен сауда келісімін ғана емес, сонымен қатар саяси келісім жасау мүмкін және қажетті (капитализмнің жаңа құрылысқа қарай

бейбіт эволюциясының аз ғана үміттерінің бірі, біз, коммунистер болғандықтан, бұған онша сенбейміз, бірақ сынап көруге көмектесуге келісеміз және бір державаның өкілдері ретінде оған дұшпан болып отырған басқалардың көпшілігі алдында мұны өзіміздің борышымыз деп санаймыз) деп жариялау Генуядағы біздің басты саяси міндетіміздің өзі болмағанмен де, басты саяси міндеттеріміздің бірі.

Буржуазияның пацифистік қанатын күшейту және оның сайлауда жеңіске жетуіне үмітті аздап болса да арттыру үшін мүмкін нәрсенің бәрін және қайсыбір мүмкін емес нәрсені де істеу керек; бұл — біріншіден; ал екіншіден,— Генуяда бізге қарсы бірлескен буржуазиялық елдердің арасын бір-бірінен ажырату керек,— Генуядағы біздің екі түрлі саяси міндетіміз осындай. Ал қайткен күнде де коммунистік көзқарастарды дамыту емес.

7. Россияда және Европада халық шаруашылығын қалпына келтіру жоспарын,— Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының жұмыстары рухында және осы жұмыстар негізінде (егер сөйленген сөздерде мүмкін болмаса, онда баспасөз арқылы),— мүмкіндігінше толығырақ дамытуға және кеңірек жария етуге барынша ұмтылу керек.

8. Егер Генуяда буржуазиялық лагерь бізге: пацифизм мәселелері қозғалмасын, тек қана шағын сауда тақырыптары жөнінде айтылсын деген ультиматум қойса, онда біздің өкініш білдіруіміз керек, бірақ осы ультиматумға бағына отырып: бұл конференцияда біз екі мақсатты — пацифистік мақсат пен сауда мақсатын көздейміз. Енді бір мақсат қана қалады, деуіміз керек.

9. Орталық Комитет пацифистік программаны қалай дамытуды егжей-тегжейлі тұжырымдауды делегацияға тапсыра отырып, мынадай жалпы директивамен шектеледі: халықаралық буржуазияның пацифистік лагерін дөрекі-буржуазиялық, агрессиялық-буржуазиялық, реакциялық-буржуазиялық лагерьден тереңірек ажырату үшін бұл программаны мүмкіндігінше кеңірек дамытуға тырысу керек.

10. Сауда және концессия мәселесінде (соның ішінде заемдар туралы мәселе) солтүстіктегі ормандарды, т. с. басты кепіл етіп қою керек. Біз өз мемлекетіміздің праволары кемсітілуіне аттап баспаймыз. Орталық Комитеттің телеграф арқылы ерекше келісімінсіз шарттар жасалмасын.

Ленин

1922 ж. 24 февральда жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАП В. М. МОЛОТОВҚА ЗАПИСКА ЖӘНЕ ИТАЛИЯНЫҢ НОТАСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Саяси бюро мүшелеріне арнап Молотов жолдасқа

Меніңше, Чичериннің, Иоффенің, Красиннің және Литвиновтың хаттарынан кейін Генуя туралы мәселе түсінікті.

Шешімнің жобасын ұсынамын.

Жоспар: Саяси бюроның барлық мүшелері *хат арқылы* келісуге тырысады. Егер мұның сәті түспесе, бәрі жиналады да, 1 сағат бойы *жеке өздері* ғана (секретарьсыз) мәжіліс құрады.

Содан кейін 1 немесе 2 сағат делегациямен сөйлеседі, сонымен бітеді.

24. II. *Ленин*

Мынадай қаулы алуды ұсынамын: Саяси бюро Италияға созыңқылау, өте сыпайы, бірақ 8. III-та бас қосу жөніндегі алғашқы «шарттардың» бірін бұзып отырған біз емес, біз 1) 8. III-ты растауды ұсынамыз, ал егер (2) көпшілік қарсы болса, біз наразылық білдіреміз және 15. III-ты[179] ұсынамыз деген сияқты бірталай қағытпа сөздері бар нота жолдауды Чичерин жолдасқа тапсырады.

Ленин

1922 ж. 24 февральда жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

И. В. СТАЛИН МЕН Л. Б. КАМЕНЕВКЕ ЗАПИСКАЛАР ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ҰСЫНЫСТАР

1

Сталин және Каменев жолдастарға

Осы запискаңың өзіне жазуды өтінемін:

1. Түріктерге уәде етілген соманы дереу төлеу жөнінде Сіздер Чичеринмен келісесіздер ме?[180]

2. Чичериннің Генуя делегациясының президиумы жөніндегі ұсынысын оқыдым. Бұған үзілді-кесілді қарсымын және өзімнің бұрынғы ұсынысымды жақтаймын[181].

Осы екі пункт жөнінде Өз пікіріңізді секретарь арқылы беру үшін осы запискаңың өзіне маған жазып жіберулеріңізді өтінемін.

Ленин

2

Сталин және Каменев жолдастарға

Мен бүгін газеттерден Генуя конференциясын кейінге қалдыру туралы Италияның мәлімдемесін оқыдым.

Мен кеше жіберген өз ұсынысымды барынша қызу қолдаймын: дәл мерзімді 15 мартқа белгілеуді ұсынған мейлінше шымшыма нотаны мүмкіндігінше тезірек жіберу Чичеринге тапсырылсын*. Нотаның жобасы жіберілмес бұрын Саяси бюроның мүшелеріне көрсетілсін.

Секретарь арқылы жауап күтемін.

Ленин

1922 ж. 25 февральда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған көшірме)

---

* Қараңыз: осы том, 447-бет. *Ред.*

Д. И. КУРСКИЙГЕ ХАТ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСТІҢ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР

28/II. 1922.

Курский жолдас!

Менің хатыма* жауап ретінде жазылған Сіздің 23/II. (№ 255) хатыңыз жөнінде.

Көзбе-көз жолығуға тырысып көремін, бірақ уәде етпеймін, өйткені денсаулығым нашар.

Жауапты қызметкерлердің менің хатыма байланысты болған жиналысынан *кейін* оның практикалық қорытындылары туралы Сіз маған тағы да жазасыз ғой деп сенемін. Мыналарды нақтылы тексерілетін етудің ерекше маңызы бар: *іс жүзінде* не істеліп жатыр? іс жүзінде не нәрсеге қол жетті? халық соттары мен революциялық трибуналдардың табыстары қандай? мұны қалай есепке алып, тексерсек екен?

Жаңа экономикалық саясатты пайдаланып қиянат жасау жөніндегі процестердің саны ше?

Айыптау үкімдерінің саны және берілген жазалар қандай (жеке жағдайдағылар емес, тұтас алғанда)? және т. т.

Коммунистік сәлеммен *Ленин*

Ерекше асығыс және маңызды нәрсе:

P. S. *Азаматтық кодекс жөнінде:* мен жеке пункттерді тұжырымдаудың байыбына бара алмай отырмын. Денсаулығым мүмкіндік бермейді.

Мына пункттерді көрсетумен шектелемін:

---

* Қараңыз: осы том, 430—436-беттер. *Ред.*

1) Азаматтық кодекстің әрбір маңызды бөліміне нақ кімнің жауапты екенін юстиция халық комиссарының *өзі* қадағалап, тексеріп отыруға тиіс.

2) Еңбекшілерді *қорғау жөнінде* батыс европалық елдердің әдебиетінде және тәжірибесінде бар нәрселердің бәрін сөзсіз алу керек.

3) Мұнымен шектелмеу керек (бұл ең маңызды нәрсе). Сыртқы істер халық комиссариатының соңынан көзді жұмып алып ере бермеу керек. *«Европаға» жарамсақтанбау керек,* қайта *мемлекеттің «жеке праволық қатынастарға», азаматтық істерге араласуын күшейту жөнінде* **ілгері басу керек.** Мұны нақ қалай істеу керек екенін мен айта алмаймын, өйткені мәселені зерттеуге де, тіпті жеке кодекстің байыбына баруға да халім жоқ. Бірақ мұны істеу керек екені мен үшін анық. Қазір бізде — бұл салада *жеріне жеткізе істемеу* қаупі («асыра» істеу қаупі емес) бар екендігі де мен үшін әбден айқын. Нақ Генуя қарсаңында жалғандық жасамау керек, жігерсіздік көрсетпеу керек, мемлекеттің «азаматтық» қатынастарға араласуын *кеңейту* жөніндегі мүмкіншіліктің титтейін де қолдан шығарып алмау керек.

Ленин

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ИНСПЕКЦИЯСЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ҚОЙЫЛҒАН БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ И. В. СТАЛИНГЕ ХАТ[182]

Жоба

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қаулы етті:

1)

Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатына түгелдей барлық қоғамдық және жеке ұйымдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың мемлекеттік органдардан өзіне алған міндеттемелерін орындауы жөніндегі қызметін бақылау және қадағалау жүктелсін.

2)

Мұны орындау үшін Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатына мынадай право беріледі:

3)

1) Мемлекет тарапынан жоғарыда аталған ұйымдарға, кәсіпорындарға және мекемелерге оларды қаржыландыру, жәрдемдесу және несие ретінде берілетін немесе олардың мемлекетпен жасасқан шарты бойынша берілетін барлық ақшалай және материалдық қаржыны одан әрі бақылау және осы міндеттемелерден туатын барлық іс-әрекетті тексеру...

Сталин жолдасқа

Жарамайды.

1) «Жүктеу» емес, қайта қолданылып жүрген заңдарды және олардың тиісті мағынадағы кемістігін *түсіндіру*.

2) Тек бұл тұрғыдан ғана емес. Заңдылық тұрғысынан да. Жаңа заңдар үшін материалдар жинау тұрғысынан да. Және көптеген басқа тұрғыдан да.

3) «Мемлекет тарапынан берілетін» ғана емес.

Өте асығыс!! Тағы да қайта жасау керек. Үш есе мұқият ойластырған жөн. Анағұрлым егжей-тегжейлеген жөн. Бәрі де жаңа декрет түріндегідей болмай, қайта *ескілерді* түсіндіретіндей және солардың жиынтығы болатындай етіп баяндау керек. *Халық Комиссарлары Советі* арқылы өткізілсін және, бәз біреудің шағымы бойынша, *Бүкіл россиялық Атқару Комитетінде расталсын.*

Асығыс! **Асығыс!!**

Қайта жасалғаннан кейін **осыны** *да*, жаңа жобаны да маған жіберуіңізді өтінемін.

Ленин

1922 ж. 28 февраль мен 16 март аралығында жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫ

БИІК ТАУҒА ШЫҒУ ТУРАЛЫ, ЖАБЫРҚАУДЫҢ ЗИЯНЫ ТУРАЛЫ, САУДАНЫҢ ПАЙДАСЫ ТУРАЛЫ, МЕНЬШЕВИКТЕРГЕ КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ, Т. С.[183]

I

МЫСАЛ РЕТІНДЕ

Өте биік, тіп-тік, әлі зерттелмеген тауға шығып бара жатқан адамды көзге елестетейікші. Айталық, ол адам құлақ естімеген қиыншылықтар мен қауіптерді жеңіп, өзінен бұрынғыларға қарағанда анағұрлым жоғары көтерілді, бірақ сонда да ол адам таудың шыңына жеткен жоқ делік. Ол мынадай халге ұшырады: белгіленген бағытпен, жолмен одан әрі ілгері өрлеу қиын және қауіпті болғаны былай тұрсын, тіпті мүмкін болмайтындай тұйыққа тірелді. Оған кейін қайтуға, төмен түсуге, ұзағырақ болса да, әйтеуір таудың шыңына шығуға мүмкіндік беретін басқа жолдарды іздеуге тура келді. Дүние жүзінде бұрын-соңды көз көрмеген биіктен, біздің қиялдағы саяхатшымыз шыққан биіктен төмен түсу жоғары көтерілуден де гөрі қауіпті және қиын: аяқтың тайып кетуі оп-оңай; аяқ басатын жерді қарап алу оңай емес; жоғарыға, тура мақсатқа қарай тікелей көтерілгендегі ерекше көтеріңкі көңіл болмайды, т. т. Беліңе арқан байлауға, арқанның екінші ұшын мықтап байлау үшін қайламен кертпештеп шабуға бірнеше сағат уақыт өткізуге тура келеді, тасбақаша өте баяу жылжуға және кері қарай, төмен қарай, мақсаттан шегіне жылжуға тура келеді, сонда да бұл соншалықты қауіпті, қиын төмен түсудің бітетін-бітпейтінін, азды-көпті сенімді айналмалы жолдың табылатын-табылмайтынын, қайтадан, батылырақ, тезірек, тікелеп алға басып, жоғары қарай, таудың шыңына өрлейтін жолдың бар-жоғын біле алмайсың.

Мұндай халге түскен адамның,— көз көрмеген биікке көтерілгендігіне қарамастан,— жабырқау сәттері бо-

лады деп жорамалдаудың өзі табиғи нәрсе емес пе. Егер ол адам бұл өте қауіпті төмен түсуді қауіпсіз жерде тұрып, алыстан дүрбімен қараған кейбір кісілердің төменнен шыққан дауыстарын ести алатын болса, сірә, ондай сәттер көбірек, жиірек, ауырырақ болар еді; ал бұл төмен түсуді «тежегішпен төмен түсу» деп те («сменовехшылдардың» үлгісімен) атауға болмайды, өйткені тежегішпен түсу үшін лайықтап жасалған, бұрын сыналған экипаж болады, күні бұрын дайындалған жол болады, бұрын сынақтан өткізілген механизмдер болады. Ал мұнда экипаж да, жол да жоқ, тіпті еш нәрсе, күні бұрын сыннан өткізілген түк те жоқ!

Ал төменнен табалаған дауыстар естіледі. Біреулері ашықтан-ашық табалап, қиқулайды: қазір құлайды, оған сол керек, есалаң немеге!— деп айқайлайды. Екіншілері көбінесе Иудушка Головлевтің үлгісімен іс-әрекет етіп, өздерінің табалауын жасыруға тырысады; бұлар мұңая мүләйімсиді. Өкінішті болса да, біздің қауіптенуіміз дұрысқа шығып келеді! Осы тауға шығудың ақылға сыйымды жоспарын дайындау үшін бүкіл өмірімізді сарп еткен біздер өз жоспарымыз жасалып біткенге дейін тауға шығуды қоя тұруды талап етпеп пе едік? Егер біз осы алаңғасардың өзі де тастап бара жатқан (әне қараңыздар, қараңыздар, ол кейін қайтты, ол төмен түсіп келеді, бары-жоғы бір кез жерге жылжу үшін ол бірнеше сағат даярланады! ал біз баяулық пен мұқияттылық керек деп үнемі талап еткен кезімізде, ол бізді барып тұрған жаман сөздермен сөккен еді!) жолға қарсы қызу күрескен болсақ,—егер біз бұл алаңғасарды қатты айыптап, басқалардың бәрін оған еліктеуден, көмек беруден алдын ала сақтандырған болсақ, біз оны тек осы тауға шығудың ұлы жоспарын ұнатқандықтан ғана, жалпы алғанда бұл ұлы жоспарға кір келтірмеу үшін ғана істедік!

Бағымызға қарай, біздің қиялдағы саяхатшымыз, біз алып отырған мысал жағдайында, тауға шығу идеясының бұл «шын достарының» даусын ести алмайды, әйтпесе оның жүрегі айныған болар еді. Ал жүрек айну, әсіресе өте биік жерлерде, басты айналдырады, аяқты қалтыратады деседі ғой.

II

ӘСІРЕЛЕМЕЙ АЙТАЙЫҚ

Мысал — дәлел емес. Қандай теңеудің де кінәраты болады. Бұл — даусыз әрі жалпыға мәлім ақиқаттар, бірақ жалпы алғанда қандай теңеудің болса да маңызының шегін айқынырақ көрсету үшін бұл ақиқаттарды еске түсірудің зияны жоқ.

Тек 1789 және 1793 жылдармен салыстырғанда ғана емес, сонымен қатар 1871 жылмен салыстырғанда да, Россия пролетариаты өз революциясында орасан жоғары көтерілді. Біз нені «аяқтадық» және нені аяқтамадық — осы туралы өзімізге өзіміз мүмкіндігінше байыпты, анық, айқын есеп беруіміз керек: сонда басымыз айналмайды, жүректің айнуы да, жалған үміттер де, жабығу да болмайды.

Біз буржуазиялық-демократиялық революцияны дүние жүзінде әлі еш уақытта болмағандай етіп «тап-таза» «аяқтадық». Бұл — асқан ұлы табыс, оны ешқандай күш қайтарып ала алмайды.

Біз барып тұрған реакциялық империалистік соғыстан шығу ісін революциялық жолмен аяқтадық. Бұл да сондай ұлы табыс, мұны да дүние жүзінде ешқандай күш қайтып ала алмайды, егер капитализм сақталатын болса, таяудағы болашақта реакциялық империалистік қырғындардың болмай қалмайтындығынан да бұл табысымыз неғұрлым бағалы табыс болып отыр; ал XX ғасырдың адамдары «Базель манифестеріне» екінші рет онша оңай қанағаттана қоймайды; мұндаймен ренегаттар, II және II½ Интернационалдардың сабаздары 1912 және 1914—1918 жылдары өздерін және жұмысшыларды алдап соққан болатын.

Біз мемлекеттің советтік типін құрдық, осы арқылы бүкіл дүние жүзілік-тарихи жаңа дәуірді, буржуазия үстемдігі дәуірінің орнына келген пролетариаттың саяси үстемдігі дәуірін бастадық. Мемлекеттің советтік типін тек бірнеше елдің жұмысшы табының практикалық тәжірибесі арқылы ғана «аяқтай» алу мүмкін болғанымен, мұны да енді қайтып алуға болмайды.

Бірақ біз социалистік экономиканың іргетасын да қалап біткен жоқпыз. Өліп бара жатқан капитализмнің бізге дұшпан күштерінің мұны әлі де қайта тартып алуы мүмкін. Мұны айқын ұғып, ашық мойындау керек, өйткені жалған үміттерден (және әсіресе өте биікте бас айналудан) қауіпті еш нәрсе жоқ. Бұл күйінішті ақиқатты мойындау тіпті де «қорқынышты» емес, тіпті титтей де жабырқауға ешбір заңды себеп жоқ, өйткені марксизмнің социализм жеңісі үшін алдыңғы қатарлы бірнеше елдің жұмысшылары бірігіп күш салуы керек деген ап-айқын ақиқатын біз әрқашан да уағыздап, қайталап айтып келдік. Ал біз әлі де болса әзірге жалғызбыз, сонда да артта қалған елде, басқадан гөрі көбірек күйзелген елде біз қисапсыз көп жұмыс істедік. Ол ол ма: біз революциялық пролетарлық күштердің «армиясын» сақтап қалдық, біз оның «маневр жасау қабілетін» сақтап қалдық, бізге қай жерде, қай уақытта және қанша жерге кері шегіну керек екенін (күштірек секіру үшін), істеліп бітпеген жұмысты қайта істеуге қай жерде, қай уақытта және нақ қалай кірісу керек екенін байыптылықпен ескеріп отыруға мүмкіншілік беретіндей етіп ойымыздың сергектігін сақтап қалдық. Социалистік экономиканың іргетасын қалап бітіру сияқты (әсіресе ұсақ шаруалар елінде) бүкіл дүние жүзілік-тарихи «істі» қателеспей, шегінбей, істеліп бітпегенді және дұрыс жасалмағанды сан рет қайта жасамай-ақ аяқтауға болады деп ойлаған коммунистерді сөзсіз құрып біткен коммунистер деп есептеу керек болар еді. Аса қиын міндетті қолға алуды қайта «басынан бастау» үшін бойындағы күші мен икемділігін сақтай отырып, жалған үмітке де, жабығуға да берілмейтін коммунистер құрыған жоқ (және, сірә, құрымайтын-ақ болу керек).

Біздің тап іргемізде, бүкіл дүние жүзінде, неғұрлым алдыңғы қатарлы, бізден мың есе бай және әскери жағынан күшті елдер *«олардың»* өздері мақтап жүрген, өздеріне таныс, жүздеген жыл бойына сыннан өткен, капиталистік экономикасы саласында *әлі де кері кетіп бара жатқанда* біздер, қандай күйзелсек те, кедейленсек те, артта қалсақ та, ашықсақ та, социализмге әзір-

лену *экономикасы* саласында кейбір жағынан *ілгері жылжи бастадық*, сондықтан да біздің титтей де жабығуымызға болмайды, мұндай жабығуға негіз де жоқ.

III

ТҮЛКІ АУЛАУ ТУРАЛЫ; ЛЕВИ ТУРАЛЫ; СЕРРАТИ ТУРАЛЫ

Түлкі аулаудың ең сенімді әдісі мынау деседі: түлкінің ізіне түсіп алғаннан кейін оны қызыл жалаушалар байлаған арқанмен қардан сәл биігірек етіп әудем жерден қоршап алады; түлкі «адамның» қолдан әдейі жасаған қоршауынан қорқады да, осы жалаушалардан жасалған «қоршау» аздап ашылған жерден ғана шығады; ал ол жерде оны аңшы аңдып тұрады. Жұрттың бәрі ізіне түсетін осы сияқты аң үшін сақтық деген ең жақсы қасиет сияқты. Бірақ бұл жерде де «жақсы қасиетті қолдану» кемшілік болып шықты. Түлкіні нақ оның асқан сақтығын пайдаланып ұстайды.

Осындай асқан сақтық істегендіктен Коминтерннің III съезінде жасаған бір қатемді мойныма алуым керек. Бұл съезде мен барып тұрған оң қанатта болдым. Мұның бірден-бір дұрыс позиция болғанына менің көзім жетеді, өйткені делегаттардың өте көп (және «ықпалды») тобы, көптеген неміс, венгр және итальян жолдастар бастаған топ, шамадан тыс «солшыл» және де дұрыс емес солшыл позицияда болды, бұл топ, дереу және тікелей революциялық қимыл жасау үшін онша қолайлы болмаған жағдайды байыптылықпен ескерудің орнына қызыл жалаушаларын тым жиі ербеңдете берді. Солшылдыққа тартқан бұл күмәнсыз теріс уклон Коминтерннің бүкіл тактикасына теріс бағыт бермесін деген оймен сақтық жасап, мен Левиді мейлінше жақтадым, жақтағанда: мүмкін, ол солшылдардың қателерінен тым қатты қорыққандықтан есінен жаңылған болар (оның есінен жаңылғанын мен бекер дегенім жоқ), есінен жаңылған коммунистердің кейінірек «есін жинаған» реттері болды ғой деген пікірді айттым. Левиді меньшевик деп есептей отырып,—«солшылдардың» тегеуріні алдында,— мен тіпті бұлай есептеу десті әлі шеше алмайды деп көрсеттім. Мысалы, Рос-

сияда меньшевиктердің большевиктермен 15 жылға (1903—1917) созылған күресінің бүкіл тарихы, орыстың үш революциясының да дәлелдегені сияқты, меньшевиктер жолының жалпы алғанда сөзсіз теріс екенін, олар іс жүзінде жұмысшы қозғалысындағы буржуазияның агенттері екенін дәлелдейді. Бұл — даусыз факт. Бірақ бұл даусыз факт *жеке* реттерде, мәселен, 1907 жылғы столыпиндік Думаға бойкот жасау туралы мәселеде меньшевиктердің большевиктерге қарсы шығуы дұрыс болған фактісін жоққа шығармайды.

Коминтерннің III съезінен бері 8 ай өтіп те кетті. Біздің «солшылдармен» ол кездегі таласымыз, сірә, ескіріп те қалған болар, ол таласты өмір шешкен де шығар. Леви жөнінде мен қателесіппін, өйткені меньшевиктік жолға кездейсоқ түспегенін, уақытша түспегенін, «солшылдардың» өте қауіпті қателеріне қарсы тек «асыра сілтеу» арқылы ғана емес, орнығып, ұзақ уақытқа түскенін, өзінің бүкіл жан-тәнімен түскенін ол толық дәлелдеп көрсетті. Солшылдардың кейбір қателеріне ашуланып, есінен уақытша жаңылған адамның істейтіні сияқты, Коминтерннің III конгресінен кейін партияға қайтадан алуды сұраудың керектігін шын ниетімен мойындаудың орнына, Леви партияға ұсақ-түйек жала жабуға, тасада тұрып партияны аяқтан шалуға, яғни буржуазияның II және II½ Интернационалдардағы агенттеріне іс жүзінде қызмет істеуге кірісті. Бұған жауап ретінде, мұндай игі іс-әрекетте Павел Левиге жасырын көмек көрсеткен тағы бірнеше мырзаларды жақында өздерінің партиясынан шығарған неміс коммунистері, әлбетте, өте дұрыс істеген.

Коминтерннің III конгресінен кейін герман және итальян коммунистік партияларының дамуы солшылдардың осы конгрестегі қателерін олардың ескергенін және бұл қателерді аз-аздап, баяу болса да, табанды түрде түзеп жатқанын дәлелдейді; Коммунистік Интернационалдың III конгресінің шешімдері адалдықпен жүзеге асырылуда. Европалық парламенттік, іс жүзінде реформистік және тек болар-болмас қана революциялық түске боялған партияның ескі типінің партияның жаңа *типіне*, нағыз революциялық, нағыз коммунистік

партияға айналып қайта құрылуы деген — өте-мөте қиын нәрсе. Францияның мысалы осы қиыншылықты, сірә, басқаның бәрінен де айқын көрсететін сияқты. Партия жұмысының *типін* күнделікті өмірде қайта құру, дағдыны өзгерту, партияның бұқарадан алыстап кетпей, қайта онымен барған сайын жақындай түсетін, оларды революциялық санаға және революциялық күреске көтеретін революцияшыл пролетариаттың авангарды болуына жету деген—ең қиын, бірақ ең маңызды да іс. Егер европалық коммунистер өз партияларының бүкіл құрылысын, барлық жұмысын түп-тамырымен, ішкі жағынан, терең етіп осылай қайта құру үшін 1921 жылы және 1922 жылдың басында Европа мен Американың көптеген капиталистік елдері басынан кешкен революциялық шайқастардың ерекше шиеленіскен дәуірлерінің аралығындағы (сірә, өте қысқа) уақытты пайдаланбаса, онда бұл олардың тарапынан орасан зор қылмыс болар еді. Бағымызға қарай, мұнан қауіптенуге негіз жоқ. Европа мен Америкада нағыз коммунистік партияларды, пролетариаттың нағыз революцияшыл авангардтарын құру жөнінде у-шусыз, қарапайым, айқайсыз, баяу жұмыс, бірақ түбегейлі жұмыс басталды және бұл жұмыс жүріп жатыр.

Тіпті түлкі аулау сияқты пәлендей жаңалығы жоқ, жай нәрсені байқаудан алған саяси сабақтар да пайдасыз болмайтын көрінеді: бір жағынан, шектен тыс сақтық қателерге әкеліп соқтырады. Екінші жағынан, егер жағдайды байыпты ескеруді тек «көңіл күйімен» немесе қызыл жалаушаларды ербеңдете берумен алмастырсақ, онда енді қайтып түзелмейтін қате жасалатынын ұмытуға болмайды; мұндайда, қиыншылық үлкен бола тұрса да, бірақ құрып кету әлі титтей де, тіпті титтей де міндетті емес жағдайларда, құрып кетуге болады.

Роза Люксембургтің нақ дұрыс емес шығармаларын қайта бастырып, Павел Леви енді буржуазияға,— *демек,* II және II½ Интернационалдарға, оның агенттеріне,— ерекше жағынғысы келіп жүр. Біз бұған орыстың бір жақсы мысалынан алынған екі жолмен жауап береміз: қыранның тауықтан да төмен түсуі мүмкін, ал тауық ешқашан уақытта да қырандай көкке көтеріле алмайды.

Роза Люксембург Польшаның тәуелсіздігі туралы мәселеде қателесті; 1903 жылы меньшевизмге баға беру жөнінде қателесті; капиталдың қорлану теориясы жөнінде қателесті; 1914 жылы июльде Плехановпен, Вандервельдемен, Каутскиймен және басқалармен бірге большевиктердің меньшевиктермен бірігуін қорғап қателесті; 1918 жылы өзінің түрмеде жатып жазғандарында қателесті (бірақ түрмеден шыққаннан кейін 1918 жылдың аяғында және 1919 жылдың басында өз қателерінің көп жерін өзі түзетті). Бірақ осындай қателері бола тұрса да, ол қыран еді, қыран болып қала да береді; бүкіл дүние жүзінің коммунистері оны әрқашан құрметпен еске түсіріп қана қоймайды, сонымен қатар оның өмірбаяны және оның шығармаларының *толық* жинағы (оның толық жинағын шығару жөнінде неміс коммунистері өте кешігіп жүр, өздерінің ауыр күресінде орасан зор құрбандыққа ұшырағандықтан ғана олардың бұл кешігуін ішінара кешіруге болады) бүкіл дүние жүзі коммунистерінің көптеген ұрпақтарын тәрбиелеу үшін өте пайдалы сабақ болмақ. Роза Люксембург: «1914 жылғы 4 августан кейінгі неміс социал-демократиясы — сасық өлексе» деп жазды, міне осы нақыл сөзімен Роза Люксембургтің есімі бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының тарихына кіреді. Ал жұмысшы қозғалысының ең арттағы қорасында, көңқоқыстың арасында жүрген Павел Леви, Шейдеман, Каутский сияқты және олардың бүкіл туыстары сияқты тауықтар ұлы коммунистканың қателеріне, әлбетте, ерекше мәз болып қуанады. Әркім өз ісін істейді.

Ал Серратиге келсек, оны тарс етіп жарылып, мүңкіген... ерекше иісі бар шірік жұмыртқамен ғана салыстыруға тура келеді. «Өзінің» съезінде Коминтерн конгресінің шешіміне бағынуға дайынбыз деп қарар алу, сонан соң бұл конгреске қаусаған шал Лаццариді жіберу, ақырында, ат сатушы саудагердің тоңмойындығымен жұмысшыларды алдап соғу деген не сұмдық. Италияда революцияшыл пролетариаттың шын партиясын тәрбиелеп отырған итальян коммунистерінде, ендігі жерде жұмысшы бұқарасының көз алдында саясатқұмар алаяқтық пен меньшевизмнің көрнекі үлгісі бола-

ды. Бұл үлгінің пайдалы, *жирендіретін* әсері сан рет қайталанатын көрнекі сабақ болмай тұрып, бірден жарыққа шыға коймайды, бірақ оның жарыққа шығатындығы сөзсіз. Бұқарадан қол үзіп кетпеу керек. Серратидің барлық сұмпайылығын қатардағы жұмысшының көз алдында іс жүзінде әшкерелеу жөніндегі ауыр жұмыста шыдамдылықтан айрылмау керек; тым жеңіл әрі өте қауіпті шешімге бой ұрмау керек: Серрати: «а» деген жерде «минус *а*» деу керек; бұқараны революциялық дүние танымға және революциялық қимылға үйретіп, табандылықпен тәрбиелеу; фашизмнің ғажап көрнекі (қымбатқа түсетін болғанымен) сабақтарын іс жүзінде және іскерлікпен пайдалану керек — сонда итальян коммунизмінің жеңісі қамтамасыз етіледі.

Леви мен Серрати жеке бастарының сипатымен назар аудармайды, олар біздің лагерімізге қарсы халықаралық капиталистер лагерінің, «олардың» лагерінің, ұсақ буржуазиялық демократияның нағыз солшыл қанатының қазіргі үлгісі болуымен назар аударады. Гомперстен бастап Серратиге дейін «олардың» бүкіл лагері, тұтасымен, біздің кері шегінуіміз, біздің «төмен түскеніміз», біздің жаңа экономикалық саясатымыз жөнінде бізді табалап, қуанады немесе мүләйімсіп көз жасын төгеді. Мейлі, табалай берсін. Мейлі, өздерінің сайқымазақтығын жасай берсін. Әркім өз ісін істейді. Ал біз өзіміз жалған үміттерге де берілмейміз, уайымға да салынбаймыз. Өз қателерімізді мойындаудан қорықпауымыз керек, оларды түзету жөнінде сан рет, қайталап еңбек етуден қорықпауымыз керек — сонда біз таудың ұшар басына шығамыз. Гомперстен бастап Серратиге дейінгі халықаралық блоктың ісі — құрып біткен іс.

1922 ж. февральдың аяғында жазылған

Бірінші рет толық емес түрінде 1924 ж. «Коммунистический Интернационал» журналының 2-номерінде басылған

Бірінші рет 1924 ж. 16 апрельде «Правда» газетінің 87-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 88-номерінде толық басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА ЕСКЕРТПЕЛЕР

10-бет енді: 1) левишілдерді партиядан шығарып әбден дұрыс істеген. 2) III съездегі өз қателерін ескерген солшылдар Германияда және Италияда керемет өсті. 3) ΣΣ* = түлкінің берген сабақтары. 4) Леви және Р. Люксембург. 5) Серрати = тек қана түлкі, аң. 6) 2 және $2^1/_2$.

1922 ж. февральдың аяғында жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Summa summarum — жалпы жиынтық. *Ред.*

А. Д. ЦЮРУПАҒА ХАТ ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫ МЕН БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫНА ҰСЫНЫС

1/III. 1922 ж.

Цюрупа жолдас!

Басты қағидалармен танысқан соң, мен азаматтық кодекс туралы мәселе жөнінде неғұрлым сақ және дұрыс шешім мынау болар деп есептеймін:

қазір декларациялық мәлімдемемен шектелген жөн, ал кодекстің өзін егжей-тегжейлі әзірлеу керек.

Сізден өтінетінім: осыны Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумынан және Саяси бюродан өткізуге тырысыңыз[184].

Еңбек және Қорғаныс Советінің Председателі

Ленин

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ХАТ ЖӘНЕ ФИНАНС ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ТЕЗИСТЕРІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Саяси бюро мүшелеріне арнап Молотов жолдасқа

3 март, 1922 ж.

Сокольниковтың тезистері («Финанс программасының негізгі қағидалары»), меніңше, жаман емес, бірақ теориясы көбірек.

Бір пунктті (12-параграфтың басы) мен ерекше анықтамақпын және ол жөнінде Сізге айрықша жазамын.

Басқасын пікір алу үшін Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына, Преображенскийге және Краснощековқа беруді ұсынамын. Онан соң ықшамдап (заттай салықты ақшалай салықпен алмастыру туралы пункт және т. б. *әзірге* алып тасталсын) басылсын.

Істің шын мәні жөнінде. Түйіні, меніңше, екі нәрседе:

1) барлық халық комиссариаттарын (Москва, Петроград Советтерін қоса) *қысып алу* үшін ақылды әрі қатал адамдарды қалай табу керек: штатты іс жүзінде және аямай қысқартыңдар;

2) біздің бюрократ-*«торгтарды»* (соның ішінде Сыртқы сауда халық комиссариатын, Мосторгты, Петроторгты, т. т. және т. б.) қағазбастылыққа салынбай, сауда жасай білуге қалай үйрету керек.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына қаулы қабылдауды тапсырсақ па екен:

Барлық халық комиссариаттарымен қоса Москва, Петроград Советтері де қызметшілерді (экономикаға байланыстылардың бәрін) табыс келтірмегені, сылбырлық, бейқамдық жібергені үшін қатаң жазаланатыны

және сауда жөніндегі сұрауларға 3—6 сағат ішінде жауап беруге міндетті екені, өйтпеген күнде кемінде 5 жыл түрмеде отыру жазасына кесілетіні ескертіліп, айналымнан және пайдадан қосымша сыйлық ақы алуға көшіру туралы қаулының жобасын бір апта мерзім ішінде табыс етуге міндеттеледі.

Қаулының ең таңдаулы жобасы үшін алтынмен 100 000 сом сыйлық жарияланады, бұл сыйлық әлгі қаулының *т а б ы с т ы л ы ғ ы* бір жыл бойы сыннан өткізілгеннен кейін төленеді, оның бер жағында *табыстың проценті* мөлшерінде беріледі (қаулы 100% табысқа жетсе=100% сыйлық, табыс 1%=1% сыйлық).

Ленин

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Л. Б. КАМЕНЕВКЕ ХАТ[185]

3. III. 1922 ж.

Каменев жолдас!

Внешторг және Красин мен Сокольниковтың бағыты туралы (Сізбен, Сталинмен және Зиновьевпен) әңгімеміз жөнінде мен көп ойландым.

Менің қорытындым — Красиннің пікірі, сөз жоқ, дұрыс. Лежава өз тезистерінде ұсынған және ұсынып отырған сыртқы сауда монополиясынан біздің ендігі жерде кейін шегінуімізге болмайды. Әйтпесе, шетелдіктер құнды нәрсенің бәрін сатып алады да, алып кетеді.

Сокольников бұл арада да және өзінің бүкіл жұмысында да орасан қателік жасап отыр, егер Орталық Комитет оның бағытын дер кезінде түзеп, осы түзетілген бағытты шын мәнінде орындаттырмаса, бұл қате, сірә, біздің түбімізге жетер. Қатенің мәні—дерексіздік, схемамен әуестенушілік (талантты журналист, саясатқа әуес Сокольниковтың әрқашанғы кінәсы да осы). Мысалы Сокольников Россияға шетелден азық-түлік әкелу туралы декреттің жобасын ұсынады. Декретте сөз арасында: ал «кепілдік» дегенің (ягни Россиядан азық-түлікке айырбастау үшін әкетіліп жатыр делінген құнды заттар шын мәнінде түгелдей азық-түлікке жұмсалатындығының кепілі) өз алдына ғой дейді.

Бұл түп-тура балалық қой!

Мәселенің бар түйіні осы кепілдікте, ал Сокольников жел сөзбен немесе ізгі тілекпен ғана шектеліп, бұл түйінді «кейінге ысырады».

Қандай нақты кепілдік болуы мүмкін?

Кепілдеме ме?

Ойлап көріңізші, мұның мәні неде:

1) мен шетелден алтынмен 100 000 сомға азық-түлік сатып алғым келеді. Мен *осы соманы* кепілдеме ретінде Мемлекеттік банкке саламын ба?

Онда бұрынғы күллі қағазбастылық (егер біз Внешторг пен К⁰-ні қағазбастылықтан арылуға «үйретпесек») сол қалпында қалады.

Онан соң. Шетелге алтынмен 100 000 сом аудара отырып, мен оның алтынмен 20 000 сомын жалған түрде аудармағаныма «кепілдік» қайда? Бағаны тексеру ме? Кім? Қалай? Бюрократтық утопия!

Сокольниковтың жобасы біздің сүйкімді, талантты және өте қадірлі Сокольников жолдастың сауда практикасынан ештеңені де білмейтінін дәлелдейді. Егер оған жол беретін болсақ, ол бізді құртады.

Жаңа экономикалық саясат террорды жойды деп ойлау аса үлкен қате. Біз террорға және экономикалық террорға әлі қайтып ораламыз.

Шетелдіктер біздің чиновниктерімізді қазірдің өзінде-ақ парамен сатып алып, «Россияның қалдықтарын алып кетуде». Және алып кетеді де.

Монополия дегеніміз: шырақтарым, кезі келгенде, мен бұл үшін сіздерді дарға асамын деп сыпайы ескерту.

Большевиктердің қалжыңдамайтынын білгендіктен, шетелдіктер мұнымен мықтап санасады.

Сондықтан

1) сыртқы сауда монополиясы ешбір жағдайда әлсіретілмесін;

2) күні ертең Лежаваның тезистері қабылданылсын;

3) дереу (біз көп уақытты жоғалттық) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы атынан біз экономикада бұдан әрі шегінбейміз, ал бізді алдамақ болғандар (немесе монополияны орағытып өтпек болғандар және т. б.) террорға душар болады деп батыл, сұсты да қатал түрде мәлімдеме жариялау керек; террор деген сөз қолданылмасын, бірақ сол мағына «жұқалап, сыпайы аңғартылсын».

Егер Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы арқылы жасалмаса, мұны басқаша істеуге

болады (менің хатым? бұл нашар!), бірақ істеу керек және тез істеу *керек*. Сонан соң, Сізге мысал.

Москва губерниялық экономикалық кеңесі совет сомына консерв (немесе жалпы алғанда тағам) сатып алуды ұсынып отыр. Екі аптадан бері Внешторгпен сөйлесуде. Ол қарсы.

Келісім бұзылды.

Қорытынды ше?

Губерниялық экономикалық кеңеске право беру ме? Мұның мәні нашар Внешторгты нашар внешторгсымақтармен «алмастыру» болар еді, оның 90 процентін капиталистер *сатып алады*.

Қорытынды басқаша: декреттерді бетке ұстауды енді қойған жөн *(декреттермен насихаттау кезеңі* қажет болды; бұл революцияның табысқа жетуі үшін қажет болған-ды. *Ол өтті)*.

Декреттерге де, мекемелерге де титтей сенудің керегі жоқ. Тек практикада тексеріп, қағазбастылық үшін *тәртіпке шақырылсын*.

Ақылды адамдар тек осымен ғана шұғылдануға тиіс. Ал басқалары үшін... *басқалар* отырғызылсын.

Мен мынаны ұсынар едім: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына дереу мынадай қаулы қабылдау тапсырылсын:

Совет сомына азық сатып алу туралы келісім жасауда (пәлендей) қағазбастылыққа салынып, істі былықтырғаны үшін айыпты кісіні тауып *(қорқыту керек қой!)*, Москва губерниялық экономикалық кеңесінде істейтіндерді 6 сағатқа, Внешторгта істейтіндерді (әрине, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшелерінен басқаларын: бізде парламенттік қол сұқпаушылық бар ғой) 36 сағатқа түрмеге қамау Мемлекеттік саяси басқармаға тапсырылсын.

Сонан соң баспасөзге *олардың* қай-қайсысын болсын келекелеп, *масқаралау* тапсырылсын. Өйткені бұл арада масқаралық нақ мынада: москвалықтар (Москвада!) қағазбастылыққа қарсы күресе білмеді. Бұл үшін таяқтап алу керек.

Телефонограмма бере «білмеген»:

«тез жасалатын тиімді келісім. Внешторгтан 3 сағат ішінде жауап беруді талап етеміз. Көшірмесі Орталық Комитетке арнап Молотовқа, Халық Комиссарлары Советі мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне арнап Цюрупа мен Енукидзеге».

3 сағаттан кейін жауап болмады ма? Осындай 4 жол шағымды телефон арқылы беру керек.

Ал нақұрыстар екі аптадан бері сенделіп жүр, айтатындары бос сөз! Бұл үшін алып тастап әуре болмай-ақ, *түрмеде шіріту* керек. Москвалықтарды ақымақтығы үшін 6 сағат қандалаға талату керек. Внешторгта істейтіндерді ақымақтығы, оған қоса «орталықтанған жауапкершілігі» үшін 36 сағат қандалаға талату керек.

Осылай, тек осылай ғана *үйрету* керек. Әйтпесе, совет қызметкерлері, жергілікті жерлердегі және орталықтағы қызметкерлер де, ештеңеге үйренбейді. Біз еркін сауда жасай алмаймыз: бұл Россия үшін апат.

Біз шенқұмарларды пайдадан қосымша ақы төлеуге көшіре аламыз, сөйтіп жұмыс істеуге үйренеміз: пәлендей келісімнің проценті (процент үлесі) саған беріледі, ал жолға қоя алмасаң — түрмеге барасың дейтін боламыз.

Және Сыртқы сауда халық комиссариатындағы адамдарды ауыстыру керек. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің киелі мүшелері мен «атақты» коммунистеріміз «басқарған» біздің мемлекеттік трестеріміз жөнінде де осылай істеу керек, әзірге оларды жылпостар алдап жүр.

Финанс халық комиссариатына берілетін бұйрық: не сен Мемлекеттік банк арқылы мына киелі коммунистерді мемлекеттік трестерден қуып шығатын боласың (кредит бермеймін; мерзімді өткізгенің үшін, қырсыздығың үшін және басқалар үшін сотқа беремін), немесе сенің бүкіл Финанс халық комиссариатың мен Мемлекеттік банкің түкке тұрғысыз болғаны, құр мылжыңдау, қағазды ысырап ету болғаны.

Халық Комиссарлары Советінің де, Еңбек және Қорғаныс Советінің де (Цюрупаға бұдан бұрын жазып,

тиісті директиваның* жобасын жасап та бергенмін), *Саяси бюроның да* жұмысын осылай қайта құру керек; әйтпесе құритынымыз сөзсіз.

Мұны *құпия түрде* Саяси бюро мүшелеріне және Молотовқа оқуға беріп, әрқайсысының екі ауыз сөз ескертпесі болса да қосып, маған қайтаруыңызды қатты өтінемін.

Сіздің *Ленин*

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 401—403-беттер. *Ред.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАП В. М. МОЛОТОВҚА ХАТ

3 март, 1922 ж.

Саяси бюро мүшелеріне арнап Молотов жолдасқа
Көшірмесі: Пятаков және Сокольников жолдастарға

Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары Цюрупа жолдастың тапсырмасы бойынша марттың 3-де шақырылған өнеркәсіпті қаржыландыру туралы мәселе жөніндегі кеңестің протоколын Сізге жіберіп отырмын.

Сізден мұны Саяси бюроның барлық мүшелеріне жіберіп, өнеркәсіпті қаржыландыру туралы мәселені Саяси бюроға тездетіп қоюыңызды өтінемін.

Баяндамашылар етіп Пятаков пен Сокольников жолдастарды шақыру керек[186].

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ЗАПИСКА[187]

Саяси бюро мүшелеріне

Сокольников мүлт кетті. Құнды заттардың бәрін *алып кетпейтініне* кепілдіктер қайда?

Олар жоқ.

Енді ұрлап жатыр; бұл ақиқат; кәні, ұрыны *ұстай білуді үйренейік,* бай шетелдіктердің ұрлық жасауын жеңілдетуді қояйық.

5/III. *Ленин*

1922 ж. 5 мартта жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ III КОНГРЕСІНЕ АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1

КОМИНТЕРННІҢ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕРГЕ БАСТАПҚЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР[188]

1) Жұмысшылардың көпшілігін өз жағына қаратып алу
2) тура «Offener Brief»* үшін
3) кәсіподақтарда (солшылдарға қарсы) көпшілікті өз жағына қаратып алуды өте-өте ұсыну
4) *ауыл шаруашылық жұмысшыларының* күресі [Радек айтқандай, ұсақ шаруалармен қатар жүріп емес, алда болып күресуі]
5) арандатушылыққа жауап па?

1921 ж. кеш дегенде 10 июньде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — «Ашық хат», *Ред.*

2

КОМИНТЕРННІҢ III КОНГРЕСІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗБАЛАРЫ МЕН ЖОСПАРЛАРЫ

1

1) Tatsachen? Veröffentlichung?

2) «links»? Nein. { Ungarische Emigranten?
«linke»
«große Verdienste»

3) Argumente?
Methode der Agitation? }

4) Kreibich?

5) 3 links
+ 1 rechts }}

6) militärische

7) Ernährungspolitik

8) Antrag von *Zinoview.*

2

1) Legal Party
«Anticapitalistic Party»?
«Society of friends of soviet System»?

α) only constitutional methods
β) what difference with
communist?

2

КОМИНТЕРННІҢ III КОНГРЕСІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗБАЛАРЫ МЕН ЖОСПАРЛАРЫ

1

1) Фактілер? Жариялау?

2) «солдан ба»? **Жоқ.** { Венгр эмигранттары? «солшылдар» «сіңірген зор еңбегі»

3) Дәлелдер? Үгіт әдісі? }

4) Крейбих?

5) 3 солға + 1 оңға }}

6) милитаристік

7) азық-түлік саясаты

8) *Зиновьевтің* ұсынысы.

1) Жария партия
«Антикапиталистік партия»?
«Советтік система достарының қоғамы»?

α) тек қана конституциялық әдістер
β) коммунистерден
айырмашылығы неде?

2) $^{4}/_{5}$ majority for accepting new members

| exploited, mass, rank and file |

3) «Stagiaires»

Roland-Holst

«die Russen stehen *links*» (?)

| in Blut und Fleisch | | ? |

3

1) Das Buch von Smeral.

2) Haltung Smerals gegenüber der ungarischen Revolution.

3) IX. 1920. Rede Smerals auf dem Kongress.
XII. 1920 қозғалысты біз *біле тұра* тоқтаттық.
Біз (Прагада) подвалда жұмыс істедік.

---

6. III. 1921 Gegenkampf

---

15. V. 1921 конгресс

| 58 ausgeschlossenen Zentristen nach dem Parteitage. |

4

KAPD менің рефератым жөнінде

Партияға экономикалық негіз ықпал жасамауы мүмкін емес
ел ішінде де
одан тыс жерде де

Менің сөзімнің жоспары

Was ist ihr Vorschlag? keine Konzessionen? kein Handel? kein Bestehen auf der vorsichtigeren Vorbereitung?

2) Жаңа мүшелер алу үшін 4/5 көпшілік

| қаналғандар, бұқара және қатардағылар |

3) «Дайындықтан өтушілер»

Роланд-Гольст

«орыстар *сол* қанатта» (?)

| сүйегіне, қанына сіңген | | ? |

3

1) Шмеральдің кітабы.
2) Шмеральдің венгр революциясы жөніндегі позициясы.
3) IX. 1920. Шмеральдің конгрестегі сөзі.
XII. 1920 қозғалысты біз *біле тұра* тоқтаттық.
Біз (Прагада) подвалда жұмыс істедік.

---

6. III. 1921 Қарсы күрес

---

15. V. 1921 конгресс

| шығарылған 58 центрист конгрестен кейін. |

4

Германия Коммунистік жұмысшы партиясы менің рефератым жөнінде

Партияға экономикалық негіз ықнал жасамауы мүмкін емес
ел ішінде де
одан тыс жерде де

Менің сөзімнің жоспары

Сіздердің ұсыныстарыңыз қандай? ешқандай концессия керек емес пе? ешқандай сауда керек емес пе? неғұрлым сақ дайындалуды талап етпеу керек пе?

Stärkung des Kapitalismus in West-Europa (durch Konzessionen)

Kontrekarrieren dies durch die Politik des Kongresses (jetzigen) unmöglich.

Unsere Opportunisten sagen werden: keine Streiks *um der* Russischen Revolution *willen.*

Von den Interessen der russischen *Staatspolitik* hängt das internationale Politik zu viel...

ANTWORT AN DEN GENOSSEN:

1) *17* Milliarden Rubel gold
   6 Milliarden Konzessionen : 10=600 **MILLIONEN**
2) Staatsinteresse spielt zu viel Rolle?
   ...«*gründlichere* Vorbereitung, *vorsichtigere* Vorbereitung der Revolution»...

«der reine Begriff» des Staatskapitalismus

III: was schlagen sie vor?*

I. das Eine und das Andere

сауда жүргізу және революция жасау

II. «links»?

wir stehen | 1907 |

IV. gründlichere und vorsichtigere Vorbereitung als?

deutsche es gemacht haben
italiener es meinen
tschecho-slovaken { 3 links Schritt 1 rechts

---

* Қолжазбада бұл сөйлемді В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

Батыс Европада капитализмнің күшеюі (концессиялар арқасында)

Мұнымен конгрестің (қазіргі) саясаты арқылы күресу мүмкін емес.

Біздің оппортунистер былай дейді: орыс революциясына *бола* ешқандай стачка жасалмасын.

Халықаралық саясат орыс *мемлекеттік* саясатының мүддесіне өте-мөте байланысты болады...

ЖОЛДАСТАРҒА ЖАУАП:

1) Алтынмен *17* миллиард сом
концессиялар 6 миллиард 10 = 600 миллион

2) Мемлекеттік мүдде өте-мөте үлкен роль атқара ма?
...«революцияны *неғұрлым тиянақты* дайындау, неғұрлым *сақ* дайындау»...

мемлекеттік капитализмнің «таза ұғымы»

I. бірі және екіншісі

сауда жүргізу және революция жасау

III: сіздердің ұсыныстарыңыз қандай?*

II. «солдан ба»?

біз тұрмыз | 1907 |

IV. неғұрлым тиянақты және неғұрлым сақ дайындау
не арқылы?
немістер істеді
итальяндар жорамалдайды
чехословактар { 3 солға қадам, 1 оңға

* Қолжазбада бұл сөйлемді В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

5

1-te Stufe: Los von den Zentristischen Führern *und* Elementen.
2-te Stufe: *Lernen* die Anwendung der marxistischen Taktik.
3-te Stufe: Siege.
Nicht pedantisch, nicht straff gedacht

Was ist «Masse»?
(α) Einige Tausend
(β) Die Mehrheit...

Es gibt einzelne Fälle, wo die Menschewisten Recht haben ?

Auch die Mehrheit *noch nicht* genügend.

«Vorsichtige, zögernde» Taktik ein Vorwurf?

Nicht so, wie in Russland...

Gewinnen die Mehrheit —

6

Лаццаридің сөзі жөнінде

La conference des reformistes (Turati & Co) à Reggio-Emilia — — — X. (octobre) 1920

Le congrés de Livorne 15. I. (janvier) 1921

мың.

13%	14	reformistes	18 mill.
	98	unitaires	120 mill.
	58	communistes	58 mill.*

14
58
72

Ливорнода жікке бөліну үшін қолайлы кез емес

---

* Қолжазбада оң қапталдағы цифрларды В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

1te Stufe: los von d. Zentr. Kämpfen u. Elementen
2te Stufe: Lernen die Anwendung der revolutionären Taktik
3te Stufe: Siege.
nicht pedantisch, nicht streng gedacht

Was ist „Masse"?
(α) einige Tausend
(β) die Mehrheit....

Es giebt einzelne Fälle, wo die Menschewiken Recht haben

Wenn die Mehrheit noch nicht genügend

„vorsichtige, zögernde" Taktik
„ein Vorwurf?

nicht so, wie in Rußland....

Gewinnen die Mehrheit —

В. И. Лениннің «Коминтерннің III конгресінде сөйленетін сөздердің жазбалары мен жоспарлары» деген қолжазбасының бесінші беті.—22 июнь—12 июль, 1921 ж.
Кішірейтілген

1-ші саты: Центристік көсемдерден *және* элементтерден іргені аулақ салу.
2-ші саты: Маркстік тактиканы қолдануды *үйрену*.
3-ші саты: Жеңістер.
Педанттықсыз, қаталдықсыз

«Бұқара» деген не?
(α) Бірнеше мың
(β) Көпшілік...

Меньшевиктердікі дұрыс болған кейбір реттер бар ?

Және көпшілік *әлі* жеткілікті *емес*.

«сақ, баяу» тактика — кінә ма?

Россиядағыдай емес...

Көпшілікті өз жағына қаратып алу —

6

Лаццаридің сөзі жөнінде

Реджио-Эмилиядағы реформистердің конференциясы (Турати және К⁰) — — — X. (октябрь) 1920

Ливорнодағы конгресс 15. I. (январь) 1921

мың

13%	14	реформистер	18 мың
	98	унитаристер	120 мың
	58	коммунистер	58 мың*

14
58
72

Ливорнода жікке бөліну үшін қолайлы кез емес

* Қолжазбада оң қапталдағы цифрларды В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

«nos proletaires ne comprendront pas»... il (Lazzari) est content de nos theses de tactique. || NB

| nous serons toujours, nous russes, «souples et sages» (Фроссардың мақаладан алынған сөзі).

7

Der Klassenkampf
(Halle) vom 16. III.
17
18
19

Aufrufe der Unterbezirksleitung
Mansfeld
und *Halle*

Die beiden *warnen* die Arbeiter: «Genossen, lassen Sie sich nicht provozieren», jedenfalls dem Sinne nach.

Ob in der «Rote Fahne» wiederholt, nicht bekannt. (von *Koenen* mitgeteilt.)

8

1. 05

Радек:

Троцкий

Мартов *(цитат келтіреді!!)*

II½-ның ыдырауы, III-ші

«ұзақ күрес жөніндегі *ұғым* әр түрлі» (?)

II½ Интернационалдың қарары
bis 1. 30 «Einleitende Bemerkungen». |||

| шешеннің кезегі |

Англия ||
Италия ||
Чехия ||
Германия ||

«біздің пролетарлар түсінбейді»... ол (Лаццари) тактика жөніндегі біздің тезистерге қанағаттанды || NB | біздер, орыстар, әрқашан да «икемді әрі ақылды» боламыз (Фроссардың мақаладан алынған сөзі).

7

Тап күресі
(Галле) 16 мартта
17
18
19

Кіші аудан басшылығының үндеу хаты
Мансфельдте
және *Галледе*

Екеуі де жұмысшыларды сақтандырады: «Жолдастар, арандатушылыққа ермеңіздер», қалай болғанда да тіпті мағынасына қарап та.

«Rote Fahne»-де қайталанды ма, белгісіз.
(*Кёнен* хабарлады.)

8

1.05

Радек:

Троцкий

Мартов (*цитат келтіреді!!*)

II½-ның ыдырауы, III-ші

«ұзақ күрес жөніндегі
ұғым әр түрлі» (?)

II½ Интернационалдың қарары

1.30-ға дейін «Алғы ескертпелер». |||

шешеннің кезегі

Англия ||
Италия ||
Чехия ||
Германия ||

Сабақ: passive Politik, $^1/_2$ Zentristisch—*итальян* және *чехословак* қозғалысының көсемдері.

«*Керісінше* мысал, *керісінше* қателер: Мартовтың әрекеті»

Vereinigte Kommunistische тарихы
Partei Deutschlands
бүліктен сескену
Kapp-Putsch=*әрекетсіздігі*

KPD

Тек қана үгіттеуге болмайды, әрекет ету керек, бастау керек...

Цитат келтіре ме? Кітаптан ба? тезистерден бе? жағдай

{{ сол жақ unbeholfen
оң жақ (чиновниктер) «өршуден сескенеді»

{{Итальян мәселесі және *оңшылдардың бөлініп шығуы*

солшылдар жалғыз қалды,—және олардың *grundlegender Fehler.*

Hauptfehler —«әдеттегі» үгіттен дайындалмаған тегеурін көрсетуге кенеттен көшу.

Оңшылдардыкі үнемі дұрыс емес,
солшылдар өз қатесін (оффензивалар) теорияға айналдырды...

9

NB

Ровио (Питер). Ойыншықтар табу
(7 жасар)

Reichenberg: ...verhindern den Aufbau der kapitalistischen Wirtschaft (!?)
...«die Schwüle durchbrochen»
Offensive und muss sein...
(unsere Pflicht war auch am 20. VIII. 1920 *Offensive* zu beginnen).

Сабақ: енжар саясат, жартылай центристік саясат— *итальян* және *чехословак* қозғалысының көсемдері.

«*Керісінше* мысал, *керісінше* қателер: Мартовтың әрекеті»

Германия Біріккен Коммунистік
партиясының тарихы
бүліктен сескену
Капп бүлігі=Германия Коммунистік
партиясының *әрекетсіздігі*
КПГ.

Тек қана үгіттеуге болмайды,
әрекет ету керек, бастау керек...

Цитат келтіре ме? кітаптан ба? тезистерден бе? жағдай

{{ сол жақ дәрменсіз
оң жақ (чиновниктер) «өршуден сескенеді»

{{ Итальян мәселесі және *оңшылдардың бөлініп шығуы*

солшылдар жалғыз қалды,— және олардың *негізгі қатесі*.

Басты қате —«әдеттегі» үгіттен дайындалмаған тегеурін көрсетуге кенеттен көшу.

Оңшылдардыкі үнемі дұрыс емес,
солшылдар өз қатесін (оффензивалар) теорияға айналдырды...

9

NB

Ровио (Питер). Ойыншықтар табу
(7 жасар)

Рейхенберг: ...капиталистік шаруашылықты қалпына келтіруге жол бермеу (!?)
...«Жағдай тынышталды»
Шабуыл да болуы керек...
(біздің де міндетіміз 20. VIII. 1920 *шабуылды* бастау еді).

Der Offene Brief — opportunistisch (!!)
Absterben der Arbeitermasse **deshalb!** «Sturz der Ordnung»!!!

((Bela Kun)) NB

Бела Кун *«Ашық хат»* туралы
Vorbereitung der Partei zu Revolution
für Grundsätze
Mehrheit (Terracini?)

Чехословакияда
«400 000»
бұқараны тарту?

| S. 7 неміс тезистері |

Россияда шагын *партия* арқылы да *жеңіске жетті*...
((Terracini))

((оффензива...))

теория { «серпінді тенденция» }

(«енжарлықтан белсенділікке көшу»...)

1921 ж. 22 июнь—12 июльде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

Ашық хат — оппортунистік (!!)

Жұмысшы бұқарасының құрып бітуі сондықтан! «Тәртіпті құлату»!!!

((Бела Кун)) **NB**

Бела Кун *«Ашық хат»* туралы

Партияны революцияға *дайындау*

негізге алу

көпшілік (Террачини?)

Чехословакияда

«400 000»

бұқараны тарту?

7 бет неміс тезистері

Россияда шағын *партия* арқылы да *жеңіске жетті*...

((Террачини))

((оффензива...))

теория {«серпінді тенденция»}

(«енжарлықтан белсенділікке көшу»...)

3
ИТАЛЬЯН МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ*

Сөйленетін сөздің жоспары:

1) «Сөз қумай, факті іздеңіздер»...
көре алмаушылықпен (invidia? envie**)

2)
{ а) бернштейншілдікке байланысты оқиға 1899—1900 }
б) Реджио-Эмилиядағы конференция? (X. 1920)?

| fraction parti | ***

3) партия жақсы ма еді?

— — — | герман с. д.-нан артық емес |

4) мәселе тек кезең жөнінде ме? | alors? | ****

5) «souples et sages» | Frossard | *****

тактика жөніндегі біздің қарарларымыз (жоба) жақсы: «анархистік девиацияларға» қарағанда

* Қараңыз: осы том, 16—22-беттер. *Ред.*
** — көре алмаушылық. *Ред.*
*** — фракция, партия. *Ред.*
**** — сол кезде? *Ред.*
***** — «епті әрі ақылды», Фроссар. *Ред.*

Lazzari: «periode preparatoire»...*

6) Ливорнода олардың көпшілігі реформистерге де, коммунистерге де қарсы болды

7) envie — **қ ұ л ш ы л ы қ е т п е й,** «еліктегісі» келеді

8) итальян қозғалысының *ерекшелігін* түсінуді, souples et sages болуды, мұны коммунистер үйренеді**.

1921 ж. 28 июньде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Лаццари: «дайындық кезеңі». *Ред.*

** Қолжазбадағы 7 және 8-пункттерді В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

4
КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ III КОНГРЕСІ ТУРАЛЫ МАҚАЛА ЖӨНІНДЕГІ ЖАЗБАЛАР[189]

III конгресс туралы мақала жөнінде

а) күту (жеке бір ел үшін бе?). *Чехия үшін емес пе?*

β) *Generalangriffs** дайындау (күштірек)

? || Ленин бізге *көмек бере ме* (Шмераль)

Шегіну *ауыр*, бірақ тек қана шегіну!!
мен Шмераль жолдастың *күдігін* сейілте алдым ба?

(1) *Шмераль* үшін 3 қадам оңға
Крейбих үшін 1 қадам солға[190]
(2) «көмек беру»?
(3) «қауіптену»
(4) қателер сол жақтан
опасыздық оң жақтан.

1921 ж. кеш дегенде 11 июльде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

* — бас шабуылды. *Ред.*

5

КОМИНТЕРННІҢ III КОНГРЕСІНДЕ НЕМІС, ПОЛЯК, ЧЕХОСЛОВАК, ВЕНГР ЖӘНЕ ИТАЛЬЯН ДЕЛЕГАЦИЯЛАРЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДЕРДІҢ ЖОСПАРЛАРЫ*

1

Сөйленетін сөздің жоспары

1. «Орта Европаның» экономикалық негізі.
«Европаны балқандандыру».
\+ Бірнеше орта европалық мемлекеттерде революцияны үйлестіру жолындағы әскери пікірлер
(Etwa**: Германия+Чехословакия+Италия)
Үйлестірудің қиындығы және «тәуекелдің» шамасы.
2. >байсалды дайындық=*Коммунистік Интернационалдың* III конгресінің мәні.
Коммунистік партиялар бар. Бірақ әлі бүгінгі таңда емес. «Солшыл зердесіздік» істемеу керек. Сақтықпен дайындалу керек.
Германиядағы III. 1921 ж. қателік.
3. Бүгін неғұрлым «оппортунистенің кіресек», ертең соғұрлым дұрысырақ болады (*тағы да* немесе *әлі*>), бұқараны жинап аламыз.
4. Бұл неге бұлай? { III. 1921 Германияда
Чехословакия
Италия
5. Россиямен салыстыру
4. IV. 1917
21. IV. 1917
Орталық Комитеттің 21. IV. 1917 туралы қарары.

* Қараңыз: осы том, 59—64-беттер. *Ред.*
** — Шамамен. *Ред.*

6. Біздер Москвадан *басқа* адамдар болып, сақ болып, зерделірек болып, оппортунистеніңкіреп, «оңшылданыңқырап» келдік деп айтудан қорықпау керек. Бірден-бір дұрыс стратегия = осы.
7. Римдегі қозғалыс
   (7. VII.)
   Берлиндегі кеңсе стачкалары Drei
   Лилльдегі тоқымашылардың ереуілі. Tatsachen*
8. Il faut reculer pour mieux sauter**.
9. Мүмкін, *ертең* болар. Мүмкін, *2—3* айдан кейін болар.
   Мүмкін, 2—3 *жылдан* кейін болар.
10. «Солшыл зердесіздік» және ертеңгі *опасыздық*.
11. Күйгелектенбеу керек, «кешігуден» қорықпау керек. Бұл кеселдің қисынсыздығы мен зияны.
   NB: *Бела Кунның* сыпайы ескертпесі.
   «Акция» жөнінде белгілі бір кезеңде «тежеуге» болады, *бірақ* **революциялық** насихатта *ымырасыз* болу керек.
12. РСФСР-ге көмектесу??
   Das Element des Krieges ist die Gefahr***
   саяси, әскери, экономикалық } *біздегі* қауіп
   Бізге немен «көмектесуге» болады?

13. Қорытынды:

(1) (α) бәрі бірауызды: жаңадан, *басынан бастаса*
(2) (β) *бұқара жөнінде сағырақ болу*
(3) (γ) байсалды дайындық
(4) (δ) Орта Европаның бірнеше мемлекетін үйлестіру
   Etwa *3: Германия + Чехословакия + Италия*
(ε) *ертең опасыздыққа* жол бермеу үшін, ертең *сөзсіз жеңіп шығу* үшін ұғыну керек және солшыл Fehler**** мойындаудан қорықпау керек!!

---

* — Үш факт. Қолжазбада бұл сөздерді В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*
** Қаттырақ секіру үшін шегініп алу керек. *Ред.*
*** — Соғыс стихиясы — қауіп. *Ред.*
**** — қателерді. *Ред.*

2

Сөйленетін сөздің жоспары:

1) Неғұрлым «оппортунистеніңкіресеңіздер», өз маңдарыңызға бұқараны *тағы да* соғұрлым тез (resp.*, *бұрынғыдан да көп)* жинап аласыздар.

2) Бұл неге солай? (III. 1921—*Германияда, Чехословакия, Италия).*

3) 4. IV. 1917 және 21. IV. 1917-дегі Россиямен салыстыру.

Орталық Комитеттің 21. IV. 1917 туралы қарары.

4) *Біз бәріміз* Москвадан (Коммунистік Интернационалдың III конгресінен кейін) сақ болып, ақылдырақ болып, зерделірек болып, «оңшылданыңқырап» келдік деп айтудан қорықпау керек. *Бұл стратегиялық жағынан дұрыс.*

5) Қазір неғұрлым оңшылдау болса, ертең соғұрлым дұрысырақ болады: il faut reculer, pour mieux sauter. «Ueber Nacht» möglich, aber auch 2—3 Jahre möglich**. Күйгелектенбеу керек.

*5 bis**** «Орта Европаның» *бірнеше* мемлекетін үйлестіру қажет.

Экономикалық пікірлер және «орта Европа» «базалары».

Европаны балқандандыру.

{ *Германия+Чехословакия+Италия* }
{ Etwa }

5 ter**** «Солшыл зердесіздіктердің» кішкене қатесі және үлкен *опасыздық.*

6) РСФСР-ге көмектесу??

ΣΣ***** 7) Бәрі бірауызды. *Әуелі* жұмысшыларға

* — respective — тиісінше. *Ред.*
** — Мүмкін «ертең», ал мүмкін сондай-ақ 2—3 жылдан кейін болар. *Ред.*
*** — *қайталап. Ред.*
**** — үшінші рет. *Ред.*
***** — Summa summarum — жалпы қорытынды. *Ред.*

жақындап *барса*. Сағырақ. Тегеурін соғұрлым күштірек болады. Үйлестіру. *Байсалды дайындық*— анық жеңіс.

1921 ж. кеш дегенде 11 июльде жазылған

Бірінші рет 1958 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 5-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

6

КОМИНТЕРННІҢ III КОНГРЕСІНДЕ НЕМІС, ПОЛЯК, ЧЕХОСЛОВАК, ВЕНГР ЖӘНЕ ИТАЛЬЯН ДЕЛЕГАЦИЯЛАРЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІ КЕЗІНДЕГІ ЖАЗБАЛАР

1) стратегиялық шегініс—қазір (халықаралық көлемде)
IV. 1917 Россиядағыдай.
2) Тану?
біздің IV. 1917
(аздап карикатуралық?) ...«жақсылап
(меніңше, Радектікі *теріс*) түсіндіру»...
3) Үйлестіру
— (α) күту мағынасында ма? жоқ
—+ (β) «статистика» » »? Белгілі бір мағынада *иә*
+ (γ) қандай жақсы өнегелерге: *шамамен* римдік өнегеге *жақсы және неғұрлым жалпы* және *неғұрлым тез* еліктеу.

1921 ж. 11 июльде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ТАБЫНАН АЗҒАНДЫҚ» ТУРАЛЫ КІТАПШАНЫҢ[191] ЖОСПАРЫ

1) Томский.
2) Шляпников.
Гольцман.
3) Косиор,
Андреев.
4) Панюшкин.
5) «Основоположниктің» хаты...
6) «Бәрінен де бездім». Ешкімге сенбеймін.
7) Пролетариат па әлде ұсақ буржуазиялық интеллигенция ма?
8) { Протекционизм «жүйесі»
нашар мамандарға сүйену
және т. т.
9) Бұрынғы «жұмысшы оппозициясының» меньшевиктермен (Дан) және социалист-революционерлермен байланысы (Питер; Зиновьевтің Орталық Комитетке сілтеуі — 31. V. 1921).
10) «1 партия» системасы және оны ыдырату арқылы күресу.
11) Мысал ретінде Булкин
12) Москваның «саяси биржасы».

1921 ж. июньде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ АЛДЫН АЛА ЖАСАЛҒАН ЕСЕБІ

(1921)

Москва мынаны ала алады:

	Украинасыз	Украина	Жиыны
Салық	170—180	30—40 (өзіне 60)	200—220
Үн тартудан түсім	20—25	17—20	37—45
Товар айырбасы	10—20	10—20	20—40
		Барлығы	257—305

Брюханов жолдас, сіздің қарсы пікіріңіз қандай?

Жиыны, minimum (Брюхановтың да, Раковскийдің де қысқартқанынан кейін) = 257 млн. Өте сақтық үшін тағы да 10% шегерейік: 257—26 = 231 млн. пұт.

Осымен де күнелтеміз

231 : 12 = 19 әр айға.

	Украинасыз		Украина
Салық	180 180		40 (+60 өзіне)
Үн тартудан	25 25		17
Товар айырбасы	10(?) 10		10(?)
	215	+	67 = 282

215 + 67 = 282

1921 ж. сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЮГОСТАЛЬ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР[192]

Бұл 3 заводта (әрі кен, әрі металлургия) жұмысшылардың саны minimum (жазда) 21 000 (жуық).

1. X. *30 000*-дай |||

Коммунистері *500*-дей |||

Қазіргі жалақы айына: 216 000
+ 200 000 көмірге
+ 200 000 мерзімнен тыс жұмысқа

айына (12 с.) = 616 000 сом

Забойшы = 900 мыңнан $1^1/_2$ миллионға дейін.
мамандар (maximum) = $2^1/_2$—3 миллион.
+ ұрлайтындары немесе пара 10 миллионға дейін.

алтын ақшамен 1 сом = 40 000 алтын ақшамен 75 сом = 3 миллион сом совет ақшасы

Маманға 1. I. 1922 қарай:
maximum *4 0* миллионға жеткізу
= алтын ақшамен айына 1000 сом.

«Коммерциялық директор» =
3 заводтың *бас басқармасында*
(Югосталь)

= басқарушының көмекшісі...
(ірі коммерсант)
((жоғары, ең жоғары маманның
жағдайында болсын))
Рыннокта өткізу = оның басты міндеті.

1921 ж. 11 октябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ТӨРТ ЖЫЛДЫҒЫНА» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ*

Мақала жоспары:

Буржуазиялық революция мен пролетарлық революцияның арасында мызғымас шек жоқ...

буржуазиялық {
5. дін
4. әулет
1. *феодалдар*
3. семья
2. *жер*

пролетарлық {
Совет өкіметі
жұмысшы табы мен шаруалар «күші»
мемлекеттік өкімет аппаратын пайдалану
азамат соғысы (сабақ, «үйрену»)
Коминтерн...

«Das Element des Krieges ist die Gefahr»**.

Мемлекеттік капитализм ұсақ буржуазияны біріктіреді (оған *тек қана* бірігу жетіспейді), сөйтіп пролетарлық диктатураны құлатады.

...«Армия біріктіреді»?..

Социалистік экономиканың ірге тасын (тек қана) қалаймыз.

1921 ж. 14 октябрьден ертерек жазылған

Бірінші рет, 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 155—165-беттер. *Ред.*
** — «Соғыс стихиясы — қауіп». *Ред.*

САЯСИ АҒАРТУ КОМИТЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ II СЪЕЗІНДЕ ЖАСАЛАТЫН БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ*

Жаңа экономикалық саясат және саяси ағарту комитеттерінің міндеттері

1. Тура коммунистік жолмен емес, «айналма жолмен және еппен».
2. Жеңіліс пен шегініс — — жаңадан шабуылға шығу үшін.
3. Кім тезірек пайдаланар екен, капиталистер ме әлде біз бе?
4. «Жеке бастың мүдделілігі»... Шаруалар, жұмысшылар, мамандар,
   бұлар жөнінде білместік тым-ақ көп.
5. Арендаторлар мен капиталистерден *ү й р е н у* керек.
   Елеулі, *қ а т а л* ғылым.
6. Қайткен күнде де *өндірісті көтеру.*

Сіздер мекемелерден тысқарысыздар ма? Тысқары болғандарыңыз тіпті жақсы.

7. *С а у а т т ы л ы қ.* Қиялға берілмей, сауатсыздықты жою және сауатсыздықты жою жөніндегі комиссияны жою. 19. VII. 1920.
   Сауатсыздық жөнінде артта қалған губерниялар мен уездердің қара тізімі.
8. *Мәдениетті көтеру*
   (әрбір ұлы саяси төңкерістен кейін «игеруге», «ұғынып алуға», пайдалана білуді үйретуге, қолапайсыз бастапқы дөрекі құрылысты аяқтауға ұзақ уақыт керек).

---

* Қараңыз: осы том, 168—190-беттер. *Ред.*

9. Заңдылықты арттыру... революциядағы заңдылықтың шектерін ешбір естен шығармай, заңдылық үшін *мәдениетті түрде* күресуді үйрету. *Қазір* қырсық мұнда емес, заңсыздықтың *аяқ алғысыз көптігінде*.
10. *Пара* туралы арнайы айту. Пара алумен күресу жөнінде кім не істеді.

10 bis*. Бюрократизм мен қағазбастылық.

11. Өндірістік насихат, шаруашылық табыстарын шаруалар тез *ұғынатын* етіп алға тарту, алға тарта білу, насихаттау, табыстарды қадағалап отыру.
12. Шаруашылық *құрылысының практикалық табыстары* — — — істің мәні осында. Бәрін осы арқылы тексеру.

Төрт парыз:

13. ΣΣ **

Үш жау: коммунистік *менмендік* — жау міне осы	(1) Құланып данасынба, коммунизмді айтып бәлсінбе, салақтықты, бос жүрісті, обломовшылдықты, артта қалушылықты асқақ сөздермен бүркемелеме;
сауатсыздық	(2) сауатсыздықты жой;
пара	(3) пара алумен күрес;
ΣΣ ΣΣ	(4) сөз сөз жүзінде қалмас үшін, өзіңнің бүкіл жұмысыңды шаруашылық құрылыстың практикалық табыстары арқылы тексеріп отыр.

1921 ж. 17 октябрьден ертерек жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Молодая Гвардия» журналының 2—3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — екінші рет. *Ред.*

** — Summa summarum — жалпы қорытынды. *Ред.*

А. М. ГОРЬКИЙМЕН ӘҢГІМЕ КЕЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ЖАЗБАЛАР

Джером Девис балтиморлық профессор	(Горький) 29 000 баспа табақ Соғыс кезіндегі ғылыми жұмыстар: 1 млн. $ *

1) Грум-Гржимайло отыншы
2) Отынды сумен ажырату
3) Вернадский — жер қыртысының құрылысы
4) Магнит аномалиясы
Курск + Қырым.

Редакция біздің мойнымызда:
(экономика жөнінде) Осадчий
(жаратылыс тану ғылымдары) Пинкевич
(математика) Стеклов
(астрономия) Иванов
(анатомия) Тонков.
Хирургия?

Пинкевич, (сенбіге дейін осында, Москвада) қабылдау. *Горький арқылы тауып алу керек*[193]

1921 ж. 17 октябрьден ертерек жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып

---

* — доллар. *Ред.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНЕ АРНАЛҒАН ДИАГРАММАЛАР АТЛАСЫ

(Жалпы тәртіп бойынша мұндай диаграммалар ай сайын жасалып отыруға тиіс. Жасалмайтын кездері жеке белгіленеді.)

1. азық-түлік
2. ішкі сауда
   Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы
3. жекеше сауда
4. өнеркәсіп
5. көмір
6. мұнай
7. ағаш отын
8. сланец

9—14. өнеркәсіптің басты салалары 6--12

9—20. егіннің түсімі
6—12. түрлері немесе басты дақылдар
4—6. жылына 2—3 рет
4—6. түрлер, қорытындылар

Транспорт

1 темір жол ұзындығы
1 паровоздар саны
1 вагондар »
1 жолаушы-шақырым
1 пұт-шақырым
1 су; кемелер саны
1 » пұт-шақырым

1 автомобиль транспорты
1 автомобильдер саны
1 пұт-шақырым »

20—38

көшпелі сауда
6—12
совхоздар
6—12
колхоздар
6—12
банк ісі
4—8
ақша айналысы
4—8
еңбек міндеткерлігі
6—12
кәсіподақтар
4—8
мүшелер саны, т. т.

халыққа білім беру

20—40

56—104

Почта және телеграф және телефон
6—12
Денсаулық сақтау халық комиссариаты
6—12
Әлеуметтік қамсыздандыру
6—12
Әскери істер халық комиссариаты
6—12
Ракрин
4—8
Юстиция халық комиссариаты
6—12
Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты
6—12

Ішкі істер халық комиссариаты
4—8
Советтер съезі
баска да съездер.

$\overline{\overline{40}}$—$\overline{\overline{88}}$

$$\begin{cases} 9-20 \\ 20-38 \\ 40-88 \\ 56-104 \end{cases}$$

$$\Sigma = 125-250$$

1921 ж. 21 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МОСКВА ГУБЕРНИЯЛЫҚ VII ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ ЖАСАЛАТЫН БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ*

Менің әңгімемнің тақырыбы: жаңа экономикалық саясат *емес, қайта* жаңа экономикалық саясатқа бет бұрудағы біздің революциялық тактикамыз бен стратегиямызға баға беру.

«Жаңа экономикалық саясатқа» көшкенге дейінгі біздің экономикалық саясатымыз қате болды ма? Қате ме, жоқ па? Егер қате болса, қандай, неге? Содан соң: қатені мойындау жөніндегі мәселенің практикалық маңызы бар ма?

Мысалы: Порт-Артур алдындағы Ноги.

Шабуыл және қоршауға алу.

Шабуыл жасау қай мағынада алғанда қате болды? (Бұл ұғым шабуыл жасаушылардың ерлігін жоққа шығара ала ма? *шабуылдың пайдалы жағын ше?* Жоқ, егер қатеден сабақ ала білсе, егер қателер шыныктырса, онда қателердің пайдалы болғаны.)

Шабуыл жасаудың қателігі туралы қай кезде, қандай жағдайда айту пайдалы (тіпті қажет) болады?

11. III. 1918
және 29. IV. 1918 Бірнеше цитат.

Кішкене мысал: газеттердегі хабарландырулар.

Біз білдік, көрдік, айттық: «немістен» «сабақ алу» керек, ұйымшылдық, тәртіп, еңбек өнімділігін арттыру керек.

---

* Қараңыз: осы том, 209—230-беттер. *Ред.*

Нені білмедік? Осы жұмыстың қоғамдық-экономикалық *негізін бе?* Рынок, сауда *негізінде* ме, әлде осы негізге *қарама-қарсы* ма?

1921 ж. көктем: мемлекеттік капитализмге қарай шегіну.

Және — — — — «товар айырбасы».

Егер «мемлекеттік капитализмнің» мысалы ретінде арендаyы алсақ,— табысымыз бар екені күмәнсыз. (Бірақ, әрине, бұл жағдайда жеке қателер де, тәртіпсіздіктер де өте көп.)

Мысалы: Донбасстағы ұсақ кен орындары (мемлекетке 30%).

Бірақ товар айырбасы социалистік өнім айырбасына қадам жасауға *саудасыз* тікелей өту дегенді жорамалдады *(іштей* жорамалдаса да, әйтеуір жорамалдады).

Былай болып шықты: өмір товар айырбасын *болдырмай тастады* да, оның орнына *сатып алу-сатуды* әкеп қойды.

Социализм құру жолындағы соғыстағы революциялық тактика мен стратегия тұрғысынан қарағанда мұны қалай деуге болады?

Тағы бір қадам кейін кету, тағы да шегініс.

Бұл әлі ақырғы емес. Мұны тіпті (бәрі бірдей) жете ұғына қойған жоқ.

Міне, «қатені» мойындаудың пайдасы мен *қажеттілігі!* Міне, көтере сатып алатын көпес сияқты мемлекет туралы сөздердің, «коммунистік» «менмендікке» қарсы сақтандырулардың пайдасы мен қажеттілігі.

Әлі қашанға дейін шегіне бермекпіз?

Ол белгісіз. Оны біліп болмайды.

Мұндай шегініс қауіпті емес пе? Мұның өзі жауды күшейтіп жібермей ме?

«Das Element des Krieges ist die Gefahr»*. Иә, қауіпті. Иә, күшейтеді. Бірақ қандай болса да басқа стратегия жауды күшейтіп қана қоймас еді, *оны жеңіске жеткізер еді.*

---

* — «Соғыс стихиясы — қауіп». *Ред.*

Сан рет қайта істеуден және өз қателеріңді мойындаудан қорықпау керек: **«уайымға салыну»? «позицияны қолдан беру»?**

Менмендік!

ұлы саяси және әскери төңкерістердің қорытындыларын (мәдениет және шаруашылық саласында) *игеру*.

Кәсіподақтардың өндірісті ұйымдастыруға және басқаруға қатысуы керек пе?

Солай ма, жоқ па?

Солай!

Ескіше ме?

Жоқ.

Сайманды қолдана білуде шебер мен надан...

Аяғында төрт қорытынды.

Үш тақырып:

(бұларды басында айтып өтіп, соңында қайталау керек)

α) Тактиканы өзгерткенде (шабуыл жасау және қоршауға алу; шабуыл және шегіну) «қателерді» түсіну.

β) Тікелей социалистік құрылыстан мемлекеттік капитализмге қарай.

γ) Мемлекеттік капитализмнен сауда мен ақша айналысын мемлекеттің реттеуіне қарай.

ε ? || δ) Нақ осы бағыттағы бірқатар қорытындылар: мысалы, кәсіподақтардың өндірісті ұйымдастыруға, басқаруға қатысу ісінде,— бірінші рет нашар істелгенді екінші рет ақылдырақ, сағырақ, біртіндеп қайта істеу керек. Коммунистік менмендік көрсетпей істеу керек!

δ ? || ε) Ұлы саяси және әскери төңкерістерден кейін оларды мәдениет және шаруашылық мағынасында ұзақ уақыт игеру керек. Nous y sommes*.

1921 ж. 29 октябрьден ертерек жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — Біз осыған жеттік. *Ред.*

«ІСТІ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚОЮ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ[194]

«Істі коммерциялық тұрғыдан қою» деген шағын мақаланың жоспары

Осының өзі ұран есебінде жарамды ма?
«Коммерция?» = капитализм.
(α) «Мемлекеттік капитализм». Оның жақсы жақтары.
(β) Соғыс жағдайы «коммерцияға» жол берген жоқ.
(γ) «Коммунизмге» өту өте көп жағдайда (соғыс тұрғысынан алғанда да; мүлдем дерлік қайыршылықтан да; қателіктен де, бірқатар қателіктерден де) социализмнің аралық сатыларынсыз (коммунизм *vs** социализм) жасалды.
(δ) «Есеп және бақылау»?
(ε) *Есесі қайтуы керек.*

c + v + m
m — аккумуляция**
— мемлекетті ұстау шығындары

Allgemein Theoretisches***

«Соғыс» = пролетариат диктатурасы.

әр түрлі формалар:
(α) 25. X. 1917—5. I. 1918 арасындағы саясат
(β) Weltpolitik. Brester Frieden****.
(γ) Азамат соғысы.
(δ) «Экономикалық дағдарыспен», *яғни* ұсақ буржуазиялық стихиямен соғыс па? соғыстан кейінгі азғындаумен соғыс па? ыдыраумен соғыс па? олақтықпен соғыс па?

---

* — versus — салыстырғанда; жөнінде. *Ред.*
** — қор жинау. *Ред.*
*** — Жалпы теориялық пікірлер. *Ред.*
**** — Дүние жүзілік саясат, Брест бітімі. *Ред.*

Соғыста жеңудің шарты: аса зор күш жұмсау.

Коммерциялық тұрғыдан қою =
= аса зор күш жұмсау
= кәсіпорындар санын барынша азайту, оларды шоғырландыру
= қорытындыларды тексеру
= «шаруақорлық».

Не олай — не бұлай:
aut * 100 000+500 000
16 ч. 1/4 ф. шаруаға?[195]
aut аса зор күш жұмсау, қысқарту, «қысым жасау» (?)
Жалқаулық, салақтық, ұсақ жалдаптық, ұрлық, азғындау тойдырып болды.

Неге «шаруақорлық» емес? — сауда еркіндігі
— мемлекеттік капитализм
— ақша системасы.

1921 ж. октябрьде немесе ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — немесе. *Ред.*

ЖАЗЫЛАТЫН МАҚАЛАНЫҢ НЕМЕСЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ КОНСПЕКТ ТҮРІНДЕГІ ЕКІ НОБАЙЫ[196]

1

1) Жаңа экономикалық саясат және мықтап үйрену (шаруашылық жүргізуді)

2) — — «таяқтап» *«үйрету»; т е м і р д е й* берік тәртіппен үйрету; «шындап» үйрету

соғыспен салыстыру.
29. IV. 1918 ж. салыстыру

3) «шегіндік»— соққы көрген армия үйренеді

4) капиталист пен көпес ұсақ буржуазияны біріктіре ме?

«Das Element des Krieges ist die Gefahr».*

2

«Реформистік» жолмен өтудің *мүмкіндігіне* қол жеткізу — немесе, басқаша айтқанда, мақсатқа апаратын өткелге, сатыға, алдын ала жақындаудың жолына түсу мүмкіндігіне қол жеткізу.

(Тіке шабуыл толық табысқа, ішінара табысқа жеткізе алар еді = жақындаудың және өтудің, «реформалардың», буржуазияны ырыққа көндірудің, т. т. қамтамасыз етілген мүмкіндігіне қол жеткізер еді)

«К ө т е р е с а т ы п а л а т ы н к ө п е с», «м е м л е к е т т і к к а п и т а л и з м».

---

* — «Соғыс стихиясы — қауіп». *Ред.*

Шаруалар *рыногына,* шаруалар *тұтынуына қызмет көрсету;* тұтынушыны табу; оны қанағаттандыру; есептеу; үнемдеу; коммерциялық есеп. ΣΣ *= мықтап *үйрену,* яғни өмір сынынан, тәжірибеден үйрену.

«Тіке шабуыл» қате ме немесе мүмкіндікті байқап көру ме және соған әзірлік пе? Тарихи тұрғыдан қарағанда, екеуі де.

Ал қазір, одан басқа әдіске көшу кезінде қарағанда, оның ролін, қатесін атап көрсетудің маңызы зор.

Саяси төңкеріс және оны мәдени (шаруашылық) жағынан игеру.

1921 ж. октябрь—декабрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Summa summarum — жалпы қорытынды. *Ред.*

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНІҢ «ШАРУАШЫЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ» ТЕЗИЗТЕРІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР[197]

АЛҒАШҚЫ НОБАЙ

ШАРУАШЫЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР

1) Жаңа экономикалық саясат негізіндегі практикалық жұмыстың алғашқы қорытындылары бізге орыс халық шаруашылығы алдында тұрған және мейлінше тез шешуді қажет ететін бірқатар негізгі мәселелерді айқын белгілеуге мүмкіндік береді.

МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕРКӘСІП

2) Бір жағынан, өнеркәсіп орындары, бірлестіктер және шаруашылық органдар, екінші жағынан, смета-бюджет және жабдықтау органдары арасында дұрыс қарым-қатынас орнату мемлекеттік өнеркәсіптің табысқа жетуінің немесе табысқа жете алмауының түбегейлі мәселесі болып табылады. Кәсіпорындар мен бүкіл өнімнің бірден-бір қожайыны болып табылатын мемлекет бекітілген программалар шеңберінде өндіріс саласында уәкілдік ететін және мемлекеттік жабдықтау мөлшеріне байланысты өз өнімін өткізу ісінде елеулі праволары бар кәсіпорындар мен бірлестіктерге сүйенуге тиіс. Формалардың тез алмасуы кезеңінде қатал формалистік смета-бюджет тәртібі біздің халық шаруашылығымыздың даму ісін едәуір тежеген болар еді және совет чиновниктерінің өнеркәсіп жөнінде тек қана мейлінше ұнамсыз бассыздығына әкеліп соқтырар еді. Мүмкіндік — мемлекеттік индустрия басшыларының инициативасы мен дербестігін көтермелеп, дамытып отыруда.

«Ірі кәсіпорындардың» дербестігін арттыру жөнінде қарар (сірә, V. 1921?) қазір бар емес пе?[198] Бұл дәлірек. *Практикалық тәжірибені* ескере отырып, мұны нақтылай түсу керек. Ал 2 §-тың мына тексті тым жалпылама. Бос.

3) Мемлекеттік өнеркәсіптің алдында тұрған негізгі міндеттер өнімді ұлғайту және оның өзіндік құнын арзандату болып табылады. Бұл міндеттер кәсіпорындарды қатаң-шаруашылық тұрғыдан жүргізгенде ғана, өндірістің барлық элементтерін дәл есептеп, басқаруды тиімді (ұлғайып кеткен аппараттарды аяусыз қысқарту, қалған бөлігіне жақсы ақы төлеу, жұмыста чиновниктік тәртіптен қол үзу, т. т.) еткенде ғана шешіле алады.

3 § та тым жалпылама әрі бос.
Қосу керек:
Атап айтқанда, арендаторлардың мемлекет мүлкін сатуы туралы мәселе.
NB
әсіресе *5* және *6* §§ жөнінде.

ӨНЕРКӘСІПТІ ЖАБДЫҚТАУ

4) Кәсіпорындарда азық-түлік қоры жасалғанда ғана шаруашылықты жүргізудің жаңа формаларына көшудің мүмкін болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан екі айлық азық-түлік қорын жасап қана қоймай, бізде халық шаруашылығының негізгі салаларын жаңа астыққа дейін қамтамасыз етуге де тырысу керек. Өнеркәсіпті қаржыландыру жөнінде де осылай істелуі қажет. Кәсіпорын жұмыстағы кідіріс пен үзіліске қарсы дер кезінде шара қолдану үшін ай сайын қандай мөлшерде ақшасы болатынын білуге тиіс.

5) Мемлекеттік жабдықтаудың жеткіліксіздігі және рыноктың болуы кәсіпорынды мемлекеттік ресурстармен және рыноктан алынған заттармен жабдықтаудың құрама жүйесіне көшуге мәжбүр етеді. Жабдықтаудың бұл екі түрінің арасындағы қатынас халық шаруашылығының жалпы жүйесіндегі өнеркәсіп салаларының маңыздылығына және мемлекеттік ресурстардың болуына байланысты жасалады. Өнімдеріне мемлекет өте-мөте мүдделі болып отырған өнеркәсіп салалары (минералдық отын, әскери өнеркәсіп, т. т.) мемлекет тарапынан толық жабдықталуы қажет. Сонымен бірге кәсіпорындар мен халық шаруашылығы советтері өздерінде көтерме сауда аппараттарын құруға тиіс, бұл жөнінде азық-түлік салығы туралы (оны біртe-бірте кеміту) заңның дәл мағынасын ескеріп отыру керек.

Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағымен белгілі арақатынаста болу?

ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ОРЫНДАР

6) Өнеркәсіптің жандана бастауына және оның шаруашылық есеп негізіне көшуіне байланысты орталық пен жергілікті орындардың және кәсіпорындар мен шаруашылық органдардың арасындағы қарым-қатынас проблемасы айтарлықтай өзгереді. Тек жаңа экономикалық саясат қана басқармашылдықты (мемлекеттік ұсақ-түйек бақылауды және өте-мөте жоғарыдан өлшеп-пішуді) жоюға берік база жасады. Жоспар, өндірістік программа, мемлекеттік жабдықтау, қаржыландыру. реттеп отыру және бақылау жасау орталықтың қарамағында қалады. Басқару және оның барлық функциялары жергілікті орындарға беріледі. Губерниялық халық шаруашылығы советі мен губерния территориясында орналасқан кәсіпорындар арасындағы қатынас та осылай орнайды. Орталыққа немесе өнеркәсіп бюросына тікелей бағынатын кәсіпорындар өз жұмысын тиісті губерниялық экономикалық кеңеспен келісе отырып жүргізеді.

КӘСІПТІК ОДАҚТАР

7) Өмір одақтардың алдына шаруашылық органдармен бірге өнеркәсіпті басқаруға қатысу міндеттерімен, өндірістік программаларды талқылаумен, шаруашылық мекемелерді толықтырумен, тариф мәселелерімен және т. т. қатар бірқатар жаңа міндеттер қойып отыр. Айырбас барда товар айналысының процесі орасан зор маңыз алады. Мемлекет сауданы игеріп ала ала ма немесе ол бұл позицияны жекеше капиталдың қолына беруге мәжбүр бола ма,— жұмысшы бұқарасының әл-ауқаты елеулі дәрежеде осыған байланысты. Сондықтан одақтардың кооперациялармен байланысы күшейтілуге тиіс. Жұмысшы өз пайдасына және мемлекет пайдасына сауда жасауды үйренуге тиіс. Өмірдің одақтар алдына қойып отырған екінші ірі, жаңа міндеті — жұмысшы табының финанс саласына ұйымшылдықпен қатысуы. Салықтар енгізу, мемлекеттік монополия орнату кәсіподақтардың қатысуынсыз жүргізіле алмайды және жүргізілмеуге тиіс.

Осы «ескі» міндеттерді топтіштеу керек. Қатысу *формалары.* Кеңесші дауыс. Кандидаттар тізімі. Оларды жақсылап тексеру. Басқаруды, т. т. *үйрену керек.*

Жұмысшы кооперативтері істеуге тиіс, т. т.

Қатысу формалары: кеңесші дауыс. Тексеру. Кандидаттар.

8) Ұсақ буржуазиялық стихияның қаупі одақтар мен шаруашылық органдардың біріккен майдан құрып, күреске шығуын, сөйтіп одан әрі шегінушілікті тоқтатуын өте-мөте қатты талап етеді. Бұл үшін нақты, әрбір жұмысшыға түсінікті мәселелер негізінде бұқара арасындағы жұмысты барынша күшейту қажет.

КООПЕРАЦИЯ

9) Жекеше сауданың өсіп келе жатқан толқынына қарсы күресу және елдің бөлшек сауда операцияларын тұтыну кооперациясының қолына жинақтау мақсатын көздеп — кооперацияларда экономикалық немесе психологиялық инициативалардың барынша көрінуін және сауда операциялары үшін қажетті пай жарнасы және мақсатты жарна түріндегі айналмалы қаржы жасауды тежейтін және буржуазия есебінен — оған бірінші сатыдағы кооперативтердің сәндік заттарды сатуынан (Тұтынушылар қоғамдары орталық одағы басқармасының бірінші сатыдағы кооперативтердің мүше еместерге товар сатуына тыйым салу туралы қаулысы) түскен сауда пайдасын кооперациялардың пайдалануына тыйым салатын барлық элементтерді жою қажет, бұл үшін: § б. мәнісі қалай??

а) Мемлекеттің *бүкіл халықты* болыс тәртібімен жабдықтаудан бас тартуына байланысты негізін жойғандықтан, іс жүзінде кооперацияға енбеген шаруалар кооперация органдарында жасанды түрде көбейіп кеткендіктен, халықты кооперацияға саналы түрде тартуға және қызметкерлер кадрларын даярлауға кедергі келтіретін болғандықтан, тұтыну кооперациясының аппаратына сенбеушілік пен жарна үлесін төлемеудің басты себебі болғандықтан, міндетті түрде кооперациялауды жою қажет, жалдаптық тұтыну кооперативтерін құрудан сақтандырудың кепілі және басшылық ету, тексеріп отыру, бақылау жасау мүмкіндігін жеңілдетудің шарасы ретінде белгілі бір территорияда тек бір ғана тұтынушылар қоғамы қызмет ете алады деген принципті сақтау керек. Осы дұрыс бола ?? қояр ма екен

б) Мемлекеттік және кооперативтік органдардың кооперацияның (барлық сатыдағы) сауда операциялары саласындағы правосын жеке адамдармен салыстырғанда белгілі бір дәрежеде шектейтін барлық қаулыларын жою қажет.

СЫРТҚЫ САУДА

10) Сыртқы сауда халық комиссариатын РСФСР-дің шетелдегі сыртқы саудасын реттейтін, сырттан алып келуді, сыртқа

Сыртқы сауда халық комиссариаты үзілдікесілді қарсы. Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының 27 немесе 28. XI. қабылдаған *жаңа* қарары бар[199].

Оны ескеру керек.

шығаруды бақылайтын және республиканың таможнялық саясатын белгілейтін, оны жүзеге асыратын айрықша органға айналдыру қажет. Мемлекеттік бас басқармалар мен орталық орындарға, Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы мен губерниялық одақтарына Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының келісуімен шетелдік рынокқа шығуға еркіндік берілуге тиіс. Бас басқармалар мен трестердің бірігіп шетел рыногына шығуы үшін жоғарыда аталған ұйымдардан акционерлік принцип пен коммерциялық негізде әрекет жасайтын қоғамдар құруға болады.

ФИНАНС

11) Біздегі ақша айналысын қалыпқа келтіру экономикалық мәселелердің өзекті мәселесіне айналып отыр. Валютаның адам айтқысыз құлдырауы кезінде шаруашылықты тиімді жүргізу туралы, оның кіріс беруі туралы, дұрыс бюджет туралы сөз етуге де болмайды. Өнеркәсіп мүддесі бұл салада тез, батыл қимылдауды мейлінше қатты талап етеді. Біздегі ақша айналысын тек қана девальвация жеңілдете алады, сондықтан да бұл шараға дайындық дереу басталуға тиіс.

12) Кредиттік операцияларды дамытып, тәртіпке келтіру мақсатын көздеп, кооперативтік және жекеше банктер ашу қажет. Сонда мемлекеттік банктің міндеті банктердің банкі болу ролін алады, бұл қазіргі жағдайға толық сай келеді. Бұл шараларды жүзеге асыруды кешеуілдету халық шаруашылығын күйреуге ұшырататын жалдаптық кредиттің сұмдық формаларына әкеліп соқтырады.

αα) Ауыл шаруашылығы жөнінде қоссақ па екен.
Шаруалардың шаруашылық инициативасын көбірек қолдау керек.

ββ) Кедейлердің «кәсіподақтарға жанасатын» бірлестіктер формалары сияқты бір формаларда да, ерекше түрдегі кооперациялар формасында да, т. с. ұйымдасуына көмектесуге көбірек көңіл бөлу керек.

1921 ж. 29 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КОМИССИЯСЫ ПРЕДСЕДАТЕЛІНІҢ БАЯНДАМАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР[200]

Пайдалану комиссиясының шешімдері жөнінде *Еңбек және Қорғаныс Советіне* шағым беру өте сирек болды: сірә, 1 проценттке де жетпес.

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы Пайдалану комиссиясының түгелдей Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына берілуін емес, оның *жойылуын* қалайды (мұны бақылаудың жоқтығына үміттеніп, мүдделі халық комиссариаттары да қуаттап отыр). Оны Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына түгелдей берген кезде білдірілген қарсылықтардан тек қана қосымша 2§ қалар еді: Финанс халық комиссариатының *бір бөлегін* (ақша знактарын болу, т. б.) Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына көшіру керек.

(Қазір Пайдалану комиссиясының аппараты 500 адамдай. Бекітілген штаты — 800 адам. Финанс халық комиссариатына көшкенде өзгермейді.) (Штат оны қысқарту мүмкін болмайтындай етіп жасалған).

(Финанс комиссиясы тұтас алғанда дұрыс қорытынды жасады, яғни осы жоспарды жақтады.)

1921 ж. 30 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) XI КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ПАРТИЯНЫ НЫҒАЙТУ ТУРАЛЫ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ТҮЗЕТУЛЕР[201]

III бөлім § а)
Жаппау керек,
қайта *қатайта түсу керек*
немесе $1^1/_2$ және 3 жыл
немесе $^3/_4$ және $1^1/_2$ жылда
бірқатар коллегияларда $^4/_5 = 80\%$.

IV бөлім, *а*)
Талапты күшейту керек
(1) үйрену керек
(2) жалпы пайдалы және өндірістік (және жан-жақты саяси және азаматтық) сипаттағы толып жатқан практикалық жұмыстар мен кәсіптердің практикалық стажынан өткізу керек.

1921 ж. ерте дегенде 19 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ IX СЪЕЗІНДЕ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТ ТУРАЛЫ ЖАСАЛАТЫН БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ*

Үкіметтің есебі

α 1. Тақырып: РСФСР-дің сыртқы және ішкі жағдайы, есеп беріліп отырған жылдың қорытындысы және ең таяу жылдағы міндеттер.

NB:

β +*Шапқыншылық болмай, соғыс болмай* есеп беріліп отырған бірінші жыл.

γ 2. Халықаралық жағдай: тұрақсыз, бірақ біршама тепе-теңдік *(Коммунистік Интернационалдың* III конгресіндегі менің тезистерім**).

3. Ғажап нәрсе фактіге айналды: капиталистік қоршаудағы социалистік республика.

Халықаралық революцияның жолы — ұзақ, бұралаң жол, бірақ *сенімді жол,* әйтпесе қазіргі бар нәрсе (капиталистік қоршаудағы социалистік республика) болмас еді.

4. Бұл тепе-теңдіктің элементтері:

I *α*) біз барлығына төтеп бердік

II 5. *β*) капиталистік елдердің өзара топтасуына, *жалғасуына* қарағанда, біздің *барлық* елдердің жұмысшыларымен және *еңбекшілерімен* топтасуымыздың күші зор, мықтырақ, қуаттырақ болды.

---

* Қараңыз: осы том, 317—359-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 3—12-беттер. *Ред.*

III 6. γ) *Соғыстың зардаптары:* капитализмнің іштен *ыдырауы да* (экономикалық дағдарыс, *валюта*), «сырттан» ыдырауы да, былайша айтқанда, яғни империализм езген халықтардың қысымы да *барған сайын тереңдеп, ұлғайып барады,* ал бұлар бүкіл жер жүзі халықтарының $^5/_7$ бөлігіне жуық: отарлар мен жартылай отарларда *1000* миллион; *бұдан тысқары* $^1/_4$ *миллиардқа* дейін жеңілгендер және Версаль бітімі арқылы жаншылғандар.

ΣΣ* = біз бәрінен де әлсізбіз (материалдық жағынан; әскери жағынан; қазір) және *біз бәрінен де күштіміз.* Қалайша? Неге? Өйткені соғыстың салдарынан, соғыстан кейін бүкіл дүние жүзілік экономикалық және саяси даму нақ *біз болжағандай* болып келеді.

7. Тепе-теңдікті бұзатын ең таяу тұрған қауіптер:

α) *Польша* } соғысқұмар
β) *Румыния* } партиялар } γ) **Финляндия**

Қ. Штаттар	100	**Вашингтон конференциясы**	(4 империалистік держава одағы)
Англия	40		
Франция	40		
Жапония	60		
240		шамасы < $^1/_4$ *млрд.* = жер жүзі халқының $^1/_7$ бөлігі.	

8. Бірқатар сауда шарттары *немесе*
Ангиямен
Швециямен
Германиямен
Норвегиямен
және басқалармен

дамып келе жатқан сауда қатынастары.
1921 жылы Россияға шетелден жаңа паровоздар әкелу ме?

---

* — Summa summarum — жалпы қорытынды. *Ред.*

Транспорт жөнінде:

Шетелге 1000 швед **паровозына**
+700 неміс паровозына заказ берілген.
1921 ж. *13 швед* паровозы+*37 неміс* паровозы алынған.
500 Канада цистернасына+1000 ағылшын *цистернасына* заказ берілген.
Новороссийскіге қарай жолда келе жатқаны және алынғаны 196+304=*500.*

Запас бөлшектер, т. т. алтынмен 15½ млн. сомға заказ берілген.

Алынғаны—*60%*, 9 млн. сомға.

Транспорт:

транспортта: *отын* мен *азық-түлік* жеткіліксіз.

Ұйымдастыру жақсарып келеді:
тәулігіне 1 паровозға
1920—*833* мың пұт-шақырым
1921—*1014*
1920 : 567 млн. пұт өзен транспортымен тасылған
1921:606

9. *Шетел мен* сауда байланысы және *қарым-қатынас*=біздің ірі өнеркәсібімізді өрге бастыру. *Ішкі* жағдайға көшу.

Россияның сыртқы саудасы:

	әкелу млн. пұт	шығару млн. пұт
Әкелінгені:		
3 жылда (1918, 1919, 1920) =	17.3	2.5
1 жылда 1921 (11 айда) =	50.0	11.6
1-ші ¼ 1921.....	2.9	0.5
2-ші » »	8.4	2.1
3-ші » »	24.2	2.9

10. Ішкі жағдай. «Жаңа экономикалық саясат» **дейтінге** көшу.

11. Былайша айтқанда, тым ілгері кетіп қалдық, авангардтың бұқарадан қол үзу қаупі туды. Ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру созылып кетті.

12. Ұсақ шаруалар бұқарасы бар болып отырғандықтан, мұндай елдің социализмге өтуіне

шаруалардың өнімге мұқтаждығын қанағаттандыру үшін не ірі өнеркәсіпті ең тез арада қалпына келтіруге жету, немесе оның сондайлық өркендеген дәрежеде болуы,

не пролетарлық мемлекеттің ұсақ шаруалар бұқарасымен *сауда* арқылы *жанасуы, байланысы, экономикалық* одағы керек.

13. Біз алғашқы мүмкіндікті жүзеге асырмақшы болдық, бірақ ол қолдан келмеді. Мұны теріске шығару, бүркемелеу, мұны мойындаудан қорқу қате болар еді.

Біз соғыс пен қайыршылықтың себебінен сауда минимумы, салым, ең>революциялық, ең>мемлекеттік бөліс жолын байқап көруге тиіс болдық: әйтпесе біз соғысты жеңе алмаған болар едік және буржуазияның бойкоты мен «арандатуын» *«сәтсіздікке ұшырата»* алмас едік. Біз енді *мұны* сәтсіздікке ұшыраттық, *бағынуға мәжбүр еттік*, **біртіндеп өтуді**>жүзеге асыра аламыз және жүзеге асыруға тиістіміз.

14. Біз шаруалар *экономикалық жағынан* жеткілікті дәрежеде қолдамаған жағдайда алға жылжыдық; жұмысшылардың шаруалармен әскери және саяси одағының беріктігіне олардың экономикалық одағы беріктігінің жеткіліксіздігі *сәйкес келмеді.*

Қазір біз **стратегиялық шегініс** жасап отырмыз, бұлай ету бізге ең таяу болашақта анағұрлым кең майданда шабуыл жасауға мүмкіндік береді, миллиондаған ұсақ шаруалармен, шаруалар бұқарасымен экономикалық жағынан аса берік *жанасуға* мүмкіндік береді, *біздің одағымызды, жұ-*

мысшылар мен шаруалардың одағын, **біздің бүкіл советтік революцияның,** біздің бүкіл советтік республиканың **негізін** *жеңімпаз* етеді.

15. Шегініп барамыз (мұны мойындаудан қорықпайық; шегіну қорқынышты емес, жалған үміт пен өзімізді өзіміз алдарқату қорқынышты, ақиқаттан қорқу қатерлі)
— — — қалай қарай?

мемлекеттік капитализмге (концессияға) қарай
кооперативтік капитализмге қарай
жекеше шаруашылық капитализмге қарай. } NB және саудаға қарай

16. Бұл шегініс міндеттерінің мәні: шаруалар шаруашылығымен *жанасу,* оның шұғыл шаруашылық мұқтажын *қанағаттандыру, берік экономикалық одақ құру,* бірінші кезекте *өндіргіш күштерді өсіру,* **ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру.**

Сауда, өнеркәсіп пен егіншіліктің (мемлекеттің бақылауымен) айналымы.

17. Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы және оның соңғы үш айдағы айналымы.

Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы. Ішкі сауданың өсуі:

Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының айналымы	алтынмен млн. сом	айналымға шаққандағы шығын (барлық шығын) %-і	астық-жем дайындау млн. пұт
1921 IX.— 36 млрд. сом	1		VIII.—0.5
X.—116 » »	3	23¼%	IX.—2.3
XI.—227 » »	6	13%	X.—1.5
		12%	XI.—2.7
			10 күн XII.—1.1

18. *Ашаршылық және онымен күрес.* 1921 жылғы күзгі егіске тұқым жеткізу міндетінің біршама сәтті орындалуы.

Америкаи көмек әкімшілігі, **шет елдегі** *жұмысшылардың көмегі.*

Калининнің, *Каменевтің,* *Осинскийдің* толық баяндамалары.	2.6 млн. пұт алынды, алтынмен 630 мың сомдай. **Калинин.**

NB 18 *bis** **Шаруалардың егін шаруашылығының жақсаруы.**

Мемлекет құрған шаруашылықтардағы таза сортты тұқым

1921—60 000 пұт.

1922 жылға — 300 000

Ашыққан 15 губернияға

берілген тұқым........................ 12 млн. пұт

Себілгені (соларда ма?) .... 3.6 млн десятина

= 1920 ж. күздік егістің 75%-і

Ішінара ашыққан

аудан 102%

өндіруші аудан .... 123 » күздік егіс

тұтынушы аудан .... 126 » көлемі

18 ter.** Азық-түлік салығының қорытындылары. *Defizit.* Шетелден сатып аламыз, солай етсек те **Defizit.**

Мықтап күш салу керек, мейлінше қыспаққа алу керек...

---

19. Әлсіздеу, кішкентай болса да, жандаНудың белгілері:

---

* — *екінші рет. Ред.*

** — үшінші рет. *Ред.*

Отын:

	млн. пұт	Барлығы		Донбасс 1 забойшыға
Донбасс	1920—272.6	466	1½ жылдық	1921—1 631 пұт.
	1921—350.0	536 XI.		1921—*3400* »

			Волгаға әкелу
Мұнай	233 млн. пұт	1920	103
	255 млн. пұт	1921	166.9
Шымтезек	1920 : 93 млн. пұт		
	1921 : 139 » »		

Ағаш отын

Гидроторф: 1921—2½ шымтезек насосы — 1.1 млн. пұт шымтезек

Радченко — *а*) 1922—20 » 10 млн. пұтқа дейін

Морозов — (10-на Германияға заказ берілген)

Меньшиков — *β*) Гидроторф өнер табысын жасаған: *шымтезекті* бірнеше сағат ішінде *қолдан құрғатудың* әдісі табылған.

Классон, Кирпичников — Шымтезекті құрғата алатын және «пайдалы әсер коэффициенті жоғары ең жақсы отын — мұнай отынындай болып жанатын» *шымтезек ұнтағын* дайындай алатын заводтың жабдықтарына *Германияға* заказ беріліп те қойған.

---

20. *Металлургия ? Югосталь.*

шойын — Югосталь:

	млн. пұт		мың пұт
Соғысқа дейін	257 —	**шойын** 1921 ж. 1-ші ½ жылдығында айына орта есеппен	69.7
1920	6.2	X	131.9
1921	7.4	XI	270.8

Рутгерстің кәсіпорындары?
Надеждин заводы (екі есе??)
\+ Сибирьдегі көмір

Урал (Хаммердің көмегі және оның концессиясы)? { астық 1 млн. пұт, оның 0.9 млн. пұты Уралға }

---

21. *Тоқыма өнеркәсібі?**

		мың пұт
Мақта-матадан иірілген жіп........	1920 :	825
....	1921 :	1080 (=6.1% соғысқа дейінгі)

---

22. *Главземхоз?*

	1919	1922	
өнеркәсіптік совхоздар саны	233	1080	
олардың жері	44 мың дес.	202 мың дес.	26 есе
жыртылған жері	5 мың дес.	130 мың дес.	
бос жатқан жер %-і	74%	21%	

---

23. *Электрлендіру.* Электр техниктерінің VIII съезі туралы есеп Кржижановскийдің кітапшасы[202] алдағы 1922 жылы көктемде аяқталатын *Каширка* және *Уткин Шығанағы*

«Экономическая Жизньде» басылған[203]

	электр станциялары	мың kW
1918 және 1919......	51 станция	3.6
1920 және 1921......	221 »	12.3

---

* Қолжазбада бұл пунктті В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

	электр станциялары		мың kw
1920:	136	—	9.5
1921:	85	—	2.8

24. «Жаңа экономикалық саясаттың» тағы бір маңызды жағы: шаруашылықты жүргізуге *үйрену*,— «шаруашылық есеп» — завод басқармалары мен кәсіподақтардың неғұрлым дұрыс қарым-қатынас жасауы.

Кәсіподақтар үйрене алады және үйренуге тиіс: үйренгенде бірден тек қолмен ұстай алып қана үйренбейді, сонымен қатар зер сала қарайды, бақылап байқайды, қортындысын салмақтап, ой елегінен өткізеді.

{ көпес және менмендік ||| { кәсіподақтар және компартия }

Біздер байсалды түрде үйрене бастадық, біз, партия, мемлекеттік органдар, кәсіподақтар, бәріміз шаруашылықты құруды, шаруашылық кәсіпорындарын басқаруды, ірі өнеркәсіпті қалпына келтіріп, жүргізе білуді, пролетарлық мемлекеттің шаруалармен дұрыс қатынасын жолға қоюды айқай-шусыз, бірақ зер сала, зейін қоя, байсалды түрде үйрене бастадық.

{ on a le défaut de ses qualités * }

25. Саяси төңкерістен кейін оны ұзақ (ұсақ өндірушілер көп болған сайын, сауатсыз өндірушілер > болған сайын, соғұрлым ұзақ болады) *игеру керек.*

Мәдени және шаруашылық жұмыс.
«Ұсақ істер» ме? Иә, *қазір* істің түйіні соларда.
Дүние жүзіндегі аса ұлы *саяси* өрлеуден

{ буржуазиялық-демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу
империалистік соғыстан шығу
Совет өкіметі }

* — Адамның кемшіліктері оның жақсы қасиеттерінің жалғасы есепті. *Ред.*

× дүние жүзіндегі аса ұлы *экономикалық* жетістікке жету. Үйренуге ынтықтық мектепте де, мектептен тыс жерде де үйрену шаруашылық өрлеуіне де үйрену.

×*Бұл арада оншақты жыл.*

Үйренуге ынтықтық тым дөрекі көрінеді және дәл көрінбейді.

	1920	1921
оқу үйлері	34 мың	37 (+ 10%)
кәсіптік-техникалық мектептердегі оқушылар	47 мың	95 мың (+ 100%)
рабфактар (оқушылар)	17 мың	41 мың (+ 143%)

NB **БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯ:**

25 **bis Бүкіл россиялық төтенше комиссияда заңдылықты күшейту және оған реформа жасау**

26. Қорытынды. *Сонда.*

Апталардың, айлардың міндеттері

Дүние жүзілік міндеттегі = біздің міндетіміз: ірі өнеркәсіп (халықтың азшылығы) және жүз миллиондаған мешеу ұсақ шаруалар.

Ал біз бұл *міндетті орындаймыз:* социализмнің дүние жүзіндегі түпкілікті жеңісі.

1921 ж. кеш дегенде 23 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ «ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ РОЛІ МЕН МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ» ТЕЗИСТЕРДІҢ ЖОСПАРЛАРЫ*

1

1. Жаңа экономикалық саясат капитализмнен социализмге өтуді жүзеге асыратын Совет өкіметі қызметінің дамуындағы жаңа кезеңді (және жаңа бетбұрысты) білдіре отырып, кәсіподақтардың ролі мен міндеттерін жаңадан қарауды да, бұл ретте бірқатар жаңа жағдайларды ескеруді де талап етеді.

(1) капитализмнің пайда болуы және оған жол берілуі

(2) жаңа негіздегі мемлекеттік кәсіпорындар

(3) бүкіл өту басқа қарқынмен, басқа жолдар арқылы, «жаңаша орағытып өту» арқылы.

2. 2. Жеке шаруашылық, капиталистік кәсіпорындар. Жұмысшы табының мүдделерін қорғау.

5. 3. Негізінен алғанда стачкамен емес (жалпы алғанда стачкадан әсте бас тартпай), жұмысшы мемлекеті органдарына шағыну арқылы қорғау.

3. 4. Мемлекеттік кәсіпорындардың *«зиян шекпеуі»* және «пайда келтіруі».
Бұл да жұмысшы табының мүдделерін қорғау.

4. 5. Саяси өкімет буржуазияның қолында болатын мемлекеттегі және саяси өкімет жұмысшы табы-

* Қараңыз: осы том. 371—383-беттер. *Ред.*

ның қолында болатын мемлекеттегі тап күресінің (таптар барда тап күресі бар және болады да) түбегейлі айырмашылығы (стачкалар және олардың ролі).

6. Кәсіпорындарды басқару жөніндегі көзқарас Дара басшылық және қол сұқпаушылық. {{ бүкіл толық өкімет }}

ad 6*. Табысқа жету үшін толық өкімет керек.

Завод басқармалары арқылы өндірістік киімді де, түрлі жабдықтауларды да, ақша знактарын да, берілетін мөлшерді де анықтау.
Типі — дара басшылық.
Қол сұқпаушылық.

7. Басқаруды үйрену.

Істің түйіні осы:

(α) Органдарға қатысу. + өндірістік насихат
(β) Кеңесші дауыс.
(γ) Толық информация және талқылау + жоспарлы жұмыс
(δ) Кандидаттарды ұсыну, есеп, баға беру, оларды ауыстыру. + шикізат дайындаудан откізуге қарай
+ (ε) *Жеке кәсіпкерлердің* жұ-

* — 6-пункт жөнінде. *Ред.*

(NB ||| мысын бағалаудан және бақылап байқаудан үйрену.

+ *тәртіпке шақыратын соттар.*

ad 7 жабдықтау салымы өндіру (өндіруге қатысу) нормасы арендаға беруді талқылау. + Декларация емес + «жоғары саясат» емес

ad 7: Пролетарлық мемлекеттің шаруашылық және мемлекеттік органдарындағы кәсіподақтардың ролі.

1 (1) Шаруашылық және *мемлекеттік* органдарды *құруға* қатысу
(кандидаттарды талқылау; кеңесші дауыс)

(2) және осы органдарда (коллегия мүшелері, мамандар жанындағы көмекшілер және *v. v.**)

2. (3) Жұмысшылардан
{ондаған жақсы жүздеген тамаша әкімдер өсіру. және жүздеген тәуір және мыңдаған тәуір}

(4) Кандидаттарды үнемі есепке алу және тізімдерін жасау.

3. (5) атап айтқанда,— жоспарлау органдарына қатысу.

(6) Өнеркәсіптің барлық мәселелерін және өнеркәсіпті басқару мәселелерін мемлекеттік органдардың талқылауына қатысу.

4. (7) Өндірістік насихат.

* — vice versa — керісінше. *Ред.*

5. (8) Өнеркәсіп жұмысының шикізат дайындаудан бастап, өнім өткізуге дейінгі бүкіл циклымен үнемі танысып отыру.

6. (9) атап айтқанда:

тарифтер мен жабдықтау нормаларын жасау басқару саласынан, компартия мен Совет өкіметінің ролінен шын шектеу жағдайындағы тәртіпке шақыратын соттар...

ad 6 (10) тәртіпке шақыратын соттар — жалпы соттарға айналмайды.

7. (α) пролетариат = *капитализмнен социализмге* өтетін мемлекеттің таптық тірегі.

(β) кәсіподақтар = компартия басшылық ететін мемлекеттік өкіметтің *бүкіл* шаруашылық жұмыстағы әріптесі.

(γ) коммунизм мектебі және *басқарудың* арнаулы *мектебі*.

ΣΣ* Басқаруды үйрену. Салмақтың дені жалпы немесе жоғары саясат емес (бұл үшін компартия және Совет өкіметі бар), бұқараны басқаруға *үйрететін* практикалық, іскерлік жұмыс.

8. Қарама-қарсы 2 функцияның:

ad 14? { иландыру мен зорлаудың
қорғау мен қыстаудың сөзсіз қосылуы

{ әскери де
әскери емес те }

Нақты өмірдегі қайшылықтар: бүкіл түйіп осында.

8. 9. *Бұқарамен байланыс.*
Қайнаған ортада болу.
Пиғылды білу.
Бәрін білу.

* — Summa summarum — жалпы қорытынды. *Ред.*

Бұқараны түсіну.
Жақындаса білу.
Бұқараның қалтқысыз сеніміне ие болу.
Басшылар өздері басқарып отырған бұқарадан, авангард бүкіл еңбек армиясынан қол үзбеуі керек.

ad 8? 10. Иландыру мен зорлауды ұштастыра білу.
ad 14?

5 *bis*? 11. Кәсіподақтарға *ерікті түрде* қатысуға көшу.
Праволар мен міндеттер.
Коммунизм мектебі:
толық кемелденбегендік пен партия арасындағы өтпелі саты.

12. Мамандарға көзқарас.
2 шеткеріліктен аулақ болу.
Өлтірушілік және өзін өзі өлтірушілік (*Ольденборгер*?).
Мысал. Масқара.

ad 14? 13. Бұқараға жарамсақтанбау керек, бұқарадан қол үзбеу керек.

14. Бірігу,—дау-жанжалдарды шешу — қайшылықты шешу:

{ коммунистік партия + Коминтерн }

15. Басшы жоғарғы топты жаңалау, жарамсыздарын басқа салаға ауыстыру.

9: (1) иландыру және зорлау...

(2) қорғау және қыстау...

(3) соқыр сенімдер мен мешеулікті есепке алу— қолпаштамау және жарамсақтанбау, қайта көтермелеу...

(4) әскери де — әскери емес те...

aa) қандай да болсын *мектептің* қайшылықтары (коммунизм мектебі)

$\beta\beta$) өтпелі дәуірдің қайшылықтары.

Практикалық екі тұжырым: (1) әдеп (2) Коминтерн.

10: *Кәсіподақтар және мамандар.*

(1) Уралда және Донбасста инженерлердің өлтірілуі.

(2) Ольденборгердің өзін өзі өлтіруі.

(3) Кәсіподақтардан гөрі компартия мен Совет өкіметі көбірек кінәлы.

(4) Мәселе кінәлылықта емес.
Ең ауыр, нағыз күнделікті жұмыс кәсіподақтарға жүктелсін.

(5) Көздің қарашығындай — әйтпесе 0.

11: Ұсақ буржуазиялық демократияның айрықша ролі (*социалист-революционерлер мен меньшевиктер және анархистер*)— капитализмнің кәсіптік қозғалыстағы *идеялық* соңғы қорғаушылары.

Олармен күрес майданындағы басты нәрсе, оларды *ж* о *ю*.

2

1. Жаңа экономикалық саясат және одақтар.

2. Мемлекеттік капитализм және кәсіптік одақтар.

3. Мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық есебі және кәсіподақтар.

4+? { 4. Капиталистік мемлекеттік өкіметі бар мемлекет пен пролетарлық мемлекеттік өкіметі бар мемлекеттегі тап күресінің түбегейлі айырмашылығы.
5. Пролетариаттың таптық мүдделерін қорғау әдісі. } 4.

5. Кәсіподақтарға ерікті түрде қатысуға көшу.

6. Кәсіподақтардың кәсіпорындарды басқаруға көзқарасы.

7. Пролетарлық мемлекеттің шаруашылық қызметіндегі кәсіподақтардың ролі.

8. Пролетариат бұқарасымен байланыс жасау — кәсіподақтардың басты міндеті және негізі «коммунизм мектебі»

9. Кәсіподақтар міндеттерінің капитализмнен социализмге өту дәуіріндегі қарама-қайшы жақтары.

(8+10+13)

9. *Пролетариат диктатурасы тұсында кәсіподақтардың өз жағдайындағы қайшылықтар.*

ad 9. 10. Бұл қайшылықтарды шешу әдістері.

10. 11. Кәсіподақтар және «мамандар».

11. 12. Кәсіподақтардың басшы құрамын жаңарту міндеті.

1921 ж. 28—30 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1958 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ*

1

Мақала жоспары[204]

а «Альпинист» ... Гималайда.
б Леви және Серрати+2 және $2^1/_2$.
в Әсірелеусіз.
г «Коммунистік өркекіректік».
| Әкімшілігін асырып жіберді.
| Тодорскийден цитат, 61—62-беттер[205].

Кәсіподақтар туралы қарар.
Декреттермен насихаттау кезеңі

д Батыс Европа пролетариатының «біртұтас майданы» және Англиядағы сайлау.
Меньшевиктерге көзқарас
6. Σ**-да *коммунистік* көзқарас
қысқаша
буржуазия да, буржуазиялық инициатива да
толық.

7. Масқара фактілер (Корея) және олардың Грузия туралы мәселе жөнінде «шабуыл» жасауы мүмкін әрі ықтимал болғандығына байланысты қиын мәселелер, әрі принципті маңызы бар.

8***.

1922 ж. январьда жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр.

---

* Қараңыз: осы том, 453—462-беттер. *Ред.*
** — Қорытындыда. *Ред.*
*** Қолжазбада жоспарды В. И. Ленин түгел сызып тастаған. *Ред.*

2

I. және II. 1922.

Жоспар және «Публицистің заметкалары» деген кішкене мақаланың басы:

§ I: Биік тауға шығу туралы*. «Мысал тәрізді» *(1—4)*[206].

§ II: «Әсірелеусіз» *(4—8)*. Қандай теңеудің де кінәраты болады**.

Бұрынғы революциялардың бәрінен биік.

Κτῆμα ἐς ἀεὶ***

α)) буржуазиялық-демократиялық революция («ажырасу және крепостник П. А. Сорокин»). «Экономист» № 1****

β)) империалистік соғыстан шығу*****.

γ)) Совет мемлекеті.

Тақырыпқа:

Генуя конференциясы туралы, орыс әскерлерінің Грузиядан әкетілуі туралы, меньшевиктердің жария жағдайға көшуі туралы, түлкі аулау, тағы сондайлар туралы қосымша енгізу.

§

«таза демократтар — *о л а р д ы ң ө з д е р і — к р е п о с т н и к т е р»* (бұл да диалектика)

§

«м і н с і з ү ш е у»: Мартов, Чернов және анархистер. Капиталистер үшін «мінсіз»: мұнтаздай таза,—зердесіз,— педанттық,— түкке тұрғысыз,— доктринерлік,—ыңғайлы,—ықпалды (жұмысшы табына буржуазия идеяларын тарату үшін мінсіз),— дәрменсіз,— сөзуар etc.

---

* Қолжазбада бұл сөйлемді В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

** Қолжазбада осы және бұдан кейінгі абзацты В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

*** — Мәңгілік уақытқа алу. *Ред.*

**** Қараңыз: Шығармалар, 33-том, 232—234-беттер. *Ред.*

***** Қолжазбада осы және бұдан кейінгі пунктті В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

|| *NB:*

Социалистік экономиканың негізі қай кезде *қаланды* деп есептеуге болады? Шаруалармен өнім айырбасы қамтамасыз етілген кезде. Шаруа *шаруашылық жағынан* қанағаттандырылған кезде!! || NB

Шегініс

Саудаға қарай: Quid est économiquement parlant?*

Байланыс.

(IX.) (X.) (XI.) (XII.)

NB: **Тұтынушылар қоғамдары орталық одағы** *1—3—6—16*** = «социализмге дайындық экономикасы»...

Мемлекеттік капитализмге **қарай.**

(Салыстыру: IV. 1918)

NB: *пайда* алтынмен жүз млн. сом.

Тіпті «мінсіз үшеу» де (Мартов + Чернов + Глдм[207]) құрта алмайды.

Біздің соттар және «мемлекеттік (NB) капитализм». 150 млн. сом емес,

қайта түрме

\+ және шетелге қуып жіберу.

§ *мемлекеттік капитализм ұғымы туралы* осы ұғымның диалектикалық тұрғыдан қолданылуы

III: Леви және Серрати: «баррикаданың аргы жағындағылардың» ішіндегі неғұрлым солшылдары.

§ IV:
қазір:
партияның жайы:
И. Н. Смирнов
Айтыс клубы
Поссе
ақын
іштен,
ал сырттан: Леви және Серрати.

* — Экономикалық жағынан алғанда, бұл не? *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 529-бет. *Ред.*

IV: Коммунистік менмендік немесе коммунистік өркөкіректік.
Орыс тілі ағылшын тіліне қарай ойысып келеді.
Нэпо,—ком,—кәсіптік,—сов,—жұмысшы кооп, etc.
Приказчик (зерделі, адал, білікті etc.)
vs* коммунистік менмендік

(Салыстыру: IV. 1918).

§ *коммунизмді кімдердің қолымен құрамыз?*

Годорскийден цитат, 61—62-беттер.

|| Жүз буржуй vs 100 коммунист. ||

«...Кімде-кім әкімшілігін асырып жіберсе...» (көбі бізде *жете* әкімшілік етпейді)

Кәсіподақтар туралы қарар, оның «рухы» және «коммунистік өркөкіректің» оған қатынасы.

Декреттермен насихаттау кезеңі және басқа кезең.

Мәдени жұмыс, *«мәдениетшілдік» және ұсақ істер*... XIX ғасырдың 80-жылдары?

...ұсақ буржуазиялық демократияның партияларына немесе ағымдарына...

V: Меньшевиктерге (+социалист-революционерлерге және *анархистерге)* көзқарас және біртұтас майдан.

§ 1. Бономи және Ирландия+Грузия.

Біздің заң жобамыз, Германиядағы социал-демократ мырзалар, сіздерде ше? *және басқа буржуалық партияларда ше?* { 5 жыл < емес шетелде ату }

Бүкіл дүние жүзілік екі майдан және «дәл орта», «жартылай большевиктер», үнді-толстойшылмен салыстыру.

---

* — versus — салыстырғанда; жөнінде. *Ред.*

Англиядағы сайлау
|||||| аяусыз күрес... және ... *блок!!*

Etwa*

(α) Уайымның зияны туралы және сауданың пайдасы туралы.
(β) Социалистік экономиканың негізі туралы.
(γ) Весьегонск үлгісі
(δ) «Мінсіз үшеу» туралы.
(ε) Таза демократтар — олардың өздері крепостниктер.
(ζ) Грузия және Генуя конференциясы туралы.
(η) Мемлекеттік капитализм ұғымы туралы.
(ϑ) Біртұтас майдан туралы. Англиядағы сайлау.
(ι) Декреттермен насихаттау кезеңі.
(κ) Обломовшылдық.
(λ) Мәдениетшілдік және ұсақ істер.
(μ) Коммунистік менмендік және коммунистік өркөкіректік. Приказчик.
(ν) Екі майдан және дәл орта; үнді-толстойшыл.
(ξ) Саясат және әкімшілік ету.
(ο) Меньшевиктерге көзқарас туралы. Олардың жария жағдайға көшуі.

Бірінші рет 1930—1931 жж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында толық емес түрінде басылған, XXVII том

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында толық басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Шамамен. *Ред.*

КІШІ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ ЖОБАСЫНА ТҮЗЕТУЛЕР МЕН ЕСКЕРТПЕЛЕР

. . . . . .

10. Кіші Халық Комиссарлары Советінің шешуші қаулыларының бәрі, яғни мәселені шын мәнісінде шешетін қаулылары, 5-статьяда көрсетілгендерінен басқалары Халық Комиссарлары Советіне жолданады. Дегенмен инцидентті**к** сипаттағы жеке қаулыларды, мәселен, әр түрлі тергеулерді, қажетті материалдарды жинауды, ведомстволарға қарауы бойынша істерді жіберуді, ведомстволардың Кіші Советке жолдаған сұрауларына түрліше жауаптарды, сондай-ақ Халық Комиссарлары Советінің басқару істері мен шаруашылық істерін Кіші Совет өзінің атынан түпкілікті шешіп отырады және бұл істер Үлкен Советтің қарауына берілмейді.

(Шет жақтағы ескертпелер: орысша бұлай деуге болмайды — бұлай деуге болмайды, *іс жүргізу* немесе *і с ж ү р г і з у г е қ а т ы с ы б а р* — осынысы *ж а қ с ы.)*

+Мынаны қосуға кеңес беремін: Москва Совдепіне қатысы бар барлық мәселелер бойынша оның өкілін міндетті түрде шақыру.

+мүдделі халық комиссариаттарының *б ә р і н* шақырудың міндеттілігі.

1922 ж. февральда жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚОСЫМША

РКП(б) МҮШЕЛЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ САНАҒЫНА АРНАЛҒАН АНКЕТА

13 Февраль, 1922 ж.

РКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ СТАТИСТИКА БӨЛІМІ
Бланк «А»
№ 38

РОССИЯ КОММУНИСТІК(б) ПАРТИЯСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ САНАҒЫ
1922 жыл

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

1. Ұяның орналасқан жері: қал./сел. Москва уезі/болысы Замоскворечье ауданы губ./обл. № 1 Кремль учаскесі.
2. Ұя ұйымдастырылған кәсіпорынның (мекеменің, әскер бөлімінің) аты Халық Комиссарлары Советі, партбилет 224.332
3. Билет берген партия ұйымының аты Замоскворечье аудандық комитеті
4. Фамилиясы Ульянов (Ленин). 5. Есімі және әкесінің аты Владимир Ильич.
6. Жынысы. Ер. 7. Жасы: 1870 жылы туған; неше жасқа толды: 52 жаста.
8. Қай тілде сөйлейді: орыс тілінде 9. Одан басқа қай тілдерде еркін сөйлейсіз: Басқа ешбір тілде еркін сөйлей алмаймын.
10. а) Қандай болсын бір діни нанымыңыз (сеніміңіз) бар ма? (бар, жоқ) атап айтқанда қандай: Жоқ.

   б) Егер Сіз дінге сенбесеңіз, онда қай жастан: 16 жасымнан бастап.
11. Сұрақ қойылып отырған адамның семья мүшелерінің саны (оның өзін қоспағанда) қарамағындағылар: екеу / қызмет істейтіндері: екеу
12. Біліміңіз: а) сауаттысыз ба (иә, жоқ): Сауаттымын.

   б) егер оқысаңыз немесе оқып жүрсеңіз, онда көрсетіңіз:—

I кесте. Білім цензі

Оқу орындарының түрлері (2 кл. земстволық; 4 кл. қалалық; кәсіби-техн. мектеп; автомобиль ісінің кешкі курсы; авиация курсы; гимназия; университет; партия мектебі). Мектептен тыс алған білім «өздігінен оқып», «үйде оқып» алған білім деп жазылады	Неше жыл оқыдыңыз	Мектепті бітірдіңіз бе (иә, жоқ, пәлендей кластан шығып кеттім, оқып жүрмін)
13	14	15
а. 1887 ж. классикалық гимназияны бітірдім. б. одан соң 1891 жылы университетті бітіру емтиханын тапсырдым в. емтиханды заң факультеті бойынша экстерн түрде тапсырдым	8 жыл (гимназияда)	Гимназия бітірдім. Университетті бітіру емтиханын экстерн түрде тапсырдым.

16. Егер оқуға ниеті болса, атап айтқанда қай салада (сауат ашуға ма, ғылымға ма, өнерге ме, қолөнерге ме — атап айтқанда қайсысына): ——

II кесте. Әлеуметтік және ұлттық тегі

Сұрақ қойылып отырған адамға қатысы	Негізгі кәсібі немесе жұмысы, лауазымы, шені	Кәсіпшіліктегі жағдайы (жалдама жұмысшылары бар қожайын ба; жеке-дара қожайын ба; жалдама жұмысшы ма; «ықтиярлы» кәсіп адамы ма; үй иесі ме; үй шаруасындағы әйел ме)	Ұлты
17	18	19	20
1. Атасы (әкесі жағынан)	білмеймін		
2. Әкесі	халық училищелерінің директоры		
3. Шешесі	—		

21. Қай жастан бастап өз еңбегіңізбен өмір сүресіз: 27 жастан (шамамен алғанда); біреуге жалдандыңыз ба әлде өз шаруашылығыңызда ма (астын сызыңыз) әдебиетші.
22. а) 1917 жылға дейінгі негізгі кәсібіңіз және мамандығыңыз. Әдебиетші.
    б) Бұл кәсіппен қанша шұғылдандыңыз: 20 жылдай (1897—1917)
23. 1914 жылға дейін күн көріске қажетті қаржының негізгі көзі: әдеби еңбектен келетін табыс және партиядан берілген қаржы. 1914—1917 жылдары. Бұл кезде де солай.

III кесте. 1917 жылдан осы сұрау қойылғанға дейінгі жұмыс және қызмет стажы

Жұмыс істеген кезі	Жұмыс істеген жері		Қызмет түрі	Жалға жүру, сайлану, тағайындалу	Жұмыс істеген мерзімі			
	Кемінде 3 ай істеген және осы уақытта істеп жүрген кәсіпорынның (мекеменің, әскер бөлімінің) аты	Қала немесе губерния			Қай уақыттан қай уақытқа дейін		Жұмыс істеген уақытының жиынтығы	
					Айы жылы	Айы жылы	Жылы	Айы
24	25	26	27	28	29	30	31	32
А. 1917 жылдан осы қызметке кіріскенге дейін.	а	....	....	....	....	....	....	....
	б	....	....	....	....	....	....	....
	в	....	....	....	....	....	....	....
	г	....	....	....	....	....	....	....
	д	....	....	....	....	....	....	....
Б. Осы сұрақ беріліп отырған кезде:	а. 1917 жылдың октябрінен Халық Комиссарлары Советінің председателі	Москва		Тағайындау бойынша	1917 ж. 25 октябрінен		4	3
	б.	....	....	....	....	....	....	....

33. Соңғы айдағы табысыңыз: (ақшалай): тариф. разр. 17, негізгі жалақыңыз .... сом, барлық табысыңыз 4 700 000 сом[208].

IV кесте. Партиялық стажы

Партияның және фракцияның аты	Ұйымдағы орны («профессионал», партком мүшесі, партком секретары, ұйымдастырушы, үгітші, насихатшы, боевик, техник, қатардағы мүше)	Жұмыс істеген жері (қала, губерния)	Партияда болған уақыты		
			Кірген уақыты (жылы, айы)	Шыққан уақыты (жылы, айы)	Партияда болған жалпы уақыты (жылға және айға есептегенде)
34	35	36	37	38	39
РКП(б)	профессионал, Орталық Комитет мүшесі	Москва	1895 (іс жүзінде)	—	27 жылға жуық

V кесте. Революциялық стажы

Қатысуы	Қанша рет
40	41
1. Экономикалық стачкаларға	—
2. Саяси »	—
Жиынтығы	
3. Көшедегі саяси демонстрацияларға	—
4. Студенттер қозғалысына	(1887)
5. Астыртын үйірмелерге	көп рет
6. Құпия жиындар мен митингілерге	көп рет
7. Маевкаларға	
8. Қарулы көтерілістерге және партизандық қимылдарға	—
9. Партия конференцияларына	Бәріне дерлік
10. Партия съездеріне	

42. Түрмеде болған стажы: а) түрмеде: 1 жыл 2 ай; әкімшілік жолмен айдауда: 3 жыл — ай; қоныс аударуда — жыл — ай; саяси эмиграцияда: 10 жылға жуық... ай; неше рет қашып шықты: —

43. а) 1921 жылы қандай газеттер мен журналдар оқыдыңыз (оларды атаңыз): әр түрлі.

б) ұдайы оқисыз ба, әлдеқалай оқисыз ба, оқымайсыз ба: ұдайы емес.

в) Егер сіз уақытта оқымасаңыз, онда неліктен (газет жоқ па, уақытыңыз жоқ па, көңіліңіз соқпай ма)—

г) Егер оқысаңыз, қайда оқисыз (үйде, қызметте, кітапханада, оқу үйінде, қабырғаға ілінген жерінен оқисыз ба): үйде оқимын.

44. а) Сіз қай уақыттан кәсіподақ мүшесісіз: 19 .... жылдан

б) Кәсіподақ жұмысына қазіргі уақытта қатысасыз ба (иә, жоқ); қатыспаймын.

в) Егер қатыссаңыз, атап айтқанда қалай:—

VI кесте. Әскери қызметші және саяси комиссар ретінде істеген әскери стажы

Қай армияда	Әскердің түрі және мамандығы (жаяу әскер, атты әскер, артиллерия, саперлік, инженерлік іс)	Жоғары әскери атағы және шені (қатардағы, роталық)	Қызмет істеген мерзімінің ұзақтығы				Қанша рет				Алған әскери наградасы
			Қай уақыттан қай уақытқа дейін		Қызмет істеген уақытының жиынтығы		Қатысты		Жараланды		
			Айы, Жылы	Айы, Жылы	Айы	Жылы	Атысқа, т. с.	Бетпе-бет шайқастарға	Оқ ататын қарудан	Суық қарудан	
45	46	47	48	49	50	51	52	53	54	55	56
1. Патша армиясында	Жоқ										
2. Ақтар армиясында											
3. Жасылдар армиясында											
4. Қызыл Армияда											

57. Егер әскери қызметте болмасаңыз, онда Жалпыға бірдей әскери оқудан өттіңіз бе (иә, жоқ) Өткен жоқпын.
58. Армиядан қашан босатылдыңыз —— 19 —— жылдың —— айында

59. а) Егер сіз қала тұрғыны немесе жұмысшы болсаңыз, онда деревнямен қандай байланысыңыз бар (иә, жоқ) ___ ___
б) Атап айтқанда ол қандай байланыс (өзімнің немесе басқа адамдармен бірлескен егістігім, огородым, омартам, т. с. бар) ——

в) Ол шаруашылыққа Сіз қай түрде қатысасыз (өзіңіз еңбек етіп пе, ақша беріп пе) ——

Ескертулер:

Москва қаласы .... 13 февраль айы, 1922 ж.

В. Ульянов (Ленин)

Бірінші рет 1924 ж. (бірінші беттің факсимилесі) «Огонек» журналының 7-номерінде толық емес түрінде басылған

Бірінші рет 1926 ж. мына кітапта толық басылған (факсимиле): И. Г. Лазьян. «РКП(б) мүшесі В. И. Ульяновтың (Лениннің) «Өзіндік ісі»». М.—Л., «Московский рабочий» баспасы

В. И. Ленин толтырған бланк бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИН
РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ*

КОМИНТЕРН ДОКУМЕНТТЕРІ

КОМИНТЕРННІҢ III КОНГРЕСІ ҚАБЫЛДАҒАН «КОММУНИСТІК ПАРТИЯЛАРДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ, ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН МАЗМҰНЫ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР»

В. И. Ленин «Тезистердің» жобасын екі рет (1921 жылғы 10 июньде және 9 июльде) оқып, өзінің ескертпелерін авторларға — О. В. Куусиненге және В. Кёненге жіберген (қараңыз: осы том, 13—15, 58-беттер). «Тезистер» Комиссияда талқыланып, шамалы өзгерістермен 12 июльде Коминтерннің III конгресінде қабылданды.

КОМИНТЕРННІҢ III КОНГРЕСІ ҚАБЫЛДАҒАН «ТАКТИКА ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕР»

В. И. Ленин «Тезистердің» жобасын оқып, өзінің ескертпелерін 1921 жылы кеш дегенде 10 июльде Коминтерннің III конгресінің тактика жөніндегі комиссиясына жіберген (қараңыз: осы том, 475-бет). В. И. Лениннің ұсыныстарын комиссия және конгресс қабылдады.

КОМИНТЕРН АТҚАРУ КОМИТЕТІ 1921 ЖЫЛЫ ДЕКАБРЬДЕ ҚАБЫЛДАҒАН БІРТҰТАС МАЙДАН ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР

В. И. Ленин біртұтас майдан туралы тезистерді 1921 жылы 6 декабрьде оқып, оларға ескертпелер жасайды (қараңыз: осы том, 298-бет). Тезистер оның нұсқауларына сәйкес түзетіледі.

* В. И. Лениннің осы кезге дейін табылмаған еңбектерінің тізіміне тек қана хаттары кіретін болғандықтан, ол тізім хат-хабарлар басылған тиісті томдарда беріледі.

ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ БАРЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨТКІЗІЛМЕКШІ БОЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА КОМИНТЕРННІҢ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ҚАРАР

В. И. Ленин қарар жобасын оқып, оған өзгеріс енгізу жөніндегі өзінің ұсыныстарын 1921 жылы 23 февральда Орталық Комитеттің Саяси бюросы мүшелеріне жібереді (қараңыз: осы том, 441—442-беттер). Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген бірінші Пленумы 4 мартта қабылдаған қарарда В. И. Лениннің ұсыныстары ескеріледі.

РКП(б) БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ XI КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚАРАРЛАРЫ

КОМИНТЕРННІҢ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ

Біртұтас майдан туралы Коминтерн Атқару Комитеті жасаған тезистерге В. И. Ленин өзінің ескертпелерін жазады (қараңыз: осы том, 298-бет), тезистер осы ескертпелерге сәйкес түзетіліп, XI партия конференциясында қабылданады. В. И. Лениннің ескертпелері қарардың 19-пунктіне енеді.

ПАРТИЯНЫҢ АДАМ ҚҰРАМЫН ТЕКСЕРУ ТӘЖІРИБЕСІН ЕСЕПКЕ АЛУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ПАРТИЯНЫ НЫҒАЙТУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

В. И. Ленин осы қарардың жобасын 1921 жылы 22 декабрьде оқып, өзінің ескертпелерін жазады (қараңыз: осы том, 310—311-беттер). Қарар В. И. Лениннің нұсқаулары рухында қайта өңделеді.

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМДАРЫ МЕН САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

ТРАНСПОРТТЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ Ф. Э. ДЗЕРЖИНСКИЙДІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы 1921 жылы 8 августа транспорттың жағдайы туралы мәселе қарады. Пленум В. И. Ленин ұсынған өзгерістерді ескере отырып, Ф. Э. Дзержинскийдің транспорттың жағдайы туралы қорытындыларын бекітеді (қараңыз: осы том, 89-бет).

АЗЫҚ-ТҮЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА БЕРІЛЕТІН ДИРЕКТИВАЛАР ТУРАЛЫ

В. И. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының осы қаулысына өзінің қосымшасын 1921 жылы 5 немесе 6 сентябрьде жазады (қараңыз: осы том, 126-бет). Өте ауыр азық-түлік қиыншылықтарына байланысты жазылған бұл қаулыны Саяси бюро В. И. Лениннің қосымшаларымен 6 сентябрьде қабылдайды.

ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

В. И. Лениннің 1921 жылы 8 октябрьде ұсынған қосымшасы РКП(б) Орталық Комитеті Пленумының қаулысына енеді (қараңыз: осы том, 144-бет).

С. РУТГЕРС ТОБЫМЕН КЕЛІСІМ ЖАСАСУ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ

В. И. Ленин жазған ұсыныстар РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1921 жылы 15 октябрьде қабылдаған осы қаулысының негізіне алынады (қараңыз: осы том, 154-бет). В. И. Лениннің қаулыға енгізген түзетулері КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

ЖАЛАҚЫ ҚОРЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӨНІНДЕ КОМИССИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ

РКП(б) Орталық Комитеті комиссиясының Тарифтік комиссияны жоюды ұсынған қарарының жобасына 1921 жылы 29 ноябрьде В. И. Ленин жасаған түзетуді Саяси бюро 1 декабрьде қабылдайды (қараңыз: осы том, 285-бет).

«ПАРТИЯ КОМИТЕТТЕРІ МЕН СОТ-ТЕРГЕУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ» РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ НҰСҚАУ ХАТЫ

В. И. Ленин партия мекемелерінің сот-тергеу мекемелерімен өзара қатынастары туралы Орталық Комитеттің 1921 жылғы 16 июньдегі нұсқау хатының кемшіліктері жөнінде өзінің ескертпелерін В. М. Молотовқа жазған екі запискасында баяндайды (қараңыз: осы том, 264—265-беттер.)

В. И. Лениннің ескертпелерін Орталық Комитеттің Саяси бюросы 1921 жылы 8 декабрьде құрған редакциялық комиссия ескереді. 1922 жылы январьдың бас кезінде жарияланған жаңа нұсқау хат партия мүшелерінің сот алдындағы жауапкершілігін күшейтудің сөзсіз қажеттігін атап көрсетеді.

«ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ТАПСЫРМАСЫ»

«Халық Комиссарлары Советінің жаңа экономикалық саясаттың негіздерін жүзеге асыру туралы тапсырмасын» жасау 1921 жылы июльде В. И. Лениннің тікелей басшылығымен жүргізіледі (қараңыз: Лениннің XX жинағы, 101—116-беттер; Лениннің XXXVI жинағы, 276—278-беттер). В. И. Лениннің «Экономикалық саясатты жүзеге асыру туралы тезистерге» осы томда жарияланып отырған түзетулері (76—77-беттер) «Тапсырмаға» енеді, бұл «Тапсырма» РКП(б) Орталық Комитетінің Пленумында қабылданып, 9 августа Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде бекітіледі.

СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ IX СЬЕЗІ ҚАБЫЛДАҒАН «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ӨРКЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ»

Осы қаулыны редакциялағаны жөнінде В. И. Ленин 1921 жылы 25 декабрьде В. М. Молотовқа жолдаған запискасында былай деп жазады: «Мен қарап шығып, *жеңіл-желпі* түзетулер енгіздім (қызыл сиямен)» (Лениннің XXXV жинағы, 300-бет). Қарарды съезд 26 декабрьде қабылдайды. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде қарардың В. И. Ленин түзетулер енгізген жобасы сақтаулы.

РСФСР АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ

РСФСР азаматтық кодексін жасау В. И. Лениннің тікелей басшылығымен жүргізіледі, ол бірсыпыра принципті, негізге алынарлық сипаттағы ескертпелер жасайды және осы ескертпелердің кодексте баянды етілуіне күш салады (қараңыз: осы том, 430—436, 437—438-беттер). IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1922 жылғы 31 октябрьдегі IV сессиясында В. И. Ленин РСФСР азаматтық кодексіне баға береді (қараңыз: Шығармалар, 33-том, 389—390-беттер).

БОРЫШТАРДЫ МОЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ (РСФСР ҮКІМЕТІНІҢ ВЕЛИКОБРИТАНИЯ, ФРАНЦИЯ, ИТАЛИЯ, ЖАПОНИЯ ЖӘНЕ АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ ҮКІМЕТТЕРІНЕ НОТАСЫ)

В. И. Ленин нотаның жобасын оқып, 1921 жылы 24 октябрьде Г. В. Чичеринге жазған хатында ол жобаға ескертпелер жасайды (қараңыз: осы том, 201—204-беттер). Нотаны соңғы рет редакциялағанда В. И. Лениннің ескертпелері ескеріледі.

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ДЕКРЕТТЕРІ МЕН ҚАУЛЫЛАРЫ

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫ АРЕНДАҒА БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ДЕКРЕТІ. *5 июль, 1921 ж.*

СОВЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ КОЛЛЕКТИВТІК ЕҢБЕК АҚЫ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *8 июль, 1921 ж.*

МЕКТЕПТЕРДІ ЖӘНЕ БАСҚА АҒАРТУ МЕКЕМЕЛЕРІН ЖАБДЫҚТАУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ДЕКРЕТІ. *15 сентябрь, 1921 ж.*

МОСКВА ГУБЕРНИЯСЫНЫҢ СОВХОЗДАРЫНДАҒЫ МЕЛИОРАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІ ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАС БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *30 сентябрь, 1921 ж.*

С. РУТГЕРС ТОБЫМЕН КЕЛІСІМ ЖАСАСУ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *17 октябрь, 1921 ж.*

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАБДЫҚТАУДАН АЛЫНҒАН КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ӨНІМДЕРДІ ЕРКІН ӨТКІЗУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *21 октябрь, 1921 ж.*

П. А. МЕСЯЦЕВТІ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНЕ ЕГІНШІЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНАН БАЯНДАМАШЫ ЕТІП ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *1 ноябрь, 1921 ж.*

БАРЛЫҚ ВЕДОМСТВОЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНЕ АРНАП АЙ САЙЫН СТАТИСТИКАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР МЕН ДИАГРАММАЛАР БЕРІП ОТЫРУЫ ТУРАЛЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *2 ноябрь, 1921 ж.*

КЕЙБІР ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТТАРЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ КОМИССИЯСЫНА ӨЗДЕРІНІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ СМЕТАЛАРЫН МЕРЗІМІНДЕ БЕРІП ОТЫРМАЙТЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *4 ноябрь, 1921 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ АМЕРИКАН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТОБЫМЕН ШАРТЫ. *22 ноябрь, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ «ЖАЛҒАН КӨРСЕТІНДІЛЕР ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАЗАЛАР ТУРАЛЫ» ДЕКРЕТІ. *24 ноябрь, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ «ГАЗЕТТЕРДІ АҚЫЛЫ ЕТУ ТУРАЛЫ» ДЕКРЕТІ. *28 ноябрь, 1921 ж.*

УРАЛДЫ ШЕТЕЛДЕН ӘКЕЛІНГЕН АСТЫҚПЕН ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *2 декабрь, 1921 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде жоғарыда аталған қаулылардың В. И. Ленин қосымшалар енгізіп, ескертпелер, түзетулер жасаған жобалары мен түпнұсқалары сақтаулы. Осы қаулыларға жасаған түзетулерінің көбі жарияланған (қараңыз: осы том, 65, 152—153, 154, 264—265, 266, 267-беттер; Лениннің XX жинағы, 199, 331-беттер; Лениннің XXXV жинағы, 284—287-беттер; Лениннің XXXVI жинағы, 331, 342—343, 363-беттер).

Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙ. «БІЗДІҢ СЫНШЫЛАРҒА»

Осы мақаланың алғашқы нұсқасын В. И. Ленин 1921 жылы 2 июльде оқиды. Ол өзінің ескертпелерін 2 июльде Г. М. Кржижановскийге жазған хатында баяндайды (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 269—270-беттер).

«ТАРИФ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР»

Тезистерді Кіші Халық Комиссарлары Советінің мүшелері А. С. Киселев, А. А. Белов және Я. К. Гиндин жасайды. В. И. Ленин тезистерді 4 сентябрьде оқып, бірсыпыра түзетулер мен қосымшалар енгізеді (қараңыз: Лениннің XXIII жинағы, 258—260-беттер).

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНІҢ «ШАРУАШЫЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ» ТЕЗИСТЕРІ

В. И. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің тезистерін 1921 жылы 29 ноябрьде оқып, ескертпелер жасайды (қараңыз: осы том, 518—522-беттер). Тезистердің авторы

И. Т. Смилганың қосымша хатынан белгілі болып отырғанындай, тезистер Халық шаруашылығы жоғары советі, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы, ВЦСПС және Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы қызметкерлерінің талқылауына арналған.

КІШІ ХАЛЫК КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Кіші Халық Комиссарлары Советі туралы ереженің жобасын жасау В. И. Лениннің инициативасы бойынша қолға алынады; В. И. Ленин бұл туралы 1921 жылы 15 февральда А. Д. Цюрупаға жазған хатында айтқан болатын (қараңыз: осы том, 398—399-беттер). Жұмыс барысында Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советі туралы ереженің жобасын түбегейлі түрде қайта жасайды (қараңыз: осы том, 399—403-беттер).

ФИНАНС ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ (ФИНАНС ПРОГРАММАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ)

В. И. Ленин тезистерді 1922 жылы 3 мартта оқып, бірсыпыра ескертпелер жасайды (қараңыз: осы том, 464—465-беттер).

ТЕЛЕГРАММАЛАР

УКРАИН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *28 июнь, 1921 ж.*

БАРЛЫҚ ГУБЕРНИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *19 және 21 сентябрь аралығында, 1921 ж.*

И. Н. СМИРНОВҚА ТЕЛЕГРАММА. *24 сентябрь, 1921 ж.*

БАРЛЫҚ ӨЛКЕЛІК, ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОВЕТТЕРГЕ, ОБЛЫСТЫҚ, ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЖӘНЕ УЕЗДІК АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІНЕ, ГУБЕРНИЯЛЫҚ ТЕМІР ЖОЛ АҒАШ ДАЙЫНДАУ КОМИТЕТТЕРІНЕ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ЖОЛ БАСТЫҚТАРЫНА ТЕЛЕГРАММА. *27 сентябрь, 1921 ж.*

ЕГІС НАУҚАНЫНЫҢ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ СҰРАУ. *4 октябрь, 1921 ж.*

БАРЛЫҚ ОРМАН КОМИТЕТТЕРІ МЕН ГУБЕРНИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯЛАРҒА ТЕЛЕГРАММА. *13 октябрь, 1921 ж.*

БАРЛЫҚ ГУБЕРНИЯЛЫҚ АЗЫҚ-ТҮЛІК КОМИССАРЛАРЫ МЕН ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЖЕР БӨЛІМДЕРІНЕ НҰСҚАУ ТЕЛЕГРАММА. *20 немесе 21 октябрь, 1921 ж.*

БАРЛЫҚ ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕРГЕ ТЕЛЕГРАММА. *22 октябрь, 1921 ж.*

В. В. СТАРКОВҚА ТЕЛЕГРАММА. *31 октябрь, 1921 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркснзм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы аталған телеграммалардың В. И. Ленин ескертпелер жазған, үстемелер мен қосымшалар енгізген түпнұсқалары мен көшірмелері сақтаулы. Бұл материалдардың көбі жарияланған (қараңыз: Лениннің ХХ жинағы, 273-бет; Лениннің ХХIII жинағы, 94—95, 99—100, 103, 104, 114, 174-беттер).

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *Коммунистік Интернационалдың III конгресі* 1921 жылы 22 июнь — 12 июльде Москвада өтті. Конгресс жұмысына 52 елдің 103 ұйымынан, олардың ішінде: коммунистік партиялардың 48, социалистік партиялардың 8, жастар одақтарының 28 ұйымынан, 4 синдикалистік ұйымнан, оппозициялық коммунистік партиялардың (Германия коммунистік жұмысшы партиясы, Испания жұмысшы коммунистік партиясы) 2 ұйымынан және 13 басқа ұйымдардан 605 делегат (шешуші дауыспен 291, кеңесші дауыспен 314 делегат) қатысты. Россия Коммунистік (большевиктер) партиясы конгреске 72 делегат жіберді; делегацияны В. И. Ленин басқарды.

Конгресс дүние жүзілік шаруашылық дағдарысы және Коммунистік Интернационалдың жаңа міндеттері туралы мәселелерді, Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің қызметі туралы баяндаманы, Германия коммунистік жұмысшы партиясы туралы, итальян мәселесін, Коммунистік Интернационалдың тактикасы туралы, Кәсіптік одақтардың халықаралық қызыл советінің Коммунистік Интернационалға көзқарасы туралы, Амстердам Интернационалына қарсы күрес туралы, РКП(б) тактикасы туралы, Коммунистік Интернационал және коммунистік жастар қозғалысы туралы, әйелдер қозғалысы туралы, Германия Біріккен коммунистік партиясы туралы және басқа мәселелерді талқылады.

Конгресті әзірлеу және өткізу жөніндегі барлық жұмысқа В. И. Ленин басшылық етті; ол конгрестің құрметті председателі болып сайланды, конгрестің барлық негізгі шешімдері оның тікелей қатысуымен әзірленді. Ленин конгресте РКП(б) тактикасы туралы баяндама жасады, Коммунистік Интернационалдың тактикасын қорғап сөз сөйледі, итальян мәселесі жөнінде сөз сөйледі, конгрестің комиссияларында, Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген мәжілістерінде, конгресс делегаттарының кеңестерінде сөз сөйледі. Конгресс қарсаңында және ол жұмыс істеп жатқан кезде Ленин делегаттармен кездесіп, олармен коммунистік партиялардағы істің жайы жөнінде әңгімелесті.

Коммунистік Интернационалдың III конгресі жас коммунистік партиялардың қалыптасуында және дамуында үлкен роль атқарды. Дүние жүзілік коммунистік қозғалыс дамуының жаңа жағдайларына байланысты конгрестің басты назары Коминтерннің тактикасын белгілеуге және оның ұйымдық жағына аударылды. Центристік қауіпке қарсы күресумен қатар Лениннің «солшыл» догматизмге, жалған революцияшыл солақай жел сөздер мен сектанттыққа қарсы күреске де көп көңіл бөлуіне тура келді. Конгресте «солшыл» қауіпке қарсы Ленин жүргізген табанды күрестің нәтижесінде революциялық марксизм жеңіске жетті.

III конгресс коммунистік партиялар тактикасының негізін салған, бұқараны пролетариат жағына тарту, жұмысшы табының бірлігін орнату және біртұтас майдан тактикасын іс жүзіне асыру міндетін алға қойған конгресс ретінде дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың тарихына кірді; конгресс шешімдеріндегі басты нәрсе, Лениннің айқындап бергеніндей, «нағыз шешуші, жаңа шайқастарға—қорғаныс ұрыстарына да, шабуыл ұрыстарына да — неғұрлым мұқият, неғұрлым тыңғылықты әзірлену...» болды (осы том, 103-бет).— *1.*

[2] *Екі жарым Интернационал* (ресми аты —«Социалистік партиялардың халықаралық бірлестігі»)— революцияшыл бұқараның қысым жасауымен II Интернационалдан шыққан центристік социалистік партиялар мен топтардың халықаралық ұйымы; 1921 жылы февральда Венадағы конференцияда құрылды. II½ Интернационалдың лидерлері сөз жүзінде II Интернационалды сынай отырып, іс жүзінде пролетарлық қозғалыстың барлық аса маңызды мәселелері бойынша жұмысшы табы ішінде оппортунистік, жікшілдік саясат жүргізді және құрылған бірлестікті коммунистердің жұмысшы бұқарасы арасында өсіп келе жатқан ықпалына қарсы қоюға тырысты. «Революционерлер деп атанғысы келетін II½ Интернационалдағы мырзалар,— деп жазды В. И. Ленин,— елеулі жағдай атаулының қандайында болсын іс жүзінде контрреволюцияшыл болып шығады, өйткені олар ескі мемлекеттік аппаратты күшпен қиратудан қорқады, олар жұмысшы табының күшіне сенбейді» (осы том, 112-бет).

1923 жылғы майда II және II½ Интернационалдар Социалистік жұмысшы Интернационалы дейтінге бірікті.—*5.*

[3] 1919 жылы 13 апрельде Пенджабтың маңызды өнеркәсіп орталығы Амритсарда отаршылардың террорына қарсы наразылық білдірген мыңдаған еңбекшілердің митингісіне ағылшын әскерлері оқ атты. Мыңға жуық адам өліп, екі мыңдай адам жаралы болды. Амритсар қырғынына жауап ретінде Пенджабта халық көтерілісі бұрқ ете түсті; толқу Индияның басқа аудандарына да жайылды. Ағылшын отар-

шылары Пенджабтағы көтерілісті аяусыз басып-жаныштады. — *5.*

[4] Электротехниктердің Бүкіл россиялық съезі туралы 70-ескертуді қараңыз. — *10.*

[5] *«Последние Новости»* («Соңғы Жаңалықтар») — ақ эмигранттық күнделікті газет, контрреволюциялық кадеттер партиясының органы; 1920 жылғы апрельден 1940 жылғы июльге дейін Парижде шығарылып тұрды; газеттің редакторы П. Н. Милюков болды. — *11.*

[6] *«Коммунистический Труд»* («Коммунистік Еңбек») — күнделікті газет; РКП(б) Москва комитеті мен жұмысшы және шаруа депутаттары Москва Советінің органы. 1920 жылғы 18 марттан шыға бастады; 1922 жылғы 7 февральдан бастап «Рабочая Москва» деген атпен, 1939 жылғы 1 марттан — «Московский Большевик» деген атпен шығып тұрды, ал 1950 жылғы 19 февральдан бастап «Московская Правда» деген атпен шығып келеді. — *12.*

[7] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 411—412-беттер.— *12.*

[8] *«Коммунистік партиялардың ұйымдық құрылысы туралы, олардың жұмысының әдістері мен мазмұны туралы тезистердің»* жобасын Коминтерннің III конгресіне арнап О. В. Куусинен әзірлеген болатын. 1921 жылы 6 июньде ол ұйымдық мәселе жөнінде өзі жазған мақаланың бір бөлегін және мақаланың негізгі қағидалары етіп алынған тезистерді В. И. Ленинге жібереді. Лениннің нұсқауларына сәйкес автор тезистерді өңдеп, оны (партиялық баспасөзге қатысы бар 25—29-параграфтарды қоспай) 17 июньде Ленинге қайтадан жібереді; 21 июньде тезистердің жетіспейтін бөлегін (25—29-параграфтарды) жібереді. В. И. Ленин тезистердің осы нұсқасын, сірә, қайтадан оқып шықса керек. 27 июньде О. В. Куусинен ұйымдық мәселе туралы тезистердің Лениннің нұсқауларын негізге алып, қайтадан өңделген үшінші нұсқасын В. И. Ленинге жібереді. Тезистерді толықтырып өңдеуге неміс коммунисі В. Кёнен де қатысады. 9 июльде В. И. Ленин тезистерді мақұлдап, оған өзінің ақырғы ескертпелерін және қосымшаларын (қараңыз: осы том, 58-бет) жазып береді. Комиссияда талқыланғаннан кейін тезистерді Коминтерннің III конгресі 12 июльде кейбір өзгерістермен қабылдайды (қараңыз: «Коммунистік Интернационал жөніндегі документтер. Коминтерн конгрестері мен Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті пленумдарының шешімдері, тезистері және үндеу хаттары. 1919—1932». М., 1933, 201—225-беттер). — *13.*

9 Коминтерннің III конгресінде ұйымдық мәселе жөніндегі баяндаманы 1921 жылы 10 июльде неміс коммунисі В. Кёнен оқып берді. — *13.*

10 *«Коммунистический Интернационал»* («Коммунистік Интернационал») — журнал, Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің органы; орыс, неміс, француз, ағылшын, испан және қытай тілдерінде шығып тұрды. Бірінші номері 1919 жылы 1 майда шықты. Журналда теориялық мақалалар және Коммунистік Интернационалдың документтері басылып тұрды, онда Лениннің бірқатар мақалалары («Үшінші Интернационал және оның тарихта алатын орны», «III Интернационалдың міндеттері туралы (Рамсей Макдональд III Интернационал туралы)», «Итальян, француз және неміс коммунистеріне сәлем», «Құрылтай жиналысының сайлауы және пролетариат диктатурасы», «Публицистің заметкалары» деген және басқа еңбектері) жарияланды. Журнал редакциясы Коминтернге кірген барлық партиялардың өкілдерінен құрылды. Журналда халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалыс проблемаларына байланысты маркстік-лениндік теорияның негізгі мәселелері, Совет Одағындағы социализм құрылысының тәжірибесі жазылып тұрды және түрлі антилениндік ағымдарға қарсы күрес жүргізілді. Коминтерн Атқару Комитеті Президиумының Коммунистік Интернационалды тарату туралы 1943 жылғы 15 майдағы қаулысына байланысты 1943 жылдың июнінде журналды шығару тоқтатылды. — *15.*

11 *Итальян мәселесі* Коминтерннің III конгресіне Итальян социалистік партиясын Коминтерннен шығару туралы және Италия Коммунистік партиясын Коминтерннің Италиядағы бірден-бір секциясы деп тану туралы Коминтерн Атқару Комитетінің шешіміне қарсы Итальян социалистік партиясының наразылық білдіруіне байланысты талқылауға қойылды.

Итальян социалистік партиясы 1919 жылғы октябрьде Коминтернге қосылды. Итальян социалистік партиясының өкілдері Коминтерннің II конгресіне қатысты, әйтсе де конгресте Итальян социалистік партиясы делегациясының басшысы Д.-М. Серрати бірқатар мәселелер жөнінде теріс позиция ұстады. Конгрестен кейін Серрати реформистерден ажырасуға өзінің қарсы екенін айтты; партияның центристік басшылығы күресіп жатқан жұмысшы табына өзінің тартыншақтығы, ауытқушылығы, реформистерге ымырашылдық көзқарасы арқылы іріткі салды, оған теріс бағыт берді.

1921 жылы 15—21 январьда Ливорнода өткен Итальян социалистік партиясының съезінде Коминтернге қосылу жөніндегі 21 шарттың сөзсіз қабылдануын және реформистердің партиядан шығарылуын талап еткен солшылдардың қарары көпшілік дауыс ала алмады. 21 январьда, дауыс берілгеннен кейін, солшылдар өздерінің социалистік партиядан

шығатындығын мәлімдеді. Олар сол күні-ақ басқа бір үйде жиналып, Италия Коммунистік партиясының Құрылтай съезін өткізді және Коминтернге кірудің 21 шартын сөзсіз қабылдау жөнінде шешім қабылдады.

Итальян социалистік партиясындағы жікке бөліну халықаралық маңыз алды, өйткені коммунистік партиялардағы оңшыл ағымдардың бірқатар өкілдері (Германия Біріккен коммунистік партиясында П. Леви, Австрия Коммунистік партиясында И. Штрассер және басқалар) Серратидің центристік саясатын жақтап, Итальян социалистік партиясының жікке бөлінуіне қарсы шықты, демек, Италия Коммунистік партиясының құрылуына қарсы шықты.

Итальян социалистік партиясы оны Коминтерннен шығару жөніндегі Коминтерн Атқару Комитетінің шешіміне қарсылық білдіріп, III конгреске құрамына К. Лаццари, Ф. Маффи және Э. Рибольди енгізілген делегация жіберді.

Коминтерннің III конгресі 1921 жылғы 29 июньде Итальян социалистік партиясы туралы мынадай шешім қабылдады: «Итальян социалистік партиясы Реджио-Эмилиядағы реформистік конференцияға қатысушыларды және оларды қолдаушыларды өз қатарынан шығармайынша, Итальян социалистік партиясы Коммунистік Интернационалда бола алмайды.

Осы алдын ала қойылған үзілді-кесілді талап орындалған күнде Дүние жүзілік III конгресс реформистік және центристік элементтерден тазартылған Итальян социалистік партиясын Италия Коммунистік партиясымен біріктіруге қажетті қадамдар жасауды, сөйтіп оларды Коммунистік Интернационалдың бірыңғай секциясына айналдыруды Атқару Комитетіне жүктейді» («Коммунистік Интернационал жөніндегі документтер. Коминтерн конгрестері мен Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті пленумдарының шешімдері, тезистері және үндеу хаттары. 1919—1932», М., 1933, 164-бет). Коминтерннің III конгресінің бұл шешімі жүзеге асырылған жоқ.

1923 жылдың көктемінде Итальян социалистік партиясының ішінде солшыл фракция —«үшінші интернационалистер» ұйымдасты (Д.-М. Серрати, Ф. Маффи және басқалар), бұлар Италия Коммунистік партиясына қосылуды жақтады. 1924 жылы августа «үшінші интернационалистер» Италия Коммунистік партиясына қосылды. — *16.*

12 *«Le Stampa»* («Баспасөз») — итальян буржуазиялық газеті; 1867 жылдан Туринде шығып тұрады. — *16.*

13 *«Corriere della Sera»* («Кешкі Курьер») —итальян буржуазиясының ықпалды газеті; 1876 жылдан Миланда шығып тұрады. — *16.*

14 Бұл арада Итальян социалистік партиясының «социалистік топтасу» фракциясы дейтін реформистік қанатының 1920

жылы 10—11 октябрьде Реджио-Эмилияда болып өткен конференциясы айтылып отыр. Конференция Коминтернге кірудің 21 шартын сөзсіз қабылдаудан бас тартып, өкіметті революциялық жолмен жеңіп алуды, пролетариат диктатурасын және Совет өкіметін орнатуды теріске шығарған қарар қабылдады. В. И. Лениннің Реджио-Эмилиядағы конференцияға берген толық бағасын оның «Итальян социалистік партиясының ішіндегі күрес туралы» деген еңбегінен қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 41-том, 447—448-беттер).

Реджио-Эмилиядағы конференция жөніндегі В. И. Ленин айтып отырған есеп «Corriera della Sera» газетінің 1920 жылғы 11 және 12 октябрьдегі 244 және 245-номерлерінде, сондай-ақ «Avanti!» газетінің 1920 жылғы 13 октябрьдегі 245-номерінде басылды. — *16.*

15 *«Avanti!»* («Алға!»)— күнделікті газет, Итальян социалистік партиясының орталық органы; 1896 жылы декабрьде Римде құрылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында газет реформистермен байланысты үзбей, дәйексіз интернационалистік позиция ұстады. 1926 жылы газетті Муссолинидің фашистік үкіметі жауып тастады, бірақ шетелде одан әрі шығарыла берді; 1943 жылдан бастап қайтадан Италияда шығып тұрады. — *16.*

16 Ленин бұл арада, сірә, 1920 жылы 20—21 ноябрьде Флоренцияда болып өткен «унитарлық» фракцияның (Д.-М. Серрати, А. Баратоно және басқалар) конференциясын айтып отырса керек. Конференция реформистерден ажырасуға қарсы болған пікір айтты, сөйтіп Коммунистік Интернационалға кірудің 21 шартын осындай ескертумен қабылдауды жақтады. — *17.*

17 1919 жылғы январьда Эберт — Шейдеманның герман үкіметі жұмысшылар арасында үлкен беделі бар Берлин полициясының бастығы, солшыл тәуелсіз Эйхгорнды отставкаға жіберіп, Берлин жұмысшыларын бой көрсетуге арандатты. Эйхгорнды орнынан түсіргеннен кейін келесі күні, 4 январьда, жұмысшылардың наразылық білдірген демонстрациясы жаппай стачкаға және Эберт — Шейдеман үкіметін құлату ұранын көтерген қарулы көтеріліске ұласты. Көтерілісті Революциялық қимыл комитеті басқарды, оған тәуелсіздердің өкілдері және Германия Коммунистік партиясынан К. Либкнехт пен В. Пик кірді. Коммунистік партия көтерілісті ертерек басталды деп есептесе де, бұқараның революциялық бой көрсетуін барынша қолдауды ұйғарды. Берлиндегі оқиғалардың әсерімен Рейн облысында, Рурда, Бременде және басқа да жерлерде пролетариаттың революциялық күресі өріс алды.

Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының Орталық Комитеті қозғалыстың етек алуынан қорқып, үкіметпен келіс сөз жүргізуге кірісті, үкімет мұны жұмыс-

шыларға қарсы контрреволюциялық шабуылға әзірлік жасауға пайдаланды. 11 январьда үкімет Носке бастаған контрреволюциялық күштерді жұмысшыларға қарсы жұмсады, сөйтіп жұмысшылар көтерілісін қанға бояды. Ақ террордың өршіген кезінде, 1919 жылғы 15 январьда, неміс жұмысшы табының көсемдері К. Либкнехт пен Р. Люксембург тұтқынға алынып, өлтірілді. Осының ізінше елдің басқа да бөліктерінде жұмысшылардың бой көрсетулері аяусыз басып жаншталды. — *18.*

[18] 1920 жылы сентябрьде Италияның металлургия өнеркәсібі жұмысшыларының кәсіподағы мен өнеркәсіпшілер ассоциациясы арасында туған жанжал кезінде жұмысшы-металлистер кәсіподақ ұйымының инициативасымен кәсіпорындарды басып алды. Турин мен Миланда басталған қозғалыс бүкіл Пьемонтқа жайылды, одан соң Солтүстік Италияға ауысып, ақырында бүкіл елді қамтыды; металлургиялық және механикалық кәсіпорындардың ізінше қозғалыс өнеркәсіптің басқа да салаларына тарады; Сицилияның және басқа жерлердің шаруалары жерді басып ала бастады. Қозғалыс кең етек алды, енді оның одан әрі, тіпті капиталистік режимді құлатқанға дейін дами беретіні айқын болды. Алайда Итальян социалистік партиясы мен кәсіподақтардың реформистік басшылары қозғалыстың саяси сипатынан қорқып, оны кеңейтпеу керек және революциялық дәрежеге көтермеу керек, оны кәсіподақ шеңберімен шектеу керек деген шешім қабылдады; сонымен қатар өнеркәсіпшілермен келіс сөз жүргізе бастауды ұйғарды.

Бұл шешім Италияның жұмысшы қозғалысына үлкен соққы болып тиді және бұқараның нақты күші мен басшылардың сол бұқараның көсемі болуға қабілетсіздігі арасында толық сәйкестік жоқ екенін көрсетті.

Кәсіпорындарды басып алу қозғалысы сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, жұмысшы табының абыржып қалғанын пайдаланып, фашизм Италияда өзінің қарулы шабуылын бастады. — *20.*

[19] Әңгіме Коминтерннің III конгресінде орыс делегациясы енгізген тактика туралы тезистердің жобасына неміс, австриялық және итальян делегациялары жасаған түзетулер жөнінде болып отыр. Бұл түзетулер Коминтерннің III конгресінің органы «Moskau» газетінде неміс тілінде жарияланды. — *23.*

[20] *Герман Коммунистік жұмысшы партиясы* немесе Германия Коммунистік жұмысшы партиясы — 1920 жылы апрельде «солшыл» коммунистерден құрылды; олар 1919 жылы Гейдельберг съезінде Германия Коммунистік партиясынан шығарылған болатын. 1920 жылы ноябрьде, Германиядағы барлық коммунистік күштерді біріктіруді жеңілдету үшін және Германия Коммунистік жұмысшы партиясының ең таңдаулы пролетарлық элементтерін қолдау үшін бұл партия ниет-

тес мүше правосында Коминтернге уақытша қабылданды. Бірақ Коминтерн Атқару Комитеті Германия Біріккен коммунистік партиясын бірден-бір уәкілетті секция деп санады. Коминтернге қабылданарда Германия Коммунистік жұмысшы партиясының өкілдеріне Германия Біріккен коммунистік партиясымен қосылу және оның барлық іс-қимылдарында оны қолдап отыру керек деген шарт қойылды. Германия Коммунистік жұмысшы партиясының басшылығы Коминтерн Атқару Комитетінің бұл нұсқауына құлақ аспады. Коминтерннің III конгресі Германия Коммунистік жұмысшы партиясының соцына әлі де ерген жұмысшылар үшін күресе отырып, бұл партияға 2—3 ай уақыт беруге қаулы алды, ол осы мерзім ішінде съезд шақырып, бірігу туралы мәселені шешуге тиісті болды. Егер, делінген III конгрестің шешімінде, бұл съезд герман коммунистерінің бірігуін мақұлдамаса, онда Германия Коммунистік жұмысшы партиясы Коминтерннен шығарылды деп саналады. Коминтерн Атқару Комитеті конгресс шешімін баяндап, Германия Коммунистік жұмысшы партиясына сектанттықтан бас тартудың және Германия Біріккен коммунистік партиясымен бірігудің қажет екенін көрсетіп, III конгресс атынан «Германия Коммунистік жұмысшы партиясының мүшелеріне» үндеу хат жолдады. Германия Коммунистік жұмысшы партиясының басшылығы III конгресс шешімін орындамады, өзінің жікшілдік жұмысын тоқтатпады, сондықтан Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитеті онымен қатынасын үзуге мәжбүр болды. Германия Коммунистік жұмысшы партиясы Коминтерннен тысқары қалды. Кейіннен Германия Коммунистік жұмысшы партиясы жұмысшы табы ішінде ешқандай тірегі жоқ, Германия жұмысшы табына жау, түкке тұрғысыз сектанттық топқа айналды. — *24*.

21 Әңгіме Германия Біріккен коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Германия Социалистік партиясына, Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясына, Германия Коммунистік жұмысшы партиясына және барлық кәсіптік ұйымдарға арналған «Ашық хаты» («Offener Brief») жөнінде болып отыр; ол 1921 жылы 8 январьда «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетінде жарияланды. Бұл хатта Германия Біріккен коммунистік партиясы барлық жұмысшыларды, кәсіптік және социалистік ұйымдарды өршіп келе жатқан реакцияға және еңбекшілердің өмірлік праволарына қол сұққан капиталға қарсы бірлесіп күресуге шақырды. Коммунистер ұсынған бірлесе отырып қимыл жасау программасы соғыс мүгедектерінің пенсияларын өсіру, жұмыссыздықты жою, монополиялар есебінен елдің финанс жағдайын жақсарту, фабзавкомдардың қолдағы барлық азық-түлікке, шикізатқа, отынға бақылау орнатуы, барлық тоқтатылған кәсіпорындарды іске қосу, ауыл шаруашылық батырақтары ұйымдарымен бірге шаруалар Советтерінің егіске, бүкіл

ауыл шаруашылық өнімдерін жинауға және сатуға бақылау жасауы, буржуазияның барлық әскериленділген ұйымдарын дереу таратып, қарусыздандыру, жұмысшылардың өзін өзі қорғауын құру, барлық саяси тұтқындарға амнистия беру, Советтік Россиямен сауда және дипломатиялық қатынастарды дереу қалпына келтіру жолында күресуді көздеді. Ленин «Ашық хатқа» жоғары баға берді (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 221-бет).

Жұмысшылардың пролетариаттың біртұтас майданын жақтап шыққанына қарамастан, «Ашық хат» арналған ұйымдардың оңшыл басшылығы коммунистермен бірлесе отырып қимыл жасау жөніндегі ұсынысты қабылдамай тастады. — *25.*

22 *Шабуылды күрес теориясының* немесе «шабуыл теориясының» мәні мынада: революциялық бой көрсетуге қажетті объективтік алғы шарттар бар ма, жоқ па, еңбекшілердің қалың бұқарасы коммунистік партияны қолдай ма, жоқ па, мұны есепке алмай-ақ, партия шабуыл тактикасын жүргізуге тиіс; бұл теория 1920 жылы декабрьде Германия Коммунистік партиясы мен Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясы сол қанатының Бірігу съезінде жарияланған еді. «Шабуыл теориясының» Венгрия, Чехословакия, Италия, Австрия, Франция «солшылдары» ішінде де ізбасарлары болды; Германия пролетариатының 1921 жылғы марттағы бой көрсетуіне осы теория негіз болды және оның жеңіліске ұшырау себебінің де бірі болды. Март көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін «солшылдар» Германия Біріккен коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қателерін ақтауға тырысты; марттағы бой көрсетулер туралы Германия Біріккен коммунистік партиясының Орталық Комитеті 1921 жылғы 8 апрельде қабылдаған тезистерде былай делінген: Германия Біріккен коммунистік партиясы әрқашан да марттағы бой көрсетулерге негіз болған «революциялық шабуыл бағытын ұстауға» тиіс; шабуыл қимылдары «егер олар жеңіліске ұшыраған күнде де болашақ жеңістің алғы шарты және революциялық партия үшін бұқараны өз жағына шығарудың бірден-бір мүмкін құралы болып табылады...». Коминтерннің III конгресінде «шабуыл теориясын» жақтаушылар осы «теорияны» Коммунистік Интернационалдың тактика туралы шешімдерінің негізіне алуға күш салды. Ленин конгресте сөйлеген сөздерінде бұл «теорияның» қателігін және авантюристігін көрсетті; конгресс төзімділікпен әзірлеп, сөйтіп жұмысшы табының көпшілігін коммунистік қозғалыс жағына шығарып алу жөніндегі Лениннің ұсыныстарын мақұлдады. — *27.*

23 Әңгіме Германия пролетариатының 1921 жылғы марттағы қарулы бой көрсетуі жөнінде болып отыр.

Коммунистердің бұқара арасындағы беделінің өсуінен қо-

рыққан герман буржуазиясы пролетариаттың революциялық авангардын мезгілі жетпеген және әзірленбеген қарулы бой көрсетуге арандатып, жұмысшы табының революциялық ұйымдарын талқандамақшы болды. 16 мартта Пруссия полициясының обер-президенті социал-демократ Герзинг қылмыскер элементтер стачкалар туғызады-мыс деп, оларға қарсы күресу дегенді сылтау қылып, Орта Германиядағы кәсіпорындарға полиция отрядтарын жіберу жөнінде бұйрық шығарды. Өкіметтің арандатушылық әрекеттері жұмысшылардың ашу-ызасын туғызды, полициямен қақтығыстар басталды.

Германия Біріккен коммунистік партиясы Орталық Комитетінің солшыл көпшілігі «шабуыл теориясы» дейтінге сүйеніп, жұмысшыларды мезгілсіз көтеріліс жасау жолына итермеледі. 17 мартта Германия Біріккен коммунистік партиясының Орталық Комитеті «пролетариат шайқасқа шығуға міндетті» деген шешім алып, Германия пролетариатын Орта Германия жұмысшыларына көмек беру үшін жаппай ереуіл жасауға шақырды. Бірақ жұмысшы табының көпшілігі бой көрсетуге әзірленбеген еді, сөйтіп шайқастарға қатыса алмады; тек Орта Германияда ғана бой көрсету қарулы күрес сипатын алды. Марттағы бой көрсету кезінде жас Германия Коммунистік партиясы бірқатар қателер жіберді. Жұмысшылардың қаһармандық күресіне қарамастан, марттағы бой корсету басып-жанышталды; коммунистік партия мен жұмысшы табына ауыр соққы тиді. Социал-демократтардың және реформистік кәсіподақтар лидерлерінің жіктелуге және күшті бөлшектеуге бағытталған сатқындық саясаты көтерілістің сәтсіздікке ұшырауының аса зор себептерінің бірі болды. П. Леви көтеріліске және коммунистік партияға үлкен кесел келтірді.

Марттағы шайқастар Германияның революциялық жұмысшы қозғалысының дамуындағы ірі кезең болды.

Марттағы бой көрсетуді талқылау III конгресс жұмысында үлкен орын алды. Коммунистердің осы ірі шайқастағы бірқатар қателерін атап көрсете келіп, конгресс қарары мынадай тұжырым жасады: конгресс «марттағы бой көрсетуді бір қадам ілгері басқандық деп санайды. Марттағы бой көрсету жүз мыңдаған пролетарлардың буржуазияға қарсы қаһармандық күресі болды. Ал Германия Біріккен коммунистік партиясы Орта Германия жұмысшыларын қорғауға басшылық етуді өз қолына алып, өзі Германияның революциялық пролетариатының партиясы екенін дәлелдеді» («Коммунистік Интернационал жөніндегі документтер. Коминтерн конгрестері мен Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті пленумдарының шешімдері, тезистері және үндеу хаттары. 1919—1932». М., 1933, 194-бет).— *28.*

[24] Әңгіме 1921 жылғы апрель—июньде болған ағылшын кеншілерінің стачкасы жөнінде болып отыр. 1921 жылы 24

мартта ағылшын үкіметі шахталарға мемлекеттік бақылау жасауды тоқтату жөнінде акт қабылдады; бұл бақылау соғыс кезінде орнатылған болатын; бір аптадан кейін, 31 мартта, шахта иелері жалақыны 30 процентке, ал кейсыбір аудандарда 50 процентке дейін кемітуді көздеп, жұмысшыларға ультиматум қойды, локаутпен қорқытты. 1 апрельде шахтерлер жұмысты тоқтатты; стачкаға миллионнан астам адам қатысты. Стачканың бірінші күні-ақ елде төтенше жағдай жарияланып, көмірлі аудандарға әскер жіберілді.

Өнеркәсіп пен транспорттың жетекші салаларындағы жұмысшылар 15 апрельде ынтымақтастық ереуілін өткізбекші болды. Бірақ кәсіподақтардың реформистік лидерлері бұл ереуілді болдырмады. Реакцияшыл кәсіподақтар көсемдері стачканы болдырмай тастаған күнді ағылшын жұмысшы табы «қара жұма» деп атады. Кенші-жұмысшылар сонда да тоғыз апта бойы күрес жүргізді, бірақ июньнің аяқ кезінде тізе бүгуге мәжбүр болды. — *32.*

25 Бұл арада Коммунистік Интернационалдың III конгресінің «Дүние жүзілік жағдай және біздің міндеттеріміз» деген қарары айтылып отыр (қараңыз: «Коммунистік Интернационал жөніндегі документтер. Коминтерн конгрестері мен Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті пленумдарының шешімдері, тезистері және үндеу хаттары. 1919—1932». М., 1933, 165—180-беттер). — *35.*

26 1921 жылы 26 майда жапон интервенттерінің қолдауымен ақ гвардияшылар Владивостокта Қиыр Шығыс республикасының Приморье облыстық басқармасын құлатып, өкімет басына фабриканттар — ағайынды Меркуловтар бастаған ірі буржуазияның өкілдерін қойды. Приморьеде буржуазиялық диктатура мен террор режимі орнады; оңтүстік Приморье Қиыр Шығыста империалистік интервенцияны одан әрі жүргізудің плацдармы болды.

Қиыр Шығыс республикасының В. К. Блюхер, одан кейін И. П. Уборевич қолбасшылық еткен халықтық-революциялық армиясы ақ гвардияшыларды талқандады (1922 жылы 14 февральда Хабаровск, 25 октябрьде Владивосток азат етілді). Жапония өз әскерлерін Қиыр Шығыстан әкетуге мәжбүр болды. 1922 жылы 14 ноябрьде Қиыр Шығыс республикасының Халық жиналысы Қиыр Шығыс революциялық комитетін құру жөнінде шешім қабылдады, бүкіл өкімет билігі түгелдей соның қолына беріліп, оған Қиыр Шығысты Советтік Россиямен біріктіру ісін жүзеге асыру тапсырылды. 1922 жылы 15 ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы декрет шығарып, Қиыр Шығыс республикасын РСФСР-дің ажырамас бөлігі деп жариялады.— *36.*

27 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Европа қарусыздана ала ма?» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 413-бет). — *41.*

28 *Чехословак партия съезі* — Чехословак социал-демократиялық (солшыл) партиясының съезі; бұл Чехословакия Коммунистік партиясының Құрылтай съезі болды. Съезд 1921 жылы 14—16 майда Прагада өтті; оған 350 мыңнан астам партия мүшесінің өкілі болып 569 делегат қатысты. Съезд делегаттардың қызу және ұзаққа созылған овациясы үстінде III Интернационалға кіру жөнінде қарар қабылдады. Съезде негізгі баяндамашы Б. Шмераль болды.

Ленин Чехословакия Коммунистік партиясы Құрылтай съезінің материалдарын мұқият зерттеді (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 288, 289, 311-беттер).

«Vorwärts» («Алға») — газет; 1911 жылы майда Австрия социал-демократтардың солшыл бағытының органы ретінде Рейхенбергте шыға бастады. Газет 1921 жылдан бастап Чехословакия Коммунистік партиясының (неміс бөлімі) органы болды. — *46.*

29 Одан әрі стенограммада (В. И. Ленин немісше сөйлеген) былай: «als Glied der Weltwirtschaft»; стенограмманың француз тіліндегі аудармасында: «comme membre de l'économie mondiale»; ағылшын тіліндегі аудармасында: «as a member of the world's economy» («дүние жүзілік шаруашылықтың мүшесі ретінде»). 1921 жылғы 9 июльде «Правдада» жарияланған баяндаманың текстінде бұл келтірілген сөздер жоқ. Томда бұл жері «Правда» бойынша берілген.— *50.*

30 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 411—412-беттер.— *53.*

31 Әңгіме Кронштадтта 1921 жылы мартта болған контрреволюциялық көтеріліс жөнінде болып отыр.— *55.*

32 Б. Шмеральдің Чехословакия Коммунистік партиясының Құрылтай съезінде жасаған баяндамасы «Vorwärts» газетінде толық жарияланған жоқ. К. Крейбих бастаған Чехословакия «солшылдары» осы газеттің төңірегіне топтасқан еді.

Тактика жөніндегі комиссия В. И. Лениннің ұсыныстарын қабылдады. Тактика туралы тезистердің Чехословакия Коммунистік партиясына қатысы бар бөлімі В. И. Лениннің ұсынысына сәйкес редакцияланды.— *57.*

33 В. И. Лениннің ескертпелерін О. В. Куусинен мен В. Кёнен ескерді (қараңыз: «Коммунистік Интернационал жөніндегі документтер. Коминтерн конгрестері мен Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті пленумдарының шешімдері,

тезистері және үндеу хаттары. 1919—1932». М., 1933, 221 және 223—224-беттер).— *58.*

[34] 1921 жылы июльдің бас кезінде Берлиннің муниципалдық кәсіпорындарының жұмысшылары мен қызметшілері жалақыны өсіруді талап етіп, ереуіл жарияламақшы болды. Жұмысшылардың көпшілігі (80 мыңдайы) ереуілді жақтады. Бірақ реформистер ереуілді болдырмай тастады: жұмысшылар мен қызметшілер өкілдері және социал-демократтар отырған Берлин магистраты арасында болған келіс сөздердің нәтижесінде жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысы аздап өсірілді.— *61.*

[35] 1921 жылы июльдің алғашқы күндері Лилльдегі (Франция) мақта-мата фабрикаларының жұмысшылары фабриканттардың жалақыны төмендетуіне байланысты ереуіл жариялады. Ереуіл Норд және Вож (Вогезы) департаменттерін қамтыды; ереуілшілердің саны 60 мыңға жетті. Сентябрьдің бірінші жартысында Францияның Солтүстік ауданы жұмысшыларының жаппай ереуілі жарияланды; оларға уақытша басқа аудандардың жұмысшылары қосылды. Үкімет Солтүстік ауданға әскер жіберді, сонымен қатар жұмысшылар мен фабриканттар арасындағы келіс сөздерге төреші болды. Екі ай бойы күрескен жұмысшылардың табандылығына қарамастан, кәсіподақтар басшыларының реформистік тактикасы мен экономиканың қолайсыз жағдайлары салдарынан ереуіл жеңіліске ұшырады.— *61.*

[36] Рим жұмысшыларының 1921 жылы 8 июльдегі бұқаралық митингісі туралы толық хабар 1921 жылы 10 июльде «Праваданың» 149-номерінде басылды.— *62.*

[37] *Совет мекемелеріндегі қызметшілерге коллективтік еңбек ақы төлеу туралы қаулының жобасы* 1921 жылы 14, 21, 24, 28 июньде және 8 июльде Халық Комиссарлары Советінде талқыланды. Карточка бойынша, тізім бойынша жеке жабдықтауды және заттай сыйлық беруді жою коллективті түрде жабдықтау жүйесінің мәні болды. Жұмысшылар мен олардың семья мүшелерін жабдықтаудың бәрі тек қана жалақы түрінде жүргізілді, ал жалақының мөлшері әрбір кәсіпорын үшін тұтас, яғни сол кәсіпорынның барлық жұмысшылары мен қызметшілері үшін коллективті түрде белгіленді. 18 июньде Еңбек және Қорғаныс Советі «Кейбір мемлекеттік кәсіпорындардың жұмысшылары мен қызметшілерін коллективті түрде жабдықтау туралы» қаулыға қол қойды. 24 июньде Халық Комиссарлары Советі совет мекемелеріндегі қызметшілерге Москва мен Петроградта 1 июльден, ал республиканың басқа жерлерінде ерте дегенде 1 сентябрьден бастап коллективтік еңбек ақы төлеуге көшу туралы шешім қабылдап, комиссия құрды, оның міндеті

мынадай болды: «совет қызметшілерінің саны қысқартылғаннан кейін қанша болатынын, оларға ақшалай және заттай төленетін ақы қай мөлшерде болатынын шамамен алынған шағын деректердің негізінде болса да анықтап, осы жобаны қайта өңдеу. Ал жүзеге асырылатын қысқартудың нормасын ең аз дегенде екі есе, мүмкін болғанынша үш есе деп есептеу керек. Комиссия совет мекемелерінде еңбек өнімділігінің қанағаттанарлық дәрежеде болуын қамтамасыз ететіндей жағдайға жету жөніндегі нұсқауды басшылыққа алуы керек». 1921 жылы 28 июньде Халық Комиссарлары Советі А. Б. Халатов пен Л. И. Гинзбургтің баяндамасы бойынша совет мекемелеріндегі қызметшілерге коллективтік еңбек ақы төлеу туралы қаулы алып, «А» пункті жөніндегі В. И. Ленин ұсынған түзетулерді, «Г» пункті жөніндегі В. И. Лениннің тұжырымдауын қабылдады. Қаулының түпкілікті текстін Халық Комиссарлары Советі 1921 жылы 8 июльде қабылдады. — *65.*

38 В. И. Лениннің кәсіпорындарға сыйлық беру жөніндегі ұсынысы А. С. Киселевтің «Кәсіпорындар мен мекемелердің шаруашылықты дефицитсіз жүргізуге көшірілуін тездету туралы» баяндамасы бойынша 1921 жылғы 7 июльде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының шешіміне байланысты жазылды. Саяси бюроның қаулысында: «Жеке кәсіпорындарды, сол сияқты совет мекемелерін де шаруашылықты дефицитсіз жүргізуге көшіру жөніндегі шараларды неғұрлым жігерлі жүргізу совет мекемелеріне жүктелсін» делінген.— *69.*

39 1921 жылы Поволжьені және Украинаның оңтүстігін қамтыған ашаршылыққа байланысты 1921 жылы 9 июльде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы коммунистердің басым көпшілігін азық-түлік жұмысына көшірудің қажеттігі туралы шешім қабылдады. *«Ашаршылыққа қарсы күресу шаралары туралы және шаруашылық жұмысын күшейту туралы заметкаларын»* Ленин, сірә, коммунистерді азық-түлік жұмысына көшіру жөніндегі мәселені Саяси бюро мәжілісіне әзірлеуге байланысты жазса керек. — *70.*

40 *Тұтынушылар қоғамдары орталық одағы уәкілдерінің съезі* (Тұтынушылар қоғамдары орталық одағы уәкілдерінің Бүкіл россиялық 3-ші жиналысы) 1921 жылы 16—23 июльде Москвада болып өтті. Съезд жұмысына Россияның әр түрлі аудандарынан 384 делегат (250 делегат шешуші дауыспен, 134 делегат кеңесші дауыспен) қатысты. Съезд Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының қызметі және тұтыну кооперацияларының перспективалары туралы, Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының сауда және товар айырбастау қызметі туралы, жұмысшы кооперациясы, елдің сыртқы сауда жағдайы мен оның перспективалары және коопера-

цияның сыртқы саудадағы ролі туралы, егін шықпай күйзеліске ұшыраған аудандарға кооперацияның көмегі туралы және басқа да мәселелерді талқылады. В. И. Ленин съездің құрметті председателі болып сайланды. Лениннің құттықтауы 16 июльде, съездің бірінші пленум мәжілісінде оқылды.— *73.*

41 *Революциялық кәсіптік және өндірістік одақтардың Халықаралық I конгресі* 1921 жылы 3—19 июльде Москвада өтті. Конгреске Европаның, Американың және Азияның 41 елінен (Россиядан, Англиядан, Италиядан, Испаниядан, Франциядан, Болгариядан, Югославиядан, Германиядан, Чехословакиядан, Австриядан, Польшадан, Финляндиядан, Кореядан, Қытайдан, Оңтүстік Африкадан және басқа елдерден) 380 делегат қатысты. Конгрестің күн тәртібі: 1) Кәсіптік одақтардың 1920 жылы июльде құрылған халықаралық Уақытша советінің баяндамасы; 2) Дүние жүзілік экономикалық дагдарыс, кәсіподақтардың міндеттері мен тактикасы; 3) Кәсіподақтар, партиялар, кәсіподақтардың Қызыл Интернационалы және Коммунистік Интернационал; 4) Кәсіптік одақтар, фабрика-завод комитеттері мен фабрикалық староссталар; 5) Кәсіптік одақтар және өндіріске жұмысшы бақылауы; 6) Жұмыссыздық; 7) Халықаралық кәсіптік өндірістік бірлестіктер; 8) Ұйымдық мәселе; 9) Өндірістегі және кәсіподақтардағы әйелдер. Бұл — кәсіподақтар Қызыл Интернационалының құрылтай конгресі болды; кәсіподақтардың Қызыл Интернационалы 1937 жылдың аяғына дейін өмір сүрді және халықаралық кәсіптік қозғалыстың тарихында үлкен роль атқарды. Конгресс кәсіподақтар Қызыл Интернационалының уставын және басқа мәселелер жөнінде қарарлар қабылдады. Кәсіптік ұйымдардың қызметіне тұрақты басшылық етуді жүзеге асыру үшін конгресс Кәсіподақтар Интернационалының Орталық советін құрды. Кәсіподақтар Интернационалы жұмысшы табының талаптарын қорғауда революциялық күресті негізге алып, кәсіптік қозғалыстың бірлігін орнату жолында, капитал мен фашизмнің шабуылына қарсы, империалистік соғыс қаупіне қарсы, Советтік Россияның жұмысшы табымен жақындасу жолында күресті.

Лениннің құттықтауы конгресс жұмысына оның қатысуын өтінген бірсыпыра делегациялардың шақыруына жауап болды және ол 19 июльде, конгрестің он жетінші мәжілісінде оқылды.— *75.*

42 Бүкіл россиялық X партия конференциясы жаңа экономикалық саясатты жүзеге асырудың алғашқы қорытындыларын шығара келіп, партия және шаруашылық органдарының алдына бүкіл жұмысты жаңа негіздерге сүйеніп, неғұрлым жігерлі түрде қайта құру міндетін қойды.

1921 жылы 6 июльде Халық шаруашылыгы жоғары советі-

нің президиумы қаулы алып, шаруашылық саясатына басшылық етуді қайта құру жөнінде шаралар белгіледі. 10 июльде В. И. Ленин осы қаулыны редакциялады (қараңыз: Лениннің XX жинағы, 102—106-беттер) және талқылау үшін бірсыпыра жолдастарға (Г. М. Кржижановскийге, Н. П. Брюхановқа, А. М. Лежаваға және басқаларға) жібере отырып, мынадай қосымша енгізді: «Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумы РКП Орталық Комитетінен осы қаулыны мүмкін болғанынша тезірек қарап, бекітуді өтінеді» (бұл да сонда, 106-бет). 11 июльде Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумы Лениннің қосымшасымен бұл жобаны бекітті.

1921 жылы 12 июльде Халық шаруашылығы жоғары советінің тезистері Халық Комиссарлары Советінде, ал 16 июльде Саяси бюрода қаралды (бұл мәселе жөніндегі В. И. Лениннің хаттарын қараңыз: Лениннің XX жинағы, 106—107-беттер және XXXVI жинағы, 276—278-беттер). Лениннің Халық шаруашылығы жоғары советінің 11 июльдегі қаулысының текстіне қойған белгілерін және Саяси бюродағы жарыс сөздің барысы туралы жазбаларын қараңыз: Лениннің XX жинағы, 107—111-беттер.

Саяси бюро тезистерді негізге алды және оны редакциялау үшін комиссия бөлді. Комиссия тезистердің жаңа нұсқасын ұсынды, оған В. И. Ленин осы түзетулерді енгізді. Орталық Комитет комиссиясының жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру туралы тезистерінің текстін Лениннің XX жинағының 112—116-беттерінен қараңыз. РКП(б) Орталық Комитетінің комиссиясы тезистерінің жобасы 23 июльде барлық кәсіподақтар Орталық комитеттерінің, кәсіподақтар Москва қалалық советінің коммунистік фракциялары мен Петроград кәсіподақтары өкілдерінің жиналысында талқыланды. Жиналыс тезистерді негізге алып, комиссия бөлді, ол партияның Орталық Комитетінің комиссиясымен бірлесіп, тезистерді түпкілікті редакциялады. 9 августа тезистер РКП(б) Орталық Комитеті Пленумында қабылданды және сол күні Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде «Халық Комиссарлары Советінің жаңа экономикалық саясат негіздеріп жүзеге асыру туралы тапсырмасы» ретінде бекітілді (қараңыз: «Известия ВЦИК», № 176, 11 август, 1921 жыл).

В. И. Лениннің осы түзетулері «Халық Комиссарлары Советінің тапсырмасы» текстіне де енді.— *76.*

43 *РКП(б) Орталық Комитетіне ұсыныс* РКП(б) Орталық Комитетінің Сибирь бюросы мен Сибирь ревкомының «Сибирь совет мекемелері мен Сибирь партия ұйымдарын ұйымдастыру формалары туралы» тезистеріне байланысты жазылды. Тезистерде Сибирьде тиісті шаруашылық және әскери бөлімдері бар облыстық совет орталығының, Бүкіл россиялық төтенше комиссия өкілдігінің, сондай-ақ облыстық партия орталығы болуының қажеттігі дәлелденді. Сиббюро мен Сиб-

ревкомның пікірінше, осы екі орталықтың екеуі де тағайындау принципі бойынша құрылуға тиіс болды.

Тезистерге қоса берілген баяндама запискада былай делінген: бұл мәселе алдағы Сибирь облыстық IV партия конференциясында талқыланады, онда екі ағымның: Сибирь облыстық орталықтарының болуы қажеттігін теріске шығаратын бір ағымның және сол орталықтарды сайлап қою принципі бойынша құрудың қажеттігін мойындайтын екінші ағымның өкілдері сөйлемекші. 1921 жылғы 29 июльде РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросы негізінен Сибирь бюросының тезистерін бекітті.

Қолжазбада 4 және 5-пункттерді В. И. Ленин сызып тастаған.— *78.*

[44] Поволжье мен оңтүстік Украинаның 33 миллиондай халқының ашығуына байланысты В. И. Лениннің халықаралық пролетариатқа арнаған үндеуі барлық елдердің жұмысшы және еңбекші бұқарасы арасынан кең қолдау тапты. 1921 жылы августа Коминтерннің инициативасы бойынша «Россияға көмектесу жөніндегі уақытша шетелдік комитет» ұйымдастырылды. Францияда революциялық кәсіподақтар жұмысшыларды бір күндік табыстарын ашыққан Россияға көмек қорына беруге шақырды; Анри Барбюс пен Анатоль Франс көмек ұйымдастыруда үлкен роль атқарды, олар өздері 1921 жылы Нобель сыйлығына алған ақшаларын ашыққандар қорына берді. Францияда барлығы 1 миллион франкқа жуық қаржы жиналды. Қаржы жинау жөніндегі науқан басқа елдердің жұмысшылары мен шаруалары арасында да өріс алды. Чехословакияда 7,5 миллион крон ақшалай және 2 миллион кронға азық-түлік жиналды; Германия компартиясы 1 300 мың марка ақшалай, 1 миллион маркаға азық-түлік жинады, голланд коммунистері —100 мың гульден, итальян коммунистері — 1 миллионға жуық лир, норвег коммунистері —100 мың норвег кронын, Австрия коммунистері —3 миллион Австрия кронын, испан коммунистері —50 мың марка, поляк коммунистері —9 миллион поляк маркасын жинады. Данияда 500 мың марка жиналды, т. т. Қаржы жинау науқанының бастапқы кезінен 1921 жылғы 20 декабрьге дейінгі уақыт ішінде коммунистік ұйымдар 312 мың пұт азық-түлік сатып алып, алтынмен 1 миллион сом ақша жинады. Амстердам Интернационалына кіретін ұйымдар 85 625 пұт азық-түлік сатып алды және алтынмен 485 мың сом жинады.— *79.*

[45] В. И. Ленин бұл хатты Г. И. Мясниковтың РКП(б) Орталық Комитетіне жазған баяндама запискасына, оның «Көкейтесті мәселелер» деген мақаласына, сондай-ақ оның РКП(б) Петроград және Пермь ұйымдарында сөйлеген сөздеріне байланысты жазды. Мясников Пермь губерниясының Мотовилиха ауданында антипартиялық топ құрды; ол топ партия саясатына қарсы күрес жүргізді. 1921 жылы 29 июль-

де РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросы Мясниковтың Пермь ұйымында сөйлеген сөздерін, оның мақаласын және баяндама запискасын талқылап, бұларды антипартиялық әрекет деп тапты және комиссия құрып (Н. И. Бухарин, П. А. Залуцкий, А. А. Сольц), оған Мясниковтың қызметін тексеру тапсырылды. 22 августа РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросы Мясниковтың мақалаларында баяндалған тезистерін партия мүддесіне қайшы деп тауып, оған ресми партия жиналыстарында өз тезистерін айтып сөйлемеуді міндет етіп жүктеді, оны Пермь ұйымынан кері шақырып алып, Орталық Комитеттің қарамағында қалдырды. Мясников Орталық Комитеттің шешіміне бағынбады, сөйтіп Мотовилихаға қайтып барып, антипартиялық қызметін жүргізе берді. Мұнымен қатар Мясников Петроградта антипартиялық топ ұйымдастыруға тырысты. Мясниковтың қызметін тексерген РКП(б) Орталық Комитетінің комиссиясы партиялық тәртіпті бірнеше рет бұзғаны үшін, X съездің партия бірлігі туралы шешіміне қарамай, партияға қарсы күресу үшін ерекше топ ұйымдастырғаны үшін Мясниковты партиядан шығаруды ұсынды. Мясниковты партиядан шығару туралы шешімді РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 20 февральда бекітті.

Лениннің XXXVI жинағын да қараңыз: 299 және 308-беттер.— *82*.

46 *Орталық бақылау комиссиясы* (ЦКК) — партия бақылауының жоғары органы. Оны құру туралы шешім 1920 жылы 22—25 сентябрьде болып өткен РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясында қабылданды. Конференция қабылдаған «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарарда партияның ішкі демократиясын күшейту, партиялық бірлік пен тәртіпті нығайту туралы бірсыпыра практикалық шаралармен қатар съезде сайланатын Бақылау комиссиясын және губерниялық партия комитеттері жанынан партиялық комиссиялар құру қажет деп танылды. Бақылау комиссиясының құрамы туралы Лениннің ұсынысы азын-аулақ өзгерістермен конференция қарарына енгізілді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 41-том, 320-бет). Бақылау комиссиялары жұрт сеніміне бөленген ең әділ коммунистерден құрылуға тиіс болды. Ленин Бақылау комиссиясын «партиялық және пролетарлық ожданның нағыз органы» етпек болды; ол Бақылау комиссиясында ісі қаралатын жолдастарға мұқият көңіл бөлуді Бақылау комиссиясына ерекше тапсырма ретінде ұсынды (бұл да сонда.—429-бет). Орталық бақылау комиссиясы бірінші рет РКП(б)-ның 1921 жылы 8—16 мартта болып өткен X съезінде сайланды.

Лениннің партияның XII съезіне (17—25 апрель, 1923 жыл) жазған «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» және «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақалаларында баяндалған ұсыныстары бойынша XII съезд партиялық жә-

не мемлекеттік бақылаудың біріккен органын — Орталық бақылау комиссиясы — Жұмысшы-Шаруа инспекциясын құрды; Орталық бақылау комиссиясы — Жұмысшы-Шаруа инспекциясының және оның жергілікті органдарының жұмысына еңбекшілердің қалың бұқарасы атсалысты.— *86.*

[47] РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы 1921 жылы 8 августа транспорттың жағдайы туралы мәселе қарап, Ф. Э. Дзержинскийдің қорытындыларын В. И. Ленин ұсынған өзгерістермен бекітті.

Қорытындылардың 1-пунктінде барлық партия және совет органдары транспортты жолға қоюдың және оған көмек берудің шараларын ойластыруы қажет деп айтылған.

Қорытындылардың 2—4-пункттерін Қатынас жолдары халық комиссариатының комиссарлық аппаратын жауапты қызметкерлермен нығайту жөнінде, барлық РКП(б) губкомдарына арнап транспорттағы жағдай туралы нұсқау хат басып шығару және транспортта партиялық жұмысқа басшылық ету үшін РКП(б) Орталық Комитетінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің ішінен транспорт бөлімшесін құру жөнінде айтылған.

Қорытындылардың бесінші пунктінде транспорттың қажетін өтейтін кәсіпорындарды Қатынас жолдары халық комиссариатына беру көзделді.— *89.*

[48] *Англия Коммунистік партиясы* 1920 жылы 31 июль —1 августа болып өткен Құрылтай съезінде Британ социалистік партиясының сол қанатынан, Шотланд социалистік жұмысшы партиясының көпшілік бөлегінен, ирланд социалистерінен, Социалистік жұмысшы партиясының Коммунистік бірлік тобынан, Оңтүстік-Уэльс коммунистік советінен, сондай-ақ бірсыпыра ұсақ социалистік топтардан құрылды. 1921 жылы январьда Лидстегі Бірігу съезінде оған негізінен Шотландиядағы шопстюардтар қозғалысына қатысушылардан тұратын (У. Галлахер бастаған) Коммунистік жұмысшы партиясы және Жұмысшы социалистік федерациясы кірді. 1921 жылы көктемде Англия Коммунистік партиясының құрамына Тәуелсіз жұмысшы партиясының П. Датт бастаған сол қанаты кірді, сөйтіп Англия Коммунистік партиясының құрылуы аяқталды.— *90.*

[49] *V. K. P. D.* (Vereinigte Kommunistische Partei Deutschlands) — Германия Біріккен коммунистік партиясы — Германия Коммунистік партиясы мен Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясы сол қанатының 1920 жылы 4—7 декабрьде Берлинде болып өткен бірігу съезінде құрылды. Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясының Галльде өткен (октябрь, 1920) съезінде партия жікке бөлінгеннен кейін барып бірігу жүзеге асырылды, съезде делегаттардың көпшілігі III Интернационалға дереу қосылуды және Комин-

тернніц II конгресі әзірлеген Коминтернге кірудің 21 шартын толық тануды талап еткен болатын. Партияның оң қанаты съезден кетіп қалып, жеке партия құрды, ол өзінің ескі атауымен 1922 жылғы сентябрьге дейін, өзі социал-демократиялық партияға қосылғанға дейін өмір сүрді.

Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясы сол қанатының Коммунистік партиямен қосылуы Германияда революциялық қозғалыстың дамуындағы ірі кезең болды. Қосылудың нәтижесінде Германия Коммунистік партиясы Коминтерннің РКП(б)-дан кейінгі ең ірі секциясы болды. Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясының сол қанатымен бірге Германия Коммунистік партиясына герман пролетариатының ең белгілі көсемі Э. Тельман кірді, ол солшыл тәуелсіздердің Германия Коммунистік партиясының қатарына жаппай келіп қосылуына қол жеткізді.

Германия Біріккен коммунистік партиясының съезі (Германия Коммунистік партиясының II съезі) 1921 жылы 22 августан 26 августқа дейін Иенада өтті; В. И. Лениннің бұл хаты осы съезге жолданған болатын. Съезде Коминтерннің III конгресі туралы, партияның таяудағы міндеттері туралы, кәсіптік одақтардағы жұмыс туралы, Советтік Россиядағы жағдай және оған көмек көрсету шаралары туралы және басқа баяндамалар талқыланды. В. Пик съезд председательдерінің бірі болды. Делегаттардың басым көпшілігі қабылдаған қарарда съезд Коминтерннің III конгресінің шешімін мақұлдады және III конгресс тезистерінде Германия Біріккен коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1921 жылғы марттағы бой көрсету кезінде жіберген қателері көрсетілген сынды дұрыс деп таныды. Партия қайтадан өзінің ескі атауымен: Германия Коммунистік партиясы деп аталатын болды.— *93.*

50 *1912 жылғы Базель манифесі* — соғыс туралы манифест, ол 1912 жылы 24—25 ноябрьде Базельде өткен Төтенше халықаралық социалистік конгресте қабылданды. Манифест халықтарды төніп келе жатқан дүние жүзілік империалистік соғыс қаупінен сақтандырды, бұл соғыстың топаушылық мақсаттарын ашып берді және барлық елдердің жұмысшыларын бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын» қарсы қоюға шақырды. Штутгарт конгресінің (1907) қарарындағы империалистік соғыс басталған жағдайда соғыс туғызған экономикалық және саяси дағдарысты социалистер капиталистік таптың үстемдігін құлатуды тездету үшін, социалистік революция жолындағы күрес үшін пайдалануға тиіс деген, В. И. Ленин тұжырымдаған пункт Базель манифесіне енгізілді.— *94.*

51 *«Совет»* («Sowjet») — ай сайын шыққан журнал; 1919 жылдан 1921 жылғы 15 июньге дейін П. Левидің редакциялауы-

мен Берлинде шығып тұрды, оған Г. Роланд-Гольст, П. Фрелих, А. Маслов, К. Гейер және басқалар қатысты. П. Леви Германия Біріккен коммунистік партиясынан шығарылғаннан кейін журнал 1921 жылғы 1 июльден бастап бағытын өзгертіп, «Unser Weg» (Біздің Жол») деген жаңа атаумен шығатын болды. 1922 жылдың аяғында журналды шығару тоқтатылды.— *95.*

[52] *«Қызыл Ту»* («Die Rote Fahne») — «Спартак одағының» Орталық органы ретінде К. Либкнехт пен Р. Люксембург негізін қалаған газет, кейіннен — Германия Коммунистік партиясының Орталық органы; 1918 жылы 9 ноябрьден бастап Берлинде шығып тұрды, Герман өкімет орындары тарапынан талай рет қуғындалып, талай рет тыйым салынды.

«Die Rote Fahne» Германия Коммунистік партиясын бұқаралық пролетарлық революциялық партияға айналдыру және оны оппортунистік элементтерден тазарту жолындағы күресте үлкен роль атқарды. Газет елді милитарландыруға қарсы қажырлы күрес жүргізді, жұмысшы табының фашизмге қарсы күресінде қимыл бірлігін орнатуды жақтады. Газетке Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің председателі Э. Тельман белсене жазып тұрды. Германияда фашистік диктатура орнағаннан кейін газетке тыйым салынды, бірақ ол құпия түрде шығуын тоқтатпады. 1935 жылы газетті шығару ісі Прагаға (Чехословакия) көшірілді; 1936 жылдың октябрінен 1939 жылдың күзіне дейін Брюссельде (Бельгия) шығарылды.— *97.*

[53] *«Москва» («Moskau», «Moskow», «Moscou»)* — газет, Коммунистік Интернационал III конгресінің органы; Москвада үш тілде: немісше (№№ 1—50), французша (№№ 1—44) және ағылшынша (№№ 1—41) шығып тұрды.— *102.*

[54] РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына барон Унгернді сотқа беру туралы ұсыныс Сибирь ревкомының председателі И. Н. Смирновтың 26 августа Халық Комиссарлары Советінің председателі В. И. Лениннің атына жолдаған телеграммасына байланысты жазылды; телеграммада былай делінген еді: «22 августа біздің авангардымыз барон Унгернді штабымен қоса қоршап, тұтқынға алды. Унгерн күшті күзетпен Новониколаевскіге (қазір Новосибирск. *Ред.*) жөнелтіледі, сол жерде оны опасыздық жасағаны үшін айыптап, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Жоғарғы трибуналының Сибирь бөлімінің сотына тартпақшымыз. Соттың саяси маңызы зор болады. Өзіңіздің қорытынды пікіріңізді хабарлауды өтінемін» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. И. Лениннің ұсынысын 1921 жылы 29 августа Саяси бюро қабылдады.

15 сентябрьде барон Унгернге сот болды; мемлекеттік айыптаушы ролінде Е. М. Ярославский сөйледі; бұрынғы адвокат Боголюбов қорғаушы болды. Сотта Унгерн мен оның қолшоқпарларының талай-талай жауыздық істері ашылды: Урганы (қазір Улан-Батор) басып алғаннан кейін, ол Тұтынушылар қоғамдары орталық одағы мен қалалық басқарманың барлық қызметшілерін атуға бұйырған; оның бұйрығы бойынша бейбіт халық тоналып, өлтірілген және қала өртелген. Сотта барон Унгерннің қытай милитаристерімен (Чжан-Цзо-Лин) және жапон интервенттерімен байланысы анықталды. Унгерн, сот материалдарынан анықталғанындай, Михаил Романов бастаған монархияны қалпына келтіру жоспарын жасай отырып, Читаны басып алуға уәде еткен жапондардың көмегіне сүйенбекші болған, бірақ Советтік Сибирь жеріне аяқ басысымен-ақ қолға түсті.

Барон Унгернді атуға үкім шығарылды.— *118.*

[55] *Кіші Халық Комиссарлары Советі* 1917 жылы декабрьде Халық Комиссарлары Советінің күн тәртібін ұсақ мәселелерден арылту үшін құрылды; Халық Комиссарлары Советінің комиссиясы правосында болды. Кіші Халық Комиссарлары Советінде бірауыздан шешілген мәселелердің бәріне В. И. Ленин қол қоятып, сөйтіп олар Халық Комиссарлары Советінің қаулысы ретінде күшіне енді; ал пікір алалығы болған күнде мәселе Халық Комиссарлары Советінде қаралды.

Қызмет көрсету үшін ақы төлеуді енгізу 1921 жылғы июльден басталады. Әскери коммунизм жылдарында қалыптасқан ақысыз шаруашылық қызмет (транспорт, оның ішінде қала транспорты да, тұрғын үй, почта арқылы жөнелту, газеттер, т. т.) көрсету практикасына қарама-қарсы 9 июльде темір жолдар мен су жолдары арқылы тасу үшін ақы төлеу, 18 июльде почта арқылы жөнелту үшін ақы төлеу енгізілді, 5 августа — товарларға, оның ішінде азық-түлік товарларына да ақы төлеу, 25 августа коммуналдық қызмет үшін ақы төлеу белгіленді.

1921 жылдың екінші жартысында Халық Комиссарлары Советі жұмысшылардың материалдық жағдайын жақсартуды көздеп бірқатар шаралар қолданды: еңбектің мөлшері мен сапасына сәйкес ақы төлеудің жаңа принциптерін енгізді, еңбекке заттай ақы төлеудің орнына ақшалай ақы төлеуге көшу жүзеге асырылды, еңбекке (товарлы ақшалай) кепілді ақы төлеу, т. т. енгізілді. Осының нәтижесінде 1921 жылдың аяқ кезінде-ақ жұмысшылардың нақты табысы біршама өсті.— *119.*

[56] *«Экономическая Жизнь»* («Экономикалық Өмір») — күнделікті газет; 1918 жылғы ноябрьден 1937 жылғы ноябрьге дейін Москвада шығып тұрды; бастапқыда Халық шаруашылығы жоғары советі мен басқа да шаруашылық халық комисса-

риаттарының органы, 1921 жылғы июльден Еңбек және Қорғаныс Советінің, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының, Мемлекеттік банк пен Финанс халық комиссариатының органы болды.

1928 жылы газеттің он жылдығына байланысты РКП(б) Орталық Комитеті «Экономическая Жизнь» ленинизмнің принципті позициясын берік қорғайтын және шаруашылық құрылыстың практикасын терең жаза білетін басшы экономикалық газетке айнала алды деп көрсетті. 1937 жылғы 16 ноябрьден бастап «Экономическая Жизнь» газеті «Финансовая Газета» болып қайта құрылды; оның шығарылуы 1941 жылы июньде тоқтатылды.— *120.*

57 *Еңбек және Қорғаныс Советі* (СТО) 1920 жылғы декабрьден — Халық Комиссарлары Советінің тұрақты комиссиясы; ол 1937 жылға дейін өмір сүрді. 1918 жылы 30 ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысы бойынша күш пен қаржыны елдің қорғанысына жұмылдыру мақсатымен құрылған Жұмысшы және Шаруа Қорғаныс Советі 1920 жылы апрельде Еңбек және Қорғаныс Советі болып қайта құрылды. Қорғаныс Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советін В. И. Ленин басқарды.—*120.*

58 В. И. Ленин ұсынған қаулыны Саяси бюро 1921 жылы 2 сентябрьде қабылдады. Келесі күні, 3 сентябрьде, В. И. Ленин Коминтерн Атқару Комитетінің секретарына хат жолдады, хатта былай деп жазды: «Шетел жұмысшыларының ашыққан Россияға көмекке қаржы жинауының барысы жөнінде дәл және үздіксіз мәліметтер алып тұрудың маңызы біз үшін өте зор... Мен әрбір ел немесе бір топ ел бойынша жауапты адамдар тағайындау керек пе деп ойлаймын; тағайындалған адамдар әр түрлі партиялардың жұмысшы баспасөздерін қадағалай оқып, олардағы дәл цифрларды көшіріп алып отырса, көшіргенде, әлбетте, тек қана: 1) жиналған жылудың жиынтығын, 2) жиналған жылудың дәл қайсы валюта екенін, 3) жылудың қашан жиналғанын, 4) мәліметтер алынған газеттердің және жылу жинаған партияның немесе ұйымның аттарын көрсетумен шектелуі керек.

Партиялардың немесе кәсіподақтардың бір күндік табысты беру туралы қаулыларын ерекше бөліп көрсету қажет.

Атқару Комитетінің нақ не істегені жөнінде маған жауап беруіңізді қатты өтінемін және алғашқы жиынтық мәліметтерді қашан алуға болатынын айтсаңыз екен» (Лениннің XXXIV жинағы, 422—423-беттер). Халықаралық пролетариаттың ашыққандарға көмек үшін жинаған ақшалай қаржысының жиынтығы жөніндегі совет баспасөзінің хабарларын Лениннің XXIII жинағынан да қараңыз: 160-бет.—*124.*

59 Россиядағы ашыққандарға көмек көрсетуді желеу етіп, империалистер «халықаралық комиссия» құрды, оған басшы етіп Совет еліне қарсы контрреволюциялық заговорлар мен

соғыс интервенциясын басты ұйымдастырушылардың бірі, Россиядағы бұрынғы француз елшісі Нулансты қойды; комиссияға Францияның, Англияның, Бельгияның бұрынғы дипломаттары және Россиядағы национализацияланған кәсіпорындардың бұрынғы шетелдік иелері енді. 4 сентябрьде Нуланс комиссиясы жергілікті жерде арнаулы программа бойынша тексеру жүргізу үшін Советтік Россияға 30 сарапшының келуіне рұқсат сұрап, Сыртқы істер халық комиссариатына телеграмма жіберді; арнаулы программа дегені — барлау сипатында мәліметтер жинау көзделген программа еді.

1921 жылы 6 сентябрьде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы Нулансқа жіберілетін нотаның жобасын бірсыпыра түзетулермен мақұлдады; жоба В. И. Лениннің ұсыныстарына сәйкес әзірленген болатын. Сыртқы істер халық комиссариатының 8 сентябрьде «Известия ВЦИК» газетінде жарияланған жауап нотасында былай деп көрсетілді: «Нуланс мырзаның комиссиясы ашыққандарға көмек беруді Советтік Россияның ішкі жағдайы жөнінде мәліметтер жинаумен ауыстырды... қала берді, бұл іс Совет республикасы территориясында бүліктер шығару мен шетел армияларының алға жылжуын жеңілдету мақсатын көздеп, осындай зерттеумен ашықтан-ашық шұғылданған адамдардың басшылығымен жүргізілмекші екен» («СССР сыртқы саясатының документтері». 4-том, 1960, 309—310-беттер). Совет үкіметі Нуланс комиссиясының Советтер Республикасына келуіне рұқсат беруден үзілді-кесілді бас тартты. — *125.*

60 Азық-түлік қиыншылығына, 1921 жылы егіннің шықпай қалуына және ашыққандарға көмек берудің қажеттігіне байланысты РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 6 сентябрьде Азық-түлік халық комиссариатына берілетін директивалар туралы қаулы қабылдады. Директиваларда азықты мемлекеттен алып тұратын жан санын 1921 жылғы октябрьден бастап кеміту және астық қорын жасау көздеді. — *126.*

61 В. И. Ленин әзірлеген жобаны РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 13 сентябрьде қабылдады. 4-пунктті В. И. Ленин сызып тастаған-ды, ол Саяси бюроның қаулысына енген жоқ.

Кітап сату туралы мәселе 15 октябрьде Саяси бюро мәжілісінде екінші рет қаралды. Саяси бюро 13 сентябрьдегі өзінің қаулысын қуаттап, оны жүзеге асырудың нақты практикалық шараларын белгіледі; кітап саудасына алуан түрлі антисоветтік әдебиеттің еніп кетуіне қарсы күреске ерекше назар аударылды. — *128.*

62 Жобаны РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 14 сентябрьде қабылдады. — *129.*

63 Партия тазалауы РКП(б) X съезінің «Партия құрылысының мәселелері бойынша» деген қарарын негізге алып, жүргізілді, қарарда былай делінген: «Партия саясатының тетігін жұмысшыларды партияға тарту жағына... партияны коммунистік емес элементтерден тазарту жағына батыл бұру аса қажет болып отыр» (КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитеті пленумдарының қарарлары мен шешімдері». 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 219-бет). Тазалау алдында ұзақ уақыт және мұқият әзірлік жүргізілді.

1921 жылы 21 июньде Орталық Комитет пен Орталық бақылау комиссиясы «Тексеру, қайта қарау және партияны тазалау туралы мәселе жөнінде қаулы» алды (қараңыз: «Правда» № 146, 30 июнь, 1921 жыл), онда тазалауды жүргізудің мерзімі белгіленді (1921 жылғы 1 августан 1 октябрьге дейін), тазалаудың міндетті шарты ретінде: еңбекшілерден, коммунистерден де, коммунист еместерден де, тексеріліп жатқан партия мүшесі туралы сұрау салу көзделді, жергілікті тексеріс комиссияларын құру тәртібі белгіленді. Тазалау кезінде партияға қабылдау өзгенің еңбегін қанамайтын жұмысшылар мен шаруалардан басқалар үшін тоқтатылды. 7 июльде Саяси бюро партияның адам құрамын тексеру жөнінде Орталық комиссияны (Орталық тексеріс комиссиясы) бекітті, жер-жерде жергілікті тексеріс комиссиялары құрылды.

Партияның Орталық Комитеті «Барлық партия ұйымдарына. Партияны тазалау туралы» хат жазды (қараңыз: «Правда» № 163, 27 июль, 1921 жыл), онда тазалаудың міндеттері мен әдістері баяндалды. Орталық Комитет мына нұсқауларды басшылыққа алуды ұсынды: қағаздар, мінездемелер, т. т. талап ету жөнінде жұмысшыларға неғұрлым кеңшілікпен қарау керек. Ал шаруалар жөнінде — кулакменшікшіл элементтерден адал еңбекші шаруаларды айыра білу керек. «Комиссарланғандарға», қандай да пұрсаттылығы бар лауазымды қызметте болғандарға неғұрлым қатаңырақ қарау керек. Бұрынғы чиновниктерді, буржуазиялық интеллигенциядан шыққандарды ерекше тексеру керек. Басқа партиялардан келгендерді, әсіресе меньшевиктер мен эсерлерді барынша мұқият тексеріп, тазалау керек.

Партия тазалауын бастау 15 августқа көшірілді, партия тазалауы РКП(б) XI съезіне дейін созылды. Тазалаудың алғашқы қорытындылары РКП(б) Бүкіл россиялық XI конференциясында шығарылды (қараңыз: осы том, 308—309, 310—311-беттер); ал тазалаудың соңғы қорытындылары РКП(б) XI съезінде шығарылды. Тазалау нәтижесінде партиядан 159 355 адам шығарылды (24,1%) (бұған Брянск мен Астрахань губернияларының және Түркістан компартиясының деректері енген жоқ). Партиядан шығарылғандардың және кеткендердің ішінде: жұмысшылар — 20,4%, шаруалар — 44,8%, қызметшілер мен еркін кәсіп адамдары—23,8%,

басқалары — 11,0% болды. Тазалау партияның әлеуметтік құрамын жақсартты, тәртіпті нығайтты, партияда жоқ жұмысшы-шаруа бұқарасы арасында партияның беделін өсірді, партияны оның беделін түсіретін элементтерден арылтты. Партияның идеялық және ұйымдық топтасқандығы өсті. — *130.*

64 В. И. Лениннің бұл нұсқауы Орталық Комитеттің қаулыларынан орын алды. 1921 жылдың сентябрінде берілген «РКП Орталық Комитетінің есебінде» былай деп көрсетілген: Орталық Комитет тексеру кезінде РКП мүшелеріне рекомендация беру тәртібіне байланысты екі қаулы қабылдады. Біріншісінде былай делінген: «Рекомендация алушымен бірге белгілі бір партия ұйымында кемінде бір жыл жұмыс істей отырып немесе оның жұмысын бақылай отырып оны білетін жолдастардың ғана рекомендация беруге правосы бар». Екінші қаулыда рекомендация берушінің рекомендация алушы үшін жауаптылығы айтылған («Известия ЦК РКП(б)» № 35, 1 декабрь, 1921 жыл).— *130.*

65 *Макиавеллизм* — саясат, бұл саясатты жақтаушылар өз мақсаттарына жету үшін небір зұлымдықтарға барады, мораль және адалдық дегенді керек те қылмайды. Термин XV ғасырдың аяғы — XVI ғасырдың бас кезінде болған итальян саяси қайраткері Макиавелли есімінен алынған; ол Италия билеушілеріне алға қойған мақсатқа жету үшін еш нәрседен де (тіпті опасыздықтан, алдаудан, сатқындықтан, кісі өлтіруден де) тайынбау керек деп ақыл берген.— *133.*

66 1921 жылы «Советтік Россияға техникалық көмек қоғамының» төңірегіне біріккен американ жұмысшыларының жекелеген топтары Советтік Россияға келіп, шаруашылық құрылысқа қатысуға тілек білдірді. Бұл жұмысшылардың елеулі бөлегі Октябрь революциясынан бұрын Американа кетіп қалған орыс эмигранттары еді. Л. К. Мартенс американ жұмысшыларының Советтік Россияға келу мүмкіндігі жөнінде Совет үкіметінің алдына мәселе қойды (қараңыз: Лениннің XX жинағы, 200-бет). Еңбек және Қорғаныс Советі бұл мәселені 1921 жылы 22 июньде талқылап, «жекелеген өнеркәсіп орындарын немесе бір топ кәсіпорындарды американ жұмысшылары мен индустриялық жағынан жетілген шаруалар топтарының қолына олар үшін белгілі бір дәрежеде шаруашылық автономиясын қамтамасыз ететін шартты негізде беру арқылы сол өнеркәсіп орындарының дамуына» жетуді мақұлдады (бұл да сонда, 202-бет). Еңбек және Қорғаныс Советі шетелдерден келетін жұмысшылардың өнеркәсіп иммиграциясын реттеуді де қажет деп тапты. 1921 жылы 11 августа «Советтік Россияға техникалық көмек қоғамына» В. И. Ленин мен Г. В. Чичерин қол қойған телеграмма жіберілді, онда: «Россия басынан кешіріп отырған

қиындықтармен санасу қажет, ол қиындықтарды, азық-түлік жөніндегі және басқа да қиыншылықтарды жеңу керек. Россияға келетін адамдар осының бәріне төзуге әзір болуға тиіс... Әуелі арендаға алып, қоныстанатын жер учаскелерін, орман-тоғай учаскелерін, рудниктерді, фабрикаларды, т. б. қарап көру үшін делегаттар жіберілгені жөн» деп көрсетілген.

1921 жылдың екінші жартысында голланд инженері коммунист С. Рутгерс, американ жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері В.-Д. Хейвуд және американ жұмысшысы Г.-С. Кальверт бастаған американ жұмысшыларының тобы осы топқа Сибирьдегі Кузнецк тас көмір бассейнінің бір бөлегін пайдалануға беру және сонда индустриялық колония ұйымдастыру жөнінде Совет үкіметімен келіс сөздер жүргізді.

19 сентябрьде Ленин американ жұмысшы колониясының өкілдерін қабылдап, олармен әңгімелесті. Осы әңгіменің Ленин жасаған жазбасы сақталған (қараңыз: Лениннің XXIII жинағы, 39-бет). «Міндеттеме жобасын» Ленин осы әңгімеге байланысты жазады. Американ жұмысшыларының ұйымдастыру тобымен (Рутгерс тобымен) шарт жасасу туралы 75-ескертуді қараңыз.— *134.*

67 *«Рабкриннің міндеттері, оларды түсіну және оларды орындау туралы мәселе жөнінде»* хат Жұмысшы-Шаруа инспекциясы техника-өнеркәсіп бөлімінің отын секциясының меңгерушісі Лониновтың отын жағдайы туралы және отын мекемелерінің жұмысы туралы алдын ала баяндамасының алынуына байланысты сол кезде Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатын басқарған И. В. Сталинге жазылған.

И. В. Сталин 1921 жылы 27 сентябрьде В. И. Ленинге записка жазып, Рабкрин жұмысындағы елеулі кемшіліктер жөніндегі ескертпелердің бәрін, шын мәнісінде, жоққа шығарды. Тек қана постскриптумда Сталин алдын ала баяндаманың авторы өзінің негізгі баяндамасына қоса «отын мекемелерінің аппараттарын жақсарту жөніндегі нақтылы шаралардың жобасын» ұсынамын деп уәде бергенін жазады (қараңыз: В. И. Ленин Шығармалары 33-томының 7-ескертуі, 511-бет).

Рабкриннің міндеттері туралы Лениннің хатында ұсынылған идеялар бірқатар документтерде, оның ішінде «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» және «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақалаларында дамытылды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 33-том, 483—488, 489—505-беттер).— *136.*

68 РСФСР сыртқы істер жөніндегі халық комиссары Г. В. Чичерин 1921 жылғы 7 октябрьде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына жазған хатында былай деп хабарлады:

Қиыр Шығыс республикасының үкіметі (ДВР) мына сұрақтар бойынша Саяси бюроның қорытынды пікірін сұрайды: 1) Жапония мен Америка РСФСР-ды танымай тұрып, Қиыр Шығыс республикасын тануы қажет пе; 2) шетелдіктердің Қиыр Шығыс республикасына мемлекеттік заемдар беру туралы ұсыныстарын қабылдау керек пе; 3) Қиыр Шығыс республикасы формасы жағынан немесе мәні жағынан РСФСР-ден дербес және тәуелсіз болып табыла ма. Сыртқы істер халық комиссариатының пікірі бойынша бұл сұрақтарға былайша жауап беру керек: 1) Қиыр Шығыс республикасын танығаны қажет, бірақ Қиыр Шығыс республикасының құрылымы шартта айтылып, бекітілмеуі керек; 2) Қиыр Шығыс республикасының суверенді правосы сақталған жағдайда ғана шетелдік заемдар пайдалы; 3) Қиыр Шығыс республикасы РСФСР-ден форма жағынан ғана тәуелсіз деп санау керек.

В. И. Лениннің ұсынысын Саяси бюро 1921 жылы 8 октябрьде қабылдады.

Г. В. Чичерин ұсынған Қиыр Шығыс республикасына директиваның жобасын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 10 октябрьде бекітті.— *143.*

69 В. И. Лениннің бұл ұсынысы РКП(б) Орталық Комитетінің 1921 жылғы 8 октябрьдегі Пленумының жауапты қызметкерлерді есепке алу және оларды бөлу тәртібі туралы В. М. Молотовтың баяндамасы бойынша алынған қаулысына енген.— *144.*

70 Бүкіл россиялық электротехникалық VIII съезд 1921 жылы 1—9 октябрьде Москвада өтті. Съезд В. И. Лениннің инициативасымен, Советтердің VIII съезінің қарарын орындауға бағытталған Халық Комиссарлары Советінің 1921 жылғы 8 февральдағы арнаулы қаулысы бойынша «Россияны электрлендіру жоспарын жүзеге асыруға байланысты техникалық-экономикалық мәселелерді жан-жақты талқылау, сондай-ақ халық шаруашылығын электрлендіру ісіне халықтың қалың бұқарасын белсенді түрде қатыстыру мақсатын көздеп» шақырылды. Съезд жұмысына Россияның 102 қаласынан 893 делегат және 475 мейман қатысты; олардың ішінде еліміздің аса ірі ғалымдары, шаруашылық қызметкерлері мен мамандар, электротехникалық кәсіпорындар жұмысшыларының көптеген өкілдері болды.

Ленин съездің құрметті председателі болып сайланды. Қол шапалақтаумен қарсы алынған мәлімдемеде былай делінген еді: «Халық Комиссарлары Советінің председателі В. И. Ленин-Ульяновтың көрсеткен баға жетпес қызметіне байланысты және де Электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссияны және электротехниканың бүкіл жұмысын айрықша қызу қуаттауына байланысты бүкіл дүние жүзілік революцияның осы қадірлі ұлы күрескерін съездің құрметті председателі етіп сайлауды ұсынамыз».

Съездің пленум мәжілістері мен комиссияларында көптеген баяндамалар, олардың ішінде: Г. М. Кржижановскийдің — ГОЭЛРО жұмысы туралы, А. Ф. Иоффенің — материяның құрылысы туралы, М. В. Шулейкиннің — радиотелеграфия мен радиотелефонияның дамуы туралы, Л. К. Рамзиннің — Россияны отынмен жабдықтау туралы, Г. О. Графтионың — транспортты электрлендіру туралы және басқа да баяндамалар тыңдалды. Съезд РСФСР-ді электрлендірудің жалпы жоспары туралы, елдің әр түрлі аудандарын (Оңтүстік, Солтүстік-Батыс ауданы, Сибирь, Урал, Түркістан, Оңтүстік-Шығыс аудандарын) электрлендіру туралы, деревняларды электр энергиясымен жабдықтау туралы, орыс металлургия өнеркәсібінің міндеттері туралы, мұнай өнеркәсібін электрлендіруге байланысты осы өнеркәсіпті көтеру туралы, электротехникалық білімді насихаттау туралы және басқа да қарарлар қабылдады. ГОЭЛРО жоспарын нақтылау үстінде және оны практикалық тұрғыдан жүзеге асыру барысында электротехникалық съездің ұсыныстары ескерілді.

В. И. Лениннің съезге жолдаған құттықтауы 9 октябрьде съездің таңертеңгі мәжілісінде оқылды. Документте В. И. Лениннің Г. М. Кржижановскийге жазған мынадай запискасы бар: «Егер ұнатсаңыз, қайтарып жіберіңіз, мен көшіртіп, қайта жібертейін (кімге? Сізге ме?). Айнып та отырмын, жалпы осы қажет пе? *Артық* «салтанат» емес пе? *Іске* пайдасы бар ма?» (Лениннің XXIII жинағы, 13-бет).— *145.*

71 В. И. Ленин ұсынған директивалардың жобасын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 10 октябрьде Х. Г. Раковскийдің, В. Я. Чубарьдың және Г. И. Петровскийдің баяндамасы бойынша қабылдады. «Сонымен,— делінген Орталық Комитеттің 1921 жылғы октябрь — ноябрьдегі есебінде,— бұл мәселе жөнінде шаруалардың мұқтаждарына аса сақтықпен және зер сала қарау, оларды мемлекетке жәрдемдесуге тарту мағынасында жалпы бағыт берілді» («Известия ЦК РКП(б)» № 36, 15 декабрь, 1921 жыл).—*147.*

72 РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы бұл қаулының жобасын 1921 жылы 10 октябрьде қабылдады. 15 ноябрьде Халық Комиссарлары Советі «Жалдама еңбекпен шұғылданатын адамдарды әлеуметтік қауіпсіздендіру туралы» декретті бекітті (қараңыз: «Известия ВЦИК», № 263, 23 ноябрь, 1921 ж.). Документте В. И. Лениннің: «Халық Комиссарлары Советіне» деген белгісі бар.— *148.*

73 В. И. Ленин 1921 жылғы 10 октябрьде Иваново-Вознесенск губерниялық атқару комитетінің председателінен баяндама записка алып, соған байланысты А. С. Киселевқа хат және Халық Комиссарлары Советі қаулысының осы жобасын жазады. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Иваново-Вознесенск тоқымашылары үшін айына 40 мың азық-түлік

паегін және 4 миллиард сом ақша беріп тұру жөнінде мәселе 11 октябрьде қойылды және мақұлдап шешілді (белгіленген өндірістік программаны орындаған жағдайда берілетін болды).— *149.*

[74] Документ Г. В. Чичериннің 1921 жылғы 10 октябрьде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына жолдаған хатына жазылған; хатта Шығыс-Қытай темір жолы туралы мәселе жөнінде Қытаймен келіс сөздер жүргізу үшін делегат тағайындауды тездету өтініліп, Қытаймен келіс сөздер жүргізу үшін делегат тағайындауды кешеуілдету алдағы болатын Вашингтон конференциясының (133-ескертуді қараңыз) жолды интернационализациялап жіберуіне сылтау болуы мүмкін деген күдік айтылған еді. Сыртқы істер халық комиссариаты бұл келіс сөздерге делегат етіп Ю. Ю. Мархлевскийді жіберуді ұсынды. Чичерин сонымен қатар Қиыр Шығыс республикасы мен Жапония өкілдерінің Дайрендегі конференциясында (конференция 1921 жылғы 26 августан 1922 жылғы 16 апрельге дейін болды) жеке мәселелер талқыланған кезде РСФСР өкілінің де қатысуы жөнінде Жапонияның келісімін алғандығын хабарлады және бұл конференцияға А. К. Пайкестің жіберілуін ұсынды. Ал Вашингтонда болатын конференцияға Чичерин Қиыр Шығыс республикасының өкілдері етіп Е. М. Ярославский мен Н. Л. Мещеряковтың жіберілуін ұсынды.

В. И. Лениннің ұсынысы сол күні-ақ Саяси бюрода қабылданды.

РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 13 октябрьде Вашингтон конференциясына Қиыр Шығыс республикасының өкілі етіп А. А. Языковты бекітті.— *151.*

[75] Бұл қаулының жобасы 1921 жылы августың аяғында Россияға келген С. Рутгерс бастаған американ жұмысшылары мен инженерлерінің тобымен (66-ескертуді қараңыз) келісім жасасу туралы мәселені РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына әзірлеуге байланысты жазылды.

Еңбек және Қорғаныс Советі 1921 жылы 23 сентябрьде Рутгерс тобының өздеріне Надеждинск заводы мен Кузнецк тас көмір бассейнінің бірқатар кәсіпорындарын пайдалануға беру жөніндегі ұсынысын талқылап, шарт жасасуды жөн деп тапты және шартта қойылатын талаптарды түбегейлі әзірлеуді Халық шаруашылығы жоғары советінің, Еңбек халық комиссариатының және Егіншілік халық комиссариатының өкілдерінен құрылған комиссияға тапсырды. В. И. Ленин Рутгерс тобымен жүргізілген келіс сөздерге қатысып отырды, шарттың талаптары жөнінде бірқатар ұсыныстар енгізді (қараңыз: осы том, 192—193-беттер және Лениннің XXXVI жинағы, 331, 349-беттер). Американ жұмысшыларының ұйымдастыру тобымен (Рутгерс тобымен) 20 октябрьде қол қойылған келісімді 21 октябрьде Еңбек және Қорғаныс Советі, 25 октябрьде Халық Комиссарлары Советі бекітті.

Ноябрьде Совет үкіметі осы топпен шарт жасасты.

Шарт бойынша американ жұмысшылары белгілі бір мөлшерде өндіріс құралдарын, материалдар және азық-түлік ала келуге, ал Совет үкіметі шетелден машиналар мен құрал-саймандар сатып алу үшін 300 мың доллар мөлшерінде қаржы бөлуге тиіс болды. Осы шартқа сәйкес Кузнецк тас көмір бассейні территориясының бір бөлегінде ««Кузбасс» автономиялы индустриялық колониясы» құрылды; бұл колония Еңбек және Қорғаныс Советіне тікелей бағынатын болды. Сондай-ақ осы томның 134—135, 154-беттерін де қараңыз.— *152.*

76 В. И. Лениннің ұсыныстары РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының С. Рутгерстің ұсыныстары туралы мәселе жөніндегі 1921 жылғы 15 октябрьдегі қаулысы мен Еңбек және Қорғаныс Советінің «Рутгерс тобымен келісім шарттары туралы» 1921 жылғы 17 октябрьдегі қаулысына негіз етіп алынды.— *154.*

77 А. Г. Шляпниковты азық-түлік жұмысына жіберу туралы қаулының В. И. Ленин жазған жобасын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 14 октябрьде қабылдады. Шляпниковты азық-түлік жұмысына жіберу туралы мәселе жөнінде Орталық бақылау комиссиясы мен Орталық тексеріс комиссиясының қорытынды пікірін тыңдап, Саяси бюро 27 октябрьде мынадай қаулы алды: «Шляпников жолдастың азық-түлік жұмысында болу мерзімі сол жұмысқа жүріп кеткен күнінен бастап санағанда 2 ай деп белгіленсін» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Орталық тексеріс комиссиясы (Центропроверком) партия тазалауы кезеңінде жергілікті тексеріс комиссияларының жұмысына басшылық жасау үшін құрылды, құрамында 5 адам болды (қараңыз: «Правда» № 146, 30 июнь, 1921 жыл). Орталық тексеріс комиссиясы мүшелерінің партиялық стажы кемінде 7 жыл болуы керек деп белгіленді. 1921 жылы 7 июльде Саяси бюро Комиссияны мына құрамда бекітті: П. А. Залуцкий, А. Г. Шляпников, М. И. Челышев, А. А. Сольц және М. Ф. Шкирятов. Кандидаттар болып В. М. Молотов, Е. А. Преображенский және Н. И. Лебедев бекітілді. Кейіннен Орталық тексеріс комиссиясының құрамына (кандидаттар болып) С. П. Медведев және Н. К. Антипов енгізілді. Орталық тексеріс комиссиясы партия тазалауының қорытындысы туралы екі рет (РКП(б) XI партия конференциясына және XI съезіне) баяндады.— *166.*

78 Ұлт саясатын жүргізуде, бір жағынан, Баку партия ұйымы қызметкерлерінің, екінші жағынан, Азербайжанның орталық ұйымдары қызметкерлерінің арасында кейбір алауыздықтар туыуна байланысты РКП(б) Орталық Комитеті Азербайжан

және Баку партия қызметкерлеріне мұсылман халқының тұрмысы мен рухани укладындағы ерекшеліктерге мейлінше қамқорлықпен қарау жөнінде нұсқау берді, Азербайжан коммунистік партиясының, сондай-ақ Грузия мен Арменияның барлық қызметкерлеріне өздерінің бүкіл жұмысында осы ерекшеліктерді ескеруді, партия ұйымында қандай да болсын фракция құрылуына жол бермей, достық ынтымақта жұмыс істеуге ұмтылуды тапсырды. Лениннің ұсыныстары РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 15 октябрьде қабылдаған қаулыға енді.

Төменде айтылатын Коммунистік партияның Азербайжанда ұлт саясатын жүргізу туралы директиваның И. В. Сталин әзірлеген жобасын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 17 октябрьде бекітті.

6-пунктте Совет үкіметінің Персияға (Иранға) көзқарас жөніндегі саясатын Баку қызметкерлерінің бұзуына жол бермеу туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1921 жылғы 3 октябрьдегі шешімі айтылады.— *167.*

79 *Саяси ағарту комитеттерінің Бүкіл россиялық II съезі* 1921 жылы 17—22 октябрьде Москвада өтті. 307 делегат, оның ішінде шешуші дауыспен 193, кеңесші дауыспен 114 делегат қатысты. Делегаттардың ішінде 281 коммунист және 26 партияда жоқтар болды.

Съезді Саяси ағарту бас комитетінің председателі Н. К. Крупская ашты. В. И. Ленин съездің құрметті председателі болып сайланды. Съезде А. В. Луначарский (Халық ағарту комиссариатынан) және Озеревский (Украина Саяси ағарту бас комитетінен) құттықтап сөз сөйледі.

Съездің басты міндеті 1922 жылға жұмыс жоспарын бекіту, жаңа экономикалық саясат тұсындағы үгіт-көпшілік жұмысының формалары мен әдістерін белгілеу болды. Съезд мына мәселелер бойынша баяндамалар тыңдап, қарарлар қабылдады: 1) Саяси-ағарту бас комитетінің баяндамалары бойынша; 2) Үгіт жұмысы туралы; 3) Жаңа жағдайдағы насихаттың кезектегі міндеттері; 4) Қызыл Армиядағы саяси-ағарту жұмысы; 5) Жаңа экономикалық жағдайда қаржыландыру және жабдықтау мәселелері; 6) Сауатсыздықты жою және басқа мәселелер.

В. И. Ленин съездің 17 октябрьдегі кешкі мәжілісінде сөз сөйледі, делегаттар оны қызу қол шапалақтап қарсы алды.— *168.*

80 *Саяси ағарту комитеттері* (политпросветтер) 1920 жылғы 12 ноябрьдегі декрет бойынша жергілікті (болыстық, уездік және губерниялық) халыққа білім беру бөлімдерінің жанынан құрылды. Жергілікті саяси ағарту комитеттерінің жұмысына Халық ағарту комиссариатының жанында болған Саяси ағарту бас комитеті (Главполитпросвет) бағыт беріп отырды.— *168.*

81 Бұл арада В. И. Лениннің Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы баяндамасы бойынша Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылы 29 апрельде алған шешімі айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 259—298-беттер). Баяндама бойынша мынадай қарар басым көпшілік дауыспен қабылданды: «Орталық Атқару Комитеті Ленин жолдастың Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы баяндамасын тыңдап, осы баяндамада белгіленген негізгі қағидаларды толық қуаттайтынын білдіреді. Орталық Атқару Комитеті баяндаманың негізгі қағидаларын баяндамашымен бірге қысқа тезистер түрінде редакциялап, оны Совет өкіметінің негізгі міндеттері ретінде жариялауды президиумға тапсырады» («Известия ВЦИК» № 86, 30 апрель, 1918 жыл). Осы шешімді орындай отырып, В. И. Ленин «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы алты тезисті» жазды, бұл тезистер 1918 жылы «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген кітапшада жарияланды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 299—302-беттер).— *170.*

82 Бұл арада *Сауатсыздықты жою жөніндегі Бүкіл россиялық төтенше комиссия* айтылып отыр; ол Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 19 июльдегі декретімен құрылған еді. «Халық Комиссарлары Советінің Республикада сауатсыздықты жою туралы 1919 жылғы 26 декабрьдегі декретін жүзеге асыру мақсатын көздеп,— делінген бұл документте,— Халық ағарту комиссариатының жанынан сауатсыздықты жою жөнінде Бүкіл россиялық төтенше комиссия құрылсын, бес адамнан тұратын комиссия құрамын Халық ағарту комиссариатының ұсынуымен Халық Комиссарлары Советі бекітетін болсын». Сауатсыздықты жою жөніндегі Бүкіл россиялық төтенше комиссия жанынан РКП(б) Орталық Комитетінің екі бөлімінің (деревнядағы жұмыс жөніндегі және әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі), комсомол Орталық Комитетінің, ВЦСПС-тің, Революциялық-әскери совет саяси басқармасының, Жалпыға бірдей әскери оқу бас басқармасының өкілдерінен тұрақты кеңес құрылды.

Комиссия председателі Л. Р. Менжинскаяның есепті баяндамада хабарлағанындай, Саяси ағарту комитеттерінің Бүкіл россиялық II съезіне дейін (октябрь, 1921) 4 800 мың адам сауат ашты. Қызыл Армияда сауатсыздардың саны 5 процентке дейін кеміді (патша армиясында сауатсыздық 65 процентке дейін жеткен еді), ал флотта сауатсыздық толық жойылды. Елде сауатсыздықты жоюдың 88 534 пункті болды, 427 губерниялық және 21 370 уездік түрлі курстар болды. Ашаршылық пен күйзеліске, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қаржыландыруға ауыстыруға байланысты сауатсыздықты жою жөніндегі мектептердің саны азайып кетті, бірақ 1923 жылдан бастап, Лениннің «Күнделік дәптердің беттері»

деген мақаласы шыққаннан кейін сауатсыздықты жою жұмысында батыл өзгеріс жасалды.— *176.*

[83] *Губерниялық экономикалық кеңестер* (Губэкосо)—Еңбек және Қорғаныс Советінің жергілікті органдары, Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің (декабрь, 1920) «Экономикалық басқарудың жергілікті органдары туралы» қаулысы негізінде құрылды. Губерниялық экономикалық кеңестер экономикалық халық комиссариаттарының: Халық шаруашылығы жоғары советінің, Егіншілік халық комиссариатының, Азық-түлік халық комиссариатының, Еңбек халық комиссариатының және Финанс халық комиссариатының жергілікті органдарының қызметін үйлестіріп отыру мақсатымен советтердің губерниялық атқару комитеттері жанынан құрылды; оның құрамына губерниялық халық шаруашылығы советінің председателі, губерниялық азық-түлік комиссары, губерниялық атқару комитетінің еңбек, финанс, жер бөлімдерінің меңгерушілері және губерниялық кәсіподақтар советінің председателі кірді. Губерниялық экономикалық кеңесті губерниялық атқару комитетінің председателі басқарды.— *186.*

[84] Бұл мәселе РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросында 1921 жылы 17 октябрьде талқыланды. В. И. Ленин ұсынған қаулының жобасы қабылданды.— *191.*

[85] В. И. Ленин жазған қаулының жобасын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 20 октябрьде қабылдады. Лениннің ұсыныстары Рутгерс тобымен жасалып қол қойылған келісімге енді. Келіс сөздер жөнінде осы томның 134—135, 152—154-беттерін қараңыз.—*192.*

[86] *АРА (American Relief Administration)*— Американ көмек әкімшілігі — бірінші дүние жүзілік соғыстың салдарынан күйзеліске ұшыраған халыққа көмек беру мақсатымен 1919 жылы құрылды. Орыс капиталымен 1917 жылға дейін тығыз байланысты болған ірі капиталист Г. Гувер АРА-ның председателі болды. АРА-ның бірсыпыра қызметкерлері жәрдем беру қызметімен адал, ақ ниетпен шұғылданды. Бірақ тұтас алғанда АРА американ империализмінің ықпалын кеңейту үшін және жатып қалған товарларды өткізу үшін қызмет етті.

Совет үкіметі 1921 жылы Поволжье мен Украинаның оңтүстігіндегі ашаршылыққа байланысты АРА-ның көмегін алып, оның Советтер Республикасының ішкі істеріне араласпақшы болған әрекеттеріне тойтарыс берді және АРА-ның қызметіне бақылау орнатты. Кейінгі оқиғалардың көрсеткеніндей, АРА-ның негізінен американ армиясының офицерлерінен құралған аппараты шпиондықпен және контрреволюциялық элементтерді қолдаумен шұғылданды. 1923 жылы июньде АРА-ның СССР-дегі қызметі тоқтатылды.

Россияға азық-түлік посылкаларын жіберуді ұйымдастыру жөнінде АРА-мен жасалатын келісімнің жобасы 1921 жылы 18 октябрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне дауыс беру үшін таратып берілді. Қоса жіберілген хатта Саяси бюро мүшелерінің қолдары және И. В. Сталиннің посылкалардың шекарадан бастап тарату қоймасына дейін жеткізілгені үшін және қоймаларды пайдаланғаны үшін ақы алу жөніндегі ұсынысы жазылған; өйткені, И. В. Сталиннің пікірінше, әңгіме жәрдемдесуде болып отырған жоқ, сауда жайында болып отыр. В. И. Лениннің жақша ішінде көрсеткен ескертпесі осы ұсынысқа байланысты жасалған. АРА-мен келісімнің жобасын Саяси бюро 1921 жылы 19 октябрьде бекітті.— *194.*

87 В. И. Ленин бұл қаулының жобасын 1921 жылы 20 октябрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде Еңбек және Қорғаныс Советіне, облыстық және губерниялық экономикалық кеңестерге Финанс халық комиссариатының өкілдерін шешуші дауыспен енгізу жөніндегі Финанс халық комиссариатының өтінішін талқылауға байланысты жазды. Саяси бюро Финанс халық комиссариатының өтінішін қабылдамай, В. И. Лениннің ұсынысын қабылдады. Соңғы сөйлем қолжазбада сызылған, қаулыға енген жоқ.

РКП(б) Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің финанс комиссиясы В. И. Лениннің ұсынысымен партияның X съезінен кейін көп ұзамай-ақ жаңа экономикалық саясатқа көшуге байланысты финанс саясатының мәселелерін әзірлеу үшін құрылды.— *198.*

88 Фаулер системасы автоплугтерін жасап шығару туралы мәселе Еңбек және Қорғаныс Советінде бірнеше рет қаралды. 1920 жылғы майда осы плугтерді жасап шығаруды ұйымдастыру ісі жүктелген Халық шаруашылығы жоғары советі металл бөлімінің коллегиясы өндіріс жоспарын қолда бар металл мен отын ресурстарын алдын ала есептемей жасай салған. Алайда плугтерді жасап шығаруға байланысты барлық істі біріктіріп отыру үшін құрылған, инженер М. И. Унксов басқарған төтенше үштік баяндамалар жазумен, ведомстволармен хат-хабар алысумен шектеліп, плугтер жасап шығарудың шын жағдайы жөнінде Еңбек және Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советіне хабар бермеді. Қағазбастылық жөніндегі іс Москва әскери трибуналына қарауға берілді, трибунал 1922 жылғы январьдың басында Халық шаруашылығы жоғары советі мен Егіншілік халық комиссариатының бірсыпыра қызметкерлерінің өздеріне жүктелген міндеттерге айтарлықтай жауапты қарамағандығы жөнінде оларға қойылған айыптарды дәлелденді деп тапты. Алайда бұл жолдастардың шаруашылықты қалпына келтіру ісіне сіңірген еңбектерін ескере келіп, трибунал оларды жазаламау жөнінде қаулы алды. Трибуналдың

ұсынысы бойынша Еңбек және Қорғаныс Советі Фаулер системасы плугтерін жасап шығаруға жөнді мән бермегенін Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының және Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының бетіне басты. Сондай-ақ В. И. Лениннің 1921 жылғы 23 декабрьде П. А. Богдановқа жазған хатын қараңыз (Шығармалар, 36-том, 559—561-беттер).— *199.*

89 В. И. Ленин жаңа экономикалық саясат жағдайында барлық ведомстволардың жергілікті экономикалық органдардың үнемі есеп беріп отыруының үлкен маңызы барын талай рет айтты (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 43-том, 294—296, 297—326-беттер).

Ленин 1921 жылы 21 октябрьде бүкіл есеп беру ісін жақсартуды көздеп, Еңбек және Қорғаныс Советіне есеп және диаграммалар беру мәселесін Еңбек және Қорғаныс Советінің талқылауына қойды; осы мәселе жөнінде баяндама жасайды. Лениннің баяндамасы бойынша осы жарияланып отырған шешім қабылданады. Қаулы жобасын дайындау үшін Н. П. Горбунов басқарған комиссия құрылады.

Қаулы жобасы 2 ноябрьде Еңбек және Қорғаныс Советінің пленум мәжілісінде талқыланды. Жобаның ақырғы редакциясы П. И. Поповқа, Г. М. Кржижановскийге және Н. П. Горбуновқа жүктелді. Олар оны Юстиция халық комиссариатының келісімін алғаннан кейін Ленинге қол қоюға берді. Еңбек және Қорғаныс Советінің қаулысы 1921 жылы 1 декабрьде «Экономическая Жизнь» газетінің 270-номерінде жарияланды.— *200.*

90 Еңбек және Қорғаныс Советіне диаграммалар беру Еңбек және Қорғаныс Советінің қаулысы бойынша қолға алынды; Еңбек және Қорғаныс Советіне, РКП(б) Орталық Комитетіне: жылдық —1919 және 1920 жылдардың, ай сайынғы — 1921 және 1922 жылдардың диаграммалары екі дана етіліп жасалатын болды.

В. И. Ленин бұл жұмыстың барысына мұқият зер салып отырды. «Еңбек және Қорғаныс Советіне берілетін диаграммалар атласында» ол диаграммалар жасалуы қажет халық шаруашылығының негізгі салаларын көрсетіп берді (қараңыз: осы том, 508—510-беттер). Донецк көмірін тиеу жөніндегі диаграмманы қарап шығып, Ленин оны үлгі ретінде алуды ұсынды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 54-том, 8-бет).

1922 жылы январьда Ленин Еңбек және Қорғаныс Советіне берілген диаграммалардың біразын қарап шығып, негізінен алғанда олардың формасымен келісті, бірақ барынша көрнекі болуын көздеп, бірсыпыра қосымшалар енгізуді ұсынды (қараңыз: бұл да сонда, 124-бет).— *200.*

91 1921 жылы 6—8 октябрьде 19 мемлекеттің, оның ішінде Бельгияның, Англияның, Францияның, Германияның, Ита-

лияның, Испанияның, Швецияның, Данияның, Голландияның, Румынияның, Қытайдың және басқалардың, сондай-ақ халықаралық Қызыл Крестің және Американ көмек әкімшілігінің (АРА) өкілдері қатысқан Брюссель конференциясында Россияның ескі борыштарын төлеу жөнінде мәселе көтерілді.

Конференция үкіметтерге Советтік Россия ескі үкіметтердің борыштарын мойындаған және азық-түлікті бөлуге бақылау жасау үшін комиссияның келуіне рұқсат еткен жағдайда ғана Советтік Россияға ашаршылықпен күресу үшін кредит беруді ұсынды. Сонымен қатар конференцияның қарарында былай деп көрсетілді: «Россияда дұрыс экономикалық жағдай орнағанға дейін» — мұны капиталистік тәртіптердің қайта жаңғыруы деп ұғу керек — «үкіметтердің іс-әрекетіне байланысты ешқандай экономикалық шешімнің болуы мүмкін емес». Совет үкіметін тізе бүктіру — Брюссель конференциясын ұйымдастырушылардың мақсаты міне осы болды. В. И. Ленин 1921 жылы 7 октябрьде «Арал теңізіндегі жұмысшы, балықшы жолдастарға» үндеуінде: бай-капиталистердің көмегіне ешбір үміт артуға болмайды деп жазды. «Қазір дүние жүзіндегі Англия, Америка, Франция сияқты ең күшті мемлекеттерді басқарып отырған капиталистер» «біздің жұмысшы-шаруа республикасының бар билігін солардың қолына беретіндей» шарттармен ғана біздің ашыққан шаруаларымызға көмек беруге келісіп отыр (Лениннің XXXIV жинағы, 425-бет).

Ескі үкіметтердің борыштарын мойындау туралы мәселе 27 октябрьде РКП(б). Орталық Комитетінің Саяси бюросында талқыланды. Саяси бюро «Чичерин жолдас ұсынған текст Ленин жолдастың түзетулерімен негіз етіліп алынсын, оны өзінің қолын қойып жариялау Чичерин жолдасқа жүктелсін» деп қаулы алды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Борыштарды мойындау туралы Совет үкіметінің мәлімдемесі, В. И. Лениннің түзетулері енгізілген соң, 28 октябрьде Великобритания, Франция, Италия, Жапония және Америка Құрама Штаттары үкіметтеріне жіберілді (қараңыз: «Правда» № 243, 29 октябрь, 1921 жыл). Ресми мәлімдеме текстінің осы томда жарияланып отырған жобадан редакциялық сипатта айырмашылығы бар.— *201.*

[92] 1921 жылы 27 октябрьде Саяси бюро мәжілісінде мақта-мата өнеркәсібін басқару туралы ереженің жобасы талқыланды (баяндамашылар: П. А. Богданов, Н. И. Лебедев, Г. Н. Мельничанский, И. И. Кутузов). Саяси бюро В. И. Ленин ұсынған қаулы жобасын қабылдады. Мақта-мата өнеркәсібін басқару туралы ереженің жобасы өңделгеннен кейін 3 ноябрьде Саяси бюроның мәжілісінде бекітілді.— *205.*

[93] Л. Б. Красин 1921 жылы 19 октябрьде Лондоннан берген телеграммасында ірі мұнай фирмаларына қызмет көрсететін

американ «Фаундэйшн Компани» құрылыс компаниясымен өзінің келіс сөздер жүргізе бастағанын хабарлады. Осы компанияның өкілі: іздеу-зерттеу жұмыстарын компанияның инженерлері жүргізетін болған жағдайда парафин айыру заводы мен Грозный — Қара теңіз мұнай құбырын салуды компания өз мойнына алуға дайын деп мәлімдеді. Красин осы құрылысқа қажетті қаржы бөлуді ұсынды. Л. Б. Красинге жіберілген телеграмманың бұл жобасын 28 октябрьде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы бекітті. Лениннің XXXVI жинағын да қараңыз, 357—358-беттер.— *206.*

94 *Москва губерниялық VII партия конференциясы* 1921 жылы 29—31 октябрьде болып өтті. Конференцияға 637 делегат, оның ішінде шешуші дауыспен 353, кеңесші дауыспен 284 делегат қатысты.

Конференцияның күн тәртібі: 1) Халықаралық және ішкі жағдай; 2) Губерниялық экономикалық кеңестің баяндамасы; 3) РКП(б) Москва комитетінің жұмысы туралы есеп; 4) Тексеру комиссиясының баяндамасы; 5) Бақылау комиссиясының баяндамасы. Конференция сондай-ақ Москва мен Москва губерниясында партияны тазалау туралы баяндаманы тыңдады және басқа да мәселелерді қарады.

В. И. Лениннің жаңа экономикалық саясат туралы баяндамасы конференция жұмысының басында 29 октябрьдегі бірінші мәжілісте тыңдалды. Баяндама бойынша қабылданған қарарда былай делінді: «Совет өкіметі жаңа экономикалық саясатқа дер кезінде көшті, бұл саясаттың толық дұрыстығы азық-түлік салығын жинау барысымен де, шаруашылық айналымының байқалып отырған жандануымен де толық дәлелденді деп есептеп, конференция жаңа экономикалық саясатты толық мақұлдайды» («РКП Москва губерниялық жетінші партия конференциясының есебі. 29—31 октябрь, 1921 ж.» М., 1921, 35-бет).— *207.*

95 В. И. Ленин бұл арада Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қарар ретінде қабылдаған «Совет өкіметінің кезекті міндеттері туралы алты тезисті» айтып отыр. Төртінші тезисте былай делінген: «Совет өкіметінің белгілі бір жағдайларда бір адым кері басуына немесе буржуазиялық тенденциялармен компромисс жасасуына тура келгендігінің себебін, екінші жағынан, жоғарыда көрсетілген негізгі фактімен түсіндіруге болады. Мәселен, бірқатар буржуазиялық мамандар үшін жоғары ақы төленетін жағдайдың енгізілуі осындай бір адым кері басқандық және Париж Коммунасының принциптерінен шегінгендік еді» (Шығармалар толық жинағы, 36-том, 301-бет).— *215.*

96 *«Листок Объявлений»* («Московский Листок Объявлений») («Хабарландырулар Листогы») («Москва Хабарландырулар Листогы»)—жеке кәсіпкерлер тобының басылымы; 1921

жылғы октябрьден 1922 жылғы февральға дейін Москвада шығып тұрды.— *216.*

[97] Қараңыз: Ф. Энгельс. 1875 жылғы 18—28 мартта және 1884 жылғы 11 декабрьде А. Бебельге жазылған хаттар (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. Мемл. баспасы, 1958, 315 және 411—412-беттер).— *240.*

[98] Ф. Энгельс. «Эмиграпттық әдебиет» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 516-бет).— *242.*

[99] 1922 жылғы финанс жоспары мен эмиссия жоспарының жобасы Халық Комиссарлары Советінің 1921 жылғы 5 ноябрьдегі мәжілісінде талқыланды. В. И. Лениннің ұсыныстары Халық Комиссарлары Советінің осы мәселе жөнінде қабылдаған қаулысына негіз болды. 2, 4, 5 және 6-пункттер қолжазбада сызылып тасталғандықтан қаулыға енген жоқ.—*249.*

[100] В. И. Ленин жазған жоба Халық Комиссарлары Советінің осы мәселе жөнінде 1921 жылы 18 ноябрьде қабылдаған қаулысының текстіне енді. Халық Комиссарлары Советі «Финанс комиссиясы ұсынған шығып бюджетінің халық комиссариаттары бойынша бөлінген цифрларын шартты түрде» бекітті; халық комиссариаттарына «смета жасау жұмысын тездетіп, оны 1 декабрьге дейін сөзсіз бітіруді» жүктеді. Финанс комиссиясы мен мемлекеттік жоспарлау комиссиясына «кірістердің ақшалай да, заттай да есебін шығаруды бір апта мерзім ішінде аяқтау» тапсырылды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).— *250.*

[101] *В. И. Лениннің Монғол Халық Республикасының делегациясымен әңгімесі* 1921 жылы 5 ноябрьде Кремльде болды. Делегация Москваға 2 ноябрьде келген болатын. Оның құрамында мына адамдар болды: Данзан — делегация председателі, финанс министрі және Монғол Халық-революциялық партиясы Орталық Комитетінің председателі; Сухе-Батор — Халық-революциялық армиясының бас қолбасшысы әрі әскери министрі; Б. Церендорж — сыртқы істер министрінің орынбасары; Чжон-Ван-Ширнин-Дандин — діни топтардың өкілі, делегацияның ресми емес мүшесі; Батухан — кеңесші әрі жауапты аудармашы. Әңгіменің жазбасы бірінші рет 1934 жылы 28 сентябрь — 5 октябрьде болып өткен Монғол Халық-революциялық партиясының IX съезі протоколдарында жарияланды. Оны жариялау Б. Шумяцкий мен Б. Церендорждың естеліктері негізге алынып әзірленді. Церендорж өзінің естелігінде былай деп жазды: «Ленин делегация мүшелерімен ұзақ әңгімелесті. Ол біздің айтқанымызды зер сала тыңдады, халықтық Монғолия өмірінің мейлінше алуан түрлі мәселелеріне ықыласпен көңіл аударды, пайдалы кеңестер берді. Атап айтқанда, Владимир Ильич монғол хал-

қының білім және мәдени дәрежесін көтеру қажеттігіне біздің назарымызды аударды, сонымен қатар халықтың барлық қажеттерін қанағаттандыру мақсатын көздеп, өз экономикасын барынша өркендету керек екенін атап көрсетті» (Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер, 5-том, М., 1969, 439—440-беттер).

3 ноябрьде Ленин Монғол Халық Республикасымен келісімді карауды өтініп, Кіші Халық Комиссарлары Советінің председателіне записка жіберді. Кіші Халық Комиссарлары Советі бұл келісімді қарап, оны мақұлдады (Лениннің XXXV жинағы, 289—290-беттер).

1921 жылы 5 ноябрьде РСФСР мен Монғол Халық Республикасы өкілдері келісімге қол қойды; бұл келісім бойынша екі жақ өз территориясында екінші жаққа жау топтардың болуына және жасақталуына жол бермеуге міндеттенді, дипломаттық және консулдық өкілдер тағайындау, мемлекеттік шекараны белгілеу тәртібі жөнінде келісімге келді; баж салығы саясатының негізгі ережелері белгіленді. Совет үкіметі Монғолиядағы РСФСР меншігіне жататын телеграф құрылысын Монғол Халық Республикасына берді.— *251.*

102 Прохоров мануфактурасы (қазір Ф. Э. Дзержинский атындағы «Трехгорная мануфактурасы») жұмысшыларының Ұлы Октябрь социалистік революциясының төрт жылдығын мерекелеуге арналған екі мың адам қатысқан жиналысы еске түсіру кеші ретінде ұйымдастырылған болатын. Жиналысты А. М. Коллонтай ашты, осы және басқа кәсіпорындардың жұмысшылары сөз сөйледі.

В. И. Ленин Прохоров мануфактурасының жұмысшылары сайлаған Москва Советінің депутаты ретінде сөз сойледі.— *254.*

103 1921 жылы 4 ноябрьде № 3 «Электросила» (бұрынғы «Динамо») (қазір С. М. Киров атындағы «Динамо») заводының жұмысшылары В. И. Ленинге мынадай құттықтау жіберді: «Октябрь революциясының төрт жылдығына байланысты № 3 «Электросила» заводының жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы жиналысы... жұмысшы табының күшіне кәміл сеніп, оны капиталистік қамалға қарсы шабуылға кімнің бастағанын әр кез еске алады.

Саған, қымбатты Владимир Ильич, өзіміздің пролетарлық сәлемімізді жолдаймыз және капиталистік дүниенің қоршауында отырған жағдайда біздер алдыңғылардың бірі болып, қоршаудағы учаскені елді электрлендіру арқылы нығайтамыз деп мәлімдейміз.

Владимир Ильич жасасын!

Октябрь революциясының 4 жылдығы жасасын!» («Известия ВЦИК» № 250, 6 ноябрь, 1921 жыл).

В. И. Лениннің сөзін жұмысшылар мен қызметшілердің ерекше ықылас қойып тыңдағаны «Правда» және «Извес-

тия» газеттеріндегі корреспонденцияларда атап көрсетіледі.— *259.*

104 *Кәсіподақтардың мәдени-ағарту жұмысы жөніндегі Бүкілроссиялық I конференциясы* 1921 жылы 26 сентябрь — 1 октябрьде Москвада өтті. 173 делегат (шешуші дауыспен 122, кеңесші дауыспен 51 делегат) қатысты. Делегаттардың ішінде 119 коммунист, 51 партияда жоқтар, 1 меньшевик, 1 эсер, 1 партия аралық социалист болды.

Конференцияның күн тәртібіне 13 мәселе қойылды. Олардың ішінде: ВЦСПС мәдениет бөлімінің Халық ағарту комиссариаты мен оның бас комитеттерінің, Пролеткульттің есепті баяндамалары; жергілікті жерлерден (Донбасс, Петроград, Баку) баяндамалар; жаңа экономикалық саясат және ағарту ісі; кәсіподақтардың саяси-ағарту жұмысы; жастар арасындағы мәдени жұмыс және басқалар.

Конференция кәсіподақтардың саяси-ағарту жұмысын жақсарту жолдарын, жаңа экономикалық саясатқа байланысты жаңа формалар мен әдістер (жеке меншік және арендаға берілген кәсіпорындардағы және т. т. мәдени жұмыс) белгіледі.

Конференция Саяси ағарту бас комитетімен қарым-қатынас туралы мәселеде теріс позиция ұстады. Кәсіподақтардың мәдени жұмысын Саяси ағарту бас комитетінің ықпалынан шығарып алу қажеттігі жөніндегі пікір конференция қарарының («Одақтардың мәдени жұмысының ролі мен міндеті») негізгі арқауы болды. «Одақтардың мәдени жұмысы,— делінген бұл қарарда,— тұтас кәсіптік қозғалыстың табиғи бөлегі болып табылады және оған басшылықты кәдімгі одақтық тәртіппен тиісті кәсіптік органдар жүзеге асырып отырады. ...Өкілдікті Халық ағарту комиссариатының тиісті жұмыс саласындағы мамандар дейтіндермен ауыстыру жөніндегі тенденциялар мен әрекеттерге үзілді-кесілді жол берілмеуге тиіс» («Кәсіподақтардың мәдени-ағарту жұмысы жөніндегі Бүкіл россиялық 1-конференциясының Бюллетені» № 5, 5 октябрь, 1921 ж.).

Бұл бағыт РКП(б) X съезінің «Саяси ағарту бас комитеті және партияның үгіт-насихат міндеттері туралы» қарарына қайшы келетін еді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 252-бет).

Кәсіподақтардың мәдениет бөлімдері мен саяси-ағарту комитеттері арасындағы өзара қатынас туралы мәселе Саяси бюрода екі рет қаралды. 1921 жылы 27 октябрьде Н. К. Крупская енгізген мәселені қарап, Саяси бюро мынадай қаулы алды: «Осы мәселе Саяси бюрода келесі бейсенбіде (осы жылғы 3. XI.) түпкілікті шешілуі үшін төрт күн ішінде тезистерді жасау және тарату ВЦСПС-ке жүктелсін» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм

институтының Орталық партия архиві). 8 ноябрьде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы В. И. Ленин ұсынған қарарды негізге алу жөнінде қаулы қабылдады. — *260.*

105 В. И. Ленин бұл арада саяси ағарту комитеттерінің Бүкіл россиялық II съезінің «Саяси ағарту бас комитетінің баяндамалары бойынша» алған қарарын айтып отыр; қарар орталықта және жергілікті жерлерде саяси ағарту комитеттері мен кәсіподақтардың мәдениет бөлімдері арасындағы қарым-қатынасты анықтап берген болатын. «Кәсіподақтар,— делінген бұл қарарда,— мынадай, мүлде теріс көзқарасқа — қандай формадағы болсын, бүкіл ағарту жұмысы кәсіподақтардың ісі болуға тиіс, кәсіподақтар ағарту ісін Халық ағарту комиссариатының органдарына қарағанда жақсы жүргізе алады деген көзқарасқа үнемі ойыса береді.

Мұндай көзқарас қате және ол кәсіподақтардың міндеттерін теріс түсінгендіктен туады. Мұндай көзқарасты ұстаған жағдайда мемлекеттің бүкіл қызметін, халық комиссариаттарының бүкіл жұмысын кәсіподақтарға беру қажет деген қорытынды жасау керек болар еді» («Саяси ағарту комитеттерінің Бүкіл россиялық 2-ші съезі. Съезд Бюллетені» № 7, 24 октябрь, 1921 ж.).

Саяси ағарту комитеттері съезінің қарары Саяси ағарту бас комитетінің және ВЦСПС мәдениет бөлімінің идеялық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын біріктіру жөнінде нақты шаралар белгіледі: мәдениет бөлімінің меңгерушісі (немесе коллегия мүшесі) Саяси ағарту бас комитетінің коллегиясына, ал Саяси ағарту бас комитетінің председателі ВЦСПС мәдениет бөлімінің коллегиясына енеді; Саяси ағарту бас комитеті ВЦСПС мәдениет бөлімімен бірлесіп, жұмысшылар — кәсіподақ мүшелері арасында жүргізілетін саяси-тәрбие жұмысының жоспарын жасайды; қолда бар күш пен қаржыны өте-мөте тиімді пайдалану және жұмыстағы қосарластықты жою мақсатын көздеп, кәсіподақтарға ұйымдасқан жұмысшыларға қызмет көрсету үшін саяси-ағарту мекемелерінің бірыңғай жүйесі құрылды; мәдениет комиссиялары өз жұмысында саяси ағарту комитеттерінің директиваларына бағынуға және ВЦСПС мәдениет бөлімінің алдында ғана емес, сонымен қатар тиісті саяси ағарту комитеттерінің алдында да жауап беруге тиіс болды.

В. И. Лениннің Саяси бюро қабылдаған ұсынысы негізінде ВЦСПС пен Саяси ағарту бас комитетінің саяси-ағарту жұмысын біріктіру жөнінде ереже жасалды. — *260.*

106 Бұл документ Г. В. Чичериннің РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына жолдаған хатына жазылған; ол хатта Г. В. Чичерин Балтық экономикалық конференциясында (1921 жылы 28—31 октябрьде Ригада болып өтті) Советтік Россияның сыртқы саудасын денационализациялау жөнінде мәселе көтерілгенін хабарлаған-ды. Конференциядағы

РСФСР делегациясының председателі В. П. Милютин осы мәселе туралы баяндама әзірлеп, ол баяндама Саяси бюроға жіберілді. Милютиннің жоспары сыртқы сауданы денационализациялауға келіп сайды. В. И. Лениннің ұсынысы бойынша, 10 ноябрьде Саяси бюро Милютиннің ұсынысын қабылдамай тастады. Бұдан кейін, 1921 жылдың аяғынан бастап, бүкіл 1922 жыл бойы партияның басшы тобы ішінде сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе бойынша айтыс өріс алды (қараңыз: осы том, 466—470-беттер және Шығармалар, 33-том, 371—374 және 456—460-беттер). — *261.*

107 Украинадағы азық-түлік жұмысы туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы қаулысының В. И. Ленин ұсынған жобасын Саяси бюро 1921 жылы 10 ноябрьде қабылдады. — *262*

108 Г. В. Чичерин өзінің РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына жазған хатында дәрі-дәрмектерді және эпидемияға қарсы күресудің басқа да құралдарын Денсаулық сақтау халық комиссариатына беру туралы Ұлттар лигасының ұсынысы жөнінде Денсаулық сақтау халық комиссариаты мен Сыртқы сауда халық комиссариатының сұрау салғанын хабарлай отырып, Саяси бюродан РСФСР Ұлттар лигасына кірмейтіндіктен оның қандай да болсын комиссиясымен совет органдарының байланыс жасауына болатын-болмайтыны туралы мәселені принцип жағынан шешуді сұрады. 1921 жылы 17 ноябрьде Саяси бюро Ұлттар лигасы эпидемиялық комиссиясының ұсынысын қабылдауды, бірақ Советтік Россия Ұлттар лигасын уәкілетті халықаралық ұйым ретінде танытты деген пікір туғызбайтын формада мәлімдеме әзірлеуді Чичеринге тапсырды. — *263.*

109 Бірінші записка РКП(б) Орталық Комитетінің 1921 жылғы 16 июньдегі партия және сот-тергеу мекемелерінің өзара қатынастары туралы жергілікті партия комитеттерінің санкциясы болмайынша коммунистерді сотқа тартпауды белгілеген нұсқау хатына Юстиция халық комиссариатының наразылық білдіруіне байланысты жазылған.

Юстиция халық комиссариаты Орталық Комитеттің нұсқау хатынан 4 және 5-параграфтарды алып тастауды өтінді.

4-параграфта сотқа тартылатын коммунистерді партия комитеттері осы іс жөнінде уәкілдік берген адамдардың жеке кепілдігімен кепілдікке босату сот орындары үшін міндетті деп белгіленген еді. 5-параграфта партия комитетінің шешімі сот орнына партиялық директива болып саналуы үшін және сот шешімін күн ілгері бағыттау үшін партия комитетінің осы іспен танысқаннан кейін үш күн ішінде нақты пікірі болуы ол үшін міндетті деп белгіленген болатын.

В. И. Ленин өзінің бірінші запискасына жауап ретінде Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросының нұсқау хат-

ты бекіткені туралы 1921 жылғы 11 ноябрьдегі қаулысын және В. М. Молотовтың хатын алды, хатта нұсқау хаттың өзгертілгені және мәселені шешіліп бітті деп санауға болатыны айтылған еді.

Бұл өзгертулер нұсқау хаттың басты кемшіліктерін сол күйі қалдыруы себепті В. И. Ленин екінші запискасын жазды.

Әкімшілік-сот органдарының партия комитеттерімен өзара қатынастары туралы мәселе 24 ноябрьде Саяси бюроның мәжілісінде талқыланды, оған В. И. Ленин қатысты. Саяси бюро тұтас алғанда бүкіл нұсқау хатты бір апта мерзім ішінде партия мүшелері жалпы қылмысты істер бойынша сотқа тартыла қалған жағдайда олардың жауапкершілігін арттыру және «жауапкершілікті әлсірету үшін билік жүргізуші партияның беделін пайдаланудың қандай да болсын мүмкіндігін жою» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркс-изм-ленинизм институтының Орталық партия архиві) бағытында қайта қарап шығуды Д. И. Курскийге тапсырды. 1921 жылы 8 декабрьде Саяси бюро Д. И. Курскийдің ұсынысын негіз етіп алды және нұсқау хатты редакциялау үшін комиссия бөлді. 1922 жылы январьдың басында РКП(б) Орталық Комитеті «Партия комитеттері мен сот-тергеу комиссияларының өзара қатынастары туралы» нұсқау хат жариялады, бұл 16 июньдегі нұсқау хаттың күшін жойды. Жаңа нұсқау хатта партия мүшелері азаматтық соттың немесе Революциялық трибуналдың қарауына жататын қылмыс жасаған жағдайда олардың жауапкершілігін сөзсіз арттыру қажеттігі атап көрсетілді (қараңыз: «Партия қызметкерінің анықтамасы», II кітап, 1922, 177-бет). — *264.*

110 Документ Халық Комиссарлары Советінің «Жалған көрсеткіштер үшін қолданылатын жазалар туралы» декретін әзірлеуге байланысты жазылған. В. И. Ленин декретке 24 ноябрьде қол қойып, ол 1921 жылы 1 декабрьде «Известия ВЦИК» газетінде жарияланды. В. И. Лениннің қосымшасы осы декреттің текстіне енді (қараңыз: «Жұмысшы-шаруа үкіметінің заңдары мен жарлықтары жинағы», 1921, № 77, 787-бет). — *266.*

111 «Газеттерді ақылы ету туралы» декретті Халық Комиссарлары Советі 1921 жылы 28 ноябрьде бекітті. Декретке сәйкес, газет үшін жеке адамдардан, сондай-ақ қоғамдық мекемелер мен ұйымдардан да, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардан да түгел ақы алынуға тиіс болды. В. И. Лениннің ұсынысы декреттің 8-пунктіне негіз етіп алынды, ол пунктте екі апта мерзім ішінде газеттерді ағарту мекемелері жүйесіне дұрыс бөлуге және еңбекшілер бұқарасын газеттермен жабдықтауға бақылау жасау туралы нұсқау әзірлеп, жариялау Халық ағарту комиссариатына жүктелді (қараңыз: «Известия ВЦИК» № 275, 7 декабрь, 1921 ж.). — *267.*

112 Бұл алғы сөзді В. И. Ленин өзінің «Жаңа экономикалық саясат туралы мәселе жөнінде (Екі ескі мақала және одан да ескілеу бір соңғы сөз)» деген кітапшасына арнап жазған еді, бірақ алғы сөз жарияланбай қалды. 1921 жылы кітапша (осы алғы сөзсіз) «Н. Ленин. Жаңа экономикалық саясат туралы мәселе жөнінде. Екі ескі мақала» деген атпен шықты («Вестник Агитации и Пропагандының» 22—23 номеріне қосымша). Бұған «Октябрь революциясының төрт жылдығына» және «Алтынның қазіргі және социализм толық жеңгеннен кейінгі маңызы туралы» деген мақалалары енді. Ленин осы алғы сөздің корректуралық оттискісіне түзетулер енгізді. Документте Лениннің: «Түзетіп, корректураны маған *тағы бір рет* жіберуді өтінемін. 16/XI Ленин» деген жазуы бар. — *268.*

113 1921 жылы 21 ноябрьде Халық шаруашылығы жоғары советі «Тері шикізатын жинау және сату концессиясы жөнінде П. Б. Штейнбергпен шартты» Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне ұсынды. Халық Комиссарлары Советі бірнеше рет талқылағаннан кейін 1922 жылы 10 январьда концессияны қабылдамай тастады және тері шикізатын ел ішінен дайындауды акционерлік негізде ұйымдастыру туралы ереже әзірлеуді арнайы тағайындалған комиссияға тапсырды; комиссияға сондай-ақ тері шикізатын дайындау ісіне Штейнбергті қатыстыру әдісін ойластыруды да тапсырды. Сондай-ақ осы томның 362—394-беттерін де қараңыз.—*273.*

114 В. И. Ленин бұл арада Донбасстағы қызметкерлер арасындағы алауыздықтар туралы мәселенің РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде талқылануына байланысты жасаған өз ұсынысын айтып отыр.

Бірінші және екінші мәселе бойынша В. И. Лениннің ұсыныстарын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 27 ноябрьде қабылдады. — *275.*

115 Хаттың осы бөлегі РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы қаулысының жобасы болды. В. И. Лениннің баяндамасы бойынша Саяси бюроның 1921 жылғы 1 декабрьде қабылдаған қаулысында былай делінген: «Цюрупа жолдас азық-түлік халық комиссары қызметінен босатылып, Еңбек және Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінде шешуші дауыспен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің екінші орынбасары қызметіне бекітілсін және осы қызметке Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумында бекітілсін» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). А. Д. Цюрупаны Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің екінші орынбасары етіп тағайындау туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 2 декабрьдегі қау-

лысы да осы тұжырымда қабылданды (қараңыз: «Известия ВЦИК» № 272, 3 декабрь, 1921 жыл). — *277.*

116 Закавказье федерациясы экономикалық дамудың қажеттігінен және Закавказье халықтарының достығын нығайту міндеттеріне байланысты құрылды. В. И. Ленин Закавказье республикалары арасында экономикалық келісім болуының және бүкіл Закавказье үшін облыстық шаруашылық органы құрылуының қажеттігін 1921 жылдың алғашқы айларындаақ айтқан болатын. «Азербайжандағы, Грузиядағы, Армениядағы және Тау республикасындағы коммунист жолдастарға» деген хатында Ленин советтік Закавказье республикалары арасында тығыз одақ орнатудың маңызын атап көрсетті (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 43-том, 220—222-беттер).

1921 жылы апрельде Закавказье республикалары компартияларының Орталық Комитеттері Закавказьенің барлық темір жолдарын біріктірудің жобасын бекітті, ал июньде біріккен Сыртқы сауда халық комиссариатын құру туралы келісімге қол қойылды. Августа РКП(б) Орталық Комитетінің Кавказ бюросы Кавказ экономикалық бюросын құру туралы қаулы алды. 1921 жылы 2 ноябрьде Кавказ бюросының пленумында федерация құру туралы шешім қабылданды.

РКП(б) Орталық Комитеті Кавказ бюросының Закавказье республикаларын біріктіруге бағытталған шаралары Грузияның (Б. Мдивани және басқалар), сондай-ақ Азербайжанның басшы қызметкерлерінің бір бөлегі тарапынан қарсылық туғызды. Олар федерация қажеттігін сөз жүзінде мойындай отырып, Закавказье республикаларын біріктіру ісіне іс жүзінде кедергі жасады. Федерация құруды тым тездетуге тырысқан Кавказ бюросы да бұл мәселеде бірсыпыра қателер жасады — Закавказье республикаларын федерациялау туралы шешім бұл мәселе ұлт компаниялары Орталық Комитеттерінде алдын ала талқыланбай, бұқара арасында тиісті әзірлік жұмысы жүргізілмей қабылданды. И. В. Сталиннің ұсыныстарында да мәселенің бұл жағы, сірә, жеткілікті ескерілмеген болса керек (И. В. Сталин жазған хаттың тексті Орталық партия архивінде жоқ), мұны В. И. Ленин жазған записка мен жобаның мазмұны дәлелдейді.

Ленин жазған қарардың жобасын алғаннан кейін Сталин оған былай деп жазды: «Ленин жолдас! Егер мынадай түзету енгізуге келіссеңіз, Сіздің қарарыңызға қарсы емеспін. «Талқылауға бірнеше апта керек болады» (1-пункт) деген сөздердің *орнына:* «талқылау үшін *белгілі бір уақыт* керек болады», одан әрі сіздің қарарыңыздағыдай». Осы хатта мынадай жазба бар: «Мен Сталин жолдастың бұл түзетуін қабылдаймын. 28. XI. 21 ж. Ленин» (КПСС Орталық

Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

1921 жылы 29 ноябрьде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы В. И. Ленин әзірлеген жобаны И. В. Сталиннің түзетулерімен қоса қабылдады. — *280.*

117 *Москва губерниялық I ауыл шаруашылық съезі* 1921 жылы 28—30 ноябрьде Москвада (Одақтар үйінің Колонналы залында) өтті. Съезге 300-ден астам делегат — шаруалар және жер органдарының қызметкерлері қатысты.

Съезд ауыл шаруашылығы саласында жаңа экономикалық саясатты жүргізу туралы егіншілік халық комиссарының орынбасары Н. Осинскийдің (В. В. Оболенскийдің) және жаңа экономикалық саясатқа байланысты жерге орналастырудың формалары туралы П. А. Месяцевтің баяндамаларын тыңдады. Баяндамалар қызу жарыс сөз туғызды.

В. И. Лениннің съезде сөйлеген сөзі бұған дейін оның Шығармаларында 1921 жылы 30 ноябрьде «Правданың» 270-номерінде жарияланған қысқаша газет есебі бойынша басылып келді. Осы басылуында В. И. Лениннің сөйлеген сөзі стенограмма бойынша басылып отыр. — *281.*

118 Бұл түзету РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1921 жылғы 26 ноябрьдегі қаулысы бойынша құрылған комиссияның жобасына қатысты жасалған; комиссияға Азық-түлік халық комиссариатының паек нормалары туралы ұсынысын қарау, сондай-ақ жалақы қорларын белгілеу жөнінде комиссия құрудың қажеттігі туралы мәселені анықтау тапсырылған еді. Комиссия Тариф комиссиясын жойып, оның орнына Еңбек және Қорғаныс Советінің жанынан Жалақы жөніндегі орталық қор комитетін құруды ұсынды. 1 декабрьде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы комиссияның жобасын В. И. Лениннің түзетулерімен қабылдады.

Қолжазбада қате кеткен: Тариф комиссиясы Халық Комиссарлары Советінің 1921 жылғы 1 ноябрьдегі қаулысы бойынша құрылған болатын. — *285.*

119 *ВЧК* — контрреволюцияға, саботажға және жалдаптыққа қарсы күресу жөніндегі, Бүкіл россиялық төтенше комиссия — 1917 жылы 7 (20) декабрьде Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша құрылды. Пролетариат диктатурасының аса маңызды органдарының бірі болған Бүкіл россиялық төтенше комиссия азамат соғысы және шетел соғыс интервенциясы жылдарында контрреволюцияның бүлдіру әрекетіне қарсы күрес жүргізуде және Совет республикасының мемлекеттік қауіпсіздігін қорғауда орасан зор роль атқарды.

Еліміздің бейбіт шаруашылық құрылысқа көшуіне байланысты В. И. Ленин 1921 жылы 1 декабрьде Бүкіл россиялық төтенше комиссия қызметінің шеңберін ықшамдап, оны

қайта құруды ұсынды. РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы қаулысының жобасы 1921 жылы 1 декабрьде қабылданды. Құрамына Л. Б. Каменев, Д. И. Курский және Ф. Э. Дзержинский енген комиссияға бұл мәселені бес күн мерзім ішінде талқылап, мыналарды ескеру тапсырылды: «а) Бүкіл россиялық төтенше комиссияның міндетін ықшамдау; б) қамауға алу правосын ықшамдау; в) жалпы іс жүргізу үшін бір айлық мерзім тағайындау; г) соттарды күшейту; д) атын өзгерту туралы мәселені талқылау; е) едәуір жұмсарту мағынасында өзгеріс туралы жалпы ереже дайындап, оны Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті арқылы өткізу» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Бүкіл россиялық XI партия конференциясының қарарында былай деп көрсетілген: «Революция процесінде және өкімет жүргізіп отырған экономикалық саясат негізінде орнатылған қатынастардың жаңа формалары заңда көрсетіліп, сот жолымен қорғалуға тиіс... Совет республикасының сот мекемелерін тиісінше жоғары сатыға көтеру керек. ВЧК-ның және оның органдарының компетенциясы мен қызмет шеңбері тиісінше ықшамдалып, оның өзі қайта құрылуға тиіс» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 322-бет). Лениннің идеялары Советтердің Бүкіл россиялық IX съезі 1921 жылы 27 декабрьде қабылдаған «Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы қаулыда» да бейнеленді. Съезд Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына «Бүкіл россиялық төтенше комиссия мен оның органдарын қайта құру, олардың компетенциясын ықшамдау және революциялық заңдылық негіздерін күшейту бағытында Бүкіл россиялық төтенше комиссия мен оның органдары туралы ережені қайта қарауды» тапсырды («Советтердің Бүкіл россиялық тоғызыншы съезі. Стенографиялық есеп», 1922, 300-бет). РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 23 январьда Бүкіл россиялық төтенше комиссияны қайта құру туралы мәселені қарап, Ішкі істер халық комиссариаты жанындағы Мемлекеттік саяси басқарманың негізгі міндеттері мен функцияларын белгілеп берді. 6 февральда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы Бүкіл россиялық төтенше комиссияны қайта құру туралы қаулы қабылдады (қараңыз: «Известия ВЦИК» № 30, 8 февраль, 1922 ж.).

Нобайдың үшінші пунктінде іс жүргізудің мерзімдері туралы сөз болады. — *286*.

120 Қаулының жобасы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1921 жылы 1 декабрьде біртұтас жұмысшы майданының тактикасы туралы мәселені талқылауына байланысты жазылған. В. И. Лениннің ұсыныстары қабылданды. Бұлар

«Біртұтас жұмысшы майданы туралы және II, II½ және Амстердам Интернационалдарына кіретін жұмысшыларға, сондай-ақ анархо-синдикалистік ұйымдарды қолдайтын жұмысшыларға көзқарас туралы» Коминтерн Атқару Комитеті жасаған тезистерге негіз етіп алынды (тезистер «Коммунистический Интернационал» журналының 1921 жылғы 20-номерінде жарияланды). РКП(б) Бүкіл россиялық XI конференциясы (19—21 декабрь, 1921) осы тезистерге қосылды. Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген бірінші пленумы (21 февраль — 4 март, 1922 жыл) және Коминтерннің IV конгресі тезистерді талқылап, бекітті.

Н. И. Бухаринге РКП(б) тәжірибесінің қорытындылары туралы мақала жазуды тапсыруға байланысты В. И. Ленин «РКП(б) тарихы жөніндегі жазбалар» жасады (қараңыз: осы том, 288—290-беттер).— *287.*

121 В. И. Ленин бұл арада 1914 жылы шыққан «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақты айтып отыр; жинақта большевиктерді жақтайтын және меньшевиктерді жақтайтын жұмысшылардың әр түрлі мақсат үшін жинаған жұмысшы ақшалары жөнінде цифрлар келтірілген болатын (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 25-том, 249—258-беттер).

«Заметкалардың» соңында келтірілген 1½ және 9 миллион деген цифрлар 1917 жылы ноябрьде Құрылтай жиналысы сайлауында меньшевиктерді жақтап және большевиктерді жақтап берілген дауыстардың арақатынасын білдіреді. Бұл жөнінде В. И. Ленин «Құрылтай жиналысының сайлауы және пролетариат диктатурасы» деген мақаласында мейлінше толық айтады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 40-том, 1—26-беттер). — *290.*

122 *«Біз — коллективистерміз» платформасы*—интеллигенцияның жекелеген өкілдерінің көзқарасын білдіретін аноним документ; Пролеткульттің Бүкіл россиялық II съезі қарсаңында басып шығарылды, съезд 1921 жылы ноябрьде Москвада болып өтті. Платформада Октябрь революциясының социалистік сипатына күмән келтірілді, платформа авторлары Коммунистік партия мен Совет үкіметінің саясатына қарсы шықты, философия саласында махистік, богдановтық «теорияны» қорғады, саясат мәселелерінде «коллективистер» оппортунистік «жұмысшы оппозициясының» саясатына қосылды. Пролеткульттің II съезіндегі коммунистік фракция «коллективистер» платформасын айыптап, олардан іргелерін аулақ салды. *Пролеткульт* (мәдени-ағарту ұйымы) тәуелсіз дербес жұмысшы ұйымы ретінде 1917 жылы сентябрьде пайда болды. Пролеткультке басшылық ету ісі А. Богдановтың және оның жақтастарының қолына шоғырланды; Пролеткульт Октябрь революциясынан кейін де өзінің «тәуелсіздігін» қорғауын тоқтатпады, сол арқылы өзін Комму-

нистік партия мен пролетарлық мемлекетке қарсы қойды. Осының салдарынан Пролеткультке буржуазиялық интеллигенттер өтіп кетіп, оның позициясына шешуші ықпал ете бастады. Пролеткультшілдер іс жүзінде бұрынғы мәдени мұраның маңызын жоққа шығарды, бұқаралық мәдени-ағарту жұмысының міндеттерінен жалтаруға және өмірден қол үзіп, «лабораториялық жолмен» айрықша «пролетарлық мәдениетті» жасауға тырысты. Пролеткульттің басты идеологы А. Богданов (А. А. Малиновский) марксизмді сөз жүзінде мойындап, іс жүзінде субъективтік-идеалистік, махистік философияны уағыздады. Пролеткульт біртекті ұйым болған жоқ. Пролеткульттің көптеген ұйымдарына жетекшілік еткен буржуазиялық интеллигенттермен қатар, ол ұйымдарға мәдени құрылысқа шын ниетімен қатысуға тырысқан жұмысшы жастар да енді. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Пролеткульттің қате қағидаларын батыл сынға алды. Пролеткульт ұйымдары 1919 жылы барынша дамыды. 20-жылдардың бас кезінде олар құлдырай бастады; 1932 жылы Пролеткульт өзінің өмір сүруін тоқтатты.

«Коллективистердің» платформасын әшкерелейтін кітапша шығару туралы Лениннің ұсынысын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 3 декабрьде қабылдады.

Текстe айтылған «Орталық Комитеттің нұсқау хаты» — РКП(б) Орталық Комитетінің «Пролеткульт туралы» хаты (қараңыз: «Правда» № 270, 1 декабрь, 1920 жыл) және РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Пролеткульттер туралы 1921 жылғы 22 ноябрьдегі қаулысы, бұлар «Известия ЦК РКП(б)»-ның 1921 жылғы 36-номерінде жарияланды. — *291.*

123 Әңгіме Еңбек және Қорғаныс Советі жанындағы Материалдық ресурстарды пайдалану жөніндегі комиссияны жою туралы Еңбек және Қорғаныс Советі қаулысының жобасы жайында болып отыр; жобаны Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы әзірлеген еді.

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы әзірлеген жобаның 2 және 3-параграфтарында былай деп көрсетілген болатын: мемлекеттік өнеркәсіп орындары өндірген өнімдерді бөлу және азық-түлік ресурстарын бөлу жоспарларын әзірлеу тиісінше Халық шаруашылығы жоғары советі мен Азық-түлік халық комиссариатының жоспарлау комиссияларына жүктеледі, ал көрсетілген жоспарларды жинақтап, материалдық ресурстарды бөлудің жалпы жоспарын жасау, оны Еңбек және Қорғаныс Советіне тапсыру Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына жүктеледі. 5-параграфта Материалдық ресурстарды пайдалану жөніндегі комиссияны жоюдың мерзімі мен тәртібі белгіленді.

В. И. Лениннің ұсынысы 1921 жылы 2 декабрьде Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде қабылданды. Мате-

риалдық ресурстарды пайдалану жөніндегі комиссия туралы қаулының жобасын Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы қайта өңдегеннен кейін Еңбек және Қорғаныс Советі 16 декабрьде бекітті. — *292.*

124 «В. И. Лениннің тапсырмалары жөнінде секретарьлар мәліметтерінің жазбасы» календарында 1921 жылғы 5 декабрь деген сөздерден соң мынадай жазу бар: «Енукидзеге, Карпинскийге, Дзержинскийге, Залуцкийге, Михайловқа, Молотовқа (Дивильковский арқылы).

«Анағұрлым елеулі көңіл бөлерлік тексеру-тергеу қажет бола қалған күнде «тікелей байланыс» жасауға жарайтын адамдарды атап белгілеуді өтінемін»».

Сол документте 1922 жылғы 4 январь деген сөздерден соң былай делінген: «Іс Н. П. Горбуновта. Жақсы жүріп жатыр, адамдар бөлініп жатыр» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). — *293.*

125 В. И. Ленин жобаны 1921 жылы 5 декабрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде диірмендерді Халық шаруашылығы жоғары советінің қарамағынан алып, Азық-түлік халық комиссариатына беру туралы Еңбек және Қорғаныс Советінің қаулысына қарсы Халық шаруашылығы жоғары советі шағымының қаралуына байланысты жазған. Саяси бюро Еңбек және Қорғаныс Советінің қаулысын құптады және Кіші Халық Комиссарлары Советіне В. И. Ленин енгізген қосымша қаулыны қабылдауды ұсынды. — *297.*

126 Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің біртұтас жұмысшы майданы туралы мәселе жөніндегі тезистерінің тиісті 19-параграфы Лениннің нұсқауларына сәйкес түзетілді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 313-бет). Сондай-ақ осы томның 287 және 288—290-беттерін де қараңыз. — *298.*

127 Ленин бұл арада Ф. Энгельстің «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» деген мақаласын айтып отыр, мақала мына журналда басылды: «Die Neue Zeit», Bd. I, № 10, 1894—1895 (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 501—525-беттер). — *303.*

128 *Шығыс халықтарының насихат және іс-қимыл советі* 1920 жылы сентябрьде Бакуде болып өткен Шығыс халықтарының бірінші съезінде сайланды. Совет өзінің алдына Шығыс халықтарының азаттық қозғалысын қолдап, біріктіріп отыру міндетін қойды. — *307.*

129 *«Партияны тазалау және партияға қабылдау шарттары туралы П. А. Залуцкийге, А. А. Сольцке және Саяси бюроның барлық мүшелеріне хатты»* В. И. Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық XI конференциясына осы мәселе жөнінде қарар әзірлеуге байланысты жазған. В. И. Ленин науқастығына байланысты конференцияға қатыса алмады. В. И. Лениннің партияға қабылдау шарттарының неғұрлым қатаңырақ болуы жөніндегі ұсыныстары партия конференциясының қарарына енді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 327-бет). — *308.*

130 *РКП(б) XI конференциясы* 1921 жылы 19—22 декабрьде өтті. Конференцияға шешуші дауыспен 125 делегат және кеңесші дауыспен 116 делегат қатысты. Конференция мына мәселелерді қарап, шешім қабылдады: 1) шаруашылықты қалпына келтіруге байланысты партияның кезектегі міндеттері; 2) өнеркәсіп; 3) ауыл шаруашылығы; 4) кооперация; 5) партия тазалауының алғашқы қорытындылары; 6) Коминтерн мәселелері. Конференция партия жаңа экономикалық саясатқа дер кезінде көшті деп атап айтты және елдегі шаруашылық өмірдің жандана бастағанын атап көрсетті.

Партия тазалауының қорытындысын талқылаған соң конференция «Партияның адам құрамын тексеру тәжірибесін есепке алумен байланысты, партияны нығайту туралы мәселе жөнінде» қарар қабылдады, бұл қарар кейіннен РКП облыстық комитеттерінің, облыстық бюролары мен губерниялық комитеттерінің кеңесінде түбегейлі талдап жасалып, партияның Орталық Комитетінде және XI съезінде бекітілді. Конференция біртұтас жұмысшы майданы туралы Коминтерн Атқару Комитетінің тезистеріне қосылды.

РКП(б) XI конференциясының партияны тазалау туралы қарарының жобасына жасалған ескертпелерді қарар әзірлеу жөніндегі комиссия ескерді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 324-бет). — *310.*

131 В. И. Лениннің Советтердің Бүкіл россиялық IX съезі Польша, Финляндия және Румыния буржуазиялық үкіметтерінің авантюра саясатына қарсы бағытталған арнаулы қарар қабылдауы жөніндегі ұсынысы 1921 жылы 22 декабрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде қабылданды. — *312.*

132 *Советтердің Бүкіл россиялық IX съезі* 1921 жылы 23—28 декабрьде Москвада өтті. 1993 делегат, оның ішінде шешуші дауыспен 1631 делегат және кеңесші дауыспен 362 делегат қатысты. Делегаттардың қатарында 1850 (шешуші дауыспен

1522, кеңесші дауыспен 328) коммунист, 139 (шешуші дауыспен 109 және кеңесші дауыспен 30) партияда жоқтар және эсерлерден, анархист-универсалистерден, Поалей-Цион еврей социал-демократиялық жұмысшы партиясынан және молокан қауымдарынан кеңесші дауыспен бір-бірден делегат болды.

Съезд баяндамаларды талқылап, мынадай шешімдер қабылдады: 1) Республиканың сыртқы және ішкі саясаты туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің есебі бойынша қаулы; 2) РСФСР-дің халықаралық жағдайы туралы декларация; 3) Қызыл Армия мен Флот құрылысы туралы қаулы; 4) Ашыққандарға көмек туралы қаулы; 5) Азық-түлік салығын жинау туралы үндеу хат; 6) Шаруашылық жұмысының мәселелері жөнінде тапсырма; 7) Жаңа экономикалық саясаттың алдын ала жасалған қорытындылары туралы және Республика өнеркәсібі туралы қаулы; 8) Ауыл шаруашылығын нығайту және өркендету шаралары туралы қаулы; 9) Ауыл шаруашылық кооперациясы туралы қаулы; 10) Финанс және бюджет туралы қаулы; 11) Советтердің IX съезі бекіткен электрлендіру туралы Халық Комиссарлары Советінің қаулысы; 12) Совет құрылысы туралы қаулы; 13) Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы қаулы.

Советтердің IX съезі жұмысшы-шаруа үкіметінің ішкі және сыртқы саясат саласындағы қызметін толық мақұлдап, жаңа экономикалық саясат жағдайындағы жұмыстың алғашқы қорытындыларын шығарды. Съезд «РСФСР-дің халықаралық жағдайы туралы декларацияда» көрші және басқа барлық мемлекеттердің үкіметтеріне бейбіт қатар өмір сүру — «советтік республикалармен бейбіт және тату тұру» принципін өздерінің сыртқы саясатына негіз етіп алу жөнінде ұсыныс жасады («Советтердің Бүкіл россиялық тоғызыншы съезі. Стенографиялық есеп», М., 1922, 271-бет).

Съезд елдің бүкіл халық шаруашылығын өрге бастырудың қажетті шарты ретінде ауыл шаруашылығын мейлінше тез қалпына келтіруге баса назар аударды. Съезд Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жанынан ерекше уәкілеттігі бар ауыл шаруашылық комиссиясын құру, ал жергілікті жерлерде 1922 жылғы ауыл шаруашылық науқанын өткізу үшін атқару комитеттерінің жанынан губерниялық және уездік ауыл шаруашылық комитеттерін құру жөнінде қаулы алды. Съезд ашаршылыққа қарсы күреске көп көңіл бөлді, жұмысшылар мен шаруаларды Поволжьедегі ашыққандарға, әсіресе балаларға көмек беруге барлық күш-жігерді жұмсауға шақырды. Съезд «Советтік Россияның ашыққан губернияларына көмек көрсеткені үшін барлық елдердің жұмысшыларына шын ниеттен алғыс айтты» (бұл да сонда, 275-бет).

Съезд шешімдерінде ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру және өркендету «ауыл шаруашылығын қалпына келтірумен

қатар Республиканың негізгі міндеті болып табылады» (бұл да сонда, 281-бет) деп көрсетілді.

В. И. Ленин Советтердің IX съезін әзірлеу жөнінде үлкен жұмыс жүргізді және оның жұмысына басшылық етті: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы есепті баяндама жасады, партияда жоқ делегаттардың кеңесінде үш рет сөз сөйледі. Есепті баяндамаға әзірлену үстінде ол он бір халық комиссариаты мен ведомствоға (Сыртқы істер халық комиссариатына, Сыртқы сауда халық комиссариатына, Егіншілік халық комиссариатына, Қатынас жолдары халық комиссариатына, Халық ағарту комиссариатына, Азық-түлік халық комиссариатына, Республика Революциялық-әскери советіне, Тұтынушылар қоғамдары орталық одағына, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына, Главтопқа, Гидроторфқа) сұрау қойып, «Советтер съезінде сөйлейтін сөзіме енгізуге *тұрарлық* мейлінше қысқа (2—3 цифр) және соншалық дәл (немесе шындыққа қаншалық дәрежеде жақын екенін айтып) мәліметтер» беруді өтінді (Лениннің XXIII жинағы, 277-бет).

Ленин «Шаруашылық жұмыс мәселелері жөнінде тапсырма» жазды, съезд оны қабылдады (осы том, 365—368-беттер), ол жазған басқа да документтер съезд шешімдеріне негіз етіп алынды. «Советтердің Бүкіл россиялық IX съезінің халықаралық жағдай туралы қарары жөнінде Саяси бюроға хат» (қараңыз: осы том, 312—313-беттер) «РСФСР-дің халықаралық жағдайы туралы декларацияға» негіз етіп алынды. «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы қаулысы жобасының нобайы» (қараңыз: осы том, 286-бет) «Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы қаулыға» негіз болды. В. И. Ленин ауыл шаруашылығын қалпына келтіру туралы қаулының жобасын қарап шығып, оған түзетулер енгізді (қараңыз: Лениннің XXXV жинағы, 300-бет).

Советтердің Бүкіл россиялық IX съезі Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жаңа құрамын: 386 мүше және 127 кандидат сайлады.— *315.*

[133] *Вашингтон конференциясы* — теңіз қаруларын шектеу және Тынық мұхит пен Қиыр Шығыс мәселелері жөніндегі конференция — Америка Құрама Штаттарының инициативасы бойынша шақырылып, 1921 жылғы 12 ноябрьден 1922 жылғы 6 февральға дейін Вашингтонда өтті. Конференцияға Америка Құрама Штаттары, Англия, Жапония, Франция, Италия, Қытай, Бельгия, Португалия және Голландия қатысты. Советтік Россия конференцияға шақырылған жоқ және сол кезде өмір сүрген Қиыр Шығыс республикасы да шақырылмады. Конференцияда Советтік Россияға тікелей қатысы бар бірқатар мәселелер Совет республикасының қатысуынсыз талқыланды. Осыған байланысты Сыртқы істер халық комиссариаты екі рет — 1921 жылғы 19 июльде және 2 ноябрьде—

тисті үкіметтерге наразылық білдірді, ол наразылықтарда өте-мөте мүдделі ең негізгі жақтардың бірі конференцияға қатыспай-ақ алынған конференция шешімдерінің ешқайсысы мойындалмайды деп мәлімделді. 1921 жылы 8 декабрьде Сыртқы істер халық комиссариаты Вашингтон конференциясында тек қана Россия мен Қытайға қатысы бар Қытай-Шығыс темір жолы туралы мәселе талқылануына қарсы наразылық білдіріп мәлімдеме жасады.

Вашингтон конференциясының шешімі Версаль шартын толықтыру болды; Америка Құрама Штаттарының және Англияның қысымымен Жапония Қытайдағы өзі басып алған бірқатар позицияларынан бас тартуға мәжбүр болды, сонымен бірге оңтүстік Маньчжурияда өзінің үстемдігін нығайтып алды.— *332*.

134 В. И. Ленин бұл арада, бәлкім, 1921 жылғы 28 октябрьдегі «Борыштарды мойындау туралы декларацияны» айтып отырса керек; декларация «Известия ВЦИК» газетінің 29-октябрьдегі 243-номерінде жарияланған болатын. Қоғамдық-экономикалық уклады әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принципін басшылыққа алып, Совет үкіметі басқа елдер Россиямен бітім жасасқан жағдайда, оны танып және советтік республикалар мен достық қатынастағы Қиыр Шығыс республикасының қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрекеттердің қандайын болса да сөзсіз тоқтатқан жағдайда өзара талаптар туралы, соғыстан бұрынғы борыштарды мойындау жөнінде келіс сөздер жүргізуге әзір екенін білдірді. Совет үкіметі басқа державалармен экономикалық ынтымақ орнату әрқашан да оның саясатының негізгі мақсаттарының бірі екенін еске салды (қараңыз: осы том, 201—204-беттер).—*332*.

135 *Югосталь* — кен металлургиялық тресі; 1921 жылы сентябрьде құрылды. Трест құрамына Петровск, Макеевка және Юзовка заводтары, осы заводтарға жататын рудниктер және Украинаның, Солтүстік Кавказ бен Қырымның басқа да бірқатар ірі кәсіпорындары кірді. Трест елдің қара металлургиясын қалпына келтіруде елеулі роль атқарды; 1929 жылға дейін өмір сүрді.— *348*.

136 Мемлекеттік Шатура аудандық электр станциясының бірінші кезегі 1920 жылы 25 июльде ашылды (бірінші кезегінің қуаты 5000 киловатт); ол 1918 жылдан салына бастаған еді. Электр станциясының құрылысы 1925 жылы толық аяқталды; электр станциясына В. И. Лениннің есімі берілді.

Кашира электр станциясының құрылысы 1919 жылғы февральда басталды, жоспар бойынша оны 1921 жылдың аяғында, Советтердің Бүкіл россиялық IX съезінің ашылуы қарсаңында аяқтау көзделген еді. Ленин Кашира электр станциясының құрылысына зор маңыз берді, өйткені ол Москваның

аса ірі фабрикалары мен заводтарына электр энергиясын беруге тиісті болды және елді электрлендіру жоспарын жүзеге асыру жөніндегі алғашқы құрылыстардың бірі саналатын. В. И. Ленин құрылыс барысына аса зер сала көңіл бөлді, барлық мәселелерді шешуге тікелей өзі қатысты, құрылысты қажетті материалдармен, жұмыс күшімен, отынмен, керек-жарақтармен жабдықтаудың қалай жүріп жатқанын тексеріп отырды (қараңыз: Лениннің XX жинағы, 211—215-беттер; XXIII, 14—29-беттер).

Мемлекеттік Кашира аудандық электр станциясының бірінші кезегі (12 000 киловатт) 1922 жылы 4 июньде іске қосылды.— *348.*

137 *Питер түбіндегі Уткин Шығанағы* — «Красный Октябрь» электр станциясы; оның 10 000 киловатт қуаты бар бірінші кезегі 1922 жылы 8 октябрьде пайдалануға берілді.— *350.*

138 Бұл арада 1921 жылы 15—18 декабрьде Москвада 35 жеке кәсіпкерге — шайхана-асханалардың, наубайханалардың, етік шеберханаларының және басқаларының иелеріне болған сот процесі айтылып отыр. Олар Еңбек туралы заң кодексін бұзғандығы үшін, жас балалардың, жас өспірімдер мен әйелдердің еңбегін қанағаны үшін, жұмыс күнін ұзартқаны және т. т. үшін айыпталды. Айыптаушылар болып ірі кәсіпорындардың жұмысшылары — партия мүшелері мен партияда жоқтар сөйледі. Сот оннан астам кәсіпкерлерді көп мөлшерде айып төлеуге немесе бостандығынан айырмай, еріксіз жұмыс істетуге үкім шығарды.— *351.*

139 *Партияда жоқ делегаттардың кеңесі* 1921 жылғы 26 декабрьдің кешінде өтті, кеңес екі мәселені: еңбек-көлік салығы туралы (баяндамашы — Еңбек халық комиссариатының өкілі Лемберг) және жер мәселесін талқылады. Кеңесті М. И. Калинин басқарды.

В. И. Ленин алғашқы екі сөзін еңбек-көлік салығы туралы мәселе талқыланғанда сөйледі, айтпақшы, екінші сөзін В. И. Ленин съездегі бір делегаттың «совет мекемелерінің қызмет көрсетуі жөнінде» бірер сөз айтуды сұраған өтінішіне байланысты сөйлеген еді.

В. И. Ленин үшінші сөзін жер мәселесі талқыланғанда М. И. Калинин сөйлегеннен кейін сөйледі; М. И. Калинин өз сөзінде енді Орталық Атқару Комитетіне партияда жоқ 5 шаруаның орнына 20 шаруа сайланатын болады дей келіп, одан әрі: «Кей жолдастардың айтуынша, біз сақалға қарап сайлайтын сияқтымыз. Кешіріңіздер, жолдастар, шаруа үшін сақалдың зор маңызы бар. Сақалды шаруаға қарап, оның әдет-ғұрпын, оның ой-жүйесін аңғаруға болады, менімен қатар отырған шаруа Петрушкин бұған жақсы мысал бола алады, ал Ленин жолдас: «Ал мен барлық иманшартты аламын да өртеп жіберемін» деуі мүмкін. Мен осы жөнінде

партияда жоқ адамның пікірін білгім келіп, Петрушкиннен: егер мен иманшартты өртеп жіберсем, бұған шаруалар қалай қарар еді деп сұрадым. Ол: мейлі, өртей берсін деді. Ол жас қой, ал мен сақалдыдан сұрасам, ол: күте тұру керек, дер еді. Міне мұның біз үшін үлкен маңызы бар» («Исторический Архив» № 2, 1962, 76-бет).

В. И. Ленин сөзінің бас жағы М. И. Калининнің осы сөзіне жауап болды. Ленин кеңесте сөйленген сөздерді қысқаша жазып алып отырды (қараңыз: Лениннің XXIII жинағы, 292—294, 297—298-беттер).— *360.*

140 *Желескомдар* — темір жол ағаш дайындау комитеттері; темір жол станцияларында өнеркәсіп орындары мен темір жол транспортының мұқтаждары үшін ағаш дайындау және оны тасу істеріне басшылық етті.— *362.*

141 Документ қолжазбасы бірінші бетінің жоғарғы жағында В. И. Лениннің мынадай жазуы бар: «Фотиеваға немесе кезекші секретарьға. 7 дана етіп көшіріп, 9-съезд қарарының жобасы ретінде: 1) Молотовқа, (2—6) Саяси бюроның барлық мүшелеріне және 7) Калининге жіберуді өтінемін. Сондай-ақ тиісті халық комиссарларынан сұрауды Молотовтан өтінемін. 25/XII».

1921 жылы 26 декабрьде «Шаруашылық жұмыс мәселелері жөніндегі тапсырма» РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросында бекітілді.— *365.*

142 *«Кәсіподақтардың жаңа экономикалық саясат жағдайындағы ролі мен міндеттері туралы тезистердің жобасын»* жазуға В. И. Ленин 31 декабрьде Саяси бюроның бекітуіне ұсынуды көздеп, 1921 жылы 28 декабрьде РКП(б) Орталық Комитетінің пленумынан кейін іле-шала кірісті. Я. Э. Рудзутактың, А. А. Андреевтің және В. М. Молотовтың атына берілген 30 декабрьдегі телефонограммада В. И. Ленин былай деп хабарлады: «12 тезистің толық жоспарын жасадым, алайда қазір олардың 4 тезисін ғана жаздым, өйткені жұмысым өте баяу жүріп жатыр». Жұмыстың күрделілігіне байланысты Ленин мынадай өтініш айтады: «мәселені Саяси бюроға енгізуді бірнеше күнге кешеуілдете тұру керек, өйткені менің, тым асығыстық жасаудың қажеті жоқ, қайта мәселені жүйелі түрде талқылаған жөн. Мен 3—4 күннен кейін, бәлкім, одан да ертеректе болар, бірінші жобаны аяқтап болысымен-ақ, оны комиссия мүшелеріне жібермекпін, содан соң біз олармен кездесу керек пе, жоқ па, сол жөнінде келісеміз» (Лениннің XXXVI жинағы, 391—392-беттер).

«Кәсіподақтардың жаңа экономикалық саясат жағдайындағы ролі мен міндеттері туралы тезистердің жобасын» комиссия мүшелері (А. А. Андреев және Я. Э. Рудзутак) және Саяси бюро мүшелері талқылады; талқылау барысында оған өзгерістер мен қосымшалар енгізілді. 1922 жылы 12 январьда

тезистердің жобасы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде қаралды, Саяси бюро мынадай қаулы алды: «Ленин жолдас ұсынған тезистердің тексті негізге алынсын... Тезистер түбегейлі бекітілу үшін және бұл тезистерді ВЦСПС-тегі фракцияның бюросы қуаттағанын көрсетіп, Орталық Комитеттің атынан жариялау үшін құрамында Ленин, Зиновьев, Андреев және Бухарин жолдастар бар редакциялық комиссияға берілсін» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Тезистердің түпкілікті тексті РКП(б) Орталық Комитетінің қаулысы ретінде 1922 жылы 17 январьда «Правдада» жарияланды, бұл қаулы Орталық Комитеттің партияның XI съезіне арналған кәсіподақтар туралы мәселе жөніндегі тезистерінің жобасы болды. РКП(б) XI съезі Орталық Комитет ұсынған тезистерді негізге алды; комиссияда талқылау үстінде оған бірсыпыра өзгерістер енгізілді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 334—344-беттер).

Бұдан бұрынғы басылғандарынан өзгеше, бұл томда РКП(б) Орталық Комитетінің қаулысы емес, тезистердің Ленин жазған жобасы басылып отыр, ал қаулы осы жобаның негізінде алынған болатын.— *371.*

143 1922 жылғы 3 январьда «Правданың» «Хроника» бөлімінде «Инженер Ольденборгердің өзін өзі өлтіруі жөнінде» деген заметка басылды, онда былай делінген: «РКП Москва комитетінің келісімімен Москва Советі Москва су құбырының бас инженері В. В. Ольденборгердің өзін өзі өлтіру себептерін тергеу үшін арнаулы комиссия тағайындады. Комиссия марқұмның білгір маман қызметкер болуымен қатар, өз ісіне жан-тәнімен берілген адам екенін де анықтады. Ольденборгердің күнделікті жұмысына кедергі болған ауыр жағдайлар оның өзін өзі өлтіруіне себеп болған. Су құбырындағы төтенше үштік мүшелерінің бір бөлегі Москвада су құбырының жағдайын жақсартуға жәрдемдесудің орнына, оның күнделікті жұмысын мейлінше ауырлатып, шиеленістіре түскен; Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының аға инспекторы инженер Семенов осы үштіктің құрамына еніп алып, Ольденборгер жөнінде өз тарапынан дөрекілікке, қазымырлыққа және бюрократтыққа жол берген, сол комиссариаттың аға инспекторы, су құбырының бұрынғы конторшысы Макаров-Землянский Ольденборгерге үнемі жала жапқан, ал Алексеевск су тартқышының жұмысшылары Елагин мен Меркулов су құбырын техникалық жағынан бұзды, қызметшілер коммунистік ұяға теріс көзқараста болды деп Ольденборгерге негізсіз айып таққан. Осылардың бәрі марқұмның жан-дүниесіне әсер етпей қоймайды. Комиссия Макаров-Землянскийді Совет өкіметіне жанасып ал-

ған адам ретінде, су құбыры қызметшілері мен жұмысшылары арасында арамдықпен аты шыққан, біреуді біреуге айдап салушы адам ретінде Жұмысшы-Шаруа инспекциясы қызметінде ғана емес, тіпті жалпы совет қызметінде ұстауға болмайтын адам деп тапты. Комиссия сондай-ақ Жұмысшы-Шаруа инспекциясының аға инженері Семеновты, оның Москва су құбырына қаншалықты қатысы бар екеніне қарамай, оны бұдан былай Жұмысшы-Шаруа инспекциясының жұмысында ұстауға болмайды деп тапты, сондай-ақ Елагин мен Меркуловты су құбырынан босатып, басқа кәсіпорындарға ауыстыруды қажет деп тапты». Бұл жөнінде осы томның 384—385-беттерін де қараңыз.— *381.*

144 В. И. Лениннің кәсіподақтардың басшы кадрларын тексеру және жаңарту үшін комиссия құру туралы ұсынысы кәсіподақтарды меньшевиктерден және эсерлерден шыққандардың жайлап алуына байланысты, сондай-ақ РКП(б) Бүкіл россиялық XI конференциясының «Партияның адам құрамын тексеру тәжірибесін есепке алумен байланысты, партияны нығайту туралы мәселе жөнінде» деген қарарына (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 324-бет) сәйкес кәсіподақтардың басшы қызметкерлерінің партиялық стажын көтеру қажеттігіне байланысты жасалды.

В. И. Лениннің ұсынысы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросында қабылданды; 1922 жылы 20 январьда құрамына М. П. Томский, А. А. Андреев және С. И. Сырцов енген комиссия құрылды. Саяси бюро 23 февральда комиссияның есебін тыңдап, оған «жұмысты жүргізе беруді және (екі аптадан кейін Саяси бюроға алдын ала баяндағаннан соң) XI съезге міндетті түрде баяндама жасауды» тапсырды. Комиссия өз жұмысының нәтижелері туралы РКП(б) XI съезіне баяндады (қараңыз: «РКП(б) он бірінші съезі. Стенографиялық есеп», 1961, 246—252-беттер).

В. И. Лениннің кәсіподақтардың басшы кадрларын тексеру және жаңарту туралы Саяси бюроға ұсынысы бірінші рет «Тезистерге қосымша» деген атпен Лениннің XXXV жинағының 311-бетінде жарияланды.— *383.*

145 В. И. Ленин жазған қаулылардың жобалары 1922 жылы 5 январьда РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде қабылданды.

В. В. Ольденборгердің өзін өзі өлтіруі туралы істі 1922 жылы 8—14 мартта Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жанындағы Жоғарғы трибунал қарады. Трибунал айыптыларды әр түрлі жазаларға кесті.— *385.*

146 КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Саяси бюроның

жаңа экономикалық саясат туралы директивасының Ленин жазған жобасының екі нұсқасы: Лениннің XXXIV жинағының 429—430-беттерінде жарияланған қолжазба және Шығармалардың 33-томында жарияланған, 1922 жылы 9 январьда телефон арқылы А. Д. Цурюпа мен Л. Б. Каменевтің атына қабылданған хаттың Халық Комиссарлары Советі председателінің бланкісіне машинкада басылған көшірмесі сақтаулы. Бірінші нұсқада Финанс халық комиссариатына арналған директива жоқ; оны В. И. Ленин 9 январьдан кешірек Л. Б. Каменевке жолдаған хатта тұжырымдаған болатын. «Финанс халық комиссариатына директива туралы,— деп жазды В. И. Ленин,— арнайы сөйлем қосуды ұсынамын... Осы директиваны жазарда мен Финанс халық комиссариатының мемлекеттік комиссияларында айтыс клубтарына ғана лайық нақ осындай мылжыңдыққа салынудың орын алып отырғаны жайында өзіме дәл анық фактілерге сүйендім» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Машинкада басылған көшірмеде Финанс халық комиссариаты туралы қосымша бар.

Жаңа экономикалық саясат туралы директиваның жобасы 12 январьда Саяси бюрода қаралып, негіз етіп алынды; 1922 жылы 16 январьда Саяси бюроның мәжілісінде біржола бекітілді.— *386.*

147 Бұл арада РКП(б) Бүкіл россиялық XI конференциясы айтылып отыр. — *386.*

148 Радио құрылысына арналған кредитті көбейту туралы мәселе 1922 жылы 20 январьда РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде қаралды. Саяси бюро Лениннің ұсынысына келісіп, осы мәселе жөніндегі Финанс халық комиссариатының қорытындысын бекітті.— *388.*

149 В. И. Ленин *«Дағыстан еңбекшілеріне»* құттықтауды Дағыстан Советтік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлары Советінің председателі Каркмасов жолдастың кен байлықтарының өндіріле басталғанын хабарлаған хатына жауап ретінде жіберді. Өндірілген екі пұт сынап өндірістік сыйлық ретінде Ленинге тарту етілді.— *389.*

150 КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы документтің екі нұсқасы: 1922 жылы 17 январьда Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы Н. П. Горбуновқа айтып жаздырған бастапқы жазба және тағы да сол Н. П. Горбуновқа айтып жаздырған Халық ағарту комиссариатына директива формасындағы негізгі жазба сақтаулы, ол кезде фотокино бөлімі Халық ағарту комиссариатының қарамағында болатын. Бірінші нұсқа 1925 жылы Г. Болтянскийдің «Ленин және

кино» деген кітабында жарияланды. Екінші нұсқа сол жылы «Кинонеделя» журналының 4-номерінде басылды. Анағұрлым толығырақ бұл нұсқа осы томда жарияланып отыр.

Бұл документ Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы атынан 1922 жылы 27 январьда Халық ағарту комиссариатына жіберілді. Онда былай делінген: «Басшылыққа алу үшін Владимир Ильичтің кино ісі туралы директивасын хабарлап отырмын». Халық ағарту комиссариатына мыналар ұсынылды: «1) Осы директиваның негізінде іс-қимыл программасын жасап, оны Владимир Ильичке баяндау үшін Халық Комиссарлары Советінің Іс басқармасына дереу хабарлау керек. 2) Осы директиваны орындау үшін нақты не істелгендігі және қандай нәтижеге қол жеткендігі жөнінде бір айдан кейін Халық Комиссарлары Советінің Іс басқармасына баяндама тапсыру керек. 3) Еңбек және Қорғаныс Советінің кино ісі туралы соңғы қаулысы шыққаннан кейін Халық ағарту комиссариаты қарамағында қандай міндетті қызметтер қалғандығын және осы міндетті қызметтердің орындалуына кімнің тікелей басшылық жасауы керек екендігін дереу хабарлау керек» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. И. Ленин 1922 жылғы февральда А. В. Луначарскиймен әңгіме үстінде «көңіл көтеретін кинокартиналар мен ғылыми кинокартиналар арасында белгілі бір пропорция болу қажеттігін тағы да атап көрсетті». Владимир Ильич, деп жазады А. В. Луначарский өзінің естелігінде, маған коммунистік идеяларға толы, советтік өмір шындығын бейнелейтін жаңа фильмдер шығаруды хроникадан бастау керек екенін айтты, ондай фильмдер шығарудың кезі, бәлкім, әлі жеткен жоқ деп ойлаған болар. «Егер сіздің қолыңызда жақсы хроника, байсалды және ағартушылық картиналар болса, онда жұртшылықты тарту үшін азды-көпті кәдімгі типтегі пайдасы жоқ лента көрсетілсе де ештеңе етпейді. Әрине, қайткен күнде де цензура керек. Контрреволюциялық және адамгершілікке жат ленталарға орын болмауы керек». Бұған қоса Владимир Ильич былай деді: «Елдің жалпы жағдайы жақсарғанда, бәлкім, осы іс үшін белгілі бір мөлшерде қаржы да аларсыз, сонда шаруашылық жолға қойылған соң аяқты тік басқан сайын, сіз өндірісті кең өрістетуге, әсіресе пайдалы киноны қалада, одан да гөрі—деревняда бұқараға жеткізуге тиісті боласыз... Мынаны есіңізде берік ұстаңыз: барлық өнердің ішінен біз үшін ең маңыздысы — кино» («Советское Кино» № 1—2, 1933, 10-бет).— *390.*

151 В. И. Лениннің РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына 1922 жылы 17 январьда жазған хаты 20 январьдағы мәжілісте талқыланды. Саяси бюро Штейнбергке концессия беру туралы мәселені Халық Комиссарлары Советінде түп-

кілікті шешу жөнінде қаулы алды (осы томның 273—274-беттерін де қараңыз).— *392.*

152 В. И. Лениннің ұсынысы сол күні-ақ РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросында қабылданды. Халық Комиссарлары Советі 24 январьда «Тері шикізатын ел ішінде және сыртқа шығарып сату жөніндегі акционерлік қоғам» («Кожсырье») уставының жобасын негізінен бекітті; бұл қоғамды Сыртқы сауда халық комиссариаты, Халық шаруашылығы жоғары советі мен Тұтынушылар қоғамдары орталық одағы, сондай-ақ капиталистер П. Б. Штейнберг пен В. И. Томингас құрған еді. 1 февральда Еңбек және Қорғаныс Советі қоғамның уставын және оны құрушылар арасындағы келісімді бекітті.— *393.*

153 1921 жылы 1 декабрьде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы А. Д. Цюрупаның жұмысы туралы В. И. Лениннің хабарын тыңдап, А. Д. Цюрупаны Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің екінші орынбасары етіп бекітуге қаулы алды, ал 5 декабрьде ол Саяси бюроның шешімімен Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары болып тағайындалды.

Елдің бейбіт шаруашылық құрылысқа көшуі бүкіл советтік мемлекеттік аппараттың жұмысын жетілдіру және қайта құру қажеттігін туғызды. А. Д. Цюрупаға жазылған хаттар осындай қайта құру программасы болып табылады. 1922 жылғы 3 мартта Л. Б. Каменевке жолдаған хатында Ленин былай деп жазды: «Халық Комиссарлары Советінің де, Еңбек және Қорғаныс советінің де (Цюрупаға бұдан бұрын жазып, тиісті директиваның жобасын жасап та бергенмін), *Саяси бюроның да* жұмысын осылай қайта құру керек» (осы том, 469—470 беттер). Ленин XI съезге арналған саяси баяндаманың жоспары жөнінде В. М. Молотовқа жазған хатында: «Халық Комиссарлары Советі председателі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің екі орынбасарының ролі көрсетілсін; бұл туралы 1922 жылғы январьдың аяғынан бастап менің А. Д. Цюрупамен жазысқан хаттарым көрсетілсін» деп нұсқау берді (Шығармалар, 33-том, 250-бет). Ол бұл жөнінде «Партияның XI съезіне арналған саяси баяндаманың жоспарында» да (қараңыз: Лениннің XIII жинағы, 14-бет) және «27. III. 1922 сөйлейтін сөзінің жоспарында» да жазды, мұнда былай делінген: «Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі. Менің орынбасарларым... I. 1922 бергі жазысқан хаттар. Істің орындалуын тексеру, ширату, *жоғарыдан тазалау жүргізу*... 6. Кіші Халық Комиссарлары Советі. Мұны да ұсақ-түйектерден босату. Директивалар жобасы (Орталық Комитеттің тапсыруы бойынша) енгізіледі» (Шығармалар, 36-том, 574-бет). — *395.*

154 Документ А. Д. Цюрупаның Кіші Халық Комиссарлары Советінің жұмысындағы кемшіліктерді хабарлаған хатына байланысты жазылған. Қазіргі кезде, деп жазды А. Д. Цюрупа, Кіші Халық Комиссарлары Советі 22 адамнан тұрады, олардың ішінде ведомстволар өкілдерінен 15, ведомстволардан тыс 7 мүше бар. Ол Халық Комиссарлары Советінің жанындағы комиссиядан өзінің пленумы, басқару мәжілістері, комиссиялары бар, жалпы баяндама жасау үшін халық комиссарларын шақыра алатын, т. т. дербес мекемеге айналды.

А. Д. Цюрупа Кіші Халық Комиссарлары Советін бес адамға дейін қысқартып, председатель мен ведомстволардан (Юстиция халық комиссариатынан, Финанс халық комиссариатынан, Халық шаруашылығы жоғары советінен және Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатынан) төрт өкіл қалдыруды ұсынды. Мемлекеттік сметада көзделген қаржы бөлуге қатысты мәселелердің бәрі Финанс халық комиссариатына беріледі, ол мәселелер тек Финанс халық комиссариатының ісіне шағым жасалған күнде ғана Кіші Халық Комиссарлары Советіне келіп түседі. Кіші Халық Комиссарлары Советі тапсырмада көзделген мәселелерді қарайды.— *398.*

155 Документ Кіші Халық Комиссарлары Советіне арналған директива жобасына жазылған; бұл жобаны В. И. Лениннің 1922 жылы 15 февральда жазылған хатындағы нұсқауларға сәйкес А. Д. Цюрупа қайта өңдеген болатын.

А. Д. Цюрупа 20 февральдағы запискасында В. И. Ленинге Саяси бюроның мақұлдауы үшін директива жобасын бейсенбі күні енгізбекші болып отырғанын жазды. Кіші Халық Комиссарлары Советін қайта құру туралы мәселе Саяси бюроға 1922 жылғы 4 мартта қойылды, бірақ мәселені шешу кейінге қалдырылды (156-ескертуді қараңыз).— *400.*

156 Әңгіме Кіші Халық Комиссарлары Советіне арналған директиваның жобасы жөнінде В. И. Лениннің ұсынысына А. Д. Цюрупаның қарсы болған пікірлері жайында болып отыр (осының алдындағы документті қараңыз). В. И. Лениннің осы ұсынысына берген жауабында А. Д. Цюрупа былай деп жазды: «Владимир Ильич! Сіздің Кіші Халық Комиссарлары Советі туралы директиваның жобасы жөніндегі түзетуіңіз (қосымшаңыз), меніңше, бүкіл осы істі жоққа шығаруы мүмкін. Егер халық комиссариаттарының заңды сақтауына қатаң бақылау жасауды және заңдылықты, мақсатқа сәйкестікті және халық комиссариаттарының іс-қимылының тездігін тексеріп отыруды Кіші Халық Комиссарлары Советіне тапсыратын болсақ, онда ол бәріне бөгет жасайды, бәрін асты-үстінен келтіреді, сөйтіп бүкіл жұмыстың тоқтап қалуына себепші болады. Ойлап қараңызшы, ол қанша жерге сұрау салып, қанша жерден жауаптар, баяндамалар, есеп-

тер, т. т. талап ететін болады! Бұл оған ұшы-қиырсыз «әрекет жасауға» жол ашады. Меніңше, ол бүкіл советтік машинаны (онсыз да нашар жұмыс істейтін машинаны) түк бітіртпей құр босқа зырылдатып қоятын болады. Бақылауды, тексеруді жүзеге асыру керек, бірақ Кіші Халық Комиссарлары Советі арқылы емес». В. И. Лениннің Кіші Халық Комиссарлары Советін қайта құру туралы ұсыныстары Кіші Халық Комиссарлары Советі жөніндегі жаңа ережеге негіз етіп алынды, бұл ереже 1922 жылы 31 октябрьде Үлкен Халық Комиссарлары Советінде бекітілді.— *400.*

157 Әңгіме Италия Министрлер советінің председателі Бономидің 1922 жылғы 13 январьдағы радиотелеграммасы жайында болып отыр; радиотелеграммада 6—13 январьда Канны қаласында өткен Антанта Жоғарғы советі конференциясының шешімі бойынша ол Жоғарғы совет атынан Совет үкіметінің делегациясын 1922 жылы марттың басында Генуяда шақырылатын халықаралық экономика және финанс конференциясына қатысуға шақырған еді (қараңыз: осы том, 161-ескерту). Телеграммаға конференция жұмысының табысты болуы үшін Жоғарғы совет қажет деп тапқан негізгі шарттар туралы 6 январьда Канныда қабылданған қарардың тексті қоса жіберілді. Бұл шарттардың бірінші пункті мынаған келіп саяды: бір ұлттар басқа ұлттарға олар өзінің меншік системасын, экономикалық өмірі мен басқару әдісін ұйымдастырғанда негіз етіп алуға тиісті болатын принциптерді еріксіз таңа алмайды; әрбір елдің өзі дұрыс деп тапқан системаны өзі үшін таңдап алуға правосы бар. Шарттарда шетел капиталына ешкімнің тимеуіне және оның белгілі бір елге көмек берген кезде пайда табуына кепілдік берілуі, бұрынғы барлық борыштарды, бұрыннан бар және белгілі бір елдердің үкіметтері тарапынан жасалған міндеттемелер мен берілген кепілдіктерді мойындау, мүліктерді конфискелеу немесе секвестр салу арқылы шетел мүдделеріне тигізілген барлық зияндар мен шығындарды қайтару, қалпына келтіру немесе олардың орнын толтыру жөніндегі міндеттемені мойындау көзделді, ұлттардың басқа елдердегі тәртіп пен саяси системаны құлатуға бағытталған насихаттан және одақтас мемлекеттерге қарсы дұшпандық қимылдан бас тарту жөніндегі міндеттемесі белгіленді. Қорытындысында осы шарттардың бәрін қабылдайтын болса ғана одақтас державалар Совет үкіметін танитын болады деп мәлімделді.

Генуя конференциясына әзірлік кезінде Францияның басшы топтары және ағылшын премьер-министрі Ллойд Джордж Советтік Россияны Генуя конференциясына шақыру Канны қарарын алдын ала мойындаумен байланысты болу керек дегенді талап етті. Бұл жөнінде осы томның 428-бетінде қараңыз.— *404.*

158 Советтік баспасөзде жарияланған Канны қарарының бірінші пунктінің текстінде былай делінген: «Ешбір мемлекет басқа мемлекетке ол өзінің меншік системасын, ішкі экономикалық өмірі мен басқаруын реттегенде сүйенетін принциптерді еріксіз таңу правосына ие бола алмайды» («Известия ВЦИК» № 6, 10 январь, 1922 жыл). Бұл текст қарардың 8 январьда «Petit Parisien» газетінің 16385-номерінде жарияланған текстімен сәйкес келетін еді. Г. В. Чичерин 26 январьда Ленинге «Petit Parisien»-ді жібере отырып, былай деп жазды: «Канны қарары бар «Petit Parisien»-ді Сізге және көшірмесін Бономиге жіберіп отырмын. Бономи «Système de proprіété» («меншік системасы») шығарды».

Ленин Канны шарттары 1-параграфының тұжырымдалуына үлкен мән берді, бұл параграфты капиталистік меншік системасының күйреуін және осы системамен қатар коммунистік меншік системасы сөзсіз өмір сүретінін жанама түрде болса да мойындау деп білді. Канны шарттарының Советтік Россияны шетел капиталына кіріптар етуге бағытталған өзге параграфтары, деп көрсетті Ленин, оның бірінші параграфына мүлде қайшы келеді (қараңыз: Шығармалар, 33-том, 352—353-беттер).— *404.*

159 М. И. Калининнің Украинаға сапары туралы В. И. Лениннің ұсынысын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 28 январьда қабылдады. М. И. Калинин «Октябрь революциясы» үгіт поезымен 1922 жылғы 7—18 февральда және 5—18 мартта Полтава — Миргород — Киев — Белая Церковь — Кременчуг — Одесса — Жмеринка — Каменец-Подольск — Винница — Бердичев — Житомир маршрутымен сапарда жүрді.— *405.*

160 Әңгіме «Беспартийный» деп қол қойылып, 1922 жылы 27 январьда «Правдада» жарияланған «Советтердің IX съезі және шаруалар» деген мақала жайында болып отыр. Мақала авторы Советтердің Бүкіл россиялық IX съезінің шаруалар мәселелері жөніндегі шешімдерін шаруалар арасына кең таратудың жоспарын дамытқан. В. И. Ленин ұсынған жобаны РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 28 январьда қабылдады.— *406.*

161 *Халықаралық экономика және финанс конференциясы* Генуяда (Италия) өтті. Совет үкіметі конференция Европада бейбітшілік пен экономикалық ынтымақтастық орнатудың барлық мәселелерін, оның ішінде Россияның борыштары туралы мәселені де қарай алар еді деп конференция шақыру жөнінде инициатива көтерді, 1921 жылы 28 октябрьде осы мәселе жөнінде Англияға, Италияға, Америка Құрама Штаттарына, Францияға және Жапонияға нота тапсырды (қараңыз: осы том, 201—204-беттер). Канны қаласындағы (Франция) конференцияда Антанта елдерінің Жоғарғы советі 1922

жылы 6 январьда конференция шақыру жөнінде шешім қабылдады.

Советтік Россияны конференцияға шақыру жөнінде шешім қабылдай отырып, одақтас елдер Совет үкіметін бірқатар саяси және экономикалық кеңшіліктер жасауға мәжбүр етеміз деп ойлады, оның үстіне Советтік Россиямен шаруашылық байланыстар орнатпақшы болды.

27 январьда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Төтенше сессиясында Генуя конференциясына баратын совет делегациясы сайланды. Делегацияның председателі болып В. И. Ленин, орынбасары болып Г. В. Чичерин тағайындалды, оған «егер жағдайға байланысты Ленин жолдастың конференцияға баруға мүмкіндігі болмай қалған күнде, председательдің бүкіл правосы берілді». Делегация құрамына Л. Б. Красин, М. М. Литвинов, Н. Н. Нариманов, В. В. Воровский, Я. Э. Рудзутак және басқалар енді. В. И. Лениннің Генуя конференциясына баруы жөніндегі мәселе советтік республикалар еңбекшілерінің арасында кеңінен талқыланды. Олар көптеген хаттарда В. И. Лениннің қауіпсіздігі мен өмірі үшін мазасызданғандық білдірді, Лениннің оған баруына қарсы болды. РКП(б) Орталық Комитеті бұл мәселе жөнінде арнаулы шешім қабылдады, осы шешімге сәйкес В. И. Ленин делегация председателі уәкілдігін Г. В. Чичеринге берді.

Ленин делегация жұмысына басшылық етті, партияның Орталық Комитетінің совет делегациясына арналған директивасын және Советтік Россияның Генуя конференциясына қатысуына байланысты басқа да аса маңызды документтерді талдап жазды (қараңыз: осы том, 414, 416—418, 419—420, 428, 443—446, 447-беттер және Шығармалар толық жинағы, 45-том).

Генуя конференциясы 1922 жылы 10 апрельден 19 майға дейін болды. Оған 29 елдің өкілдері қатысты. Конференцияда совет делегациясы әр түрлі әлеуметтік-экономикалық укладтары бар мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің қажеттігін тағы да жариялады. Делегацияның В. И. Ленин мақұлдаған және Халық Комиссарлары Советі бекіткен мәлімдемесінде былай делінді: «Коммунизм принциптерін сақтай отырып, Россия делегациясы былай деп есептейді: ескі және өркен жайған жаңа әлеуметтік құрылыстың қабаттаса қатар өмір сүруін мүмкін ететін қазіргі тарихи дәуірде экономиканы жаппай қалпына келтіру үшін меншіктің екі системасын білдіретін мемлекеттер арасындағы экономикалық ынтымақтастық өте-мөте қажет болып табылады» («Генуя конференциясының материалдары. Толық стенографиялық есеп». М., 1922, 78-бет).

Генуя конференциясы өзінің алдына қойылған мәселелерді шеше алмады. Совет делегациясы империалистік державалардың біздің елімізге отаршылдық режимді (совет финансына бақылау орнату, т. т.) әкеп таңбақшы болған

әрекеттерін үзілді-кесілді қабылдамай тастады. Совет делегациясы конференцияға қатысушыларға қару-жарақты жаппай қысқарту және күрестің неғұрлым варварлық құралдарына (улы газдарға, әскери авиацияға) тыйым салу жөнінде мәселе талқылауды ұсынып, Советтер Республикасының лениндік сыртқы саясатының бейбітшіл сипатын бүкіл дүние жүзіне паш етті.— *407.*

162 Ленин бұл арада Ллойд Джордж бастаған ағылшын үкіметінің Ирландия мен Египеттегі революциялық ұлт-азаттық қозғалысты басу мақсатын көздеп, 20-жылдардың бас кезінде жүргізген бірқатар икемге келу саясатын айтып отыр.

Ирланд халқының ұлттық тәуелсіздік жолындағы ұзак әрі табанды күресінің нәтижесінде 1920 жылы 6 декабрьде ағылшын-ирланд шарты жасалды. Шарт Британ империясы құрамында «Ирланд еркін мемлекеті» доминионын құруды көздеді. Солтүстік-шығыстағы алты графтық (Ольстер), Ирландияның өнеркәсібі жағынан анағұрлым дамыған бөлегі, Ирландиядан бөлініп алынды да, Великобританияның қарамағында қалдырылды.

1921 жылы декабрьде Египет халқының ағылшын үстемдігіне қарсы көтерілісін басып-жаныштады да, ағылшын үкіметі 1922 жылы февральда Египетке протекторатын жойып, Египетті «тәуелсіз корольдік» деп жариялауға мәжбүр болды. Бірақ Египеттің тәуелсіздігі формальды түрде болды, өйткені бүкіл Египетті ағылшындардың оккупациялауы, Суэц каналы аймағына ағылшындардың бақылау жасауы, Англияның Ағылшын-Египет Суданына үстемдік етуі және басқалары сақталып қалды. — *410.*

163 Әңгіме үш Интернационалдың (II, II $1/2$ және III Коммунистік) жоспарланған конференциясы жөнінде болып отыр.

Коммунистік Интернационалдың буржуазия тегеурініне қарсы біртұтас жұмысшы майданын құру жолындағы белсенді түрде жүргізген күресі және жұмысшы бұқарасының бірлесіп қимыл жасауға ұмтылуы II $1/2$ Интернационалдың басшылығын 1922 жылы 19 январьда Коминтерн Атқару Комитетіне Европадағы экономикалық жағдайдың проблемаларын және реакцияның тегеуріне қарсы жұмысшы табының қимылдарын қарау үшін 1922 жылдың көктемінде халықаралық конференция шақыру жөнінде ұсыныс жасауға мәжбүр етті. Жұмысшы партияларының бүкіл дүние жүзілік конгресін шақыру жөніндегі мәселені талқылау мақсатымен 1922 жылғы 2 апрельден 5 апрельге дейін Берлинде үш Интернационал атқару комитеттері өкілдерінің конференциясы болып өтті.

Конференцияда, бір жағынан, II және II $1/2$ Интернационалдардың өкілдері, екінші жағынан, Коммунистік Интернационалдың өкілдері арасында қызу күрес өріс алды. Коминтерн делегациясы капиталдың шабуылына қарсы, реакцияға қар-

сы, жаңа империалистік соғыстарды әзірлеуге қарсы күрес туралы, Советтік Россияны қалпына келтіруге көмек туралы, Версаль шарты және күйзелген облыстарды қалпына келтіру туралы мәселелерді талқылау үшін кәсіптік одақтар мен жұмысшы табының басқа да ұйымдарының қатысуымен бүкіл дүние жүзілік конгресс шақыру жөнінде ұсыныс енгізді. II Интернационалдың өкілдері іс жүзінде II½ Интернационал делегациясының қолдауымен Коминтерн делегациясын тиімсіз шарттарды қабылдауға: Грузияны Совет мемлекетінен бөлуге, жұмысшылардың бұқаралық ұйымдарында коммунистік ұялар құрудан бас тартуға, саяси қылмыстыларды босатуға мәжбүр етпекші болды. Коминтерн делегациясы (Н. И. Бухарин, К. Радек, К. Цеткин) бірігіп қимыл жасау жөнінде келісімге келуді көздеп, бірқатар елеулі икемділіктерге барды, Совет өкіметі оңшыл эсерлердің ісі бойынша өлім жазасын қолданбайды және II және II ½ Интернационалдардың өкілдеріне сотқа қатысуға рұқсат береді дегенге келісті. В. И. Ленин өзінің «Біз тым қымбат төледік» деген мақаласында Берлин конференциясындағы Коминтерн өкілдерінің бұл икемге келуін қате деп санап, оны қатты сынға алды (қараңыз: Шығармалар, 33-том, 327—331-беттер).

Конференцияда жалпы декларация қабылданды, онда нақты мәселелер бойынша біріккен кеңестер және жалпы талқылаулар өткізуге болады деп танылды. Декларация барлық еңбекшілерді Генуя конференциясы кезінде бұқаралық демонстрацияға шығып, сегіз сағаттық жұмыс күні үшін, жұмыссыздыққа қарсы күресу, капиталдың шабуылына қарсы пролетариаттың күресі үшін, орыс революциясын қорғау үшін, ашыққан Россияға көмек үшін, барлық мемлекеттердің Советтік Россиямен саяси және экономикалық қарым-қатынастарын қайтадан бастау үшін, барлық елдерде ұлттық және халықаралық көлемде біртұтас пролетарлық майданды қалпына келтіру үшін күресу ұранын көтеруге шақырды. Конференция бүкіл дүние жүзілік конгрестің тез арада шақырылуын жақтады және будан кейінгі конференциялар мен конгресті әзірлеу үшін 9 адамнан (әрбір Интернационалдан 3 өкілден) ұйымдастыру комиссиясын құрды. Бірақ еңбекшілердің қалың бұқарасының талап етуімен осы келісімге келген II және II½ Интернационалдардың реформистік басшылығы жұмысшы табының бірыңғай күресіне саботаж жасап, кедергі келтірді. 1922 жылы 21 майда II және II½ Интернационалдардың бірсыпыра партиялары, коммунистерді қатыстырмай, Гаагада бүкіл дүние жүзілік конгресс шақыру жөнінде шешім қабылдады. Сөйтіп реформистік лидерлер біртұтас жұмысшы майданын құру жолындағы күреске кедергі жасады. Осыған байланысты Коминтерн делегациясы Берлинде тоғыз адамдық комиссияның 1922 жылғы 23 майдағы мәжілісінде өздерінің комиссиядан шығатындығын мәлімдеді. — *411.*

164 Ленин бұл арада 1922 жылы 3 февральда «Правда» және «Известия ВЦИК» газеттерінде жарияланған мына телеграмманы айтып отыр: «Ганновер, 31 январь (Радио). Халықаралық металлистер одағы 21 апрельде Римде ашылатын халықаралық жұмысшы конгресін шақыру жөніндегі комиссияға соғыс бола қалған күнде ұйымдасқан жұмысшы бұқарасының жаппай ереуілін жариялау жөнінде ұсыныс енгізді. Металлистер одағы өзінің ұсынысын пәрменді түрде насихаттау үшін ерекше комиссия сайлады». Бұл шешім Халықаралық металлистер одағы Атқару комитетінің Венада өтіп жатқан конференциясына енгізілді; ал одақ 1919 жылдан 1945 жылға дейін өмір сүрген кәсіподақтардың реформистік Амстердам интернационалының қатарында болған еді. — *413*.

165 *«Смена Вех»* («Кезеңдер Ауысуы») — апталық журнал; ақ гвардиялық эмиграцияның бір топ интеллигенттері 1921 жылғы октябрьден 1922 жылғы мартқа дейін Парижде шығарып тұрды. Осы топ 1921 жылы июльде Прагада «Кезеңдер Ауысуы» деген жинақ шығарды. Жинақ пен журналдың төңірегінде қоғамдық-саяси ағым құрылып, ол сменовехшылдық деп аталды (оның идеологтары Ю. В. Ключников, Н. В. Устрялов, С. С. Лукьянов, А. В. Бобрищев-Пушкин, С. С. Чахотин, Ю. Н. Потехин және басқалар болды). Жаңа экономикалық саясаттың енгізілуіне байланысты Совет республикасында капиталистік элементтердің кейбір жандана бастауы сменовехшылдықтың әлеуметтік негізі болды. Сменовехшылдар Совет өкіметін шетелдік соғыс интервенциясы арқылы құлатудан әбден үміт үзіп, Совет өкіметімен ынтымақта болуды жақтады, ондағысы Совет мемлекеті түбінде буржуазияланатын болады деп үміттенді. Жаңа экономикалық саясатқа көшуді сменовехшылдар Совет өкіметінің капитализмді қалпына келтіруге қарай икемделе бастауы деп қарады. Сменовехшылдардың бір бөлегі Совет өкіметімен адал ынтымақ жасасуға және елдің экономика жағынан өркендеуіне көмектесуге әзір екендіктерін білдірді.

Сменовехшыл интеллигенцияның арасында жіктелу бар екенін негізге алып, РКП(б) Бүкіл россиялық XII конференциясы (4—7 август, 1922 жыл) «Антисоветтік партиялар мен ағымдар туралы» қарарда былай деп атап көрсетті: «Сменовехшылдық деп аталатын ағым осы уақытқа дейін объективті-прогрессивтік роль атқарып келді және әлі де атқара алады. Ол эмиграция мен орыс интеллигенциясының Совет өкіметімен «ымыраға келген» және елімізді өркендету үшін Совет өкіметімен бірге жұмыс істеуге әзір тұрған топтарын біріктірді және біріктіріп отыр. *Сондықтан* сменовехшылдық бағыт дұрыс қатынас жасауға ие болуға лайық болды және лайық болып отыр. Бірақ мұнымен қатар сменовехшылдық ағымда да буржуазиялық-реставрациялық ниеттің күшті екендігін, экономикалық жеңілдіктерден кейін

буржуазиялық демократия жағына қарай саяси жеңілдіктер болады, т. с. деген үміттің меньшевиктермен және эсерлермен бірге сменовехшылдыққа да ортақ екендігін бір сәт те ұмытуға болмайды» (КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 417-бет). Сменовехшылдардың көпшілігі кейіннен ашық контрреволюциялық позицияға көшті. В. И. Ленин РКП(б) XI съезінде жасаған есепті баяндамасында сменовехшылдыққа сипаттама берді (қараңыз: Шығармалар, 33-том, 284—285-беттер). — *414.*

166 РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына записка 1922 жылы 2 февральда «Известия ВЦИК» газетінде басылған Варшавадан келген телеграммаға байланысты жазылған; ол телеграммада Парвустың «Шаруашылық жағынан аман қалуға бағытталған жол» деген кітапшасының мазмұны баяндалған еді. Өз кітапшасында Парвус неміс империализмінің Шығыстағы басқыншылық жоспарларын, Советтік Россия халықтарын отарлық құлдыққа салу жоспарларын жақтады. Ол жақта, Европаның Шығысында, деп жазды Парвус, «немістің кеңегі үшін, немістің күш-қуаты үшін, немістің тиянақтылығы үшін жол ашық».

В. И. Лениннің ұсынысы 8 февральда қабылданды. Тексергеннен кейін. 1922 жылы 11 мартта Саяси бюро шешім қабылдады (келесі документті қараңыз). — *415.*

167 Бұл документте көрсетілген Орталық Комитеттің Генуя конференциясының делегациясына арналған директиваларға қосымшаларды РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 8 февральда қабылдады. — *416.*

168 Г. В. Чичерин В. И. Ленинге жазған хатында Генуя конференциясының табысқа жетуі және онда капиталистік топтармен келісімге келудің мүмкіндігі жөнінде бірсыпыра күмән келтірді. — *419.*

169 *«Кооперативное Дело»* («Кооператив Ісі») — күнделікті қоғамдық-экономикалық, кооперативтік және сауда газеті; Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының органы. «Кооперативное Делоның» бас редакторы Н. Л. Мещеряков болды. Газет 1922 жылғы 1 февральдан майдың орта кезіне, апталық газетке айналғанға дейін шығып тұрды.

В. И. Лениннің газетті жабу жөніндегі ұсынысы 9 февральда РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросында қаралды, бірақ Н. Л. Мещеряковтың мәжіліске келмеуіне байланысты мәселені шешу кейінге қалдырылды (қараңыз: осы том, 424—425-беттер). — *421.*

170 *«Грузин Қызыл Армиясын күшейту туралы Г. К. Орджоникидзеге хат»* Грузия Советтерінің 1922 жылы 25 февраль—3 мартта болып өткен I съезі қарсаңында жазылды.

В. И. Лениннің Грузин Қызыл Армиясын күшейту туралы ұсынысы ағылшын империалистерінің агрессиялық позициясына, реакциялық империалистік баспасөздің II және II½ Интернационалдар көсемдерімен және грузин меньшевиктерімен қосылып, Советтер Республикасына қарсы жала жабу науқанын ашқанына байланысты жасалды. Олар Грузияны Советтік Россиядан бөліп тастау және оны шетел империалистерінің құлдығына салу мақсатын көздеп, Қызыл Армияны Грузия жерінен әкету жөнінде талап қойды.

Грузия Советтерінің I съезі «Қызыл Армия туралы» үндеу қабылдап, онда Грузин Қызыл Армиясының қолда бар ұйтқысын нығайтуды негізгі міндет етіп қойды және туысқан Россия Советтік Республикасының үкіметінен Қызыл Армия әскерлерін Грузия территориясынан әкетпеуді өтінді.

В. И. Лениннің Грузин Қызыл Армиясын күшейту туралы ұсынысын 1922 жылы 25 февральда Саяси бюро қабылдады. — *422.*

171 И. В. Сталин былай деп қосымша жазды: «Ленин жолдастың айтқандарына ешқандай қосып-аларым жоқ. Серго және Грузия Компартиясының Орталық Комитеті Ленин жолдас ұсынған шаралардың бүкіл қажеттігін түсінер деп ойлаймын. Істің «әскери-техникалық» жағын алатын болсақ, оның өзі менен және басқа москвалықтардан гөрі сіздердің өздеріңізге жақсы мәлім ғой».—*422.*

172 В. И. Лениннің ұсынысы 1922 жылы 15 февральда РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде қаралды. Мынадай шешім қабылданды: ««Кооперативное Дело» газетінің редакциясына «Кооперативное Дело» газетін шығару жөнінде, оның сипаты, редакция және қызметкерлер құрамы жөнінде Саяси бюроға үш күн мерзім ішінде жазбаша түсіндірме беру тапсырылсын» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Мәселе екінші рет 22 февральда қаралды: газетті жабуды екі апта кейінге қалдыра тұруға ұйғарылды. Май айында мәселе түпкілікті шешілді: «Кооперативное Дело» газеті апталық етіліп қайта құрылды. — *425.*

173 Әңгіме 1922 жылдың басында өткізілген РКП(б) мүшелерінің Бүкіл россиялық санағы жайында болып отыр. Санақтың мақсаты РКП(б) құрамын жан-жақты анықтау және партия мүшелерінің дәл есебін алу еді. Санақ Москвада 1922 жылы 6 февральдан бастап өтті. РКП(б) мүшелерінің Бүкіл россиялық санағына байланысты В. И. Ленин толтырған анкетаны осы томға «Қосымшадан» қараңыз (551—557-беттер).

Жауапты қызметкерлердің хатта айтылып отырған сана-

ғы 1921 жылы июльде губерниялық және уездік орталықтарда партияның басшы бөлегінің сан және сапа құрамын, олардың территориялық бөлінуі мен олардың қалай пайдаланылып отырғанын анықтау мақсатын көздеп жүргізілді.— *426.*

174 В. И. Ленин өсімдік дақылдарын жақсарту жөніндегі Шатилов сұлы тресінің жұмысына зор мемлекеттік маңыз берді, оны ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру жолындағы шаралардың бірі деп білді. 1922 жылы 18 февральда РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы Лениннің ұсынысы негізінде Госсемкультураға (Шатилов сұлы тресіне) ұзақ мерзімдік несие беру туралы мәселені қайта қарап, треске финанс көмегін беру туралы шешім қабылдады. Саяси бюро 4 мартта қаулы алып, Финанс халық комиссариатын Госсемкультураға арнап Егіншілік халық комиссариатына қаржы бөлуге міндеттеді.

Трест 1896 жылы құрылған Шатилов ауыл шаруашылық тәжірибе станциясының негізінде құрылды. Қазіргі кезде — Орел мемлекеттік ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы— РСФСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылыми-зерттеу мекемесі. — *429.*

175 В. И. Ленин Шығармаларының 2—3 және 4-басылуларында бұл хат «Д. И. Курскийге записка» деген атпен ішінара жарияланған болатын. В. И. Лениннің хаты бұл басылуда бірінші рет толық жарияланып отыр. — *430.*

176 1922 жылы 23 февральда РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы В. И. Лениннің ұсынысын бекітті, ал 30 мартта Л. К. Рамзиннің командировкасына қосымша қаржы бөлу туралы қаулы қабылдады. — *440.*

177 Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген бірінші пленумы 1922 жылы 21 февраль — 4 мартта Москвада өтті. Пленум жұмысына 36 елден 105 делегат қатысты. Пленумда талқыланған өзекті мәселе біртұтас майдан тактикасы туралы мәселе болды. Мұнымен қатар пленум Коминтерннің түрлі секцияларындағы жағдай және басқа мәселелер туралы баяндамалар тыңдады.

Пленум соғысқа және соғыс қаупіне қарсы күресу туралы тезистер, жаңа экономикалық саясат туралы тезистер, біртұтас майдан тактикасы туралы қаулы, үш Интернационалдың өткізілмекші болып отырған конференциясына Коминтерннің қатысуы туралы қарар және басқа бірқатар документтер қабылдады.

Ленин сырқат болғандықтан пленумның жұмысына қатысқан жоқ. Алайда пленумды әзірлеуге белсене атсалысты, үш Интернационалдың конференциясына баратын Коминтерн делегациясының тактикасын белгілеп берді (қараңыз: осы том, 411—412-беттер).

Үш Интернационалдың конференциясына қатысу туралы мәселе бойынша қарар жобасындағы өзгерістер жөніндегі Лениннің ұсыныстарын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 23 февральда қабылдады.

Үш Интернационалдың конференциясына қатысу туралы қарар 1922 жылы 4 мартта Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген бірінші пленумында қабылданды.—*441.*

178 В. И. Ленин ұсынған қаулының жобасын 1922 жылы 28 февральда РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы И. В. Сталиннің мынадай қосымшаларымен қабылдады: «1. *Совет өкіметін тану* туралы мәселені конференцияның бас кезінде емес, аяқ кезінде (экономикалық келісімге келу әрекеті қыза түскеннен кейін) қойған жөн және, одан соң, оны ультиматумға айналдырмау керек; 2. Конференцияда Россия тарапынан *Тұтынушылар қоғамдары орталық одағын, ауыл шаруашылық кооперативтерін* және басқаларын (Красиннің істеп отырғанындай) субъектілер (келісушілер) ретінде ұсынбау керек, тек бір ғана субъектіні — Россия мемлекетін бетке ұстау керек» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). — *443.*

179 Сол күні-ақ РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы В. И. Лениннің ұсынысын қабылдады, ал Г. В. Чичерин Генуя конференциясын шақыру мерзімі туралы мәселе жөнінде Италия сыртқы істер министріне радиотелеграмма жіберді (қараңыз: «Известия ВЦИК» № 47, 28 февраль, 1922 жыл). — *447.*

180 Әңгіме шарт бойынша 1922 жылы 16 мартта Түркияға төленуге тиісті ақшаны төлеу жайында болып отыр. 27 февральда РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы көрсетілген ақшаны белгіленген мерзімде Түркияға төлеу жөнінде В. И. Лениннің ұсынысын қабылдады. — *448.*

181 Ленин бұл арада өзінің Саяси бюро қабылдаған ұсынысын айтып отыр; онда Генуя конференциясына баратын совет делегациясы председателінің орынбасары Г. В. Чичеринге председательдің бүкіл правосы беріледі, ал Чичерин ауырып қалған немесе кетіп қалған жағдайда оның праволары үш адамнан құрылған мына екі топтың біріне: а) Литвинов, Красин, Раковский; б) Литвинов, Иоффе, Воровский —кезекпен берілетіні айтылған еді (қараңыз: осы том, 443-бет). — *448.*

182 В. И. Лениннің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының жаңа экономикалық саясат жағдайындағы міндеттері туралы қаулысының жобасына жасаған ескертпелері осы

қаулының ақырғы редакциясында ескерілді (қараңыз: «Известия ВЦИК» № 67, 24 март, 1922 ж.). В. И. Лениннің жекеше кәсіпорындардың жұмысына Жұмысшы-Шаруа инспекциясының бақылау жасауы туралы мәселе жөніндегі хаттарын Лениннің XXXV жинағынан қараңыз, 324—329-беттер. — *451.*

183 *«Публицистің заметкалары. Биік тауға шығу туралы, жабырқаудың зияны туралы, сауданың пайдасы туралы, меньшевиктерге көзқарас туралы, т. с.»* деген мақала аяқталмаған. — *453.*

184 В. И. Лениннің ұсынысы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1922 жылы 2 марттағы мәжілісінде қабылданды.

РСФСР азаматтық кодексі (мүлік қатынастарын реттеп отыратын заңдар жинағы) 1922 жылы октябрьде IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің IV сессиясында қабылданды және 1923 жылғы 1 январьдан бастап күшіне енді. Азаматтық кодекс жөнінде В. И. Лениннің IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің IV сессиясында 1922 жылы 31 октябрьде сөйлеген сөзін қараңыз (Шығармалар, 33-том, 388—394-беттер). — *463.*

185 В. И. Ленин бұл хатты 1921 жылдың аяғы мен 1922 жыл бойы партияның басшы топтары ішінде қызу сөз болған сыртқы сауда монополиясы туралы мәселені талқылауға байланысты жазды.

Сыртқы сауда монополиясы 1918 жылы 22 апрельде Халық Комиссарлары Советінің декретімен белгіленіп, кейін Совет үкіметінің қаулыларымен бірнеше рет мақұлданды. Жаңа экономикалық саясатқа көшу және шетелмен сауда байланысын кеңейту сыртқы сауда жөніндегі заңдарға белгілі бір толықтырулар енгізуді қажет етті. В. И. Лениннің тапсырмасы бойынша Сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары А. М. Лежава әзірлеген «Сыртқы сауда туралы тезистерде» сыртқы сауда монополиясын нығайтудың қажеттігі атап көрсетілді және жаңа жағдайдағы товарлар экспорты мен импортының шарттары белгіленді. Тезистерді В. И. Ленин мақұлдады және 1922 жылы 4 январьда Халық Комиссарлары Советінің Жоғары экономикалық комиссиясы қабылдады. Сыртқы сауда монополиясын сақтауға Г. Я. Сокольников, Н. И. Бухарин, Г. Л. Пятаков қарсы шықты. Сокольников сыртқы саудаға абсолюттік монополияны жойып, оны сауда концессиясы тәртібімен ауыстыруды ұсынды. И. В. Сталин, Г. Е. Зиновьев және Л. Б. Каменев сыртқы сауда монополиясын жеңілдетуді жақтады.

1922 жылы 4 мартта РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы Ленин мақұлдаған «Сыртқы сауда туралы тезистерді» кейбір түзетулермен қабылдады. Тезистер біржолата 10 мартта бекітілді. Осы тезистерді негізге алып, Бүкіл россия-

лық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы 13 мартта «Сыртқы сауда туралы» қаулы қабылдады, қаулы 1922 жылы 15 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 60-номерінде жарияланды.

Саяси бюроның 4 және 10 марттағы шешіміне қарамай, Сокольников қайтадан: трестерге, кооперативтерге және басқаларға шетелден азық-түлік сатып алуға рұқсат беру жоспарын ұсынды; Сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары М. И. Фрумкин де сыртқы сауданы жеңілдетуді жақтады, мемлекеттің қолында берік монополияға негіз етіп, товарлардың 4—5 түрін қамтитып көтерме сауданы ғана қалдыруды ұсынды. Сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөнінде партия ішіндегі күрес шетел капиталистерімен нақты келіс сөздер жүргізуге теріс әсерін тигізді. Осыған байланысты Ленин 1922 жылы 15 майда Саяси бюроға мына директиваны ұсынды: «Орталық Комитет сыртқы сауда монополиясын мақұлдайды және Халық шаруашылығы жоғары советін Сыртқы сауда халық комиссариатымен қосу жөнінде мәселе көтеру мен әзірлеу түгел тоқтатылсын деп қаулы етеді» (Лениннің XXXVI жинағы, 484-бет), директива 22 майда Саяси бюрода қабылданды.

Бірақ күрес тоқтаған жоқ. Ленин сырқаттанып қатыса алмаған РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы 1922 жылы 6 октябрьде Г. Е. Зиновьевтің ұсынысы бойынша Сокольниковтың тезистерін негізге алып, товарлардың жеке категорияларын еркін әкеліп және сыртқа шығарып сатуға немесе шектеуді қолдануға рұқсат беру жөнінде қаулы алды. 11 октябрьде Л. Б. Красин РКП(б) Орталық Комитетіне 6 октябрьдегі қаулының күшін жою жөнінде өтініш берді және «Сыртқы сауда халық комиссариатының сыртқы сауда тәртібі жөніндегі тезистерін» жіберді; бұл тезистерде товарлардың кейбір категорияларымен еркін сауда жасауға немесе кейбір шек қоюды қолдануға рұқсат берудің неге әкеліп соқтыратынын көрсетіп берді. Ленин Красинді қолдады және Орталық Комитет пленумының шешімін сыртқы сауда монополиясын іс жүзінде жою деп санап, оған қарсылық білдірді, сөйтіп бұл мәселені шешуді Орталық Комитеттің келесі пленумына, 1922 жылдың декабріне дейін қалдыруды ұсынды (қараңыз: Шығармалар, 33-том, 371—374-беттер). В. И. Лениннің хатына және Л. Б. Красиннің тезистеріне Н. И. Бухарин қарсылық білдірді.

Сыртқы сауда монополиясының бұлжымастығы жөніндегі мәселеге зор маңыз бере отырып және сырқаттығы себепті Орталық Комитеттің 1922 жылғы 18 декабрьдегі пленумына қатыса алмайтын болғандықтан, Ленин 13 декабрьде пленумға хат жазып, Бухариннің позициясын қатты айыптады. И. В. Сталин В. И. Лениннің қатаң талап етуін және Саяси бюроның шешімін ескере отырып, өзінің қате позициясынан бас тартуға мәжбүр болды. Орталық Комитеттің пленумы Бухарин мен Сокольниковтың позициясын айыптап, Орта-

лық Комитеттің 6 октябрьдегі шешімін өзгертті және сыртқы сауда монополиясын сақтаудың сөзсіз қажет екенін, одан ешқандай шегінбеу қажет екенін мақұлдады. 1923 жылы 17—25 апрельде болып өткен партияның XII съезі,— В. И. Ленин сырқаттануы себепті оған да қатыса алмады,— былай деп қаулы алды: «Съезд сыртқы сауда монополиясының бұлжымайтындығын және одан қандай да болсын бұрылып кетуге немесе оны жүзеге асыру кезінде ауытқушылыққа жол бермейтіндігін үзілді-кесілді растайды, сөйтіп жаңа Орталық Комитетке сыртқы сауда монополиясы тәртібін нығайтып, дамытып отыруға жүйелі түрде шаралар қолдануды тапсырады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаралары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 429-бет). — *466.*

186 Өнеркәсіпті қаржыландыру туралы мәселе 1922 жылы 9 және 13 мартта РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросының мәжілісінде талқыланды. Саяси бюро Халық шаруашылығы жоғары советін өнеркәсіптің мұқтажына қажетті қаржылармен қамтамасыз етуді Финанс халық комиссариатына жүктеді. — *471.*

187 Документ В. И. Лениннің 28 февральдағы запискасына Г. Я. Сокольниковтың берген жауап хатының үстіне жазылған (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 438-бет және осы том, 466—470-беттер).

Г. Я. Сокольников өзінің хатында трестерге, кооперативтерге және басқаларына шетелден азық-түлік сатып алуға рұқсат берілуін ұсынған еді. Сокольниковтың пікірінше, бағалы заттардың сыртқа артық шығарылмайтындығына және ол заттардың орнына, басқа товарлар емес, азық-түлік әкелінетіндігіне осы ұйымдардың азық-түлікке өте мұқтаж болып отырғандығы және Сыртқы сауда халық комиссариаты мен Мемлекеттік банктің бақылауы кепіл бола алады, бүкіл операция Мемлекеттік банктен өтуге тиіс. — *472.*

188 Бұл документ конверттің сыртына жазылған, ол конвертке 1921 жылы 1 июньде К. Б. Радек орыс делегациясының тапсыруы бойынша тактика туралы өзі жасаған тезистерді, А. Тальгеймер мен Б. Кунның ұсыныстары бойынша енгізілген түзетулерді және Тальгеймер мен Кунның жазған тезистерін салып жіберген болатын. — *475.*

189 Мақала, сірә, жазылмаған болуы керек. — *494.*

190 Мұнда, сірә, қате кетсе керек. Коминтерннің III конгресі кезінде Б. Шмераль мен К. Крейбихтің позициясын сынай келіп, В. И. Ленин Шмеральға солға қарай үш қадам, ал Крейбихке оңға қарай бір қадам ойысуға кеңес берген еді.— *494.*

[191] Кітапша, сірə, жазылмаған болуы керек.

««Основоположниктің» хаты» — бұл арада Ю. Х. Лутовиновтың («жұмысшы оппозициясының негізін салушы», ол өзін осылай атаған) 1921 жылғы 20 майда В. И. Ленинге жазған хаты айтылып отыр. В. И. Лениннің бұл хатқа жазған жауабын Лениннің XXXVI жинағынан қараңыз: 246—250-беттер. — *500.*

[192] Жазбаларды В. И. Ленин «Южный Металлург» (Енакиево қаласы) газетінің 1921 жылғы 11 октябрьдегі 1-номерінің ашық шетіне жазған. Газеттің сол жақ жоғарғы бұрышында Лениннің: «Бір бөлегі Юзовскийге жəне бір бөлегі Дебальцевскийге» деген жазуы бар. — *502.*

[193] В. И. Лениннің Ғалымдардың тұрмысын жақсарту жөніндегі комиссияны басқарған А. М. Горькиймен əңгімесі Петроград ғалымдарының еңбектерін басып шығаруға қатысты еді.

1 миллион доллар жөніндегі жазбаның Поволжьедегі ашыққандарға Америка Құрама Штаттарында азық-түлік жəне ақша жинауға белсенді түрде атсалысқан Джером Девиске қатысы бар. Д. Девис ашыққандардың ісі жөнінде Петроградқа келді, А. М. Горькиймен ол В. И. Ленинмен əңгімелесерден сəл бұрын кездесті.

А. М. Горький шетелге жүріп кеткеннен кейін Ғалымдардың тұрмысын жақсарту жөніндегі комиссияны А. П. Пинкевич басқарды. Секретарьлардың календарьдағы жазбасында 1921 жылы 19 октябрьде Петроград жоғары оқу орындарының жағдайы туралы мəселе бойынша Пинкевичтің қабылдауда болғаны жөнінде белгі бар. — *507.*

[194] Осылай аталатын мақала жазылмай қалған.—*514.*

[195] Бұл цифрлардың мағынасын түсіндіру мүмкін болмады.— *515.*

[196] Алғашқы нобайдағы жеке қағидалар жоспарға енді, В. И. Ленин оны саяси ағарту комитеттерінің Бүкілроссиялық II съезінде жасаған баяндамасында дамытты (қараңыз: осы том, 168—190-беттер). Ал екінші нобайының тақырыбы «Алтынның қазіргі жəне социализм толық жеңгеннен кейінгі маңызы туралы» деген мақалада неғұрлым толық қамтылды (қараңыз: осы том, 239—248-беттер). — *516.*

[197] «Шаруашылық саясат туралы» тезистерді Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары И. Т. Смилга жазған; В. И. Ленинге тезистермен қоса жолданған хатта айтылғанындай, тезистер Халық шаруашылығы жоғары советінің, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының, ВЦСПС пен Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының қызметкер-

лері арасында талқылау үшін жасалған. Документте В. И. Лениннің мынадай запискасы бар: «Смилга жолдас! Өз ескертпелерімді жіберіп отырмын. Жүгіртіп оқыдым. Маған қайтару үшін Л. Б. Каменевке жіберіңіз» (Лениннің XXIII жинағы, 275-бет). — *518.*

198 В. И. Ленин бұл арада РКП(б) X конференциясының «Экономикалық саясат туралы» қарарын айтып отыр, онда былай делінген: «Әрбір ірі кәсіпорынның финанс қаражаттары мен материалдық ресурстарды билеу ісіндегі дербестігін және инициативасын ұлғайту. Тиісті дәл қаулыны Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне енгізу».

Осы шешімді орындау үшін Еңбек және Қорғаныс Советі 1921 жылы 12 августа «Ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру, өндірісті өрге бастырып, өркендету жөніндегі шаралар туралы негізгі ережелер» деген қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес неғұрлым ірі, техника жағынан жабдықталған және тиісінше орналасқан кәсіпорындар шаруашылық есеп негізінде ерекше бірлестіктерге ұйымдастырылды. Жекелеген ірі кәсіпорындар да осы негізде бөлініп шықты. 8 сентябрьде «Известия ВЦИК» газетінің 199-номерінде Халық Комиссарлары Советінің «Мемлекеттік кәсіпорындардың қаржыландыру және материалдық ресурстарды билеу саласындағы праволарын ұлғайту туралы» декреті жарияланды. — *518.*

199 Әңгіме, бәлкім, Тұтынушылар қоғамдары орталық одағы Советінің IV сессиясының (15—21 ноябрь, 1921): «Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының ұйымдық құрылысы, дайындау қызметі және финанс жағдайы туралы» қарары жайында болса керек (қараңыз: «Тұтынушылар қоғамдары орталық одағы Советінің IV сессиясы. (Стенографиялық есеп)», М., 1921). — *522.*

200 Еңбек және Қорғаныс Советі жанындағы Материалдық ресурстарды пайдалану комиссиясының председателі Л. Н. Крицман өзінің баяндамасында бұл Комиссияны қайта құрудың екі нұсқасын ұсынды: 1) оны Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына беру және 2) Финанс халық комиссариатына беру.

2-параграфта былай делінген: Пайдалану комиссиясын Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына беруге болмайды, өйткені «Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы—консультациялық орган және түбегейлі шешім қабылдай алмайды (қабылдауға тиісті де емес)».

Жақшаға алынған соңғы сөйлем Комиссияны қайта құрудың (оны Финанс халық комиссариатына беру) екінші нұсқасынікі (сондай-ақ осы томның 292-беті мен Лениннің XXIII жинағының 243—244-беттерін де қараңыз). — *523.*

201 *«РКП(б) XI конференциясының партияны нығайту туралы қарарының жобасына түзетулер»,* сірә, «Партияны тазалау

туралы РКП(б) XI конференциясы қарарының жобасына ескертпелердің» алғашқы нобайы болса керек (қараңыз: осы том, 310—311-беттер).— *524.*

202 Бұл арада электротехниктердің VIII съезінің есебі айтылып отыр. Есеп Г. М. Кржижановскийдің редакциясымен басылып шықты. — *532.*

203 В. И. Ленин бұл арада инженер В. Левидің «Россияның электрмен қамтамасыз етілуі (Жалпы шолу)» деген мақаласын айтып отыр; мақала 1921 жылы 8 декабрьде «Экономическая Жизнь» газетінің 276-номерінде басылды. Мақалада 1917 жылдан 1921 жылдың орта кезіне дейінгі уақыт ішінде Россияның электрмен қамтамасыз етілуіне сипаттама берілген. В. И. Ленин мақаладағы деректерді өзінің Советтердің Бүкіл россиялық IX съезінде жасаған баяндамасында пайдаланды. — *532.*

204 «Публицистің заметкалары» деген мақала аяқталмағандықтан (тек үш тарауы ғана жазылған) мақаланың жоспарлары оны жазу үстінде толық пайдаланылған жоқ. В. И. Ленин ол жоспарлардың көбін партияның XI съезінде жасаған баяндамасында пайдаланды. Жекелеген қағидалары «Жауынгер материализмнің мәні туралы» деген мақалаға (қараңыз: Шығармалар, 33-том, 261—306, 232—234-беттер) енді. — *542.*

205 Бұл арада А. Тодорскийдің «Винтовка әрі плуг ұстап өткен бір жыл» (Весьегонск, 1918) деген кітабы айтылып отыр. В. И. Ленин «Үлкен мәселелерді айқындау үшін кішкентай көрініс» деген мақаласында осы кітаптан цитат келтіреді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 442-бет).— *542.*

206 Жақша ішіндегі цифрлар мақала қолжазбасының беттерін көрсетеді. — *543.*

207 Бұл арада, сірә, М. И. Гольдманды айтып отырған болса керек. — *544.*

208 Ол жылдары советтік сом тұрақтандырылған жоқ еді; ол кезде жалақы өте үлкен цифрлармен есептелінетін: фабрика-завод жұмысшысы айына орта есеппен 3 миллион 421 мың сом алатын еді. — *553.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Вооружение народа — залог его победы.—«Правда», М., 1921, № 149, 10 июля, стр. 2, в отд.: Телеграммы. Под общ. загл.: В Италии.— *59, 61—62, 496.*

Всеобщая забастовка.—«Правда», М., 1921, №149, 10 июля, стр. 2, в отд.: Телеграммы. Под общ. загл.: Во Франции.— *59, 61—62, 496.*

Всеобщая забастовка — в случае войны. Ганновер, 31 января. (Радио).—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 26 (1465), 3 февраля, стр. 1, в отд.: За границей. Под общ. загл.: Италия. — *413.*

«2-ой Всероссийский съезд политпросветов. Бюллетень съезда», М., 1921, № 1, 18 октября, стр. 3—4. — *184—185.*

— 1921, № 2, 19 октября, стр. 1—3. — *269, 270.*

— 1921, № 7, 24 октября, стр. 1—2. — *260.*

2-ой конгресс Коммунистического Интернационала. Стеногр. отчет. Пг., изд-во Коммунистич. Интернационала, 1921. 682 стр. — *18—19, 20—21, 22, 30—31.*

«Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства», Пг., 1917, № 6, 8 (21) ноября, стр. 1. — *216—220.*

Гоголь, Н. В. Повесть о том, как поссорился Иван Иванович с Иваном Никифоровичем. — 442.

Годовой отчет НКИД к IX съезду Советов (1920—1921). М., 1921. 192 стр. (РСФСР. На правах рукописи). — *328.*

Горский, Б. О данайцах, дары приносящих.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1921, № 263 (1406), 23 ноября, стр. 2. — *273.*

Грибоедов, А. С. Горе от ума. — 85.

IX съезд Советов и крестьянство.—«Правда», М., 1922, № 20, 27 января, стр. 1. Подпись: Беспартийный. — *406.*

Декларация о признании долгов. От Народного комиссариата по иностранным делам. Перевод ноты народного комиссара по иностранным делам, адресованной 28-го октября 1921 г. правительствам Великобритании, Франции, Италии, Японии и Соединенным Штатам Северной Америки. —«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Крас-

Коммунистической партии Италии. Тт. Бомбаччи, Бордига, Террачини и др.—«Коммунистический Интернационал», М. — Пг., 1921, № 16, 31 марта, стлб. 3807. — *17, 19—20.*

Конституция (Основной закон) Российской Социалистической Федеративной Советской Республики. Опубликована в № 151 «Известий Всерос. Центр. Исп. Комитета» от 19 июля 1918 г. М., Гиз., 1919. 16 стр. (РСФСР).— *363—364.*

«Кооперативное Дело», М. — *421, 424.*

Кржижановский, Г. М. Хозяйственные проблемы РСФСР и работы Государственной общеплановой комиссии (Госплана). Вып. 1. М., декабрь 1921. 112 стр.; 4 л. черт. и карт. — *344, 345—346, 532.*

Крылов, И. А. Гуси. — *353—354, 355.*

— *Музыканты.* — *392.*

— *Орел и Куры.* — *460, 461.*

[*Крупская, Н. К.*] *Доклад председателя Главполитпросвета тов. Ульяновой-Крупской* [*на II Всероссийском съезде политпросветов 17 октября 1921 г.*].—«2-ой Всероссийский съезд политпросветов. Бюллетень съезда», М., 1921, № 1, 18 октября, стр. 3—4. — *184.*

Леви, В. Л. К итогам 8-го Всероссийского электротехнического съезда.—«Экономическая Жизнь», М., 1921, № 252, 10 ноября, стр. 1. — *349, 532—533.*

[*Ленин, В. И.*] *Главная задача наших дней.* М., «Прибой», 1918. 47 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *213—214, 215, 511.*

— [*Доклад ВЦИК и СНК о внешней и внутренней политике на VIII съезде Советов.* 22 декабря 1920 г.].— В кн.: Восьмой Всероссийский съезд Советов рабочих, крестьянских, красноармейских и казачьих депутатов. Стеногр. отчет. (22—29 декабря 1920 года). М., Госиздат, 1921, стр. 8—32. (РСФСР). — *145.*

— *Доклад о внешней и внутренней политике Советов Народных Комиссаров на заседании Петроградского Совета 12 марта 1919 г.— қараңыз:* Ленин, В. И. Речь тов. Ленина в заседании Петроградского Совета 12 марта.

— *Доклад о новой экономической политике на VII Московской губпартконференции 29 октября 1921 г.— қараңыз:* Ленин, В. И. Речь тов. Ленина на Московской губпартконференции.

— [*Доклад о тактике РКП на III конгрессе Коммунистического Интернационала 5 июля 1921 г.*]—«Бюллетень Третьего

— *О перестройке работы СНК, СТО и Малого СНК.* Письма А. Д. Цюрупе. 24 января—27 февраля 1922 г. — *469—470.*

— *О продовольственном налоге.* (Значение новой политики и ее условия). М., Госиздат, 1921. 32 стр. (РСФСР). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *35.*

*— *Очередные задачи Советской власти.* М., изд-во ВЦИК, 1918. 30 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *169—171, 172—173, 213—214, 215, 243, 511.*

— *Об едином хозяйственном плане.*—«Правда», М., 1921, № 39, 22 февраля, стр. 1. Подпись: Н. Ленин. — *145.*

— *Письмо Г. Е. Зиновьеву.* 11 июня 1921 г.—*13.*

[*Ленин, В. И.*] *Проект постановления ЦК РКП(б) о задачах советской делегации в Генуе.* 24 февраля 1922 г. — *448.*

— *Резолюция Центрального Комитета Российской социал-демократической рабочей партии, принятая 21 апреля 1917 года.*—«Правда», Пг., 1917, № 38, 5 мая (22 апреля), стр. 1. — *60, 495, 497—498.*

— *Резолюция Центрального Комитета РСДРП, принятая утром 22 апреля.*—«Правда», Пг., 1917, № 39, 6 мая (23 апреля), стр. 1. — *61.*

— [*Речь по итальянскому вопросу на III конгрессе Коммунистического Интернационала.* 28 июня 1921 г.].—«Бюллетень Третьего конгресса Коммунистического Интернационала», М., 1921, № 8, 4 июля, стр. 165—168. — *492—493.*

— *Речь тов. Ленина в заседании Петроградского Совета 12 марта.*—«Северная Коммуна», Пг., 1919, № 58 (251), 14 марта, стр. 1. — *268.*

— *Речь тов. Ленина на Московской губпартконференции.* Заседание 29 октября 1921 г.—«Правда», М., 1921, № 248, 3 ноября, стр. 2—4. — *231, 232, 236—237, 238, 269, 270.*

— *Речь тов. Ленина о новой экономической политике и задачах политпросветов.*—«2-ой Всероссийский съезд политпросветов. Бюллетень съезда», М., 1921, № 2, 19 октября, стр. 1—3. — *269, 270.*

— *Тезисы доклада о тактике РКП* [*на III конгрессе Коммунистического Интернационала*]. 13 июня 1921 г. — *35, 38, 43, 52—53, 525.*

— *Успехи и трудности Советской власти.* Речь, сказанная на митинге в Петербурге 13 марта 1919 г. Пг., кн-во Петрогр.

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

Совдепа, 1919. 32 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *268—269.*

*— [*Шесть тезисов об очередных задачах Советской власти*].— В кн.: Ленин, В. И. Очередные задачи Советской власти. М., изд-во ВЦИК, 1918, стр. 28—30, в предписании Президиума ВЦИК «Всем губернским, уездным, волостным Совдепам, всем, всем...». Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин. — *169—170, 172—173, 215.*

Ленин, В. И. и др. Марксизм и ликвидаторство. Сборник статей об основных вопросах современного рабочего движения. Ч. II. Спб., изд. «Прибой», 1914. IV, 214 стр. Перед загл. авт.: Г. Зиновьев, В. Ильин, Ю. Каменев. — *290.*

«Листок Объявлений», М. — *216.*

Маркс, К. Капитал. Критика политической экономии, т. III, ч. 1—2. 1894 г. — *303.*

Мировое положение и наши задачи. [Резолюция, принятая на III конгрессе Коммунистического Интернационала 4 июля 1921 г.].— В кн.: Тезисы и резолюции III конгресса Коммунистического Интернационала. М., 1921, стр. 3—14. — *35.*

Мясников, Г. И. Больные вопросы.— В кн.: «Дискуссионный материал» (тезисы тов. Мясникова, письмо тов. Ленина, ответ ему, постановление Организ. бюро Цека и резолюция мотовилихинцев). Только для членов партии. М., 1921, стр. 15—26. — *82—88.*

— *В Центральный Комитет РКП (большевиков).* Докладная записка.— Там же, стр. 3—15. — *82—88.*

Накануне забастовки.—«Правда», М., 1921, № 149, 10 июля, стр. 2, в отд.: Телеграммы. Под общ. загл.: В Германии. — *59, 61, 496.*

«Налево» или «направо». [Передовая].—«Последние Новости», Париж, 1921, № 318, 3 мая, стр. 1. — *11.*

[*Нота Временного правительства союзным державам.* 18 апреля 1917 г.].—«Вестник Временного Правительства», Пг., 1917, № 35 (81), 20 апреля (3 мая), стр. 2, в отд.: Петроград. — *60.*

О Главполитпросвете и агитационно-пропагандистских задачах партии. [Резолюция, принятая на X съезде РКП(б) 15 марта 1921 г.].— В кн.: Десятый съезд Российской Коммунистической партии. Стеногр. отчет. (8—16 марта 1921 г.). М., Госиздат, 1921, стр. 320—322. — *260.*

О Пролеткультах. Письмо ЦК РКП.—«Правда», М., 1920, № 270. 1 декабря, стр. 1. — *291.*

О создании экспортного фонда. [Резолюция, принятая на 4-й сессии совета Центросоюза 20 ноября 1921 г.].— В кн.: IV сессия совета Центросоюза. (Стеногр. отчет). [М., 1921]. стр. 186. Под общ. загл.: Резолюции 4-й сессии совета Центросоюза. — *522.*

Организационный устав Российской соц.-дем. рабочей партии, принятый на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genéve, тип. партии, [1904], стр. 7—9. (РСДРП). — *288.*

От Народного комиссариата по иностранным делам.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 47 (1486), 28 февраля, стр. 1. Под общ. загл.: К общей мирной конференции. — *448.*

Отсрочка Генуэзской конференции. От Народного комиссариата по иностранным делам.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 45 (1484), 25 февраля, стр. 1, в отд.: К международной конференции. — *448.*

**План электрификации РСФСР.* Доклад 8-му съезду Советов Государственной комиссии по электрификации России. М., Гостехиздат, 1920. 669 стр. разд. паг.; 14 л. схем и карт. (РСФСР. Научн.-техн. отд. ВСНХ). — *10, 145, 305—306.*

По докладам Главполитпросвета. [Резолюция, принятая на II Всероссийском съезде политпросветов. 22 октября 1921 г.].—«2-ой Всероссийский съезд политпросветов. Бюллетень съезда», М., 1921, № 7, 24 октября, стр. 1—2. Под общ. загл.: Резолюции, принятые 2-ым Всероссийским съездом политпросветов. — *260.*

По докладу т. Кржижановского об электрификации. [Резолюция, принятая на VIII Всероссийском съезде Советов, 1920 г.].— В кн.: Восьмой Всероссийский съезд Советов рабочих, крестьянских, красноармейских и казачьих депутатов. Стеногр. отчет. (22—29 декабря 1920 года). М., Госиздат, 1921, стр. 271—272. (РСФСР). — *10, 367—368.*

Подмосковный бассейн в июле.—«Экономическая Жизнь», М., 1921, № 188, 26 августа, стр. 1. Подпись: А. В. — *120.*

Положение о Государственной общеплановой комиссии. [22 февраля 1921 г.].—«Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1921, № 17, 16 марта, стр. 102—103. — *67*.

«Последние Новости», Париж. — *11*.

— 1921, № 273, 11 марта, стр. 1. — *11, 51*.

— 1921, № 318, 3 мая, стр. 1. — *11*.

[*Постановление Политбюро ЦК РКП(б) о Пролеткультах.* 22 ноября 1921 г.].—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1921, № 36, 15 декабря, стр. 4, в ст.: Отчет Центрального Комитета РКП. За октябрь—ноябрь 1921 г. — *291*.

Постановление Совета Труда и Обороны о порядке осуществления трудгужналога для заготовки и вывозки дров. 2 декабря 1921 г.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1921, № 278 (1421), 10 декабря, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения правительства.—*361, 362*.

«Правда», Пг.—М. — *86, 384, 413*.

«Правда», Пг., 1917, № 26, 7 апреля, стр. 1—2. — *60*.

— 1917, № 28, 9 апреля, стр. 2. На газ. ошибочно указан № 58. — *60*.

— 1917, № 38, 5 мая (22 апреля), стр. 1. — *60, 495, 497—498*.

— 1917, № 39, 6 мая (23 апреля), стр. 1. — *61*.

— М., 1920, № 270, 1 декабря, стр. 1. — *291*.

— 1921, № 39, 22 февраля, стр. 1. — *145*.

— 1921, № 64, 25 марта, стр. 1. — *11*.

— 1921, № 139, 29 июня, стр. 1; № 140, 30 июня, стр.1.— *28*.

— 1921, № 149, 10 июля, стр. 2. — *59, 61, 496*.

— 1921, № 248, 3 ноября, стр. 2—4. — *231, 232, 236—237, 238, 269—270*.

— 1921, № 249, 4 ноября, стр. 1 —*231—237, 269—270*.

— 1921, № 263, 22 ноября, стр. 1—2.— *291*.

— 1922, № 2, 3 января, стр. 4. — *381, 384*.

— 1922, № 20, 27 января, стр. 1. — *406*.

— 1922, № 26, 3 февраля, стр. 2.—*413*.

Сорокин, П. А. Влияние войны на состав населения, его свойства и общественную организацию.—«Экономист», Пг., 1922, № 1, стр. 77—107.—*543.*

«Союз Потребителей», М., 1921, № 25—26, 20 декабря, стр. 3—4. — *529—530.*

Тезисы и резолюции III конгресса Коммунистического Интернационала. М., 1921. 95 стр.—*17, 19—20, 35, 91, 95—97, 99, 100, 101—102, 103—104, 105, 458.*

Тезисы об организационном строительстве коммунистических партий, о методах и содержании их работы. Приняты на 24 заседании [III конгресса Коммунистического Интернационала] 12 июля 1921 г.— В кн.: Тезисы и резолюции III конгресса Коммунистического Интернационала. М., 1921, стр. 35—54. — *91, 101—102, 105.*

Тезисы по вопросу о тактике. М., 1921. 19 стр. — *23—34, 57, 61—62, 102, 487, 492.*

Тезисы по вопросу о тактике. Приняты на 24 заседании [III конгресса Коммунистического Интернационала] 12-го июля 1921 г.— В кн.: Тезисы и резолюции III конгресса Коммунистического Интернационала. М., 1921, стр. 15—32. — *101—102, 103—104.*

7 ноября

**Тодорский, А. Год — с винтовкой и плугом.* 1917 25 октября.

1918. Весьегонск, Весьегон. уезд. испол. ком-т, 1918. 79 стр. — *542, 545.*

Транспорт.—«Экономическая Жизнь», М., 1921, № 190, 28 августа, стр. 2. — *120—122.*

Третий Всемирный конгресс Коммунистического Интернационала. Стеногр. отчет. Пг., Госиздат, 1922. 500 стр. — *16, 17, 18, 19, 20—21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 30—31, 33, 38, 435—491, 492—493.*

Труды 8 Всероссийского электротехнического съезда в Москве 1—10 октября 1921 года. Вып. 1—2. М., Гос. общеплан. комис., 1921. 2 т.—*444, 532—533.*

Условия приема в Коммунистический Интернационал.—«Коммунистический Интернационал», М.— Пг., 1920, № 13, 28 сентября, стлб. 2387—2392. — *101—102.*

Устрялов, Н. В. Patriotica.— В кн.: Смена вех. Сборник статей: Ю. В. Ключникова, Н. В. Устрялова и др. Июль 1921 г. Прага, тип. «Политика», 1921, стр. 52—71. — *455.*

Хинчук, Л. Потребительская кооперация. (К тезисам по докладу).—«Союз Потребителей», М., 1921, № 25—26, 20 декабря, стр. 3—4. — *529—530.*

Центральному Комитету и всем членам Итальянской социалистической партии. Всем революционным пролетариям Италии.—«Коммунистический Интернационал», М. — Пг., 1920, № 13, 28 сентября, стлб. 2605—2612. — *16—17.*

«Экономист», Пг., 1922, № 1, стр. 77—107. — *543.*

«Экономическая Жизнь», М. — *120—123, 421, 425.*

— 1921, № 188, 26 августа, стр. 1. — *120.*

— 1921, № 190, 28 августа, стр. 2. — *120—122.*

— 1921, № 252, 10 ноября, стр. 1. — *349, 532—533.*

Энгельс, Ф. Крестьянский вопрос во Франции и Германии. 15—22 ноября 1894 г. — *303.*

— *Может ли Европа разоружиться?* Февраль 1893 г. — *41.*

— *Письмо А. Бебелю* [*по поводу Готской программы*]. 18—28 марта 1875 г. — *239—240.*

— *Письмо А. Бебелю.* 11 декабря 1884 г. — *11—12, 53, 239—240.*

— *Эмигрантская литература.* Май 1874 г.— апрель 1875 г. — *241—242.*

**Abänderungsvorschläge der deutschen, österreichischen und italienischen Delegation zu den von der russischen Delegation vorgelegten Thesen über die Taktik.*—«Moskau», 1921, Nr. 30, 1. Juli, S. 4. — *23—34, 102.*

Amendements proposés par les délégations allemande, autrichienne et italienne aux thèses de la délégation Russe sur la tactique.—«Moscou», 1921, N 33, 5 juillet, p. 4. — *102.*

«Avanti!», Milano, 1920, N. 244, ottobre, p. 1—2. — *16.*

Ballod, K. Der Zukunftstaat. Produktion und Konsum im Sozialstaat. 2. vollst. umgearb. Aufl. Stuttgart, Dietz, 1919. 240 S. — *52.*

Clausewitz, K. Hinterlassene Werke über Krieg und Kriegführung. Bd. 1, T. 1. Vom Kriege. Berlin, Dümmler, 1832. XXVIII, 371 S. — *62, 496, 504, 512, 516.*

Compere-Morel. La question agraire et le socialisme en France. Paris, Rivière, 1912. 455 p. — *304—305.*

Il Congresso socialista di Reggio Emilia. Vigorosa affermazione dei «centristi» contro il massimalismo.—«Corriera della Sera», Milano, 1920, N. 245, 12 ottobre, p. 1—2. Подпись: C. S. — *16.*

Il Convegno di Reggio Emilia. La concentrazione socialista in cerca di un programma.—«Avanti!», Milano, 1920, N. 244, 12 ottobre, p. 1—2. — *16.*

«Corriera della Sera», Milano.— *16.*

— 1920, N. 244, 11 ottobre, p. 1. — *16.*

— 1920, N. 245, 12 ottobre, p. 1—2. — *16.*

Il XVII Congresso del Partito socialista italiano... [Резолюция об отношении к III Интернационалу, принятая на XVII съезде Итальянской социалистической партии].— В кн.: Resoconto stenografico del XVII Congresso Nazionale del Partito Socialista Italiano. Livorno 15—16—17—18—19—20 gennaio 1921. Roma, 1921, p. 294—295. (Direzione del Partito Socialista Italiano). — *460—461.*

**Engels, F. Politisches Vermächtnis.* Aus unveröffentlichten Briefen. Mit einem Bild. Hrsg. vom Exekutivkomitee der Kommunistischen Jugendinternationale. Berlin, Jugendinternationale, 1920. 30 S. (Internationale Jugendbibliothek. Nr. 12). — *12.*

[*Die Erklärung der Redaktion der Zeitschrift «Unser Weg (Sowjet)»*].—«Unser Weg (Sowjet)», Berlin, 1921, Hft. 6, 15. Juli, S. 165. — *100—101.*

Frossard, L.-O. Les Congrès de Moscou.—«L'Internationale», Paris, 1921, N 61, 8 juin, p. 1. — *18, 487, 492.*

Guesde, J. En garde! Contre les Contrefaçons, les Mirages et la Fausse Monnaie des Réformes bourgeoises. Polémiques. Paris, Rouff, 1911. 477 p. — *302—303.*

«L'Internationale», Paris, 1921, N 61, 8 juin, p. 1. — *18, 487, 492.*

Keynes, J. M. The Economic Consequences of the Peace. London, Macmillan, 1920. VII, 279 p. — *320—322, 408.*

**Der Kongreß der tschechischen Linken.* Der Beitritt zur Dritten Internationale mit 562 gegen 7 Stimmen beschlossen.— Ein Referat Šmerals gegen die Dritte Internationale.—«Vor-

wärts», Reichenberg, 1921, Nr. 114, 17. Mai. Abendsausgabe. Beilage żu Nr. 114, S. 1—4. — *46, 57.*

Lansing, R. The Peace Negotiations. A personal Narrative. With Illustrations. Boston and New York, Mifflin, 1921. 328 p. — *408.*

Lénine, V. I. L'impôt alimentaire. (La nouvelle politique, sa nature et ses conditions). Pg., Internationale Communiste, 1921. 56 p. Перед загл. авт.: N. Lénine. — *35.*

*— *Die Naturalsteuer.* (Die Bedeutung der neuen Politik und ihre Vorbedingungen). M., Kommunistische Internationale, 1921. 37 S. Перед загл. авт.: N. Lenin. — *35.*

**Levi, P. Unser Weg.* Wider den Putschismus. Mit einem Artikel von K. Radek als Anhang. Berlin, Seehof, 1921. 56 S. — *97—98.*

*— *Was ist das Verbrechen?* Die Märzaktion oder die Kritik daran? Rede auf der Sitżung des Zentralausschusses der VKPD am 4. Mai 1921. Berlin, Seehof, 1921. 45 S. — *97—98.*

Lysis. Contre l'Oligarchie financière en France. Préf. de J. Finot. 5-me ed. Paris. «La Revue», 1908. XI, 260 p. — *306.*

Manifest der Internationale zur gegenwärtigen Lage, [angenommen auf dem Außerordentlichen Internationalen Sozialistenkongreß zu Basel].— In.: Außerordentlicher Internationaler Sozialistenkongreß żu Basel am 24. und 25. November 1912. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1912, S. 23—27. — *94, 162, 412, 413, 455.*

«Moskau». На нем., франц., англ. яз. — *102.*

**«Moskau»,* 1921, Nr. 30, 1. Juli, S. 4. — *23—34, 102.*

«Moscou», 1921, N 33, 5 juillet, p. 4. — *102.*

Offener Brief [der Zentrale der Vereinigten Kommunistischen Partei Deutschlands].—«Die Rote Fahne», Berlin, 1921, Nr. 11, 8. Januar. Morgenausgabe, S. 1. — *25, 475, 491.*

La participation du gouvernement soviétique reste subordonnee aux garanties que la France a toujours réclamées.—«Le Petit Parisien», 1922, N 16385, 8 janvier, p. 1. Под общ. загл.: La conférence décidée à Cannes pour la reconstitution de l'Europe se tiendra à Gênes dans la première quinzaine de mars. — *409.*

Parvus. Der wirtschaftliche Rettungsweg. Berlin, Verl. für Sozialwissenschaft, 1921. 39 S. — *415.*

«Le Petit Parisien», 1922, N 16385, 8 janvier, p. 1. — *409.*

Le programme agricole du Parti. [1894].—«Le Socialiste», Paris, 1894, N 205, 22 septembre, p. 2. Под общ. загл.: 12^{e} Congrès national du Parti ouvrier. — *303.*

La questionagraire.—«La Voix Paysanne», Paris, 1921, N 95, 19 novembre. — *299—306.*

Radek, K. Der 3. Weltkongreß über die Märzaktion und die weitere Taktik. — «Die Rote Fahne», Berlin, 1921, Nr. 317, 14. Juli. Morgenausgabe, S. 1—2; Nr. 319, 15. Juli. Morgenausgabe, Beilage, S. 1. — *97—98.*

«Die Rote Fahne», Berlin,— *97, 487.*

— 1921, Nr. 11, 8. Januar. Morgenausgabe, S. 1. — *25, 475, 491.*

— 1921, Nr. 317, 14. Juli. Morgenausgabe, S. 1—2; Nr. 319. 15. Juli. Morgenausgabe, Beilage, S. 1. — *97—98.*

**Šmeral, B. Pravda o Sovetověm Rusku.* Praha, 1920. 270 s.—*479.*

«Le Socialiste», Paris, 1894, N 205, 22 septembre, p. 2. — *303.*

«La Stampa», Turin. — *16.*

**Thesen zur Tagesordnung des Dritten Weltkongresses der Kommunistischen Internationale (Entwurf).* Berlin, 1921. 30 S. (Als Manuskript gedruckt). — *491.*

«Unser Weg (Sowjet)», Berlin. — *95, 100—101.*

— 1921, Hft. 6, 15. Juli, S. 165. — *100—101.*

Vibrate dichiarazioni antibolsceviche al Congresso di Reggio Emilia. I discorsi di Turati, Modigliani e Dugoni. — «Corriere della Sera», Milano, 1920, N. 244, 11 ottobre, p. 1. Подпись: C. S. — *16.*

«La Voix Paysanne», Paris, 1921, N 95, 19 novembre. — *299—306.*

«Vorwärts», Reichenberg. — *57.*

*— 1921, Nr. 114, 17. Mai. Abendsausgabe. Beilage zu Nr. 114, S. 1—4. — *46, 57.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Аванесов, В. А. (1884—1930) — советтің мемлекет қайраткері, 1903 жылдан РСДРП мүшесі. 1917—1919 жылдары — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі және секретары. 1919 жылы — 1920 жылдың басында — Мемлекеттік бақылау коллегиясының мүшесі. 1920 жылдан 1924 жылға дейін — Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары; Бүкіл россиялық төтенше комиссия коллегиясының мүшесі, одан кейін сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары. 1925 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советі Президиумының мүшесі. 1922 жылдан 1927 жылға дейін — СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. — *200.*

Аверченко, А. Т. (1881—1925) — орыстың сатирик жазушысы, Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант. — *271—272.*

Адоратский, В. В. (1878—1945) — марксизмді көрнекті насихаттаушы, ғалым. 1904 жылдан большевиктік партияның мүшесі; РСДРП Қазан комитетіне кірді. 1906—1907 және 1911—1917 жылдары шетелде тұрды, онда талай рет В. И. Лениннің тапсырмаларын орындады. 1918 жылы Халық ағарту комиссариатында істеді. 1920 жылдан бастап — Орталық архив басқармасы меңгерушісінің орынбасары, Ленин Институты директорының орынбасары, одан соң ВКП (б) Орталық Комитеті жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин Институтының директоры, СССР Ғылым академиясы Философия институтының директоры. Коммунистік академияның, одан соң СССР Ғылым академиясының толық мүшесі болды. Марксизм тарихының мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. К. Маркстің, Ф. Энгельстің және В. И. Лениннің Шығармаларын баспаға әзірлеп, басып шығаруға белсенді түрде қатысты. — *12.*

Альский, А. О. (1892—1939) — 1917 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Воронежде, Литвада және Белоруссияда совет жұмысында істеді;

одан соң РКП(б) Орталық Комитетінің есепке алу-бөлу бөлімінің меңгерушісі болды. 1921 жылдан 1927 жылға дейін — РСФСР, одан соң СССР финанс халық комиссарының орынбасары, Финанс халық комиссариатының коллегия мүшесі; бұдан кейінгі жылдарда шаруашылық жұмысында болды. 1923 жылдан троцкистерге қосылды, сол үшін 1927 жылы партиядан шығарылды, бірақ өз қателерін мойындағанына байланысты 1930 жылы партияға қайта қабылданды. 1933 жылы белсенді троцкист ретінде партиядан қайта шығарылды. — *127, 295.*

Андреев, А. А. (1895—1971) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1914 жылдан партия мүшесі. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Урал мен Украинада басшы кәсіподақ, партия және мемлекеттік жұмыста болды. 1920—1922 жылдары — ВЦСПС секретары. Партияның IX, XI және одан кейінгі барлық съездерінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. 1922—1927 жылдары — теміржолшылар одағы Орталық комитетінің председателі, 1924—1925 жылдары — РКП(б) Орталық Комитетінің секретары, 1930—1931 жылдары — ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының председателі, 1931—1935 жылдары — қатынас жолдары халық комиссары, 1932 жылдан 1952 жылға дейін — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, 1935 жылдан 1946 жылға дейін — ВКП(б) Орталық Комитетінің секретары, 1939 жылдан 1952 жылға дейін—ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының председателі, 1943 жылдан 1946 жылға дейін — егіншілік халық комиссары, 1946 жылдан 1953 жылға дейін — СССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары, 1957 жылдан бастап Совет-қытай достығы қоғамының председателі болды. — *371, 500.*

Ахундов, Р. А. (1897—1938) — Азербайжанның көрнекті партия және совет қызметкері. 1919 жылдан большевиктер партиясының мүшесі. Азербайжанда Совет өкіметі жеңгеннен кейін (1920) Азербайжан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі, одан соң Баку партия комитетінің секретары болып істеді. 1924—1930 жылдары — Азербайжан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің секретары, Азербайжан ССР халық ағарту комиссары, ВКП(б) Закавказье өлкелік комитетінің секретары. Өмірінің соңғы жылдарында ғылыми жұмыспен шұғылданды. К. Маркстің, Ф. Энгельстің және В. И. Лениннің бірқатар шығармаларын азербайжан тіліне аударды. — *167.*

Б

Баллод (Ballod), *Карл* (1864—1931) — буржуазияшыл экономист. 1905 жылдан — Берлин университетінің профессоры, ал 1919 жылдан 1931 жылға дейін — Латвия университетінің профессоры. Экономика мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің,

соның ішінде «Der Zukunftsstaat» («Болашақтағы мемлекет») деген кітаптың авторы. — *52.*

Бауэр (Bauer), *Отто* (1882—1938) — Австрия социал-демократиясының оң қанаты мен II Интернационал лидерлерінің бірі, «австромарксизм» дейтіннің идеологы. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1918—1919 жылдары Австрия буржуазиялық республикасының сыртқы істер министрі болды. II½ (1921), біріккен (1923) және Социалистік дейтін жұмысшы Интернационалдарының негізін салушылардың бірі. Австрия жұмысшы табының революциялық қозғалысын басуға белсене қатысты. Ол өзінің антикоммунистік сөздері арқылы фашизммен үндесті, пангермандық насихатты қолдап отырды. — *45.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге Германия Социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; талай рет рейхстагқа депутат болып сайланды. 90-жылдары және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясы қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 405-бет) деп санады. — *12, 53, 240.*

Белл (Bell), *Томас* (1882—1940) ағылшын коммунисі. 1900 жылы Англия тәуелсіз жұмысшы партиясына кірді. Социалистік жұмысшы партиясын құруға белсене қатысты, оның Орталық Комитетінің мүшесі болды. 1920 жылы Великобритания Коммунистік партиясын құруға қатысты; 1929 жылға дейін — осы партияның Орталық Комитетінің және Саяси бюросының мүшесі. Коминтерннің III, VI және VII конгрестеріне делегат. 1921—1922 және 1926—1928 жылдарда Великобритания Коммунистік партиясының Коминтерн Атқару Комитеті жанындағы өкілі болды. Коминтерннің VI конгресінде (1928) Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1930—1931 жылдары — Совет Одағының Англиядағы достары қоғамының председателі. 1936 жылдан 1939 жылға дейін революция күрескерлеріне көмек берудің Халықаралық ұйымында жауапты қызметте болды.— *90—92.*

Белов, А. А.— Мемлекеттік универсалды магазиннің меңгерушісі. 1922 жылғы апрель—ноябрьде—Халық шаруашылығы жоғары советінің орталық сауда бөлімі басқармасының мүшесі. — *392, 398.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған

оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Бұдан кейінгі жылдарда империалистік буржуазияның саясатын қолдауын тоқтатпады, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы шықты. — *16.*

«Беспартийный» — осы бүркеншік атпен аталған адамның кім екені анықталмады. — *406.*

Богданов, А. (Малиновский, А. А.) (1873—1928) — социал-демократ, философ, социолог, экономист, кәсібі жөнінен дәрігер. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шақырымпаздарды басқарды, антипартиялық «Вперед» тобының лидері болды. Философия саласында өз системасы — «эмпириомонизмді» — субъективтік-идеалистік махистік философияның бір түрін жасауға тырысты; В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде бұл системаны қатты сынға алды. 1909 жылы июньде «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының кеңесінде Богданов большевиктер қатарынан шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Пролеткультті» ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1926 жылдан — өзі негізін қалаған Қан құю институтының директоры. — *291.*

Богданов, П. А. (1882—1939) — 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Москвада, Воронежде және Гомельде партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Гомель советінің әскери секциясын басқарды, содан соң жергілікті Революциялық комитеттің председателі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Москвада істеді; 1921 жылдан 1925 жылға дейін — РСФСР Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі және Халық Комиссарлары Советінің мүшесі. Бұдан кейінгі жылдары әр түрлі совет және әкімшілік-шаруашылық жұмысында болды. — *129, 154, 191, 192—193, 205, 275, 295.*

Бономи (Bonomi), *Иваноэ* (1873—1951) — итальян мемлекет қайраткері. Оңшыл социалист. 1912 жылы Итальян социалистік партиясынан шығарылып, «социалистік реформистік партия» дейтіннің негізін салушылардың бірі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Италияның Антанта жағында соғысқа қатысуын жақтады. 1916—1921 жылдары бірқатар министрлік қызметтер атқарды. 1921—1922 жылдары буржуазиялық партиялар мен социал-реформистер өкілдерінің коалициялық үкіметін басқарды. Фашистік диктатура дәуірінде (1922—1943) саяси қызметтен шеттеп кетті, сонан

кейін итальян Ұлт азаттығы комитетін басқарды. 1944—1945 жылдары, үкімет басшысы болып тұрғанында, Италияда демократиялық өзгерістерді жүргізуге бөгет жасады. 1949 жылы сенаттың председателі ретінде Италияның агрессияшыл Атлантикалық блокқа қосылуына себепші болды. — *404, 545.*

Бордига (Bordiga), *Амадео* (1889 ж. туған) — итальян саяси қайраткері. 1910 жылдан Итальян социалистік партиясының мүшесі болды, онда анархизмге жақын ағымды басқарды. 1919 жылдан бастап буржуазиялық парламенттерге бойкот жариялау программасын ұсынды, «бойкотист-коммунистер» дейтіндердің фракциясын басқарды. Коминтерннің II конгресіне делегат болды; 1921 жылы Итальян коммунистік партиясын құруға қатысты, 1926 жылға дейін оның басшы органдарының құрамына кірді. Бордига солшыл сектанттық саясат жүргізді, Коминтерннің біртұтас антифашистік майдан құру жөніндегі тактикасына қарсы шықты. Одан әрі троцкистік көзқарастарды уағыздады, Итальян коммунистік партиясының бағытына қарсы фракцияшылдық күрес жүргізді, сол үшін 1930 жылы партиядан шығарылды. 1944 жылы «интернационалист-коммунистер» дейтіндердің троцкистік партиясын құрды. — *21.*

Бриан (Briand), *Аристид* (1862—1932) — француз мемлекет қайраткері әрі дипломаты. Біраз уақыт социалистердің сол қанатына қосылып жүрді. 1902 жылы парламентке өтті де, жұмысшы табына ашық дұшпандық ниеттегі реакциялық буржуазиялық саясатшы болды. 1913, 1915—1917, 1921—1922 жылдары — премьер-министр; 1924 жылы Ұлттар лигасында Францияның өкілі болды. 1925 жылы СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін жасасуға қатысты. 1926—1931 жылдары Францияның сыртқы істер министрі болды. — *409.*

Бриллиант, Г. Я. — қараңыз: Сокольников, Г. Я.

Бронштейн, Л. Д. — қараңыз: Троцкий, Л. Д.

Брюханов, Н. П. (1878—1938) — советтің мемлекет қайраткері. 1902 жылдан РСДРП мүшесі, 1904 жылдан — большевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін — азық-түлік халық комиссарының орынбасары, ал 1921 жылдан азық-түлік халық комиссары, финанс халық комиссары, жабдықтау халық комиссарының орынбасары, СССР Халық Комиссарлары Советінің жанындағы Егіннің шығымдылығын анықтау жөніндегі комиссия председателінің орынбасары. Партияның XV және XVI съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. — *400, 501.*

Булкин (Семенов), Ф. А. (1888 ж. туған) — социал-демократ; реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — қорғам-

паз, Новгородтың, Самараның және Петербургтің әскери-өнеркәсіп комитеттерінде істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді; 1920 жылы РКП(б)-ға қабылданды. Шаруашылық және кәсіподақ жұмысында болды. 1922 жылы «жұмысшы оппозициясына» қатысқаны үшін партиядан шығарылды; 1927 жылы ВКП(б)-ға қайта кірді, бірақ антипартиялық қызметі үшін 1935 жылы партиядан екінші рет шығарылды. — *500.*

Буллит (Bullitt), *Уильям Кристиан* (1891 ж. туған) — американ реакцияшыл журналисі және дипломаты, антисоветтік саясатты белсене жүргізушілердің бірі. 1919 жылы Вильсон мен Ллойд Джордж арнаулы миссиямен оны Советтік Россияға жіберді. Бұдан кейін отставкаға шықты. 1933 жылы дипломатиялық қызметке қайта оралды. 1933—1936 жылдары — СССР-дегі тұңғыш американ елшісі. 1936—1941 жылдары — Франциядағы елші. 1942—1943 жылдары Америка Құрама Штаттары теңіз министрінің арнаулы көмекшісі болды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін — «қырғи қабақ соғыс» саясатының белсенді жақтаушысы. — *325—326.*

Буриан (Burian), *Эдмунд* (1878—1935) — чех социал-демократы. 1911—1918 жылдары чех социал-демократиясында «централистік» бағыт дейтіннің лидерлерінің бірі болды. 1920 жылдан — Чехословакия Коммунистік партиясының мүшесі; оның Атқару комитетіне кірді; 1922 жылы — Чехословакия Коммунистік партиясының Коминтерндегі өкілі. Оңшыл уклондығы мен жойымпаздығы үшін 1929 жылы Чехословакия Коммунистік партиясынан шығарылды. Социал-демократтарға қайтып барды, кәсіподақтарда істеді. — *64.*

Бухарин, Н. И. (1888—1938) — 1906 жылдан большевиктік партияда болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — «Правданың» редакторы, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару Комитетінің мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1918 жылы антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс кезінде (1920—1921) әуелі «аралық» позиция ұстады, кейіннен Троцкийдің тобына қосылды; 1928 жылдан бастап партия ішінде оңшыл оппозицияны басқарды. 1929 жылы Орталық Комитеттің Саяси бюросынан шығарылды; 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан шығарылды. — *287, 288, 291, 411—412, 413.*

В

Вандервельде (Vandervelde), *Эмиль* (1866—1938) — Бельгия Жұмысшы партиясының лидері, II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының председателі, барып тұрған оп-

портунистік позицияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—социал-шовинист; буржуазиялық үкіметке кірді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық козқараста болды, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияға белсене жәрдемдесті. 1925—1927 жылдары — Бельгияның сыртқы істер министрі, СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін (1925) жасасуға қатысты, коммунистер мен социалистердің біртұтас антифашистік майданын құруға белсене қарсы күресті. — *303, 460.*

Вернадский, В. И. (1863—1945) — совет минералогі, геохимик, академик. 1914 жылдан Петербург Ғылым академиясының геологиялық және минералогиялық музейінің директоры болды. Ғылым академиясы жанынан Россияның табиғи өндіргіш күштерін зерттеу жөніндегі комиссияны, Радий институтын және басқа бірқатар ғылыми комиссиялар мен мекемелерді құрудың инициаторларының және басшыларының бірі болды. Минералогияда генетикалық бағыттың негізін салды, геохимияның және оның тармағы — биогеохимияның негізін салушылардың бірі болды. — *507.*

Воеводин, П. И. (1884—1964) — 1899 жылдан КПСС мүшесі. Самарада, Омскіде, Златоусте және басқа қалаларда партиялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясы кезінде — Батыс Сибирь мен Урал өлкелік азық-түлік Советінің председателі, одан соң Батыс Сибирь Халық шаруашылығы советінің председателі. 1919—1920 жылдары әскери-саяси және әдеби жұмыста болды. 1921 жылы РСФСР халық ағарту комиссариатының Саяси ағарту бас комитетінде істеді; фотокинематографиялық бөлімнің меңгерушісі болды. 1922 жылдан 1939 жылға дейін әдеби-баспа және кітапхана жұмысында істеді. — *295—296.*

Воровский, В. В. (1871—1923) — профессионал революционер, большевиктік партияның көрнекті қайраткері, аса көрнекті совет дипломаты, публицист және әдебиет сыншысы. Революциялық қызметін 1890 жылдан бастады. 1902 жылы лениндік «Искрада» қызмет істеді. РСДРП II съезінен кейін — большевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет республикасының Скандинавия елдеріндегі (1917—1919), Италиядағы (1921—1923) уәкілетті өкілі болды. Генуя және Лозанна конференцияларына қатысты. 1923 жылы 10 майда Лозаннада ақ гвардияшының қолынан қаза тапты. — *443.*

Врангель, П. Н. (1878—1928) — патша армиясының генералы, барон, барып тұрған монархист. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде—ағылшын-француз және американ империалистерінің итаршысы; Россияның оңтүстігіндегі контрреволюция басшыларының бірі. 1920 жылғы апрель—ноя-

брьде ақ гвардиялық «Россияның оңтүстігіндегі қарулы күштердің» бас қолбасшысы болды; бұл күштерді Қызыл Армия талқандағаннан кейін шетелге қашып кетті. — *109, 176, 219, 247, 254, 301.*

Г

Гайндман (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921)—ағылшын социалисі, реформист. 1900—1910 жылдары — Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Британ социалистік партиясы лидерлерінің бірі болды, алайда Солфордта болған партия конференциясы оның империалистік соғыс жөніндегі социал-шовинистік позициясын айыптағаннан кейін, 1916 жылы Британ социалистік партиясынан шығып кетті. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы интервенцияны жақтады. — *303.*

Гартштейн — қараңыз: Леви (Levi), *Пауль.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё)* (1845—1922) — француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. 1901 жылы Гед және оның жақтастары Франция социалистік партиясын құрды, ол 1905 жылы реформистік Француз социалистік партиясына қосылды (жаңа партия Біріккен француз социалистік партиясы деп аталатын болды). Францияда марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін Гед көп жұмыс істеді. Бірақ оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық сипатта қателіктер жіберді. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған кезде, Гед социал-шовинистік позицияға көшіп, Францияның буржуазиялық үкіметіне кірді. 1920 жылы Гед Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі көпшілігіне қосылмады.— *303.*

Гельфанд, А. Л. — қараңыз: Парвус.

Гельц (Hölz), *Макс* (1889—1933) — немістің солшыл коммунисі. 1920 жылы Капп бүлігіне қарсы Фогтланд (Орта Германия) жұмысшыларының қарулы күресіне басшылық етті. Анархистік тенденциясы үшін Германия Коммунистік партиясынан шығарылды. 1921 жылы мартта Биттерфельд — Мерзебург — Галле округінде (Орта Германия) жұмысшы отрядтарының қарулы күресін басқарды, сол үшін төтенше сот оны өмір бойы қамауда ұстауға үкім шығарды. 1922 жылы түрмеде отырған кезінде ол Германия Коммунистік партиясына қайтадан кірді. 1929 жылдан, қамаудан босатылғаннан кейін көп ұзамай, СССР-де тұрып, жұмыс істеді. — *29.*

Гемпель (Hempel) — Германия Коммунистік жұмысшы партиясының Коминтерннің III конгресіндегі өкілдерінің бірі. — *25.*

Гильфердинг (Hilferding), *Рудольф* (1877—1941) — герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың оппортунистік лидерлерінің бірі; «австромарксизм» дейтіннің теоретигі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, социал-империалистермен бірлікті жақтады. Соғыстан кейін «ұйымдасқан капитализм» теориясының авторы ретінде көрінді, мемлекеттік-монополистік капитализмнің апологеті. 1917 жылдан — Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының лидері, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасының ашық жауы. Веймар республикасы буржуазиялық үкіметінің құрамына бірнеше рет кірді. Өкімет басына фашизм келгеннен кейін Францияға эмиграцияға кетті. — *94, 159.*

ГЛДМ — қараңыз: Либер (Гольдман), М. И.

Гольдман, М. И.— қараңыз: Либер, М. И.

Гольцман, А. З. (1894—1933) — революциялық қозғалысқа 1910 жылдан қатысты; 1917 жылғы апрельден — большевиктер партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақ және шаруашылық жұмысында басшы қызметтер атқарды. 1917 жылдан 1920 жылға дейін — металлистер одағы Орталық комитетінің мүшесі, 1920—1921 жылдары — ВЦСПС президиумының мүшесі. Кәсіподақ айтысы кезінде Троцкийдің платформасын жақтады. 1922 жылдан Халық шаруашылығы жоғары советінде, Орталық бақылау комиссиясы — Жұмысшы-Шаруа инспекциясында, Азаматтық әуе флоты Бас басқармасында істеді. — *500.*

Гомперс (Gompers), *Самюэл* (1850—1924) — американ кәсіподақ қозғалысының қайраткері. Американ еңбек федерациясының (АФТ) негізін салушылардың бірі; 1895 жылдан бастап үзбестен осы федерацияның председателі болды. Капиталистермен таптық ынтымақ саясатын жүргізді, жұмысшы табының революциялық күресіне қарсы шықты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне дұшпандық ниетте болды.— *461.*

Гоникман, С. Л. (1897 ж. туған) — 1917—1918 жылдары — меньшевик, одан соң РКП(б) мүшелігіне өтті. 1921 жылдан 1926 жылға дейін Москваның коммунистік жоғары оқу орындарында оқытушы болып істеді, одан кейінгі жылдарда партиялық және шаруашылық жұмыста болды. 1935 жылы антипартиялық қызметі үшін ВКП(б) қатарынан шығарылды.— *232.*

Горбунов, Н. П. (1892—1938) — 1917 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан ке-

йін — Халық Комиссарлары Советінің секретары, Халық шаруашылығы жоғары советінің ғылыми-техникалық бөлімінің меңгерушісі. 1919 жылы Қызыл Армияда саяси жұмыста болды. 1920 жылдан — РСФСР Халық Комиссарлары Советінің, одан кейін СССР Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің іс басқарушысы, СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының мүшесі. Кейініректе басшы ғылыми және педагогикалық жұмыста болды. — *200, 396, 437.*

Горский, Б.—«Сыйлық тартушы данайлықтар туралы» деген мақаланың авторы; мақала 1921 жылы 23 ноябрьде «Известия» газетінде жарияланды. — *273.*

Горький, Максим (Пешков, А. М.) (1868—1936)—пролетариаттың ұлы жазушысы, социалистік реализмнің негізін қалаушы, совет әдебиетінің атасы. — *507.*

Грум-Гржимайло (Грумм-Гржимайло), В. Е. (1864—1928) — орыстың ірі металлургі, Россияда металлургиялық ғылымның негізін салушылардың бірі. 1911—1918 және 1920—1924 жылдары — Петербург политехникалық, одан кейін Урал кен институттарының профессоры. Кейініректе Халық шаруашылығы жоғары советінің ғылыми-техникалық бөлімі жанындағы Металлургия және жылу техникасы конструкциялары бюросының негізін салды. 1927 жылдан СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. Металлургиядағы жылу техникасы жөніндегі және басқа да бірқатар басылып шыққан еңбектердің авторы. — *507.*

Гусейнов, М. Д. (1894—1938) — Азербайжан революциялық қозғалысының көрнекті қайраткері, 1918 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1919 жылы Баку және Кавказ өлкелік партия комитеттерінің құрамына кірді, одан соң Азербайжан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің председателі болып сайланды. 1920—1921 жылдары — Азербайжан ревкомы председателінің орынбасары және сонымен бірге финанс халық комиссары. 1921 жылғы майдан декабрьге дейін Азербайжан ССР сыртқы істер халық комиссары және Халық Комиссарлары Советі жанындағы Жоғары экономикалық советтің председателі қызметінде болды. 1922 жылы — РСФСР ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары. 1923 жылдан 1929 жылға дейін — ЗСФСР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, сыртқы істер халық комиссары және финанс халық комиссары. Кейінгі жылдары Тәжікстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары болып, одан кейін — РСФСР халық ағарту комиссариатында істеді. — *167.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930)—герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, ревизионист, кәсібі жө-

нінеп экономист. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметіне кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары — үкіметтің Гессендегі өкілі; герман империализмінің реваншистік талаптарын қолдады, СССР-ге дұшпандық көзқараста болды. — *94.*

Дан (Гурвич), Ф. И. (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. Совет мемлекетінің жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді. — *500.*

Данишевский, К. Х. (1884—1941) — 1900 жылдан РСДРП мүшесі, большевик, Латвиядағы революциялық қозғалыстың көрнекті қайраткері. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Республика Революциялық-әскери советінің және Шығыс майдан Революциялық-әскери советінің мүшесі, Республика Революциялық-әскери трибуналының председателі. 1921 жылдың басынан Орман бас комитетінің бастығы және басқа әкімшілік-шаруашылық жұмыста болды. — *137, 138—139, 140.*

Дашинский (Daszynski), *Игнаци* (1866—1936)—поляк саяси қайраткері. 1892—1919 жылдары Галиция социал-демократиялық партиясын басқарды, одан соң—біріккен Поляк социалистік партиясы (оңшыл) лидерлерінің бірі. 1919 жылдан бастап поляк сейміне депутат болып үш мәрте сайланды және Поляк социалистік партиясының сеймдегі фракциясының председателі болды. 1920 жылы премьер-министрдің орынбасары болып поляк буржуазиялық-помещиктік үкіметіне енді. Польшадағы Пилсудскийдің фашистік төңкерісін және фашистік режимін қолдады. — *196—197.*

Девис (Davis), *Джером* (1891 ж. туған) — американ қоғам қайраткері, педагог, социолог. 1916—1918 жылдары Россияда болды. Октябрь социалистік революциясына тілектестікпен қарады. Советтік Россиядағы ашыққандарға Америкада қаржы жинауды және оларға 1921 жылы азық-түлік жеткізіп беруді ұйымдастырушылардың бірі болды. Совет Одағына бірнеше рет келіп кетті. Бейбітшілік жолындағы күрес қозғалысына белсенді түрде қатысты. — *507.*

Деникин, А. И. (1872—1947) — патша армиясының генералы; шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде (1918—1920) —ағылшын-француз және американ империалисте-

рінің итаршысы; Россияның оңтүстігіндегі ақ гвардиялық қарулы күштердің бас қолбасшысы. Совет әскерлері бұл қарулы күштерді талқандағаннан (март, 1920) кейін шетелге эмиграцияға кетті. — *172, 175, 176, 219, 247, 254, 301, 325.*

Дженнари (Gennari), *Эджидио* (1876—1942) — Италиядағы жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Итальян коммунистік партиясын құрушылардың бірі. 1897 жылы Итальян социалистік партиясына кірді, онда сол қанат лидерлерінің бірі болды, реформистер мен центристерге қарсы күрес жүргізді, 1918 жылдан — социалистік партияның секретары, ал 1920 жылы — бас секретары. Партияның Коминтернге қосылуын жақтады. Итальян коммунистік партиясы құрылған кезден бастап (1921) оның Орталық Комитетінің мүшесі болды. Коминтерннің III конгресіне делегат болды, Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1921—1922 және 1924—1926 жылдары — итальян парламентінің депутаты. Әлденеше рет фашистік қудалауға ұшырады. Партияның шешімі бойынша 1926 жылдан бастап шетелде болып, халықаралық жұмысшы және антифашистік қозғалысқа белсене қатыса берді. СССР-де қайтыс болды.—*20.*

Джугашвили, И. В. — *қараңыз:* Сталин, И. В.

Дзержинский, Ф. Э. (1877—1926) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1895 жылдан партия мүшесі. Польша мен Литва социал-демократиясын ұйымдастырушылардың бірі. Польшада және Россияда партиялық жұмыс жүргізді. Партияның IV съезінен бастап — РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін контрреволюциямен және саботажбен күресу жөніндегі Бүкіл россиялық төтенше комиссияның (ВЧК) председателі болды. 1918 жылдың басында Брест бітімін жасасу туралы мәселе жөнінде қате позиция ұстады. 1921 жылы Бүкіл россиялық төтенше комиссия председателі және ішкі істер халық комиссары қызметтерін атқарумен қатар, қатынас жолдары халық комиссары болып тағайындалды, 1924 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1924 жылғы июньнен—РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат және РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мүшесі. — *89, 293—294.*

Довгалевский, В. С. (1885—1934)—1908 жылдан большевиктік партияның мүшесі, кәсібі жөнінен инженер-электрик. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін шетелде істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияда комиссар болып қызмет атқарды. 1919 жылдан 1921 жылға дейін Еңбек және Қорғаныс Советінің Сибирь мен Уралдағы жолдарды қалпына келтіру жөніндегі комиссиясының мүшесі және Қатынас жолдары халық комисса-

риатының байланыс және электр техникасы басқармасының комиссары болды. 1921—1924 жылдары — РСФСР, одан кейін СССР почта және телеграф халық комиссары, халық комиссарының орынбасары. Өмірінің кейінгі жылдарында дипломаттық жұмыста болды. — *388*.

Домбаль (Dabal), *Томаш* (1890—1937)—поляк және халықаралық шаруалар қозғалысының қайраткері. 1919 жылы сеймге сайланды. Поляк шаруалар партиясының сол қанаты басшыларының бірі болды. Советтік Россиямен соғысуға қарсы насихат жүргізгені үшін бірнеше рет тұтқынға алынып, түрмеге қамалды. 1922 жылы Польша Коммунистік партиясына кірді. 1923 жылдан Советтік Россияда тұрды. Шаруалар Интернационалының негізін салушылардың және басшыларының бірі болды. 1929 жылдан ғылыми-педагогикалық жұмыста, партия және совет жұмысында болды; 1932—1934 жылдары — Белорус Ғылым академиясының вице-президенті; Белоруссия Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің, одан кейін — БССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. — *196—197*.

Е

Енукидзе, А. С. (1877—1937) — советтің мемлекет қайраткері, 1898 жылдан партия мүшесі, большевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Әскери бөлімінде істеді, 1918 жылдан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары, 1923 жылдан 1935 жылғы мартқа дейін — СССР Орталық Атқару Комитетінің секретары. XIII, XIV, XV және XVI съездерде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып, ал партияның XVII съезінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1936 жылы Харьков облыстық автомобиль-көлік транспорты тресінің директоры болып істеді. — *293—294, 430—436, 469*.

З

Залуцкий, П. А. (1887—1937) — 1905 жылдан — эсер. 1907 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Октябрь социалистік революциясына дейін Харбин, Владивосток және Петроград партия ұйымдарында істеді. 1918—1920 жылдары Қызыл Армияда жауапты қызметтерде болды. 1921 жылы — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі және секретары. Кейініректе басшы партиялық және шаруашылық жұмыста болды. 1925 жылдан бастап троцкистік-зиновьевшілдік оппозицияға белсене қатысты. 1927 жылы XV съезд оны партиядан шығарды. 1928 жылы партиға қайта алынды.—*293—294, 308—309, 310, 311*.

Зиновьев (Радомысльский), Г. Е. (1883—1936)—1901 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроград Советінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару Комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті, қарулы көтеріліске қарсы шықты, 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды. 1925 жылы—«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі. 1926 жылы—антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, сөйтіп партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *13, 269, 287, 298, 411—412, 413, 441, 466, 476, 477, 500.*

Зюдекум (Südekum), *Альберт* (1871—1944) — герман социал-демократиясының оппортунистік лидерлерінің бірі, ревизионист. 1900 жылдан 1918 жылға дейін — рейхстагтың депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист. 1918—1920 жылдары — Пруссияның финанс министрі. — *303.*

И

Иванов, А. А. (1867—1939) — совет астрономы. 1908—1929 жылдары — Петербург (Ленинград) университетінің профессоры; 1919 жылдан 1930 жылға дейін — Пулково обсерваториясының директоры; 1925 жылдан — СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. Астрономияның негізгі салалары жөніндегі еңбектердің авторы. — *507.*

Иоффе, А. А. (1883—1927) — совет дипломатиясының көрнекті қайраткері. 90-жылдардың аяқ шенінен бастап социал-демократиялық қозғалысқа қатысты; РСДРП(б) VI съезінде ауданаралықшылдармен бірге большевиктер партиясына қабылданып, Орталық Комитетке сайланды. 1917 жылғы октябрь күндерінде—Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1918 жылы —«солшыл коммунист». Брест келіс сөздері кезінде совет бітім делегациясының құрамына кірді. 1918 жылғы апрельден ноябрьге дейін—РСФСР-дің Берлиндегі уәкілетті өкілі. Советтік Россияның бірқатар капиталистік елдердің үкіметтерімен келіс сөздеріне қатысты. 1925—1927 жылдары троцкистік оппозицияға қосылды. — *409, 443, 447.*

К

Калинин, М. И. (1875—1946) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1898 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроградтың қала басы, одан соң қала шаруашылығы комиссары, 1919 жылғы марттан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Председателі, 1922 жылғы декабрьден — СССР Орталық Атқару Комитетінің Председателі, 1938 жылдан — СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі. 1919 жылдан — Орталық Комитет мүшесі, 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі. — *340, 363, 405, 530.*

Кальверт, Г.-С.—американ жұмысшысы, Дүние жүзінің индустрия жұмысшылары ұйымының мүшесі. 1921 жылы Кузбасста Автономиялы индустриялық колония ұйымдастыруға қатысты. — *152, 154, 192.*

Каменев (Розенфельд), Л. Б. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияның қатарында болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты, 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы—«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы РКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *76, 205, 273, 285, 397, 448, 466—470, 530.*

Кароти (Caroti) *Артуро* (1875—1931) — итальян Чито-Чинема кинематографиялық фирмасының уәкілі.— *295.*

Карпинский, В. А. (1880—1965) — Совет Одағы Коммунистік партиясының ең қарт қайраткерлерінің бірі, партияның көрнекті әдебиетші-насихатшысы. 1898 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін жауапты партия және совет жұмысында болды; бірнеше сайлауда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі; 1918 жылы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің үгіт-нұсқау бөліміне меңгеруші болды. 1918—1927 жылдарда—«Правда» газетінің

редакция мүшесі, «Беднота» газетінің (үзілістермен) редакторы, басқа бірқатар газеттер мен журналдардың редакция мүшесі болды. 1936—1937 жылдарда ВКП(б) Орталық Комитетінің аппаратында істеді. 1937 жылдан бастап ғылыми және насихатшылық жұмыс істеді. Экономика ғылымдарының докторы. В. И. Ленин, ленинизм туралы және басқа да мәселелер жөніндегі бірқатар кітаптардың авторы. — *293—294.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Каутский центризм позициясында болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Реакциялық әсіре империализм теориясының авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революцияға және жұмысшы табының диктатурасына, Совет мемлекетіне ашықтан-ашық қарсы шықты. — *47, 54, 94, 159, 460.*

Кейнс (Keynes), *Джон Мейнард* (1883—1946) — ағылшынның тұрпайы буржуазияшыл экономисі, мемлекеттік-монополистік капитализмнің апологеті. 1915 жылдан — Англия финанс министрлігінің чиновнигі. 1919 жылы Париж бейбітшілік конференциясының жұмысына қатысты. 1919 жылы июньде отставкаға шыққаннан кейін бірқатар еңбектерінде Версаль системасының экономикалық жағынан негізсіз екендігін қатты сынады. 1921 жылдан бастап ағылшынның қауіпсіздендіру жөніндегі ірі компаниясының председателі болды. 30-жылдарда буржуазиялық саяси экономиядағы апологеттік (өз есімімен «кейнсшілдік» деп аталған) бағыттардың бірінің негізін салушы болды, бұл бағыт бойынша буржуазиялық мемлекет капитализмді «ретке келтіріп», капитализм шеңберінде дағдарыс пен жұмыссыздық болмайтын жоспарлы шаруашылықты «қамтамасыз ете» алады-мыс. — *321, 408, 444.*

Кёнен (Koenen), *Вильгельм* (1886—1963) — неміс және халықаралық коммунистік қозғалыстың қайраткері. 900-жылдардан бастап революциялық қозғалысқа қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде әуелі Германия социал-демократиялық партиясының, содан кейін Тәуелсіз социал-демократиялық партиясының округтік ұйымдарының басшысы болды; 1918 жылғы Ноябрь революциясына белсене қатысты. 1919 жылы — Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, партияның сол қанаты басшыларының бірі; Эрнст Тельманмен және герман жұмысшы табының басқа да революцияшыл көсемдерімен бірге Коминтернге қосылу үшін және Германия Коммунистік партиясымен бірігу үшін күресті. 1920 жылдан — Германия Коммунистік партиясының мүшесі; Коминтерннің III конгресінің делегаты болды.

1933 жылға дейін рейхстагтың депутаты болды. Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде — шетелдегі соғысқа қарсы және антифашистік қозғалыстың басшыларының бірі. Гитлерлік фашизм талқандалғаннан кейін Герман Демократиялық Республикасында партиялық және мемлекеттік басшы жұмыста болды.—*58, 486, 487*.

Керенский, А. Ф. (1881—1970)—эсер. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — барып тұрған социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің юстиция министрі, әскери және теңіз министрі, одан кейін министр-председателі және жоғарғы бас қолбасшы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда антисоветтік насихат жүргізді. — *324, 337*.

Кирпичников, В. Д. (1881—1940) — инженер-технолог. 1907 жылдан бастап 1-ші Москва электр станциясында жұмыс істеді. 1918 жылдан Халық шаруашылығы жоғары советінің Мемлекеттік құрылыстар бас комитеті электротехникалық советінің мүшесі және шымтезекпен жұмыс істейтін мемлекеттік аудандық электр станцияларын жобалау жөніндегі бюро басшыларының бірі болды; Москва өнеркәсіпті ауданындағы Шатура және басқа да электр станцияларының жобаларын жасауға тікелей қатысты; 1920—1924 жылдары—Халық шаруашылығы жоғары советі Гидроторфының жауапты жетекшісінің орынбасары. Шымтезек алудың гидравликалық әдісін (Р. Э. Классонмен бірге) ойлап тапты. Осы проблема жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *531*.

Кирш, К. В. (1877—1919) — орыстың жылу техпигі. Москва жоғары техникалық училищесінің профессоры. Оттықтарды жетілдіру және калориясы аз отындарды пайдалану жөнінде жұмыс істеді. Осы мәселелер жөніндегі бірқатар ғылыми еңбектердің авторы. — *439*.

Киселев, А. С. (1879—1938) — 1898 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет, шаруашылық және кәсіподақ жұмысында болды. 1921 жылы Кіші Халық Комиссарлары Советінің председателі болып тағайындалды. Антипартиялық анархо-синдикалистік «жұмысшы оппозициясы» тобына қатысушы. Партияның XII съезінде РКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының мүшесі болып сайланды, кейінірек — РСФСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары және РСФСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары. 1924 жылдан 1938 жылға дейін — Бүкіл одақтық Орталық Атқару Комитетінің секретары.—*119, 149*.

Классон, Р. Э. (1868—1926) — энергетика саласындағы совет инженері. Классонның жобалары бойынша және оның басшылығымен Москвада, Петроградта, Бакудің мұнай кәсіпшіліктерінде бірқатар электр станциялары, соның ішінде шымтезекпен жұмыс істейтін дүние жүзіндегі тұңғыш электр станциясы салынды (Богородск қаласының, қазіргі Ногинск қаласының маңы). Ол шымтезек алудың гидравликалық әдісін ойлап табушылардың бірі болды. — *95—96.*

Клаузевиц (Clausewitz), *Карл* (1780—1831) — Пруссия генералы, аса ірі буржуазияшыл әскери теоретик, наполеондық және басқа да соғыстардың тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *62.*

Ключников, Ю. В. (1886—1938) — халықаралық право жөніндегі буржуазиялық маман, кадет; Москва университетінің профессоры. 1918 жылы Ярославльде солшыл эсерлердің бүлігіне қатысты; «Уфа директориясында» консультант және министрдің орынбасары, одан кейін Омскідегі Колчак «үкіметінің» сыртқы істер министрі болды. 1919 жылдан — ақ эмигрант; кадеттер партиясының Париж комитеті дейтінге кірді. 1921—1922 жылдары ақ эмиранттық «Кезеңдер ауысуы» деген жинақты және «Накануне» газетін шығаруға белсенді түрде қатысты.

1922 жылы Совет делегациясының сарапшысы ретінде (халықаралық право мәселелері жөнінде) жұмыс істеу үшін Генуя конференциясына шақырылды. 1923 жылы эмиграциядан қайтып келді. Ғылыми-педагогикалық жұмыста болды. — *414.*

Колотилов, Н. Н. (1885—1937) — 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Иваново-Вознесенскіде, Брянскіде және басқа қалаларда партиялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясына (Иваново-Вознесенскіде) белсенді түрде қатысты. 1921 жылдан 1922 жылға дейін Иваново-Вознесенск губерниялық атқару комитеті председателінің орынбасары болып істеді. Партияның XIII съезінен — РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі. 1922—1924 және 1925—1932 жылдары — ВКП(б) Дон комитетінің, одан кейін Иваново-Вознесенск губерниялық комитетінің (кейінірек — Иваново облыстық комитетінің) секретары. — *149.*

Колчак, А. В. (1873—1920) — патша флотының адмиралы, монархист. 1918—1919 жылдарда — Россия контрреволюциясының басты басшыларының бірі, Антантаның итаршысы. Америка Құрама Штаттары, Англия және Франция империалистерінің қолдауымен өзін Россияның жоғарғы әміршісі деп жариялап, Уралда, Сибирь мен Қиыр Шығыста әскери буржуазиялық-помещиктік диктатураны басқарды. Қызыл Армияның соққылары және революциялық-партизандық қозғалыстың өсуі колчакшылдықтың күйреуіне жеткізді; Колчак тұтқынға алы-

нып, Иркутск ревкомының қаулысы бойынша 1920 жылы 7 февральда атылды. — *172, 175, 176, 219, 221, 247, 254, 301, 325.*

Компер-Морель (Compére-Morel), *Адеодат Констан Адольф* (1872 ж. туған)—француз социалисі, публицист. Француздың көптеген социалистік газеттері мен журналдарының редакторы және белсенді қызметкері болды. 1909 жылдан бастап — Франция депутаттар палатасының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында социал-шовинистік позиция ұстады. 1933 жылдан бастап Француз социалистік партиясынан бөлініп шыққан оңшылдар (неосоциалистер дейтіндер) тобы лидерлерінің бірі болды. — *305.*

Косиор, С. В. (1889—1939) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1907 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Донбасста, Харьковте, Киевте және Москвада партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроградта партиялық жұмыс атқарды; Петербург (большевиктер) комитетінің мүшесі болды. 1918—1920 жылдары — Украина Коммунистік (большевиктер) партиясының астыртын Оң жағалық облыстық комитетінің секретары, одан кейін — Орталық Комитетінің секретары. 1921—1922 жылдары азық-түлік майданында, Украина Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитетінде істеді. 1922 жылғы ноябрьден — РКП(б) Орталық Комитеті Сибирь бюросының секретары. 1925 жылдан — РКП(б) Орталық Комитетінің секретары. 1927 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат, ал 1930 жылдан Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі. СССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының құрамына енді. 1938 жылғы январьдан — СССР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары. — *500.*

Красин, Л. Б. (1870—1926) — советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты, большевик.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастыру жөнінде жұмыс істеді, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп халық комиссары, қатынас жолдары халық комиссары болды. 1919 жылдан бастап дипломатиялық жұмыста болды. 1920 жылдан — сыртқы сауда халық комиссары және сонымен қатар 1921—1923 жылдары Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді, Генуя және Гаага конференцияларына қатысты. 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі. 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкіл. — *206, 341, 362, 370, 419, 428, 443, 447, 466.*

Краснощеков, А. М. (1880—1937) — 1917 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1920—1921 жылдары — РКП(б) Орталық Комитеті Қиыр Шығыс бюросының мүшесі, Қиыр Шығыс рес-

публикасының сыртқы істер министрі және үкіметінің председателі. 1922 жылдан — финанс халық комиссарының орынбасары, одан кейін СССР Өнеркәсіп банкі басқармасының председателі. 1929 жылдан бастап СССР Егіншілік халық комиссариатында жұмыс істеді. — *464*.

Крейбих (Kreibich), *Карел* (1883 ж. туған) — чехословак және халықаралық коммунистік қозғалыстың көрнекті қайраткері. 1902 жылдан социал-демократиялық қозғалысқа қатысты; оның сол қанатына қосылды. Чехословакия Коммунистік партиясын құруға белсенді түрде қатысты. Коминтерннің III конгресінің делегаты; осы кезеңде «солшыл» көзқарас ұстады. 1922, 1924 және 1925 жылдары — Коминтерн Атқару Комитетінің мүшесі. Кейінірек «Коммунистический Интернационал» журналының редакторы болды. 1950—1952 жылдары — Чехословакия Социалистік республикасының Москвадағы елшісі. — *63, 476, 477, 494*.

Крестинский, Н. Н. (1883—1938) — советтің мемлекет қайраткері. 1903 жылдан социал-демократиялық қозғалысқа қатысты, большевик. 1905 жылғы революцияға белсене қатысты. Реакция кезеңінде және жаңа революциялық өрлеу жылдарында большевиктік баспасөзде істеді. 1917 жылы — РСДРП(б) Екатеринбург облыстық комитеті председателінің орынбасары, ал одан кейін Урал облыстық комитетінің председателі. 1918—1921 жылдары РСФСР финанс халық комиссары болып істеді, РКП(б) Орталық Комитетінің секретары (1919 жылдан) болды. 1918 жылы «солшыл коммунистермен» бірге Брест бітімін жасасуға қарсы шықты. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) Троцкийдің платформасын жақтады. 1921—1930 жылдары — советтің Германиядағы уәкілетті өкілі, одан кейін СССР сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Барлық сайлауда СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, VI, VII, VIII және IX съездерде партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. — *440*.

Кржижановский, Г. М. (1872—1959) — Коммунистік партияның ең қарт қайраткері, белгілі совет ғалымы, инженер-энергетик. 1920 жылы Лениннің тапсыруымен Кржижановский Россияны электрлендіру жөніндегі комиссияны (ГОЭЛРО) басқарды. 1921—1930 жылдары Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына басшылық етті, 1930 жылдан 1932 жылға дейін Отын өнеркәсібі халық комиссариатындағы Энергетика бас басқармасының председателі болды. 1932—1936 жылдары СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Жоғары білім жөніндегі комитеттің председателі және РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары болды. ВКП(б) Орталық Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып бірнеше рет сайланды. 1929 жылы СССР Ғылым академиясының мүшесі болып сайланды, 1929 жылдан 1939 жылға дейін—СССР Ғылым академиясының вице-президенті, СССР Ғылым академиясының

өзі құрған Энергетика институтының үзбестен директоры болды, энергетика саласындағы көптеген ғылыми еңбектердің авторы. — *344, 346, 421, 439, 532.*

Крумин, Г. И. (1894—1943) — 1909 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Ригада, Петербургте және Москвада партиялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін жауапты әдеби-баспа жұмысында болды: 1918 жылы — «Народное Хозяйство» журналының редакторы, 1919 жылдан 1929 жылға дейін «Экономическая Жизнь» газетінің жауапты редакторы болды. 1935 жылдан бастап Үлкен совет энциклопедиясы редакторының орынбасары және «Проблемы Экономики» журналының жауапты редакторы болып істеді. — *200.*

Куйбышев, В. В. (1888—1935) Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1904 жылдан партия мүшесі. Омскіде, Петербургте, Томскіде, Харьковте, Самарада және Россияның басқа да қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты, Самарада қарулы көтеріліс ұйымдастырды. 1918—1919 жылдары — Шығыс майдан әскерлері Оңтүстік тобының комиссары және Революциялық-әскери советінің мүшесі, одан кейін Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің, РСФСР Халық Комиссарлары Советі мен РКП(б) Орталық Комитетінің Түркістан істері жөніндегі комиссиясы председателінің орынбасары; 1920 жылы — РСФСР-дің Бұхара үкіметі жанындағы уәкілетті өкілі; кейініректе—ВЦСПС президиумының мүшесі. 1921 жылы майда Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының құрамына енгізіліп, Главэлектроның бастығы болып тағайындалды. 1922 жылғы апрельден — РКП(б) Орталық Комитетінің секретары. 1923—1926 жылдары — ВКП(б) Орталық бақылау комиссиясының председателі, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі Председателінің орынбасары. 1926 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1927 жылдан—ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі. 1930 жылдан — Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі. 1934 жылдан — СССР Халық Комиссарлары Советінің жанындағы Советтік бақылау комиссиясының председателі, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі Председателінің бірінші орынбасары. — *134—135, 192—193.*

Кун (Kun), *Бела* (1886—1939) — венгр және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Венгрия Коммунистік партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Томскіде соғыс тұтқыны бола жүріп, соғыс тұтқындары арасында революциялық насихат жүргізді. 1916 жылы РСДРП(б) жергілікті ұйымымен байланыс жасады, большевиктер партиясына кірді. 1918 жылы — РКП(б) шетелдік топтар федерациясының председателі. 1918 жылы күзде Венгрияға қайтып орал-

ды. 1919 жылы мартта құрылған Венгр Советтік Республикасында Кун іс жүзінде совет үкіметінің басшысы болып, онда сыртқы істер халық комиссарының және Әскери істер жөніндегі халық комиссариаты коллегия мүшесінің ресми қызметтерін атқарды. Венгрияда Совет өкіметі жаныштолғаннан кейін Австрияға, сонан соң Россияға кетті. 1920 жылы — Оңтүстік майдан Революциялық-әскери советінің мүшесі, кейіннен Қырым Революциялық комитетінің председателі. 1921 жылдан Уралда басшы партиялық жұмыс атқарды, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, РКП(б) Орталық Комитетінің РКСМ Орталық Комитетіндегі уәкілі болды. Коминтерн Атқару Комитеті Президиумының мүшесі. — *490, 491, 496.*

Курский, Д. И. (1874—1932) — корнекті партия және мемлекет қайраткері. 1904 жылдан большевиктік партия мүшесі. Москвадағы (1905) декабрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты. 1906 жылдан бастап РСДРП Москва облыстық бюросына енді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Румын майданында солдат депутаттары Советінің председателі; 1917 жылғы октябрь күндерінде Одессада Әскери-революциялық комитетке кірді. 1919—1920 жылдары — Республика Революциялық-әскери советінің мүшесі, Қызыл Армияның Бүкіл россиялық Бас штабы мен Майдан штабының комиссары. 1918 жылдан 1928 жылға дейін — РСФСР юстиция халық комиссары; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, ВКП(б) Орталық тексеру комиссиясының председателі, одан кейін Орталық бақылау комиссиясының мүшесі болды. 1928 жылдан дипломаттық жұмыста болды. — *127, 384, 430—436, 437, 449—450.*

Куусинен, О. В. (1881—1964) — финн және халықаралық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің корнекті қайраткері. Финляндия Коммунистік партиясының (1918) негізін салушылардың бірі, Коминтерннің барлық конгрестеріне (II конгресінен басқасына) қатысушы. Коминтерннің III конгресінде Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды: 1921 жылдан 1939 жылға дейін — Коминтерн Атқару Комитеті секретарьларының бірі. 1940 жылдан — СССР Жоғарғы Советінің депутаты. Карель-Финн ССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі болды. 1941 жылдан — КПСС Орталық Комитетінің мүшесі. 1957 жылғы июньнен — КПСС Орталық Комитетінің секретары және Президиум мүшесі. 1958 жылы СССР Ғылым академиясының мүшесі болып сайланды. КПСС тарихы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *13, 58.*

Л

Лансинг (Lansing), *Роберт* (1864—1928)—американ дипломаты, халықаралық право жөніндегі маман. 1915—1920 жылдары—Америка Құрама Штаттарының мемлекеттік секретары; Америка Құрама Штаттарын Антанта жағында дүние жүзілік империалистік соғысқа араласуға әзірлеуге белсенді түрде қатысты, Латын Америкасы елдері жөнінде интервенция саясатын ұстады, Париж бейбітшілік конференциясына (1919—1920) қатысты. Мемлекеттік секретарь қызметінен кеткеннен кейін адвокаттықпен шұғылданды. 1921 жылы өзінің «The peace negotiations» («Бітім келіс сөздері»), «The Big Four and Others» («Үлкен Төртеу және басқалар») деген мемуарларын шығарды. — *408.*

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932)—совет қызметкері. 1901 жылдан социал-демократиялық қозғалысқа қатысты, меньшевик. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық ұйымдарында жұмыс істеді. — *231.*

Лаццари (Lazzari), *Константино* (1857—1927) — Италия жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Итальян социалистік партиясының негізін салушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1912—1919 жылдары — Итальян социалистік партиясының бас секретары. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде —партиядағы «максималистік» (центристік) ағым басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияны қолдады. Коминтерннің II және III конгрестерінің жұмысына қатысты. 1922 жылы ұйымдық жағынан реформистерден қол үзді, бірақ олардан біржолата іргені аулақ сала алмады. 1926 жылы тұтқынға алынды, түрмеден босатылғаннан кейін көп ұзамай қайтыс болды. — *16, 17—18, 19, 20, 62, 460, 485, 486, 487.*

Леви, В. Л. (1880—1948) — инженер-электрик; 1943 жылдан ВКП(б) мүшесі. 1906 жылдан 1914 жылға дейін «Сименс және Шуккерт» акционерлік қоғамында қызмет істеді. 1918 жылдан Халық шаруашылығы жоғары советінде бөлім бастығы, одан кейін Главэлектро бастығының көмекшісі болып істеді; ГОЭЛРО жұмысына белсене қатысты. 1924 жылдан өндірістік және ғылыми жұмыста болды. — *349.*

Леви (Levi) *(Гарштейн), Пауль* (1883—1930) — неміс социал-демократы, кәсібі жөнінен адвокат. Циммервальд конференциясына (1915) қатысушы, Циммервальд солшылдарының швейцариялық тобының мүшесі, «Спартак одағына» кірді. Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезінде Германия

ге қарсы белсене күресті. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында революциялық-интернационалистік позицияда болды. «Интернационал» тобын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды, бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Р. Люксембургпен бірге неміс жұмысшыларының революциялық авангардын басқарды. «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін редакциялады. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы көтерілісі басшыларының бірі болды. Көтерілісті басып-жаныштағаннан кейін контрреволюционерлер оны айуандықпен өлтірді. К. Либкнехттің қызметін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «бұл есім — көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализмге қарсы сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар толық жинағы, 37-том, 495-бет). — *412.*

Лизис (Lysis), [Летайер (Letailleur), *Евгений*] — француздың буржуазияшыл экономисі, финанс және саяси мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *306.*

Линде, Ф. Ф. (1881—1917) — бірінші сайланған жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі атқару комитетінің мүшесі; кейінірек — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Оңтүстік-Батыс майдандағы комиссары, мұнда солдаттарды ұрысқа шығуға үгіттеп жүрген кезінде өлтірілді. — *60.*

Литвинов, М. М. (1876—1951) — партия және мемлекет қайраткері, көрнекті совет дипломаты. 1898 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін дипломатиялық жұмыста болды. 1921 жылдан — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары, ал 1930 жылдан 1939 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссары. 1941—1943 жылдары — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары және СССР-дің Америка Құрама Штаттарындағы елшісі; Америка Құрама Штаттарынан қайтып оралғаннан кейін 1946 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Партияның XVII съезінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі және СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.—*407—410, 414, 443, 447.*

Литкенс, Е. А. (1888—1922) — 1904 жылдан РСДРП мүшесі. 1917 жылы — интернационалист-меньшевиктер Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москва губерниялық Советі Атқару комитетінің мүшесі. 1918 жылы — Москва губерниялық Советінің халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі. 1919 жылы РКП(б)-ға кірді, Қызыл Армияда жұмыс істеді. 1920 жы-

лы — Саяси-ағарту бас комитеті меңгерушісінің орынбасары, 1921 жылдан — РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары. — *295.*

Ллойд Джордж (Lloyd George), *Дэвид* (1863—1945) — ағылшынның мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партиясының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары — сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. 1916—1922 жылдары — премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позицияларын нығайтуды көздеді, отарлар мен тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын аяусыз басып-жаныштап отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы соғыс интервенциясы мен блокадаға дем берушілердің және ұйымдастырушылардың бірі.— *321, 409,* ***428.***

Ломов, А. (Оппоков, Г. И.) (1888—1938) — советтің мемлекет қайраткері. 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде юстиция халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советінің құрамына кірді. 1918 жылы—«солшыл коммунист». Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі және председателінің орынбасары (1918—1921), СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары, Украина КП(б) Орталық Комитетінің және Саяси бюросының мүшесі, ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат және мүшесі болды. — *138.*

Лонге (Longuet), *Жан* (1876—1938)—Француз социалистік партиясының және II Интернационалдың лидерлерінің бірі, публицист. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Француз социалистік партиясының центристік-пацифистік азшылығын басқарды; француз центристерінің органы —«Le Populaire» («Халық Газеті») газетінің негізін салушылардың және редакторларының бірі болды. Француз социалистік партиясының Коминтернге қосылуына және Франция Коммунистік партиясын құруға қарсы шықты. 1921 жылдан — Вена (II$^{1}/_{2}$) Интернационалы Атқару комитетінің мүшесі. 1923 жылдан — Социалистік жұмысшы Интернационалы дейтіннің басшыларының бірі.

30-жылдары Лонге социалистер мен коммунистердің фашизмге қарсы бірлесіп қимыл жасауын жақтады, фашизмге және соғысқа қарсы күресу жөніндегі халықаралық ұйымдарға қатысты. — *159.*

Лурье, М. А. — қараңыз: Ларин, Ю.

Лутовинов, Ю. Х. (1887—1924) — 1904 жылдан РСДРП мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Дондағы және Украинадағы азамат соғысына белсене қатысты. Кейіннен кә-

сіподақ және совет жұмысында болды. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921)—антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобы басшыларының бірі. — *371, 500.*

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Польша социал-демократиялық партиясының негізін салушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Ол Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде неміс жұмысшыларының революциялық авангарды басшыларының бірі болды. Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етіп қатысты. 1919 жылдың январында контрреволюционерлер айуандықпен өлтірді.—*412, 460, 461.*

М

Макдональд (MacDonald), *Джеймс Рамсей* (1866—1937) — ағылшынның саяси қайраткері, Тәуелсіз жұмысшы партиясы мен лейбористік партияның негізін салушылардың және лидерлерінің бірі. Барып тұрған оппортунистік саясат жүргізді, таптық ынтымақ және капитализмнің біртіндеп социализмге ұласуы жөніндегі теорияны уағыздады. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде пацифистік позиция ұстады, содан соң империалистік буржуазияны ашық қолдау жолына түсті. 1918—1920 жылдары антисоветтік интервенцияға қарсы шыққан ағылшын жұмысшыларының күресіне бөгет жасауға тырысты. 1924 және 1929—1931 жылдары премьер-министр қызметін атқарды. 1931—1935 жылдары «ұлттық үкімет» дейтінді басқарды, оның саясатын консерваторлар белгілеп отырды. — *159.*

Максимов, К. Г. (1894—1939) — 1914 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1918—1920 жылдары — Москва Советінің азық-түлік бөлімінің председателі, одан кейін — Революциялық-әскери советтің мүшесі және Шығыс майдан армияларын жабдықтау жөніндегі төтенше уәкіл. 1920 жылдан 1922 жылға дейін Халық шаруашылығы жоғары советінің Урал өнеркәсіп бюросы председателінің орынбасары, одан соң Донбасс тас көмір өнеркәсібі басқарушысының орынбасары болып істеді. Кейінірек — Украина Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, СССР Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, СССР сауда халық комиссарының орынбасары. — *153.*

Малиновский, А. А.— қараңыз: Богданов, А.

Малышев, С. В. (1877—1938) — 1902 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін Еңбек халық комиссариатында, Азық-түлік халық комиссариатында істеді. 1920—1921 жылдары Қызыл Армияда қызмет етті, Түркістан майданы Революциялық-әскери советінің мүшесі болды. 1921—1922 жылдары — Еңбек және Қорғаныс Советінің уәкілі, кейінірек — Ирбит, одан кейін Нижний Новгород жәрменке комитетінің председателі, Бүкіл одақтық Сауда Палатасының председателі. Кейінгі жылдары Тұтынушылар қоғамдары орталық одағында істеді. — *392.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96-беттер). — *246—247, 302, 303.*

Мартенс, Л. К. (1875—1948) — советтің көрнекті шаруашылық қызметкері, машина жасау және жылу техникасы саласындағы ғалым. 1893 жылдан партия мүшесі. Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатысты. 1899 жылы Германияға қуылды, одан кейін Англияға эмиграцияға кетті.

1919 жылғы январьдан — РСФСР-дің Америка Құрама Штаттарындағы өкілі; Америка Құрама Штаттарымен қатынасты жөнге келтіру әрекеттері оңға баспай, ол әрекеттерді американ үкіметі қабылдамай тастағаннан кейін, 1921 жылы Америкадан қуылды. Советтік Россияға қайтып келгеннен кейін жауапты шаруашылық және ғылыми жұмыста болды; Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, Главметалл председателі, Халық шаруашылығы жоғары советінің өнер табу істері жөніндегі комитетінің председателі, ғылыми-зерттеу дизель институтының директоры, Москваның М. В. Ломоносов атындағы механикалық институтының профессоры болды. — *153, 199.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды. 1917 жылы интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды.— *85, 109, 159, 486, 487, 543, 544.*

Мархлевский (Marchlewski), *Юлиан* (1866—1925) — поляк және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері,

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1909 жылдан бастап көбіне герман социал-демократиясында жұмыс істеді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында К. Либкнехтпен және Р. Люксембургпен бірге «Спартак одағын» құруға қатысты. Қамауға алынды.

1918 жылы Совет үкіметінің талап етуімен герман концентрациялық лагерінен босап, Советтік Россияға келді; Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетіне сайланып, өмірінің ақырына дейін оның мүшесі болды. 1919 жылы Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетіне енгізілді. Коммунистік Интернационалды құруға қатысты. 1923 жылдан бастап МОПР (Революция күрескерлеріне көмек берудің халықаралық ұйымы) Орталық Комитетінің председателі болды. Экономикалық мәселелер, Польша тарихы және халықаралық қатынастар жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *151.*

Маслов, А. (Чемеринский, И.) (1891 ж. туған) — Германия Коммунистік партиясындағы «әсіре солшыл» топ лидерлерінің бірі. 1921 жылдан бастап берлиндік оппозиция дейтінді басқарды, бұл оппозиция 1924 жылы Германия Коммунистік партиясының Орталық Комитетіндегі басшылықты қолына түсіріп алды. Коминтерннің V конгресінде Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1925 жылдың аяқ кезінде фракциялық және жікшілдік әрекеті үшін барлық басшы қызметтен босатылып, көп ұзамай Германия Коммунистік партиясынан және Коминтерннен шығарылды. Кейін саяси қызметтен шеттеп кетті.—*101.*

Межлаук, И. И. (1891—1938) — 1918 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Қызыл Армияда командирлік жұмыста болды; кейінірек — шаруашылық, партия және совет жұмысында болды: Донбасстағы Енакиев металлургия заводының директоры, Югосталь басқармасының председателі, Түркменстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің секретары, ВКП(б) Тамбов округтік комитетінің секретары, Еңбек және Қорғаныс Советінің секретары және СССР Халық Комиссарлары Советі іс басқарушысының орынбасары, СССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы Жоғары мектеп істері жөніндегі Бүкіл одақтық комитеттің председателі. — *348.*

Меньшиков, Е. С. (1883—1926) — инженер-технолог, шымтезек ісі жөніндегі белгілі маман. 1918—1920 жылдары Шымтезек бас комитетінің, ал 1921 жылдан — шымтезек тәжірибе станциясының ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. 1922 жылдан — Тимирязев ауыл шаруашылық академиясының профессоры және академияның шымтезек бөлімінің жетекшісі. 1925 жылы Ғылыми-эксперименттік шымтезек институтын басқарды. — *350, 531.*

Месяцев, П. А. (1889—1938) — 1906 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1921—1924 жылдары РСФСР Егіншілік халық комиссариатының коллегия мүшесі, одан кейін уәкілі болды. Одан кейінгі жылдары кооперацияда, ауыл шаруашылық банкінде және СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында істеді. Біраз уақыт троцкистік оппозицияға қосылды. — *283.*

Мещеряков, Н. Л. (1865—1942)—1901 жылдан РСДРП мүшесі, большевик.

1918—1922 жылдары —«Правда» газетінің редакциялық коллегиясының мүшесі, Москва орталық жұмысшы кооперативінің редакциялық-баспа бөлімінің меңгерушісі және басқа жұмыста болды. 1927 жылдан 1938 жылға дейін — Кіші совет энциклопедиясының бас редакторы. — *151, 424—425.*

Мильеран (Millerand), *Александр Этьенн* (1859—1943)—француз саяси қайраткері; 90-жылдары социалистерге қосылды, француз социалистік қозғалысындағы оппортунистік бағытты басқарды. 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакциялық буржуазиялық үкіметіне кіріп, онда Париж Коммунасын жаныштаған жендет генерал Галифемен бірге қызмет істеді.

1904 жылы социалистік партиядан шығарылғаннан кейін Мильеран бұрынғы социалистермен (Бриан, Вивиани) бірге «тәуелсіз социалистер» тобын құрды. 1909—1910, 1912—1913, 1914—1915 жылдары әр түрлі министрлік қызмет атқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Мильеран антисоветтік интервенцияны ұйымдастырушылардың бірі болды, 1920—1924 жылдары — Француз республикасының президенті. 1924 жылы июньде, солшыл буржуазиялық партиялар сайлауда жеңіп шығып, онымен қызмет істеуден бас тартқаннан кейін отставкаға кетуге мәжбүр болды. — *303.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының идеологы, тарихшы және публицист. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі; империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беру саясатын жүргізді. 1917 жылы августа — Корнилов бүлігіне дем берушілердің бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты, ақ эмиграцияның белсенді қайраткері. — *11—12, 54, 60, 85, 114.*

Милютин, В. П. (1884—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылдан бастап қатысты, әуелі меньшевиктерге қосылды, 1910 жылдан — большевик. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде егіншілік халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне енді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады және партияның саясатымен келіспейтіндігі туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен

шықты. 1918—1921 жылдары — Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, одан соң басқа жауапты совет және шаруашылық жұмыста болды; партияның Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат және Орталық Бақылау Комиссиясына мүше болып сайланды. — *261.*

Михайлов, В. М. (1894—1937) — 1915 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Москвада партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Москва Советінің мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясына және азамат соғысына қатысты. Партияның X съезінен кейін — РКП(б) Орталық Комитетінің секретары. 1922 жылдан РКП(б) Москва комитетінің секретары, Замоскворецк аудандық комитетінің секретары, Кәсіптік одақтардың Москва қалалық советінің председателі. 1929 жылдан шаруашылық жұмыста болды. — *192—193, 206, 261, 262, 292—293.*

Модильяни (Modigliani), *Витторио Эмануэле* (1872—1947) — Итальян социалистік партиясының ең байырғы мүшелерінің бірі, реформист, кәсібі жөнінен адвокат. 1913—1926 жылдары — депутаттар палатасының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист. 1926 жылы Францияға эмиграцияға кетті, итальян реформист-эмигранттарының органы «Rinascita Socialista»-ны («Социалистік Жаңарту») редакциялады. Италия неміс-фашист әскерлерінен азат етілгеннен кейін туған еліне қайтты. — *20.*

Молотов (Скрябин), В. М. (1890 ж. туған) — 1906 жылдан партия мүшесі. 1918 жылдан — басшы партия және совет жұмысында: Украина Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің секретары, РКП(б) Орталық Комитетінің секретары; 1926 жылдан — Саяси бюро мүшесі, одан кейін — КПСС Орталық Комитеті Президиумының мүшесі; 1930—1941 жылдары — СССР Халық Комиссарлары Советінің председателі, 1939 жылдан—СССР Сыртқы істер халық комиссары, одан соң сыртқы істер министрі, СССР Министрлер Советі председателінің бірінші орынбасары.

Фракциялық қызметі үшін 1957 жылғы июньде КПСС Орталық Комитеті Пленумының қаулысымен КПСС Орталық Комитетінің Президиумынан және Орталық Комитет құрамынан шығарылды. — *125, 127, 130, 152—153, 264, 275, 293—294, 383, 384—385, 388, 392—393, 406, 407—410, 413, 414, 415, 421, 424—425, 426—427, 428, 430—436, 437, 439—440, 441—442, 447, 464—465, 469, 470, 471.*

Морозов, М. В. (1868—1938) — 1901 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Бакуде, Түркістанда және Петербургте астыртын партиялық жұмыс жүргізді. 1910 жылдан Парижде эмиграцияда болды, онда В. И. Ленин басшылық еткен большевиктік сек-

цияға кірді. 1917 жылы Петроградқа қайтып келіп, Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. Кейініректе Отын бас комитетінде және шымтезек өнеркәсібінде шаруашылық жұмыста болды. 1929 жылдан бастап ғылыми және баспа басшы қызметін атқарды. — *350, 531.*

Мясников, Г. И. (1889—1946)—1906 жылдан большевиктік партияда болды, Пермьде, 1921 жылдан — Петроградта жұмыс істеді. 1922 жылы антипартиялық қызметі үшін және партиялық тәртіпті үнемі бұзғаны үшін РКП(б)-дан шығарылды. Кейініректе контрреволюциялық «жұмысшы тобы» дейтінді құрды, шетелге эмиграцияға кетті. — *82—88.*

Н

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды. — *176.*

Ноги, Марязуке Китен (1849—1912) — жапон генералы, 1894—1895 жылдардағы жапон-қытай соғысына қатысты. 1896 жылы — Тайвань (Формоза) аралының генерал-губернаторы. 1904 жылы, орыс-жапон соғысының бас кезінде, 3-армияның командованиесін қабылдап алып, Порт-Артурды қоршауға басшылық етті. Қаланы алғаннан кейін Мукден түбіндегі ұрысқа қатысты. — *211, 511.*

Носке, (Noske), *Густав* (1868—1946) — Герман социал-демократиялық партиясының оппортунист лидерлерінің бірі. 1918 жылы, Германиядағы Ноябрь революциясы кезінде, Кильдегі матростардың революциялық қозғалысын басып-жаныштауға басшылық еткендердің бірі болды. 1919—1920 жылдары — әскери министр; Берлин жұмысшыларын жазалауды және К. Либкнехт пен Р. Люксембургті өлтіруді ұйымдастырды, сол үшін «қанды ауыз ит» деп атанды. Кейіннен Пруссияның Ганновер провинциясының президенті болды. Фашистік диктатура жылдарында Гитлер үкіметінен мемлекеттік пенсия алып тұрды. В. И. Ленин Носкені «монархия мен контрреволюциялық буржуазияға қызмет ететін, жұмысшылардан шыққан ең жексұрын жендеттердің» бірі деп атады (Шығармалар толық жинағы, 38-том, 337-бет).— *93—94.*

Нуланс (Noulens), *Жозеф* (1864—1939) — француздың саяси қайраткері және дипломаты. 1913—1914 жылдары — әскери министр, 1914—1915 жылдары—финанс министрі. 1917—1918 жылдары — Россиядағы елші. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Антанта елдерінің интервенциясын және ел ішіндегі

контрреволюциялық қимылдарды: 1918 жылы чехословак корпусының бүлігін, Ярославльдегі эсерлер бүлігін, Москвадағы Локкарт заговорын және басқаларды тікелей ұйымдастырушылардың бірі. Советтік Россиядан кеткеннен кейін шетелдегі әр түрлі антисоветтік ұйымдарға белсене қатысты. — *125.*

О

Оболенский, В. В.— қараңыз: Осинский, Н.

Ольденборгер, В. В. (1863—1921)—1893 жылдан Москва су құбырының механигі, ал 1917 жылдан — бас инженер. — *381, 384.*

Оппоков, Г. И. — қараңыз: Ломов, А.

Орджоникидзе (Серго), *Г. К.* (1886—1937)— Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1903 жылдан партия мүшесі.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украинаның, одан соң Россия Оңтүстігінің төтенше комиссары. Азамат соғысы жылдарында — 16-армия мен 14-армияның және Кавказ майданының Революциялық-әскери советінің мүшесі. 1920—1921 жылдары — Азербайжанда, Армения мен Грузияда Совет өкіметі жолындағы күресті ұйымдастырушылардың бірі. 1921—1926 жылдары — Орталық Комитеттің Кавказ бюросының председателі, одан соң Закавказье өлкелік партия комитетінің секретары, сонымен бірге — СССР Революциялық-әскери советінің мүшесі. 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының председателі және СССР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары. 1930 жылдан — СССР Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, ал 1932 жылдан — СССР ауыр өнеркәсіп халық комиссары.

1921 жылдан — партияның Орталық Комитетінің мүшесі, 1926 жылдан—ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат, 1930 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі. — *422—423.*

Осадчий, П. С. (1866—1943)— советтің электротехника саласындағы маманы. 1890 жылы Петербург электротехникалық институтын бітіргеннен кейін институттың оқытушысы, профессоры, одан соң ректоры болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін РСФСР және СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары және сонымен бір мезгілде СССР Халық шаруашылығы жоғары советінің Орталық электротехникалық советінің председателі болды, Днепростройдың техникалық советін басқарды, оқытушылық жұмыс атқарды. 1931 жылы Промпартия ісі жөнінде бостандығынан айрылып, 10 жылға сотталды. 1935 жылғы 21 августа СССР

Орталық Атқару Комитетінің қаулысы бойынша мерзімінен ерте босатылды, 1937 жылы ақталып, сотталғандығы кешірілді. — *507.*

Осинский, Н. (Оболенский, В. В.) (1887—1938) — 1907 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — РСФСР Мемлекеттік банкінің басқарушысы, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1918 жылы—«солшыл коммунистер» платформасы авторларының бірі. 1918—1919 жылдары «Правда» редакциясында және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің насихат бөлімінде істеді. 1920—1921 жылдары антипартиялық «демократиялық централизм» тобына белсене қатысты. Кейін троцкистік оппозицияға қосылды. 1921—1923 жылдары — егіншілік халық комиссарының орынбасары, 1925 жылы — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі. Партияның X, XIV—XVII съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1926—1928 жылдары — СССР Орталық статистика басқармасының басқарушысы. 1929 жылы — СССР Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары. Кейінгі жылдарда басшы партиялық және әкімшілік-шаруашылық жұмыста болды. — *283, 429, 530.*

«Основоположник»— қараңыз: Лутовинов, Ю. Х.

П

Пайкес, А. К (1873—1958) — совет қызметкері. 1917 жылға дейін — меньшевик, 1918 жылы РКП(б)-ға кірді. 1918—1920 жылдары Мемлекеттік бақылау халық комиссариаты мен Жұмысшы-шаруа инспекциясы коллегиясының мүшесі, Сибирь ревкомының мүшесі болды. 1921—1922 жылдары — Қытайда, одан кейін Литвада уәкілетті өкіл. 1923 жылдан бастап Халық шаруашылығы жоғары советінде шаруашылық жұмыста болды. — *151.*

Панюшкин, В. Л. (1888—1960) — 1907 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Петербургте және Балтық флотында партиялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясына және азамат соғысына белсене қатысты. 1919—1920 жылдары РКП(б) Орталық Комитетінің аппаратында жауапты ұйымдастырушы және нұсқаушы болып істеді. 1921 жылы жаңа экономикалық саясаттың мәнін түсінбей, партиядан шығып кетті, сөйтіп «жұмысшы-шаруа социалистік партиясы» дейтінді құруға әрекет жасады. Көп кешікпей, В. И. Ленинмен жүзбе-жүз әңгімелескеннен кейін, РКП(б)-ға қайта кірді. Кейінірек Донбасста шаруашылық жұмыста, Халық шаруашылығы жоғары советінде, одан кейін СССР-дің Германиядағы сауда өкілдігінде істеді. — *500.*

Парвус (Гельфанд, А. Л.) (1869—1924) — 90-жылдардың аяғы — 900-жылдардың басында Россияда және Германияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. РСДРП II съезінен кейін — меньшевик. Парвус антимаркстік «перманенттік революция теориясын» ұсынды, кейін оны Троцкий ленинизмге қарсы күрес құралына айналдырды. Кейіннен социал-демократиядан шеттеп кетті; дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—шовинист, герман империализмінің агенті, ірі жалдаптықпен шұғылданды, әскерді жабдықтау ісінде байыды.— *415.*

Пилсудский (Pilsudski), *Юзеф* (1867—1935) — буржуазиялық-помещиктік Польшаның реакцияшыл мемлекет қайраткері; фашистік диктатор. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Германия жағында қимыл жасаған поляк әскери жасақтарының командирі болды. 1918—1922 жылдары поляк мемлекетінің басшысы болды, еңбекшілердің революциялық қозғалысын қаталдықпен қудалады. 1920 жылы ақ пандық Польшаның Совет мемлекетіне қарсы соғысын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1926 жылы майда мемлекеттік төңкеріс жасап, фашистік диктатура режимін орнатты. 1934 жылы гитлерлік Германиямен одақ жасасты.— *172, 247, 301.*

Пинкевич, А. П. (1883—1937) — советтік жоғары мектеп қызметкері. 1903—1908 жылдары РСДРП мүшесі болды, 1917—1919 жылдары меньшевиктерге қосылды. 1919—1921 жылдары Ғалымдар тұрмысын жақсарту жөніндегі комиссия председателінің орынбасары, кейін председателі болды. 1923 жылдан — РКП(б) мүшесі. 1924 жылдан 2-ші Москва мемлекеттік университетінің, одан кейін Москва мемлекеттік педагогика (қазір В. И. Ленин атындағы) институтының профессоры болып істеді. — *507.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы —«Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезеңінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияда болды. Реакция және жаңа рево-

люциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясына көшті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келген ол қорғампаз-меньшевиктердің «Бірлік» дейтін барып тұрған оңшыл тобын басқарды; большевиктерге, социалистік революцияға қарсы шықты, социализмге көшу үшін Россия әлі пісіп жетілген жоқ деп есептеді. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін Ленин жоғары бағалады; сонымен бірге ол марксизмнен шегінгені және саяси қызметтегі ірі қателіктері үшін Плехановты қатты сынады. — *460.*

Поссе, В. А. (1864—1940) — журналист және либералдық-буржуазиялық бағыттағы қоғам қайраткері. Октябрь социалистік революциясынан кейін әдеби қызметпен шұғылданды. 1922 жылдан «Известия ВЦИК» газетіне жазып тұрды. Тарих, әдебиет және басқа мәселелер жөніндегі еңбектердің авторы. — *544.*

Преображенский, Е. А. (1886—1937) — 1903 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін партиялық және әскери-саяси жұмыста болды. 1918 жылы — «солшыл коммунист». Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) — Троцкий платформасын жақтаушы. 1923 жылдан — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері, сол үшін 1927 жылы партиядан шығарылды. 1929 жылы партияға қайта алынды. Алайда кейінгі жылдары антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан қайта шығарылды. — *285, 464.*

Пуанкаре, (Poincaré), *Раймон* (1860—1934) — француз буржуазиялық саяси және мемлекет қайраткері, кәсібі жөнінен адвокат. 1893 жылдан бастап бірнеше рет француз үкіметінің құрамына кірді, француз буржуазиясының неғұрлым агрессияшыл топтарының пікірін білдіруші болды. 1912 жылы Францияның премьер-министрі, ал 1913 жылдан 1920 жылға дейін президенті болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1922—1924 және 1926—1929 жылдары — Францияның премьер-министрі. Оның саясаты барынша антисоветтік және антикоммунистік бағытта болуымен ерекше көзге түсті. — *428.*

Пятаков, Г. Л. (1890—1937) — 1910 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинаның Совет үкіметіне кірді. 1920 жылдан бастап шаруашылық және совет жұмысында: Донбасс тас көмір өнеркәсібі

Орталық басқармасының председателі, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы және СССР Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, Франциядағы сауда өкілі, СССР Мемлекеттік банк басқармасының председателі, ауыр өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары болды. Партияның XII, XIII, XIV және XVI съездерінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1918 жылы Украинада антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс болған кезде (1920—1921) Троцкий платформасын жақтады, 1923 жылдан бастап — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде фракцияшылдық әрекеті үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателіктерін мойындап мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, 1936 жылы тағы да ВКП(б) қатарынан шығарылды. — *275, 347, 471.*

Р

Радек, К. Б. (1885—1939) — 900-жылдардың басынан Галицияда, Польшада және Германияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. 1917 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Сыртқы істер халық комиссариатында істеді, Коминтерн Атқару Комитетінің секретары болды. РКП(б) VIII—XII съездерінде партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1918 жылы — «солшыл коммунист», 1923 жылдан — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде фракцияшылдық әрекеті үшін партиядан шығарылды. 1929 жылы өз қателіктерін мойындап мәлімдеме жасады, партияға қайта алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1936 жылы ВКП(б)-дан қайта шығарылды. — *28, 29, 97—98, 287, 369—370, 475, 486, 487, 499.*

Радомысльский, Г. Е. — қараңыз: Зиновьев, Г. Е.

Радченко, И. И. (1874—1942) — советтің көрнекті шаруашылық қызметкері. 1898 жылдан большевиктік партияның мүшесі, профессионал революционер. Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» мүшесі болды, лениндік «Искраны» Россияда таратуда үлкен роль атқарды. 1902 жылы РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің құрамына кірді. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы және жаңа революциялық өрлеу дәуірінде Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылдан бастап Москва губерниясында шымтезек өндіруімен айналысты. 1918 жылдан — СССР-де шымтезек өнеркәсібін ұйымдастырушылар мен оның басшыларының бірі, 1921—1922 жыл-

дары Сыртқы сауда халық комиссариаты коллегиясының мүшесі болды. «Торфяное Дело» журналының жауапты редакторы болып істеді. 1927—1930 және 1934—1935 жылдары —Шымтезек ғылыми-зерттеу институтының директоры. — *350, 531.*

Раковский, Х. Г. (1873—1941) — 90-жылдардың басынан Болгарияда, Румынияда, Швейцарияда, Францияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында болды. 1918 жылдан — Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі, 1923 жылдан бастап Англияда және Францияда дипломаттық жұмыста істеді. Троцкистік оппозицияның белсенді қайраткерлерінің бірі болды, сол үшін оны 1927 жылы ВКП(б) XV съезі партиядан шығарды. 1935 жылы партияға қайта қабылданды, бірақ 1938 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан қайта шығарылды. — *443, 501.*

Рамзин, Л. К. (1887—1948) — жылу техникасы саласындағы көрнекті ғалым. 1920 жылдан — Москва жоғары техникалық училищесінің профессоры. 1921 жылы Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының мүшесі болды, одан кейін—Москва бүкіл одақтық жылу техникалық институтының директоры. 1930 жылы Промпартия ісі бойынша сотталды. Кейіннен халық шаруашылығы үшін маңызды зерттеу жұмысын атқарып, Совет мемлекеті алдында өзінің айыбын өтеді. 1944 жылдан Москва энергетикалық институтында профессор болып істеді. — *142, 439—440.*

Рейтер, (Reuter), (Фрисланд), *Эрнст* (1889—1953) — Германия социал-демократиялық партиясының оңшыл лидерлерінің бірі, принципсіз авантюрист, фашизмнің малайы. 1912 жылдан — Германия социал-демократиялық партиясының мүшесі. 1919 жылы Германия Коммунистік партиясына кірді, біраз уақыт партия басшылығында болды. 1922 жылдың басында антипартиялық қызметі үшін Германия Коммунистік партиясынан шығарылды, бұдан кейін Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясына кірді, одан соң Германия социал-демократиялық партиясына қайтып барды. «Freiheit» («Бостандық») және «Vorwärts» («Алға») газеттерінің редакторы, Магдебургтің обер-бургомистрі, рейхстагтің депутаты болды. Фашизм дәуірінде Англияда, одан кейін Түркияда эмиграцияда болды, Түркияда түрік үкіметі жанында кеңесші болды. 1946 жылдан — Батыс Берлиннің қалалық кеңесшісі, одан кейін обер-бургомистрі.—*101.*

Ренодель (Renaudel), *Пьер* (1871—1935) — Француз социалистік партиясының реформист лидерлерінің бірі. 1902—1914 жылдары «Le Peuple» («Халық») газетінің, 1914—1920 жылдары— «L'Humanité» («Адамзат») газетінің редакторы; 1914—1919 жә-

не 1924 жылдары депутаттар палатасының мүшесі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1927 жылы социалистік партияның басшылығынан шеттеп кетті, 1933 жылы партиядан шығарылды; кейін шағын неосоциалистік топ құрды. — *303.*

Ровио (Rovio), *Г. С.* (1887—1938) — 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі, кәсібі жөнінен токарь. 1910 жылдың аяғынан бастап Финляндияда тұрып, сонда жұмыс істеді. Финляндия Социал-демократиялық партиясының мүшесі болды; 1913 жылдан 1915 жылға дейін — Финляндия социал-демократиялық жастар одағы Орталық комитетінің секретары. 1917 жылы апрельде революциялық оқиғаларға байланысты жұмысшы ұйымдары оны Гельсингфорс милициясының бастығы қызметіне жоғарылатты. 1917 жылы август—сентябрьде В. И. Ленинді буржуазиялық Уақытша үкіметтің қудалауынан Финляндияда жасыруға белсене қатысты. Ровио Финляндиядағы 1918 жылғы жұмысшы революциясына белсене қатысушылардың бірі болды. Кейінірек ВКП(б) Орталық Комитетінің Солтүстік-Батыс бюросының финн секциясының секретары, Батыстың шағын ұлттарының Коммунистік университеті Ленинград бөлімшесінің проректоры, 1929 жылғы июльден — ВКП(б) Карелия облыстық комитетінің секретары болып істеді. — *488, 489.*

Розенфельд, Л. Б. — *қараңыз:* Каменев, Л. Б.

Роланд-Гольст (Roland-Holst), *Генриетта* (1869—1952) — голланд социалисі, жазушы. Әйелдер одақтарын ұйымдастыру жолында жұмыс істеді. 1907 жылдан бастап «De Tribune» («Трибуна») газетінің төңірегіне топтасқан және 1909 жылы Голландия Социал-демократиялық партиясы болып қалыптасқан голланд социал-демократтарының сол қанатына қосылды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде центристік позиция ұстады, кейін интернационалистерге қосылды, Циммервальд солшылдарының теориялық органы — «Vorbote» («Жаршы») журналын шығаруға қатысты. 1918—1927 жылдары Голландия Коммунистік партиясында болды және Коминтерннің жұмысына қатысты. 1927 жылы компартиядан шықты, одан әрі христиан социализмі позициясына дейін құлдырады. — *478, 479.*

Рудзутак, Я. Э. (1887—1938) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1905 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақта басшылық жұмыста, одан соң Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, Центротекстиль председателі болды. 1920 жылдан — РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, ВЦСПС президиумының мүшесі және бас секретары. 1921—1924 жылдары — РКП(б) Орта Азия бюросының председателі. 1923—1924 жылдары — РКП(б) Орталық Комитетінің секретары, 1924—

1930 жылдары — қатынас жолдары халық комиссары, 1926 жылдан — СССР Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, 1932 жылдан — ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының председателі және СССР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары; 1927—1932 жылдары — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі. — *98, 371, 383.*

Рутгерс, (Rutgers), *Себальд Юстиус* (1879—1961) — голланд инженері, коммунист. 1918 жылдан 1938 жылға дейін (үзілістермен) СССР-де жұмыс істеді; 1921—1926 жылдары Кузбасстың көмір және химия өнеркәсібін қалпына келтіру жөніндегі автономиялы индустриялық (интернационалдық) колонияның (АИК) басшысы болды; кейінгі жылдары шаруашылық, партиялық жұмыста және ғылыми-зерттеу жұмысында болды. 1938 жылдан бастап Голландияда тұрды. — *134, 152, 154, 198, 532.*

Рухимович, М. Л. (1889—1939) — советтің көрнекті шаруашылық қызметкері. 1913 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Октябрь социалистік революциясы кезінде Харьков ревкомының председателі болды, азамат соғысына белсене қатысты. 1921 жылдан — Донецк, одан кейін Бахмут губерниялық атқару комитеттерінің председателі, «Донуголь» және «Химуголь» трестерінің басқарушысы. 1925 жылдан УССР Халық шаруашылығы жоғары советі председателі, кейініректе — СССР Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары болды. 1930 жылдан — қатынас жолдары халық комиссары, «Кузбассуголь» басқарушысы. 1936 жылдан — қорғаныс өнеркәсібі халық комиссары. Партияның XIII—XVII съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. — *275, 347.*

Рыков, А. И. (1881—1938) — 1899 жылдан большевиктік партияда болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — ішкі істер жөніндегі халық комиссары, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі Председателінің орынбасары, СССР және РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты. 1928 жылы — ВКП(б) ішіндегі оңшыл оппортунистік уклон лидерлерінің бірі. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды. — *75, 277, 399, 401, 402, 430—436.*

С

Семенов, Ф. А. — қараңыз: Булкин, Ф. А.

Семков, С. М. (1885—1928)—1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. 1911 жылы В. И. Ленин басшылық еткен Лонжюмодағы (Париждің түбінде) партия мектебінде оқыды. Октябрь социалистік революциясынан кейін —әскери-шаруашылық жұмыста болды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін кәсіподақтардың Москва советінің секретары, одан кейін — Закавказье кәсіподақтарының председателі. Партияның XIV және XV съездерінде Орталық бақылау комиссиясына сайланды, одан кейін СССР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатында істеді. — *232, 233.*

Серго — қараңыз: Орджоникидзе, Г. К.

Серрати (Serrati), *Джачинто Менотти* (1872—1926) — итальян жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Итальян социалистік партиясы басшыларының бірі, кейіннен — коммунист. 1915—1923 жылдары — социалистік партияның орталық органы «Avanti!» («Алға!») газетінің директоры. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — интернационалист. Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысушы. Коминтерн құрылғаннан кейін Итальян социалистік партиясының Коминтернге кіруіне күш салды. Коминтерннің II конгресінде итальян делегациясын басқарды, реформистерден сөзсіз қол үзуге қарсы шықты. Кейіннен өзінің центристік қателіктерінен арылды, сөйтіп 1924 жылы «үшінші интернационалистер» фракциясымен бірге Итальян коммунистік партиясына кірді, онда өмірінің ақырына дейін белсене жұмыс істеді. — *16—17, 18—19, 20—21, 22, 103, 303, 457, 460—462, 542, 544.*

Скрябин, В. М. — қараңыз: Молотов, В. М.

Смилга, И. Т. (1892—1938) — 1907 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Финляндиядағы уәкілі, 3-ші армияның, Шығыс, Оңтүстік-Батыс және басқа майдандардың Революциялық-әскери советінің мүшесі. 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде Троцкийдің платформасын жақтады. 1921 жылдан 1923 жылға дейін—Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары және Отын жөніндегі бас басқарманың бастығы. ВКП(б) XV съезі 1927 жылы троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде оны партиядан шығарды. 1930 жылы партияға қайта алынды. Кейіннен антипартиялық қызметі үшін тағы да партиядан шығарылды. — *142, 275, 345, 439.*

Смирнов, И. Н. (1881—1936)— 1899 жылдан большевиктік партияда болды. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде, реакция және жаңа революциялық өрлеу дәуірінде Россияның бірқатар қалаларында үгітші болып істеді, патша армиясында қызметте болды. 1917 жылғы февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде жұмысшы және солдат депутаттары Томск Советінің құрамына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Шығыс майдан Революциялық-әскери советінің мүшесі, одан кейін 5-армия Революциялық-әскери советінің мүшесі болды. 1919 жылдан — Сибирь ревкомының председателі. 1921—1922 жылдары Халық шаруашылығы жоғары советінде істеді; әскери өнеркәсіпті басқарды. Кейініректе — почта және телеграф халық комиссары. 1927 жылы троцкистік-зиновьевшілдік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде ВКП(б) қатарынан шығарылды. Партияға қайта алынғаннан кейін, 1933 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан қайтадан шығарылды.— *153, 544.*

Смольянинов, В. А. (1890—1962)—1908 жылдан КПСС мүшесі. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. 1918 жылдан — Смоленск губерниялық халық шаруашылығы советінің председателі. 1921 жылғы апрельден Еңбек және Қорғаныс Советі іс басқарушысының экономикалық және шаруашылық құрылыс мәселелері жөніндегі орынбасары, содан кейін РСФСР Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы болып істеді. 1929 жылдан басшы шаруашылық жұмыста болды. — *200.*

Сокольников (Бриллиант), Г. Я. (1888—1939)—1905 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін дипломатиялық және әскери жұмыста болды. 1921 жылдан — Финанс халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1922 жылдан — финанс халық комиссары, 1926 жылдан — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары, кейінірек — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат және мүшесі болып сайланды. 1925 жылы «жаңа оппозицияға қосылды, одан соң біріккен троцкистік-зиновьевшілдік блокқа кірді. 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды. — *275, 429, 464, 466, 467, 471, 472.*

Сольц, А. А. (1872—1945) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін жауапты совет және партия жұмысында болды. 1920 жылдан — Орталық бақылау комиссиясының мүшесі. 1921 жылдан — Орталық бақылау комиссиясы президиумының мүшесі, одан соң СССР Жоғарғы сотының мүшесі болды, СССР Прокуратурасында жауапты қызметтер атқарды. — *308—309.*

Сорин, В. Г. (1893—1944) — 1917 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1918 жылы Серпухов уездік комитетінің секре-

тары болды, «солшыл коммунистерге» қосылды. Кейініректе — Шығыс майдан Революциялық трибуналының председателі, Москва губерниялық комитетінің мүшесі. 1920 жылдан 1925 жылға дейін — РКП(б) Москва комитетінің мүшесі және Москва комитетінің бюро мүшесі. 1924 жылдан Ленин институтында, одан кейін ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Маркс — Энгельс — Ленин институтында істеді.—*231, 232.*

Сорокин, П. А. (1889 ж. туған) — эсер. 1917 жылға дейін Петроград университетінің приват-доценті болды. 1919—1922 жылдары Петроградтың жоғары оқу орындарында социологиядан сабақ берді. Контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды; біраз уақыт Прага университетінде лекция оқыды; 1923 жылдан Америка Құрама Штаттарында тұрады.—*543.*

Сталин (Джугашвили), И. В. (1879—1953) — Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді; партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде көтерілісті әзірлеу жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде Республика Революциялық-әскери советінің мүшелігіне еніп, бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің Бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және

басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалануға ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын марксизм-ленинизмге жат деп тауып, батыл айыптады, оған біржола тыйым салды, Орталық Комитеттің партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды. — *167, 280, 448, 451—452, 466.*

Стеклов, В. А. (1863—1926) — совет математигі, академик. 1906 жылдан — Петербург университетінің профессоры. 1921 жылы Стекловтың инициативасымен РСФСР Ғылым академиясы жанындағы физика-математика институты ұйымдастырылды. Математикалық анализ, серпінділік теориясы және гидромеханика жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *507.*

Стуков, И. Н. (1887—1937) — 1905 жылдан большевиктер партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында: РКП(б) Москва комитетінің бөлім меңгерушісі, «Московский Рабочий» газетінің редакторы, «Красная новь» баспасының редакторы болды. 1918 жылы — «солшыл коммунист». 1920—1921 жылдары антипартиялық «демократиялық централизм» тобына қосылды. 1927 жылы троцкистік оппозицияға қатысты. — *231, 232.*

Стюнкель, Б. Э. (1882—1938) — инженер-электрик. Октябрь социалистік революциясынан кейін Богородск-Щелково комбинатының басқарма мүшесі болды. 1920 жылдан — ГОЭЛРО комиссиясының мүшесі; Орталық-өнеркәсіпті ауданды электрлендіру жобасын жасаумен шұғылданды. 1925 жылдан 1928 жылға дейін — «Жылу және күш» акционерлік қоғамы коллегиясының мүшесі, одан соң Донбассты электрлендіру комитеті председателінің орынбасары болды және осы ауданның басқа да энергетикалық ұйымдарында жұмыс істеді. — *134.*

Т

Теодорович, И. А. (1875—1940) — революциялық қызметін 1895 жылдан бастады, большевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін азық-түлік істері жөніндегі халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне енді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, үкіметтен шықты. Азамат соғысы жылдарында Колчакқа қарсы күрескен партизан отрядтарының қатарында болды; 1920 жылдан Егіншілік халық комис-

сариатында істеді. 1928—1929 жылдары өз жұмысында оңшыл оппортунистік қателер жіберді. 1928—1930 жылдары — Шаруалар Интернационалының бас секретары, Халықаралық аграрлық институттың директоры; одан кейінгі жылдары — саяси каторгаға айдалғандар қоғамы баспасының бас редакторы, «Каторга и Ссылка» журналының жауапты редакторы.—*406*.

Террачини (Terracini), *Умберто* (1895 ж. туған) — Италиядағы жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Итальян коммунистік партиясын құрушылардың бірі. Қызметінің бас кезінде Итальян социалистік партиясы сол қанатының қатарында болды. 1920 жылдан — социалистік партия Орталық Комитетінің мүшесі. Партияның Коминтернге қосылуын жақтады, оның реформистік қанатына ымырасыз позицияда болды. 1919 жылдан Турин социалистерінің революциялық тобы — «L'Ordine Nuovo»-ны («Жаңа тәртіп») ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі; бұл топ коммунистік партияның негізгі ұйытқысы болды. Итальян коммунистік партиясы құрылған кезден бастап (1921) оның Орталық Комитеті мен Атқару Комитетінің мүшесі болды. Солшыл сектанттық қateліктер жіберді, ол қателіктерін Коминтерннің III конгресінде В. И. Ленин айыптады. Сынның әсерімен ол көп ұзамай өз қателіктерінен арыла білді. Коминтерннің өзі делегат болған III конгресінен кейін Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің құрамына сайланды. Реформистер басқарған Италия Жалпы еңбек конфедерациясында коммунистердің жұмысына басшылық етті. 1926—1943 жылдары фашистік түрмелерге қамалып, айдауда болды. 1943—1945 жылдары итальян халқының фашизмге қарсы ұлт-азаттық күресіне белсене қатысты. 1945 жылдан — Италия Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, ал 1955 жылдан — Орталық Комитеттің мүшесі.—*23, 24, 25, 26, 27, 30—32, 33, 64, 490, 491.*

Тодорский, А. И. (1894—1965) — 1918 жылдан КПСС мүшесі. 1918—1919 жылдары — Тверь губерниясындағы Весьегонск уезі атқару комитетінің мүшесі, «Известия Весьегонского Совета Депутатов» газеті мен «Красный Весьегонск» газетінің редакторы болды; В. И. Ленин жоғары бағалаған «Винтовка әрі плуг ұстап өткен бір жыл» деген кітаптың авторы (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 441—445-беттер). Бригада, дивизия командирі болып, азамат соғысына белсене қатысты. Кейінгі жылдары бірсыпыра әскери мекемелерде командирлік жоғары қызметтер атқарды. 1955 жылдан — Совет Армиясының отставкадағы генерал-лейтенанты, әдеби қызметпен айналысты.—*542, 545.*

Томский, М. П. (1880—1936) —1904 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — кәсіподақтардың Москва советінің председателі. 1919 жылдан — ВЦСПС президиумының председателі. Партияның VIII

съезінен бастап—РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, партияның XI съезінен бастап — РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: «децистерді» қолдады, кәсіподақтардың партия басшылығынан «тәуелсіздігі» дейтінді қорғады. 1928—1929 жылдары ВКП(б)-дағы оңшыл оппортунистік уклон лидерлерінің бірі болды. — *500.*

Тонков В. Н. (1872—1954) — советтің көрнекті анатом-ғалымы. 1932 жылдан КПСС мүшесі. 1900 жылдан — профессор. 1917—1925 жылдары — Әскери-медицина академиясының бастығы, ғалымдардың тұрмысын жақсарту мәселелері бойынша бірнеше рет В. И. Лениннің қабылдауында болды. 1944 жылдан —СССР Медицина ғылымдары академиясының толық мүшесі. — *507.*

Троцкий (Бронштейн) Л. Д. (1879—1940) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі, меньшевик. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, ауданаралықшылар тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды; алайда Троцкий большевизм позициясына көшпеген еді, сөйтіп ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республика Революциялық-әскери советінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі және Коминтерн Атқару Комитетінің мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деген капитулянттық теорияны қорғады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп те ленинизмнің қас жауы болған Троцкий Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады. — *191, 271, 310, 313, 486, 487.*

Турати (Turati), *Филиппо* (1857—1932) — итальян жұмысшы қозғалысының қайраткері, Итальян социалистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі, оның оңшыл, реформистік қанатының лидері. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Итальян социалистік партия-

сы жікке бөлінгеннен кейін (1922) реформистік Унитарлық социалистік партияны басқарды. 1926 жылы фашистік Италиядан Францияға эмиграцияға кетті.—*16, 17, 20, 159, 303, 482, 485.*

У

Унгерн фон Штернберг, Роман (1887—1921) — барон, неміс «төбет-рыцарьларының ұрпағы», патша армиясының бұрынғы есаулы, барып тұрған монархист. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Қиыр Шығыстағы ең жауыз контрреволюцияны ұйымдастырушылар мен оның басшыларының бірі; жапон империалистерінің итаршысы. 1921 жылғы августа тұтқынға алынып, көп кешікпей Сибирь революциялық трибуналының үкімі бойынша атылды.—*118.*

Уркарт, Лесли (1874—1933) ағылшын финансисі, өнеркәсіпші, білімі жөнінен кен инженері. Бірқатар ірі ағылшын қоғамдары басқармасының мүшесі және халықты қанап, Россияның зор байлығын иемденген Орыс-азиялық біріккен қоғамның председателі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясы мен экономикалық блокаданы ұйымдастырушылардың бірі. — *444.*

Ф

Фотиева, Л. А. (1881—1975) — 1904 жылдан КПСС мүшесі. 1904—1905 жылдары шетелдегі орыс большевиктік тобында істеді; Россиядағы астыртын ұйымдармен хат-хабар алысуда Н. К. Крупскаяға көмектесті. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясына және Октябрь социалистік революциясына қатысты. 1918 жылдан — Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің секретары әрі В. И. Лениннің секретары. 1933—1936 жылдары Ауыр өнеркәсіп халық комиссариатының Главэнерго жүйесінде істеді. 1939 жылдан 1956 жылға дейін — В. И. Лениннің Орталық музейінің ғылыми қызметкері. — *309.*

Фрисланд — қараңыз: Рейтер (Reuter), Эрнст.

Фроссар (Frossard), *Людовик Оскар* (1889 ж. туған) — француз социалисі, 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. Франция коммунистік партиясының негізін салуға қатысты, оның басшы комитетіне кірді. 1923 жылы коммунистік қозғалыстан қол үзіп, реформизм жағына шығып кетті. Екінші дүние жүзілік соғыс алдында мюнхендік саясатты қолдады. 1939—1940 жылдары — информация министрі. Коммунистік қозғалысқа және Совет мемлекетіне қарсы шықты. — *18, 486, 487, 492.*

Фрумкин, М. И. (1878—1939) — 1898 жылдан партия мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Красноярск губерниялық атқару комитеті мен губерниялық комитетінде жұмыс істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында: 1918—1922 жылдары—Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, халық комиссарының орынбасары, Сибирь революциялық комитеті председателінің орынбасары. Кейініректе — сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары, финанс халық комиссарының орынбасары. Оңшыл оппозицияға белсене қатысты. — *66.*

Х

Хаммер (Hammer), Юлиус — американ миллионері. Россиядағы Октябрь социалистік революциясына ниеттестік көзқараста болды. 1921 жылдан 1927 жылға дейін Алапаев асбест рудннгін (Уралда) пайдалану жөніндегі «Аламерико» американ концессиясы басқармасының председателі болды. — *532.*

Хейвуд (Haywood), *Уильям (Билль)* (1869—1928) — Америка Құрама Штаттары жұмысшы қозғалысының қайраткері. Кәсібі жөнінен кенші-жұмысшы. 1901 жылдан — социалистік партияның мүшесі, кейіннен — осы партияның сол қанаты басшыларының бірі. Дүние жүзі индустрия жұмысшылары ұйымының негізін салушылардың және басшыларының бірі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталысымен милитаризмді және империалистік соғысты айыптады. Октябрь социалистік революциясын құттықтады. Америка Құрама Штаттары Компартиясының негізі салынысымен-ақ оның қатарына кірді. Революциялық қызметі үшін қуғынға түсіп, Америка Құрама Штаттарынан кетіп қалды; 1921 жылдан бастап СССР-де тұрды; Кузбасс автономиялы индустриялық колониясын ұйымдастыруға белсене қатысты. Кейінгі жылдары революция күрескерлеріне көмек берудің Халықаралық ұйымында істеді және журналистік қызметпен шұғылданды. — *152, 154, 194.*

Хилквит (Hillquit), *Морис* (1869—1933) — американ социалисі, кәсібі жөнінен адвокат. Бастапқыда марксизмге қосылды, одан кейін оппортунизмге құлдырады. 1888 жылы Социалистік жұмысшы партиясына кірді. Осы партия жікке бөлінгеннен кейін Америка Құрама Штаттарында реформистік Социалистік партияның (1901) негізін салушылардың бірі болды. 1904 жылдан Халықаралық социалистік бюроның құрамына кірді, II Интернационал конгрестерінің жұмысына қатысты. — *159.*

Хинчук, Л. М. (1868—1944) — 1903 жылдан РСДРП-да болды, меньшевик; меньшевиктердің Орталық Комитетінің мүшесі болды; 1920 жылы большевиктік партияға кірді. 1917—1920-жылдары — Москва жұмысшы кооперативінің басқарма мүше-

сі, 1921 жылдан 1926 жылға дейін — Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы Басқармасының председателі. 1927 жылдан — СССР-дің Англиядағы, одан кейін Германиядағы сауда өкілі. 1934 жылдан — РСФСР ішкі сауда халық комиссары. — *273.*

Христенсен (Christensen), *Парлей Паркер* (1869—1954) — американ буржуазиялық қоғам қайраткері, білімі жөніпен юрист. 1920 жылы Жұмысшы-фермерлер партиясының негізін салушылардың бірі болды. — *322—323.*

Ц

Цедербаум, Ю. О. — *қараңыз:* Мартов, Л.

Цеткин (Zetkin), *Клара* (1857—1933) — герман және халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалысының аса көрнекті қайраткері, талантты жазушы, жалынды шешеп әрі трибун. Р. Люксембургпен, Ф. Мерингпен және К. Либкнехтпен бірге Бернштейнге және басқа да оппортунистерге қарсы күреске белсене қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында революциялық интернационализм позициясында болды, социал-шовинизмге қарсы шықты. 1916 жылы «Интернационал» тобына енді, ол топ көп ұзамай «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі. Коммунистік Интернационалдың III конгресінде Коминтерн Атқару Комитетіне сайланды. Оның халықаралық әйелдер секретариатын басқарды. 1924 жылдан бастап Революция күрескерлеріне көмек берудің халықаралық ұйымы (МОПР) Атқару Комитетінің председателі қызметіп үзбестен атқарды. — *97.*

Цыперович, Г. В. (1871—1932) — экономист әрі әдебиетші. Революциялық қозғалысқа 1888 жылдап бастап қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейіп кәсіптік одақтарда істеді, әр түрлі журналдарға жазып тұрды. 1919 жылы РКП(б)-ға кірді. 1921 жылдан 1929 жылға дейін Халық шаруашылығы советінде, Сыртқы істер халық комиссариатында және Ленинград облыстық жоспарлау комиссиясында істеді. Одан кейінгі жылдарда — Ленинград өнеркәсіп академиясының ректоры, Ленинград халық шаруашылығы советі президиумының мүшесі. — *191.*

Цюрупа, А. Д. (1870—1928) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1898 жылдан РСДРП мүшесі, большевик.

1917 жылғы ноябрьден бастап — азық-түлік халық комиссарының орынбасары; 1918 жылдың басынан — азық-түлік халық комиссары. 1921 жылдың аяқ кезінен — Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі Председателінің орын-

Шляпников, А. Г. (1885—1937) — 1901 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін еңбек халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне кірді; одан кейін кәсіподақ және шаруашылық жұмысында болды. 1920—1922 жылдары — антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобының ұйымдастырушысы және лидері. 1933 жылы партия тазалауы кезінде ВКП(б) қатарынан шығарылды. — *166, 371, 500.*

Шмераль (Šmeral), *Богумир* (1880—1941) — чехословак және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Чехословакия Компартиясының негізін салушылардың бірі. 1897 жылдан Чех социал-демократиялық партиясының мүшесі, оның басшы қайраткерлерінің бірі болды, осы партияның орталық органы — «Právo Lidu» («Право Лиду») газетінің редакциясына енді. Чехословак жұмысшы табының революциялық және ұлт-азаттық қозғалысына басшылық етуге белсене қатысты. 1918 жылдан социал-демократияның сол қанатының жұмысшы табының маркстік-лениндік партиясын құру жолындағы күресіне басшылық етті. Чехословакия Коммунистік партиясы құрылғаннан кейін (1921) — оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1921—1929 жылдары және 1935 жылдан бастап Коминтерн Атқару Комитетінің құрамына енді. 1938 жылдан СССР-де тұрды. — *46, 57, 63—64, 479, 494.*

Шмидт, В. В. (1886—1940) — 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1918—1928 жылдары — ВЦСПС секретары, одан кейін еңбек халық комиссары. 1928 жылдан — СССР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары. ВКП(б)-дағы оңшыл оппозицияға қосылды, бірақ көп кешікпей одан қол үзді. Партияның VII, XIV және XV съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. — *285.*

Штейнберг, П. Б. — орыс капиталисі, эмигрант, 1922—1924 жылдары — РСФСР-де «Тері шикізатын ел ішінде және сыртқа шығарып сату жөніндегі акционерлік қоғамды» («Кожсырье») құрушылардың бірі және осы қоғамның жарлықшы-директоры болды. — *273, 392, 393.*

Э

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер). — *12, 53, 240, 241—242, 303.*

Ю

Юденич, Н. Н. (1862—1933) — патша армиясының генералы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — контрреволюциялық «Солтүстік-Батыс үкіметінің» мүшесі, ақ гвардиялық солтүстік-батыс армиясының бас қолбасшысы. 1919 жылы Петроградты басып алуға екі рет сәтсіз әрекет жасады. Қызыл Армия талқандағаннан кейін 1919 жылғы ноябрьде Эстонияға шегінді, ал одан кейін Англияға кетті. — *172, 247, 301.*

Я

Яковенко, В. Г. (1889—1938) — 1917 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1918 жылдан — Сибирьде партизан қозғалысы басшыларының бірі, Солтүстік-Канск партизан майданы Советінің председателі, Канск уездік атқару комитетінің председателі, одан кейін Красноярск губерниялық атқару комитетінің председателі. 1922—1923 жылдары — РСФСР егіншілік халық комиссары; 1923 жылдан 1926 жылға дейін — әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссары. 1928 жылдан М. И. Калининнің қабылдау бөлмесінде, СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында, ал 1935 жылдан СССР Егіншілік халық комиссариатында істеді. — *406.*

Ярославский, Е. М. (1878—1943) — Коммунистік партияның көрнекті қайраткері, белгілі тарихшы әрі публицист, 1898 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін жауапты партия қызметінде істеді: Орталық Комитеттің Сибирь бюросының мүшесі, 1921 жылы — партияның Орталық Комитетінің секретары, 1923 жылдан 1934 жылға дейін — Орталық Бақылау Комиссиясының секретары. СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды, Ленин Институты дирекциясының құрамына кірді. Өмірінің соңғы жылдарында партияның Орталық Комитетінің лекторлар тобын басқарды, «Правданың» және «Большевик» журналының редакциялық коллегияларының мүшесі болды. 1939 жылдан — СССР Ғылым академиясының толық мүшесі. Коммунистік партияның және Россиядағы революциялық қозғалыстың тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *151.*

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(22 июнь, 1921—5 март, 1922)

1921

22 июньнен ертерек.

Ленин Коминтерннің III конгресіне әзірленеді: РКП(б) тактикасы туралы баяндаманың тезистерін жазады; конгресс қарарларын әзірлеу жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде ол аса маңызды қарарлардың жобаларымен танысып, оларға ескертпелер жасайды; Коминтерн Атқару Комитетінің конгреске арналған қарарлардың жобаларын және жекелеген коммунистік партиялардағы істің жайын талқылаған мәжілістеріне қатысып, сөз сөйлейді; конгреске келген делегаттармен кездесіп, әңгімелеседі.

22 июнь.

Ленин Сибирь революциялық комитеті председателінің орынбасары С. Е. Чуцкаевпен Сибирьде жаңа экономикалық саясатты жүргізу туралы әңгімелеседі және оған Сибирь істерін шешуде орталық мекемелерде орын алып отырған қағазбастылық фактілері туралы егжей-тегжейлі жазып беруді ұсынады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Архангельск, Вологда және Солтүстік Двина губернияларында облыстық экономикалық кеңестер құру туралы мәселелер, тұз өнеркәсібін өрге бастыру жөніндегі шаралар туралы қаулының жобасы, шетелден азық-түлік сатып алу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Коминтерннің III конгресінің бірінші мәжілісінде Ленин конгрестің құрметті председателі болып сайланады.

23 июнь. Ленин ескілікті заттар мен көркем бұйымдарды сатып алу және шетелде өткізу үшін Халық Комиссарлары Советі тағайындаған сарапшы комиссия туралы А. М. Горькиймен әңгімелеседі.

24 июнь. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда қапшықшылдыққа қарсы күрес туралы, Архангельск экспедициясын көмірмен жабдықтау туралы мәселелер, радио құрылысы туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда совет мекемелеріндегі қызметшілерге коллективтік еңбек ақы төлеу туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин кенші жұмысшылар одағы Орталық комитетінің председателі Артеммен (Ф. А. Сергеевпен) әңгімелеседі.

25 июнь. Ленин Каширадағы құрылысты жұмыс күшімен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы Еңбек халық комиссариатына қатынас қағазға қол қояды.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Төменгі және Орта Поволжьеде егіннің шықпай қалуына қарсы күрес шаралары туралы И. А. Теодоровичтің баяндамасы, партия тазалауы туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасы, астық сатып алу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Россия оқу атласының материалдарын қарап шығып, оларға толықтырулар енгізеді және атласты құрастыру жөніндегі комиссияның председателі В. Д. Кайсаров пен И. И. Ионовқа хат жазып, атлас жұмысының мерзімін және комиссия мүшелері арасында міндеттердің бөлінуін хабарлауды, сондай-ақ басуға берер алдында атластың тексті мен карталарын жіберуді өтінеді.

28 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Халық Комиссарлары Советі совет мекемеліріндегі қызметшілерге коллективтік еңбек ақы төлеу ту-

ралы мәселе жөнінде 1921 ж. 24 июньде тағайындаған комиссияның баяндамасы талқыланғанда Лениннің ұсыныстары негізге алынады. Сондай-ақ мәжілісте жеке меншік жүктерді тасуға темір жол тарифтары туралы мәселе, күздік егісті егу туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Коминтерннің III конгресінде К. Лаццари сөз сөйлеп тұрған кезде итальян мәселесі жөнінде жазбалар жасап, сөйлейтін сөзінің жоспарын жазады, содан соң итальян мәселесі жөнінде сөз сөйлейді.

29 июнь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының таңертеңгі мәжілісіне қатысады, онда анархистер туралы, Центроэвак туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді, онда «Еңбек және Қорғаныс советінен (СТО) жергілікті совет мекемелеріне тапсырма» бекітіледі.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының кешкі мәжілісіне қатысады, онда ерекше мақсатты бөлімдер туралы Л. Д. Троцкийдің баяндамасы, Ашыққандарға көмектесу жөніндегі бүкіл россиялық комитет туралы А. М. Горькийдің ұсынысы және басқа мәселелер талқыланады.

30 июнь. Ленин РСФСР-дің Германиядағы сауда өкілі Б. С. Стомоняковқа хат жазып, Кашира электр станциясы құрылысының бас инженері Г. Д. Цюрупаға Берлинде осы құрылысқа қажетті жабдықтар алу ісінде барынша көмек көрсетуді, әсіресе ақша жағынан көмектесуді өтінеді.

Июнь. Ленин ««Табынан азғандық» туралы кітапшаның жоспарын» жазады.

1 июль. Ленин Коминтерннің III конгресінің мәжілісінде Коминтерн тактикасын жақтап сөз сөйлейді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда транспортқа жұмыс істейтін заводтарды азық-ту-

лікпен үздіксіз жабдықтау туралы мәселе, РСФСР-дің егін шықпай қалуынан зардап шеккен жерлерінде күздік егіс егу туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

2 июль. Ленин Г. М. Кржижановскийге хат жазып, оның «Біздің сыншыларға» деген мақаласының алғашқы нұсқасына пікір айтады және Г. М. Кржижановскийдің Еңбек және Қорғаныс Советіне Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының жұмысы туралы баяндамасы жөнінде ұсыныстар жасайды.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда жауапты қызметкерлерге жаңа тариф бекітіледі, Лесли Уркарт фирмасына концессиялар туралы мәселе және басқа мәселелер талқыланады.

3 июль. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советі мен РКП(б) Орталық Комитетінің астық өндірілетін губернияларда егіннің шықпай қалуына байланысты заттай салық жинау жөніндегі науқанды тез өткізу туралы Тула, Орел, Курск және басқа губерниялық комитеттерге директивалы нұсқаулар берілген телеграммаға қол қояды.

4 июль. Ленин Г. М. Кржижановскийге «Мемлекеттік шаруашылықтың «жоспары» жөніндегі пікірлер» деген хат жазады.

5 июль. Ленин Коминтерннің III конгресінің мәжілісінде РКП(б) тактикасы туралы баяндама жасайды.

6 июль. Ленин Коминтерннің III конгресінің тактика жөніндегі комиссиясының мәжілісіне қатысады, онда Коминтерн тактикасы туралы тезистер редакцияланады.

Ленин Коминтерннің III конгресінің тактика жөніндегі комиссиясының мәжілісіне қатысып, чехословак мәселесі жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің Харьковке — Украина азық-түлік халық комиссары М. К. Владимировқа Донбассты азық-ту-

лікпен жабдықтау туралы телеграммасына қол қояды.

7 июль. Ленин Коминтерннің III конгресінің тактика жөніндегі комиссиясының мәжілісіне қатысушыларға хат жазып, солшыл венгр жолдастарға қарсы өзінің тым қатты айтқаны жөнінде кешірім сұрайды.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда партия тазалауы жөніндегі бестікті тағайындау туралы мәселе, бандитизмге қарсы күрес жөніндегі комиссияның баяндамасы, алтынды өткізу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

8 июль. Ленин шаруашылықты дефицитсіз жүргізгені үшін кәсіпорындар мен мекемелерге сыйлық беру туралы партияның Орталық Комитетінің Саяси бюросына ұсыныс жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросына өтініш жазып, науқастануына байланысты аптасына 2—3 рет Саяси бюроның, Халық Комиссарлары Советінің, Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілістеріне келіп тұратын болып, бір ай демалыс алуына рұқсат етуді өтінеді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Г. М. Кржижановскийдің Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының жұмысы туралы баяндамасы бойынша жазбалар жасайды, өзінің осы мәселе жөнінде сөйлейтін сөзінің нобайын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Еңбек және Қорғаныс Советі комиссиясының Баку мен Донбассқа баруы туралы мәселе талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халық Комиссарлары Советі совет мекемелеріндегі қызметшілерге коллективтік еңбек ақы төлеу туралы мәселе жөнінде 1921 ж. 28 июньде тағайындаған комиссияның баяндамасы, жұмысшыларды коллективті түрде жабдықтау үшін кәсіпорындармен шарттар жасасудың тәртібі жөнінде нұсқау әзірлеу туралы, финанс сипатындағы мәселелерді талдап жасауды бір органда шоғырландыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Кеш дегенде 9 июль.	Ленин Коминтерннің III конгресінің «Тактика туралы мәселе жөніндегі тезистерінің» жобасына ұсыныстар жазады.
	Ленин ашаршылыққа қарсы күрес шаралары туралы және шаруашылық жұмысын күшейту туралы жазбалар жасайды.
9 июль.	Ленин О. В. Куусинен мен В. Кёненге олардың ұйымдастыру мәселесі жөнінде Коминтерннің III конгресіне арналған тезистерінің жобасы жайында хат жазады (неміс тілінде) және жобаға қосымшалар енгізуді ұсынады.
	Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелерінен олардың пікірі сұралғанда) өзіне Саяси бюроның мәжілістеріне ғана қатысу правосымен бір ай демалыс беру туралы қаулының қабылдануын жақтаған пікір айтады.
	Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси Бюросының мәжілісіне қатысады, онда азық-түлік жұмысын күшейту туралы, партия тазалауы жөнінде Орталық Комитеттің нұсқау хаты туралы және басқа мәселелер талқыланады.
10 июль.	Ленин азық-түлік халық комиссарының орынбасары Н. П. Брюхановқа Москва мен Петроградты азық-түлікпен жабдықтау туралы хат жазады.
	Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің РСФСР-де жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру туралы тезистеріне түзетулер енгізеді.
Кеш дегенде 11 июль.	Ленин Коминтерннің III конгресі туралы мақала жөнінде жазбалар жасайды.
11 июль.	Ленин Коминтерннің III конгресіне келген неміс, поляк, чехословак, венгр және итальян делегациялары мүшелерінің кеңесінде бірнеше рет сөз сөйлейді және кеңес кезінде жазбалар жасайды.
	Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Петроград халқына азық-түлік жеткізу туралы Ф. Нансеннің ұсынысы жөнінде және басқа мәселелер жөнінде Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

12 июль. Ленин Поволжье өңірінде күздік егісті өткізу жөніндегі шаралар туралы телеграммаға қол қояды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда анархистер туралы, Ашыққандарға көмектесу жөніндегі комитет туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда халық комиссариаттарының заявкалары бойынша шетелден заттар сатып алу үшін алтынмен 20 миллион сом ақша бөлу туралы Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда мемлекеттік ірі кәсіпорындардың праволарын кеңейту туралы ереженің жобасы, шетелден әкелінетін товарлардың іс жүзінде пайдаланылуын бақылау шаралары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

13 июль. Ленин Горкиге демалысқа кетеді.

15 июль. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Советтердің Бүкіл россиялық IX съезі туралы, Орталық Комитеттің кезекті пленумы туралы, Ашыққандарға көмектесу жөніндегі комитет туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының алтын бөлу туралы жобасын қарау үшін 1921 ж. 12 июльде Еңбек және Қорғаныс Советі тағайындаған комиссияның баяндамасы талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының товар айырбасын күшейту туралы баяндамасы жөніндегі қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Маньчжуриядан астық сатып алу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

16 июль. Ленин Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы уәкілдерінің съезіне құттықтау жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Берлиндегі уәкілетті өкілді тағайындау туралы, кооперативтік кеңес туралы мәселелер, Халық шаруашылығы жоғары советінің экономикалық саясат туралы тезистері және басқа мәселелер талқыланады.

17 июль. Ленин Каширадағы құрылысқа қажет материалдарды Германиядан сатып алу туралы Л. Б. Красин мен Г. Д. Цюрупаға телефонограмма жазады.

Ленин Коминтерн Атқару Комитетінің «Жаңа жұмысқа кірісейік, жаңа шайқастарға әзірленейік. Барлық елдердің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне» деген үндеу хатына қол қояды.

Кеш дегенде 18 июль. Ленин герман кәсіподақтарынан шығарылған коммунистік қайраткерлер мен топтарды біріктіру туралы мәселе жөнінде Ф. Геккертпен әңгімелеседі.

18 июль. Ленин революциялық кәсіптік және өндірістік одақтардың Халықаралық I конгресіне құттықтау жазады.

19 июль. Ленин Поволжьенің ашыққандарына көмек көрсету туралы М. И. Калинин мен Л. Б. Каменевке телефонограмма жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда отын өнеркәсібін өрге бастыру жөніндегі шаралар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

20 июль. Ленин РСФСР-дегі автономиялы республикалар туралы мәселе жөнінде С. Саид-Галиевке хат жазады.

Ленин революциялық кәсіптік және өндірістік одақтардың Халықаралық I конгресіндегі герман делегациясының мүшелері Р. Мюллер мен Г. Мальцанға конгрестің Германиядағы кәсіподақтар туралы қарары жөнінде хат жазады (неміс тілінде).

21 июль. Ленин Л. Б. Каменевке жазған запискасында РКП(б) Орталық Комитетінің жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру туралы тезистерінің Каменев жазған нобайына түзету жасауды ұсынады.

22 июль. Ленин шетелден үңгігіш машиналар сатып алу туралы Көмір бас комитетіне хат жазады.

23 июль. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен олардың пікірі сұралғанда) ашыққан губерниялар үшін тұқым сатып алуға алтынмен 12 миллион сом бөлу туралы Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтап және басқа мәселелер жөнінде пікір айтады.

25 июль. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) «II Интернационал Атқару комитетінің Грузия туралы мәселе жөніндегі үндеуі» туралы Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин Г. В. Чичеринге хат жазып, грузин меньшевиктерін әшкерелеу жөніндегі очерктің әзірленуін тездету және басқа шаралар қолдану туралы қаулыны РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросынан өткізуді ұсынады.

26 июль. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Москва мен Петроградқа астық бөлу туралы және басқа мәселелер туралы Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

27 июль. Ленин К. Цеткин Германияға кетер алдында онымен Коминтерннің III конгресі жұмысының қорытындылары туралы және оның шешімдерін Германияда жүзеге асырудың жолдары туралы әңгімелеседі.

28 июль. Ленин өзінің К. Цеткинмен әңгімесі туралы Г. Е. Зиновьевке хат жазып, Германияның барлық жұмысшыларын олардың капиталдың шабуылына қарсы күресінде біріктіру

ісін коммунистердің қолдауын жақтаған пікір айтады.

Ленин партияның Орталық Комитетіне РКП(б) Орталық Комитеті Сибирь бюросы мен Сибирь революциялық комитетінің «Сибирь совет мекемелері мен Сибирь партия ұйымдарын ұйымдастыру формалары туралы» тезистерін қолдау қажеттігі жайында ұсыныс жазады; бұл тезистерде Сибирьдің тағайындау принципі бойынша құрылған облыстық (совет және партия) орталықтарының болуы қажеттігі негізделген еді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Л. Д. Троцкийді Украинаға азық-түлік жұмысына тағайындауды бұзу туралы және армияны шаруашылық жұмысқа көшіру жөніндегі қаулысының жобасын жазады.

29 июль. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Украинада азық-түлік салығын салу туралы Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

1 август. Ленин Г. И. Мясниковқа оның «Көкейкесті мәселелер» деген мақаласында бірқатар теріс қағидалар бар екенін көрсетіп хат жазады, онымен әңгімелескісі келетінін айтады және Мясниковтың қандай «баспасөз бостандығын» тілейтіні мақалада анық айтылмағандықтан мұны да өзіне жазып жіберуін өтінеді.

2 август. Ленин Советтік Россияның астық шықпай қалуы салдарынан ашыққан халқына көмек көрсету туралы халықаралық пролетариатқа үндеу жазады.

Ленин Поволжьенің ашыққан жұмысшылары мен шаруаларына көмек көрсету туралы Украина шаруаларына үндеу жазады.

Ленин Л. К. Мартенске хат жазады, онда Американың «Советтік Россияға техникалық көмек қоғамына» телеграмманың текстін ұсынады.

Ленин В. В. Адоратскийге хат жазады, онда К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Хаттар. Маркс

пен Энгельстің жазысқан хаттарындағы теория мен саясат» деген жинақты басуға әзірлеу жұмысы жөнінде оған кеңес береді.

3 август. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда жаңа егінге дейін азық-түлікпен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

5 август Ленин Г. И. Мясниковқа хат жазады.

7 августан ертерек. Ленин Мемлекеттік құрылыстар комитеті коллегиясының мүшесі инженер Г. Д. Цюрупамен Комитеттегі істің жайы туралы әңгімелеседі.

Ленин құрылысшылар одағы Орталық комитетінің председателі Т. В. Сапроновпен Мемлекеттік құрылыстар комитеті коллегиясының мүшесі инженер Г. Д. Цюрупаның жұмысына көмек көрсету қажеттігі туралы әңгімелеседі.

8 август. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының таңертеңгі мәжілісіне қатысады, онда Украина үшін ақша знактарының мөлшерін көбейту туралы Х. Г. Раковскийдің ұсынысы, Орталық Комитет мүшесі А. Г. Шляпниковтың партиялық тәртіпті бұзуы туралы, Румыниямен қатынас туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының кешкі мәжілісіне қатысады. Ашаршылыққа қарсы күрес шаралары туралы және азық-түлік салығы туралы мәселе талқыланған кезде Ленин ашаршылыққа қарсы күрес жөнінде шаралар қолдану үшін партияның Орталық Комитетінің Москвадағы мүшелері — әскери қызметкерлер кеңесін ұйымдастыру қажеттігі туралы ұсынысты жазады; Украинада азық-түлік салығын жинау туралы есептер шығарады. Ф. Э. Дзержинскийдің транспорттағы жағдай туралы қорытындылары жөнінде ұсыныстарын жазады. Мәжілісте сондай-ақ М. И. Калининнің ашыққан губернияларға баруы туралы, РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

9 август. Ленин А. М. Горькийге записка жазып, емделу үшін оның шетелге баруы керектігін баса айтады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен мәжілісіне қатысады; Орталық Комитет мүшесі А. Г. Шляпниковтың партиялық тәртіпті бұзуы туралы сөз сөйлеп, Шляпниковты Орталық Комитеттен және партиядан шығару туралы ұсыныс енгізеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының таңертеңгі мәжілісіне қатысады, онда «Жаңа экономикалық саясаттың негіздерін жүзеге асыру туралы тезистер» талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының кешкі мәжілісіне қатысады, онда Л. Д. Троцкийдің жұмысы туралы Лениннің ұсынысы бекітіледі. Мәжілісте сондай-ақ армиядағы жағдай туралы мәселе, украин мәселелері, «Правда» газетінің редакциясы туралы және басқа мәселелер талқыланады. В. И. Лениннің сырқаттануы себепті оның сарыла жұмыс істеуіне тыйым салу туралы Н. И. Бухариннің мәлімдемесін талқылап, пленум мынадай шешім қабылдайды: «Ленин жолдасқа дәрігердің (профессор Гетье) көрсеткен уақыты мен шарттарын дәл сақтай отырып, демалысын одан әрі жалғастыру міндеттелсін, Ленин жолдас Орталық Комитет секретариатының алдын ала ресми келісімі болатын мәжілістерге (советтік және партиялық) және сондай жұмыстарға ғана қатыстырылсын».

12 август. Ленин Москваға астық жеткізетін маршруттарды үнемі жөнелтіп тұру туралы Сибирьдің басшы органдарына жіберілетін телеграммаға қол қояды.

13 август. Ленин Англия Коммунистік партиясының Коминтерн Атқару Комитеті жанындағы өкілі Томас Беллге хат жазады.

14 август. Ленин «Неміс коммунистеріне хат» жазады.

16 август. Ленин Орталық статистика басқармасының басқарушысы П. И. Поповқа өнеркәсіп пен

егіншілік жөніндегі ағымдағы статистиканы жолға қою туралы хат жазады.

20 август. Ленин «Жаңа заман, жаңа түрдегі ескі қателер» деген мақала жазады.

22 август. Ленин Г. Е. Зиновьевке телефонограмма жазып, өзінің «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабының немісше басылымына арнап Петроградқа жіберілген алғы сөзді іздестіруді өтінеді, шетелдік, әсіресе коммунистік баспасөзде Советтік Россиядағы ашыққандарға жәрдем көрсету жөнінде кең көлемді насихат жүргізудің қажеттігін айтады.

23 август. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) ауыл шаруашылық кооперациялары губерниялық бірлестіктерінің бүкіл россиялық съезі туралы мәселе жөніндегі және басқа мәселелер жөніндегі Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

24 август. Ленин (партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Орталық Комитеттің үгіт бөлімінің жұмысы туралы және Закавказье республикаларының экономикалық бюросын құру туралы Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ерте дегенде 24— кеш дегенде 28 август. Ленин өзінің «Жаңа заман, жаңа түрдегі ескі қателер» деген мақаласының корректурасын қарап шығып, түзетулер енгізеді, оны «Правда» газеті редакциясына тезірек жеткізуге жарлық береді.

25 август. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады.

26 август. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне барон Унгернді әскери трибунал сотына тарту туралы телефонограмма жазады.

27 август. Ленин қызмет көрсетілгені үшін ақы төлеуді енгізу жұмысшылар жағдайының нашар-

лауына әкеп соқпауы туралы мәселені зерттеу үшін комиссия құрудың қажеттігі туралы Кіші Халық Комиссарлары Советіне хат жазады.

31 август. Ленин Гидроторфқа инженер Р. Э. Классонға шымтезекті заводтық әдіспен құрғату жөніндегі өнер табысын тексеру қажеттігі туралы хат жазады.

1 сентябрь. Ленин Орталық статистика басқармасының басқарушысы П. И. Поповқа ағымдағы статистиканы жолға қою туралы нұсқау берілген хат жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің органы «Экономическая Жизнь» газетінің шаруашылық құрылыс мәселелерін жазып отырудағы негізгі міндеттері туралы осы газет редакциясына хат жазады.

Ленин парсының коммунист-майдагері кестелеп тіккен өзінің екі портретін сыйға алады, парсы майдагерлерінен сыйлықты алғанын растап записка жазады және оны тиісті жерге жолдауды өтініп А. С. Енукидзеге жібереді.

2 сентябрьден ертерек. Ленин дыбыс күшейткіштер мен радио қабылдағыштар дайындап, оларды сынақтан өткізу мәселесі жөнінде Н. П. Горбуновқа хат жазады.

2 сентябрь. Ленин почта және телеграф халық комиссары В. С. Довгалевскийге хат жазып, Москва радиостанциясының жұмысы және радио қабылдағыштар мен дыбыс күшейткіштер жасау ісінің жайы туралы мәліметтер беруін өтінеді.

РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде Россиядағы ашыққандарға жәрдемге Европа жұмысшылары жинаған қаржының есебін алуды ұйымдастыру туралы қаулының Ленин жазған жобасы қабылданады.

8 сентябрь. Ленин Н. П. Горбуновқа хат жазып, Еңбек және Қорғаныс Советі жанындағы экспорт жөніндегі Тотенше комиссияның, сондай-ақ Гидроторфтың жұмысымен үнемі таныса

отырып, ол туралы өзіне хабарлауды өтінеді. Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі іс басқарушысының жұмысын дұрыс жолға қою туралы нұсқаулар береді.

Ленин Д. И. Курскийге қағазбастылыққа қарсы күрес шаралары туралы записка жазады.

Ленин шетел жұмысшыларының Россиядағы ашыққандарға жәрдемге қаржы жинауының барысы туралы мәліметті хабарлауды өтініп, Коминтерн Атқару Комитетінің секретарына хат жібереді.

4 сентябрь. Ленин Россиядағы ашыққандарға көмектесу жөніндегі Ж. Нуланс басқарған Халықаралық комиссияның азық-түлікті бөлуге арнаулы комиссия тарапынан бақылау орнатуды талап етуіне байланысты РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жобасын жазады.

5 сентябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің статистика бөліміне жазған хатында совет аппаратында істейтін басшы партия кадрларының есебін алып отыру туралы нұсқау береді.

Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Сибирь бюросының барон Унгерңді терген, соттау үшін Сибирьде қалдыруды сұраған өтінішін қанағаттандыру туралы, Темір жол және су транспорты біріккен одағы орталық комитетінің конференциясындағы РКП(б) фракциясының қарары туралы және басқа мәселелер жөніндегі Саяси бюро шешімдерінің жобаларын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин Орталық статистика басқармасының жаңа экономикалық саясат тұсындағы жұмысы туралы П. И. Поповпен әңгімелеседі.

5 немесе 6 сентябрь. Ленин мемлекеттің асырауындағы адамдар санын қысқарту және астық қорын жасау жөнінде Азық-түлік халық комиссариатына директивалар туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жобасына қосымша жазады.

6 сентябрь. Ленин Кашира электр станциясы құрылысын көмірмен жабдықтау туралы Отын бас комитетіне телефонограмма жазады.

7 сентябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының алтын қоры туралы қаулысының жобасын жазады.

Ленин Кашира электр станциясы құрылысына арналған заказдардың бәрін шұғыл орындау туралы Коломна заводына телеграммаға қол қояды.

Ленин Гидроторф жөніндегі комиссияның мәжілісіне қатысады.

8 сентябрь. Ленин Волховстройды ақша қаражатымен қамтамасыз ету туралы Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумына телефонограмма жазады.

Ленин (РКП (б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Қатынас жолдары халық комиссариатының ішкі ұйымдастыру ісін жақсарту туралы комиссия қаулысын және басқаларын Саяси бюроның бекітуін жақтаған пікір айтады.

10 сентябрь. Ленин Қырғыз (Қазақ) республикасы Орталық Атқару Комитетіне Халық шаруашылығы жоғары советінің ерекше жарлығы болғанға дейін Риддер рудниктеріндегі жұмысты тоқтатпауға жарлық етілген телеграммаға қол қояды.

11 және 17 сентябрь аралығында. Ленин Риддер рудниктерінің басқарушысы Е. Ф. Домненкомен рудниктерді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстардың барысы туралы әңгімелеседі.

12 сентябрь. Ленин Кашираدағы құрылысты астықпен және жеммен жабдықтау туралы азық-түлік халық комиссарының орынбасары Н. П. Брюхановқа телефонограмма жазады.

Ленин Каширадағы құрылысты электротехникалық материалдармен жабдықтау туралы Халық шаруашылығы жоғары советі электр бөлімінің меңгерушісі Н. Н. Вашковқа жарлық жазады.

Ленин мемлекеттің жабдықтауындағы кәсіпорындар мен мекемелер санын азайтудың қажеттігі туралы барлық облыстық және губерниялық экономикалық кеңестерге телеграмманың жобасын жазады.

13 сентябрь. Ленин Москва қоймаларында сақтаулы кітаптарды еркін сату туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жобасын жазады.

Ленин денсаулық сақтау халық комиссары Н. А. Семашкоға хат жазып, өзіне Қырым мен Кавказдағы курорттардың жағдайы туралы мәліметтер беруді және бұл курорттардағы істің жайын тексеру әдістері туралы хабарлауды өтінеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады. Республика Революциялық-әскери советі жанындағы Москва бірлестігі басқармасы туралы ереже талқыланған кезде Революциялық-әскери советтің Москва Советінің президиумымен шартқа қол қоюы туралы ұсыныс енгізеді, бұл ұсынысты Саяси бюро қабылдайды. Мәжілісте сондай-ақ шетел мемлекеттеріне борыштар туралы, кезекті партия конференциясы туралы, Орталық Комитеттің кезекті пленумы, Түркістан істері туралы, Гидроторфтың шетелге берген заказдарына алтын валюта бөлу туралы, алтын қоры туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының 1921 ж. 3 августағы шешімімен Түркістанға жіберілген А. А. Иоффеге хат жазып, Түркістандағы саясат туралы мәселе бойынша партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде оның баяндама жасауы жөнінде нұсқаулар береді және жергілікті ұлттардың мүдделерін қорғау, олардың сеніміне ие болу жөніндегі халықаралық маңызы бар мәселеге ерекше көңіл бөлуін өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда 1921 ж. 9 сентябрьде Халық Комиссарлары Советі тағайындаған комиссияның Уркарт концессиясы туралы мәселе жөніндегі баяндамасы, тұзға мемлекеттік монополия жөнінде Халық

Комиссарлары Советі 1921 ж. 23 августа қабылдаған қаулының 8 және 9-пункттерін өзгерту туралы мәселе, тариф саясаты туралы тезистер және басқа мәселелер талқыланады.

14 сентябрь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Риддер, Екібастұз рудниктері мен басқа да рудниктерден трест құру ұсынысы туралы хабарлайды, осы мәселе жөніндегі және алтын қоры туралы мәселе жөніндегі қаулылардың жобаларын жазады. Мәжілісте сондай-ақ мемлекеттік банк туралы, Гознак туралы және басқа мәселелер талқыланады.

15 сентябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің секретары В. М. Молотовқа записка жазады, онда партия тазалауына байланысты кепілдеме берудің тәртібі туралы Орталық Комитеттің нұсқау хатының жобасын жариялау үшін ұсынады.

Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариатының шетел мемлекеттеріне борыштар туралы келіс сөздерді кейінге қалдыру жөніндегі ұсынысы туралы Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

16 сентябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Саяси бюроның мәжілістері туралы, алтын қоры туралы мәселелер, РСФСР Орталық статистика басқармасы мен УССР Орталық статистика бюросы келісімінің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Гохран жұмысын ерекше шұғыл және екпінді жұмыс деп тану туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ коллективті түрде жабдықтауды жүзеге асыру туралы мәселе, баспа ісін жолға қою туралы мәселе жөнінде Еңбек және Қорғаныс Советі тағайындаған комиссияның баяндамасы, Урал мен Сибирьдегі тас көмір өнеркәсібінің жағдайы туралы және көмір өндіруді арттыру жөніндегі шаралар туралы Отын бас

комитетінің баяндамасы, Волховстрой туралы, Поволжьедегі ашыққандар үшін отын жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

17 сентябрь. Ленин Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының өкілдерімен товар айырбасы туралы мәселе жөнінде өткізілген кеңеске қатысады және жазбалар жасайды.

19 сентябрь. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Қызыл Армияны қысқарту тәртібі туралы комиссияның қаулысы жөніндегі және басқа мәселелер жөніндегі Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин Россияға келген америкаи жұмысшылары тобының өкілдерімен әңгімелеседі, әңгіменің мазмұнын жазып алады және РКП(б) Орталық Комитетінің секретары В. В. Куйбышевке олар үшін Кузбасста өндірістік колония ұйымдастыру туралы хат жазады.

20 сентябрь. Ленин «Правда» газетіне арнап «Партия тазалауы туралы» деген бас мақала жазады.

Ленин Новгород губерниялық атқару комитетінің председателі В. Р. Пакунмен губерниядағы азық-түлік жағдайы, өнеркәсіпті қалпына келтіру туралы, Старорусск курорты туралы әңгімелеседі.

Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Петроград партия ұйымындағы жағдай туралы мәселе жөніндегі Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда жалпы финанс саясаты мәселелерін қарау үшін 1921 ж. 3 июльде Халық Комиссарлары Советі тағайындаған комиссияның баяндамасы, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы мен Халық Комиссарлары Советінің азық-түлік резерв қорын жасау туралы мәселе жөніндегі қаулысының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

21 сентябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, Петроград партия ұйымы туралы мәселе жөніндегі комиссияның құрамына кіреді. Мәжілісте сондай-ақ поляк мәселесі, Москвада бейпартиялық француз газетін құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

22 сентябрь. Ленин Россияға келетін американ жұмысшылары міндеттемесінің жобасын жазады.

Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) армияны демобилизациялау туралы және басқа мәселелер жөніндегі Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин А. М. Горькиймен Петроград ғалымдарының ғылыми еңбектерін басып шығару туралы әңгімелеседі және жазбалар жасайды.

23 сентябрь. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Петроград партия ұйымы туралы және басқа мәселелер жөніндегі комиссияның қаулысын Саяси бюроның бекітуін жақтаған пікір айтады.

Ленин Германияда жүрген Д. Б. Рязановқа записка жазады, онда К. Маркс пен Ф. Энгельстің барлық хаттарын жинастыру туралы В. В. Адоратскийдің өтінішін қолдайды.

Ленин жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары В. А. Аванесовқа Каширадағы құрылысты азық-түлікпен жабдықтаудағы қағазбастылық пен іркілістер туралы хат жазады және кінәлыларды тергеп, жауапқа тартуды ұсынады.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі П. А. Богдановпен тас жолдарды тездетіп салуға арналған американ машиналары туралы әңгімелеседі.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда милицияны азық-түлікпен жабдықтау тәртібі туралы мәселе, мемлекеттік астық заемы туралы қаулының жобасы, демобилизацияланғандарды тасымалдау туралы, еңбек бөлімдері туралы,

Мугань даласын суландыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

24 сентябрь. Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советінің председателі А. С. Киселевпен, географ-ғалым Н. Н. Баранскиймен, жаратылыс зерттеуші-ғалым А. П. Пинкевичпен және басқа адамдармен әңгімелеседі.

26 сентябрьден ертерек. Ленин Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы Н. П. Горбуновқа Москвадағы Үлкен театрдың үйін жөндеп, дұрыстау жөніндегі жұмыстардың барысын қадағалап отыруды тапсырады.

26 сентябрь. Ленин Г. К. Орджоникидзеге хат жазып, Азербайжан мұнай өнеркәсібі мемлекеттік бірлестігінің шетелмен өз бетінше сауда жасауы туралы мәселе жөнінде кеңес шақыруды, Еңбек және Қорғаныс Советінің 1921 ж. 30 сентябрьдегі мәжілісіне ұсыныс енгізуді өтінеді.

27 сентябрь. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советіндегі Орталық жабдықтау басқармасының (ЦУС) басқарма бастығы И. К. Ежовқа қойма шаруашылығындағы істерді жақсарту жөніндегі және талан-таражға салу мен қағазбастылыққа қарсы күресу жөніндегі шаралар туралы хат жазады.

Ленин «Рабкриннің міндеттері, оларды түсіну және оларды орындау туралы мәселе жөнінде» И. В. Сталинге хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Волга-Каспий каналының жұмыстарын Қатынас жолдары халық комиссариатының қарамағына беру туралы қаулының жобасы, жаңа ақшаны айналысқа қосудың тәртібі мен мерзімі, соған сәйкес жариялапатын материалдар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

28 сентябрь. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Темір жолдардағы отын жағдайы туралы Цектоп баяндамасы талқыланған кезде отын жөніндегі жұмысты жақсарту шараларын белгілеу үшін Лениннің қатысуымен кеңес шақыруға шешім қабылданады. Мәжілісте сондай-ақ ақ-

ша айналымы мен материалдық айналымға алдын ала ревизия жасауды жою туралы мәселе, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының жылдық азық-түлік жоспары туралы және Азық-түлік халық комиссариатының мемлекеттік жабдықтау жоспары туралы баяндамалары және басқа мәселелер талқыланады.

29 сентябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда экспорт жөніндегі жұмыстарды күшейту туралы шешімнің жобасы бекітіледі, дипломатиялық архив туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Егіншілік шаруашылықтары бас басқармасының қарамағындағы бірқатар совхоздар мен Республика өнеркәсіп орындарының үлгілі жұмыс істеуінің принциптік және практикалық маңызы, оларға көмек көрсету жөніндегі мәселені жедел әзірлеудің қажеттігі туралы Н. П. Горбуновқа записка жазады.

Ленин ашыққан губернияларға жәрдем көрсету туралы мәселе жөнінде А. В. Луначарскиймен әңгімелеседі.

30 сентябрь. Ленин темір жол транспортын отынмен жабдықтау туралы мәселе жөнінде Еңбек және Қорғаныс Советі тағайындаған комиссияның мәжілісінде председательдік етеді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда 1921—1922 жылдарға арналған астық ресурсын (астық және жарма) бөлудің жоспары, Еңбек және Қорғаныс Советі комиссиясының Баку, Грозный және Дон мұнай-көмір өнеркәсібін қалпына келтіру және өркендету жөніндегі шаралар туралы баяндамасы, Бзыбь орман концессиясын жасасу туралы мәселе жөнінде Г. К. Орджоникидзенің баяндамасы, Халық шаруашылығы жоғары советінің Егін шаруашылығы бас басқармасының Москва губерниясы совхоздарындағы мелиорация жұмыстары туралы баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советі жанындағы шетел әдебиеті комиссиясына 1914—1921 жылдардағы шетелдің ең жаңа техникалық

және ғылыми журналдары мен кітаптарының бәрін арнаулы кітапханаларға жинақтап, шетелдің барлық мерзімді басылымдарының үнемі алынып тұруын жолға қою туралы хат жазады.

3 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Саяси бюроның және РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжіліс өткізетін күндері туралы және басқа мәселелер талқыланады.

4 октябрь. Ленин Орталық статистика басқармасына П. И. Поповқа РСФСР халқына жүргізілген санақтың соғысқа дейінгі Россиямен салыстырылған алдын ала қорытындыларын кең тарату үшін басып шығару туралы записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халық Комиссарлары Советі финанс комиссиясының товар айырбасы туралы баяндамасы, Халық Комиссарлары Советі мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің РСФСР Мемлекеттік банкін құру туралы декретінің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

7 октябрь. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Москва отын бөлімін азық-түлікпен, жеммен және ақша знактарымен жабдықтау туралы мәселе, Қатынас жолдары халық комиссариаты мен Халық шаруашылығы жоғары советінің отқа төзімді кірпіш құюды көбейту шаралары туралы баяндамасы, алтын қорын ассигнациялау тәртібі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

8 октябрь. Ленин Бүкіл россиялық VIII электротехникалық съездің президиумына хат жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының таңертеңгі мәжілісіне қатысады, онда Москва қаласының финанс жағдайы туралы мәселе, товар айырбасы мен кооперация туралы Л. М. Хинчуктің, М. И. Фрумкиннің және Е. А. Преображенскийдің тезистері, Е. А. Преображенский мен Н. Н. Крестинскийдің финанс саясаты туралы баяндамасы,

армияның сап құрамын бекіту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының кешкі мәжілісіне қатысады; В. М. Молотовтың жауапты қызметкерлердің есебін алу және оларды орналастыру тәртібі туралы баяндамасы жөніндегі қаулының жобасына ұсыныс енгізеді, бұл ұсынысты пленум қабылдайды. Мәжілісте сондай-ақ П. А. Залуцкий мен Т. С. Кривовтың партия тазалауы туралы баяндамасы, Коминтерн туралы информациялық баяндама, сыртқы жағдай туралы, кәсіподақтардың Бүкіл россиялық конференциясы туралы, Советтердің Бүкіл россиялық съезі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Г. В. Чичериннің Қиыр Шығыс республикасы (ДВР) туралы ұсынысы талқыланған кезде 5 рет соз сөйлейді; Қиыр Шығыс республикасына директивалардың жобасын әзірлеуді Чичеринге тапсыру туралы қаулының жобасын жазады.

10 октябрь. Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советінің председателі А. С. Киселевке Иваново-Вознесенск губерниялық экономикалық кеңесінің осы губерниядағы ірі өнеркәсіптің экономикалық және саяси маңызы зор екенін ескеріп, олар үшін 40 мың азық-түлік пайегін арнайы сақтау туралы өтінішін қанағаттандыру қажеттігі туралы хат жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Петроград партия ұйымы туралы комиссияның ұсынысы бекітіледі; Украинада қант қызылшасын егуге жер бөлу туралы мәселе жөніндегі Саяси бюро директивасының жобасын, сондай-ақ жұмысшыларды қауіпсіздендіру туралы қаулының жобасын жазады, бұл жобаларды Саяси бюро қабылдайды. Мәжілісте сондай-ақ Украинаның экспорт қоры туралы, Г. В. Плехановтың архивін анықтау үшін Л. Г. Дейчтің шетелге баруы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

11 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне записка жазып, Қытай-

мен келіс сөздер жүргізуге және Қиыр Шығыс республикасы мен Жапонияның конференциясына өкілдер тағайындау туралы мәселені шұғыл шешуді ұсынады.

Ленин итальян банктерінің Советтік Россияға ақша заемын беру туралы ұсынысын қарау үшін және шетел заемдары кепілінің жалпы негіздерін жасау үшін партияның Орталық Комитеті Саяси бюросынан комиссия құру туралы ұсыныс жазады.

Ленин Румыниямен келіс сөздер жүргізу туралы мәселе жөнінде өзіне берілген (телефон арқылы пікір сұрау жолымен дауыс беру үшін) Г. В. Чичериннің ұсыныстары туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы шешімінің жобасын жазады және осы ұсыныстарға өзінің қосылатыны жайында пікір айтады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда алтын қорын ассигнациялаудың тәртібі туралы қаулының жобасы, Кіші Халық Комиссарлары Советі туралы ереже және басқа мәселелер талқыланады.

11 октябрьден кешірек. Ленин «Южный Металлург» газетінің 1921 ж. 11 октябрьдегі номерінің ашық шетіне Югосталь туралы жазба жасайды.

12 октябрь. Ленин С. Рутгерстің ұсыныстары туралы мәселе жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жобасын қоса В. М. Молотовқа записка жазады.

12 және 15 октябрь аралығында. Ленин С. Рутгерстің ұсыныстары туралы мәселе жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті мен Еңбек және Қорғаныс Советі қаулыларының жобасына қоса РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне хат жазады.

13 октябрь. Ленин Орыс-американ индустриялық корпорациясының председателі Сидней Хилманға Советтік Россияны экономикалық жағынан қалпына келтіруге американ жұмысшыларының көмегі туралы хат жазады.

14 октябрьден ертерек. Ленин «Октябрь революциясының төрт жылдығына» деген мақаланың жоспарын жазады.

14 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; А. Г. Шляпниковты азық-түлік жұмысына жіберу туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Түркістан мәселелері, товар айырбасы және кооперация туралы комиссияның баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин «Октябрь революциясының төрт жылдығына» деген мақала жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының Урал мен Сибирьдің көмір өнеркәсібі туралы баяндамасы, Негізгі транспорт комиссиясының 1921 жылғы июнь — август айларында жүргізілген жұмыс жайындағы баяндамасы, Украинадан азық-түлік әкелудің барысы туралы баяндама, отын жөніндегі үш апталық туралы Отын бас комитетінің баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

15 октябрь. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен олардың пікірі сұралғанда) Петроград партия ұйымы туралы Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Баку мен Азербайжандағы фракциялық күрес туралы мәселе талқыланған кезде ұсыныстар жазады, ол ұсыныстары осы мәселе жөнінде Саяси бюро қабылдаған қаулыға енгізіледі. Мәжілісте сондай-ақ Брюссель конференциясының Советтік Россиядан патшаның және Уақытша үкіметтің борыштарын мойындауды талап еткен шешіміне жауап туралы, флотты ықшамдау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

17 октябрьден ертерек. Ленин саяси ағарту комитеттерінің Бүкіл россиялық II съезінде «Жаңа экономикалық саясат және саяси ағарту комитеттерінің міндеттері» деген тақырыпта сөйлейтін сөзінің жоспарын жазады.

17 октябрь. Ленин Г. М. Кржижановскийге жүгерінің артықшылықтары туралы және 1922 жылғы

көктемгі егіс науқанын жүгері тұқымымен қамтамасыз ету туралы хат жазады.

Ленин финанс халық комиссары Н. Н. Крестинскийге хат жазып, ақша реформасын өткізуге әзірлік туралы нұсқаулар береді.

Ленин саяси ағарту комитеттерінің Бүкіл россиялық II съезінде «Жаңа экономикалық саясат және саяси ағарту комитеттерінің міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасайды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Москвадағы жұмысты жеңілдету туралы мәселе жөнінде хабарлама жасайды; концессиялар туралы қаулының жобасын жазады, бұл жобаны Саяси бюро қабылдайды. Мәжілісте сондай-ақ Кавказ мәселесі және басқа мәселелер талқыланады.

18 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне хат жазады, онда Г. В. Чичериннің Совет үкіметі патшалық Россияның борыштарын мойындайтындығы туралы мәлімдеме жасайтын болсын деген ұсынысына қарсылық білдіреді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің мемлекеттік тапсырма бойынша жұмыс істейтін советтік шаруашылықтар мен коллективтердің өнімдерін пайдалану туралы қаулысының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

19 октябрь. Ленин «Поляк коммунистеріне хат» жазады.

Ленин С. Рутгерс тобымен келісім жасасу туралы РКП(б) Орталық Комитеті қаулысының жобасын жазады және оны РКП(б) Орталық Комитетінің секретары В. М. Михайловқа жолдап, Саяси бюро мүшелеріне жағалата жіберуін өтінеді.

Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Россияға азық-түлік жіберуді ұйымдастыру жөнінде Американ жәрдем әкімшілігімен (АРА) екі арадағы шарттың жобасын бекіту туралы Саяси

бюро шешімін қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумына хат жазып, өзіне Иваново-Вознесенск аудандық электр станциясын (Руб көлінде) салу туралы мәліметтер мен материалдарды дереу жіберуді ұсынады.

Ленин ғалымдардың тұрмысын жақсарту жөніндегі Петроград комиссиясы председателінің орынбасары А. П. Пинкевичпен Петроградтың жоғары оқу орындары туралы және Петроград ғалымдарының әдеби еңбектерін басып шығару туралы әңгімелеседі.

20 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; С. Рутгерс тобымен келісім жасасу туралы мәселе жөнінде ұсыныс жасап соз сөйлейді; СКФ фирмасымен концессия жасасу туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды, Ф. Э. Дзержинскийдің демалысын ұзарту туралы және мақта-мата кәсіпорындарын біріктіру туралы мәселелер талқыланғанда сөз сөйлейді; Финанс халық комиссариатының өз өкілдерін Еңбек және Қорғаныс Советіне, облыстық және губерниялық экономикалық кеңестерге шешуші дауыспен енгізу туралы өтінішінің талқылануына байланысты қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ борыштарды мойындау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

21 октябрь. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде Еңбек және Қорғаныс Советіне берілетін есеп және оған арналған диаграммалар туралы баяндама жасауға әзірленеді; Еңбек және Қорғаныс Советіне арналған диаграммалар атласы жоспарының нобайын жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Я. Э. Рудзутак пен И. Т. Смилгаға демалыс беру туралы ұсыныс енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ бейтарап елдер капиталистерінің концессиялар туралы ұсыныстарын қараған комиссияның қаулысы, мақта-мата өнеркәсібін басқаруды ұйымдастыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Г. Д. Цюрупаның Кашира электр станциясын іске қосудың мерзімі туралы баяндалған запискасына байланысты онымен әңгімелеседі.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; «Фаулер» плугі туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасын енгізеді; Еңбек және Қорғаныс Советіне берілетін есеп және оған арналған диаграммалар туралы баяндама жасайды, баяндамадан соң Ленин жазған қаулы қабылданады. Мәжілісте сондай-ақ ашыққан аудандарда жер өңдеу үшін шетелден тракторлар сатып алу туралы, Муганьдағы (Азербайжанда) мелиорациялық жұмыстарға арнап материалдар мен қаражат болу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

22 октябрь. Ленин Берлинде жүрген Б. С. Стомоняковқа Кашира электр станциясы үшін материалдар жөнелтудің мерзімдері туралы телеграмма жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Канадаға өкіл тағайындау туралы мәселе, «Лесные поляны» совхозына станоктар мен аралар сатып алу үшін валюта бөлу туралы Н. Осинский мен Ф. В. Ленгниктің өтініші және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Дәрі-дәрмектер мен химиялық препараттар біріккен американ компаниясының өкілі А. Ю. Хаммерді, Югосталь басқармасының председателі И. И. Межлаукті, почта және телеграф халық комиссары В. С. Довгалевскийді, Сыртқы сауда халық комиссариатының өкілі Г. Г. Ягоданы және Шымтезек бас комитетінің председателі И. И. Радченконы қабылдайды.

Ленин Н. К. Крупскаямен, М. И. Ульяновамен және М. И. Калининмен бірге Москва зоотехникалық жоғары институтының оқу-тәжірибе шаруашылығында (Бутырь хуторында) электр плугін сынақтан өткізуге қатысады.

24 октябрь. Ленин Н. А. Семашкоға хат жазып, тұрғын үйлерді жақсарту апталығын өткізудің нәтижелері туралы хабарлауын өтінеді және

Москвада тазалықтың үлгі аларлықтай болуына жетуді талап етеді.

Ленин Брюссель конференциясының патша үкіметі мен Уақытша үкіметтің борыштарын Советтік Россияның мойындауын талап еткен шешіміне Совет үкіметінің жауап берген мәлімдемесінің жобасымен танысады, оған түзетулер жазады және Г. В. Чичеринге записка жазып, түзетулерімен қосып жібереді.

25 октябрь. Ленин егіншіліктегі аренда мен концессия туралы мәселе жөнінде Д. И. Курскийге хат жазады.

Ленин Юстиция халық комиссариатының тергеушісі П. И. Ройзманмен Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің «Фаулер» автоплугі туралы қаулысының орындалмай қалуы жөніндегі тергеудің барысы жайында әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда азаматтық праводан айыру туралы, мемлекет тарапынан жабдықталмайтын болған кәсіпорындардың өнімдерді еркін өткізуі туралы қаулылардың жобалары, мемлекеттік шикізат дайындау тәртібі туралы комиссияның баяндамасы, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты туралы ереженің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

26 октябрь Ленин Халық Комиссарлары Советінің шетелдегі темір жол заказдары жөніндегі уәкілі Ю. В. Ломоносовты, Донбасстағы тас көмір өнеркәсібі Орталық басқармасы председателінің орынбасары Д. Биткерді қабылдайды.

27 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мақта-мата өнеркәсібін басқару туралы қаулысының жобасын жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Халық Комиссарлары Советінің СКФ концессиясы туралы мәселе жөніндегі қосымша қаулысы туралы хабарлама жасайды. Патша үкіметі мен Уақытша үкіметтің борыштарын мойындау туралы мәселе жөнінде Саяси бюро

Г. В. Чичерин ұсынып, Ленин түзеткен мәлімдеменің жобасын қабылдайды. Мәжілісте сондай-ақ Советтердің Бүкіл россиялық съезін шақыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

28 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің секретары В. М. Михайловқа записка жазып, Лондондағы Л. Б. Красинге американ құрылыс компаниясы «Фаундэйшн компанимен» келіс сөздер жүргізу туралы телеграмманың жобасын жібереді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда шетелден цистерналар алуға заказ беру туралы мәселе, Брянск заводында ауыл шаруашылық машиналарын шығаруды күшейту туралы қаулының жобасы, Н. Осинскийдің егін шықпай қалған губерниялардағы егістің жоспары туралы баяндамасы, екпінді заводтарды азық-түлікпен, шикізатпен және отынмен қамтамасыз ету туралы комиссия баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

29 октябрьден ертерек. Ленин Москва губерниялық VII партия конференциясында жаңа экономикалық саясат туралы жасайтын баяндамасының жоспарын жазады.

29 октябрь. Ленин Москва губерниялық VII партия конференциясында «Жаңа экономикалық саясат туралы» баяндама жасайды; жарыс сөздерді жазып алады; берілген запискалардағы пікірлерді қорытады; баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

30 октябрь. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Ашыққандарға көмектесу жөніндегі комиссиясы мен Амстердам кәсіподақ интернационалының арасындағы келісім туралы Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

1 ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Еңбек және Қорғаныс Советінің жанынан ішкі сауданы реттеу жөнінде комиссия құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

2 ноябрь. Ленин Кашираддағы құрылысқа арналған жабдықтарды шетелден дер кезінде алу жөнінде шаралар қолдану туралы Г. Д. Цюрупаға хат жазады.

Ленин Ф. Платтенмен әңгімелеседі.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда барлық ведомстволардың Еңбек және Қорғаныс Советіне ай сайын статистикалық мәліметтер мен диаграммалар беріп тұруы туралы қаулылардың жобалары және металлургия өнеркәсібі туралы мәселе талқыланады.

3 ноябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда герман мәселесі жөніндегі қарар бекітіледі, мақтамата өнеркәсібін басқару туралы ереженің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

4 ноябрь. Ленин юстиция халық комиссары Д. И. Курскийге записка жазып, қағазбастылыққа қарсы күрестің қалай жүргізіліп жатқанын хабарлауды өтінеді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Орман бас комитеті бойынша қанша ағаш дайындалғанын есептеп шығарады. Мәжілісте сондай-ақ Россияны аудандарға бөлу жөніндегі секцияның жұмысы туралы Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының баяндамасы, Германия мен Швециядан паровоздар әкелу туралы, Волховтағы құрылысқа керекті турбиналарға заказ беру туралы, Карск экспедициясы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

5 ноябрь. Ленин «Алтынның қазіргі және социализм толық жеңгеннен кейінгі маңызы туралы» деген мақала жазады.

Ленин монғол делегациясымен әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; 1922 жылға арналған финанс жоспары мен эмиссия жоспары туралы қаулының жобасына ұсыныстар жазады, бұл ұсыныстар Халық Комиссарлары Советі қабылдаған қаулыға кіреді. Мәжілісте сондай-ақ Украинадан азық-түлік әкелудің барысы туралы, Урал мен Сибирь жол-

дарын минералдық отынмен қамтамасыз ету туралы және басқа мәселелер талқыланады.

6 ноябрь. Ленин Прохоров мануфактурасы жұмысшыларының Октябрь революциясының төрт жылдығын мерекелеуге арналған митингісінде сөз сөйлейді.

7 ноябрь. Ленин Хамовники ауданы жұмысшыларының, жұмысшы әйелдерінің, қызыл әскерлерінің және жастарының Октябрь революциясының төрт жылдығын мерекелеуге арналған жиналысында сөз сөйлейді.

Ленин № 3 «Электросила» (бұрынғы «Динамо») (қазір С. М. Киров атындағы «Динамо») заводы жұмысшыларының Октябрь революциясының төрт жылдығын мерекелеуге арналған жиналысында сөз сөйлейді, заводтың жұмысшыларымен және басшыларымен әңгімелеседі.

8 ноябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының алтын қоры жөніндегі комиссияны Саяси бюроға алтын қоры туралы үнемі деректер беріп отыруға міндеттейтін қаулысының жобасын жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; кәсіподақтар мен саяси ағарту комитеттері мәдениет бөлімдерінің қарым-қатынасы туралы қаулының жобасын жазады, бұл жобаны Саяси бюро қабылдайды. Мәжілісте сондай-ақ Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі М. И. Калининнің шетелдіктерге қызмет көрсету жөніндегі бюроны тексеру туралы баяндамасы, Монғолия үшін күміс бөлу туралы, металл өнеркәсібін басқару туралы, Курск магнит аномалиясының концессионерлерімен келіс сөздер туралы, тариф мәселесі және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда коллективті түрде жабдықтау туралы, Азық-түлік халық комиссариатының Егіншілік халық комиссариатына беретін тұқым мөлшерін көбейту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

9 ноябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Украинада азық-түлік салығын толық жинаудың маңызы және осы мақсатқа жету үшін жігерлі шаралар қолдану туралы қаулысының жобасын жазып, оны Саяси бюро мүшелеріне арнап В. М. Михайловқа жібереді.

10 ноябрь. Ленин Уфа губерниясы Уфа уезінің Булгаков болысындағы Бекетово деревнясының шаруаларын қабылдайды; олармен әңгімесін жазып алады.

Ленин В. Пик пен Ф. Геккертті қабылдап, олармен Германия Коммунистік партиясындағы жағдай туралы әңгімеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда ғалымдардың тұрмысын жақсарту туралы, тариф саясаты туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Бүкіл россиялық төтенше комиссияның «Шетел баспасөзіне шолу» деген басылымы туралы, Украинадағы азық-түлік жұмысы туралы және басқа мәселелер жөніндегі Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

11 ноябрь. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) кредит кооперациясы, кооперативтік банк құру және Москва биржасында алтынға ресми баға кесуге рұқсат ету туралы мәселелер жөніндегі Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Персия туралы мәселе жөнінде хабарлама жасайды. Алтын қоры жөніндегі комиссияның баяндамасы талқыланған кезде Ленин Саяси бюроға мәліметтер беруге арналған негізгі кестенің формасын ұсынады, форма бекітіледі. Мәжілісте сондай-ақ Г. В. Плехановтың семьясына жәрдем беру туралы, партия тазалауы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

	Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Еңбек және Қорғаныс Советі мәжілістерінің күн тәртібіне толықтырулар енгізіп, өзгерістер жасаудың тәртібі туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды; Халық шаруашылығы жоғары советінің электр плугтарын жасау жөніндегі тапсырмалардың орындалуы туралы баяндамасы бойынша қабылданатын қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Белоруссияға паектер бөлу туралы, транспорт жұмысшылары мен қызметшілеріне арналған қосымша паектар туралы мәселелер, Петроградты отынмен жабдықтау туралы қаулының жобасы, 1921—1922 жылдарға еттің, балық пен майдың түсу және бөліну жоспары және басқа мәселелер талқыланады.
12 ноябрь.	Ленин Еңбек және Қорғаныс Советіне берілетін есепті дер кезінде жіберуді талап етіп барлық экономикалық кеңестерге телеграмма жазады.
	Ленин финн социал-демократы Ю. Сироламен әңгімелеседі.
	Ленин 1919 жылғы Бавария Советтік Республикасы туралы, сол кезеңдегі коммунистік партияның саясаты туралы, атап айтқанда шаруаларға көзқарас жөніндегі саясаты туралы және басқа мәселелер жайында саяси эмигрант М. Левинмен әңгімеледі.
14 ноябрь.	Ленин В. М. Молотовқа записка жазады, онда РКП(б) Орталық Комитетінің партиялық және сот-тергеу мекемелерінің қарым-қатынасы туралы 1921 жылғы 16 июньдегі нұсқау хатының кемшіліктерін көрсетеді.
14 және 24 ноябрь аралығында.	Ленин Юстиция халық комиссариатына записка жазып, жалған көрсетінділер үшін жазалауды күшейту туралы ұсыныстар жасайды; бұл ұсыныстар Халық Комиссарлары Советінің тиісті декретіне енеді.
15 ноябрь.	Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Қатынас жолдары халық комиссариатының коллегиясы туралы, концессия жасасу туралы СКФ фирмасымен келіс сөздерді жалғастыру туралы, концессия жөніндегі істердің бәрін

ерекше комиссияда шоғырландыру туралы мәселелер, жұмысшыларды қауіпсіздендіру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

17 ноябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Түркістан туралы мәселе, Закавказье федерациясын құру туралы Кавказ бюросының қаулысы, партия тазалауының барысы туралы П. А. Залуцкийдің баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ерте деген-де 17 ноябрь. Ленин Азербайжан мемлекеттік банкінің ашылуына байланысты Азербайжан Советтік Республикасы Халық Комиссарлары Советінің председателі Н. Н. Наримановқа құттықтау телеграмма жібереді.

Кеш деген-де 18 ноябрь. Ленин Украина КП(б) Орталық Комитетінің өкілі М. Полозбен Украина компартиясын тазалау туралы, боротьбистер туралы және басқа мәселелер жөнінде әңгімелеседі.

18 ноябрь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Бүкіл россиялық партия конференциясы туралы, солтүстік-батыс шекараны күзету туралы мәселелер, алтын қоры жөніндегі комиссияның баяндамасы, Москва мен Петроград балаларына арналған паектар туралы, халықаралық заем туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда резерв қорының жайы туралы Азық-түлік халық комиссариатының баяндамасы талқыланады, Кашира мемлекеттік электр станциясын қабылдау жөніндегі комиссия бекітіледі, 1921 жылғы азық-түлік салығы науқанын өткізу жөніндегі Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті уәкілдерінің тәжірибесін есепке алу туралы, мұнай өнеркәсібінің шаруашылық есепке көшуі туралы қаулылардың жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; 1922 жылға арналған финанс жоспары мен эмиссия жос-

пары туралы мәселе талқыланып жатқан кезде осы мәселе жөніндегі қаулының жобасына толықтырулар енгізеді, бұл толықтырулар Халық Комиссарлары Советі қабылдаған қаулыға енгізіледі. Мәжілісте сондай-ақ шетел валютасы мен асыл металдар арқылы мәмлеге келу туралы Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

19 ноябрь. Ленин партиялық және сот-тергеу органдарының қарым-қатынасы туралы мәселені саяси мәселе ретінде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросына көшіру жайында В. М. Молотовқа записка жазып, Орталық Комитеттің тиісті нұсқау хатында коммунистердің сот жөніндегі жауапкершілігін күшейтудің көзделуін ұсынады.

20 ноябрь. Ленин Ю. Ремейконың «РКП(б) X съезінің шешімдері, кәсіподақ және Донбасс жұмысшылары» деген кітапшасын оқып шығып, белгілер қойып, кітапша туралы пікір жазады.

21 ноябрь. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) РКП(б) Бүкіл россиялық XI конференциясының күн тәртібі туралы Саяси бюро шешімінің жобасын және басқаларын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин Я. С. Ганецкийге партияға өтуге рекомендация жазады.

Ленин Украина КП(б) Орталық Комитетінің секретары Ф. Я. Конды, егіншілік халық комиссарының орынбасары Н. Осинскийді, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі П. А. Богдановты қабылдайды.

Ленин теңіз күштері қолбасшысының көмекшісі В. И. Зофпен, Қара теңіз флоты Революциялық-әскери советінің мүшесі А. В. Барановпен және Қара теңіз бен Азов теңізі әскери порттарының бас командирі және комиссары Н. Ф. Измайловпен флотты қайта құру және елдің оңтүстігіндегі әскери-теңіз күштерін нығайту туралы әңгімелеседі.

22 ноябрь.

«Правда» газетінің 263-номерінде Лениннің «Талантты кітапша» деген мақаласы жарияланады.

Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерімен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) пролеткульттер туралы қарардың жобасын және басқаларын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин мемлекеттік мүліктерді жеке арендаторлардың талан-таражға салуына қарсы күресу шаралары туралы И. В. Сталинге хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; еңбек-көлік салығының мәні түсіндірілетін плакат шығару туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ финанс комиссиясының мемлекеттік бюджеттің алдын ала белгіленген шығыс сметасын тексеру туралы баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

23 ноябрь.

Ленин Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына жазған хатында Иваново-Вознесенск аудандық электр станциясына (Руб көлінде) арналған құрылыс және шымтезек жұмыстарының программасын, 1922 жылға арналған мемлекеттік электр құрылысының жоспарын жасаудың қажеттігі туралы нұсқау береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің Экономикалық комиссиясына Л. Б. Каменевке П. Б. Штейнбергпен концессиялық шарт жасасу туралы хат жазады.

Ленин егіншілік халық комиссары С. П. Середаны, Норвег жұмысшы партиясының өкілдері О. Лианды, М. Транмельді, Х. Ольсенді, О. Шеффлоны және басқаларды қабылдайды.

24 ноябрь.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; А. С. Киселевке демалыс беру туралы ұсыныс жасайды. Мәжілісте пролеткульт туралы қаулы жөніндегі Лениннің ұсынысы талқыланады, Концессиялық комитеттің құрамы туралы хабарлама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ әкімшілік-сот органдарының партия комитеттерімен қарым-қатынасы туралы, шетелдік миссиялар туралы, әскери ведомство бюдже-

тін қайта қарау туралы, Украинаны қаржыландыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

25 ноябрь. Ленин Украина КП(б) Орталық Комитетінің мүшесі Э. И. Квирингті, Украина азық-түлік халық комиссары М. К. Владимировты және «Халықаралық жұмысшы көмегінің» бастысы В. Мюнценбергті қабылдайды.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Кен және алтын-платина өнеркәсібі бас басқармасының баяндамасы, Москва маңы бассейні кен жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау тәртібі туралы, Челябинск кен орындары туралы қаулылардың жобалары, Украинадан астық әкелу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

26 ноябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда материалдық және ақшалай жабдықтаудың мемлекеттік жоспары туралы, партияның Орталық Комитетінің пленумы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советіне келушілерді жіберу тәртібін оңайлату туралы Кремль комендантына жарлық жазады.

27 ноябрь. Ленин В. М. Молотовқа РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына ұсыныстар жасалған записка жазады.

Ленин Америка Құрама Штаттарының буржуазиялық Жұмысшы-фермерлер партиясының өкілі П. П. Христенсенмен әңгімелеседі.

Ленин Закавказье республикалары федерациясын құру туралы ұсыныстың бастапқы нұсқасын жазады.

Ленин Закавказье республикалары федерациясын құру туралы өзінің ұсынысы жобасына И. В. Сталин жасаған түзетуге жауап жазады.

Ленин Закавказье республикалары федерациясын құру туралы ұсыныс жобасының ақтық нұсқасын жазады.

28 ноябрь. Ленин А. Д. Цюрупаға хат жазады, онда Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі Председателі орынбасарларының жұмыс жоспарын баяндайды.

Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) ВЦСПС-тің кәсіподақтардың жұмысы туралы мәселе жөніндегі ұсыныстарын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин П. П. Христенсенді екінші рет қабылдайды (оған Сыртқы істер халық комиссариатының өкілі Б. И. Рейнштейн және Халық ағарту комиссариатының Саяси ағарту бас комитеті кино бөлімінің меңгерушісі П. И. Воеводин қатысады). Әңгіме кезінде кинооператор А. А. Левицкий Ленинді киноға түсіреді.

Ленин корей коммунистерін, геолог-ғалым Д. И. Мушкетовты және басқаларды қабылдайды.

29 ноябрь. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің «Шаруашылық саясат туралы» тезистеріне ескертпелер жазып, оларды өзінің запискасымен бірге И. Т. Смилгаға жібереді.

Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Закавказье республикалары федерациясын құру туралы мәселе жөніндегі Саяси бюро қаулысының жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда декабрьге арнап ақша знактарын бөлу жөніндегі комиссияның баяндамасы, ғалымдардың тұрмысын зерттеу және жақсарту жөніндегі комиссияның баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Москва губерниялық I ауыл шаруашылық съезінде сөз сөйлейді.

30 ноябрь. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) жабдықтау нормасын қысқарту туралы мәселе жөніндегі комис-

сияның қаулысын Саяси бюроның бекітуін жақтаған пікір айтады.

Ленин Владимир, Череповец, Рыбинск және басқа губернияларға командировкаға барып келген Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, партияда жоқ шаруа И. А. Петрушкинмен әңгімелеседі.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советі жанындағы Материалдық ресурстарды пайдалану комиссиясы туралы Л. Н. Крицманмен әңгімелеседі, оның комиссияны Финанс халық комиссариатына қосу туралы баяндамасын қарап шығып, баяндама жөнінде ескертпелер жазады.

1 декабрь. Ленин РКП(б) тарихы жөнінде жазбалар жасап, оларды өзінің запискасымен бірге Н. И. Бухаринге жібереді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының таңертеңгі мәжілісіне қатысады; коммунистік партиялардың біртұтас майдан тактикасы туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Азербайжан коммунистері арасындағы алауыздықтар туралы, Жоғары экономикалық комиссия құру туралы, әскери өнеркәсіптің жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының кешкі мәжілісіне қатысады; Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы қаулы жобасының нобайын жазады, шетелдегі совет газеттері туралы және А. Д. Цюрупаның жұмысы туралы хабарлама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ РСФСР мен УССР-дің Польшадағы өкілдерінің қарым-қатынасы туралы, концессиялар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

2 декабрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне антипартиялық және антисоветтік «Біз — коллективистерміз» деген платформа туралы хат жазады.

Ленин Донбассты қалпына келтіру туралы химик-ғалым В. Н. Ипатьевпен және Сыртқы істер халық комиссариатының іс басқарушысы П. П. Горбуновпен әңгімелеседі.

Ленин Дон бассейні тас көмір өнеркәсібінің орталық басқармасын кен істері жөніндегі шетел әдебиетімен қамтамасыз етудің қажеттігі туралы Шетел әдебиеті комитетіне хат жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Еңбек және Қорғаныс Советі жанындағы Материалдық ресурстарды пайдалану комиссиясы жөніндегі ережені қайта қарау туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ мемлекеттік платина кәсіпорындарын біріктіру туралы комиссияның баяндамасы, қант өнеркәсібі туралы мәселе, А. Ю. Хаммермен шарт бойынша алынған 1 миллион пұт астықты пайдалану туралы қаулының жобасы, мұздатылған картоп сатып алу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

3 декабрь. Ленин өзінің тапсыруымен А. Дивильковскийдің А. С. Енукидзеге, В. А. Карпинскийге, Ф. Э. Дзержинскийге, П. А. Залуцкийге, В. М. Михайловқа және В. М. Молотовқа ««Тікелей байланыс» жасау туралы» жазған хатына толықтыру енгізіп, қол қояды.

Ленин партияны тексеру және тазалау жөніндегі Москва губерниялық комиссиясына бұрынғы меньшевик Л. Г. Шапироның партиядан шығарылуы дұрыс болмағаны туралы хат жазады.

РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы «Біз — коллективистерміз» деген платформаны әшкерелеу жөнінде кітапша шығару туралы Лениннің ұсынысын және Ленинге 1921 жылғы 2—17 декабрь аралығындағы кезеңде он күндік демалыс беру туралы шешімді (Саяси бюро мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірін сұрау жолымен) қабылдайды.

Ленин Г. Я. Сокольниковты, П. И. Воеводинді, кинооператор А. А. Левицкийді, Коминтерн Атқару Комитетіндегі Америка Коммунистік партиясының өкілдері Р. Майнор мен Л. Каттерфельдті, американ журналист әйелі Б. Биттиді қабылдайды.

5 декабрь. Ленин Р. Майнорға (Д. Баллистерге) және Л. Каттерфельдке (Д. Каррға) хат жазып

(ағылшын тілінде), өзінің «Егіншілікте капитализмнің даму заңдары туралы жаңа деректер. I кітап. Америка Құрама Штаттарындағы капитализм және егіншілік» деген кітабы туралы олардың пікірін сұрайды және 1920 жылғы Америка Құрама Штаттары халқының санағы материалдарының ресми басылымын өзіне салып жіберуді өтінеді.

Ленин Сыртқы сауда халық комиссариатына, Финанс халық комиссариатына, Халық шаруашылығы жоғары советіне және Халық ағарту комиссариатына хат жазып, итальян кинематографиялық фирмасы «Чито Чинеманың» Россияда фильмдер түсіру мен оларды сатып алу концессиясы туралы ұсынысын қарауды, Еңбек және Қорғаныс Советі қаулысының жобасын әзірлеуді тапсырады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; диірмендерді Халық шаруашылығы жоғары советінің қарамағынан алып, Азық-түлік халық комиссариатының қарамағына беру туралы қаулының жобасы жөнінде ұсыныс жазады. Мәжілісте сондай-ақ Карелия туралы, мұсылман дін басыларының ашыққандарға жәрдем беру жөніндегі ұсынысы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин итальян коммунисі, Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті президиумының мүшесі Э. Дженнариді, азық-түлік халық комиссарының орынбасарлары М. И. Фрумкин мен Н. П. Брюхановты қабылдайды.

6 декабрь. Ленин А. М. Горькийге жазған хатында одан Бернард Шоу мен Герберт Уэллске сөз салып, оларды Советтік Россиядағы ашыққандарға көмек жинауды ұйымдастыруға атсалысуға шақыруды өтінеді.

Ленин Коминтерннің біртұтас майдан туралы тезистерімен танысып, оларға ескертпелер жазады.

Декабрь, 6—13 январь, 1922 ж. Ленин Горкиде (Москва түбінде) тұрады.

7 декабрь. Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) шетелдік миссиялар

туралы, Дания үкіметімен келіс сөздер туралы және басқа мәселелер жөніндегі Саяси бюро қаулыларының жобаларын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

8 декабрь. Ленин Жұмысшылар тұрмысын жақсарту жөніндегі орталық комиссия туралы мәселені жаңа экономикалық саясатқа байланысты тағы да талқылаудың қажеттігі жайында РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап В. М. Молотовқа записка жазады.

11 декабрь. Ленин «Француз коммунистік партиясының аграрлық мәселе жөніндегі тезистері туралы» деген мақала жазады.

12 декабрь. Ленин А. М. Горькийдің партияның немесе мемлекеттің есебінен шетелде емделуі туралы шешім қабылдауды ұсынып, РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап хат жазады.

13 декабрь. Ленин В. А. Аванесовқа, Д. И. Курскийге және А. Д. Цюрупаға телефонограмма жазып, олардан «Фаулер» плугтарын дайындау ісіндегі қағазбастылыққа кінәлы адамдарды жауапқа тарту туралы қаулыны күшінен айыруға Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде қарсы шығуды өтінеді.

Т. В. Сапроновтың мемлекеттік өкімет органдарын ығайту туралы ұсыныстарымен танысқаннан кейін Ленин В. М. Молотовқа записка жазып, ол ұсыныстармен РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерін таныстыруды және бұл мәселені Орталық Комитет пленумына, XI партия конференциясына және Советтердің Бүкіл россиялық IX съезіне қоюды өтінеді.

14 декабрь. Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық XI конференциясы делегатының анкетасын толтырады.

16 декабрь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросына арнап В. М. Молотовқа телефонограмма жібереді, онда дәрігердің пікіріне сәйкес, өз демалысын екі апта мерзімге ұзартуды өтінеді.

Ленин халық ағарту комиссарының орынбасары Е. А. Литкенске хат жазып, Халық

ағарту комиссариатына Советтік Россияда кино ісін ұйымдастыру туралы мәселені қарау үшін комиссия құруға тапсырма береді.

17 декабрь. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық IX съезіне Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің есебін әзірлеуге кіріседі және халық комиссариаттарынан олардың жұмысы туралы қысқаша мәліметтер сұрайды.

Ерте дегенде 17 декабрь. Ленин «Шығыс халықтарының насихат және іс-қимыл советіне хат» жазады.

Ерте дегенде 17—кеш дегенде 23 декабрь. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық IX съезінде «Республиканың ішкі және сыртқы саясаты туралы» жасайтын баяндамасының жоспарын жазады.

18 декабрь. Партияның Орталық Комитетінің пленумында Ленин Советтердің Бүкіл россиялық IX съезіне Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің есебін беретін баяндамашы және съездегі РКП(б) фракциясы бюросының мүшесі болып бекітіледі.

19 декабрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне партия тазалауы және партияға алу шарттары туралы хат жазады.

Ленин В. М. Молотовқа телеграмма жазып, Карелияда ақ финн бандыларына қарсы күрес шаралары туралы мәселені РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросына қоюды өтінеді және Қызыл Армияны күшейтудің қажеттігін көрсетеді.

Ерте дегенде 19 декабрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының партияны нығайту туралы қарарының жобасымен танысып шығып, оған түзетулер жазады.

21 декабрь. РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы (Саяси бюро мүшелерінен телефон арқылы пікір сұрау жолымен) Ленинге науқастығына байланысты демалысын ұзарту туралы шешім қабылдайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің Россияны электрлендіру жоспары туралы 1921

жылғы 21 декабрьдегі қаулысын Бүкіл российлық Орталық Атқару Комитетінің Президиумында бекіту және оны Советтердің Бүкіл российлық IX съезінің бекітуіне қою жөнінде М. И. Калининге өтініш жасауды Еңбек және Қорғаныс Советінің іс басқарушысына тапсырады.

22 декабрь. Ленин Советтердің Бүкіл российлық IX съезінің халықаралық жағдай туралы қарары жөнінде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына хат жазады. РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы (Саяси бюро мүшелерінен телефон арқылы пікір сұрау жолымен) Советтер съезінің Польшаның, Финляндияның және Румынияның авантюра саясатына қарсы арнаулы қарары туралы мәселе жөніндегі Лениннің ұсынысын қабылдайды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына телефонограмма және РКП(б) XI конференциясының партия тазалауы туралы қарарының жобасына ескертпелер жазады.

Ленин Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. И. Свидерскиймен астық дайындаудың барысы туралы телефон арқылы сөйлеседі.

23 декабрь. Ленин «Фаулер» плугтарын дайындаудағы қағазбастылық туралы іс жөнінде және бұл іс бойынша жария сот өткізу қажеттігі жөнінде П. А. Богдановқа хат жазады.

Ленин Советтердің Бүкіл российлық IX съезінде Бүкіл российлық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің «Республиканың ішкі және сыртқы саясаты туралы» есебін жасайды.

25 декабрь. Ленин Советтердің Бүкіл российлық IX съезінің ауыл шаруашылығын қалпына келтіру туралы қаулысының жобасын қарап шығады, оған түзетулер енгізеді және өзінің бұл жобамен келісетіндігін айтып В. М. Молотовқа записка жазады.

Ленин «Шаруашылық жұмыс мәселелері жөнінде тапсырманы» жазады.

26 декабрь. Ленин Советтердің Бүкіл российлық IX съезінің партияда жоқ делегаттарының кеңесіне

қатысады; делегаттардың сөйлеген сөздері мен ұсыныстарын жазып алады; мәселелерді талқылау барысында және кеңестің аяғында сөз сөйлейді.

РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы (Саяси бюро мүшелерінен телефон арқылы пікір сұрау жолымен) В. Г. Яковенконың егіншілік халық комиссары болып тағайындалуына байланысты оны Сибирьден Москваға шақырып алу туралы Лениннің ұсынысын және Советтердің Бүкіл россиялық IX съезінің совет мекемелерінің шаруашылық жұмысы туралы қарарының Ленин жазған жобасын бекітеді.

27 декабрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетіне «Ағылшын жұмысшы партиясының саясаты туралы» хат жазады.

28 декабрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының таңертеңгі мәжілісіне қатысады, онда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Советтердің Бүкіл россиялық IX съезінде Ленин жазған «Шаруашылық жұмыс мәселелері жөнінде тапсырма» қабылданады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының кешкі мәжілісіне қатысады, пленум жұмысын аяқтау мерзімі туралы және Х. Г. Раковскийге демалыс беру туралы ұсыныстар жасайды. Кәсіподақтар туралы мәселенің талқылануына байланысты Ленин Я. Э. Рудзутак пен А. А. Андреевтің тезистерін қарауға арналған комиссияға қосылады. Мәжілісте сондай-ақ Донбасстағы жанжал туралы, ауыл шаруашылық кооперациясы туралы, шетелден тұқым сатып алу туралы мәселелер, армиядағы істің жайы туралы мәселе жөніндегі комиссияның баяндамасы, эсерлер мен меньшевиктер туралы, Украинада егіс науқанын қамтамасыз ету туралы және басқа мәселелер талқыланады.

28—30 декабрь. Ленин «Кәсіподақтардың жаңа экономикалық саясат жағдайындағы ролі мен міндеттері туралы» тезистердің жоспарын жазады.

29 декабрьден ертерек. Ленин өзінің Шығармалар жинағының XIV томының бірінші бөлімінде жарияланып жатқан Франция, Швейцария, Польша, Германия және Швеция интернационалистерінің «Мәлімдемесіне» ескерту жазады.

Ленин өзінің Шығармалар жинағының XIV томының бірінші бөлімін қарап шығады, оған түзетулер енгізіп, белгілер салады; оны 1921 жылы Мемлекеттік баспа басып шығарды.

30 декабрь— 4 январь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің «Кәсіподақтардың жаңа экономикалық саясат жағдайындағы ролі мен міндеттері туралы» қаулысының жобасын жазады.

31 декабрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда мынадай шешім қабылданады: «В. И. Ленинге 1922 жылдың 1 январынан бастап 6 апта демалыс беріліп, Орталық Комитет Секретариатының рұқсатынсыз жұмыс істеу үшін Москваға келуіне тыйым салынсын. Неғұрлым маңызды мәселелер жөнінде телефон арқылы сөйлесу үшін күніне белгілі бір сағат уақыт қана тағайындау міндеттелсін». Мәжілісте Ленин Орталық бақылау комиссиясынан Юдовскийді партияға қайта алу сұралсын деген ұсыныс жасайды және осы мәселе жөніндегі шешімнің жобасын жазады, бұл жоба қабылданады. Мәжілісте сондай-ақ флот туралы, Түркістан бюросы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Декабрьдің аяғы. Ленин өзінің Шығармалар жинағының XIV томының екінші бөлімін қарап шығады, оған белгілер салып, жазу жазады.

Декабрь. Ленин Г. М. Кржижановскийдің «РСФСР-дің шаруашылық проблемалары және Мемлекеттік жалпы жоспарлау комиссиясының (Госплан) жұмысы» (I кітап) деген кітабының қолжазбасымен танысқан соң Кржижановскийге хат жазады, онда кітапты мақұлдайды және жаңа экономикалық саясат туралы қосымша енгізуді ұсынады.

Ленин орталық совет мекемелерінің басшыларына қағазбастылықты жою туралы хаттың жобасын жазады.

Жылдың аяғы. Ленин «Экономическая Жизнь» газетінің редакторы Г. И. Крумингe газеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде кәсіпорындар мен жергілікті органдардың жұмысы жайындағы мәліметтерді жинап, оларға талдау жасау туралы записка жазады.

1921 жыл. Ленин Герберт Уэллстің 1920 жылы Лондонда шыққан «Russia in the chadows» («Түнектегі Россия») деген кітабын оқиды және оған белгілер соғады.

1922

Жылдың басы. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі металл бөлімінің меңгерушісі Л. К. Мартенске Курск магнит аномалиясының не екенін және оның маңызын сол жердің өзіне барып анықтауды тапсырады.

4 январь. Ленин «Кәсіподақтардың жаңа экономикалық саясат жағдайындағы ролі мен міндеттері туралы» тезистерге қосымша енгізеді, бұл қосымшада кәсіподақтардағы басшы қызметкер-коммунистерді тексеріп, жаңарту және РКП(б) XI съезіне баяндама әзірлеу үшін арнаулы комиссия құру туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жобасын ұсынады.

Ленин инженер В. В. Ольденборгердің өзін өзі өлтіруіне байланысты РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жобасын жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросына советтік шаруашылықтың жағдайын сипаттайтын кітапшалар шығару қажеттігі, бұл жұмысқа Г. М. Кржижановский мен С. Г. Струмилинді тарту туралы хат жазады.

Ерте дегенде 4—кеш дегенде 12 январь. Ленин өзінің «Кәсіподақтардың жаңа экономикалық саясат жағдайындағы ролі мен міндеттері туралы» тезистеріне А. А. Андреев, Л. Б. Каменев, Я. Э. Рудзутак және Л. Д. Троцкий жасаған ескертпелермен танысып, олардың тезистерге жасаған толықтыруларын жазып алады.

9 январь. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары А. С. Енукидзеге және Л. Б. Каменевке берген телефонограммасында Самара губерниясы Алакаевка деревнясының шаруаларына оларды азық-түлікпен және көктемгі егіс үшін тұқыммен қамтамасыз етуге жәрдемдесуді өтінеді.

9 және 12 январь аралығында. Ленин «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының жаңа экономикалық саясат туралы директиваларының жобасын» жазады.

12 январь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына Нижний Новгород радио лабораториясына қаржы бөлу туралы ұсыныс жазады.

Ленин «Дағыстан еңбекшілеріне» құттықтауды жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына науқас жолдастардың дәрігерлердің айтқан кеңесін қалай орындайтынын бақылайтын арнаулы адам тағайындау туралы хат жазады.

Ленин жаңа экономикалық саясат жағдайында Түркістан компартиясының ұлт саясаты саласындағы міндеттері туралы РКП(б) Орталық Комитеті нұсқау хатының жобасымен өзінің келісетіндігін И. В. Сталинге телефонограмма арқылы хабарлайды.

Партияның Орталық Комитеті «Кәсіподақтардың жаңа экономикалық саясат жағдайындағы ролі мен міндеттері туралы» қаулының Ленин жазған жобасын қабылдайды.

13 январь. Ленин И. Х. Лалаянцты қабылдап, оған көмек көрсету қажеттігі туралы Л. А. Фотиеваға записка жазады.

17 январь. Ленин П. Б. Штейнбергке концессия беру туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросына арнап В. М. Молотовқа хат жазады.

Ленин Советтік Россия халық шаруашылығын өркендетудің Еңбек және Қорғаныс Советі мен РКП(б) Орталық Комитетіне арналған графиктерін жасау туралы Орталық статистика басқармасына нұсқаулар жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетіне В. М. Молотовқа хат жазып, М. В. Фофанованың қы-

зын санаторийде емделу үшін Ригаға жіберуді, сондай-ақ байырғы большевик И. А. Саммердің қызын Халық ағарту комиссариатының үлгілі мектебіне орналастыруды өтінеді.

Ленин Н. П. Горбуновқа кино мәселелері жөніндегі директиваларды айтып жаздырады және оларды Халық ағарту комиссариатына жіберуге нұсқау береді.

Ленин юстиция халық комиссары Д. И. Курскийге қағазбастылыққа қарсы күресу туралы хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советі мен РКП(б) Орталық Комитетінің губерниялық атқару комитеттерінің председательдеріне жіберілетін ашыққан губернияларға тұқымдық дән жеткізу туралы телеграммасына қол қояды.

17 январь— 1 март. Ленин Костино деревнясына жақын (Москва маңы) совхозда тұрады.

19 январь. Ленин И. В. Сталинге хат жазады және РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Лондондағы Л. Б. Красинге жіберілетін шетелден дереу астық сатып алу туралы телеграммасының жобасын оған қоса жібереді.

Ленин Лондондағы Л. Б. Красинге хат жазып, Сыртқы сауда халық комиссариаты аппаратының жұмысын сынайды және шетелден астық сатып алуды тездетуді өтінеді.

20 январь. РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде кәсіподақтардағы басшы қызметкер-коммунистерді тексеріп, жаңарту үшін арнаулы комиссия құру туралы Лениннің ұсынысы бекітіледі.

Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) В. В. Воровскийдің Римге сапары туралы Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

21 январь. Ленин А. Д. Цюрупаға оның емделгеннен кейінгі жұмыс режимі туралы хат жазады.

Ленин жаңа экономикалық саясат мәселелері жөнінде меньшевиктердің антисоветтік үгіт

жүргізуіне қарсы күресті күшейту қажеттігі туралы және өзінің мемлекеттік капитализм туралы мақала жазбақшы екенін айтып Л. Д. Троцкийге хат жазады.

Ленин (РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) Якут АССР-ін құру және басқа мәселелер туралы Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ерте дегенде 21 январь. Ленин Қиыр Шығыс елдері еңбекшілерінің I съезінің бір топ делегаттарымен әңгімеледі.

22 январь. Ленин финанс халық комиссарының орынбасары Г. Я. Сокольниковқа Гохран мен Финанс халық комиссариатының жұмысы туралы хат жазады.

23 январь. Ленин (партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен телефон арқылы олардың пікірі сұралғанда) П. Б. Штейнбергке концессия беру туралы, эсерлер мен анархистер туралы, Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы және басқа мәселелер жөніндегі Саяси бюро шешімдерінің жобаларын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне хат жазады, онда РСФСР Конституциясына өзгерістер енгізу туралы Г. В. Чичериннің ұсынысына қарсылық білдіреді.

Ленин Прохоров мануфактурасының (қазір Ф. Э. Дзержинский атындағы Трехгорная мануфактурасы) жұмысшылары мен қызметшілерінен Москва Советінің мүшесі болып сайланады.

24 январь. Ленин А. Д. Цюрупаға хат жазады, онда Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің жұмысын жаңаша ұйымдастыру туралы директива береді, істің орындалуын тексеруді жолға қоюдың қажеттігіне назар аударады.

25 январь. Ленин Л. Б. Каменев пен И. В. Сталинге РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының

финанс саясаты мәселесін қарау тәртібі туралы директивасының бұзылуы жөнінде записка жазады және Орталық Комитет аппаратының жұмысына сын айтады.

26 январь. Ленин Г. Я. Сокольниковқа хат жазып, одан алтынның еркін айналысы туралы өз ұсынысын тұжырымдауын өтінеді.

Ленин Г. Е. Зиновьевке жазған хатында Коминтерн Атқару Комитетінің пленумында біртұтас майдан туралы баяндама жасай алмайтынын, осы мәселе жөнінде тезистер әзірлеуге келісетінін хабарлайды.

Ленин сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары А. М. Лежаваға Волховтағы құрылысқа арналған турбиналарға заказ беруді тездету туралы жазылған хатқа қол қояды.

Ленин Совет үкіметін Генуя конференциясына қатысуға шақырған ұсыныс жөнінде Г. В. Чичеринге хат жазады; бұл ұсынысты Антанта Жоғарғы советінің атынан Италия Министрлер советінің председателі И. Бономи жасаған еді.

Ленин А. Д. Цюрупаға хат жазып, Генуя конференциясында Антантаға біздің тарапымыздан қойылатын қарсы талаптардың мөлшерін анықтау жөніндегі С. С. Пилявский комиссиясының жұмысымен танысуды ұсынады.

Ленин Г. В. Чичеринге записка жазып, Сунь Ят-сеннің 1921 жылы 28 августа Чичериннің атына жолдаған хаты жайында сұрастырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің секретары М. И. Гляссерге записка жазып, РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының барлық протоколдарын өзіне мезгілінде жіберіп тұруға жарлық береді.

Ленин В. А. Карпинскийге записка жазып, «Беднота» газетіне шаруалардан түскен хаттардың санын, оларда айрықша маңызды және жаңа не айтылатынын хабарлауды өтінеді.

27 январь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап хат жазып,

ашыққандарға көмекке азық-түлік жинау үшін М. И. Калининді Украинаның неғұрлым астықты губернияларына жіберуді ұсынады.

Ленин Советтердің Бүкіл россиялық IX съезінің шаруалар мәселесі жөніндегі шешімдерін насихаттау жоспарын жасау үшін комиссия құру туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне записка жазады.

Ленин тепловоздарға жарияланатын конкурстың шарттары туралы Мемлекеттік жоспарлау комиссиясымен, Қатынас жолдары халық комиссариатымен және Теплотехникалық институтпен уағдаласуды өтініп, Ю. В. Ломоносовқа жіберілетін телефонограмманы айтып жаздырады.

Партияның Орталық Комитетінің Саяси бюросы (Саяси бюро мүшелерінен пікір сұрау жолымен) Генуядағы конференцияға баратын совет делегациясының құрамына Я. Э. Рудзутакты қосу туралы және М. И. Калининнің Украинаның астықты губернияларына баратын сапары туралы Лениннің ұсыныстарын қабылдайды.

IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің төтенше сессиясы Ленинді Генуя конференциясына баратын совет делегациясының председателі етіп бекітеді.

28 январь. Ленин Г. М. Кржижановскийге хат жазып, А. А. Горевтің «Францияны электрлендіру» (1922) деген кітапшасына ескертпелер айтады.

Ленин Мемлекеттік универсал магазиннің жұмысына көмектесу туралы Н. П. Горбуновқа записка жазады.

Партияның Орталық Комитетінің Саяси бюросы (Саяси бюро мүшелерінен пікір сұрау жолымен) Советтердің Бүкіл россиялық IX съезінің шаруалар мәселесі жөніндегі шешімдерін насихаттау туралы Лениннің ұсынысын бекітеді.

29 январь. Ленин тепловоздар жайында материалдар жинау ісін қадағалап отыру қажеттігі туралы Н. П. Горбуновқа записка жазады.

31 январь. Ленин астықты жинау және бөлу туралы жазбалар жасайды.

Январь. Ленин А. Д. Цюрупаға керосин сатуды ұйымдастыру туралы записка жазады.

Январь— февраль. Ленин «Публицистің заметкалары» деген мақала жоспарының бастапқы және түпкілікті нұсқаларын жазады.

1 февраль. Ленин Генуяға баратын делегация председателінің орынбасарына және барлық мүшелеріне директиваның жобасын жазады.

Ленин Коминтерннің II және II½ Интернационалдармен бірлесіп өткізетін конференциясына әзірлік туралы Н. И. Бухарин мен Г. Е. Зиновьевке хат жазады.

Ленин Финанс халық комиссариатына Г. Я. Сокольниковқа шаруашылық есептегі трестер мен кәсіпорындардың жұмысына Финанс халық комиссариатының бақылау жасап, тексеріп отыруы қажеттігі туралы хат жазады.

2 февраль. Ленин Комитерннің II және II½ Интернационалдармен бірлесіп өткізетін конференциясына әзірлік туралы Н. И. Бухаринге екінші хатты жазады.

Ленин Ф. Р. Макдональдқа (ағылшын банкі директорларының біреуі) концессия туралы жауаптың жобасын жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына хат жазып, денсаулық жағдайына байланысты 1922 жылы 12 февральда Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген мәжілісінде жаңа экономикалық саясат туралы мәселе жөнінде баяндама жасай алмайтынын хабарлайды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы мәжілісінің протоколынан РКП(б) XI съезіне Орталық Комитеттің саяси есебі жөнінде өзінің баяндамашы болып белгіленгені хабарланған көшірмені алады.

Ерте дегенде 3 — кеш дегенде 8 февраль. Кашира құрылысы совхоздарының жұмысшылары мен қызметшілеріне сыйлық ақы төлеу жүйесін енгізу туралы баяндамамен танысқаннан кейін Ленин бұл баяндаманы баспа-

сөзде жариялауды, Еңбек және Қорғаныс Советінде осы жүйені енгізгені үшін сыйлық беру туралы мәселені талқылауды ұсынады.

4 февраль. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне «Соғысқа қарсы күрес туралы мәселе жөнінде» записка жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне Парвустың кітапсымағының мазмұнын советтік баспасөзде жариялауға кінәлы адамдарды жауапқа тарту туралы записка жазады.

Ленин Генуя конференциясына байланысты РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы қаулысының жобасын жазады.

6 февраль. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне «Правда» және «Известия ВЦИК» газеттерінде Генуя конференциясына әзірлік жөнінде материалдар жариялау туралы хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы Н. П. Горбуновқа телефонограммасында Москвада көптеген жеке меншік баспалардың бар екендігі туралы мәселені анықтауды тапсырады.

Ленин Генуя конференциясына баратын делегацияға РКП(б) Орталық Комитетінің директиваларына қосымша жазады.

Ленин халыққа білім беру саласындағы аса көрнекті жергілікті қызметкерлерді Халық ағарту комиссариатының жұмысына тарту үшін олар жөнінде мәліметтер жіберу туралы РКП(б) губерниялық комитеттерінің бәріне жолданатын телеграмманың текстіне қоса В. М. Молотовқа хат жазады.

7 февраль. Ленин Г. В. Чичеринге Генуя конференциясында принципті және икемді саясат жүргізудің қажеттігі туралы хат жазады.

9 февраль. Ленин Орыс-американ индустриялық корпорациясының председателі С. Хилманға құттықтау телеграмма жібереді.

10 февраль. РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы (Саяси бюро мүшелерінен телефон арқылы

пікір сұрау жолымен) Лениннің «Артур Гендерсонның ұсынысы жөнінде «Известияга» директивалар туралы» ұсынысын бекітеді.

Ленин Гидроторфқа көмек көрсету қажеттігі туралы Н. П. Горбуновқа записка жазады.

11 февраль. Ленин Мемлекеттік универсал магазинге көмек көрсетудегі қағазбастылыққа кінәлы адамдарды жазалау қажеттігі туралы, сыртқы сауда жайындағы тезистер туралы, шаруашылық есептегі трестердің жұмысы туралы және жекеше саудаға бақылау жасау туралы Г. Я. Сокольниковқа хат жазады.

Ленин В. М. Молотовқа записка жазып, бірыңғай астық салығы туралы және «Кооперативное Дело» газетін жабу туралы мәселені РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросында екінші рет талқылауды ұсынады.

13 февраль. Ленин Г. К. Орджоникидзеге Грузин Қызыл Армиясын күшейту туралы хат жазады.

Ленин Д. И. Курскийге хат жазып, шетелде Советтік Россияның азаматтық істерін жүргізуді кім қадағалайтынын және оған кім жауап беретінін өзіне хабарлауды өтінеді.

Ленин А. С. Енукидзеге Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының жұмысы туралы хат жазады.

Ленин РКП(б) мүшелерінің Бүкіл россиялық санағына байланысты анкета толтырады.

14 февраль. Ленин Д. И. Курскийге записка жазып, Жұмысшы-Шаруа инспекциясының жеке меншік кәсіпорындардың жұмысын бақылау саласындағы праволары туралы анықтама беруді өтінеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Статистика және Есептеу-бөлу бөлімдерінде статистика жүргізу жөніндегі істің жайы нашар екені туралы В. М. Молотовқа хат жазады.

Ленин Н. Л. Мещеряковтың «Кооперативное Дело» газеті туралы хатына белгілер салады және бұл газеттің орнына апталық шығару туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы қаулысының жобасын жазады.

Ленин халықаралық Генуя конференциясының мәселелері жөнінде баспасөзде айтылатын пікірлердің сипаты туралы қаулының өзі жазған жобасын РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне жібереді.

15 февраль. Ленин Егіншілік халық комиссариатына әскери ведомстводан берілген двигательдерге салдыр-салақ қаралғаны туралы мәселе жөнінде егіншілік халық комиссары В. Г. Яковенкоға хат жазады.

Ленин Юстиция халық комиссариатына Д. И. Курскийге хат жолдап, вексельдер мен азаматтық міндеттемелер туралы декреттің жобасында Совет мемлекетінің оларды бұзу праволарына толық кепілдік берілуін көздеуді ұсынады.

Ленин Советтік Россияны Генуя конференциясына шақыру шарттары туралы материалдардың бәрін жинау қажеттігі жөнінде Г. В. Чичеринге хат жазады.

Ленин А. Д. Цюрупаға записка жазып, Кіші Халық Комиссарлары Советі туралы ереженің жобасына ескертпелер жасайды.

Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясының жеке меншік кәсіпорындардың жұмысын бақылау саласындағы праволары туралы Юстиция халық комиссариатынан алынған анықтама жайында Д. И. Курскийге хат жазады.

Ленин финанс халық комиссариатына Г. Я. Сокольниковқа Мемлекеттік банктің сауда бөлімі мен финанс халық комиссариатының бақылауымен ішкі сауданы дамыту туралы хат жазады.

Ленин 1922 жылғы 1 майға арналған ең басты ұрандардың бірі етіп, сауатсыздықты жою ұранын ұсыну туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы қаулысының жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

16 февраль. Ленин электротехника факультеті мен Электротехникалық институт үшін Москва жоғары техникалық училищесіне үй беру туралы Е. А. Литкенске хат жазады.

17 февраль. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне Шатилов сұлы тресі

үшін Егіншілік халық комиссариатына қаржы болу туралы хат жазады.

18 февраль. Ленин жаңа экономикалық саясат жағдайында Мемлекеттік банктің саудамен байланысты болуы қажеттігі туралы А. Д. Цюрупаға хат жазады.

20 февральдан ертерек. Ленин Гидроторфқа арнап шетелге берілген заказдарды тез орындағаны үшін арнаулы сыйлық беру туралы жарлық етеді.

20 февраль. Ленин Юстиция халық комиссариаты органдарының жаңа экономикалық саясат жағдайындағы міндеттері туралы Д. И. Курскийге записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің, Еңбек және Қорғаныс Советі мен Кіші Халық Комиссарлары Советінің жаңаша жұмыс істеу программасы туралы А. Д. Цюрупаға хат жазады.

Ленин жауапты партия қызметкерлері санағының деректеріне талдау жасаудың тәртібі мен мерзімі туралы В. М. Молотовқа записка жазады.

20—21 февраль. Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советіне директивалардың жобасы жөнінде ұсыныс жазады.

21 февраль. Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советіне директивалардың жобасы жөнінде А. Д. Цюрупаға хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы Н. П. Горбуновқа хат жазып, Халық шаруашылығы жоғары советі мен Мемлекеттік жоспарлау комиссиясынан Риддер концессиясы туралы қорытындыны және сол жаққа барып келген комиссияның пікірін алуды ұсынады.

22 февраль. Ленин Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының жұмысын жолға қою туралы Г. М. Кржижановскийге записка жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне РСФСР азаматтық кодексі туралы хат жазады.

Кіші Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Кіші Халық Комиссарлары Советін қайта ұйымдастырудың А. Д. Цюрупа енгізген жобасы талқыланғанда Лениннің ұсынысы қабылданады.

22 және 28 февраль. Ленин Финанс халық комиссариатына Г. Я. Сокольниковқа мемлекеттік сауданы дамыту туралы хат жазады.

23 февраль. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап хат жазып, Коминтерн Атқару Комитетінің «Дүние жүзінің барлық жұмысшы ұйымдарының өткізілгелі отырған конференциясына Коминтерннің қатысуы» деген қарарының жобасына бірқатар өзгерістер енгізуді ұсынады.

Ленин профессор Л. К. Рамзинді шетелге командировкаға жіберу үшін Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына қаржы болу туралы В. М. Молотовқа хат жазады және оған РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының осы мәселе жөніндегі шешімінің жобасын қоса жібереді.

24 февраль. Ленин совет делегациясының Генуядағы міндеттері мен тактикасы туралы РКП(б) Орталық Комитеті қаулысының жобасын жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне Италияға оның Генуя конференциясын шақыру мерзімін бұзғандығы жөнінде нота жіберу туралы Саяси бюро шешімінің жобасын жазып записка жібереді.

25 февраль. Ленин Италияның Генуя конференциясын кейінге қалдыру туралы мәлімдемесі жөнінде И. В. Сталин мен Л. Б. Каменевке записка жазады.

РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде Грузин Қызыл Армиясын күшейту туралы Лениннің ұсынысы бекітіледі.

27 февраль. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінің, сондай-ақ Кіші Халық Комиссарлары Советінің жұмысы жөніндегі директиваның жобасын жазады.

Ленин Социалистік академияға хат жазып, өзін Академия мүшелерінің тізіміне енгізбеуді өтінеді.

Ленин А. Д. Цюрупаға Гидроторф туралы телефонограмма жазады.

Ленин А. Д. Цюрупаға хат жазып, Гидроторф туралы істегі бюрократтығы үшін бірқатар адамдарға сөгіс жариялайды және Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 30 октябрьдегі Гидроторф туралы қаулысының орындалуы жөнінде халық комиссарларының қатысуымен арнаулы кеңес шақыруға жарлық береді.

28 февраль. Ленин РСФСР азаматтық кодексінде азаматтық істерді қарағанда мемлекеттің араласуын кеңейтуді көздеудің қажеттігі туралы Д. И. Курскийге хат жазады.

Ленин Генуя конференциясына баратын совет делегациясының мүшелеріне Орталық Комитеттің беретін директиваларын әзірлеуді тездету туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап хат жазады.

28 февраль мен 16 март аралығында. Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қаулысының жобасына белгілер салады, жобаға жасаған ескертпелерін қосып және жобаны қайта жасаудың қажеттігін айтып И. В. Сталинге хат жазады.

Февральдың аяғы. Ленин «Публицистің заметкалары» деген мақала жазады.

Ленин өзінің «Публицистің заметкалары» деген мақаласына ескертпелер жазады.

Февраль. Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советі туралы ереженің жобасына түзетулер мен ескертпелер жазады.

1 март. Ленин Тұтынушылар қоғамдары орталық одағы басқармасының мүшесі В. А. Тихомировқа кооперацияның жағдайы және жаңа экономикалық саясат тұсындағы оның ролі туралы записка жазады.

Ленин азаматтық кодексті егжей-тегжейлі талдап жасаудың қажеттігі туралы мәселе жөнінде А. Д. Цюрупаға записка жазады.

Ленин Бүкіл россиялық төтенше комиссия коллегиясының мүшесі Я. Х. Петерске парақорлыққа қарсы күресті күшейтудің қажеттігі туралы записка жазады.

2 март. Ленин шымтезек өндірудің жаңа әдісінің практикалық және шаруашылық жағынан жарамдылығын дәлелдеп берудің қажеттігі туралы «Гидроторфта істейтін жолдастарға» хат жазады.

РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде азаматтық кодекс туралы Лениннің ұсынысы бекітіледі.

3 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап хат жазып, Финанс халық комиссариатының тезистеріне ескертпелер жасайды; бұл тезистерде финанс программасының негізгі ережелері айтылған еді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап В. М. Молотовқа жазған хатында өнеркәсіпті қаржыландыру туралы мәселені дереу Саяси бюроға қоюды ұсынады.

Ленин Л. Б. Красинге немесе А. М. Лежаваға сыртқы сауда монополиясы туралы хат жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап Л. Б. Каменевке сыртқы сауда монополиясын нығайту туралы хат жазады.

4 март. Ленин Кремль коменданты Р. А. Петерсонға хат жазып, сақшыларға олардың міндеттерін дәл де айқын түсіндіру туралы Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің жарлығын қанағаттанғысыз орындағаны үшін оған сөгіс жариялайды.

5 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне записка жазып, Г. Я. Сокольниковтың сыртқы сауда туралы ұсыныстарын сынайды.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1922 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ҚОСЫМША

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.

Л 40 Шығармалар толық жинағы: Орысша 5-бас. аударылды./В. И. Ленин; Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.— Алматы: Қазақстан басп., 1973 жылдан шығады.

Т. 44. Июнь 1921— март 1922.—1981.—820 бет.

ББК 11.5

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар
Н. П. Мамай және *Н. Г. Севрюгина*

Дайындаушылардың көмекшісі
В. А. Еремина

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Я. С. Цырульников

Есімдер көрсеткішін дайындаған
С. П. Кирюхин

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерін
және ол редакциялаған документтердің
тізімін дайындаған *Т. М. Зеленов*

Редактор *И. А. Гладков*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 1268

Сдано в набор 31. 09. 80. Подписано к печати 17. 12. 81. Формат 84×108¹/₃₂. Бумага тип. № 1. Обыкновенная новая гарнитура, высокая печать. Усл. п. л. 43,37. Уч.-изд. л. 38,9. Тираж 15000 экз. Заказ № 2813. Цена 65 коп.
Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КIТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 41.